

Том 20

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

20 ТОМ

Ноябрь 1910 ~ ноябрь 1911

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ • 1977

3 К2
Л 40

Л $\frac{10102-118}{401\ (07)-77}$ 3—77

© Қазақша аудармасы, «Қазақстан» баспасы, 1977.

АЛҒЫ СӨЗ

В. И. Ленин Шығармалары толық жинағының жиырмасыншы томына 1910 жылғы ноябрьден 1911 жылғы ноябрьге дейінгі кезең ішінде жазылған шығармалар кіреді.

1910—1911 жылдар Россияның қоғамдық-саяси өмірінде бетбұрыс жылдары болды. 1905—1907 жылдардағы революция жеңіліске ұшырағаннан кейін орнаған қаражүздік реакцияның үстемдік кезеңі аяқталып келе жатты. Бұқара ішінде толқу өршіп, самодержавиеге қарсы күрестің қажеттігін сезіне білу нығая түсті.

Бұл жылдары елдің экономикасында елеулі өзгерістер байқалды. 1909 жылға дейін созылған ұзақ депрессиядан кейін өнеркәсіпте жандану басталды, ол 1910 жылы өнеркәсіп өрлеуіне ұласты. Өнеркәсіптің аса маңызды салаларының өнімі өсіп, өндіріс пен капиталдың жинақталуы көбейді. Пролетариат санының өсуімен бірге оның ірі кәсіпорындарға шоғырлануы да арта түсті.

Алайда Россияның экономикалық дамуын крепостниктік тәртіптің күшті қалдықтары бұрынғыша тежеп келді. Осының бәрі әлеуметтік-экономикалық қайшылықтарды шиеленістіріп, елде жаңа революциялық дағдарыстың өрістеуін күшейтті.

Патша өкіметінің Россияны буржуазиялық монархияға айналдыру жолында жасаған қадамдары, елдің капиталистік жолмен дамуының бүкіл барысы ұсынған міндеттерді осылайша шешпек болған әрекеттері оны төніп келе жатқан революциядан құтқара алмады. Ірі помещиктік жер иелігі мен сауда-өнеркәсіп капита-

лы жоғарғы топтарының өкілдері — октябристер мен кадеттердің блогы басымдық көрсеткен III Дума самодержавиенің үміттерін ақтамады. Столыпиндік аграрлық саясаттың нәтижесінде миллиондаған шаруалар бұқарасы күйзеліп, қайыршылыққа ұшырады. 1911 жылы егіннің шықпай қалуы ашаршылық әкелді, бұл ашаршылық 30 миллионға жуық шаруаны қамтыды және деревнядағы жағдайды шиеленістірді.

Ленин осы томға енгізілген «Кадеттер «екі лагерь» туралы және «ақылға қонымды келісім» туралы», «Кадеттер мен октябристер», «Дағдарыстың маңызы туралы», «Столыпин және революция» деген және басқа мақалаларында елде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық процестерге талдау жасады. Таптық қайшылықтардың шиеленісуі, либерал буржуазияның одан әрі оңшылдануы, бұқара арасында наразылықтың етек алуы — міне, осының бәрі столыпиндік саясаттың толық күйрегенін көрсетті. «Столыпин ескі меске жаңа шарап құюға, ескі самодержавиені буржуазиялық монархия етіп қайта құруға тырысты,— деп жазды Ленин,— ал столыпиндік саясаттың күйреуі патша өкіметінің осы ең соңғы, патша өкіметі үшін *ақылға сыйымды ең соңғы* жолда күйреуі болып табылады» (осы том, 357-бет).

Халықтың демократиялық топтары арасында іштей өрши түскен толқу 1910 жылдың ортасында ашық күреске айнала бастады. Патша өкіметіне бірінші болып жұмысшы табы бой көрсетті. Жаздың өзінде-ақ жұмысшы қозғалысы жандануының айқын белгілері пайда болды — стачкашылар саны едәуір өсті, стачкалардың өзі барған сайын шабуылды сипат ала бастады. 1911 жылы стачкаларға қатысқан жұмысшылар саны 100 мыңнан асты, яғни 1910 жылғыдан екі еседен астам болды; ал 1912 жылы миллионнан астам жұмысшы ереуіл жасады. Пролетариаттың ізінше шаруалар көтеріліп, олар помещиктер мен кулактардың зорлық-зомбылығына белсене қарсы шықты.

Ленин Парижде, эмиграцияда жүріп, Россияда жұмысшы табының саяси белсенділігінің барлық көріністерін, жалпы демократиялық өрлеудің етек алуын зер

сала қадағалап отырды. Лениннің шығармалары самодержавиеге қарсы күреске қайтадан көтерілген жұмысшы табының күшіне, халық бұқарасының күшіне деген терең сенімге толы. «Бетбұрыстың бастамасы емес пе?» — 1910 жылы ноябрьде жазылған мақала осылай аталады, бұл мақала осы томның беташары болып отыр. Ленин «Демонстрациялардың басталуы» деген мақалада былай деп жазды: «Күрестің бірінші бастамасы-ақ 1905 жылы патша өкіметін шайқалтқан және оны осы болашақ революцияда қиратын күштердің өмір сүріп отырғанын бізге тағы да көрсетіп берді» (81-бет).

Лениннің болжамы толық расталды — 1910—1911 жылдардағы стачкалар мен демонстрациялар қуатты жаңа революциялық өрлеудің бастамасы болды.

Жұмысшы табы партиясының алдында өрістеп келе жатқан революциялық өрлеуді басқару міндеті тұрды, бұл өрлеу шаруалармен одақтасқан пролетариатты Россияда буржуазиялық-демократиялық революцияның жеңісіне жеткізуге тиіс еді. Жаңа жағдай партияның алдына жұмысшы табының патша өкіметіне қарсы революциялық күресіне — стачкалық қозғалысқа, митингілер мен демонстрацияларға, алдағы болатын IV Мемлекеттік дума сайлауы науқанында бұқара ішінде үгіт жүргізуге практикалық басшылық жасау міндетін қойды. Бұл міндеттерді — бұқарамен байланысты нығайтуды, бұқара мүдделері үшін күрестің барлық жария мүмкіндіктерін кеңінен пайдалануды — шынайы партиялық элементтердің бәрін құпия партия ұйымдарына батыл топтастыру арқылы ғана жүзеге асыруға болатын еді.

Ал партия ауыр дағдарысты бастан кешіруде еді. 1910 жылдың аяғына қарай Орталық Комитеттің Январь пленумының шешімдерін голосшыл-жойымпаздардың да, впередшіл-шақырымпаздардың да орындамай отырғаны әбден анықталды. Жойымпаз-меньшевиктердің фракциялық газеті «Голос Социал-Демократа» одан әрі шығарыла берді. Партияның Орталық Органы «Социал-Демократ» газетінің редакциясына кірген Мартов пен Дан редакцияның жұмысына кедергі кел-

тірді, лениндік бағытты жүзеге асыруға бөгет жасады. Голосшыл-жойымпаздар партияның орталық мекемелерінің жұмысын большевиктердің жолға қоюына кедергі жасау үшін РСДРП Орталық Комитетінің Шетелдік бюросындағы өздерінің басымдығын пайдаланды.

Россияда жойымпаздар, Потресов бастаған тәуелсіз-жарияшыл дейтіндер, өздерінің «Наша Заря» және «Дело Жизни» журналдарының беттерінде құпия партияны өмір сүрмейді, ал оны нығайту міндеті — «реакциялық утопия» деп жариялады. Голосшылдар тәуелсіз-жарияшылдарды ашық қолдады, сол арқылы біржола жойымпаздық позицияға құлдырады.

Впередшілдер Болоньядағы партия мектебі дейтін, ал шын мәнінде фракциялық мектепте антибольшевиктік орталық құрды. Олар шақырымпаздықты партия ішіндегі «заңды сарын» деп жариялады, сөйтіп антимарксстік философиялық көзқарастарды уағыздады.

Троцкий партияны жікке бөлу жолына ашық түсті. Ол шетелдегі троцкистер топсымағында Орталық Комитеттен тыс және оған қарсы «жалпы партиялық» конференция шақыруға үндейтін қарар қабылдатты. Іс жүзінде Троцкий осыған дейін-ақ жойымпаздардың, шақырымпаздардың, троцкистердің антипартиялық блогын ұйымдастырып қойған еді, бұл блок 1912 жылы августа біржола қалыптасып, Август блогы деп аталды.

Ленин өзінің «Иудушка Троцкийдің ұялған сиқы жайында» деген заметкасы мен «Партия ішіндегі істің жайы туралы» деген мақаласында Троцкийді партияның мүдделерін сатып кетуші деп, ал оның позициясын қай мағынада болсын авантюра деп, идеялық мағынасында — марксизмнің барлық жауларын біріктіру, партиялық-саяси мағынасында — жұмысшыларды голосшылдармен және впередшілдермен «қоян-қолтық жұмыс істеудің» мүмкіндігі туралы бос сөздермен алдау, ұйымдық мағынасында — антипартиялық конференция шақыруға әзірлену деп сипаттады.

Бұл дәуірде партия іс жүзінде басшы орталықсыз қалды. V (Лондон) съезде РСДРП Орталық Комитетіне сайланған жойымпаз-меньшевиктер Орталық Комитеттің Орыс бюросында жұмыс істеуден бас тартты,

тіпті Орталық Комитеттің өмір сүруінің өзін зиянды деп жариялады. Россияда Орталық Комитет мүшелері — большевиктердің тұтқынға алынуына байланысты 1911 жылы мартта Орталық Комитеттің Орыс бюросы өмір сүруін тоқтатты.

Партия бастан кешірген ауыр дағдарыс жағдайында Ленин бастаған большевиктер ғана партия туына адалдығын сақтап қалды, принципті негізде барлық партиялық элементтердің шынайы бірлігі жолындағы күресті басқарды. Кейін, осы дәуірдің партия өміріндегі маңызын сипаттай келіп, Ленин былай деп жазды: «Пленумнан кейінгі екі жыл, міндеттің адам айтқысыз ауыр екендігін түсінгісі келмейтін көптеген күдікшілдерге немесе социал-демократиядағы дилетанттарға түкке тұрғысыз, нәтижесіз, мағынасыз бақастықтың, бүліншілік пен кері кетушіліктің жылдары болып көрінсе де, шындығында социал-демократиялық партияны жойымпаздық пен шақырымпаздық сергелдеңінің батпағынан жолға шығарған жылдар болды» (Шығармалар, 17-том, 339-бет).

Троцкийдің голосшылдармен және впередшілдермен жасасқан принципсіз антипартиялық блогына қарама-қарсы Ленин большевиктердің партияшыл-меньшевиктермен блогын нығайту міндетін алға тартты.

1910 жылғы октябрьден Парижде большевиктік «Рабочая Газета» шыға бастады, оған партияшыл-меньшевиктер қатысты. Ленин Россияда маркстік жария баспасөзді жаңғырту, оның беттерінде жойымпаздарға қарсы партия үшін күресті өрістету, марксизмнің идеялық негіздерін қорғау қажеттігі туралы мәселені алға қойды. 1910 жылғы декабрьде Петербургте большевиктік жария газет «Звезда», Москвада маркстік философиялық және қоғамдық-экономикалық журнал «Мысль» шыға бастады. Ленин шетелде жүріп бұл органдарға идеялық басшылық етті. Оларда Лениннің 50-ден астам мақаласы жарияланды.

Томға енгізілген «Рабочая Газета» редакциясының атынан «Барлық партиялық социал-демократтарға ашық хатта», РСДРП Орталық Комитетінің Россиялық коллегиясына жазылған хаттарда, «Орталық Комитет-

ке» деген мәлімдемеде, «Партия ішіндегі істің жайы туралы» деген және басқа мақалаларда Ленин партия ішіндегі жағдайға большевиктердің бағасын баяндап берді. «Партия ішіндегі істің жайы туралы» деген мақала жойымпаздардың (голосшылдар мен тәуелсіз жарияшылдардың) және Троцкийдің антипартиялық әрекеттері туралы партия мүшелеріне мол мағлұмат беру мақсатымен 1910 жылы 23 немесе 24 декабрьде (1911 жылғы 5 немесе 6 январьда) «Социал-Демократ» газетінің 19-номерінен алынып, жеке оттиск етіп шығарылды.

Ленин голосшылдар мен впередшілдердің фракциялық, антипартиялық саясатын әшкерелеу жөнінде, партияның орталық мекемелерін қалпына келтіру жөнінде батыл қадамдар жасайды. Большевиктер Орталық Комитеттің Январь пленумының шешімдерін бұзған голосшылдармен және впередшілдермен бұдан былайғы жерде өздерінің формальды түрдегі бірлік байланыстарын жоқ деп санайтынын мәлімдеді. 1910 жылы 22 ноябрьде (5 декабрьде) Ленин басқа большевиктермен бірге Орталық Комитеттің Шетелдік бюросына Орталық Комитет пленумын дереу шақыруды талап етіп мәлімдеме берді. Алайда Орталық Комитеттің Шетелдік бюросында орын теуіп алган жойымпаздар пленумды шақыруға қандай жолмен болса да қарсы әрекет істеп бақты.

Пленумды шақыру үшін большевиктер голосшыл-жойымпаздарға қарсы жарты жыл бойы қызу күрес жүргізді. 1911 жылы 28 май —4 июньде (10—17 июньде) Парижде РСДРП Орталық Комитетінің шетелдегі мүшелерінің кеңесі болып өтті, бұл кеңесті пленумды болғызбай тастаған Орталық Комитеттің жойымпаздық Шетелдік бюросынан тыс Ленин және басқа большевиктер шақырған еді. Лениннің «РСДРП Орталық Комитетінің шетелдегі мүшелерінің кеңесіне хатынан» кеңестің қаншалық шиеленіскен жағдайда шақырылғанын, жойымпаздардың қарсылығын жеңу жөнінде большевиктердің қаншалық қиын күресті бастан кешіргенін көруге болады. Кеңестің алдында жазылған документтерде,—«Орталық Комитеттің тоғыз мүше-

нің жеке кеңесіне үш цекист большевиктің жасайтын баяндамасының конспектісінде (жоспарында)» және партия ішіндегі істің жайы туралы баяндамада (бірінші рет осы томда жарияланып отыр) Ленин кеңестің шақырылуы партияны голосшылдардың, впередшілдердің және Троцкийдің іріткі салушылық әрекеті әкеп тіреген ауыр жағдайдан шығудың бірден-бір мүмкін және бірден-бір дұрыс жолы болды деп көрсетеді. Партияның міндеті, деп көрсетті Ленин, тәуелсіз-жарияшылдарға тікелей қарсы шығу үшін, IV Мемлекеттік дума сайлауына әзірлену үшін және бұл ағымның қауіпті екенін білетін жұмысшылардың кандидатураларын Думаға ұсыну үшін Россияда партиялық жұмысшыларды топтастыру, жалпы партиялық конференция шақыру үшін Россиялық ұйымдастыру комиссиясын құру жөніндегі жұмысқа дереу кірісу.

Кеңестің жұмысына байланысты документтерде Лениннің кеңес жұмысының бағыты жөніндегі күресі көрініс тапқан; ол бағыттың жеңісі партияны біріктіруге және топтастыруға бағытталған нақтылы қадам болар еді. Кеңес материалдары В. И. Ленин Шығармаларының мұның алдындағы басылуларымен салыстырғанда осы томда едәуір толық беріліп отыр. Лениннің кеңесті заңдастыру туралы және Орталық Комитет пленумын шақыру туралы мәселелер жөнінде сөйлеген сегіз сөзінің протоколдық жазбалары томда тұңғыш рет жарияланып отыр, бұл сөздерінде Ленин бундшыл мен голосшылдың кеңесті болдырмай тастауға жасаған әрекеттеріне тойтарыс береді. Ленин Россиялық ұйымдастыру комиссиясын құру туралы мәселе қойған «Партия конференциясын шақыру туралы қарарға ұсыныс» және голосшылдар мен впередшілдердің конференция шақыру жөніндегі Шетелдік ұйымдастыру комиссиясына қатысуына жол беруге қарсы наразылық білдірілген «Мәлімдеме» Шығармалар жинағына бірінші рет енгізілді, бұлар бұрын 1933 жылы Лениннің XXV жинағында жарияланған болатын.

РСДРП Орталық Комитеті мүшелерінің июнь кеңесі партияның Орталық Комитетін қалпына келтіруге бағытталған шешімдер қабылдады, Орталық Комитеттің

жойымпаздық Шетелдік бюросының бағытын айыптады және одан толық қол үзетіндігі жөнінде мәлімдеді, Орталық Комитеттің пленумын шақыру жөнінде комиссия, бүкіл россиялық конференция шақыру жөнінде Ұйымдастыру комиссиясын және партия баспасына, транспортқа, т. т. қызмет көрсету жөнінде Техникалық комиссия құрды.

Партия өмірінде кеңестің зор маңызы болды. Партия ішінде 1911 жылы июнь — июльде болған оқиғаларға және ең алдымен кеңес шешімдеріне баға бере келіп, Ленин былай деп жазды: «Енді пленумның принципті бағыты (жұмысшы партиясын жойымпаздық пен шақырымпаздықтың *буржуазиялық* ағымдарынан тазарту) сол бағытты бүркемелеп келген жойымпаздық орталықтардан арылды» (327-бет).

Большевиктер июнь кеңесінің шешімдері негізінде Россиядағы барлық партиялық элементтердің нағыз бірлігін құру, құпия партия ұйымдарын топтастыру жөніндегі жұмысты бұрынғысынан да кең өрістете түсті. Ленин Россияға жіберген тәжірибелі партия қызметкерлері — большевиктер құпия партия ұйымдарына сүйене отырып, Россиялық ұйымдастыру комиссиясын (РҰК) құру жөнінде жұмыс жүргізді, бұл комиссия 1912 жылғы VI (Прага) партия конференциясын шақыруды әзірледі.

Лениннің партияны нығайту үшін қолданған шараларының бірі жұмысшылар ішінен партия кадрларын даярлау мақсатымен 1911 жылы көктемде Лонжюмода (Париж маңындағы мекен) партия мектебінің құрылуы болды. Мектепте оқуға Россияның аса маңызды пролетарлық орталықтарындағы партия ұйымдарының өкілдері келді. Ленин мектептің идеялық басшысы болды. Ол мектепте саяси экономия бойынша — 29, аграрлық мәселе бойынша — 12, Россиядағы социализмнің теориясы мен практикасы бойынша 12 лекция оқыды. 1911 жылы 17 (30) июльде Лонжюмодағы мектепке қаржы бөлмей қойған ымырашылдардың әрекетіне қарсы наразылық білдіріп, Ленин жазған мәлімдеме томда бірінші рет жарияланып отыр.

Ленин Россия партия ұйымдарын нығайтуға бірінші

дәрежелі маңыз бере отырып, сонымен қатар, Орталық Комитет мүшелерінің июнь кеңесінен кейін іле-шала, шетелдегі большевиктерді топтастырудың шараларын да жасайды. Ол 1911 жылы 18 июньде (1 июльде) РСДРП II Париж тобының жиналысына қатысып, партия ішіндегі істің жайы туралы өзі жазған қарарды ұсынады. Жиналыс Орталық Комитет мүшелерінің июнь кеңесінің шешімдеріне қосылып, Лениннің қарарын көпшілік дауыспен қабылдады. Ленин осы документте, сондай-ақ «Екі партия» деген кітапшаға алғы сөз бен «Жарияшылдың жойымпаздыққа қарсы адаммен әңгімесі» деген мақаласында мынаған баса назар аударады: тәуелсіз-жарияшылдар мен голосшылдар құпия партияға қарсы шығумен ғана тынбай, сонымен қатар жаңа, ашық партия құру жолына түсіп отыр, бұл партияны Ленин столыпиндік «жұмысшы» партиясы деп атайды. Бұл жаңа партияның қайраткерлерімен, деп жазды Ленин, ешбір келісім жасасу мүмкін емес, ондай келісім «РСДРП-ны қалпына келтіруді бөгеу, оны голосшылдармен (немесе олардың Троцкий тәрізді малайларымен), впередшілдермен, т. с. тағы да шырғалаңға салу» ғана бола алады (330-бет).

Ымырашылдық партияны топтастыру мен нығайту жолында елеулі кедергі болды. Орталық Комитет мүшелерінің июнь кеңесінен кейін ымырашылдар кеңес құрған комиссияларда фракциялық саясат жүргізді, Россиялық ұйымдастыру комиссиясының шешімдеріне бағынудан бас тартты, ал өздерінің басылымдарында большевиктерді фракцияшыл және тағатсыз деп айыптады, жойымпаздардың антипартиялық әрекеттерін ақтады. «Партия ішіндегі істің жайы», «Столыпиндік «жұмысшы» партиясының лагерінен (Біздің «бітістірушілер» мен «келісімпаздарға» арналады)», «Ымырашылдардың немесе қайырымдылардың жаңа фракциясы туралы» деген мақалаларында Ленин барлық фракциялар мен фракция атаулының арасында келісім жасалуын уағыздаған ымырашылдардың және әсіресе троцкизмнің қауіпті екенін ашып көрсетті. Троцкийді жойымпаздардың қорғаушы адвокаты, малайы деп сипаттай келіп, Ленин былай деп жазды: «Троцкийдің

топсымағын қолдаған әрбір адам өтіріктің және жұмысшыларды алдаудың саясатын қолдайды, жойымпаздықты бүркемелеу саясатын қолдайды» (348-бет). Париж ымырашылдары тобы мен троцкистердің арасында елеулі айырмашылық болған жоқ. Ымырашылдар, деді Ленин, жай ғана дәйексіз троцкистер, Троцкийдің жай ғана шылауы болып табылады.

Жойымпаздардың жұмысшы табының революциялық міндеттерінен өздерінің безуіне теориялық негіз жасамақ болған әрекеттері, «Вперед» тобындағы россиялық махистердің марксизмнің философиялық негіздеріне ревизия жасауы, 1905—1907 жылдардағы революция сабақтарын «бойға сіңіру» дәуірінде бұқара ішінде марксизмнің жалпы теориялық негіздеріне деген ынтаның артуы,— міне, осылардың бәрі партияның алдына марксизм теориясы мәселелеріне және жұмысшы қозғалысы тактикасының түпкі негіздеріне терең назар аудару міндетін қойды. «Марксизм теориясы, біздің бүкіл дүние танымымыздың, біздің бүкіл партиялық программамыз бен тактикамыздың *«принциптік негіздері»,*— деп жазды Ленин,— кездейсоқ емес, сөзсіз түрде бүкіл партия өмірінде қазір алдыңғы орындардың біріне қойылып отыр» (63-бет).

Революцияшыл марксистердің көкейтесті міндеті маркстік теория негіздерін оппортунизмнің (ревизионизмнің, реформизмнің) және анархистік-синдикализмнің бұрмалауынан қорғау еді, ал Россияда оппортунизм мен анархистік-синдикализмнің өзіндік ерекшелігі бар көрінісі жойымпаздық пен шақырымпаздық болды. Марксизмнен ренегаттық шегінушілік тасқынына, Батыс Европа және орыс оппортунистерінің газеттері мен журналдары беттерін жайлап алған осы тасқынға Ленин оппортунизмнің түп-негізіне ғылыми талдау жасауды қарама-қарсы қойды, оппортунизмнің жұмысшы қозғалысына қауіптілігін көрсетті.

«Марксизм және «Наша Заря»», «Біздің жойғыштар (Потресов мырза мен В. Базаров туралы)», «Өкіметтің әлеуметтік құрылымы, перспективалар және жойымпаздық туралы», «Айтыс заметкалар», «Жарияшылдың жойымпаздыққа қарсы адаммен әңгімесі», «Ескі, бірақ

мәңгі жаңа ақиқаттар туралы», «Либералдық жұмысшы партиясының манифесі» деген мақалаларында Ленин жойымпаздардың марксизмге үш қайнаса сорпасы қосылмайтын буржуазиялық-либералдық идеяларды уағыздап отырғанын, олардың біржола либералдық жұмысшы саясаты жолына, реформизм жолына түсуге дейін құлдырағанын көрсетеді.

Ленин реформизмді туғызатын түп-негіздерді «Орыс социал-демократиясындағы реформизм» деген еңбегінде мейлінше терең және жан-жақты ашып көрсетті. Капитализмнің дамып, жұмысшы қозғалысының тез өсуіне байланысты, деп жазды ол, буржуазия «революцияға қарсы реформа» ұранын ұсынып, жаңа тактикаға көшті. Буржуазия жартыкеш жеңілдіктер, кішігірім әлеуметтік реформалар жасау арқылы жұмысшы табының бірлігін бұзуға, капиталистік құрылыстың құрып бітуін кешеуілдетуге, әлеуметтік революцияны жүзеге асыруды қиындатуға тырысады. Оның үстіне, Россия жағдайында реформизм елдің мешеулігінен, ұсақ меншікшілер бұқарасының ауытқуға бейімдігінен нәр алып отырды. Пролетариаттың гегемондығы ұранынан жойымпаздардың бас тартуын Ленин орыс социал-демократиясындағы реформизмнің ең дөрекі түрі деп, ал олардың буржуазиялық революция аяқталды деп мәлімдеуін революция атаулыдан безгендікті сөз жүзінде бүркегендік деп бағалады.

Осы томда Лениннің II Интернационалдағы реформизмге және оппортунизмге қарсы жүргізген бітіспес күресі бейнеленген еңбектер басылып отыр. Оған мына шығармалар жатады: «Европа жұмысшы қозғалысындағы алауыздықтар», «Екі дүние», «Ағылшын социал-демократиялық партиясының конгресі» және басқалар.

Оппортунизмнің түп-тамырларын және дүние жүзілік жұмысшы қозғалысында тактикалық алауыздықтарды туғызатын себептерді түсіну үшін «Европа жұмысшы қозғалысындағы алауыздықтар» деген мақаланың маңызы зор. Теория мен тактика саласында марксизмнен шегініп отырған негізгі ағымдарды сипаттай келіп, Ленин ревизионизм (оппортунизм, реформизм) мен анархизмге (анархистік-синдикализм,

анархистік-социализм) тоқталады. Бұл марксизмнен шегінушіліктің екеуі де барлық капиталистік елдерде әр түрлі формаларда және әр түрлі сарындарда байқалады. Ленин марксизмнен шегінушіліктің түбегейлі себептерін барлық капиталистік елдердің экономикалық құрылысы мен даму сипатынан іздеу қажет деп түсіндіреді. Жұмысшы қозғалысында алауыздықтар пайда болуы себептерінің бірі — бұл қозғалысқа еңбекшілердің көбінесе марксизмнің жеке жақтарын ғана игеріп, буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық дүние таным ықпалына түскен жаңа «рекруттарының», жаңа топтарының тартылуы. Ұсақ буржуазиялық дүние танымның жұмысшы қозғалысына тікелей жасайтын ықпалы мынадан көрінеді: анархистер сияқты, ревизионистер жұмысшы қозғалысының түрлі даму кезеңіне тән белгілер бір-бірімен қабыспайды деп жариялайды. Мысалы, ревизионистер революция туралы ілімді секіріс ретінде теріске шығарады, буржуазиялық құрылыспен толық сәйкес келетін реформаларды социализмнің ішінара жүзеге асуы деп түсінеді. Анархистер бұқара арасында «ұсақ жұмыс» жүргізудің, ұдайы, тынымсыз жұмыс жүргізудің, әсіресе парламент трибунасын пайдаланудың қажеттігін теріске шығарады, мұның өзі іс жүзінде капитализмге болашақта жасалатын шабуылға әзірленуден бас тартуға әкеп соғады. «Бұлардың қай-қайсысы болсын,— деп жазды Ленин,— ең маңызды, ең көкейтесті іске: жұмысшылардың ірі, күшті, жақсы жұмыс істейтін, *қандай* жағдайда *болсын* жақсы жұмыс істей білетін ұйымдарға топтасуына, тап күресі рухына толы, өз мақсаттарын анық ұғатын, нағыз маркстік дүние таным жолымен тәрбиеленетін ұйымдарға топтасуына кедергі келтіреді» (72-бет). Жұмысшы қозғалысындағы бұл екі тенденцияның екеуі де буржуазияның жұмысшы табы жөніндегі тактикасына байланысты белең алады: жұмысшы табына шабуыл жасау, қысым көрсету анархистік-синдикализмнің бел алуын туғызады, ал буржуазияның ішінара жеңілдіктер жасауға бет бұруы оңшыл оппортунизмнің бел алуына әкеп соғады.

Герман социал-демократиялық партиясы Магдебург

съезінің қорытындыларына арналған «Екі дүние» деген мақаласында Ленин жұмысшы қозғалысындағы оппортунистердің ролін нақты мысал арқылы көрсетті. Оппортунистер, деп жазды Ленин, буржуазияға, буржуазиялық «заңдылыққа» деген сенімді бойына сіңірген, оның алдында бас иеді, бұл «заңдылықты» мәңгілік деп есептеп, социализм оның шеңберіне сыйып кетеді деп сендірмек болады. Олар іс басты және негізгі мәселеге — буржуазиялық меншікке келіп тірелгенде, бұл «заңдылықтың» түгелдей тас-талқаны шығатынын түсінбейді. Ленин съезде екі көзқарастың — Бебельдің сөзінен көрінген пролетарлық тап күресі көзқарасы мен Франк және басқалар өкілі болған реформистік көзқарастың айқын аңғарылғанын көрсетті. Реформистер, деп жазады Ленин, буржуазиялық «заңдылықты» ұнамды жұмыс дейтін үшін, либералдармен блок жасасу үшін пайдаланады, жұмысшы қозғалысының түбегейлі мүдделерін минуттық, үстірт пайданың жолында құрбан етеді. Пролетариаттың тап күресі, дейді Ленин, белгілі бір тарихи дәуірде буржуазиялық заңдылық негізінде жүруі мүмкін, бірақ тікелей шайқасқа, дилеммаға: буржуазиялық мемлекеттің «тас-талқанын шығару керек» немесе өзі тас-талқан болып, тұншығуы керек дегенге сөзсіз әкеп соғады.

«Ағылшын социал-демократиялық партиясының конгресі» деген мақала дүние жүзілік империалистік соғыс қаупі үздіксіз өсіп келе жатқан жағдайда жұмысшы қозғалысына орасан зор қауіп төндірген социал-шовинизмді, оппортунизмнің осы бір түрін әшкерелеуге арналған.

Жұмысшы қозғалысының тәжірибесін зерттеу маркстік тактиканың мәнін, марксизмнен шегінушіліктің таптық маңызын нақты мысалдар арқылы анықтауға көмектеседі, осы шегінушіліктерге қарсы ойдағыдай күрес жүргізуге жәрдемдеседі,—Ленин халықаралық оппортунизмнің түп-тамырларын ашып көрсетуге, оның қауіптілігін әшкерелеуге арналған мақалаларында, міне, осындай қорытындылар жасайды.

«Марксизмнің тарихи дамуының кейбір ерекшеліктері туралы» деген мақала марксизмді творчестволықпен

дамытудың үлгісі болып табылады. Энгельстің марксизм догма емес, іс-әрекетке басшылық деген белгілі қағидасын еске түсіре келіп, Ленин марксизмнің осы қағидада атап көрсетілген творчестволық жағын есінен шығарған адам марксизмді сорақы, сыңаржақ етеді, оның «жанды өзегін» сылып алады, түбегейлі теориялық негізі — диалектиканы бұзады, оның белгілі бір тарихи дәуірдің практикалық міндеттерімен байланысына нұқсан келтіреді деп атап көрсетеді.

1905—1907 жылдардағы революциялық қызу оқиғалар реакция дәуірімен ауысқан жағдайларда партия мен Россия жұмысшы табының міндеттерін марксизмді қоғамдық-саяси жағдайдың өзгеруіне творчестволықпен қолдана отырып қана дұрыс белгілеуге болатын еді. Ленин былай деп көрсетеді: бұл жылдар ішінде негізінен алғанда, таптардың арақатынасы өзгермегендіктен, партияның программалық міндеттері де өзгерген жоқ. Бірақ белгілі бір әлеуметтік-саяси жағдайларға сәйкес күрестің нақты міндеттері мен әдістері өзгерді. Іс-әрекетке жанды басшылық болып табылатын ілім ретіндегі марксизмде, жағдайға қарай, оның әр алуан жақтары бірінші қатарға шықты. Революциялық 1905—1907 жылдары тактика мәселелері, ел өмірінің барлық салаларында қайта өзгерістерді жүзеге асыру бірінші қатарға қойылды. Жаңа жағдайда, 1907—1910 жылдары, реакция дәуірі туып, бұқара революциялық тәжірибені игеріп, қайта қарауға тиіс болған кезде, пролетариат пен оның партиясы самодержавиеге қарсы болашақтағы шабуыл үшін күш жинап жатқан кезде партияның теория саласындағы ауытқушылықтарға қарсы, марксизмнің негіздері үшін күресі бірінші қатарға қойылды. Мұның өзі марксизмнің жалпы философиялық негіздерін ревизиялауға қарсы күрес, марксизмнің творчестволық сипатын түсіне алмайтын, жаттанды ұрандарды қайталаған догматиктерге қарсы күрес және, ақырында, маркстік сөздерді бүркеніп, ал іс жүзінде буржуазиялық-либералдық идеяларды уағыздауға дейін құлдыраған реформистерге қарсы күрес болатын. Ленин революцияшыл марксистерді марксизмнің теориялық негіздерін, оның оппортунис-

тер бұрмалап жүрген түбегейлі қағидаларын қорғау үшін топтасуға шақырды.

Жұмысшы қозғалысының маркстік теориясы мен тактикасы мәселелері жөніндегі Лениннің мақалалары большевиктерге аса маңызды теориялық мәселелерді анық түсіндіре білді, революцияшыл марксистердің орыс және халықаралық жұмысшы қозғалысындағы оппортунизмге қарсы күресінде үлкен роль атқарды. Бұл мақалалардың халықаралық жұмысшы және коммунистік қозғалыстың қазіргі кезеңінде де маңызы аз емес. Қазіргі ревизионистер жаңартқан оппортунистік теориялар революциялық марксизмді бейне бір жетілдірілген жаңа «марксизммен» алмастыруға жаңадан әрекет жасау болып табылады. Бұл теориялардың маркстік-лениндік іліммен үш қайнаса сорпасы қосылмайды, олар марксизмнің негізгі қағидаларын бұрмалайды, теория мен практика жүзіндегі буржуазиялық идеологияны білдіреді. Ревизионистер бернштейншілдердің жұмысшылар мен капиталистер арасында ынтымақ болуы мүмкін деген жауыр болған сөздерін қайталап, қазіргі заманғы капиталистік қоғам таптық қайшылықтардың жұмсаруы бағытымен дамып келеді, капитализмнің бірте-бірте социализмге айналу процесі өтіп жатыр деп дәлелдеуге тырысады.Бірқатар елдерде ревизионистер Россия жойымпаздарының ескі теорияларын жаңғыртып, коммунистік партияларды қоғамның әр алуан топтарын біріктіретін кеңейтілген тапсыз ұйымдармен алмастыруды талап етіп отыр.

Лениннің оппортунизмге қарсы бағытталған, ревизионизмнің таптық тамырлары, оның жұмысшы қозғалысына қауіптілігі, сол сияқты марксизмді догма түрінде түсінудің қауіптілігі де ашып көрсетілетін мақалалары барлық елдердің коммунистерін маркстік-лениндік ілімді бұрмалауға қарсы, оның негізгі қағидаларын қазіргі өмір шындығына творчестволықпен қолдану жолындағы, марксизмді одан әрі дамыту жолындағы күреске қаруландырады.

Осы томға Лениннің 1861 жылғы «шаруалар» реформасының елу жылдығына байланысты жазған: «Крепостниктік правоның құлауының елу жылдығы», «Ме-

реке жайында», ««Шаруалар реформасы» және пролетарлық-шаруалар революциясы» деген бірқатар мақалалары еніп отыр. Бұл мақалалар маңызды тарихи оқиғаның мерекелі күнін сол оқиғаға, оның салдарына терең ғылыми талдау жасау үшін, партияның тиісті кезеңдегі көкейтесті міндеттерімен оның байланысын белгілеу үшін пайдалана білудің үлгісі болып табылады. Ленин 1861 жылғы крепостниктік «шаруалар» реформасының буржуазиялық сипаты мен столыпиндік аграрлық саясаттың арасындағы байланысты белгілей келіп, крепостниктер жүргізген буржуазиялық реформалардың ешқайсысы да революцияны болдырмай тастай алмайды, ал партия мен жұмысшы табы күресінің мақсаты бұрынғысынша патша өкіметін құлату болып қала береді деген қорытынды жасайды.

Сонымен қатар Ленин Россияның қоғамдық-саяси өмірінде тарихи қалыптасқан бағыттарды, тенденцияларды қадағалай келіп, оларды либералдық және демократиялық бағыттар мен тенденциялар деп анықтайды. Бұл тенденциялардың күресі сайып келгенде елдің жаңа қоғамдық құрылысы жолындағы күрестің нәтижесін анықтауға тиіс болды. Либералдық тенденция даму барысында либерал-монархиялық буржуазияның партиясы — кадеттер партиясының құрылуына әкеп соқты. Демократиялық, революциялық тенденция өз бастауын Н. Г. Чернышевскийден алды. Ленин Чернышевскийді демократиялық тенденцияны неғұрлым дәйекті түрде білдіруші ғана емес, утопист-социалист қана емес, сонымен қатар 1861 жылғы реформаның крепостниктік сипатын, қолында билігі барлардың алдында либералдардың құрдай жорғалайтынын, олардың революциядан қорқатынын айқын көре білген, «цензураның бөгеттері мен кедергілеріне қарамастан—шаруалар революциясы идеясын, бұқараның бүкіл ескі өкіметті құлату жолындағы күресі идеясын таратқан» (187—188-беттер) революцияшыл демократ деп сипаттады.

Кейін, революциялық күрестің дамуына байланысты, демократиялық тенденция екіге: демократиялық және социалистік тенденцияларға бөлінді. Ұсақ бур-

жуазиялық шаруалар бұқарасының өкілдері — трудовиктер демократиялық тенденцияның мұрагері болды. Россия жұмысшы табы социалистік тенденцияның иесіне айналып, маркстік пролетарлық партияны құрды. Либералдық тенденция мен демократиялық тенденцияны Россияның дамуы мүмкін екі жолмен — елді ескі, крепостниктік тәртіптерге бейімдеу жолымен және ескі тәртіпті түбегейлі жойып, қирату жолымен — байланыстыра келіп, Ленин партияны халық бұқарасының түбегейлі мүдделеріне сай келетін екінші жолдың жеңіп шығуы үшін күресуге, ауытқып жүргендерді либералдардың ықпалынан босатып алуға және реформизм мен оппортунизмнің барлық көріністеріне қарсы қажымай-талмай күресе отырып, шаруалармен одақ жасасқан пролетариатты жаңа революцияға бастауға шақырды.

Алдыңғы қатарлы жұмысшылар арасынан пролетарлық революционерлер кадрларын даярлаудың партия үшін зор маңызы болды. Лениннің басшылығымен революциялық күрес мектебінен өткен пролетарлық революционерлер ұрпағының аса көрнекті өкілі жұмысшы-большевик Иван Васильевич Бабушкин еді, ол Лениннің басшылығымен 1895 жылы Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағында» істеді. Осы томға енгізіліп отырған «Иван Васильевич Бабушкин» деген некрологты Ленин жұмысшы табы ісіне шексіз берілген пролетарлық революционерді еске түсіруге арнаған. Ленин Россияда шынайы пролетарлық, революциялық партия Бабушкин сияқты алдыңғы қатарлы жұмысшылардың бұқара ішінде қаһармандық, табанды жұмыс жүргізуі арқылы құрылды деп көрсетеді. «Мұндай адамдар болмаса,—деп жазды Ленин,— орыс халқы мәңгі-бақи құл халық, малай халық болып қалар еді. Орыс халқы қанау атаулының бәрінен өзіне толық азаттықты осындай адамдармен ғана жеңіп алады» (90-бет).

Осы томға енгізіліп отырған бірқатар мақалалар халықаралық жұмысшы қозғалысы мәселелеріне, жұмысшы табының көсемдерін еске түсіруге арналған. Олардың ішінде «Павел Зингер», «1911 жылы 20 ноябрьде

(3 декабрьде) Поль және Лаура Лафаргтерді жерлеу кезінде РСДРП атынан сөйленген сөз» және басқалары бар.

Ленин «Коммунаны еске түсіру» деген мақаласында дүние жүзіндегі тұңғыш жұмысшы үкіметі ретінде Париж Коммунасының мәніне терең талдау жасап берді, ал оның шаралары капиталистік құрылыстың негіздеріне қарсы бағытталған еді. Париж коммунарларының қаһармандық күресі, Коммунаның жұмысшы үкіметінің үлгісі миллиондаған жұмысшылардың рухын көтерді, олардың үмітін оятып, сүйіспеншілігін социализм жағына тартты. «Коммунаның ісі,—деп жазды Ленин,— әлеуметтік революцияның ісі, еңбекшілерді саяси және экономикалық жағынан толық азат ету ісі, бүкіл әлемдегі пролетариаттың ісі. Міне, осы мағынада ол мәңгі жасайды» (238-бет).

Томға В. И. Лениннің орыстың ұлы жазушысы Л. Н. Толстойға арнаған: «Л. Н. Толстой», «Л. Н. Толстой және қазіргі жұмысшы қозғалысы», «Толстой және пролетарлық күрес», «Л. Н. Толстой және оның дәуірі» деген мақалалары енгізіліп отыр.

В. И. Лениннің Толстой туралы шетелдегі және Россиядағы большевиктік баспасөз органдарында жарияланған мақалаларында Толстой творчествосының бүкіл күрделілігі жан-жақты және терең ашып көрсетіліп, оның орыс революциясының түбегейлі мүдделерімен байланысы ашып айтылды. Бұл мақалаларда патшалық Россияның қоғамдық тәртіптеріне арналған Л. Н. Толстой сынының орасан зор күші көрсетілді. Бұл сын, деп көрсетті Ленин, халық бұқарасына төнген апаттардың шын себептерін табуға құштарлығымен, сезім күшімен, бұлтартпастығымен, сонылығымен, адалдығымен, батылдығымен ерекше болды. Өз шығармаларында революцияның алдындағы тұтас дәуірдің — капитализм жоғары дамыған жағдайда шаруалар революциясын әзірлеу дәуірінің тарихи ерекшелігін, бұқаралық шаруалар қозғалысының күші мен әлсіздігін дұрыс, алып талантының бар қуатымен бейнелеп, ұлы суреткер осы арқылы жұмысшы табына жақын да қымбат болды. Сонымен қатар Ленин Толстой көзқарастарының қайшы-

лығын, крепостниктік тәртіп пен полицияшылдыққа қарсы күрес «зорлыққа қарсыласпауды» уағыздаумен аралас болатынын да ашып көрсетті. Ленин халыққа адалдығын, буржуазияның, соның ішінде шаруалар демократиясының да, дәйекcіздігімен күресе білетіндігін іс жүзінде дәлелдеген революциялық жұмысшы табының көзқарасы тұрғысынан ғана Толстойдың творчествосына дұрыс баға беруге болады деп көрсетті. Толстойдың көркем мұрасын Россия жұмысшы табы крепостниктік тәртіпке, полицияшылдыққа қарсы күрес үшін, бұқараны қоғамдық жаңа тәртіптер жолындағы күреске топтастыру үшін пайдаланды.

Ленин Толстойды «орыс революциясының айнасы» деп атады. Толстойдың дүние жүзілік маңызы, деп көрсетті Ленин, орыс революциясының дүние жүзілік маңызын бейнелейді.

Лениннің Толстойға арналған мақалалары әдеби творчество құбылыстарына маркстік терең талдау жасаудың, оларды диалектикалық жолмен ашып көрсетудің тамаша үлгісі болып табылады және олардың маркстік эстетиканы талдап жасауда негіз бола аларлық орасан зор маңызы бар.

В. И. Лениннің жаңа революциялық өрлеу өрістеп келе жатқан кезеңде жазылған шығармалары жұмысшы табының күштеріне, келешектегі революцияның жеңісіне деген шексіз сенімге толы. Лениннің ғылыми көрегендігін тарих дәлелдеді.

* *
*

«Дайындық материалдар» бөлімінде «Саяси экономия негіздері» курсы бойынша Ленин 1911 жылы февральда Парижде «Әлеуметтік ғылымдар курстарында» оқыған лекциялардың жоспары және Ленин 1911 жылы 14 (27) ноябрьде Парижде оқыған «Либералдық жұмысшы саясатының манифесі» деген рефераттың жоспары берілген.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы
Марксизм-ленинизм институты

БЕТБҰРЫСТЫҢ БАСТАМАСЫ ЕМЕС ПЕ?

Біз Петербург пен Москва газеттерінің 12 ноябрьдегі номерлерін алған кезде бұл номер беттеліп қойған еді[1]. Жария баспасөздің мәліметтері қаншама жеткіліксіз болғанымен, одан толып жатқан қалаларда өлім жазасына қарсы наразылық білдірген, үкіметке қарсы сөздер айтқан студенттер жиындарының, манифестацияларының, көшеге шығып қыр көрсетушіліктерінің болып өткендігі сөзсіз байқалады. 11 ноябрьдегі Петербург демонстрациясында, тіпті өздерін нағыз октябристерше ұстайтын «Русские Ведомостидің» [2] мәліметі бойынша, Нева проспектісінде *кем дегенде 10 000 адам* жиналған. Нақ сол газет былай деп хабарлайды: Петербург жағында «Халық үйінің алдында қыр көрсетушілерге көптеген жұмысшылар келіп қосылды. Қыр көрсетушілер Тучков көпірінің жанына келіп тоқтады. Полиция отряды қыр көрсетушілерді ешбір тоқтата алмады да, қалың топ әндетіп, жалаулар көтеріп, Васильев аралының Үлкен проспектісіне өтіп кетті. Полиция қалың топты тек университеттің жанында ғана таратып жібере алды».

Полиция мен әскер өздерін, әрине, нағыз орыстарша ұстаған.

Бұл күмәнсыз демократиялық өрлеуге баға беруді келесі номерге дейін қалдыра отырып, біз бұл арада түрлі партиялардың демонстрацияға көзқарасы жөнінде бірнеше сөз айтпай өте алмаймыз. 11 күні демонстрация өткізілмейтін болды деп *жалған* хабар басып шығарған

«Русские Ведомости» 12-сі күнгі номерінде социал-демократтар ешқандай қаулы қабылдамады-мыс, ал олардың ішінен жекелеген депутаттар тіпті өздерінің демонстрацияны қостамайтынын айтыпты-мыс, қабылданған қарарда тек трудовиктер[3] ғана демонстрацияға бөгет жасауға болмайды деп тауыпты-мыс деп хабарлайды. Біздің социал-демократ депутаттарды масқаралайтын бұл хабардың жалған екеніне біз күмәнданбаймыз; сірә, бұл да *«Русские Ведомостидің»*, демонстрация өткізілмейтін болды деп жариялаған кешегі хабары сияқты, қасақана ойдан шығарғаны болса керек. «Голос Москвы»[4] 12-сі күні былай деп хабарлайды: «студенттердің көшеге шығып бой көрсетуін социал-демократтардан басқа барлық партиялардың депутаттары мақұлдамайды».

Оңшылдардың «демонстрацияны дайындайтын серіппе Таврический сарайынан күш алады» деген мүлдем қисынсыз, кісі күлерлік байбаламынан қорқып қалған кадеттік және октябристік органдардың мүлде «шындықтан жалтарып отырғаны» айдан анық.

Ал кадеттер[5] өздерін лайықсыз ұстады, бұл — факт. «Речь»[6] 11-інде, демонстрация болатын күні, кадет депутаттарының демонстрация жасамауға шақырған үндеуін жариялады. Бұл үндеудегі де, «Речьтің» бас мақаласындағы да дәлел — нағыз пасық дәлел: қайғылы күндерге «қаяу түсірмеу керек»! «манифестациялар жасап, оларды Толстойды еске түсірумен ұштастыру»— «ардақты есімге шын сүйіспеншіліктің жоқтығын» көрсету деген сөз!! және т. т. деп таза октябристік рухта зарлайды («Голос Москвыдың» 11-індегі бас мақаласын осымен бірдей дерлік сөздермен салыстырыңыз).

Бағымызға қарай, кадеттердің демократияны сүріндірмек болған пасықтық әрекеті іске аспады. Бәрі бір демонстрация болып өтті. Ал егер полицейлік «Россия»[7] бәрі үшін кадеттерді айыптауын қоймай, тіпті олардың үндеулерінде «өшіктіру» әрекеттерінің бар екендігін тауып жүрсе, онда Думада[8], «Голос Москвыдың» айтуына қарағанда, октябристер[9] де, әсіре оңшылдар да (Шульгин) кадеттердің *сіңірген еңбегін* бағала-

ған, оларды «демонстрацияның дұшпандары» деп таныған.

Кімде-кім Россиядағы азаттық қозғалысы ісіне әзірше кадеттер басшылық жасап отырғанда ол қозғалыстың *үмітсіз* екенін орыс революциясының бүкіл барысынан үйренбеген болса, кімде-кім өзін кадеттердің опасыздығынан қорғауды білмей отырса, ол адам қазіргі саясаттың фактілерінен, 11 ноябрьдегі демонстрацияның тарихынан үсті-үстіне үйрене түссін.

Демократиялық өрлеудің алғашқы бастамасының өзі-ақ кадеттер жексұрындығының бастамасы болды.

«Голос Москвыдың» мына хабарын да атап өте кетейік: жұмысшылар студенттерге 14-і күні орасан зор демонстрация жасауды ұсыныпты-мыс. Мұнда, сірә, шындықтың жұқанасы болса керек, өйткені бүгін (15 (28) ноябрьде) Париж газеттері жұмысшы манифестациясын ұйымдастыруға *әрекет жасағандары* үшін С.-Петербургте кәсіптік одақтар бюросының 13 мүшесінің тұтқынға алынғаны жөнінде хабарлап отыр.

«Социал-Демократ» № 18, 16 (29) ноябрь, 1910 ж.

«Социал-Демократ» газетінің тексті бойынша басылып отыр

МУРОМЦЕВТІҢ ӨЛІМІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ БОЛҒАН ДЕМОНСТРАЦИЯ ТУРАЛЫ

(ЗАМЕТКА)

«Бұл Дума,— деп жазады кадеттік «Речь» қаражүздік Думаның төртінші сессиясының бірінші мәжілісі жөнінде,— бүгінгі күні өзін халықтың пиғылы мен ұлттық санасынан түпкілікті және біржолата бөліп тастады». Бұл, әрине, қаражүздіктер мен октябристердің I Думаның председателі Муромцевті еске түсіруден бас тартқандықтары жөнінде айтылып отыр.

Жалпы алғанда бостандық жолындағы күрес жөнінде, жекелеп алғанда Муромцевтің қайтыс болуына байланысты жасалған демонстрация жөнінде біздің либералдар ұстаған көзқарастың бүкіл жалғандығын жоғарыда келтірілген сөйлемде айтылғаннан айқынырақ көрсету қиын болар еді.

Күмән жоқ, патша үкіметіне қарсы, самодержавиеге қарсы, қаражүздік Думаға қарсы жасалған демонстрация Муромцевтің қайтыс болуына байланысты қажет болды, демонстрация өткізілді, оған халықтың мейлінше алуан түрлі, мейлінше қалың топтары қатысты, социал-демократиядан бастап кадеттерге, «прогрессистер»[10] мен поляк октябристеріне (поляк колосы[11]) дейін мейлінше алуан түрлі партиялар қатысты. Нақ сол сияқты, күмән жоқ, кадеттердің бұл демонстрацияға берген бағасы олардың демократияға қаншалықты жат екендігін, біздің кадеттердің бұл істі жүргізуі немесе ең болмағанда бұл іске жетекшілік етіп қатысуының өзі-ақ Россиядағы демократия ісі үшін қаншалықты *апатты* екендігін жүз есе, мың есе көрсетеді.

Муромцевтің қайтыс болуына байланысты өткізілген демонстрацияға барлық демократтар мен барлық либералдар қатысты және қатысуға тиісті еді, өйткені қаражүздік Дума режимінің қапас жағдайында мұндай демонстрация самодержавиеге қарсы *наразылықты* ашық және біршама кең көлемде көрсетуге мүмкіндік берген еді. Патша самодержавиесі Россияда өкілдік мекемелерді енгізуге қарсы жанталаса күрес жүргізді. Пролетариат пен революцияшыл шаруалар бұқаралық күрес арқылы патшадан парламент шақыру қажеттігін жеңіп алған кезде, самодержавие Россияда тұңғыш парламентті шақырудың өңін айналдырды, оны бұрмалады. I Дума[12] халық үні, демократия үні естілгендіктен самодержавие демократияны, халықты зәбірледі, қорлады. Самодержавие I Думада демократия талаптарының осы әлсіз көрінісі туралы еске түсіруді қазірдің өзінде қуғындайды (ал I Дума кезінде және оның трибунасынан бұл талаптардың айтылуы 1905 жылдың күзінде өзіне бұқаралық ашық күрестің толқыны жасап алған трибунадағыдан анағұрлым әлсіз, анағұрлым сүреңсіз, өрісі тар, өмірге анағұрлым жанасымсыз болды).

Міне, сондықтан да демократия мен либерализм самодержавиеге қарсы наразылық көрсетілетін демонстрацияда революцияны бұқараның есіне салатын нәрсенің бәрі жөнінде де бірге шықты және бірге шығуға тиісті болды. Бірақ, жалпы демонстрацияға бірге шыға отырып, олар жалпы алғанда демократияның міндеттеріне, жекелеп алғанда I Думаның тарихына баға беруде *өздерінің* көзқарастарын білдірмей отыра *алмады*. Мұндай баға беруге жасалған алғашқы әрекеттің өзі-ақ біздің буржуазиялық либерализмнің адам төзгісіз бейшаралығын, саяси дәрменсіздігін және саяси топастығын көрсетті.

Ойлап қараңызшы: қаражүздік Дума «бүгін», 1910 жылғы 15 октябрьде, халықтан «түпкілікті және біржолата қол үзіпті»! Демек, халықтан осы уақытқа дейін ол біржолата қол үзбеген ғой. Демек, Муромцевтің құрметіне арналған шеруге қатысу «халық пиғылынан» «қол үзгендікті», яғни біздің кейбір контрреволюционерлердің демократиядан қол үзгендігін жойған, жоюға

қабілетті болғаны ғой. Демократ деген мәртебелі атақтан дәмеленуші мырзалар, сіздер өздеріңіз мәселені осылайша қойып, басқа кім-кімнен де гөрі демонстрацияның маңызын түсіріп отырғандарыңызды, демонстрацияға күйе жағып отырғандарыңызды түсінсеңіздерші. «III Думаға мейлінше төмен моральдық-саяси баға бергеннің өзінде де,— деп жазады «Речь»,— ол Думаны асқан парасатпен, ғажап майталмандықпен ашып (!!), қасиетке бөлеген адамның есімін трибунадан еске түсіру жөніндегі қарапайым ғана борыштан бас тартады деп ойлаудың өзі қисынсыз болар еді». Не айтатыны бар, қызмет еткен-ақ екен: Муромцев «оны», III Думаны ашып, қасиетке бөлепті! Абайсызда кадеттер бұл сөздер арқылы мынадай ащы шындықты айтып берді: орыс либерализмі мен орыс буржуазиясының революциялық күрес пен 1905 жылдың аяғындағы көтеріліске опасыздығы жалпы алғанда контрреволюцияның, жекелеп алғанда III Думаның дәуірін «ашып, қасиетке бөледі». «Саяси жанжалшылардың ат төбеліндей шағын тобы,— деп жазады «Речь»,— Думадағы көпшіліктің сыпайыгерлік пен әдептілік үнін баса алмас деп жорылып еді». Солай ма! мәселе самодержавиеге қарсы наразылық көрсету туралы емес, «сыпайыгерлік пен әдептілік» туралы қойылған және қойылып жүр екен ғой. Мәселе демократия контрреволюциядан *«қол үзді»* деп қойылып отырған жоқ, либерализм контрреволюциямен *бірігіп келеді* деп қойылып отыр. Либерализм Муромцевті еске алуға арналған шеруге контрреволюцияның өкілдерін, октябристерді самодержавиеге қарсы наразылық көрсету үшін емес, «сыпайыгерлік пен әдептілік» көрсету үшін шақырып, өздері контрреволюция жағына шығып отыр. Муромцев патша шақыртқан парламент-сымақты бірінші рет «ашқан және қасиетке бөлеген» (осындай да былапыт сөздер болады екен-ау!); сіздер, октябрист мырзалар, патша шақыртқан үшінші парламент-сымақта отырсыздар,—«қарапайым ғана борышты» орындаудан бас тартушылық «лайықсыз әрі әдепсіздік» болмас па екен. Осы тым кішкене мысал, кадеттердің ресми органының осы жалғыз ғана пайымдауы біздің либерализмнің бүкіл идеялық және саяси

шіріктігін қандай тамаша көрсетеді десеңізші. Оның ұстаған бағыты — бұқараның *демократиялық* сана-сезімін арттыру емес, самодержавиені, қаражүздік помещиктерді және олардың одақтастарын, октябристерді, *үгіттеп көндіру.* Сондықтан оның үлесі — кез келген буржуазиялық-демократиялық революциядағы буржуазиялық либерализмнің сөзсіз және болмай қоймайтын үлесі сияқты — монархия мен феодалдардың мәңгі-бақи құлы болып қала беру, олардан мәңгі-бақи тепкі көре беру.

Егер кадет депутаттары демократияның міндеттерін титтей түсінген болса, олар III Думада да *октябристердің* «қарапайым ғана борыштарын» орындаулары туралы ойластырмай, *халық* алдындағы демонстрация туралы ойластырған болар еді. Бұл үшін председательге арыз берудің қажеті жоқ еді (мұндай арыздың жариялану-жарияланбауы, аманаттың 120-параграфы бойынша, председательдің қалай шешетініне байланысты), қайта мәселені қайткенде де талқылауға қойғызу керек еді.

Егер кадет жазушылары демократияның міндеттерін титтей түсінген болса, олар октябристерді әдепсіз деп кінәламаған болар еді, қайта III Дума іс-әрекеттері дәл Муромцевтің өліміне байланысты жасалған демонстрацияның маңызын атап көрсетіп отырғанын, дәл *тоғышарлық*-мещандық мылжыңдықпен «сыпайыгерлік пен әдептілік» туралы мәселені қазіргі режим мен түрлі партиялардың роліне *саяси* баға берудің дәрежесіне дейін көтеріп отырғанын түсіндірген болар еді.

Бірақ Муромцевтің өліміне байланысты болған демонстрация басқа да мәселені, атап айтқанда I Думаның тарихи маңызы жайындағы мәселені де көтермей тұра алмады. I Думада көпшілік болған және мұнымен бірге кадеттік министрлік құруға, бостандыққа «бейбіт» жолмен өтуге, демократия арасында өзінің гегемондығын нығайтуға әбден үміттенген кадеттердің Муромцевті «ұлттық батыр» деп қолпаштағанын айтпаса да болады. Жилкин мырза арқылы трудовиктердің құлдырағаны сонша, олар осы либералдық әуенге қосылып,

Муромцевке солшыл партиялардың саяси «тәрбиешісі» ретінде тұп-тура құрмет көрсетті.

Кадеттер мен трудовиктердің I Думаға берген осы тәрізді бағасының зор маңызы мынадай: мұның өзі орыс «қоғамында» саяси сапа-сезімнің тым төмен дәрежеде екенін көрсетеді. Кадеттердің I Думадағы саяси роліне сүйсінетін «қоғамның» Столыпин мен III Думаға ренжитін орны жоқ: оның енді дәл өзіне лайық үкіметі бар. Либерализмнің орыс азаттық қозғалысындағы гегемондығы бұл қозғалыстың әлсіздігін және ұр да жық помещиктер үстемдігін жоя алмайтынын сөзсіз көрсетеді. Тек пролетариаттың либерализмді ығыстырып шығаруы, пролетарлық гегемондық қана революцияға жеңістер *әперіп келді* және тағы да жеңістер әпере *алады*.

I Дума дәуірі декабрьде жеңіліске ұшыраған пролетариаттың жаңадан тегеурін көрсету үшін күш жинап жатқан дәуірі болды. Декабрьден кейін бәсеңдеген революциялық стачка қайтадан қуаттана бас көтерді; жұмысшылардың соңынан шаруалар көтерілді (1906 жылдың көктемінде шаруалар толқуы Европалық Россия уездерінің 46 процентін қамтыды); солдат «бүліктері» күшейді. Либерал буржуазияның алдында мына дилемма тұрды: не бұқараның *революциялық* жаңа тегеуріне көмектесу керек, онда патша өкіметін жеңу мүмкін еді,— немесе революциядан сырт айналу керек, сөйтіп патша өкіметінің жеңісін жеңілдету керек. Бұқаралық күрестің жаңа өрлеуі, буржуазияның жаңа ауытқулары, патша өкіметінің тартыншақтығы мен аңысын аңдауы—бірінші Дума дәуірінің *мәні,* міне, осында болды, орыс тарихындағы бұл кезеңнің *таптық негізі,* міне, осында болды.

I Думада билеуші партия болған кадеттер және бұл партия басшыларының бірі Муромцев саяси жағдайды мүлде түсінбегендіктерін көрсетті, сөйтіп демократияға жаңадан сатқындық жасады. Олар революциядан сырт айналды, бұқаралық күресті айыптады, оған неше түрлі кедергілер жасады, патша өкіметінің тартыншақтығын пайдалануға тырысып, оны революциямен қорқытпақ болды және революция *атынан* мәмлеге келуді (=

кадеттік министрлік құруды) талап етті. Мұндай тактиканың демократия жөнінде *опасыздық* болғаны, патша өкіметі жөнінде —«конституциялық»-сымақ дәрменсіз мақтаншақтық болғаны түсінікті. Кадеттерді келіс сөзбен *«алдарқата»* отырып, Думаны таратуды және Мемлекеттік төңкерісті *әзірлей* отырып, патша өкіметінің тек өз күштерін шоғырландыру үшін ғана уақыт ұтқаны түсінікті. 1906 жылдың көктемінде пролетариат және шаруалардың бір бөлегі жаңа күреске көтерілді,— олардың кінәсы немесе олардың осал жері мынада болды: олар күресте жеткілікті батылдық көрсете алмады, саны да аз болды. Либералдар 1906 жылы көктемде конституция ойынынан, Треповтармен келіс сөз жүргізу ойынынан басы айналып жүрді, Треповтарды тек жалғыз өзі ғана *қирата* алатындарды айыптады, олардың ісіне бөгет жасады.

Буржуазия жәдігөйлері мынадай қанатты сөзге құмар-ақ: de mortuis aut bene aut nihil (өлгендер туралы не ештеңе айтпау керек, не жақсы сөздер ғана айту керек). Пролетариатқа тірі саяси қайраткерлер туралы да, өлгендер туралы да *шындық* керек, өйткені кімдекім саяси қайраткер деген атаққа шынында да лайық болса, ажалы жеткен күнде де, саясат үшін өлмейді. Муромцев туралы көрінеу жалған сөз айту — пролетариат ісіне, демократия ісіне кесел келтіру, бұқараның санасын аздыру деген сөз. Кадеттер туралы және өздерін кадеттердің еркіне берген (және беріп отырған) адамдар туралы ащы да болса шындықты айту—бірінші орыс революциясының *ұлы ісіне* құрмет көрсету деген сөз, екінші орыс революциясының жеңісіне көмектесу деген сөз.

«Социал-Демократ» № 18,
16 (29) ноябрь, 1910 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Социал-Демократ» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЕКІ ДҮНИЕ

Герман социал-демократиялық партиясының Магдебург съезі туралы барлық газеттерде қазірдің өзінде көп жазылды, сондықтан бұл съездегі басты-басты оқиғалардың бәрі, күрестің барлық бүге-шігесі жұртқа жеткілікті дәрежеде белгілі[13]. Ревизионистердің ортодокстермен күресінің сыртқы жағы, съездің шиеленіскен көріністері оқушылардың назарын тым көп аударып кетіп, бұл күрестің принциптік маңызын, пікір алалығының идеялық-саяси түп-тамырларын түсіндіруге зиянын тигізді. Ал оның бер жағында Магдебургтегі жарыс сөздер — ең алдымен бадендіктердің бюджетті жақтап дауыс беруі туралы мәселе жөніндегі жарыс сөз — Германия социал-демократиялық жұмысшы партиясының *ішінде* екі идеялар дүниесі және екі таптық тенденция бар екепін сипаттайтын өте қызықты материал берді. Бюджетті жақтап дауыс беру — екі дүниенің осы пікір алалығының, барынша терең пікір алалығының бір ғана көрінісі, бұл алауыздықтың болашақта бұдан анағұрлым күрделі, анағұрлым терең және маңызды мәселелер жөнінде көрінетіні сөзсіз. Ал енді, Германияда жұрттың бәріне бірдей ұлы революциялық дауыл анық *төніп келе жатқанда,* Магдебургтегі жарыс сөздерге науқан басталар *алдында* армияның аз ғана бөлегіне жасалған шағын байқау ретінде қарау керек (өйткені бюджетті жақтап дауыс беру мәселесі — социал-демократиялық тактиканың негізгі мәселелерінің кішкене бөлегі ғана).

Пролетарлық армияның әр түрлі бөлімдерінің өз міндеттерін түсінуі тұрғысынан алғанда бұл байқау нені көрсетті? Армияның бұл әр түрлі бөлімдерінің өздерін қалай ұстайтындықтары жөнінде бұл байқау бізге не айтады?— біз тоқталғалы отырған мәселелер, міне, осылар.

Жеке кісілердің арасындағы (сырт қарағанда) бір қақтығыстан басталық. Ревизионистердің көсемі, Франк, барлық бадендіктер тәрізді: министр фон Бодман әуелі социал-демократияның басқа буржуазиялық партиялармен «тең праволылығын» теріске шығарды, ал содан кейін бұл «қорлауын» қайтып алғандай болды дегенді барынша атап көрсетті. Бебель өзінің рефератында бұл жөнінде былай деді:

«...Егер қазіргі мемлекеттің министрі, қазіргі мемлекеттік және қоғамдық тәртіптің өкілі,— ал саяси мекеме ретіндегі қазіргі мемлекеттің мақсаты қазіргі мемлекеттік және қоғамдық құрылысты оған қарсы социал-демократтар тарапынан болатын шабуыл атаулының бәрінен қорғау және қолдау, ал керек болған жағдайда күшпен де қорғау болып табылады,— егер мұндай министр социал-демократияның тең праволылығын мойындамаймын дейтін болса, онда ол өз көзқарасы тұрғысынан қарағанда толығынан дұрыс істейді». Франк Бебельдің сөзін бөліп: «Құлақ естімеген сұмдық!» деп айқайлайды. Бебель оған: «Мен мұны толығынан табиғи нәрсе деп білемін» деп жауап сөзін жалғастыра береді. Франк тағы да: «Құлақ естімеген сұмдық!» деп лепіреді.

Франк неге мұнша ызаланды? Өйткені ол басынан аяғына дейін буржуазиялық «заңдылыққа», буржуазиялық «тең праволылыққа» сенеді, бұл заңдылықтың тарихи *шектерін* түсінбейді, осы заңдылықтардың бәрі егер іс буржуазиялық меншікті сақтау туралы негізгі және басты мәселеге тірелетін болса, сөзсіз быт-шыт болуға *тиіс* екендігін түсінбейді. Франк ұсақ буржуазиялық конституциялық жалған үміттермен әбден уланып біткен; сондықтан ол конституциялық тәртіптердің тіпті Германия сияқты елде де тарихи *шарттылығын* түсінбейді; ол Германиядағы буржуазиялық (дұрысыра-

ғы: буржуазиялық-феодалдық) конституцияның абсолюттік маңызына, абсолюттік күшіне сенеді, оның, Франктің, парламент мүшесінің, түгелдей заң бойынша әрекет ететін адамның «тең праволылығын» конституцияшыл министрдің мойындағысы келмегеніне шынымен-ақ *қорланады.* Осындай заңдылыққа құлдық еткен Франк буржуазияның пролетариатпен ымыраға келмейтіндігін де ұмытады, сөйтіп, өзі де байқамастан, бұл буржуазиялық заңдылықты мәңгілік деп санайтын адамдардың, социализм осы заңдылықтың шеңберіне сыйып кетеді деп есептейтін адамдардың позициясына көшеді.

Бебель мәселені буржуазиялық демократияға тән осы конституциялық жалған үміттерден тап күресінің нақты негізіне әкеледі. Буржуазиялық правоның негізіндегі тең праволылық бізді, бүкіл буржуазиялық қоғамның жауын, осы қоғамның қорғаушысы деп есептемейді деп «қорлануға» бола ма? Бұлай есептемеу мені қорлауы мүмкін деп ойлаудың бір өзі-ақ менің социалистік сенімдерімнің солқылдақтығын көрсетеді ғой!

Сондықтан Бебель нақты мысалдар келтіру арқылы социал-демократиялық көзқарастарды Франктің миына құйғысы келеді. Социалистерге қарсы ерекше заң[14] бізді «қорлай» алған жоқ,— деді Бебель Франкке,— бізді ашу мен ыза кернеді, «егер сол кезде біздің қолымыздан келген болса, шын ниетімізбен тілегеніміздей, біз шайқасуға құлшына бас қояр едік, жолымызға көлденең тұрғысы келгеннің бәрін быт-шыт қылар едік» *(қызу мақұлдаған дауыстар* — стенографиялық есеп әлгі жерінде осылай деп атап көрсетеді). «Егер біз осыны жасамасақ, онда біз өз ісіміздің опасыздары болар едік» *(Дұрыс!).* «Бірақ біз мұны жасай алмадық».

Социалистердің тең праволылығын конституцияшыл министрдің мойындамағаны мені қорлайды,— деп пайымдайды Франк. Барлық «принциптерді» бұрмалай отырып, сіздерді бұдан біраз бұрын тұншықтырған буржуазиялық құрылысты қорғай отырып, сіздерді тұншықтыруға тиіс болған және ертең де сіздерді тұншықтыруға тиіс болатын (мұны Бебель айтқан жоқ, бірақ ол мұны емеурінмен айқын танытты; Бебельдің емеурін ғана танытып, неліктен мұнша сақтық жасағанын

біз тиісті жерінде айтамыз) адамның тең праволылықты мойындамауы сізді қорлауға тиіс емес, дейді Бебель. Егер біз мүмкіндігіміз бола тұрып, пролетариаттың осы жауларын тұншықтырып тастамасақ, онда біз опасыз болар едік.

Екі түрлі идеялар дүниесі: бір жағынан, пролетарлық тап күресінің көзқарасы, ол белгілі тарихи дәуірлерде буржуазиялық заңдылықтың негізінде дами алады, бірақ шешуші айқасқа, тікелей шайқасқа, дилеммаға: буржуазиялық мемлекеттің «быт-шытын шығару керек» немесе быт-шыт болып, табанға тапталу керек дегенге *сөзсіз* алып келеді. Екінші жағынан, реформистің, ұсақ буржуаның көзқарасы, ол ағаштың тасасынан орманды көрмейді, конституциялық заңдылықтың шырғалаңынан шиеленіскен тап күресін көрмейді, қайдағы бір кішкене мемлекеттің меңіреу түкпірінде жүріп, қазіргі заманның тарихи ұлы мәселелерін ұмытады.

Реформистер өздерін шын саясатшылармыз, пайдалы жұмыстың адамдарымыз, мемлекет қайраткерлеріміз деп ойлайды. Бұл балалық жалған үміттерді пролетариат арасына сіңіру буржуазиялық қоғамның қожайындары үшін пайдалы, бірақ социал-демократтар оларды аяусыз талқандап отыруға тиіс. Тең праволылық туралы сөз — «ешбір мағынасыз бос сөз», деді Бебель. «Кімде-кім бұл бос сөздің қармағына бүтіндей социалистік фракцияны түсіріп алса, ол мемлекет адамы,— деді Бебель, партия съезін ду күлдіріп,— ал өздері сол қармаққа түсіп қалып жүргендер тіпті де мемлекет адамдары емес». Мұның өзі өздерін Германиядағы национал-либералдарға[15], Россиядағы кадеттерге ұстап беріп жүрген социализм оппортунистері атаулының өңменінен оқтай қадалатын сөз. «Мойындамаушылар,— деді Бебель,— пайдалы жұмыс адамдары деп аталатындарға қарағанда екінің бірінде әлдеқайда көп нәрсе тындырып жүр. Қатаң сын, қатаң оппозиция, егер ол сын әділ болса, әрдайым құнарлы топырақтың қойнауына түседі, ал біздің сын, күмән жоқ, әділ сын». .

Пайдалы жұмыс туралы оппортунистік сөздер көп реттерде *либералдарға* қызмет етуді, жалпы алғанда басқаларға, өкіметті қолында ұстап отырғандарға, сол

мемлекеттің, қоғамның, коллективтің іс-әрекетін бағыттап отырғандарға қызмет етуді көрсетеді. Сондықтан да Бебель «бізде партия ішінде национал-либералдық саясат жүргізіп отырған мұндай национал-либералдар аз емес» деп мәлімдеп, тура осындай қорытынды жасады. Мысалға ол «Социалистический Ежемесячник» («Sozialistische Monatshefte»)[16] дейтіннің (Бебельдің сөзімен айтқанда — *дейтіннің)* жұртқа әйгілі редакторы *Блохты* келтірді. «Біздің партиямызда национал-либералдарға орын жоқ»,— деп кесіп айтты Бебель съездің жалпы мақұлдауы үстінде.

«Социалистический Ежемесячник» қызметкерлерінің тізіміне қараңыздаршы. Онда халықаралық оппортунизмнің *барлық* өкілдері бар. Ондағылар біздің жойымпаздардың іс-әрекетін мақтап тауыса алмай жүр. Герман социал-демократиясының көсемі осы органның редакторын национал-либерал деп жариялап отырса, осының өзі-ақ екі түрлі идеялар дүниесі емес пе?

Бүкіл дүние жүзінің оппортунистері либералдармен блок жасасу саясатына бейім; олар бірде бұл саясатты турасынан және ашықтан-ашық жариялап, іске асырады, бірде либералдармен сайлау келісімдерін жасасуды, олардың ұрандарын қолдауды және т. т. уағыздайды немесе жақтайды. Бебель бұл саясаттың барлық жалғандығын, барлық өтіріктігін үсті-үстіне әшкерелеп берді, сондықтан оның сөздерін әрбір социал-демократ біліп, есте сақтауға тиіс десек, асырып айтқандық болмайды.

«Егер мен, социал-демократ ретінде, буржуазиялық партиялармен одақ жасасатын болсам, онда социал-демократтар емес, буржуазиялық партиялар ұтып шығады, ал біз ұтылып шығамыз деп 1-ге қарсы 1000 қойып бәстесуге болады. Оңшылдар мен солшылдар одақтасқан жердің бәрінде де солшылдардың ұтылып, оңшылдардың ұтатыны — *саяси заң...*

Егер мен *принцип жағынан* маған жау партиямен саяси одақ жасасатын болсам, онда мен қажетіне қарай өз тактикамды, яғни өзімнің күрес тәсілдерімді сол одақты бұзбайтындай етіп бейімдеуге тиіс боламын. Онда мен аяусыз сынай алмаймын, принципті түрде күресе алмаймын, өйткені олай етсем, өз одақтастарымды іліп кетемін; мен үндемеуге, көп нәрсені жасыруға мәжбүр боламын, ақтауға болмайтын нәрсені ақтауға, бүркеуге болмайтын нәрсені бүркеуге мәжбүр боламын».

Оппортунизмнің оппортунизм болатын себебінің өзі: ол қозғалыстың *түбегейлі* мүдделерін мүлдем тайыз, үстірт есепке негізделген бір сәттік олжаға немесе мүттәйім үмітке құрбан етеді. Франк Магдебургтегі сөзінде: Бадендегі министрлер «бізді, социал-демократтарды, бірлесіп жұмыс істеуге тартқылары келеді!» — деп лепіре сөйледі.

Біз революция кезінде әр түрлі кадеттік перспективалармен талай рет әуестенген біздің оппортунистерге жоғарыға емес, төменге қарау керек деген болатынбыз. Бебель Магдебургте сөйлеген өзінің қорытынды сөзінде, Франктерді көре отырып, былай деді: «Өздерінің сенім білдіруі арқылы үкіметті қолдайтын социал-демократтардың бар екендігі бұқараға түсініксіз, өйткені бұқараның өзі бәрінен де гөрі сол үкіметті құртқысы келеді. Біздің көсемдеріміздің бір бөлегі бұқараның қасіреті мен қайғысын түсінуден қалды *(қызу мақұлдау)*, оларға бұқараның жағдайы жат нәрсе деген пікір менің ойыма жиі оралып жүр». Ал «Германияның барлық жерлерінде бұқара ішінде ашу-ызаның орасан мол қоры жиналды».

«Біз әсіресе шірік компромистерді көтермейтін уақытты бастан кешіріп отырмыз,— деді Бебель өз созінің басқа бір жерінде.— Тап қайшылықтары бәсеңдемей, қайта шиеленісіп барады. Біз өте-мөте күрделі уақытқа жақындап келеміз. Алдағы сайлаудан кейін не болады? Күте тұрсақ, көрерміз. Егер істің барысы 1912 жылы европалық соғыс болатын жағдайға жетсе, онда бізге нені бастан кешіруге тура келетінін, бізге қандай орында тұруға тура келетінін сіздер көресіздер. Сірә, қазіргі бадендіктер тұрған орында бола қоймаспыз».

Кейбіреулер Германияда үйреншікті болып кеткен жағдайға тоқмейілсіп жүрген кезде, Бебель өзінің барлық назарын алдағы уақытта сөзсіз болғалы тұрған өзгеріске аударады және партияның да соған назар аударуына кеңес береді. «Осы уақытқа дейінгі біздің бастан кешіргендеріміздің бәрі алғы шептегі қақтығыстар, ұсақ-түйек нәрселер»,— деді Бебель қорытынды сөзінде. Басты күрес алда тұр. Ал оппортунистердің бүкіл тактикасы осы басты күрес тұрғысынан қарағанда тұрлаусыздық пен тайыздықтың ең шегі болып табылады.

Алдағы күрес туралы айтқан кезде Бебель емеурін танытумен ғана шектеледі. Германияда революция жақындап келеді деп ол бірде-бір рет тура айтқан емес, бірақ оның ойы, сөзсіз, мынадай,— қайшылықтың ушығып келе жатқандығы, Пруссиядағы реформаның қиындығы, үкімет пен билеуші таптар жағдайының тұйыққа тірелуі, бұқараның ашу-ызасының ұлғаюы, европалық соғыстың қаупі, қымбатшылықтың салдарынан экономикалық езгінің күшеюі, капиталистердің трестер мен картельдерге бірігуі, т. т. және т. с. жөніндегі барлық ескертіп айтқандары,—осының бәрі партия мен бұқараға революциялық күрестің сөзсіз болатындығын түсіндіруге анық саяды.

Бебель неге мұнша сақ, неге ол бір ғана жетекші ескертулермен тынады? Мұның себебі: Германиядағы өсіп келе жатқан революция өзінше бір ерекше саяси жағдайға кездескелі отыр, бұл жағдай басқа елдердегі революция алдындағы басқа дәуірлерге ұқсамайды, сондықтан бұл жағдай пролетариаттың көсемдерінен кейбір *жаңа* міндетті шешуді талап етеді. Бұл революция алдындағы өзгеше жағдайдың басты ерекшелігі мынада: болашақ революция барлық бұрынғы революцияларға қарағанда сөзсіз неғұрлым терең, неғұрлым маңызды болуға, қалың бұқараны неғұрлым барынша қиын, табанды, ұзаққа созылатын күреске тартатын революция болуға тиіс. Ал сонымен қатар революция алдындағы бұл жағдай *заңдылықтың,* бұл заңдылықты кім енгізсе, соның жолында көлденең тұрған заңдылықтың барынша (бұрынғымен салыстырғанда) көбірек үстемдік етуімен ерекше көзге түседі. Жағдайдың ерекшелігі, міне, осында, міндеттің қиындығы мен соңылығы, міне, осында.

Тарихтың тәлкегі мынаған соқтырды: XIX ғасырдың бүкіл 2-жартысында ең мықты мемлекет құрып, анағұрлым қарышты капиталистік прогрестің жағдайларын және ең берік конституциялық заңдылықтың жағдайларын нығайтқан Германияның үстем таптары енді бұл заңдылықты, *олардың* заңдылығын қиратуға *тура келетін,* буржуазияның үстемдігін сақтап қалу үшін қи-

ратуға тура келетін жағдайға анық жақындап келе жатыр.

Герман социал-демократиялық жұмысшы партиясы жарты ғасыр шамасы бойына буржуазиялық заңдылықты үлгілі түрде пайдаланды, ең жақсы пролетарлық ұйымдар, тамаша баспасөз құрды, социалистік пролетарлық авангардтың саналылығы мен ұйымшылдығын ең жоғары (капитализм тұсында мүмкін болатын) дәрежеге көтерді.

Енді Германия тарихының бұл жарты ғасырлық кезеңі объективті себептердің әсерінен басқа кезеңге ауысуға *тиісті* болатын мезгіл жақындап келеді. Буржуазия жасаған заңдылықты пайдалану заманы асқан ұлы революциялық шайқастар заманымен *ауысады*, ал бұл шайқастар *істің шын мәнісінде бүкіл* буржуазиялық заңдылықтың, *бүкіл* буржуазиялық құрылыстың талқандалуы болады, *ал формасы жағынан* буржуазияның өзі жасаған және енді өзі үшін төзгісіз нәрсеге айналған заңдылықтан құтылу жолында әбігерленіп күшенуінен басталуға тиіс (және басталады да)! «Бірінші болып атыңдар, буржуа мырзалар!» — осы сөздер арқылы Энгельс 1894 жылы революцияшыл пролетариат жағдайының ерекшелігі мен тактикалық міндеттерінің ерекшелігін білдірген болатын[17].

Өзінің алдында ажалы жақындаған буржуазиялық қоғамның заңдылық атаулысының бәрін қирататын революциялық бұқаралық күрес тұрғанын және сөзсіз тұратындығын социалистік пролетариат бір сәт те есінен шығармайды. Ал сонымен бірге буржуазияның жарты ғасырлық заңдылығын буржуазияға *қарсы* тамаша пайдаланған партияның мыналардан бас тартуға: *жаудың* өзі жасаған заңдылығына өзі *шатасып*, «бірінші болып атуға» мәжбүр болуынан, өз заңдылығын өзі қиратуға мәжбүр болуынан туатын күрестегі қолайлы жағдайлардан, шайқастағы ұтымды сәттерден бас тартуға ешқандай негізі жоқ.

Қазіргі Германиядағы революция алдындағы жағдайдың ерекшелігі, міне, осында. Бар назарын алдағы ұлы күреске бағыттаған, өзінің алып талантының, өз тәжірибесінің, өз беделінің бүкіл күшін бұл күресті

түсінбейтін, оған көсем болуға жарамайтын, революция кезінде, бәлкім, *көсемдерден жетекте жүрушіге* айналуына тура келетін, әйтпесе тіпті қатардан да шығып қалатын өресіз және тұрлаусыз оппортунистерге қарсы шүйілдірген қарт Бебельдің соншалық сақ болатыны, міне, осыдан.

Магдебургте осы көсемдермен дауласты, оларды айыптады, революциялық ұлы армияда жинақталған сепімсіздердің, дәрменсіздердің, буржуазиялық заңдылықпен уланған, осы заңдылықтың алдында, құл иеленушілік дәуірінің, яғни буржуазия үстемдік еткен дәуірлердің *бірінің* бүкіл өресіздігі алдында бас иіп, құрдай жорғалаудан топастанғандардың өкілдері ретінде оларға ресми ультиматум қойды. Оппортунистерді айыптау арқылы, оларды шығарып тастаймыз деп қорқыту арқылы герман пролетариаты өзінің қуатты ұйымындағы тоқыраудың, жасықтықтың, күйректіктің, күні санаулы буржуазиялық қоғамның психологиясынан қол үзе алмаушылықтың барлық элементтерін айыптады. Өз ортасындағы нашар революционерлерді айыптау арқылы алдыңғы қатарлы тап әлеуметтік революция жолына түсер алдында өз күштеріне соңғы байқаулардың бірін жасады.

* *
*

Бүкіл дүние жүзіндегі барлық революцияшыл социал-демократтардың назары герман жұмысшыларының күреске қалай әзірленіп жатқанына, күрес үшін кезеңді қалай белгілеп, жауды қалай мұқият қадағалап отырғанына, өздерін оппортунизмнің әлсіздіктерінен қалай *тазартып* жатқанына аударылып отырған кезде,— бүкіл дүние жүзінің оппортунистері қазіргі кезеңге баға беру жөнінде, орыс революциясындағы 9 январь тәрізді бетбұрыс кезеңдердің бірі қазір бола ма *әлде әзірше қазір болмай ма,* дәл осы сәтте бола ма *әлде келесі сәтте* бола ма деген мәселе жөнінде Люксембург пен Каутскийдің арасындағы алауыздықты табалап жатты. Оппортунистер табалап жатты, осы маңдай алды маңызы жоқ алауыздықтарды «Социалисти-

ческий Ежемесячниктің» беттерінде де, «Голос Социал-Демократада» да (Мартынов), «Жизньде» де, «Возрождениеде»[18] де және т. б. жойымпаздық органдарда да, «Neue Zeit»[19]-те де (Мартов)* қоздыруға тырысып бақты. Барлық елдер оппортунистерінің бұл тәсілдерінің түкке тұрмайтындығы Магдебургте байқалды, мұнда Германияның революцияшыл социал-демократтарының арасындағы алауыздықтар ешқандай елеулі роль атқарған жоқ. Оппортунистер ертерек табалай бастады. Магдебург съезі *Роза Люксембург* ұсынған қарардың бірінші бөлімін *қабылдады*, онда бұқаралық стачка — күрес құралы деп тікелей көрсетілген.

«Социал-Демократ» № 18,
16 (29) ноябрь, 1910 ж.

«Социал-Демократ» газетінің
тексті бойынша басылып отыр

---

* «Neue Zeit»-те Карский жолдас Мартовқа батыл тойтарыс берген болатын.

Л. Н. ТОЛСТОЙ

Лев Толстой қайтыс болды. Оның суреткер ретіндегі дүние жүзілік маңызы, оның ойшыл және уағызшы ретінде дүние жүзіне әйгілі болуы, осының екеуі де, өзінше, орыс революциясының дүние жүзілік маңызын көрсетеді.

Л. Н. Толстой крепостниктік право тұсында-ақ ұлы суреткер ретінде көрінді. Өзінің жарты ғасырдан астам уақыт ішіндегі әдеби қызметі кезінде жазған бірқатар данышпандық шығармаларында ол көбіне революцияға дейінгі, 1861 жылдан кейін де жартылай крепостниктік болып қала берген ескі Россияны, деревнялық Россияны, помещик пен шаруа Россиясын суреттеді. Россияның тарихи өміріндегі осы кезеңді суреттей отырып, Л. Толстойдың өз еңбектерінде талай-талай келелі мәселелерді алға қоя білгендігі, көркемдік шабыттың шыңына көтеріле білгендігі соншалық, оның шығармалары дүние жүзілік көркем әдебиетте ең алдыңғы орындардың біріне ие болды. Крепостниктер жаныштаған елдердің бірінде революцияны әзірлеу дәуірі, Толстойдың данышпандық бейнелеуі арқасында, бүкіл адамзаттың көркемдік дамуында бір адым ілгері басқандық болды.

Суреткер-Толстойды тіпті Россияның өзінде тым аз ғана адамдар біледі. Оның ұлы шығармаларын шын мәнісінде *баршаның* игілігі ету үшін күресу керек, күрескенде, миллиондаған және он миллиондаған адамдарды қараңғылықта, езгіде, каторгалық еңбек пен

қайыршылықта ұстап келген қоғамдық құрылысқа қарсы күресу керек, социалистік төңкеріс керек.

Ал Толстой бұқара помещиктер мен капиталистердің езгісін құлатып, өздерінің адамша өмір сүруіне жағдай жасаған кезде әрдайым жоғары бағалап, сүйіп оқитын көркем шығармалар беріп қана қойған жоқ,— ол қазіргі тәртіп езгіге салған қалың бұқараның пиғылын асқан шеберлікпен көрсете білді, олардың жағдайын шеберлікпен суреттеп, олардың наразылық пен ашу-ызадан туған стихиялы сезімін өте тамаша бейнелей білді. Көбінесе 1861—1904 жылдар дәуірінің суреткері болған Толстой өз шығармаларында бүкіл бірінші орыс революциясының тарихи жағынан алғанда ерекше белгілерін, оның күші мен әлсіздігін — суреткер ретінде де, ойшыл және уағызшы ретінде де — адам таңқаларлықтай айқын бейнеледі.

Біздің революцияның басты ерекше белгілерінің бірі мынада: мұның өзі капитализмнің бүкіл дүние жүзінде мейлінше жоғары дамыған, Россияда біршама жоғары дамыған дәуіріндегі *шаруалардың* буржуазиялық революциясы болды. Бұл буржуазиялық революция болды, өйткені бұл революцияның тікелей міндеті буржуазияның үстемдігін құлату емес, патша самодержавиесін, патша монархиясын құлату және помещиктік жер иелігін күйрету еді. Әсіресе шаруалар буржуазияның үстемдігін құлату міндетін ұғынбады, күрестің таяудағы, тікелей міндеттерінен бұл міндеттің айырмашылығын ұғынбады. Сондықтан бұл шаруалардың буржуазиялық революциясы болды, өйткені объективтік жағдайлар шаруалардың түбегейлі өмір жағдайларын өзгерту жөніндегі, ескі орта ғасырлық жер иеленуді қирату жөніндегі, капитализм үшін «жер аршу» жөніндегі мәселені бірінші кезекке қойды, объективтік жағдайлар шаруалар бұқарасын азды-көпті дербес тарихи қимыл майданына шығарды.

Толстойдың шығармаларында атап айтқанда шаруалардың бұқаралық қозғалысының күші мен әлсіздігі де, құдіреті мен өресіздігі де бейнеленді. Оның мемлекет пен полициялық-қазыналық шіркеуге қарсы жалынды, ытты, көбінесе мейрімсіз-қатаң наразылығы

қарапайым шаруалар демократиясының пиғылын — крепостниктік правоның, чиновниктік озбырлық пен тонаудың, шіркеулік иезуитизмнің, алдап-арбау мен қулық-сұмдықтың заманында кеудесін орасан зор ыза мен кек кернеген шаруалар демократиясының пиғылын білдіреді. Оның жерге жеке меншікті қажымай-талмай теріске шығаруы мынадай тарихи кезеңдегі: ескі орта ғасырлық жер иелену, помещиктік жер иелену де, қазыналық-«үлесті» жер иелену де, елдің бұдан былайғы дамуына мүлде төзуге болмайтын кедергіге айналған кездегі және осы ескі жер иеленуді мейлінше шұғыл, аяусыз қирату керек болған кездегі шаруалар бұқарасының психологиясын білдіреді. Оның капитализмді барынша терең сезіммен, барынша жалын атқан ашу-ызамен, үздіксіз әшкерелеуі өзіне әлде қайдағы қаладан немесе әлде қайдағы шетелден төніп келе жатқан, деревня тұрмысының барлық «тіректерін» қирататын, адам айтқысыз күйзелісті, қайыршылықты, аштық ажалды, тағылықты, жезөкшелікті, мерезді — «бастапқы қорлану заманындағы» барлық апаттарды, Купон мырза[20] ойлап шығарған ең жаңа тонау тәсілдерін орыс топырағына көшіру салдарынан жүз есе асқына түскен апаттарды әкеле жатқан, көзге көрінбейтін, түсініксіз, жаңа дұшпаннан патриархтық шаруаның бүкіл қорқынышын бейнелейді.

Бірақ қызу қарсылық білдіруші, жалынды айыптаушы, ұлы сыншы сонымен қатар өз шығармаларында Россияға төнген дағдарыстың себептерін және дағдарыстан шығудың жолдарын түсінбейтінін көрсетті; ал мұндай түсінбеушілік — европалық білімді жазушыға емес, тек патриархтық, аңғал шаруаға ғана тән қасиет. Толстойдың крепостниктік және полициялық мемлекетке қарсы, монархияға қарсы күресі саясатты мойындамаушылыққа айналды, мұның өзі «зорлыққа қарсыласпау» туралы ілімнің тууына әкеп соқты, бұқараның 1905—1907 жылдардағы революциялық күресінен толық шеттеп қалуға соқтырды. Қазыналық шіркеуге қарсы күрес жаңа, тазартылған дінді, яғни езілген бұқараға арналған жаңа, тазартылған, жымысқы уды уағыздаумен ұштасып жатты. Жерге жеке мен-

шікті теріске шығару бүкіл күрестің күшін шын дұшпанға қарсы, помещиктік жер иелігіне қарсы және оның саяси құралы өкіметке, яғни монархияға қарсы бағыттамай, қиялдағы, тұрлаусыз, дәрменсіз күрсіністерге әкеп соқты. Капитализмді және оның бұқараға келтіріп отырған зардаптарын әшкерелеу халықаралық социалистік пролетариат жүргізіп отырған бүкіл дүние жүзілік азаттық күресіне мүлде епжар қараушылықпен ұштасып жатты.

Толстойдың көзқарастарындағы қайшылықтар оның өз пікірінің ғана қайшылықтары емес, реформадан *кейінгі,* бірақ революцияға *дейінгі* замандағы орыс қоғамының әр алуан таптары мен әр алуан топтарының психологиясын белгілеген мейлінше күрделі, қарама-қайшы жағдайлардың, әлеуметтік ықпалдардың, тарихи дәстүрлердің көрінісі.

Сондықтан да осы қайшылықтарды тұңғыш шешу кезінде, революция кезінде өзінің саяси ролі мен күресі арқылы халықтың бостандығы жолындағы және бұқараны қанаудан азат ету жолындағы күресте өзінің көсем болуға лайық екенін дәлелдеген,— демократия ісіне өзінің адал берілгендігін және буржуазиялық демократияның (соның ішінде шаруалар демократиясының да) өресіздігі мен дәйексіздігіне қарсы күресе алатынын дәлелдеген таптың көзқарасы тұрғысынан қарағанда ғана,— социал-демократиялық пролетариаттың көзқарасы тұрғысынан қарағанда ғана Толстойға дұрыс баға беруге болады.

Үкімет газеттерінің Толстойға берген бағасына қарап көріңіздерші. Олар өздерінің «ұлы жазушыны» құрметтейтініне сендірмек болып көз жасын көл етеді және сонымен қатар «қасиетті» синодты қорғайды. Ал қасиетті ағзамдар Толстой «тәубеге келді» деп халықты алдау үшін хал үстінде жатқанда оған поптарын жіберіп, өте-мөте жексұрын пасықтық жасады. Қасиетті синод Толстойды шіркеуден аластады. Сөйткенінің өзі жақсы. Еврей ойрандарын және қаражүздік патша шайкасының басқа да есерліктерін қолдап келген сәнді желек жамылған чиновниктерді, Христ атын жамылған жандармдарды, қаранием инквизиторларды халық

жазалайтын күн туғанда бұл есерліктің есесі қайтарылатын болады.

Толстойға либералдық газеттердің берген бағасына қарап көріңіздерші. Олар «цивилизациялы адамзаттың үні» туралы, «дүние жүзінің бірауызды пікірі» туралы, «шындықтың, жақсылықтың идеялары», т. т. туралы жаттанды-либералдық, езбе-профессорлық бос сөздер айтумен тынады; ал Толстой буржуазиялық ғылымды нақ осылары үшін өлтіре түйреген болатын—және әділ түйреген еді. Олар Толстойдың мемлекетке, шіркеуге, жерге жеке меншікке, капитализмге көзқарастары жөніндегі өз бағасын тура және айқын айта *алмайды,*— оның себебі цензураның бөгет болып отырғандығынан емес; керісінше, цензура олардың қиын жағдайдан шығуына көмектесіп отыр!— оның себебі Толстойдың сынындағы әрбір қағида буржуазиялық либерализмнің бетіне тиген соққы болып табылады;— оның себебі біздің заманымыздың ең көкейтесті, ең қарғыс атқан мәселелерін Толстойдың еш сескенбей, ашықтан-ашық, аяусыз-қатал *алға қоюының* бір өзі-ақ біздің либералдық (және либералдық-халықшылдық) публицистиканың жаттанды жел сөздерін, үйреншікті бұлаңқұйрығын, жалтармалы, «цивилизациялы» өтіріктерін *өлтіре әшкерелейді.* Либералдар Толстойды жанын сала жақтайды, синодқа жанын сала қарсы шығады, ал сонымен қатар олар вехишілдерді[21]... жақтайды; вехишілдермен «дауласуға болады», бірақ олармен бір партияда жымдасып тұру «керек», әдебиетте және саясатта бірлесіп жұмыс істеу «керек» дейді. Ал вехишілдерді Антоний Волынский аймалап отыр.

Либералдар Толстой — «ұлы ар-намысымыз» дегенді бірінші орынға қояды. Мұның өзі «Новое Время»[22] да, сол сияқтылардың бәрі де мың құбылта қайталап жүрген бос сөз емес пе? Мұның өзі демократия мен социализмнің Толстой *алға қойған нақты* мәселелерін орағытып өту емес пе? Мұның өзі Толстойдың парасаты емес, соқыр сенімі бейнелейтін нәрсені, оның бойындағы болашаққа емес, өткендегіге тән нәрсені, оның таптық үстемдік атаулыға қарсы қайнаған наразылығына емес, саясатты мойындамауына және адамгершілікті өздігі-

нен жетілдіру жөніндегі уағызына тән нәрсені бірінші орынға қойғандық емес пе?

Толстой қайтыс болды, сөйтіп осалдығы мен дәрменсіздігі данышпан суреткердің философиясынан көрінген, оның шығармаларында суреттелген революцияға дейінгі Россия келмеске кетті. Бірақ оның мұрасында келмеске кетпеген, болашаққа тән нәрселер бар. Бұл мұраға Россия пролетариаты ие болады және бұл мұраны игеру жолында жұмыс істейді. Россия пролетариаты еңбекшілер мен қаналғандар бұқарасына Толстойдың мемлекет, шіркеу, жерге жеке меншік жөніндегі сынының маңызын түсіндіреді,— түсіндіргенде, бұқараның өзін өзі жетілдірумен ғана және жақсы өмірді көксеумен ғана шектелуі үшін емес, 1905 жылы жеңіл-желпі сағы сындырылған және жойылуға тиісті патша монархиясы мен помещиктік жер иелігіне бұқараның жаңа соққы беруге көтерілуі үшін түсіндіреді. Россия пролетариаты бұқараға Толстойдың капитализм жөніндегі сынын түсіндіреді,— түсіндіргенде, бұқараның капитал мен ақша өктемдігіне лағынет айтумен ғана шектелуі үшін емес, өз өмірі мен өз күресінің әрбір адымында капитализмнің техникалық және әлеуметтік табыстарына сүйенуді бұқараның үйренуі үшін, капитализмді құлататын және халықтың қайыршылығы жоқ, адамды адамның қанауы жоқ жаңа қоғам құратын социалистік күрескерлердің миллиондаған біртұтас армиясына топтасуды бұқараның үйренуі үшін түсіндіреді.

«Социал-Демократ» № 18,
16 (29) ноябрь, 1910 ж.

«Социал-Демократ» газетінің
тексті бойынша басылып отыр

БАРЛЫҚ ПАРТИЯЛЫҚ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРҒА АШЫҚ ХАТ

1910 жылы Орталық Комитеттің январь пленумында[23] біз, большевиктік фракцияның өкілдері ретінде, өз фракциямызды таратып, оның ақшасы мен басқа да мүлкін халықаралық социал-демократияның белгілі үш қайраткеріне тапсырдық. Бұл тапсырудың өзі, фракцияны тарату сияқты, *шартты* қадамдар еді. Бұл қадамдарды қандай шарттармен істегендігіміз біздің сол пленумның өзінде жасаған мәлімдемемізден, пленум қабылдаған және Орталық Органның пленумнан кейін шыққан бірінші номерінде жарияланған мәлімдемеден белгілі.

Қысқасын айтқанда, бұл шарттар мынаған саятын еді: басқа фракциялар (және ең алдымен *голосшылдардың,* яғни *«Голос Социал-Демократаны»* шығарып, қолдап отырған меньшевиктердің фракциясы) өз борышын *адал,* яғни кіршіксіз және ақырына дейін орындаулары керек, атап айтқанда (1) пленумның бірауыздан қабылданған қарарында пролетариатқа буржуазиялық ықпалдың көрінісі деп танылған жойымпаздық пен шақырымпаздыққа[24] қарсы күресулері керек және (2) өз фракцияларын таратулары керек.

Қазіргі уақытта, *бір жылдық* тәжірибеден кейін, бір жыл күткеннен кейін, голосшылдардың да, впередшілдердің де[25] бұл шарттардың *ешқайсысын орындамағандығына* біздің әбден, біржолата көзіміз жетті.

Мұндай пікірдің нәтижесі, біздің тарапымыздан, мынау болды: 1-ден, *«Рабочая Газета»*[26] шығарылды,

2-ден, ақша мен мүлікті қайтару туралы арыз берілді, бұл арызды біз таяуда, 1910 жылғы 5 декабрьде, Орталық Комитетке бердік.

Осы арыздан кейін формальды және мәні жағынан алғанда істің жайы былай болып отыр. Біз бар мүлкіміз бен бар күшімізді *шартты түрде* партияны және оның толық бірлігін қалпына келтіру үшін жойымпаздыққа қарсы және шақырымпаздыққа қарсы жүргізілетін жұмысты қолдауға бердік. Голосшылдар мен впередшілдердің өздері қабылдаған шарттарды орындамауы біздің келісімімізді бұзады. Жойымпаздар мен шақырымпаздар орындамаған осы шартты бұза отырып, біз *бұрынғысынша* партияны және оның толық бірлігін қалпына келтіру жолында, жойымпаздық пен шақырымпаздыққа қарсы бағытты жүргізу жолында жұмыс істей береміз, бірақ біз бұл жұмысты пленумда партияның орталық орындарына қатысуға (олардың уәделеріне сенгендіктен) рұқсат етілген одақтастардан *бөлек* жүргізуге тиіспіз. Баршаның мойындауы бойынша және ұлттық ұйымдар делегаттарының әлденеше рет жасаған мәлімдемелері бойынша, пленумда және партияның басқа да жиналыстарында, конференцияларында, т. т. нақ біздің фракция, большевиктік фракция, әрдайым партия ішіндегі істердің жайына *неғұрлым жауапты* фракция деп танылып келді, сондықтан біз партия ішіндегі істің жайы жөнінде және өзіміз жасаған қадамдардың маңызы жөнінде өз көзқарасымызды ашық баяндауды өз борышымыз деп есептейміз.

Партиямыздың тарихында 1910 жылғы январь пленумының маңызы өте зор болды. Ол партияның контрреволюция дәуіріндегі *тактикалық бағытын* түпкілікті белгілеп берді, 1908 жылғы декабрь қарарларын[27] *дамыта* келіп, жойымпаздық та, шақырымпаздық та пролетариатқа буржуазия ықпалының көрінісі деп қаулы алды. Онан соң, пленум партиямыздың ішіндегі фракцияларды жою туралы,— яғни социал-демократия-

лық жұмысшы партиясының *нағыз* бірлігін жасау қажеттігі туралы — мәселені партияның қазіргі тарихи кезеңдегі идеялық-саяси міндеттерін белгілеумен *байланыстыра алға қойды.*

1910 жылғы январьдағы пленум істеген осы екі жұмыстың, біздің пікірімізше, *тарихи* маңызы бар, ал бұлардың нәтижелері сырттай бақылаушыға көрінетініненен гөрі анағұрлым маңызды, анағұрлым өміршең, анағұрлым берік.

Бірақ бұл нәтижелер айналасып шырмап алған *бос сөздің* салдарынан қатты бүлініп отыр. Социал-демократияның рухына *бос сөзден* жат және одан зиянды еш нәрсе жоқ. Ал «ымырашылдық» *бос сөз* зияндылығы және жұртты шатастыруы жағынан шақырымпаздық және жойымпаздық бос сөзден кем соқпайды. Бұл «ымырашылдық» бос сөз істің *мәніне* нұқсан келтіреді, партиядағы нақты тенденциялар мен күштердің нақты ара салмағын есепке алудың орнына күрсіністер мен мүләйім тілектерді қояды, қазір бірігуді қаламайтын және қазір біріге алмайтын адамдарды *біріктіруге ұмтылғансып,* жақындастыруға болатын және жақындастырылуға тиістілерді *жақындастыруға* зиян келтіреді.

Январь пленумынан кейінгі өткен бір жылдың ішінде бұл бос сөз өзін өзі адақтап, өз нәтижелерін көрсетті. Егер «ымыраластыру» және фракцияларды жою ісін бұлайша қолға алу жөн *емес* екенін партия қазір *үйренетін* болса, «ымырашылдық» бос сөз қаһармандарының күйініште тәжірибесі арқылы үйренетін болса, онда пленумнан кейінгі өткен бір жыл бекер кетпеген болып шығады.

Бос сөз: фракцияларды жою туралы «уәделерді» жинау жеткілікті, тіпті әр алуан элементтерден орталық мекемелерді құрастыру жеткілікті, қарама-қарсы элементтерді «теңестіру» жеткілікті,— сонда фракцияларды жою жөнінде елеулі адым жасалатын болады дегенге келіп тірелетін еді.

Бос сөзді жақтаушылардың әдісі толық күйрегенін бір жылдық тәжірибе көрсетіп берді, көрсетпеуі мүмкін емес те еді. «Уәделерді» еш нәрсеге негіз етуге болмай-

ды, әртектес және біріктпес элементтерді біріктіруге әлденені негіздеу ерсі болады. Пленумның шешімдері мен шараларында *бос сөзге* негізделген нәрсенің бәрі де келесі күні-ақ сабынның көбігі болып шықты. Шешімдер де, қарарлар да, жасанды түрде құрастырылған мекемелер де *іс жүзінде* өлі өріп, өлі мекемелер болып шықты. Ал пленумның істеріндегі *нақты* нәрселер дамып, нығайды, өзін жұмыс үстінде көрсетті, өзіне қарарлардан *тыс*, олардан *бөлек* өмір сүрудің жаңа формаларын тапты.

Пленумнан кейінгі бір жыл ішінде болған оқиғалардың осы сабағынан айқын, бұдан ғибратты басқа бір сабақты ойлап табу қиын; мұның өзі бос сөзбен, пәтуасыз мүләйім тілектермен, мекемелерде орын бөлістіру ойынымен және т. т. әуестенген адамдарға сабақ болды.

Ал пленумның істеріндегі нақты нәрсе қайсы еді? Партиялық жұмыстың идеялық-саяси *мазмұны* мен фракцияларды жоюдың арасындағы *байланысты* көрсету нақтылы болған еді. Арзан ымырашылдық бос сөздің негізінде емес, уәделер мен емексітулердің негізінде емес, орталықта орын бөлістіру ойынының негізінде емес, *жұмыс үстінде* үйлескен, қазіргі кезеңдегі идеялық-саяси міндеттерді *түсіну жағынан* үйлескен, *іс жүзінде* бұл міндеттерді алға қойып, бұларды шешу жөнінде үйлескен фракциялардың немесе ағымдардың *жақындасуы* нақтылы болған еді.

Алауыздықтардың объективтік негізін де, белгілі әдеби топтардың (Потресов мырза мен К° тобы немесе махистік және шақырымпаздық әдебиетшілердің тобы сияқтылардың[28]) партияға тәуелсіздігін *іс жүзінде* қамтамасыз еткен *нақтылы* жағдайды да түсінбейтін адамдар фракцияларды жою туралы көпірме, арзан сөздерді айтып жүргенде, сол кезге дейін бос сөздер кеуек, дәрменсіз бос сөздер күйінде қалып отырды. Ал революция кезінде жұмысшы қозғалысының *бүкіл* тарихына, тіпті ол ол ма: Россиядағы революцияның *бүкіл* тарихына әсерін тигізген негізгі және басты екі фракцияда, объективті жағдайлардың өзгеруі салдарынан, *жұмыс үстінде* жақындасу, осы объективті жағ-

дайларды *түсіну* жағынан жақындасу өріс ала бастаған кезден бастап,— бұл жақындасуды болдырмай тастағысы келетін немесе бұған сенімсіздік туғызғысы келетін әзәзілдердің күш салуының ешқайсысы басталған процесті тоқтата алмайды.

Партияда пленумнан кейін туған іс жүзіндегі жағдай өткен жыл ішінде толық айқындалды. Факт мынадай: голосшылдар мен впередшілдер жойымпаздық пен шақырымпаздыққа қарсы күресу туралы қарарларға *қол қойды,* ал іс жүзінде өздерінің *бүкіл* насихаты мен үгітін, өздерінің *бүкіл* практикалық жұмысын нақ жойымпаздық пен шақырымпаздықты қолдап, қорғау мағынасында жүргізіп келді, жүргізіп те отыр.

Бұл факт қағаз жүзіндегі қарарлармен қанағаттанатын саясаттың қаншалықты негізсіз екенін, істен алшақ бос сөздің қаншалықты зиянды екенін көруге көзі барларға көрсетіп отыр.

Онан соң. Факт мынадай: голосшылдар да, впередшілдер де өздерінің фракциялық дербестігін *бір сәтке де* тоқтатқан емес. Өз кассалары, өз органдары, өз агентуралары бар осы екі фракция бұрынғыша партияға іс жүзінде толық *тәуелсіз* өмір сүріп келеді. Шақырымпаздардың фракциялық ұйымының формасы—шетелдік деп аталатын «мектеп» (іс жүзінде бұл — үнемі агентура іріктеп алып отыруға және партиядан тыс, партияға қарсы ұйымдық жұмысты жоспарлы түрде жүргізуге арналған мекеме)[29]. «Мектепке» қоса жеке баспасы мен транспорты бар. Голосшылдардың фракциялық ұйымы неғұрлым *lose* (неғұрлым «еркін», қалыптасуы кемірек), оның бер жағында партияға мүлде тәуелсіз Потресов мырза мен К° тобы, 16-ның тобы, Михаил, Роман, Юрий және К° тобы[30] басты роль атқарады. Голосшылдар бұл топтарға мейлінше белсене қатысып, өздерінің бүкіл үгіт-насихат және ұйымдастыру жұмысын партияға қарсы жүргізіп отыр, сонымен қатар партия орталықтарының үнемі маңызын кетіріп, оларды іштен іріту үшін партия орталықтарына қатысудан да бас тартпайды.

Істің мұндай жағдайының неге апарып соғатынын әрбір партиялық социал-демократ көрмей отыра алмайды.

Әдебиет саласында — бір жылдық тәжірибе мынаны көрсетті: Орталық Органның жұмысын *іс жүзінде* большевиктер *плюс* плехановшылдар[31] редакцияда мәжіліс құрушы голосшылдарға *қарсы* жүргізіп келеді. Өмір ымырашылдық бос сөз арқылы жасалған шеңберден асып түсті: уәде жағынан «ымырашылдар», қызметі жағынан «ымырашылдар», жойымпаздық орталық орындардың тапсыруы бойынша отырған «ымырашылдар» түгелінен *жұмысқа нұқсан келтіретін* болып шықты. Ал пленумда ешқандай уәде бермеген, ешқандай қызмет қабылдамаған Плеханов пен оның пікірлестері *іс жүзінде* партиялық бағытты *жүргізушілер* болып шықты.

Форма мен мән арасындағы, бос сөз бен іс арасындағы, партиялық коллегия-сымақтың (Орталық Орган редакциясының) көрер көзге екіжүзді тіршілігі мен бұл коллегиядан тысқары Орталық Органдағы іс жүзіндегі жұмыстың арасындағы өрескел қайшылық партия өміріне орасан зор ірітки салады. Осы іріткіні тоқтату үшін, формальды партиялық мекемелерді партия дұшпандарының орынды мазағы мен масайрауын туғызатын рольге түсіре осылай кемітушілікті тоқтату үшін екіжүзділіктен қол үзіп, не болып отырғанын ашық айту керек, партиялық жұмысты *екі* фракцияның жүргізіп отырғанын ашық мойындау керек.

Шетелде бірігу жөнінде бір жыл ішінде мүлде еш нәрсе істелген жоқ. Бұрыннан-ақ жікке бөлінген жерлердің бәрінде де топтар сол жікке бөлінген күйінде қалып отыр. Жойымпаз-меньшевиктердің топтары ашықтан-ашық *«Голосты»* қолдаушы топтарға айналып кетті. Тек большевиктер мен плехановшылдар арасында ғана жақындасу білінді және *іс жүзінде* басталды. Социал-демократтардың шетелдегі жұмысын біріктіреді деген Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы[32] впередшілдердің де, голосшылдардың да мазағына айналды; олар партиялық орталықтың арандатушылық істерді басқаратын және ешкімге керексіз қағаз басты-

лықты жүргізетін коллегияның рөлін атқарып отырғанын айызы қана бақылайды, өте орынды табалайды.

Аса маңызды салада, атап айтқанда Россияның жер-жерлеріндегі ұйымдастыру жұмысында бір жыл ішінде партияның пайдасына мүлде еш нәрсе істелген жоқ. Пленумға берілген «уәделерге» сәйкес Михаилдарды, Романдарды, Юрийлерді *шақыруға* тиісті болған Орталық Комитет партияны мазақтап отырған және оған зиян тигізіп келе жатқан адамдарды партияға шақыру секілді игілікті және революционерге лайықты жұмыспен құлшына шұғылданып келді, бірақ *бір жыл ішінде* тіпті ешкімді «шақырып» үлгірмей-ақ қойды. Ал бұл уақыттың ішінде антипартиялық фракциялар өздерінің партияға қарсы ұйымдарын *күшейтті:* впередшілдердің агентурасы күшейді, фракциясы дамыды, Потресов мырзаның тобы және бірқатар клубтарда, кооперативтерде, т. т. партияға қарсы уағыз жүргізуді тоқтатпаған, Думадағы социал-демократиялық фракцияда партияға қарсы әзәзілдік істеуін тоқтатпаған басқа да жойымпаздық істер күшейді. Бұл уақыт ішінде жойымпаздарды «шақырумен» немесе голосшылдар мен впередшілдердің «бақастық» істері жөнінде *қағаз шимайлаумен* шұғылданған Орталық Комитеттің ролі тұп-тура қорлық роль болды, сондықтан біз партия дұшпандарының Орталық Комитетті мұндай рольге түсіруіне жол бермеуге тиістіміз.

Тек ойлау қабілеті мүлде жоқ немесе ұсақ әзәзілдікпен шұғылданғысы келетін адамдар ғана партия орталықтарының мұндай жағдайда қала беруі жойымпаздар мен шақырымпаздардың мерейін *сөзсіз* үстем ететіндігін әлі де *көрмей отыруы мүмкін;* ал жойымпаздар мен шақырымпаздар Орталық Комитеттің ымырашылдық бос сөзге, партиямен татуласуды қаламайтындармен ымыраға келу *ойынына* шырмалып қалғандығын және әлі де шырмалып отырғандығын айызы қана бақылап отыр.

Жойымпаздар мен шақырымпаздар ымырашылдық бос сөзді әбден тамаша жақсы түсінді және мұны партияға қарсы әбден шебер пайдаланды. Бұл бос сөздің сабазы, Троцкий, әбден табиғи түрде жойымпаздар мен

шақырымпаздардың сабазына және сенімді адвокатына айналып алды, ал Троцкий оларға теориялық жағынан *ешбір* қосылмайды, бірақ практикалық жағынан *бәріне де* қосылады.

Жойымпаздар да, впередшілдер де осы адвокаттың игі ниетті көмегі арқасында: біздер партияшылмыз деп қалағанынша қарғанып, ант-су ішу тактикасын әбден жақсы үйреніп алды. Мұны *«Голос»* та, *«Вперед»* тобының платформасы да қайталап отыр, *іс жүзінде* олар партияға бұрынғыша іріткі салып, бүкіл жұмысын антипартиялық рухта жүргізіп отыр. Формальды және сөз жүзіндегі «ымырашылдық» *«Голостағы»* жойымпаздар мен впередшілдердің құралына айналды.

Біз, большевиктік ағымның өкілдері ретінде, ақымақ етілгендердің бұл ролін атқара алмайтындығымыз түсінікті. Толық бір жыл күткеннен кейін, впередшілдердің, голосшылдардың және Троцкийдің антипартиялық әрекетін Орталық Органның бетінде түсіндіру үшін барлық мүмкіндікті істегеннен кейін біз жойымпаздарды «шақырумен» және впередшілдердің «істері жөнінде» қағаз шимайлаумен шұғылданып отырған мекемелер үшін партия алдындағы *жауапкерлікті өз мойнымызға ала алмаймыз.* Біздің кикілжіңмен күн өткізбей, жұмыс істегіміз келеді.

Біз партиялық рухта жұмыс істегісі келетіндермен және солай жұмыс істеуге қабілеттілігін іс жүзінде дәлелдегендермен, яғни ең алдымен партияшыл-меньшевиктермен және шынында фракцияшыл емес социал-демократтармен бірлесіп жұмыс істеуді қалаймыз. Партиямен бірлесіп жұмыс істегісі келмей, Потресов мырзамен және шақырымпаздармен бірге жұмыс істегісі келетін адамдармен арадағы кикілжің үшін біздің жауап бергіміз келмейді.

Россиядағы істің жайы мынадай: партияның шетелдік ұйымдарының қажырлы және ынтымақты жұмыс істеуі қатаң талап етіліп отыр. Контрреволюцияның үш жылдық кезеңдегі (1908—1910 жылдар) шабытты күндері, сірә, бітуге жақындап, оның орнына басталып отырған өрлеу кезеңі келсе керек. Үстіміздегі жылдың жазғы стачкалары да, Толстойдың қайтыс болуына

байланысты демонстрациялар да осыны айқын көрсетеді. Партияның Россиядағы ұйымдық жұмысы әбден әлсіретілген, ал впередшілдер мен голосшылдар орыс және шетел фракциялық орталықтарының көмегімен өздерінің антипартиялық жұмысын дамыта отырып, осы әлсіздікті барып тұрған арсыздықпен пайдаланып жүр.

Мұндай жағдайда осы фракциялық орталықтармен ымыраға келу ойынын одан әрі ойнай беру, олардың тәуелсіздігіне екіжүзділікпен көз жұма қарау, олардың саясатына қарсы бірлесіп күресу үшін нақ солардың өкілдерін «шақыру», олардың мүшелерін орталық орындарға алу арқылы оларды партия алдында бүркемелеу—өзіңді өзің амалсыз кикілжіңге киліктіру деген сөз. Мұның мәнісі шетелдік орталықтардың жұмысын *бөгеу* деген сөз, ал бұл орталықтар жұмысының онсыз да бөгеліп отырғандығы соншалық, бір жыл ішінде Россияда Орталық Комитеттің *бірде-бір* жиналысы болған жоқ, бірде-бір конференция шақырылған жоқ, мұны былай қойғанда тіпті партияның жергілікті қызметкерлерінің жеке кеңесін шақырудың да сәті түскен жоқ (ал шақырымпаздардың «мектебі» мен жойымпаздардың жария органдары әлденеше рет партияға қарсы әр алуан кеңестер, агенттердің, журнал тілшілерінің жиналыстарын, т. т. шақырып үлгірді).

Біз голосшылдармен ымыраласуды ермек етіп шатасқан орталықтар жұмысының осылайша *толық* тоқырап қалғандығы үшін жауапкершілікті өз мойнымыздан алып тастап, кеңестер, конференциялар, облыстық бюролар, партия әдебиетімен қатынасып отыратын топтар, т. т. ұйымдастыру үшін ортодокс большевиктерді, партиялық меньшевиктерді және фракцияшыл емес социал-демократтарды топтастыру жөнінде дербес, аса қажырлы жұмысты дереу бастауға тиіспіз. Бір ғана өзі *іс жүзінде* партияны тұйықтан шығара алатын және орталықты голосшылдарды «әлпештеуден» құтқара алатын осындай жұмысқа біз барлық партиялық социал-демократтарды шақырып та отырмыз.

Большевиктік фракцияның атынан-ақ, пленумға дейін, 1909 жылы көктемде, біз партиялық меньшевиктер-

мен *жақындасу* саясатын жарияладық, міне, содан бері, голосшылдардың «уәделеріне» нанбақ болған және оларды партияшылдар деп есептемек болған сәтсіз әрекетке *қарамастан,* бұл саясат орасан нәтиже берді. Впередтік уағызды емес және жойымпаздықты голосшылдардың қорғауын да емес, *партияның бағытын* шындап нығайту үшін, басты *екі* фракцияның негізгі ұйтқысын шындап жақындастыру үшін содан бері істелген жұмыстың бәрін біз голосшылдармен ымыраласу жөніндегі осы сәтсіз әрекеттерден *тыс* істедік. Сөйтіп, бұл әрекеттерді жүргізе беру жөніндегі жауапкерлікті өзімізден алғанда, біз *«Рабочая Газета»* арқылы да, жария әдебиет арқылы да, *«Рабочая Газеты»* жақтаушылар мен Плехановты жақтаушылар топтарының шетелдегі жұмысы арқылы да *жұмыс үстінде* бұдан да көбірек жақындаса түсеміз деп сенеміз.

Фракциялар және оларды жою туралы мәселені әбден айқын қойған, бұл мәселені осы фракциялардың өздерінің идеялық-саяси жолымен тұңғыш рет *байланыстырып* қойған, яғни тұңғыш рет бос емексітуді, формальды уәделерді, т. с. бос сөздерді емес, *жұмыс үстінде шын жақындасуды* көздеп, нақты негізде мәселе қойған пленумнан кейін,— осы пленумнан кейін және оның нәтижелерін бір жыл сынақтан өткізгеннен кейін енді гі жерде бұрынғыша екіжүзділікпен жасырынбақ ойнай беруге *болмайды.*

Ашық қимылдау керек. Болған нәрсені айтудан именбеу керек. Егер Орталық Комитет болған нәрсені партияға тура және ашық айтпақшы болса, осы жай мәлімдеменің өзі оның қолында орасан күшті құрал болады, қандай қарарлардан, тілектерден, айыптаулардан, аластаулардан және т. т. болса да жүз есе айбарлы құрал болады.

Болған нәрсені айту — *барлық* фракцияларды жою әрекетін, өкінішке орай, голосшылдар мен впередшілдер іске асырмай тастағанын, *бірақ* негізгі ұйтқыны *жақындастыру,* басты екі фракцияның нағыз партиялық элементтерін жақындастыру, оларды ұлттық өкілдердің және фракцияшыл емес социал-демократтардың партиялық элементтерімен жақындастыру ісі бір адым іл-

гері басқанын мойындау деген сөз. Егер жойымпаздар мен шақырымпаздардың Троцкий және сол сияқты адвокаттары бұл жақындастыруды «саяси мазмұнсыз» деп жариялап отырған болса, онда мұндай сөздер Троцкийдің бүкіл принципсіздігін, оның саясатының фракцияларды *іс жүзінде* (жалаң уәделермен ғана шектелмей) жою саясатына *нағыз* дұшпандығын тек дәлелдей түседі. Пленум қорытындыларын бір жыл сынақтан өткізгеннен кейін осы жоюды *уәде ету* — әншейін сұрқиялық істеу деген сөз. Ал егер фракцияларды жою дегеніңіз құрғақ сөз болса, басты екі фракциядағы негізгі ағымдарды *жақындастыру факт* болып табылады. Бұл фактіден ешқандай «блоктар», ешқандай көпірмелі міндеттемелер, алауыздықтардың жоғалуы жөнінде ешқандай емеқсітулер тумайды, бірақ бұдан меньшевиктердің *бір бөлегі* мен большевиктердің *бір бөлегінің* ынтымағына сүйене отырып, партияны *іс жүзінде* құрудың *нақты мүмкіндігі* туады.

Егер Орталық Комитет осындай мойындау мен осындай жұмыс жолына толық дәйектілікпен түсем десе, барлық орталық мекемелерді осылай жақындастырудың органы етем десе, оларды голосшылдарды «әлпештеу» немесе голосшылдарды «шақыру» сияқты лайықсыз және зиянды әрекеттерден арылтам десе, кикілжіңсіз жұмыс істеуге мүмкіндік берем десе, онда біз бұл саясатты бүкіл жан-тәнімізбен және бүкіл күш-жігерімізбен қолдаймыз; біз 1909 жылдың көктемінен бастап, яғни толық дерлік екі жыл бойы осы саясатты *іс жүзінде* жүргізіп келдік.

Егер Орталық Комитет пленумның сабақтары мен нәтижелерінен осындай сөзсіз қорытынды жасағысы келмесе, онда ол партиялық жұмысты* және бірлік орнату жөніндегі жұмысты басқаруды голосшылдардың, впередшілдердің және Троцкийдің одағына тапсырсын. Осылай еткен туралау да, адалырақ та болады, ал біз өзінің антипартиялық сипатын іс жүзінде дәлелдеген бұл одақтан іргемізді аулақ саламыз.

---

* Бұдан әрі қолжазбада сызылған бір жол ажыратылмады. *Ред.*

Біздің қадамымыз жөнінде кейбір адамдар (ал олардың ішінде, қалайда, жойымпаздар мен шақырымпаздардың сыннан өткен адвокаттары да болады) «жікке бөліну» туралы байбалам салады десек, біз, әрине, тіпті де қателеспейміз. Мұндай байбалам қаншама сорақы, қаншама екіжүзділік байбалам болғанымен, бейхабар адамдарды сақтандыру үшін осы болуы ықтимал қарсы дауларға тоқталып өту қажет.

Формальды жағынан, біздің қадамымыз—ақшаны қайтару туралы, қатаң белгіленген шарттар бойынша біз жасасқан келісімді тоқтату туралы арыз беруіміз,—сөзсіз заңды қадам. Біздің Орталық Комитетпен жасасқан келісіміміздің шарттары ашық мәлімделген, Орталық Органда басылған, пленумда Орталық Комитет *бірауыздан* қабылдаған. Бұл *шарттарды* бүкіл партия атынан қабылдап, бұларды партияның Орталық Органында басып, осы арқылы Орталық Комитет бұл шарттарды іс жүзінде *орындаған күнде* ғана бізден белгілі бір қимыл көрсетуді талап ете алатындығын мейлінше анық мойындады. Өздері қол қойған қарарға қарамастан, голосшылдар мен впередшілдердің бұл шарттарды орындамағандығын ешкім бекер дей алмайды. Сондықтан келісімді *бұзуға* біздің ресми түрде праволы екендігіміз даусыз. Келісімді бұзғанда, біз партиялық жолында дербес күрес жүргізуге, партияны құру жолында жұмыс істегісі келмейтіндігін бір жылдық тәжірибеде дәлелдегендерден *тыс,* бұлардан басқаша екендігін дәлелдеген меньшевиктермен және фракцияшыл еместермен *бірге* партияны құру жолында дербес жұмыс жүргізуге кірісеміз. Егер голосшылдар мен впередшілдердің партиялық сипатқа көшуін тура және дәлме-дәл талап етіп қойған келісімді *олар* бұзған болса, онда біздің толық правомыз және *біздің міндетіміз* — партияны мазақ еткен адамдармен келісімді бұзу және партияны қолдайтын адамдармен жақындасудың мүмкін болған барлық формаларын іздеу.

Бірақ істің формальды жағынан гөрі заттың іс жүзіндегі жағдайы анағұрлым маңызды болып табылады. *Осы* жағынан алып қарағанда, пленумда да, пленумнан кейін де өздерінің партиялығы туралы баспасөзде мә-

лімдеуін тоқтатпаған голосшылдар мен впередшілдердің екіжүзділігі өте-мөте айқын көрінеді. Мұндай сендірулердің екіжүзділік екендігі, *мұндай* адамдар тарапынан жікке бөліну туралы байбалам салынуының сорақы жалған екендігі сондай айқын, бұл туралы көп сөз айтып жатудың қажеті жоқ. Нақ голосшылдар мен впередшілдер пленумнан кейін іле-шала іс жүзінде жік туғызды,— дұрысырақ айтқанда: пленумда берген өз уәделеріне қарамастан, жік туғызуын қойған жоқ,— нақ солардың өздері бүкіл жыл бойы осы жікке бөлінуді жалғастырып келді, оны күшейтіп, Потресов пен К⁰ тобының, әдебиетшілер тобының, «махистік» мектеп ұйымдастырушылардың, т. т. және т. с. партияға *тәуелсіз* болуын қолдап келді. Мұндай жікшілдердің партияның орталық орындарында бұдан әрі отыруына жол беру — партияның ісін біржолата құрту деген сөз. Бұл жікшілдер өздерінің партияның орталық орындарында болуын жұмыс біткенді бөгеу үшін, Потресов мырзаның немесе «махистік» мектеп көсемдерінің пайдасына партияны *іштен іріту үшін* пайдаланып келген бұрынғы жағдайды қалдыру,— партияны біріктіру ісіне орасан зор және орны толмас нұқсан келтіру деген сөз.

«Құдайым! құдайым!» деушілердің бәрі бірдей о дүниелік өмірді көксей бермейді дейтін баяғыдан келе жатқан нақыл бар. Пленум тәжірибесінен кейін біз де былай деп қайталауға тиіспіз: партиялық туралы арзан создерді аузынан тастамағанның бәрі бірдей іс жүзінде партияшыл бола бермейді. Голосшылдар мен впередшілдер пленумнан кейін партияны жікке бөлді. Бұл факт. Троцкий бұл істе олардың адвокаты болды. Бұл да факт.

Жікке бөлінуді тоқтату үшін, оның етек алуына бөгет жасау үшін пленумнан кейін партиялық жұмысты *іс жүзінде* жүргізгендердің, яғни партияшыл-меньшевиктер мен большевиктердің жақындасуын нығайтып, баянды етіп, ресми түрде бекіту керек, бұдан басқа амал *жоқ*.

Партиядағы істерге озіміздің козқарасымыз туралы барлық партиялық меньшевиктерге, фракцияшыл емес

партияшыл социал-демократтарға және большевиктерге, сондай-ақ барлық ұлттық социал-демократиялық ұйымдарға хабарлай отырып, біз Россиядағы большевиктер топтарын *«Рабочая Газетаның»* маңына дереу топтаса бастауға шақырамыз, партияны қалпына келтіру үшін қажетті және істің қазіргі жағдайына байланысты сөзсіз ең қарапайым, ресми емес және формальды емес әрекеттерден басталуға тиісті кеңестер мен конференцияларды әзірлеуге кірісуге шақырамыз. Бұл әрекеттердің сипаты туралы баспасөзде толығырақ айту орынсыз.

Біз большевиктердің шетелдік топтарын жұмысты қайта құруға шақырамыз, қайта құрғанда өздерінің антипартиялылығын әбден дәлелдеген впередшілдермен байланыс біткенді үзу керек және шақырымпаздықты қорғаушы осы адамдардың кесірінсіз, партияны нығайту жөнінде, басқа фракциялардың партияшылдарымен жақындасу жөнінде, жалпы клубтар, лекциялар, рефераттар, т. т. ұйымдастыру жөнінде үздіксіз жұмыс жүргізе бастау керек, *«Вперед»* пен *«Голостың»* соңынан ермейтіндердің бәрін шетелде шындап біріктіруге дайындық қадамдарды бастау керек. Егер голосшылдар бар жерлерде қосарлас екі топтың өмір сүруі сөзсіз болса, онда большевиктердің өз топтарында партияға қарсы впередшілдерге ұзақ төзіп отырулары лайықсыз. Впередшілдер өздеріне голосшылдардан папа таба алады.

«Рабочая Газета» редакциясы

1910 ж. 22 ноябрьден (5 декабрьден) кешірек жазылған

Бірінші рет 1932 ж. 21 январьда «Правда» газетінің 21-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

Л. Н. ТОЛСТОЙ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЖҰМЫСШЫ ҚОЗҒАЛЫСЫ[33]

Орыс жұмысшылары Россияның үлкен қалаларының бәрінде дерлік қазірдің өзінде Л. Н. Толстойдың қайтыс болуы жөнінде өз пікірін айтты, бірқатар асқан тамаша шығармалар беріп, бүкіл дүние жүзіндегі ұлы жазушылардың қатарына қосылған жазушыға,— қазіргі саяси және қоғамдық құрылыстың негізгі белгілері жайындағы бірқатар мәселелерді орасан күшпен, батылдықпен, шыншылдықпен *алға қойған* ойшылға,— қалай дегенмен де, өз көзқарастарын білдірді. Жалпы және тұтас алғанда бұл көзқарас III Думаның жұмысшы депутаттары жіберіп, газетте басылған телеграммадан көрінді[34].

Л. Толстой өзінің әдеби қызметін крепостниктік право өмір сүріп отырған кезде, бірақ ол правоның көрінеу көзге күні санаулы қалған уақытта бастады. Толстойдың негізгі қызметі орыс тарихының екі бетбұрыс пунктінің аралығындағы, 1861 жыл мен 1905 жылдың аралығындағы кезеңіне тұспа-тұс келеді. Бұл кезең ішінде крепостниктік правоның іздері, оның тікелей сарқыншақтары елдің бүкіл шаруашылық (әсіресе деревняда) және бүкіл саяси тіршілігін жайлап алған еді. Сонымен қатар нақ осы кезең капитализмнің төменнен қаулап өскен және жоғарыдан өрістетілген кезеңі болды.

Крепостниктік правоның сарқыншақтары неден көрінді? Көбінесе және өте-мөте мынадан айқын көрінді: Россияда, көбіне егіншілікпен айналысатын елде, егін-

шілік бұл уақыттың ішінде күйзелген, қайыршыланған шаруалардың қолында болды, олар ескірген, атамзаманғы шаруашылықты 1861 жылы помещиктердің пайдасына кесілген бұрынғы крепостниктік үлесті жерлерде жүргізді. Ал, екінші жағынан, егіншілік помещиктердің қолында болды, олар орталық Россияда «кесінді жерлер үшін», шабындық үшін, суат, т. т. үшін жерді шаруалардың еңбегімен, шаруаның соқасымен, шаруаның атымен өңдеді. Асылында, мұның өзі шаруашылықтың ескі крепостниктік системасы болатын. Бұл кезде Россияның саяси құрылысын да крепостниктік тәртіп әбден жайлап алған еді. Мұның өзі 1905 жылы тұңғыш рет бұл тәртіпті өзгертуге кірісе бастағанға дейінгі мемлекеттік құрылыстан да, жер иеленуші дворяндардың мемлекеттік істерге ықпалының басым болуынан да, негізінен алғанда— әсіресе ең жоғарғылары — жер иеленуші дворяндардан шыққан чиновниктердің толық өктемдігінен де көрініп отыр.

Осы патриархтық ескі Россия 1861 жылдан кейін дүние жүзілік капитализмнің ықпалымен шапшаң қирай бастады. Шаруалар бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде ашықты, қырылды, күйзелді, жерін тастап, қалаға қашты. Күйзелген шаруалардың «арзан еңбегі» арқасында темір жолдар, фабрикалар мен заводтар жеделдете салынды. Россияда ірі финанс капиталы, ірі сауда мен өнеркәсіп дамыды.

Ескі Россияның барлық ескі «тіректерінің» нақ осылай шапшаң, ауыр, күрт күйреуі де суреткер Толстойдың шығармаларында, ойшыл Толстойдың дүние танымында бейнеленген еді.

Толстой деревнялы Россияны, помещиктер мен шаруалардың тұрмысын әбден жақсы білетін еді. Ол өзінің көркем шығармаларында осы тұрмысты өте шебер суреттеді, оның бұл шығармалары дүние жүзілік әдебиеттің таңдаулы туындыларына қосылады. Деревнялы Россияның барлық «ескі тіректерінің» күрт күйреуі оның назарын мықтап аударды, айналасында болып жатқан оқиғаларға оның ықыласын күшейтті, оның дүниеге көзқарасын түгелдей өзгертуіне жеткізді. Тегі мен тәрбиесі жағынан Толстой Россиядағы жоғарғы по-

мещиктік ақсүйектерден еді,— ол осы ортаның барлық дағдылы көзқарастарынан қол үзді, сөйтіп, өзінің соңғы шығармаларында бұқараны құл етуге, оны қайыршыландыруға, шаруаларды және жалпы алғанда ұсақ қожайындарды күйзелтуге, бүкіл қазіргі өмірді жоғарыдан төменге дейін жайлап алған зорлық-зомбылық пен екіжүзділікке негізделген қазіргі бүкіл мемлекеттік, шіркеулік, қоғамдық, экономикалық тәртіптерді өлтіре сынады.

Толстойдың сыны жаңалық емес. Ол өзінен көп бұрын Европа әдебиетінде де, орыс әдебиетінде де еңбекшілер жағындағылардың айтқанынан асырып ештеңе айтқан жоқ. Бірақ Толстой сынының ерекшелігі және оның тарихи маңызы мынада: оның сыны аталған дәуірдегі Россияда, атап айтқанда деревнялы, шаруалы Россияда халықтың ең қалың бұқарасы көзқарастарының күрт өзгергенін данышпан суреткерлерге ғана тән ерекшелікпен ашып көрсетеді. Өйткені Толстойдың қазіргі тәртіптерді сынауының қазіргі жұмысшы қозғалысы өкілдерінің нақ сол тәртіптерді сынауынан айырмашылығы атап айтқанда мынада: Толстой патриархтық, аңғал шаруаның көзқарасы тұрғысынан қарайды, Толстой оның психологиясын өз сынына, өз іліміне арқау етеді. Толстой сынының ерекше күшті сезіммен, ерекше құштарлықпен, дәлелділігімен, сонылығымен, шыпайылығымен, бұқара қасіретінің «түп-тамырын ашып көрсетуге дейін жетуге», оның шын себебін табуға құлшынған батылдығымен көзге айрықша көрінетін себебі—бұл сын шынында крепостниктік праводан жаңа ғана бостандыққа шыққан және бұл бостандықтың өзі күйзелістің, аштық ажалдың, қала «қуларының» арасында үйсіз-күйсіз күнелтудің, т. т. жаңа сұмдықтары екенін көріп-білген миллиондаған шаруалар көзқарастарындағы бетбұрысты бейнелейді. Олардың пиғылын Толстойдың дәл көрсететіні соншалық, оның өзі олардың аңғалдығын, олардың саясаттан безуін, олардың мистицизмін, дүниеден безуге бейімдігін, «зорлыққа қарсыласпауын», капитализм мен «ақша өктемдігіне» дәрменсіз қарғысын өз іліміне арқау етеді. Миллиондаған шаруалардың наразылығы мен олардың ту-

қілуі — Толстой ілімінде, міне, осылар ұштасып жатады.

Қазіргі жұмысшы қозғалысының өкілдері наразылық білдіретін жөніміз бар, бірақ түңілетін түк те жоқ деп есептейді. Түңілу — құрып бара жатқан таптарға тән қасиет, ал жалдама жұмысшылар табы әрбір капиталистік қоғамда, оның ішінде Россияда да, сөзсіз өсіп, дамып, нығайып келеді. Түңілу — зорлықтың себептерін түсінбейтін, одан құтылатын жолды көрмейтін, күресуге қабілетсіз адамдарға тән қасиет. Қазіргі өнеркәсіп пролетариаты мұндай таптардың қатарына қосылмайды.

«Наш Путь» № 7,
28 ноябрь, 1910 ж.
Қол қойған: В. И — и н

«Наш Путь» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ РОССИЯЛЫҚ КОЛЛЕГИЯСЫНА[35] ХАТ

Нақ соңғы кезде Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының шетелдік өмірінде партияның «бірігу дағдарысы» өзінің шешілер сәтіне жақындап келе жатқанын айқын дәлелдейтін оқиғалар болды. Сондықтан мен, тек хабардар ету мақсатымен ғана,— соңғы оқиғалардың қандай маңызы бар екенін, дағдарыстың алдағы шешімі қандай болуға тиіс екенін (оқиғалардың бүкіл барысына қарай болжағанда) және ортодокс большевиктердің қандай позицияда болатынын сіздерге хабарлауды өзімнің борышым деп есептеймін.

«Голостың» 23-номерінде Мартов «Қайда келдік?» деген мақаласында пленумды келеке қылады — Орталық Комитеттің россиялық коллегиясы бір жылдың ішінде бірде-бір рет жиналмағанын және шешімдерді жүзеге асыру үшін еш нәрсе істелмегенін келекелейді. Ол нақ Потресов мырзалардың жойымпаздық тобының орыстық Орталық Комитетті болғызбай тастағанын: Михаилдың, Романның және Юрийдің бас тартқанын және олардың Орталық Комитеттің өмір сүруінің өзі зиянды деп мәлімдегенін — осы жұртқа мәлім фактіні қосып айтуды, әрине, «ұмытады». Россияда Орталық Комитет болдырмай тасталды. Мартов бұған мәз-мәйрам. Впередшілдердің де мәз-мәйрам болып отырғанын айтып жатудың қажеті жоқ (бұл мәз-мәйрам болу «Вперед» жинағының 1-номерінен-ақ сезіліп отыр). Мәз-мәйрам болған Мартов ойындағысын тым асығыс айтып салды. Ол шаттанып: «жариялық олардың (большевиктердің не-

месе «поляктік-большевиктік блоктың») түбіне жетеді» деп даурығады. Бұлай дегенде ол: жойымпаздардың Орталық Комитетті *болғызбауы арқасында* қазіргі жағдайдан құтылуға партиялық *жария* жол жоқ дегенді айтып отыр. Ал жойымпаздарға, әрине, партияның шарасыз жағдайда болғанынан артық ұнайтын ештеңе жоқ.

Бірақ Мартов тым асығыстық жасады. Большевиктердің қолында әлі де болса барынша жария, пленумда арнайы көзделген және Орталық Органның 11-номерінде (пленум атынан) басылған құрал бар. Бұл құрал — фракцияларды тарату туралы және жойымпаздық пен шақырымпаздыққа қарсы күресу туралы шарттарды голосшылдар мен впередшілдердің көріне орындамауы себепті ақшаны қайтару жөніндегі арыз. Өйткені большевиктер өздерінің мүлкін Орталық Комитетке нақ осы, дәл ескертілген *шарттар* бойынша берген еді.

Міне, сонымен, пленумда шарттарға қол қойған большевиктер 1910 жылғы 5 декабрьде (жаңаша) ақшаны қайтару туралы арыз берді. Заң бойынша бұл арыз *пленумды шақыруға бастайды.* Ал егер, делінген пленум шешімінде, арыз берген күннен бастап үш айдың ішінде пленумды шақыруға «мүмкіндік болмаса» (сөзбе-сөз!), онда Орталық Комитеттің 5 мүшесінен: үш адам ұлт өкілдерінен, 1 большевиктен және 1 меньшевиктен комиссия шақырылады.

Голосшылдар сол арада-ақ өздерінің сырын ашып қойды. Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының мүшесі голосшыл Игорь орыс жойымпаздарының саясатын көрді де, өзінің пленумға қарсы екенін айтып арыз берді. Ол комиссияны жақтайды екен. Бұл жерде голосшылдардың жариялықты бұзғаны айқын, өйткені пленумды үш ай өтпей тұрып та шақыруға болады. Арыз берілгеннен кейін тіпті комиссия туралы мәселе қозғауға болмайды.

Партияға опасыздық еткен Потресов пен $К^0$ мырзаларға шын беріліп қызмет етуші жойымпаз Игорьдің есебі тіпті оңай: пленум суверенді, демек, оның шақырылуы бүкіл партиялық дағдарыстан құтылуға мүмкіндік туғызады. Ал комиссия суверенді емес, арыз жөніндегі талапты қараудан басқа (оны, бұл талапты, үш

неміс шешеді) оның ешқандай правосы жоқ. Демек, орыстық Орталық Комитетті болғызбай тастап, жойымпаздар (және олардың шетелдік малайлары — голосшылдар) енді қандай да болса Орталық Комитетті болғызбай тастамақшы. Бұл екінші болғызбауының сәті түсе ме, жоқ па, біз мұны әлі көрерміз. Орталық Комитеттің Шетелдік бюросындағы поляктар[36] пленумды жақтап дауыс береді. Енді іс латыштар мен бундистерге [37] байланысты, олардан әлі жауап жоқ. Орталық Комитеттің Шетелдік бюросындағы біздің өкіліміз[38] Игорьге қарсы қатты наразылық білдірді және оны таратты (Игорьдің арызының да, бұл наразылықтың да көшірмелері осыған тіркеліп отыр).

Мәселенің басы ашық. Пленум үшін күрес — жариялық үшін күрес, партия үшін күрес. Голосшылдардың пленумға қарсы күресі — дағдарыстан партиялық жолмен құтылуға қарсы, жариялыққа қарсы күрес.

Плеханов пен оның достары пленумның қажеттігі жөнінде біздерді әбден қостайды; біз жасалған әрбір қадам туралы оларға хабарлап отырдық. Олар да пленумды жақтайды; осы мағынадағы біздің бірлескен қимылымыздың жобасы қазір талқылануда, сөйтіп ең таяудағы уақытта не біз плехановшылдармен бірге мәлімдеме жасаймыз, немесе Орталық Органда бұл мәселе жөнінде мақала шығады.

Онан соң, 1910 жылғы 26 ноябрьде (жаңаша) Троцкий Вена партиялық клубы дейтінде (троцкистердің, шетелде жүргендердің үйірмесі,— Троцкийдің қолындағы ойыншығы) қарар қабылдатып, оны жеке листок етіп бастырып та шығарды. Мұны осыған тіркеп отырмын.

Мұнда большевиктер мен плехановшылдардың органы — «Рабочая Газетаға» ашықтан-ашық соғыс жарияланған. Дәлелдері жаңа емес. Голосшылдар мен впередшілдерге қарсы күресуге енді «принциптік негіз» жоқ деу — күлкі болу мен екіжүзділіктің ең шегі. Жұрттың бәріне мәлім, голосшылдар мен впередшілдер өздерінің фракцияларын таратуды ойлаған да жоқ, голосшылдар іс жүзінде жойымпаздарды, Потресов пен К⁰-ні толық қолдайды, впередшілдер шетелде фракция-

лық мектеп ашты (сыры мəлім қаржымен), бұл мектепте махизмді үйретеді, шақырымпаздық — «заңды сарын» (сөзбе-сөз солардың платформасынан алынды), т. т. жəне т. с. деп үйретеді.

Троцкийдің партияны голосшылдармен жəне впередшілдермен бірге «тату» жұмыс істеуге шақыруы — барып тұрған өрескел екіжүзділік жəне құрғақ сөзге салынғандық. Пленумнан кейін жыл бойы голосшылдар мен впередшілдер (Троцкийдің астыртын қолдауымен) партияға қарсы «тату» жұмыс жүргізгені жұрттың бəріне мəлім. Шынында, тату партиялық жұмысты тек большевиктер мен плехановшылдар ғана бүкіл жыл бойы Орталық Органда да, «Рабочая Газетада» да, Копенгагенде де[39], орыс жария органдарында да бірлесіп жүргізді.

Бірақ Троцкийдің большевиктер мен плехановшылдар блогына қарсы əрекеттері жаңа болмағанымен, оның қарарының қорытындысы жаңа: Вена клубы (яғни Троцкий) «РСДРП конференциясын əзірлеу жəне шақыру үшін жалпы партиялық қор» ұйымдастырыпты.

Міне, бұл жаңалық. Бұл тура жікке бөлінуге бел байлағандық. Бұл партиялық жариялықты тікелей бұзғандық жəне Троцкийдің авантюрасының басы, осы авантюра арқылы ол өз мойнын үзеді. Мұның жікке бөліну екені түсінікті. Троцкийдің қадамын, Троцкийдің «қорын» тек голосшылдар мен впередшілдер ғана қолдайды. Большевиктер мен плехановшылдардың оған қатысуы туралы сөз де болуы мүмкін емес. Жойымпаздар (голосшылдар) Цюрихте Троцкийді қолдап та үлгірді,— мұнысы түсінікті. Троцкий үшін впередшілдердің «белгілі» «қорының» ашылуы əбден мүмкін жəне ықтимал. Бұдан оның іс-əрекетінің авантюристік сипаты тек күшейе түсетіні өздеріңізге түсінікті.

Бұл əрекет партиялық жариялықты бұзатыны айқын, өйткені Орталық Комитет туралы бірде-бір сөз айтылмайды. Конференцияны тек Орталық Комитет қана шақыра алады. Ол ол ма, 1910 жылғы августа Троцкий Орталық Комитеттің «Правда»[40] жанындағы өкілін өзінің қасынан қуып жіберіп, осынысы арқылы «Правданы» Орталық Комитеттің өкілі қолдайтын органнан на-

ғыз фракциялық органға айналдырды, қандай да болса жариялылықты өзі жоғалтты.

Сонымен: іс анықталды, жағдай айқындалды. Впередшілдер партияға қарсы күресу үшін, «заңды сарынды» (шақырымпаздықты) қорғау үшін «белгілі» «қор» жинады. Троцкий «Правданың» соңғы номерінде (және Цюрихтегі рефератта) впередшілдерге барынша қылымсып жылмаң қағады. Жойымпаздар Россияда орыстық Орталық Комитетті болғызбай тастады. Шетелдегі жойымпаздар шетелдік пленумды, ягни Орталық Комитет атаулыны болғызбай тастағысы келеді. Бұл «жариялықтың бұзылуын» пайдаланып, Троцкий «өзінің» конференциясы үшін «озінің» қорын жасап, ұйымдық жағынан жікке бөлінуге кіріседі.

Рольдер бөлінді. Голосшылдар «заңды сарын» ретінде Потресов пен К°-ні қорғайды. Впередшілдер «заңды сарын» ретінде шақырымпаздықты қорғайды. Троцкий бұлардың екеуін де «жұрт алдында» қорғап, өзінің конференциясын шақырғысы келеді (мүмкін, впередшілдердің ақшасымен шақыратын болар). Екілік одаққа (большевиктер плюс плехановшылдар) қарсы үштік одақ (Потресов+Троцкий+Максимов) құрылды. Күштерді орналастыру аяқталды. Күрес басталды.

Троцкийдің қадамын менің не себепті авантюра деп атайтынымды сіздер түсінесіздер. Бұл — қай мағынада алғанда да авантюра.

Бұл — идеялық мағынасында авантюра. Троцкий «лениндік-плехановтық» (олар осылай деп айтуды ұнатады) блокты жек көретін Потресов пен Максимовты біріктіріп, марксизмнің барлық жауларын топтастырып отыр. Троцкий идеялық ыдырауды жақсы көретіндердің және сүйетіндердің бәрін, марксизмді қорғаумен ешқандай ісі жоқтардың бәрін, күрес не үшін болып жатқанын түсінбейтін және үйренуді, ойлауды, алауыздықтың идеялық түп-тамырларын іздеуді тілемейтін тоғышарлардың бәрін біріктіріп отыр. Ыдырау, іріп-шіру және ауытқу жайлап алған біздің заманымызда Троцкийдің «бір сағаттық батыр» болып шығуы, пасықтық атаулының бәрін өзінің төңірегіне топтастыруы оп-оңай.

Бірақ бұл әрекет неғұрлым ашық істелсе, оның күйреуі де соғұрлым зор болмақ.

Бұл — партиялық-саяси мағынада авантюра. Социал-демократиялық партияның нақты бірігуі жойымпаздық пен шақырымпаздықтан шын ниетпен, біржолата бас тарту негізінде ғана мүмкін екендігі қазір айқын көрініп отыр. Потресов (және голосшылдар) пен впередшілдердің мұның екеуінен де безбегені анық. Троцкий зымияндықпен өзін алдап, партияны алдап, пролетариатты алдап, әлгілерді топтастырып отыр. Троцкий іс жүзінде потресовтық және максимовтық антипартиялық топтарды нығайтудан басқа еш нәрсе шығара алмайды. Бұл авантюраның күйрейтіні сөзсіз.

Ақырында, бұл — ұйымдық авантюра. Орталық Комитетсіз Троцкийдің «қорымен» конференция шақыру — жікке бөлінгендік. Инициатива Троцкийдікі болып-ақ қала берсін. Жауапкершілік те соған жүктелсін.

Мына 3 ұран қазіргі партиялық жағдайдың мәнін толық ашып береді:

1) Марксизмді қорғау үшін, идеялық ыдыраушылыққа тойтарыс беру үшін, жойымпаздық пен шақырымпаздыққа қарсы күресу үшін плехановшылдар мен большевиктердің одағын нығайту және барынша қолдау, оларды жинау.

2) Партиялық дағдарыстан жария жолмен құтылу үшін пленумды жақтап күресу.

3) Потресов пен Максимовты социал-демократияға қарсы біріктіруші Троцкийдің жікшілдік және принципсіз авантюрасына қарсы күресу.

Кеш дегенде 1910 ж. 15 (28) декабрьде жазылған

Бірінші рет 1941 ж. «Пролетарская Революция» журналының 1-номерінде басылған

Машинкамен жазылған көшірмесі бойынша басылып отыр

ПАРТИЯ ІШІНДЕГІ ІСТІҢ ЖАЙЫ ТУРАЛЫ

Біздің партиялық дағдарысымыз туралы мәселені шетелдік социал-демократиялық баспасөз тағы да бірінші орынға қойып, партияның қалың топтары арасында күшті лақап, түсініспестік пен толқу туғызып отыр. Сондықтан партияның Орталық Органы бұл мәселені толық айқындап беруі керек. «Голостың» 23-номеріндегі Мартовтың мақаласы және «Вена клубының» 1910 жылғы 26 ноябрьдегі жеке листок болып басылған «қарары» формасындағы Троцкийдің сөзі дағдарыс туралы мәселені оқушылардың алдына қойғанда істің мәнін мүлде бұрмалап жіберген.

Мартовтың мақаласы мен Троцкийдің қарарының тасасында белгілі бір практикалық *әрекеттер де — партияға қарсы бағытталған* әрекеттер де бар. Мартовтың мақаласы — партиямыздың *Орталық Комитетін болғызбай тастау мақсатымен голосшылдар бастаған науқанның* әдеби формасы ғана. Жергілікті ұйымдарды Орталық Комитеттен тыс және оған қарсы «жалпы партиялық конференцияға» әзірленуге шақырған Троцкийдің қарары — нақ сол голосшылдардың мақсаты болып отырған істің: *жойымпаздар жек көретін орталық мекемелерді, ал оларға қоса, ұйым ретінде партияны да қирату* ісінің көрінісі ғана. Голосшылдар мен Троцкийдің осы антипартиялық әрекеттерінің бет пердесін ғана ашып қою жеткіліксіз, ол әрекеттерге қарсы *күресу* керек. Партияны және оны жаңғырту ісін қымбат тұтатын жолдастар нағыз фракциялық және үйірмешіл-

дік ниетпен, мүдделермен *партияны* қиратуға тырысатындардың бәріне мейлінше батыл қарсы шығуға тиіс.

Мартовтың «Қайда келдік?» деген мақаласы — пленумның шешімдерін орашолақ бүркемелей келекелегендік және партияның сәтсіздікке ұшырағанын жойымпаздарша табалап қуанғандық. «Орталық Комитеттің сан жағынан шағын коллегиясын *Россияда бірде-бір рет жинауға* мүмкіндік болмады»,—Мартов осылай деп жазады және курсивпен жазып отыр, жазғанда да, мұндай фактіні жариялаудың барлық жойымпаздарды қуантатынына шаттанғандай-ақ болып жазып отыр.

Амал не, Мартовтың айтқаны рас. Орыстық Орталық Комитет жинала алмады. Тек Мартов Россияда Орталық Комитетті *кімдердің* болғызбай тастағаны туралы мәселені орағытып өтуді ойлап, босқа арамтер болады. Оның шақырылуына полициялық кедергілерден басқа тағы бір кедергі, полициялық емес, *саяси* кедергі болды. Бұл кедергі — Михаилдың, Романның, Юрийдің кооптация үшін *болса да* Орталық Комитеттің мәжілісіне ғана келудің өзінен белгілі бас тартуы; бұл — сол адамдардың «Орталық Комитеттің өмір сүруінің өзін зиянды деп табатыны» туралы мәлімдемесі.

Кооптация үшін ең болмағанда бір мәжіліске келуден бас тарту, полициялық кедергілердің қара түнегі ішінде жұмыс істеп жүрген адамдардың шақыруына келуден бас тарту — *Орталық Комитетті болғызбай тастау* екеніне дауласуға болмайды. *Принциптік* дәлелдер қоса келтірілген бұл саяси әрекетті «Голостың» «ең көрнекті» орыс қызметкерлері тобындағы («Голостың» 19—20-номеріндегі *16-ның* хаты), Потресов мырза мен К⁰-нің жойымпаздық *жария* топтарындағы адамдар істеді, мұны бекер деуге болмайды. Мұның бәрі факт. *Жариятыл-тәуелсіздердің, социал-демократия жауларының тобы,— Россиядағы Орталық Комитетті болғызбай тастағандар, міне, осылар.*

Егер Аксельрод («Голостың» 23-номерінде) жойымпаз деген «атақ» «талғаусыз» қолданылады деп сендірмек болса, егер ол — өз бастары қажыған немесе бір тілім нан үшін күресте жаншылған адамдарды-ақ

жойымпаздар дей береді деп біздерді қисынсыз әңгіме етуге дейін барып отырса, егер ол сәбидің осы былдыртпағын айтып, партияның Орталық Органында *аттары* аталған жойымпаздар тобын және топтарын *аузына алмай орағытып өте шықса,* онда мұндай жалтарыстың адалдық емес екенін дәлелдеп жатудың да қажеті жоқ. Егер Мартов және басқа голосшылдар «Голоста» Россиядағы жойымпаздармен «дауласқан» болып, олардың әрекеттерін «жеңілтектік» (!!) деп жарияласа, оларды әлі тоқтай тұрыңдар деп «ұялтқан» болса (Мартов 23-номерде Левицкий туралы), *сөйте тұрып* бүтіндей солармен бірге *жұмыс істеп отырса,* партияға қарсы күресу үшін және партияның жауларын, Потресов мырзаларды қолдау үшін шетелде олармен қоян-қолтық ерекше *фракция* құрып отырса, онда біз мұны саяси екіжүзділіктің көп көріністерінің бірі ғана деп білеміз. Милюков мырза вехишілдермен «дауласып», оларды «жеңілтек» деп жариялап, сөйте тұра саяси жағынан олармен қоян-қолтық *жұмыс істегенде,* Милюков мырза вехишілдермен шын күреседі деп, саяси түйсігі бар бірде-бір адам айтпайды. Милюков мырза бұл арқылы өзінің екіжүзділігін дәлелдейтінін әрбір адам мойындайды, мойындағанда оның вехишілдермен саяси ынтымақтасу фактісін тіпті де бекерге шығармайды. Столыпин мырза және оның үкіметі қаражүздіктермен «дауласып» («Россияда»), оларды «жеңілтек» деп айыптап, сөйте тұра олармен қоян-қолтық *жұмыс істегенде* Столыпин мырза мен оның үкіметі қаражүздіктермен күреседі деп саяси түйсігі бар бірдебір адам айтпайды. Столыпин мырза мен патша үкіметі бұл арқылы өздерінің екіжүзділігін ғана дәлелдейтінін әрбір адам мойындайды, мойындағанда олардың Пуришкевичтермен саяси ынтымақтасу фактісін тіпті де бекерге шығармайды.

Ал егер «Голостың» саяси екіжүзділігі әрбір адамға айқын болуға тиісті екен, онда Мартовтың партияның ресми өкілдерінің «түбіне жариялық жетеді» деп *тұспалдауы* 1000 оқушыдан 999 оқушыға *айқын бола алмайды,* өйткені бұл тұспал әдейі күңгірт айтылған.

Орталық Органның міндеті — алауыздықтың мәні неде екенін *жұрттың бәрі* түсіну үшін партия істері жөніндегі тұманды сейілту.

Мартов дағдарыстан құтылуға Орталық Комитеттің шешімінен *басқа ешқандай* партиялық-жария жол жоқ дегенді меңзеп отыр. Демек, *егер* орыс жойымпаздары Россиядағы Орталық Комитетті болғызбай тастай алған болса *(және егер шетелдік жойымпаздар Орталық Комитеттің ең болмағанда шетелде шақырылуын болғызбай тастай алатын болса)*, онда жағдайдан жария түрде шығуға болмай қалады. Сондықтан Мартов алдын ала: Орталық Комитет біржолата болмай қалды, жария жол *жоқ,* жойымпаздар дегеніне жетті деп мәз болады.

Мартов асығыстық жасады. Потресов мырзаның және партияның басқа да жауларының *ойындағы нәрсе* Мартовтың *тіліне* тым ертерек оралып отыр.

Иә, Мартовтың айтқаны рас! Партия ішіндегі дағдарыстан құтқаратын бірден-бір жолды Орталық Комитет таба алады. Демек, полициялық кедергілер мен жоғарыда көрсетілген саяси кедергілер себепті Орталық Комитетті Россияда жинауға болмайды екен,—оны шетелде жинау керек. Бұл — дағдарыстан құтылу жолына шығудың *бірден-бір* амалы. Орталық Комитеттің соңғы пленумында фракциялық шеңберлерден тыс бірлесіп партиялық жұмыс жүргізу жөнінде келісім жасасқан партиялық ағымдардың біреуі — большевиктер — партиялық дағдарыстан шығудың бірден-бір жолын тездетуге қадам жасап та отыр. Большевиктік ағымның өкілдері большевиктік фракцияның мүлкін партияның қарамағына бергенде: өздерінің, большевиктік, фракциялық орталығын жоюмен бірге меньшевиктердің (голосшылдардың) және шақырымпаздардың («вперед-шілдердің») фракциялық орталықтары да жойылатын болады деген *шартпен* берді. Бұл *шарт орындалмады.* Ол ол ма. Голосшылдар фракциясының басшы органы—«Голос Социал-Демократа» партияның ішкі жауларына көріне қамқорлық жасап, оларды бүркемелей бастады; Орталық Комитеттің пленумы бірауыздан біздерге: социал-демократиядан ауытқыған буржуазиялық және партияға дұшпан ауытқушылар болып табылатын әлгі

жаулармен мейлінше батыл күресуді тапсырған еді. Пленумда барлық партиялық ағымдар мен топтар арасында жасалған келісім шарттарының мұндай көрінеу бұзылуы себепті, келісім жасасушы жақтардың бірі көрінеу осындай антипартиялық саясат жүргізуі себепті,— большевиктер өздерінің мұнан бір жыл бұрын партияға шартты түрде берген ақшасын өздеріне қайтаруды талап етуді қажет деп тапты. 1910 жылғы 5 декабрьде олар бұл туралы Орталық Комитеттің Шетелдік бюросына тиісті арыз берді. Бұл ретте большевиктердің істегені дұрыс па әлде теріс пе, оны пленумда белгіленген инстанция айтатын болады. Істің мәні мынада: *қазір,* большевиктік ағымның өкілдері өздерінің арызын берген кезден бастап, шетелде Орталық Комитеттің пленумын шақыру енді партияның ішкі дағдарысынан шығуға жол табу үшін қажетті екені былай тұрсын, оны шақыру 1910 жылғы 6 январьда келісім жасасқан барлық ағымдар мен топтарға *өздерінің бұл туралы алған міндеттемесі — өздерінің бір ауыздан қабылдаған қарары* міндеттеген *қажеттілік* болып табылады*. Орталық Комитеттің пленумын шақыру тек *партиялық* қажеттілік болып қана қоймай, ол *заң жүзіндегі міндет* болып отыр. *Қазіргі жағдайдан жария түрде шығуға Орталық Комитеттің пленумын шақырудан басқа жол болуы мүмкін емес екенін* біз тағы да көріп отырмыз...

Міне, нақ осыған келгенде голосшылдардың саясаты бірден ашылды.

Орталық Комитеттің турасын айтқан айқын қаулысына сәйкес большевиктердің арыз беруі себепті Орталық Комитеттің Шетелдік бюросына пленум шақырудан басқа және егер оны шақыру әрекеті 3 айдың ішінде

* Мәселе мынада: пленумда Орталық Комитет большевиктердің мүлкін *шартты түрде* партияға тапсыру туралы большевиктік ағымның белгілі өкілдерімен келісім жасады, ол келісім — партиялық *заң,* партия үшін *жариялықтың* негізі деп танылды. Бұл келісім Орталық Органда (№ 11) жарияланды; онда бұл келісімге байланысты пленумда белгіленген бүкіл істі орындау тәртібі де айтылды. Голосшылдар мен впередшілдер бірігу *шарттарын бұзғанын* большевиктер мәлімдеген күнде қойылатын басты шарт — *пленумды шақыру* (шетелде). «Егер белгілі бір себеппен,— делінген Орталық Органның 11-номерінде басылған пленум қаулысында,— большевиктік ағымның өкілдері өздерінің талабын мәлімдегеннен кейін 3 айдың ішінде пленум өткізуге мүмкіндік болмаса», ерекше комиссия «шақырылады».

нәтиже бермеген күнде ғана мәселені шешудің Орталық Комитет белгілеген басқа әдісін қолданудан басқа еш нәрсе қалмайтын сияқты еді. Бірақ голосшылдар басқаша істеді.

12 декабрьде Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының мүшесі голосшыл Игорев жазбаша мәлімдеме тапсырып, мұнда өзінің *пленумды шақыруға қарсы* екенін, өзінің тек комиссияны шақыруға келісетінін жариялады!

Бұл жерде мәселенің бар мәні неде екені айқын: пленум суверенді, сондықтан ол шақырылған соң дағдарыстан, Россиядағы істердің мүмкін емес жағдайынан шығудың *жария* жолын таба *алады.* Ал комиссия суверенді *емес,* ешқандай (большевиктердің ақшасы туралы талапты қараудан басқа) правосы жоқ, дағдарыстан шығуға *ешқандай жария* жол таба *алмайды.*

Біреуге ор қазба, оған өзің түсесің!—деген мақалдың кері келді.

Жариялық мағынадағы бейне бір шарасыз жағдайдың «орын», ресми партияның түскеніне жойымпаздар қуанатын орды Мартов партияға ықыласпен көрсетіп үлгірмей-ақ, *бұл орға голосшыл Игоревтің өзі түсті*!

Орыс жойымпаздары Россиядағы Орталық Комитетті болғызбай тастады. Қазір шетелдік жойымпаздар Орталық Комитетті шетелде де шақыруға бөгет жасап отыр. Жойымпаздардың қуанышы қойнына сыймайды (Столыпин үшін және жойымпаздар үшін): *ешқандай* Орталық Комитеттің жоқ екенін алдын ала сезіп, мәзмәйрам болып отыр. Шіркін, Потресов мырзалар үшін, «впередшілдердің» фракциясы үшін қандай рақат десеңізші!

Біз бұл жерде голосшыл Игоревтің бұлталағына және Орталық Комитеттің Шетелдік бюросына мүше большевиктің* оған қарсы мәлімдеме жасап, ол бұлталақты тойтарып тастағанына тоқталып жатпаймыз. Тек мынаны көрсетіп өтеміз: голосшыл Игоревтің сақтығы сон-

* Бұл соңғы жолдас Орталық Органның редакциясына жазған хатында бізден голосшылдардың пленумды болғызбай тастауға әрекет жасап жатқанын партияға білдіруіме көмектесіңіздер деп өтінеді.

ша, ол өзінің пленумға қарсы екенін, *тіпті* пленум арыз бола қалған күндегі арнаулы қаулы бойынша шақырылмай, *жалпы устав бойынша* (мұның үшін Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы бірауызды болуы керек) шақырылғанның *өзінде де* пленумға қарсы екенін тікелей мәлімдеді. Голосшыл Игорев пленум шақыруды «ауыр іс», т. т. деп табады. Бұл түсінікті: жойымпаздар үшін біздің құпия партиямыздың өмір сүруінің өзі де тым «ауыр іс» қой. Пленум көбінесе эмиграиттық болады — голосшыл Игоревтің екінші «дәлелі» осындай. Бірақ мұның өзі Троцкийдің Орталық Комитеттен тыс және оған қарсы «жалпы партиялық» конференция шақырмақ болатын *нағыз эмиграиттық* жоспарын голосшылдардың бар күшін сала қолдауына бөгет емес...

Голосшылдар *қалай болғанда да* Орталық Комитет *атаулыны* болғызбауға ұйғарды!

Онан соң, біз негұрлым жалпы мәселеге — РСДРП ішіндегі істердің жайы туралы мәселеге партия мүшелерінің назарын аударуға тиістіміз. Қандай да болсын революциялық партия сияқты, біздің партиямыз да революционерлердің *ортақ* жұмысты жүргізгенде бір-біріне көмектесуге аз да болса *ықыласы* болғанда ғана өмір сүріп, дами алады.

Егер партияның уставтары мен шешімдері (партияның «жариялығы») мұндай бірігіп жұмыс істеуге *жеңілдік келтіру* үшін қызмет етпей, қайта аса маңызды партиялық коллегиялардың ішінде оған *бөгет жасауға* мүмкіндік беретін *кедергілер* үшін қызмет ететін болса, онда партиялық жұмыс лайықсыз күлкіге айналады. Қандай да болсын басқа партияда Орталық Комитетті шақырудың қиыншылықтары бірден-ақ полициялық қиыншылықтарға соқпай өтудің және жұмыстың көптеген жаңа тәсілдерін іздестірудің ондаған формалары мен жолдарын туғызар еді. Ал бізде партия *ішіндегі* фракцияшылдар: кейбіреулері Потресов мырзаларға, кейбіреулері тікелей шақырымпаздарға және партиядан *тыс* жартылай анархистерге қызмет етіп отыр. Голосшыл Игорев сияқтылар «жариялықты» партияға оның *өз ішінен* зиян келтіру, жұмысқа бөгет жасау, По-

тресов мырзалардың партияны бүлдіруіне көмектесу құралына айналдырады*. Мұндай жағдайға төзуге болмайды. Сол Мартовтың өзі орынды келеке қылып отырған «ізгі ниетті қарарлар» да оған көмектеспейді. Іске көмектесу үшін, ең алдымен істі *түсіну* керек. Потресов және $К^0$ сияқты мырзалармен бірігіп жұмыс істеу туралы ізгі ниетті қарарлар шығару не себепті қисынсыз, лайықсыз, күлкілі екенін түсіну керек. Бұл жерде бірбірімен сыйыспайтын екі саясат болып отырғанын, бұл жерде мәселе социал-демократизм мен либерализм туралы болып отырғанын партия түсінгенде, тек сонда ғана партия шығар жолды тез таба алады. Сонда біз «жариялықты» жасағанда, жойымпаздардың *оны* партияны аяқтан шалудың құралы етуі үшін *жасамайтын* боламыз.

Партияның мұны *түсінуіне* ойдағыдай жеңілдік туғызып отырғаны үшін Потресов мырза мен оның достарына, сондай-ақ голосшыл Игорев пен оның достарына да *алғыс айту* керек екенін мойындау қажет.

Троцкийдің қылығы партияның сәтсіздікке ұшырауын Мартовтың келекелеуімен, голосшылдардың Орталық Комитетті болғызбай тастауымен *сырттай қарағанда* мүлде байланыссыз көрінгенімен, іс жүзінде ол мұның екеуімен де тығыз байланысты, «мүдде» жағынан байланысты. Бұл байланыстың неде екенін партиядағы көп адамдар әлі түсінбей жүр. 1910 жылғы 26 ноябрьдегі Вена қарары оларға істің мәнін түсінуге, сірә, көмектесетін болар.

Қарар үш бөлімнен тұрады: 1) «Рабочая Газетаға» соғыс жариялау (Троцкийдің айтқанындай, «жаңа фракциялық-үйірмешілдік іс» ретінде оған *«батыл тойтарыс* беруге» шақыру); 2) большевиктік-плехановтық «блоктың» ұстаған бағытына қарсы айтыс; 3) «Вена клубының (яғни Троцкий мен оның үйірмесінің) жиналысы РСДРП конференциясын әзірлеу және шақыру

---

* Мартов: «жариялық олардың түбіне жетеді» деп, ресми партиялық мекемелерді келеке қылғанда ол мекемелердің Михаилдың, Романның, Юрийдің, голосшылдардың (Игорев арқылы), т. б. жұмысты бөгеуіне *мүмкіндік беретін осындай* «жариялық» (яғни партияның уставы немесе пленумның шешімі бойынша жасалған) формалары жұмыстың нәтижелілігінің қандай дәрежеде «түбіне жетіп отырған» болса, Мартовтың айтқаны *сондай дәрежеде дұрыс*.

үшін жалпы партиялық қор ұйымдастыруға қаулы етеді» деп жариялау.

Біз бірінші бөліміне тіпті тоқталып та жатпаймыз. Троцкийдің: «Рабочая Газета» — «жеке іс», ол *«тұтас алғанда партия атынан пікір айтуға өкілдік алмаған»* деуі әбден дұрыс.

Тек Троцкий өзінің де, өз «Правдасының» *да* бұған өкілдігі жоқ екенін бекер ұмытады. Пленум «Правданың» жұмысын пайдалы деп таныды дегенде, ол мына фактіні — пленум «Правданың» редакциясына *Орталық Комитеттің өкілін* тағайындағанын бекер айтпай кетеді. Пленумның «Правда» жөніндегі шешімдері туралы айта отырып, әлгі факт жөнінде айтпай кетуді *жұмысшыларды алдағандық* деп атамай, басқаша атауға болмайды. 1910 жылғы *августа* Троцкий Орталық Комитеттің өкілін «Правдадан» *қуып жібергендіктен* де оның бұл алдауы нағыз қаскүнемдік болады. Бұл оқиғадан кейін, «Правданың» Орталық Комитетпен байланысы *үзілгеннен* кейін, Троцкийдің газеті өзіне алған міндеттемелерін орындай білмеген «жеке іс» болудан басқа ештеңе де емес. Орталық Комитет әзірге қайтадан жиналмай тұрғанда, «Правданың» Орталық Комитетке көзқарасы жөнінде пленум тағайындаған және *Троцкийдің қылығын антипартиялық қылық деп таныған* Орталық Комитет өкілінен басқа төреші *жоқ*.

Кім «тұтас алғанда партия атынан пікір айтуға өкілдік алды» деп Троцкий орынды көтерген мәселеден туатын қорытынды, міне, осы.

Ол ол ма. Тәуелсіз-жойымпаз жариялшылдар орыстық Орталық Комитетті болғызбай тастап отырғандықтан (және әзірше солай ете беретіндіктен), голосшылдар шетелдік Орталық Комитетті болғызбай тастап отырғандықтан (және әзірше солай ете беретіндіктен), «тұтас алғанда партия атынан пікір айтуға» өкілдік алған *бірден-бір* мекеме *Орталық Орган* болып қалады.

Сондықтан да біз *тұтас алғанда партия атынан* мынаны мәлімдейміз: Троцкий антипартиялық саясат жүргізіп отыр; — ол өзінің қарарында Орталық Комитет туралы түк айтпай (Орталық Комитет болмай қалды! деп, қазірдің өзінде голосшылдармен сөз байласып ал-

ғандай), *бір ғана шетелдік* топ атынан «РСДРП конференциясын шақыру үшін *қор ұйымдастыру»* туралы жариялап, ол партиялық *жариялықты бұзып* отыр, *авантюра* жолына, *жікке бөліну* жолына түсіп отыр. Егер жойымпаздардың Орталық Комитетті болғызбай тастау әрекеті нәтижелі болып шықса, онда біз, тұтас алғанда партия атынан пікір айтуға өкілдік алған бірден-бір мекеме ретінде, Троцкийдің «қорына», оның бастаған ісіне ешбір қатыспайтынымызды және Троцкийдің үйірмесі емес, *Орталық Орган* шақыратын конференцияны ғана *жалпы партиялық* конференция деп білетінімізді дереу жариялар едік*.

Бірақ Орталық Комитеттің болмай қалуы туралы мәселені оқиғалар әлі түпкілікті шешпегендіктен, қазіргі жағдайдан партиялық толық *жария* жол тауып шығуға үміт бар.

Партия мүшелерін осы партиялық-жария жол үшін батыл күресуге шақыра отырып, біз пікір алалығының «принциптік негіздерін» анықтау ісімен шұғылданамыз; ал голосшылдар мен Троцкий — біріншілері Орталық Комитетті болғызбай тастап, екіншісі оны елемей және Троцкийдің үйірмесі арқылы «РСДРП конференциясын» шақыру (ойнамаңыз!) үшін «қор ұйымдастырып», бұл пікір алалығын жікке бөлінуге дейін жеткізуге асығып отыр.

Троцкий өзінің қарарында: «лениншілдер мен плехановшылдар» (большевизм және партиялық меньшевизм *ағымдарының* орнына осындай *жеке адамдарды* қойып, Троцкий өзінің менсінбейтінін білдіргісі келеді, бірақ ол мұнымен өзінің түсінбейтінін ғана білдіреді) жүргізіп отырған күрестің, бұл күрестің «қазіргі уақытта ешқандай принциптік негізі жоқ» деп жазады.

Орталық Орган бүкіл Русьтің социал-демократтарын, міне, осы принциптік негіздерді анықтауға шақырады: пленумды шақыру жөнінде «қызықсыз» күрес жүргізіліп жатқанда, нақ осы қызықты мәселемен шұғылданайық!

---

* Партияның Орталық Комитеті шақыратын шын мәнісіндегі жалпы партиялық конференция мүмкіндігінше *тез арада қажет* болып отыр— бұл жөнінде дау болуы мүмкін емес.

Орталық Орган күресінің ешқандай принциптік негізі жоқ деп жариялағанда, Троцкийдің бұған келтірген дәлелдерін толық көшіріп жазайық:

«...*Барлық* (курсив Троцкийдікі) партиялық ағымдар арасында құпия ұйымды қайтадан қалпына келтіру, жария және құпия жұмысты біріктіру, ұстамды социал-демократиялық тактика жүргізу қажет деген сенім қатты орнықты, ал осы негізгі директиваларды соңғы пленум *бірауыздан* белгіледі.

Қазір, пленумнан кейін бір жылдан соң, қиыншылық бұл ақиқаттарды жариялауда емес, қайта *оларды жүзеге асыруда* болып отыр. Ал бұған жеткізетін жол — партияның барлық бөліктерінің: «голосшылдардың», «плехановшылдардың», «ленинпшілдердің», «впередшілдердің», фракцияшыл еместердің ынтымақпен бірлесіп жұмыс істеуі, өйткені партия рухани жағынан қазір балалық шақтан өтті, сондықтан оның барлық мүшелерінің өздерін өздері танып, мұнан әрі фракциялық аттарды былай қойып, *революцияшыл социал-демократтар,* өз партиясының патриоттары ретінде қимылдайтын мезгілі жетті. Ал бұл ынтымақ фракциялық органдар төңірегінде емес, жалпы партиялық шеңберде жасалуға тиіс».

Шектен шыққан өтірікті, осы құрғақ сөздерге масаттанатындардың өздерін де, бүкіл партияны да мұндай сөлекет алдаушылықты бүркемелеп, жақсы сөздердің қалай жұлмаланып бос сөзге айналатындығының үлгісі, міне, осы.

Барлық партиялық ағымдардың арасында құпия ұйымды қайтадан қалпына келтіру керек деген сенім қатты орнықты деу тікелей және өрескел *өтірік* қой. Голосшылдар Потресов мырза мен К⁰ тобын *партиялық ағым* деп есептейтінін, олар мұны осындай деп «есептеп» қана қоймай, сонымен қатар оның «жұмысына» *үнемі* қатысып отыратынын «Голостың» әрбір номері көрсетеді. Қазір, пленумнан соң бір жылдан кейін, әңгіме бос сөздер туралы емес, *«жүзеге асыру»* туралы болып отырғанда, жасырынбақ ойнап, өздерін алдау және жұмысшыларды алдау, сөз жүзіндегі жалтарыспен құтылмақ болу күлкі емес пе, масқаралық емес пе?

Солай ма, жоқ па? Троцкий Орталық Органда дәлмедәл аталған Потресов мырза мен К⁰-ні «партиялық ағым» деп есептей ме әлде есептемей ме? Бұл мәселе — нақ пленумның шешімдерін «жүзеге асыру» туралы мәселе, ал Орталық Органның бұл мәселені айқын, қатаң,

тура алға қойғанына, ешбір жалтарысқа жол қалдырмайтындай етіп алға қойғанына, *міне, бір жыл* болды!

Троцкий қайта-қайта үндемей қалумен немесе бос сөздермен құтылуға тырысады, өйткені оған оқушылардан және партиядан *шындықты,* атап айтқанда: Потресов мырзаның, 16-ның, т. т. топтары партияға мүлде тәуелсіз, фракция ретінде толық оқшауланған топтар екенін, бұлар құпия ұйымды қалпына келтірмейтіні былай тұрсын, қайта оның қалпына келтірілуіне бөгет жасап отырғанын, *ешқандай* социал-демократиялық тактика жүргізбей отырғанын *жасыру қажет.* Троцкийге партиядан мына шындықты: голосшылдардың өзі де нақ сондайлық партиядан оқшауланған, іс жүзінде орыс жойымпаздарына қызмет ететін шетелдік фракция екенін жасыру қажет болып отыр.

Ал «впередшілдер» ше? Олар да пленумнан *кейін* өздерінің ерекше фракциясын партияға тәуелсіз құралдармен, ерекше фракциялық мектеппен нығайтып, дамытқанын Троцкий өте жақсы біледі; олардың бұл мектебінде тіпті де «ұстамды социал-демократиялық тактиканы» үйретпейді, «шақырымпаздықты заңды сарын» деп үйретеді, онда III Думаның роліне шақырымпаздық көзқарасты, «Вперёдтің» фракциялық платформасында білдірілген көзқарасты үйретеді.

Осы даусыз шындық жөнінде Троцкийдің жұмған аузын ашпай отырған себебі — шындық оның саясатының *нақты* мақсаттарына сәйкес келмейді. Ал оның нақты мақсаттары барған сайын айқындалып келеді, тіпті онша алысты болжай алмайтын партия мүшелері үшін де айқындалып келеді. Бұл нақты мақсаттар — *Потресовтардың впередшілдермен жасамақшы антипартиялық блогы,* Троцкий бұл блокты қолдап, ұйымдастырып жатыр. Троцкийдің қарарларын («веналық» қарар сияқты) голосшылдардың қабылдауы, «Правданың» впередшілдерге жалбақтауы, «Правданың» Россияда жергілікті жерлерде впередшілдер мен троцкистер ғана жұмыс істеп отыр деген лақаптары, впередшілдердің фракциялық мектебін «Правданың» дәріптеуі, Троцкийдің бұл мектепті тікелей қолдауы — мұның бәрі

ұзақ уақыт жасырып отыруға болмайтын фактілер. Қап түбінде біз жатпас.

Троцкий саясатының мазмұны — Потресов мырзалардың және впередшілдердің фракцияларымен «Правданың» «ынтымақпен жұмыс істеуі». Бұл блокта рольдер айқын бөлінген: Потресов мырзалар өздерінің партияға тәуелсіз жария жұмысын, социал-демократияны бұзу жұмысын жалғастырып отыр, «голосшылдар» бұл фракцияның шетелдік бөлімін құрып, ал Троцкий аңқау жұртты *«барлық* партиялық ағымдар арасында» «ұстамды социал-демократиялық тактика берік орнықты» деп сендірмек болатын адвокаттық рольді өз міндетіне алып отыр. Впередшілдер де өздерінің фракциялық мектебінің еркіндігін қорғайтын, өздерінің саясатын екіжүзділік, жалған бос сөздермен бүркемелейтін осындай адвокат табады. Әрине, бұл блок Троцкийдің «қорын» және оның шақыратын антипартиялық конференциясын қолдайды, өйткені Потресов мырзалар да, впередшілдер де бұл арадан өздерінің керегін алады: өз фракцияларының еркіндігіне, оларды ізгі етіп көрсетуге, олардың жұмысын бүркемелеуге, мұны жұмысшылардың алдында адвокатша қорғауға мүмкіндік алады.

Міне, сондықтан нақ «принциптік негіздердің» тұрғысынан қарағанда біз бұл блокты сөздің дәл мағынасындағы *авантюризм* деп танымай тұра алмаймыз. Троцкийдің Потресовты, шақырымпаздарды нағыз марксистер, социал-демократизмнің принципшілдігін шынымен қорғаушылар деп айтуға *батылы бармайды.* Авантюристің ұстайтын позициясының мәні де оның үздіксіз бұлтарып отыруына тура келетіндігінде ғой. Өйткені Потресов мырзалар мен шақырымпаздардың *бәрінің өз* бағыты (антисоциал-демократиялық бағыты) бар және осы бағытты *жүргізіп отыр,* ал «Голос» пен «Впередтің» дипломаттары оны бүркемелеуден басқа еш нәрсе істемейді, мұны жұрттың бәрі және әрбір адам көріп, біліп отыр.

Жаңа блоктың тоғышар элементтер алдындағы абыройы қаншама зор болса да, впередшілдер мен потресовтардың «қаржы көздерінің» көмегімен Троцкий қан-

ша «қор» жинаса да, бұл блоктың қалай да *күйрейтінінің* ең терең себебі — бұл блоктың *принципсіздігі*. Марксизм теориясы, біздің бүкіл дүние танымымыздың, біздің бүкіл партиялық программамыз бен тактикамыздың *«принциптік негіздері»* кездейсоқ емес, сөзсіз түрде бүкіл партия өмірінде қазір алдыңғы орындардың біріне қойылып отыр. Революция сәтсіздікке ұшырағаннан кейін қоғамның *барлық* таптарында, халықтың нағыз қалың *бұқарасы* арасында дін мен философия мәселелеріне дейін, *тұтас алғанда* біздің маркстік ілімнің *принциптеріне* дейін бүкіл дүниеге көзқарастың терең негіздеріне ынта қоюшылық кездейсоқ емес, сөзсіз қажет болып отыр. Тактика мәселелеріне бола революция арқылы шиеленіскен күреске тартылған бұқараның ашық қимылдар жасалмай отырған кезеңде *жалпы теориялық* білімге ден қоюы кездейсоқ емес, сөзсіз қажет болды. *Марксизм негіздерін* бұл бұқараға қайтадан түсіндіру керек, марксизм теориясын қорғау тағы да кезекке қойылып отыр. Егер Троцкий партиялық меньшевиктердің большевиктермен жақындасуын «саяси мазмұнсыз» және «тұрлаусыз» деп жарияласа, онда мұның өзі оның барынша надандығын ғана көрсетеді, мұның өзі оның жеке басының мүлдем мазмұнсыздығын ғана суреттейді. Большевиктердің социал-демократиялық емес «впередтік» идеялармен күресінде, партиялық меньшевиктердің Потресов мырзалармен және голосшылдармен күресінде марксизмнің нақ принциптік негіздерінің мерейі үстем болды. Пленумнан кейінгі тұтас бір жылдың ішінде партиялық меньшевиктердің большевиктермен шын мәнісінде ынтымақпен жұмыс істеуіне *нақты база* болған да марксизмнің *принциптік негіздері* туралы мәселедегі нақ осы жақындасу еді. Бұл жай сөз емес, уәде емес, «ізгі ниетті қарарлар» емес, бұл—факт. Өткенде және келешекте меньшевизмнің большевизммен алауыздықтары қандай болса да (тек авантюристер ғана алауыздықтың жойылуы туралы, белгілі бір қарардың алауыздықты «жоюы» туралы *құр уәделермен* тобырды өздеріне тартуға қабілетті), бұл тарихи фактіні сызып тастауға болмайды. Басты-басты фракциялардың *өздерінің* ішкі дамуы ғана, *олар-*

дың өздерінің идеялық эволюциясы ғана фракцияларды жақындастыру жолымен, оларды ортақ жұмыста сынақтан өткізу жолымен іс жүзінде сол фракцияларды жоюға кепіл бола алады. Мұның өзі пленумнан кейін басталып та отыр. Потресовтың впередшілдермен және Троцкиймен ынтымақтасып жұмыс істегенін біз *әлі* көрген жоқпыз, тек үйірмелік айла-шарғыны, сөз қиюластыруды, жалтарудағы ынтымақты көрдік. Партиялық меньшевиктердің большевиктермен ынтымақпен жұмыс істегенін партия бір жыл бойы көріп келді, сондықтан *марксизмді* бағалай алатын әрбір адам, социал-демократизмнің «принциптік негіздерін» қадірлейтін әрбір адам бұл *екі* фракциядағы жұмысшылардың оннан тоғызы *осы* жақындасуды жақтайтындығына бір сәт те күмән келтірмейді.

Троцкийдің Потресовпен және впередшілдермен жасасқан блогы — нақ «принциптік негіздер» тұрғысынан қарағанда авантюра. *Партиялық-саяси* міндеттер тұрғысынан да мұны авантюра деп айтсақ теріс емес. Ол міндеттерді пленум шынында *бірауыздан* көрсетті, бірақ бұл міндеттер тіпті де мынадай мағынасыз сөйлемге: жария және құпия жұмысты біріктіру (кадеттер де жария «Речьті» құпия «кадеттік» Орталық Комитетпен «біріктіріп» отыр ғой) деген сөйлемге келіп тірелмейді; Троцкий бос сөздерге және мағынасыздыққа ешқандай қарсылығы жоқ Потресов мырзалар мен впередшілдерге жағыну үшін әлгіндей мағынасыз сөйлемді әдейі қалап алады.

«Буржуазиялық контрреволюция заманындағы социал-демократиялық қозғалыстың тарихи жағдайы,— дейді пленумның қарары,— буржуазияның пролетариатқа ықпал етуінің көрінісі ретінде, бір жағынан, құпия социал-демократиялық партияны теріске саюды, оның рөлі мен маңызын төмендетуді, революциялық социал-демократияның программалық және тактикалық міндеттері мен ұрандарын келтелеуге әрекет жасауды, т. т. сөзсіз туғызады; екінші жағынан, социал-демократтардың Думадағы жұмысын және жария мүмкіншіліктерді пайдалануды теріске шығаруды, мұның екеуінің де маңыздылығын түсінбеуді, революциялық-социал-демократиялық тактиканы қазіргі кезеңнің ерекше тарихи жағдайларына бейімдей білмеуді, т. т. сөзсіз туғызады».

Бір жылдық тәжірибеден кейін бұл айтылғандардың *нақты* мацызы туралы мәселеге тура жауап беруден жалтаруға болмайды. Пленумда *барлық* ұлт өкілдері (мәңгі-бақи белгілі бір кезеңнің *қандай да болса* көпшілігіне қосыла кететін Троцкий ол кезде осыларға қосылды) жазбаша түрде: «қарарда көрсетілген ағымды жойымпаздық деп атау *шынында* дұрыс болар еді, онымен күресу қажет» деп мәлімдеді.

Пленумнан кейінгі бір жылдық тәжірибе іс жүзінде нақ Потресов тобы, нақ впередшілдер фракциясы буржуазияның пролетариатқа жасайтын осы ықпалын *бейнелеп те отырғанын* көрсетті. Бұл айқын фактіні *орағытып өту* — авантюризм, өйткені Потресовтар мен К^0-де жойымпаздық бағыт *жоқ* деп, шақырымпаздықты «заңды сарын» деп тану партияның бағытына *сәйкес келеді* деп тура айтуға бұған дейін ешкімнің де батылы барған емес. Біз пленумнан кейінгі бір жылды босқа өткізген жоқпыз. Біздің тәжірибеміз молая түсті. Біз ол кезде аңғарылған тенденциялардың көрінісін *іс жүзінде* көрдік. Біз бұл тенденцияларды бейнелеген *фракцияларды* көрдік. Сондықтан бұл *антипартиялық* фракциялардың бейне бір «партиялық» рухтағы «ынтымақпен жұмыс істеуі» туралы *сөздермен* ендігі жерде жұмысшылардың азды-көпті қалың топтарын алдауға болмайды.

Ақырында, 3-ден, Троцкийдің саясаты — *ұйымдық* мағынасында алғанда авантюра, өйткені, өзіміз жоғарыда көрсеткендей, бұл саясат партияның жария жұмысын бұзып отыр және шетелдік бір топтың атынан (немесе антипартиялық *екі* фракция блогының, голосшылдар мен впередшілдер блогының атынан) конференция ұйымдастырып, бұл саясат тұп-тура жікке болу жолына түсіп отыр. Тұтас алғанда партия атынан пікір айтуға уәкілдік алғандықтан, біз партиялық жариялылықты ақырына дейін қорғауға міндеттіміз. Бірақ біз партия мүшелерінің «жариялылық» формаларына бола істің *мәнін* көрмеуін тіпті де тілемейміз. Керісінше, біз Потресов мырзалардың жойымпаздық қызметі мен шақырымпаздардың партияны бұзуының толық еркіндігін қорғап отырған голосшылдар мен впередшілдердің

блогына апарып соғатын нақ осы істің *мәніне* социал-демократтардың *басты* назарын аударамыз.

Біз барлық социал-демократтарды партиялық жариялылық жолында батыл күрес жүргізуге, марксизмнің принциптік негіздері үшін және социал-демократизмді либерализм мен анархизмнен тазарту үшін антипартиялық блокқа қарсы күрес жүргізуге шақырамыз.

P. S. Жоғарыда басылған мақаланың жеке оттискісіне (редакция көпшілігінің — большевиктік ағымның екі өкілінің және поляк ұйымы өкілінің дауыс беруі негізінде шығарылды) редакцияның басқа екі мүшесі — голосшылдар — тарапынан наразылық білдірілді, олардың наразылығы жеке листок болып шығарылды. Бұл листокта оның авторлары *«Партия ішіндегі істің жайы туралы»* деген мақаланың мазмұны жөнінде ештеңе айтпай, редакцияның көпшілігін: 1) олардың, қосарлас екі редактордың, формальды праволарын бұзды, 2) «полицейлік тыңшылық» жасады деп айыптайды. Таластың өзі принциптер мен тактика жөнінде болмай, ұйымдық кикілжің мен жеке адамдардың бір-бірін кінәлауы саласында болып отырғандықтан, біз ең дұрысы — оны түгелінен Орталық Комитетке беру деп есептейміз. Орталық Комитеттің бұл мәселе жөніндегі шешімін күтпей-ақ, барлық *партиялық* жолдастар редакцияның екі мүшесінің, Мартов пен Данның, «айтысу» әдістеріне лайықты баға бере алады деп ойлаймыз.

Кеш дегенде 1910 ж. 15 (28) декабрьде жазылған

1910 ж. 23 немесе 24 декабрьде (1911 ж. 5 немесе 6 январьда) «Социал-Демократ» газетінің 19-номерінен жеке оттиск етіп басылған; екінші рет мақала постскриптуммен бірге 1911 ж. 13 (26) январьда «Социал-Демократ» газетінің 19—20-номеріне Қосымшада басылған

Қосымшаның текстімен салыстырылған оттискінің тексті бойынша басылып отыр

ЕВРОПА ЖҰМЫСШЫ ҚОЗҒАЛЫСЫНДАҒЫ АЛАУЫЗДЫҚТАР

I

Европа мен Американың қазіргі кездегі жұмысшы қозғалысындағы негізгі тактикалық алауыздықтар осы қозғалыста іс жүзінде үстем теория болып отырған марксизмнен шегінуші ірі екі бағытқа қарсы күреске келіп саяды. Бұл екі бағыт — ревизионизм (оппортунизм, реформизм) және анархизм (анархистік-синдикализм, анархистік-социализм). Жұмысшы қозғалысында үстем болып отырған маркстік теория мен маркстік тактикадан осы шегінушіліктің екеуі де барлық цивилизациялы елдерде бұқаралық жұмысшы қозғалысының жарты ғасырдан астам тарихының өн бойында әр алуан формаларда және әр алуан сарындарда байқалып жүр.

Осы бір ғана фактінің өзінен-ақ айқын көрінетін нәрсе: бұл шегінушіліктерді кездейсоқтық деп те, жеке адамдардың немесе жеке топтардың қателері деп те, тіпті ұлттық ерекшеліктердің немесе дәстүрлердің, т. т. ықпалы деп те түсіндіруге болмайды. Барлық капиталистік елдердің экономикалық құрылысында, даму сипатында жатқан және осы шегінушіліктерді үнемі туғызып отыратын негізгі себептер болуға тиіс. Голландия марксисі Антон Паннекуктің былтыр шыққан: «Жұмысшы қозғалысындағы тактикалық алауыздықтар» (Anton Pannekoek. «Die taktischen Differenzen in der Arbeiterbewegung». Hamburg, Erdmann Dubber, 1909) деген шағын кітапшасы осы себептерді ғылыми тұрғыдан зерттеу жөніндегі қызғылықты талаптану

болып табылады. Бұдан былайғы баяндауымызда біз оқушыны Паннекуктің қорытындыларымен таныстырамыз, ал бұл қорытындыларды әбден дұрыс деп мойындамасқа болмайды.

Тактика жөнінде ауық-ауық алауыздықтар туғызып отыратын неғұрлым терең себептердің бірі — жұмысшы қозғалысының өсу фактісінің өзі. Егер бұл қозғалысты әлденендей қиялдағы мұраттың өлшемімен өлшемей, мұны кәдімгі адамдардың практикалық қозғалысы деп қарайтын болсақ, жаңа «рекруттарды» үстіүстіне қатыстыру, еңбекші бұқараның жаңа топтарын тарту ісімен қоса-қабат теория мен тактика саласында қалай да ауытқушылықтар туып отырады, ескі қателіктер қайталанып отырады, ескірген көзқарастар мен ескірген тәсілдерге уақытша қайта оралушылық, т. т. болып отырады, бұл айқын нәрсе. Әрбір елдің жұмысшы қозғалысы рекруттарды «үйретуге» күш-қуатын, назарын, уақытын азды-көпті мөлшерде ауық-ауық бөліп отырады.

Одан соң. Капитализмнің даму шапшаңдығы түрлі елдерде және халық шаруашылығының түрлі салаларында біркелкі емес. Ірі өнеркәсіп мықтап дамыған жағдайда жұмысшы табы мен оның идеологтары марксизмді неғұрлым оңай, неғұрлым тез, неғұрлым толық, неғұрлым тиянақты ұғынады. Өз дамуы жағынан артта қалған немесе кенжелеп қалған экономикалық қатынастар жұмысшы қозғалысында марксизмнің кейбір жақтарын ғана, дүниеге жаңа көзқарастың жеке бөлектерін немесе жекелеген ұрандарын, талаптарын ғана меңгере алатын жақтастарының пайда болуына үнемі әкеп соғып отырады, жұмысшы қозғалысының мұндай жақтастары жалпы алғанда дүниеге буржуазиялық көзқарастың, жекелеп алғанда дүниеге буржуазиялық-демократиялық көзқарастың барлық дәстүрлерінен үзілді-кесілді қол үзе алмайды.

Одан соң, қайшылықтарымен қоса және қайшылықтар арқылы ілгері басатын қоғамдық дамудың диалектикалық сипаты алауыздықтарды әрдайым туғызып отыратын негіз болып табылады. Капитализм прогресті, өйткені ол ескі өндіріс әдістерін жояды, өндіргіш күш-

№ 1.

ЗВѢЗДА

еженедѣльная газета.

Адресъ конторы и редакціи С.-Петербургъ, В. Московская д. 16, кв. 9.

Цѣна № 5 к.

16-го декабря 1910 года.

Чумныя заболѣванія въ Астраханской губ.

Гибель авіатора во Франціи.

Статья Плеханова о Толстомъ.

Современный Міръ № 12.

Въ товариществѣ ЗНАНІЕ С.-Петербургъ, Невскій, 92.

Тридцать второй сборникъ.

Тридцать третій сборникъ.

10 шт. „ДЕЯ" 6 коп.

МОЛОДЕЖЬ

За ОДИНЪ рубль

Наша задача.

Не нашли...

В. И. Лениннің «Европа жұмысшы қозғалысындағы алауыздықтар» деген мақаласы басылған «Звезда» газетінің 1910 жылғы 16 декабрьдегі 1-номерінің бірінші беті.

Кішірейтілген

терді дамытады, сонымен қатар дамудың белгілі сатысында ол өндіргіш күштердің өсуіне кедергі жасайды. Ол жұмысшыларды жетілдіреді, ұйымдастырады, тәртіпке келтіреді,— және ол қысым көрсетеді, езгіге түсіреді, азғындыққа, қайыршылыққа ұшыратады, т. т. Капитализм өзінің көрін қазушыны өзі туғызады, жаңа құрылыстың элементтерін өзі жасайды, ал сонымен қатар бұл жеке элементтер «секіріссіз» істің жалпы жағдайын ешбір өзгертпейді, капитал үстемдігінің қаймағын да бұзбайды. Нақты өмірдің, капитализм мен жұмысшы қозғалысының нақты тарихының осы қайшылықтарын диалектикалық материализмнің теориясы ретінде марксизм қамти біледі. Бірақ бұқараның кітапшадан емес, өмірден үйренетіндігі өзінен-өзі түсінікті, сондықтан да жеке адамдар немесе топтар капиталистік дамудың біресе бір белгісін, біресе екінші белгісін, осы дамудың біресе бір «сабағын», біресе екінші «сабағын» үнемі асыра дәріптеп отырады, оны сыңаржақ теорияға, тактиканың сыңаржақ жүйесіне айналдырып алады.

Буржуазия идеологтары, либералдар мен демократтар, марксизмді түсінбей, қазіргі жұмысшы қозғалысын түсінбей, дәрменсіз бір ұшқарылықтан екінші ұшқарылыққа үнемі аттап өтіп отырады. Біресе олар бүкіл істі зұлым адамдар бар тапты басқа бір тапқа «өшіктіріп отыр» деп түсіндіреді,— біресе өздерін өздері жұмысшы партиясы «бейбіт реформалар партиясы» деп жұбатады. Жұмысшы қозғалысының *бір* жағын қармайтын, сыңар жақтықты теорияға айналдырып алатын, осы қозғалыстың белгілі бір кезеңнің өзіндік ерекшелігі болып отырған тенденцияларын немесе белгілерін, жұмысшы табы қызметінің белгілі бір жағдайларын өзара бірін-бірі жоққа шығаратын нәрсе деп жариялайтын анархистік-синдикализмді де, реформизмді де осы буржуазиялық дүние танымның және оның ықпалының тікелей нәтижесі деп есептеу керек. Ал табиғаттағы тіршілік пен дамудың баяу эволюцияны да, шапшаң секірістерді де, бірте-бірте болатын үзілістерді де қамтитыны сияқты, шын өмірдің, шын тарихтың өзі де осы әр алуан тенденцияларды *қамтиды.*

Ревизионистер «секірістер» жайындағы және жұмысшы қозғалысының бүкіл ескі қоғамға принциптік қарама-қарсылығы жайындағы пайымдаулардың бәрін бос сөз деп есептейді. Олар реформаларды социализмнің ішінара жүзеге асырылуы деп біледі. Анархист-синдикалист «ұсақ жұмысты», әсіресе парламент трибунасын пайдалануды теріске шығарады. Іс жүзінде бұл соңғы тактика ұлы оқиғаларды туғызатын күштерді жинай білмегендіктен «ұлы күндерді» тосып отыруға келіп саяды. Бұлардың қай-қайсысы болсын ең маңызды, ең көкейтесті іске: жұмысшылардың ірі, күшті, жақсы жұмыс істейтін, *қандай* жағдайда *болсын* жақсы жұмыс істей білетін ұйымдарға топтасуына, тап күресі рухына толы, өз мақсаттарын анық ұғатын, нағыз маркстік дүние таным жолымен тәрбиеленетін ұйымдарға топтасуына кедергі келтіреді.

Бұл арада біз кішкене шегініс жасап, болуы ықтимал түсінбеушіліктердің тумауы үшін жақша ішінде мынаны айта кетпекшіміз: Паннекук өзінің талдауын тек қана Батыс Европа тарихынан, әсіресе Германия мен Франция тарихынан алынған мысалдармен көрсетеді, ал Россияны *мүлде ескермейді.* Егер кейде ол Россияны емеурінмен айтып отырған сияқты көрінсе, онысы Россияның Батыстан мәдени, тұрмыс және тарихи-экономикалық айырмашылықтары орасан зор екендігіне қарамастан, маркстік тактикадан белгілі бір шегінушіліктерді туғызатын негізгі тенденциялардың бізден де біліліп отырғанына ғана байланысты.

Ақырында, жұмысшы қозғалысына қатысушылардың арасында алауыздықтар туғызатын аса маңызды себеп жалпы алғанда билеуші таптардың тактикасындағы, әсіресе буржуазияның тактикасындағы өзгерістер болып табылады. Буржуазияның тактикасы әрдайым біркелкі немесе ең болмағанда әрдайым біртекті болсыншы,— жұмысшы табы оған нақ сондай біркелкі немесе біртекті тактикамен жауап беруді тез үйреніп алар еді. Іс жүзінде буржуазия барлық елдерде қалай да басқарудың екі жүйесін, өз мүдделері үшін күресудің және өз үстемдігін қорғаудың екі түрлі әдісін жасап алады,

оның үстіне бұл екі әдіс біресе алма-кезек ауысып отырады, біресе түрліше қиюласып, өзара ұштасып отырады. Бұл, біріншіден, зорлық-зомбылық әдісі, жұмысшы қозғалысына қандай да болсын кеңшіліктер жасаудан бас тарту әдісі, барлық ескі және күні өткен мекемелерді қолдау әдісі, реформалар жасауды ымырасыздықпен теріске шығару әдісі. Батыс Европада барған сайын жер иеленуші таптардың саясаты болудан қалып, барған сайын жалпы буржуазиялық саясаттың бір түріне айналып келе жатқан кертартпа саясаттың мәні осындай. Екінші әдіс—«либерализм» әдісі, саяси праволарды дамыту жағына, реформалар, кеңшіліктер беру, т. т. жағына қарай қадамдар жасау әдісі.

Буржуазия бір әдістен екінші әдіске көшкенде жеке адамдардың зұлымдық есебі бойынша емес, кездейсоқтықтан да емес, өз жағдайының түбегейлі қайшылығы себепті көшеді. Қалыпты капиталистік қоғам баянды өкілдігі бар құрылысы болмайынша, халықтың белгілі дәрежеде саяси праволары болмайынша ойдағыдай дами алмайды; ал халық «мәдениет» жағынан біршама жоғары талап қоймай отыра алмайды. Мәдениеттіліктің белгілі дәрежедегі минимумы жағынан алғанда бұл талап қоюшылықты жоғары техникасы бар, күрделі, икемді, ширақ, дүние жүзілік бәсекені тез дамытатын, т. с. сипаттағы капиталистік өндіріс әдісінің өз жағдайлары туғызады. Осының салдарынан буржуазияның тактикасындағы ауытқушылық, зорлық-зомбылық системасынан кеңшілік жасағансу системасына көшу — Европаның барлық елдерінің соңғы жарты ғасырдағы тарихына тән құбылыс; оның үстіне түрлі елдер белгілі бір кезеңдер ішінде екі әдістің бірін қолдануды басымырақ өрістетіп отырады. Мәселен, Англия XIX ғасырдың 60-жылдары мен 70-жылдарында «либералдық» буржуазиялық саясаттың классикалық елі болды, Германия 70-жылдар мен 80-жылдарда зорлық-зомбылық әдісін қолданды, т. т.

Германияда осы әдіс үстем болған кезде буржуазиялық басқару системаларының осы бір түрінің сыңаржақ сарыны анархистік-синдикализмнің, немесе, сол кездегіше айтқанда, жұмысшы қозғалысындағы анар-

хизмнің өсуі болды (90-жылдардың бас кезіндегі «жастар»[41], 80-жылдардың бас кезіндегі Иоган Мост). 1890 жылы «кеңшіліктер жасауға» қарай бетбұрыс басталған кезде бұл бетбұрыс, әрқашандағысы сияқты, жұмысшы қозғалысы үшін бұрынғыдан да қауіпті болып шықты, буржуазиялық «реформаторлықтың» дәл сондай сыңаржақ сарынын — жұмысшы қозғалысындағы оппортунизмді туғызды. «Буржуазияның либералдық саясатының дұрыс, нақты мақсаты,—дейді Паннекук,— жұмысшыларды адастыру, олардың арасында жік туғызу, олардың саясатын дәрменсіз, әрқашан да дәрменсіз және тұрлаусыз реформаторлықсымақтың дәрменсіз шылауына айналдыру».

Буржуазияның белгілі уақыт бойында өз мақсатына «либералдық» саясат арқылы жететіндігі жиі кездеседі, бұл саясат, Паннекуктің тауып айтқанындай, «неғұрлым зымиян» саясат болып табылады. Жұмысшылардың бір бөлегі, олардың өкілдерінің бір бөлегі кеңшілік жасау сияқтанған нәрселерге кейде алданып қалады. Ревизионистер тап күресі туралы ілімді «ескірген ілім» деп жариялайды немесе іс жүзінде одан безуге бекінген саясат жүргізе бастайды. Буржуазиялық тактиканың бұралаң жолдары жұмысшы қозғалысында ревизионизмді күшейтеді және оның ішіндегі алауыздықтарды тікелей жік туғызуға дейін жеткізуі жиі кездеседі.

Осы аталғандар сияқты себептердің бәрі жұмысшы қозғалысының ішінде, пролетарлық ортаның ішінде тактика жөнінде алауыздықтар туғызады. Бірақ пролетариат пен оған жанасып жүрген ұсақ буржуазия топтарының, оның ішінде шаруалардың да, арасында қытай қорғаны жоқ, болуы да мүмкін емес. Әлбетте, жеке адамдардың, топтар мен жіктердің ұсақ буржуазиядан пролетариат жағына өтуі, өз тарапынан, сол пролетариаттың тактикасында ауытқулар туғызбай қоймайды.

Түрлі елдердегі жұмысшы қозғалысының тәжірибесі практиканың нақты мәселелерінде маркстік тактиканың мәнін түсінуге жәрдемдеседі, неғұрлым кенже қал-

ған елдердің марксизмнен шегінушіліктердің шын таптық мәнін айқын ажыратып, бұл шегінушіліктерге қарсы ойдағыдай күресуіне жәрдемдеседі.

«Звезда» № 1, 16 декабрь, 1910 ж.
Қол қойған: В. Ильин

«Звезда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ТОЛСТОЙ ЖӘНЕ ПРОЛЕТАРЛЫҚ КҮРЕС

Толстой үстем таптарды орасан күшпен, шын ниетімен түйреді, қазіргі қоғамның тірегі болып отырған барлық мекемелердің ішкі жалғандығын: шіркеуді, сотты, милитаризмді, «заңды» некені, буржуазиялық ғылымды асқан көрегендікпен әшкереледі. Бірақ оның ілімі қазіргі құрылыстың корін қазушының, пролетариаттың, өміріне, жұмысы мен күресіне мүлде қайшы болып шықты. Ал Лев Толстойдың уағызында кімнің көзқарасы бейнеленді? Ол қазіргі өмірдің қожайындарын *қазірдің өзінде-ақ* жек көретін, бірақ оларға қарсы саналы, дәйекті, ақыр аяғына дейін, бітіспес күрес жүргізу дәрежесіне *әлі де* жетпеген орыс халқының бүкіл сан миллиондаған бұқарасының сөзін айтты.

Ұлы орыс революциясының тарихы мен нәтижесі саналы, социалистік пролетариат пен ескі режимді үзілді-кесілді қорғаушылардың *аралығында* болып шыққан бұқараның нақ осындай екенін көрсетті. Бұл бұқара,— ең алдымен, шаруалар,— революция кезінде ескілікке өзінің өшпенділігі қаншалықты күшті екенін, қазіргі режимнің барлық ауыртпалықтарын қаншалықты қатты сезіп отырғанын, бұл ауыртпалықтардан құтылып, жақсы өмірге жетуге талпынған стихиялық талабы қаншалықты зор екенін көрсетті.

Сонымен қатар революция кезінде бұл бұқара өз өшпенділігінде саналылығы кем, өз күресінде дәйексіз, жақсы өмірді іздеуінде өресіз екендігін де көрсетті.

Ең түңғиығына дейін толқыған ұлы халық теңізі, барлық әлсіз жақтарын, барлық күшті жақтарын қоса алғанда, Толстойдың ілімінен бейнесін тапты.

Лев Толстойдың көркем шығармаларын зерттей отырып, орыс жұмысшы табы өз дұшпандарын жақсырақ таниды, ал бүкіл орыс халқы Толстойдың *ілімін* байыптай отырып, өзінің азаттық ісін ақырына дейін жеткізуіне мүмкіндік бермеген өз әлсіздігінің неде екенін түсінуге тиісті болады. Алға басу үшін мұны түсіну керек.

Толстойды «барша жұрттың ар-намысы», «өмір ұстазы» деп жариялайтындардың бәрі нақ осы алға ұмтылған қозғалысқа бөгет жасап отыр. Бұлай деп жариялау — өтірік, мұны Толстой ілімінің революцияға қарсы жағын пайдаланғысы келетін либералдар әдейі таратып жүр. Толстойды «өмір ұстазы» деген осы өтірікті либералдарға ілесіп, кейбір бұрынғы социал-демократтар да қайталап отыр.

Жақсы өмірге жетуді Толстойдан емес, Толстойдың өзі маңызын түсінбеген таптан және Толстой жек көрген ескі дүниені қиратуға бірден-бір қабілетті таптан,— пролетариаттан,—үйрену керек екенін түсінген кезде ғана орыс халқының азаттыққа қолы жетеді.

«Рабочая Газета» № 2,
18 (31) декабрь, 1910 ж.

«Рабочая Газетаның» тексті бойынша басылып отыр

ДЕМОНСТРАЦИЯЛАРДЫҢ БАСТАЛУЫ

Революцияның 1905 жылдан 1907 жылға дейінгі үш жылынан кейін Россия контрреволюцияның 1908 жылдан 1910 жылға дейінгі үш жылын, қара Думаның, асқынған зорлық-зомбылық пен правосыздықтың, капиталистердің жұмысшыларға жасаған қысымының, жұмысшылардың қолы жеткен жеңістерін тартып алудың үш жылын бастан кешірді. 1905 жылы сағы сындырылған, бірақ жойылмай қалған патша самодержавиесі күшін жинап, III Думада помещиктермен және капиталистермен бірікті, Россияда ескі тәртіптерді қайтадан енгізді. Капиталистердің жұмысшыларды езуі бұрынғыдан да күшейе түсті, қалада, әсіресе деревняда чиновниктердің заңсыздығы мен жүгенсіздігі бұрынғыдан да озбырлана түсті, бостандық үшін күрескерлерді жазалау бұрынғыдан да асқына түсті, өлім жазалары бұрынғыдан да жиіленіп кетті. Патша үкіметі, помещиктер мен капиталистер өз жауларын жою үшін бұқаралық күрестің толастауын пайдаланып қалуға дәл асыққандай, революцияшыл таптардан, ең алдымен пролетариаттан революция жасағаны үшін өршелене *өш алды.*

Бірақ бірнеше шайқаста талқандауға, уақытша жаныштауға болатын, бірақ жойылуы *мүмкін емес* жаулар болады. Революцияның толық жеңуі әбден ықтимал нәрсе, ал мұндай жеңіс патша монархиясын мүлде жояр еді, крепостник-помещиктерді жермен-жексен етер еді, олардың барлық жерлерін шаруаларға тегін әперер еді,

чиновниктік басқаруды демократиялық өзін өзі басқарумен және саяси бостандықпен ауыстырар еді. Мұндай өзгерістердің ықтимал екендігі былай тұрсын, бұлар XX ғасырда әрбір елде *қажет,* мұндай өзгерістер Европаның *барлық* мемлекеттерінде азды-көпті ұзақ және қажырлы күрестің нәтижесінде қазірдің өзінде аздыкөпті толық жасалды.

Бірақ реакцияның *ешқандай* жеңістері, тіпті ең толық жеңістері де, контрреволюцияның ешқандай масайрауы патша самодержавиесінің жауларын, помещиктік және капиталистік езгінің жауларын жоя *алмайды,* өйткені ол жаулар—миллиондаған жұмысшылар, бұлар қалалар мен ірі фабрикаларда, заводтарда, темір жолдарда барған сайын көптеп жинала түсіп отыр. Ол жаулар — күйзеліске ұшырап отырған шаруалар, бұлар қазір, земство бастықтары мен бай шаруалар *заң бойынша* талау үшін, помещиктік Думаның *келісімімен,* барлық помещиктік және әскери өкімет орындарының *қорғауымен* шаруалардың жерін тартып алу үшін бірігіп отырған кезде, бұрынғыдан сан есе ауыр қасірет шегуде. Жұмысшы табы сияқты, кедей шаруалар сияқты жауларды жою мүмкін емес.

Ал біз қазір, мейлінше құтырынған контрреволюцияның үш жылынан кейін *халық бұқарасы,* өте-мөте езілгендер, жанышталғандар, жасытылғандар, алуан түрлі қуғын-сүргінмен үрейі ұшырылғандар тағы да бас көтере бастағанын, тағы да оянып, күреске кірісе бастағанын көріп отырмыз. Өлім жазаларының, қуғын-сүргіннің, айуандық жазалаулардың үш жылы ішінде самодержавиенің он мыңдаған «жаулары» ғана жойылды, жүз мыңдаған екінші «жаулары» түрмеге жабылды, айдауға жіберілді, тағы да жүз-жүз мыңдаған үшінші «жаулары» шошынып қалды. Бірақ миллиондаған, он миллиондаған адамдар қазірдің өзінде-ақ революцияға дейінгісіндей емес. Бұл миллиондар мұндай ғибрат аларлық, өнегелі сабақтарды, таптардың мұндай ашық күресін Россияның тарихында *ешқашан да* бастан кешіріп көрген емес. Осы миллиондар, ондаған миллиондар ішінде жаңадан терең, шамырқанған толқу басталып

отыр,— бұл үстіміздегі жылдың жазғы стачкаларынан және таяуда болған демонстрациялардан көрінді.

Россияда жұмысшы стачкалары революцияны әзірлеу кезінде де, революцияның жүріп жатқан кезінде де пролетариаттың, қазіргі қоғамда ақырына дейін бірден-бір революцияшыл тап болып табылатын осы алдыңғы қатарлы таптың ең көп таралған күрес құралы болды. Экономикалық және саяси стачкалар, біресе алма-кезек ауысып, біресе қоян-қолтық тұтас қозғалысқа ұласып, жұмысшылар бұқарасын капиталистер табы мен самодержавиелік үкіметке қарсы топтастырып отырды, бүкіл қоғамға қозғау салды, шаруаларды күреске көтерді.

1895 жылы үздіксіз бұқаралық стачкалар басталған кезде мұның өзі халық революциясын әзірлеу кезеңінің басталуы болды. 1905 жылғы январьда бір ай ішінде стачкашылар саны 400 мыңнан асқан кезде мұның өзі нақ революцияның басталуы болды. Революцияның барлық үш жылы ішінде стачкашылар саны, бірте-бірте төмендесе де (1905 жылы 3 миллионға жуық, 1906 жылы 1 миллион, 1907 жылы $^{3}/_{4}$ миллион), жоғары болғаны соншалық, дүние жүзінің бірде-бір елінде бұлай болып көрген емес.

1908 жылы стачкашылардың саны бірден күрт төмендеді (176 мың), ал 1909 жылы онан да бетер кеміді (64 мың), мұның өзі бірінші революцияның немесе, дұрысырақ айтқанда, революцияның бірінші кезеңінің аяқталғанын көрсетті.

Ал енді, үстіміздегі жылдың жазынан бері қарай тағы да өрлеу басталып отыр. Экономикалық стачкашылардың саны *өсіп келеді* және өте қатты өсіп келеді. Қаражүздік реакцияның *толық* үстемдік еткен кезеңі бітті. Жаңа өрлеу кезеңі басталып отыр. 1905 жылдан 1909 жылға дейін — үлкен үзілістермен болса да — *шегінген* пролетариат күштерін жинап, *шабуылға* көше бастады. Өнеркәсіптің кейбір салаларындағы жандану пролетариат күресінің дереу жандануына әкеп соғады.

Пролетариат күресті бастады. Халықтың басқа, буржуазиялық, демократиялық таптары мен топтары оны жалғастыруда. I Думаның баяу-либерал, демократияға жат председателі Муромцевтің қайтыс болуы манифес-

тациялардың бірінші батылсыздау бастамасын туғызды. Лев Толстойдың қайтыс болуы — ұзақ үзілістен кейін бірінші рет — көбіне студенттер, ішінара жұмысшылар да қатысқан *көше демонстрацияларын* туғызды. Толстойды жерлейтін күні бірсыпыра фабрикалар мен заводтардың жұмысын тоқтатуы, тым шағын болғанымен де, қыр көрсетілген ереуілдердің басталғанын көрсетеді.

Ең соңғы уақыттың ішінде Вологда мен Зерентуйда революциядағы ерлік күресі үшін қуғындалып жүрген каторгадағы біздің жолдастарымызды азаптаған патша түрмешілерінің айуандығы студенттер арасындағы толқуды бұрынғыдан бетер күшейте түсті. Россияның барлық жерлерінде жиындар мен митингілер болып жатыр, полиция университеттерге баса-көктеп кіріп, оқушыларды сабап, оларды қамауға алып, толқулар туралы сәл ғана шын сөз үшін газеттерді қудалап отыр, сөйтіп осынысы арқылы толқуды тек қана күшейте түсіп отыр.

Пролетариат күресті бастады. Демократияшыл жастар жалғастыруда. Орыс халқы жаңа күреске оянып, жаңа революцияға беттеп келеді.

Күрестің бірінші бастамасы-ақ 1905 жылы патша өкіметін шайқалтқан және оны осы болашақ революцияда қиратататын күштердің өмір сүріп отырғанын бізге тағы да көрсетіп берді. Күрестің бірінші бастамасы-ақ *бұқаралық* қозғалыстың маңызын бізге тағы да көрсетіп берді. *Бұқара* көтерілген екен, миллиондар қимылдай бастаған екен, ешқандай қуғын-сүргін де, ешқандай жазалау да қозғалысты тоқтата алмайды. Қуғын-сүргін күресті тек өршіте түседі, оған күрескерлердің жаңа топтарын тартқан үстіне тарта береді. Террористердің ешқандай қастандығы езілген бұқараны сескенте алмайды, ал бұқара көтерілген кезде жер бетіндегі ешқандай күш оны тоқтата алмайды.

Қазір бұқара көтеріле бастады. Бұл өрлеу, бәлкім, тез күшейер,— бәлкім, баяу, үзілістермен дамыр, бірақ қайткен күнде де мұның өзі революцияға бастайды. Орыс пролетариаты 1905 жылы барша жұрттың алдында жүрді. Осы даңқты өткен шақты еске түсіре отырып,

ол өз ұйымын, өз партиясын, Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясын қалпына келтіру үшін, нығайтып, дамыту үшін қазір бар күш-жігерін жұмсауға тиіс. Біздің партия қазір ауыр күндерді бастан кешіріп отыр, бірақ ол, пролетариаттың жеңімпаздығы сияқты, жеңімпаз партия.

Іске сәт, жолдастар! Барлық жерде ұйымдарды құру ісін, жұмысшылардың социал-демократиялық партия ұяларын құрып, нығайту ісін, экономикалық және саяси үгітті дамыту ісін қолға алыңдар. Бірінші орыс революциясында пролетариат халық бұқарасын бостандық жолында күресуге үйретті, ол екінші революцияда бұқараны жеңіске жеткізуге тиіс!

«Рабочая Газета» № 2,
18 (31) декабрь, 1910 ж.

«Рабочая Газетаның» тексті бойынша басылып отыр

ДЕРЕВНЯДА НЕ ІСТЕЛІП ЖАТЫР?

Газеттерде бұрынғы егіншілік министрі Ермоловтың «Россиядағы қазіргі өрт індеті» туралы жаңа кітабы жөнінде талас жүріп жатыр. Либералдық баспасөз деревняда өрт революциядан кейін әлсіреген жоқ, қайта күшейе түсті деп көрсетті. Реакциялық газеттер Ермоловтың «өрт салушылардың жүгенсіздігі» туралы, «деревнядағы террор», т. т. туралы айқайы мен байбаламын іліп әкетті. Деревнядағы өрт саны тым көп мөлшерде өскен: мәселен, Тамбов губерниясында 1904 жылдан 1907 жылға дейін —*екі есе,* Орел губерниясында — *2½ есе,* Воронеж губерниясында *3 есе* өскен. «Азды-көпті дәулетті шаруалар,—деп жазады үкімет алдында құрдай жорғалайтын «Новое Время»,— хуторларға шыққысы келеді, жаңа дақыл өсіруге әрекеттенеді, бірақ дәл жау еліндегідей-ақ олар тағыланған деревня сотқарларының тарапынан партизандық қоршауды бастан кешіріп отыр. Олардікін өртейді де таптайды, таптайды да өртейді, «бәрін тастап, басыңның ауған жағына қарай қашсаң болғандай»».

Патша үкіметін жақтаушылардың ұнамсыз нәрсені мойындауларына тура келіп отыр! Біздер үшін, социал-демократтар үшін, жаңа мәліметтер қызықсыз емес, бұлар үкіметтің өтірігін және либералдық саясаттың бейшара дәрменсіздігін тағы да дәлелдеп отыр.

Орыс деревнясындағы ескі тәртіптерді тарихтың біржолата мансұқ еткенін 1905 жылғы революция толық көрсетіп берді. Дүние жүзінде ешқандай күш бұл тәр-

тіптерді нығайта алмайды. Бұл тәртіптерді қалай өзгерту керек? Шаруалар бұқарасы бұған 1905 жылғы өз көтерілістерімен жауап берді, I және II Думалардағы [42] өз депутаттары арқылы жауап берді. Помещиктік жерлер помещиктерден тегін тартып алынуға тиіс. 30 000 помещиктің (басшысы Николай Романовтың өзін қоса) *70 миллион* десятина жері, ал 10 миллион шаруа үйінің жері де сол мөлшерге жуық болып отырғанда, бүкіл халық шаруашылығында кіріптарлықтан, лажсыз қайыршылықтан, күйзелістен және тоқыраудан басқа еш нәрсе болмақ емес. Сондықтан социал-демократиялық жұмысшы партиясы шаруаларды революциялық күреске шақырды. Бүкіл Россияның жұмысшылары өздерінің 1905 жылғы бұқаралық стачкалары арқылы шаруалар күресін біріктіріп, оған жөн сілтеді. Либералдардың «әділ бағамен белгіленген төлем ақы» бойынша шаруаларды помещиктермен «татуластыру» жоспары мағынасыз, бейшаралық, сатқындық айла еді.

Столыпин үкіметі ескі деревнялық тәртіптерді қалай өзгертпекші? Ол шаруалардың толық күйзелуін тездетуді, помещиктік жерлерді сақтап қалуды, ат төбеліндей аз ғана бай шаруалардың «хуторларға шығуына», қауымдық жерден неғұрлым көбірек қармап қалуына көмектесуді көздейді. Үкімет бүкіл шаруалар бұқарасы өзіне қарсы екенін түсінді, сондықтан ол бай шаруалардан өзіне одақтастар табуға тырысып отыр.

Үкімет «реформасын» жүзеге асыру үшін «20 жыл тыныштық» керек, деді бірде Столыпиннің өзі. «Тыныштық» деп ол шаруалардың көнбістілігін, зорлық-зомбылыққа қарсы күрестің болмауын айтады. Ал земство бастықтарының және басқа өкімет орындарының зорлық-зомбылығынсыз, қадам басқан сайын жасалатын зорлық-зомбылығынсыз, *ондаған миллиондарға* жасалатын зорлық-зомбылықсыз, олардың дербестікке ұмтылған ең болмашы әрекеттерін басып-жаныштаусыз столыпиндік «реформа» жүргізіле алмайды. Столыпин 20 жыл былай тұрсын, үш жылға да «тыныштық» орната алмады, орната да алмайды: бұрынғы министрдің деревнядағы өрт туралы кітабының патша қызметшілерінің есіне салған ұнамсыз шындығы, міне, осы.

Үкімет кіріптар етіп отырған алапат мұқтаждық, қайыршылық, аштық өлім жағдайынан құтылу үшін шаруалардың патша өкіметін құлату жолында пролетариатпен бірге бұқаралық күрес жүргізуден басқа жолы жоқ, болмақ та емес. Осындай күрес үшін пролетариаттың күштерін әзірлеу, пролетарлық ұйымдарды құру, дамыту, нығайту,— РСДРП-ның кезектегі міндеті, міне, осы.

«Рабочая Газета» № 2,
18 (31) декабрь, 1910 ж.

«Рабочая Газетаның» тексті
бойынша басылып отыр

ИВАН ВАСИЛЬЕВИЧ БАБУШКИН

(НЕКРОЛОГ)

Біз өмір сүріп отырған қарғыс атқан жағдайда мынадай нәрсенің болуы мүмкін: партияның ірі қызметкері, партияның мақтанышы, жұмысшы ісіне бар өмірін қалтқысыз сарп еткен жолдасымыз хабар-ошарсыз кетеді. Ал оның әйелі мен анасы сияқты ең жақын адамдары, ең жақын жолдастары оның не күйде екенін: әлде бір каторгада азап шегіп жүр ме, қайсыбір түрмеде қаза тапты ма немесе дұшпанмен шайқас үстінде ерлікпен ажал құшты ма, оны жылдар бойы білмейді. Ренненкампф атып өлтірткен Иван Васильевичтің жайы осылай болды. Оның өлтірілгенін біз тіпті таяуда ғана білдік.

Иван Васильевичтің есімі талай-талай социал-демократқа ардақты да қымбат. Оны білетіндердің бәрі жігерлілігі, бос сөзден аулақтығы, нағыз ұстамды революцияшылдығы, іске жан-тәнімен берілгендігі үшін сүйіп, құрметтеуші еді. Ол, Петербург жұмысшысы, 1895 жылы басқа бір топ саналы жолдастармен бірге Нева заставасының сыртындағы Семянников, Александров, Шыны заводтарының жұмысшылары арасында қызу жұмыс жүргізеді, үйірмелер құрады, кітапханалар ашады және өзі де үнемі бар ықыласымен оқып-үйренеді.

Ол өзінің барлық ой-ниетін жұмысты неғұрлым өрістету жағына жұмсайды. Ол 1894 жылы күзде С.-Петербургте шығарылған *тұңғыш үгіт листогын,* Семянников жұмысшыларына арналған листокты жазуға белсене қатысып, оны өз қолымен таратады. С.-Петербургте «Жұ-

мысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы»[43] құрылған кезде Иван Васильевич оның ең белсенді мүшелерінің бірі болып, онда өзі қамалғанға дейін жұмыс істейді. Шетелде социал-демократиялық партияны біріктіріп, нығайту ісіне ат салысарлық саяси газет ұйымдастыру идеясын Петербургте істес болған ескі жолдастарымен — «Искраның»[44] негізін қалаушылармен — бірге талқылаган кезде, ол мұны барынша қызу қолдаған еді. Иван Васильевич бостандықта жүргенде «Искра» нағыз жұмысшы корреспонденциялары жағынан тапшылық көрмейді. «Искраның» алғашқы 20 номерін қарап шығыңызшы, ондағы корреспонденциялардың бәрі де Шуядан, Иваново-Вознесенскіден, Орехово-Зуеводан және Россияның басқа да орталық жерлерінен жазылған: осылардың бәрі дерлік «Искра» мен жұмысшылар арасында аса тығыз байланыс орнатуға тырысқан Иван Васильевичтің қолынан өткен-ді. Иван Васильевич «Искраның» ең іждағатты тілшісі, оның жалынды жақтаушысы болды. Бабушкин орталықауданнан оңтүстікке, Екатеринославқа барады, ол жерде оны қамауға алып, Александровскідегі түрмеге отырғызады. Ол басқа бір жолдаспен бірге терезенің темір торын кесіп, Александровскіден қашып кетеді. Бірде-бір шетел тілін білмесе де, ол Лондонға жетеді, ол кезде «Искра» редакциясы сонда болатын. Онда көп әңгімелер айтылды, көп мәселе бірге талқыланды. Бірақ Иван Васильевичтің партияның екінші съезінде болуына сәті түспеді... түрме мен айдаудың салдарынан ол көпке дейін қатардан шығып қалды. Көтеріле түскен революция толқыны жаңа қызметкерлерді, партияның жаңа қайраткерлерін шығарды, ал Бабушкин бұл кезде партия өмірінен шалғай, қиыр солтүстікте, Верхоянскіде жүрген еді. Ол уақытын босқа өткізген жоқ, оқып-үйренді, күреске әзірленді, жұмысшылар арасында, айдауда бірге жүрген жолдастары арасында жұмыс жүргізді, оларды саналы социал-демократ және большевик етіп шығаруға күш салды. 1905 жылы амнистия жасалып, Бабушкин Россияға бет алды. Бірақ ол кезде Сибирьде де күрес қызып жатқан еді, ол жерде де Бабушкин сияқты адамдар керек болатын. Ол Иркутск комитетіне кіріп,

жұмысқа жан-тәнін сала кірісіп кетті. Жиналыстарда сөз сөйлеуге, социал-демократиялық үгіт жүргізуге, көтеріліс ұйымдастыруға тура келді. Бабушкин басқа бес жолдаспен бірге — олардың есімдері бізге мәлімсіз болып қалды — Читага* жеке вагонмен қыруар қару-жарақ апара жатқан кезде поезд Ренненкампфтың жазалау экспедициясының** қолына түседі, сөйтіп алтауы түгелдей, ешбір сотсыз-ақ, апыл-құпыл қазыла салған бір көрдің шетіне қойылып, табанда атылады. Олар ерлерше қаза тапқан. Мұны олардың өлімін көзімен көрген солдаттар және нақ сол поезда болған теміржолшылар айтқан. Бабушкин патша опричнигінің айуандық жазалауының құрбаны болды, бірақ ол өзі өлсе де, өзінің бар өмірін жұмсаған ісінің өлмейтінін, ол істі он мыңдаған, жүз мыңдаған, миллиондаған өзге қолдардың жалғастыра беретінін, осы іс жолында басқа да жұмысшы жолдастардың жан қиятынын, олардың жеңіп шыққанша күресе беретінін білді...

* *
*

Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы «интеллигенттік» партия, жұмысшылар одан қол үзген, Россиядағы жұмысшылар — социал-демократиясыз социал-демократтар, әсіресе революцияға дейін және едәуір дәрежеде революция кезінде осылай болды деген ертегіні ойдан шығарып, таратып жүрген адамдар бар. Либералдар бұл өтірікті бұқараның революциялық күресіне, 1905 жылы РСДРП басшылық еткен күреске жаны қас болғандығынан таратады, ал социалистердің кейбіреулері бұл жалған теорияны пайымсыздығынан немесе шалағайлығынан қабылдайды. Иван Васильевич Бабушкиннің өмірбаяны, осы *искрашыл-жұмысшының* он жыл бойғы социал-демократиялық жұмысы либералдардың өтірігін бекерге шығарудың нақты айғағы. И. В. Бабушкин — революциядан *10 жыл* бұрын социал-демократиялық *жұмысшы* партиясын құра баста-

* Каруды Читадан алып бара жатқаны кейін анықталды. *Ред.*

** Мұның А. Н. Меллер-Закомельскийдің жазалау экспедициясы екені кейінірек анықталды. *Ред.*

ған алдыңғы қатарлы жұмысшылардың бірі. Пролетарлық бұқара арасында *осындай* озықтар қажымай-талмай ерлік-табандылықпен жұмыс істемеген болса, РСДРП он жыл түгіл, он ай да өмір сүрмеген болар еді. Тек *осындай* озықтардың қызметі арқасында ғана, тек солардың қолдауы арқасында ғана РСДРП 1905 жылы партия болып өсіп жетілді; бұл партия октябрь мен декабрьдің ұлы күндерінде пролетариатпен *біте қайнасып кетті,* бұл партия II Думаның ғана емес, сонымен қатар III, қаражүздік, Думаның да *жұмысшы депутаттары* арқылы осы байланысты сақтап қалды.

Либералдар (кадеттер) I Думаның таяуда қайтыс болған председателі С. А. Муромцевті халық батыры етіп көрсетпек болады. Біз, социал-демократтар, тіпті Муромцев сияқты баяу және момақан чиновниктерді де қудалаған патша үкіметіне реті келгенде жек көрушілік және өшпенділік сезімімізді білдірмей қалуға тиісті емеспіз. Муромцев либерал чиновник қана болатын. Ол керек десе демократ та емес еді. Ол бұқараның революциялық күресінен қорқатын. Ол Россия үшін бостандықты мұндай күрестен емес, патша самодержавиесінің қайырымдылығынан, орыс халқының осы зұлым, мейрімсіз дұшпанымен жасалатын *келісімнен* күтетін. Мұндай адамдарды орыс революциясының халық батырлары деу ерсі-ақ.

Ал ондай халық батырлары бар. Олар — Бабушкин сияқты адамдар. Олар — революция алдында бір жыл, екі жыл емес, тұтас 10 жыл бойы бар күшін жұмысшы табын азат ету жолындағы күреске бүтіндей бағыштаған адамдар. Олар — жеке-дара адамдардың пайдасыз террорлық әрекетіне өз күшін ысырап етпей, пролетарлар бұқарасы арасында қажырлы, табанды жұмыс істеген, *оның* сана-сезімін, *оның* ұйымын, *оның* революциялық іс-әрекетін дамытуға көмектескен адамдар. Олар — дағдарыс басталған кезде, революция лап еткен кезде, миллион-миллиондар қимылға кіріскен кезде патша самодержавиесіне қарсы бұқаралық қарулы күресті басқарған адамдар. Патша самодержавиесінен жеңіп алынғанның бәріне *тек қана* Бабушкин сияқты адамдар басшылық еткен бұқара күресі арқылы қол жетті.

Мұндай адамдар болмаса, орыс халқы мәңгі-бақи құл халық, малай халық болып қалар еді. Орыс халқы қанау атаулының бәрінен өзіне толық азаттықты осындай адамдармен ғана жеңіп алады.

1905 жылғы декабрь көтерілісінің бес жылдығы өтіп те кетті. Жауға қарсы күресте қаза тапқан озық жұмысшыларды еске түсіре отырып, осы жылдықты құрметпен атап отеміз. Біз жұмысшы жолдастарға өтініш жолдап, сол кездегі күрес туралы есте қалғандарын және Бабушкин туралы, сондай-ақ 1905 жылғы көтерілісте қаза тапқан басқа да социал-демократ жұмысшылар туралы қосымша мәліметтерді жинап, бізге жіберулерін сұраймыз. Біз осындай жұмысшылардың өмірбаянын кітапша етіп шығармақпыз. Мұндай кітапша әр алуан дүдәмалшыларға және Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының маңызын кемітушілерге берілген ең жақсы жауап болады. Мұндай кітапша жас жұмысшылар үшін ең жақсы оқу құралы болады: олар әрбір саналы жұмысшының қалай өмір сүріп, қалай қимыл жасау керек екенін осы кітапшадан үйренетін болады.

«Рабочая Газета» № 2,
18 (31) декабрь, 1910 ж.

«Рабочая Газетаның» тексті
бойынша басылып отыр

МАРКСИЗМНІҢ ТАРИХИ ДАМУЫНЫҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ

Энгельс өзі туралы және өзінің атақты досы туралы айта келіп: біздің ілiміміз догма емес, іске басшылық деген еді. Осы классикалық қағидада марксизмнің ылғи да ескерілмей қалып жүретін жағы тамаша күшті, тамаша айқын көрсетілген. Ал мұны естен шығарсақ, біз марксизмді сыңаржақ, кемтар, өлі марксизм етеміз, біз одан оның өмірінің мәнін кетіріп аламыз, оның түбегейлі теориялық негіздерін — диалектиканы, жан-жақты және қайшылықтарға толы тарихи даму туралы ілімді бұзып аламыз; біз оның дәуірдің белгілі бір практикалық міндеттерімен байланысын бұзып аламыз; ал бұл міндеттер тарихтың әрбір жаңа бетбұрысында өзгеріп отыруы мүмкін.

Атап айтқанда нақ біздің заманда марксизмнің Россиядағы тағдырларына көңіл бөлетін адамдардың арасында марксизмнің нақ осы жағын естен шығарып жүрген адамдар өте-мөте жиі кездеседі. Ал оның бер жағында соңғы жылдарда Россия шұғыл өзгерістерді басынан кешіргені жұрттың бәріне белгілі; бұл өзгерістер жағдайды, жағдай болғанда, жасалатын қимылдың шарттарын, демек, сол қимылдың міндеттерін де таяу арада және тікелей белгілеп беретін әлеуметтік-саяси жағдайды тым жылдам, тым шұғыл өзгертіп жіберді. Мен, әрине, таптардың арасындағы негізгі арасалмақ өзгермей тұрып, тарихтың бетбұрысында өзгермейтін жалпы және негізгі міндеттер туралы айтып отырғаным жоқ. Россияның экономикалық (және экономика-

лық қана емес) эволюциясының осы жалпы бағыты, сол сияқты орыс қоғамының түрлі таптарының арасындағы негізгі арасалмағы да, айталық, соңғы алты жылдың ішінде өзгермегені әбден айқын.

Бірақ нақты әлеуметтік-саяси жағдайдың өзгергендігінен бұл уақыттың ішінде таяудағы, тікелей қимыл міндеттері өте шұғыл өзгеріп кетті,— ал, *олай болса,* жанды доктрина болып табылатын марксизмде де оның *әр түрлі* жақтары алдыңғы қатарға *қойылмай отыра алмады.*

Бұл пікірді түсіндіру үшін нақты әлеуметтік-саяси жағдайдың соңғы алты жыл ішіндегі өзгерісі қандай болғанына коз жіберіп көрелік. Бұл арада бізге осы дәуірдің екі үшжылдыққа бөлінетіні бірден байқалады: біреуі, шамамен алғанда, 1907 жылдың жазымен аяқталатын, екіншісі — 1910 жылдың жазымен аяқталатын үшжылдық. Бірінші үшжылдық, таза теориялық тұрғыдан қарағанда, Россияның мемлекеттік құрылысының негізгі белгілерінің тез өзгеруімен сипатталады, оның бер жағында бұл өзгерістердің барысы тіпті де бір қалыпты болған жоқ, екі жаққа да ауытқу шегі тым үлкен болды. «Қондырманың» бұл өзгерістерінің әлеуметтік-экономикалық базасы орыс қоғамының *барлық* таптарының *нағыз әр түрлі* майдандарда (Думадағы және Думадан тыс қызметте, баспасөзде, одақтарда, жиналыстарда, т. т.) соншама ашық, әсерлі, бұқаралық қимылдары болды; мұның өзі тарихта жиі кездесе бермейді.

Керісінше, екінші үшжылдық,— қайталап айтамыз, бұл жолы біз таза теориялық «социологиялық» тұрғыдан қараумен ғана шектелеміз,— тоқырауға тең дерлік өте баяу эволюциямен сипатталады. Мемлекет құрылысында азды-көпті елеулі ешқандай өзгеріс болған жоқ. Мұның алдындағы кезеңде осы қимылдар етек алған «ареналардың» көбісінде *таптардың* ешқандай немесе ешқандай дерлік ашық және жан-жақты қимылдары болған жоқ.

Екі кезеңнің бір-біріне ұқсастығы мынада: бұлардың қай-қайсысында да Россияның эволюциясы бұрынғы, капиталистік эволюция күйінде қала берді. Мұндай экономикалық эволюция мен толып жатқан феодалдық, ор-

та ғасырлық мекемелердің өмір сүруінің арасындағы қайшылық жойылмады, ол да бұрынғы күйінде қала берді, өйткені бұл қайшылық бәсеңдемейтін, қайта белгілі бір жекелеген мекемелерге буржуазиялық мазмұнның аздап енуіне байланысты шиеленісе түсетін қайшылық еді.

Екі кезеңнің бір-бірінен айырмашылығы мынада: бірінші кезең кезінде тарихи қимылдың алдында жоғарыда көрсетілген жедел, бір қалыпты емес өзгерістердің нәтижесі қалай болып шығар екен деген мәселе тұрды. Россияның эволюциясы капиталистік сипатта болғандықтан бұл өзгерістердің мазмұны буржуазиялық мазмұн болмай тұра алмады, бірақ буржуазияның да буржуазиясы бар. Азды-көпті баяу либерализм позициясында болған орташа және ірі буржуазия өзінің таптық жағдайына байланысты шұғыл өзгерістерден қорқып, аграрлық құрылыста да, саяси «қондырмада» да ескі мекемелердің едәуір қалдықтарын сақтап қалуға тырысты. Деревнялық ұсақ буржуазия «өз қолының еңбегімен» күн көріп отырған шаруалармен ұштаса отырып, орта ғасырлық ескіліктің қандайына болсын неғұрлым азырақ орын қалдыратын *басқаша* буржуазиялық өзгерістерге ұмтылмай тұра алмады. Жалдама жұмысшылар өздерінің төңірегінде болып жатқан оқиғаларға саналы түрде қарайтын болғандықтан, әр түрлі екі тенденцияның мұндай қақтығысына белгілі бір көзқарас белгілеп алмай тұра алмады, ал бұл тенденциялардың екеуі де буржуазиялық құрылыстың шеңберінде қала берді, бірақ ол құрылыстың мүлдем әр түрлі формаларын, оның дамуының мүлдем әр түрлі қарқынын, оның прогрестік ықпалдарының әр түрлі қамту ауқымын белгілеп отырды.

Сонымен, өткен үшжылдық дәуірде тактика мәселелері деп аталатын мәселелердің марксизмде бірінші қатарға қойылуы кездейсоқ емес, қажеттілік болды. Сондықтан әр түрлі вехишілдердің ойлайтынындай, бұл мәселелерден туған даулар мен пікір алалықтары «интеллигенттік» дау болды, «есейіп жетпеген пролетариатқа ықпал жүргізу жолындағы күрес» болды, «интеллигенцияның пролетариатқа бейімделуін» көрсетті де-

ген пікірден қате ештеңе жоқ. Керісінше, бұл тап есейіп жеткен тап болғандықтан да ол Россияның бүкіл буржуазиялық дамуының әр түрлі екі тенденциясының қақтығысуына немқұрайды қарап отыра алмады, ал бұл таптың идеологтары осы әр түрлі тенденцияларға сәйкес келетін (тікелей немесе жанама түрде сәйкес келетін, тікелей немесе керісінше бейнедегі) теориялық тұжырымдар бермей тұра алмады.

Екінші үшжылдықта Россияның буржуазиялық дамуындағы әр түрлі тенденциялардың қақтығысуы күн тәртібінде болған *жоқ,* өйткені бұл екі тенденцияның *екеуін де* «құмүйіз» таптап тастады, оларды кейінгі қатарға шегіндіріп жіберді, ішке қарай қуып тастады, біраз уақытқа дейін үнін өшірді. Орта ғасырлық құмүйіздер сахна төрін толтырып қана қойған жоқ, сонымен қатар буржуазиялық қоғамның нағыз қалың топтарының жүрегін вехишілдік пиғылмен, түңілу, үміт үзу рухымен толтырды. Ескіні өзгертудің екі әдісінің қақтығысуы емес, өзгерістің қандайына болсын сенімнің жойылуы, «жуасу», «өкіну» рухы, қоғамға қарсы ілімдерге әуестену, мистицизмді сәнге айналдыру, т. т.,— қалқып шыққан, міне, осылар еді.

Ал мұндай ғажап шұғыл өзгеріс кездейсоқтық емес еді, бір ғана «сыртқы» қысымның нәтижесі де емес еді. Осының алдында өткен дәуірдің әлденеше ұрпақтар бойына, ғасырлар бойына саяси мәселелерден сырт қалған, оларға жат болған халық топтарын тереңнен қозғағаны сонша, «құнды деген нәрсенің бәрін қайта бағалау», негізгі проблемалар жөнінде жаңа жұмыс жүргізу, теорияға, әліппеге, басынан бастап үйренуге жаңадан ден қою табиғи түрде және сөзсіз пайда болды. Ұзақ ұйқыдан бірден оянған, аса маңызды проблемаларға бірден кездескен миллиондаған халық бұл биікте ұзақ уақыт табан тіреп тұра алмады, үзіліс жасамай, қарапайым мәселелерге қайта оралмай, жаңадан әзірлік жүргізбей тұра алмады, ал мұндай әзірлік бұрын болып көрмеген мол сабақтарды «бойға сіңіріп алуға» және шамадан тыс қалың бұқараның тағы да алға басуына, оның үстіне енді анағұрлым нық, неғұрлым саналы,

неғұрлым сенімді, неғұрлым ұстамды түрде алға басуына мүмкіндік беруге жәрдем еткен болар еді.

Тарихи дамудың диалектикасы былай болып шықты: бірінші кезеңде күн тәртібінде ел өмірінің барлық салаларында тікелей өзгерістерді жүзеге асыру мәселесі тұрды, ал екінші кезеңде тәжірибені қорыту, оны неғұрлым қалың топтардың ұғынуы, оның, егер осылай айтуға болса, төменгі қабатқа, әр түрлі таптардың артта қалған қатарларына сіңуі мәселесі тұрды.

Марксизм өлі догма емес, қайсыбір аяқталған, даяр, қатып қалған ілім емес, іске қолма-қол басшылық болғандықтан да, сол себептен де ол қоғамдық өмір жағдайларының ғажап шұғыл өзгерістерін білдірмей тұра алмады. Терең ыдыраушылық, ауа жайылушылық, алуан түрлі ауытқушылық, қысқасы,—марксизмнің елеулі *ішкі* дағдарысы сол өзгерістің бейнеленуі болды. Бұл ыдыраушылыққа батыл тойтарыс беру, марксизмнің *негіздері* үшін батыл, табанды күрес жүргізу тағы да күн тәртібіне қойылды. Өз міндеттерін тұжырымдаған кезде марксизмді аттап кете алмайтын таптардың тым қалың топтары өткен дәуірде марксизмді өте сыңаржақ, кеміс түсінген еді, белгілі бір «ұрандарды», тактикалық мәселелерге берілген белгілі бір жауаптарды жаттап алып, ол жауаптардың маркстік критерийлерін *ұқпаған еді.* Қоғам өмірінің әр алуан салаларында «құнды деген нәрсенің бәрін қайта бағалау» марксизмнің неғұрлым абстрактілі және жалпы философиялық негіздерін «ревизиялауға» әкеліп соқты. Әрқилы идеалистік сарындағы буржуазиялық философияның еткен әсері маркс-истер арасына махистік індеттің жайылуынан байқалды. Жаттап алынған, бірақ ұғылмаған, ақылға салынбаған «ұрандарды» қайталау бос сөздердің кең таралуына әкеліп соқты, бұл бос сөздер іс жүзінде ашық немесе ұялшақ «шақырымпаздық» сияқты немесе шақырымпаздықты марксизмнің «заңды сарыны» деп тану сияқты мүлдем маркстік емес, ұсақ буржуазиялық ағымдарға барып тірелді.

Екінші жағынан, буржуазияның ең қалың топтарын қамтыған вехишілдік рухы, үміт үзу рухы маркстік теория мен практиканы «баяулық пен мұқияттылықтың»

арнасына салуға тырысып жүрген ағымға да еніп отыр. Мұнда «иерархия» мен «гегемондық» және т. т. туралы бастан-аяқ либералдық рухқа малынған пайымдауларды бүркемелейтін бос сөздер ғана маркстік болып қалып отыр.

Бұл пайымдауларды талқылау, әрине, бұл мақаланың міндетіне жатпайды. Марксизмнің бастан кешіріп отырған дағдарысының тереңдігі туралы, ол дағдарыстың үстіміздегі кезеңдегі бүкіл қоғамдық-экономикалық жағдаймен байланысы туралы жоғарыда айтылғандарды суреттеу үшін сол пайымдауларды көрсетудің өзі де жеткілікті. Осы дағдарыс көтеріп отырған мәселелерден жалтаруға болмайды. Ол мәселелерден бос сөз арқылы құтылуға әрекет жасаудан зиянды, принципсіз ештеңе жоқ. Марксизмнің әр түрлі «жолбикелеріне» буржуазиялық ықпал тарату арқылы нағыз қарама-қарсы жақтардан бұрмаланып жүрген марксизмнің теориялық негіздері мен түбегейлі қағидаларын қорғау үшін дағдарыстың тереңдігін және онымен күресудің қажеттігін түсінген *барлық* марксистерді топтастырудан маңызды ештеңе жоқ.

Өткен үшжылдық халықтың қалың топтарын қоғамдық өмірге саналы түрде қатысуға көтерді, олар қазір марксизммен көбінесе бірінші рет шындап таныса бастады. Буржуазиялық баспасөз бұл жөнінде бұрынғыға қарағанда анағұрлым көбірек адасулар туғызып, оларды кең таратып отыр. Мұндай жағдайда марксизмнің арасында ыдыраудың орын алуы өте-мөте қауіпті. Сондықтан қазіргі уақытта бұл ыдыраудың сөзсіз болу себептерін түсіну және оған қарсы дәйекті түрде күресу үшін топтасу, сөздің тура және дәл мағынасында алғанда, марксистер үшін дәуір міндеті болып табылады.

«Звезда» № 2, 23 декабрь, 1910 ж.
Қол қойған: В. Ильин

«Звезда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

«ЕСКЕРТІМПАЗ» САБАЗДАР

Біз жаңа ғана алған Потресов мырза мен K^0 журналы «Наша Заряның»[45] оныншы кітапшасы Лев Толстойды бағалауда бейқамдықтың, дұрысырақ айтқанда: принципсіздіктің ғажайып үлгілерін көрсетіп отыр; бұларға, қысқаша болса да, дереу тоқталып өту қажет.

Міне, Потресов жасағының жаңа жасақшысы В. Базаровтың мақаласы. Редакция бұл мақаланың «кейбір қағидаларына» қосылмайды, бірақ ол қандай қағидалар екенін, әрине, көрсетпейді. Былықты бүркемелеу үшін бұлай ету әлдеқайда қолайлы ғой! Бізге келетін болсақ, марксизмді зәрредей де болса қымбат санайтын адамды бұл мақаланың ашындырмайтын қағидаларын таба алмай отырмыз. «Біздің интеллигенция,— деп жазады В. Базаров,— езіліп, болжыраған, ақыл-ой мен парасат жағынан әлдененден бір кейіпсіз сілімтікке айналған, рухани азғындаудың ақырғы шегіне жеткен интеллигенция, бірауыздан Толстойды — *бүкіл* Толстойды — өзінің ар-намысы деп тапты». Бұл — өтірік. Бұл — бос сөз. Жалпы алғанда біздің интеллигенция, жеке алғанда «Наша Заряның» интеллигенциясы «болжыраққа» өте ұқсас, бірақ оның өзі Толстойды бағалауда ешқандай «бірауыздылық» көрсеткен емес және көрсете алмас та еді, ешқашан да *бүкіл* Толстойды дұрыс бағалаған емес және дұрыс бағалай алмас та еді. Нақ сол бірауыздылықтың жоқтығы *«Новое Времяға»* әбден лайықты барып тұрған екіжүзділік бос сөзбен, «ар-намыс» туралы бос сөзбен бүркемеленіп отыр. Ба-

заров «сілімтікпен» күреспейді, қайта сол сілімтіктің қолтығына су бүркеді.

Базаровтың «Толстой жөніндегі кейбір әділетсіздіктерді (!!) еске салғысы келеді; бұған жалпы алғанда орыс интеллигенциясы кінәлы, ал біздер, әр алуан сарындағы радикалдар, өте-мөте кінәлымыз». Бұл арадағы бір ғана шындық сол, Базаров, Потресов және К^0 нақ «әр алуан сарындағы радикалдар», олардың жалпыға бірдей «сілімтікке» тәуелділігі соншалық, Толстойдың дүниеге көзқарасындағы негізгі дәйексіздіктері мен әлсіздіктерін мүлде кешірімсіз бүкпелеу кезінде олар «барша жұрттың» соңынан қоқилана, қораздана жүгіріп, Толстой жөніндегі «әділетсіздік» туралы даурығысып отыр. Олар өздерін «Толстой «таласты ушықтыру» деп атаған, біздің арамызда өте-мөте көп тараған есірткімен» еліттіргісі келмейді,— мұның өзі толық және дәйекті түрде қорғалып жүрген принциптердің қандайы жөніндегі болса да таластан шексіз жиіркенішпен сырт айналып кететін тоғышарлар керек етіп отырған белгілі сөздер, белгілі әуендер.

«Толстойдың басты күші нақ мынада: ол, ыдыраудың қазіргі кездегі білімді адамдарға тән басқыштарының бәрінен өтіп, синтез таба білді...». Өтірік. Өзінің дүниеге көзқарасының философиялық негіздерінде де, өзінің қоғамдық-саяси ілімінде де Толстой нақ сол синтезді таба білмеді, дұрысырақ айтқанда: таба алмады. «Толстой *таза адамдық* (барлық жерде де курсив Базаровтың өзінікі) дінді бірінші рет (!) объективтендірді, яғни тек өзі үшін ғана емес, басқалар үшін де дін жасады, ал Конт, Фейербах және қазіргі мәдениеттің басқа да өкілдері мұны субъективтік (!) арман етіп қана жүрген еді», т. т. және т. с.

Мұндай сөздер кәдімгі тоғышарлықтан да жаман. Мұның өзі адамдарды алдауға ғана түсіре алатын «сілімтікті» жасанды гүлмен безендіру. Жарты ғасырдан көбірек бұрын Фейербах көп жағынан немістің классикалық философиясының «соңғы жаңалығы» болған өзінің дүниеге көзқарасында «синтез таба» білмей, «субъективтік армандарға» шырмалып қалды; ал бұл армандардың маңызы жағымсыз екендігін «қазіргі мә-

дениеттің» нағыз озық «өкілдері» әлдеқашан-ақ бағалаған болатын. Қазір осы «субъективтік армандарды» Толстой «бірінші рет объективтендірді» деп жариялау — кері бұрылғандардың лагеріне кету деген сөз, тоғышарлыққа жағыну деген сөз, вехишілдіктің әуеніне қосылу деген сөз.

«Өзінен өзі түсінікті, Толстой негізін салған қозғалыс (!?), егер жазмышта оған шынында да бүкіл дүние жүзілік-тарихи ұлы роль атқару жазылған болса, терең өзгерістерге ұшырауға тиіс: патриархтық-шаруалар тұрмысын дәріптеу, натуралды шаруашылыққа бой ұру және толстойшылдықтың қазіргі уақытта ең бірінші орынға қойылып отырған (!) және ең елеулі нәрсе тәрізді болып көрінетін басқа да толып жатқан утопиялық белгілері шындығында Толстой «дінінің» негізімен қажетті дәнекер арқылы байланыспайтын субъективтік элементтердің нақ өзі болып табылады».

Сонымен, Фейербахтың «субъективтік армандарын» Толстой «объективтендірген», ал Толстойдың өзі данышпандық көркем шығармаларында да, өзінің қайшылықтарға толы ілімінде де бейнелеген нәрселері, Базаров атап көрсеткен Россияның өткен ғасырдағы экономикалық ерекшеліктері оның іліміндегі «нақ субъективтік элементтер» болып табылады екен. Айдалаға лағу деп, міне, осыны айтады. Бірақ мұның да жөні бар: «езіліп, болжыраған (жоғарыда цитатқа келтіргендегідей, т. т.) интеллигенция» үшін Толстой «объективтендірген» Фейербахтың «субъективтік армандарын» осылайша дәріптеуден және «қазіргі уақытта ең бірінші орынға қойылып отырған» нақты тарихи-экономикалық және саяси мәселелерден назарды осылайша *аударып әкетуден* ұнамды, содан қалаулы, содан сүйкімді еш нәрсе жоқ, оның болжырақтығына бұдан артық қолғабыс ететін еш нәрсе жоқ!

Әлбетте, зорлыққа қарсылық жасамау жайындағы ілім жөнінде «радикал интеллигенция тарапынан» жасалған «қатал сын» Базаровқа мейлінше ұнамайды. Базаров үшін «бұл арада енжарлық пен квиетизм туралы әңгіме етудің керексіз екендігі айқын». Өз пікірін түсіндіре келіп, Базаров «Ақымақ Иван» жайындағы белгілі ертегіні тілге тиек етеді де, оқушыға мынаны ұсынады: «ойлап қараңызшы, солдаттарды ақымақтарға

қарсы жіберетін тарақандар патшасы емес, олардың ақылы кірген өз әміршісі Иван екен делік, ақымақтардың өздерінен алынған, демек, өздерінің рухани кейпі жағынан соларға жақын осы солдаттардың жәрдемімен Иван өз қол астындағыларға әлденендей жөнсіз талаптарды еріксіз орындатуды көздейді. Қарусыз дерлік және жасақ тәртібімен таныстығы жоқ ақымақтар Иванның әскерін қара күшпен жеңеміз деп ойламаса да болады, бұл ап-айқын нәрсе. Тіпті мейлінше қажырлы түрде «күш жұмсап қарсыласқан» күннің өзінде де ақымақтар Иванды қара күшпен емес, тек моральдық ықпалмен ғана, яғни Иван әскерінің солдаттарын «іштей іріту» арқылы ғана жеңе алады»... «Ақымақтардың күш жұмсап қарсылық жасауының нәтижесі күш жұмсамай қарсылық жасаудың нәтижесіндей-ақ (тек одан нашарлау және шығыны да көп) болады»... «Зорлыққа күшпен қарсылық жасамау немесе, жалпы айтқанда, құрал мен мақсат үйлестігі (!!) әсте қоғамнан тысқары моральдық уағызшыларға ғана тән идея емес. Бұл идея — кез келген сындарлы дүние тапымның қажетті құрамдас бөлігі».

Потресов жасағының жаңа жасақшысы осылай пайымдайды. Оның пайымдауларын біз бұл арада талдап жата алмаймыз, одан соң, бәлкім, бір жолға оның пайымдауларындағы ең басты нәрсені айтып, мынадай үш-ақ сөз қоссақ та жеткілікті: бұл — нағыз вехишілдік.

Құлақ маңдайдан жоғары бітпейді деген тақырыптағы кантатаның соңғы аккордтарынан: «Біздің әлсіздігімізді күш ретінде, Толстойдың «квиетизмі» мен «шектеулі ой өрісінен» (ал пайымдаудың дәйексіздігінен ше?) артық нәрсе ретінде суреттеудің қажеті жоқ. Бұлай демеу керек дейтініміздің себебі, мұның ақиқатқа қайшы келетіндігінен ғана емес, сонымен қатар мұның заманымыздың ең асқан ұлы адамынан біздің үйренуімізге бөгет болатындығынан да».

Солай. Солай. Егер сіздерге Изгоевтар батасын беріп, мақұлдап, аймалап отырған болса, оған ашуланудың және («Наша Заряның» 8—9-номерлеріндегі Потресов мырза сияқты) кісі күлерлік даңғойлықпен, балағаттау-

мен жауап берудің ешбір қажеті жоқ, мырзалар. Бұл аймалау Потресов жасағының ескі жасақшыларын да, жаңа жасақшыларын да тазарта алмайды.

Осы жасақтың бас штабы Базаровтың мақаласына «дипломатиялық» ескерту берген. Ал Неведомский мырзаның ешбір ескертусіз басылған бас мақаласының одан артық жері шамалы. «Россияда құлдықтың құлаған ұлы дәуірінің,— деп жазады қазіргі интеллигенцияның осынау тілмары,— негізгі аспирациялары мен талаптарын тыңғылықты түрде көрсеткен Лев Толстой жалпы адамзаттық идеологиялық негіздің — *ұждан негізінің* — ең таза, кемеліне келген тұлғасы болып шықты».

Бум, бум, бум... Либералдық-буржуазиялық публицистикаға тән тақпақтың негізгі мәнерлерін бойына жинап, тыңғылықты түрде көрсеткен М. Неведомский жалпы адамзаттық идеологиялық негіздің — көпірме сөз негізінің — ең таза, кемеліне келген тұлғасы болып шықты.

Тағы да бір, соңғы аңыз:

«Толстойға табынатын бұл европалықтардың бәрі, түрліше аталатын бұл Анатоль Франстардың бәрі, таяуда өлім жазасын жоюға қарсы орасан көпшілік болып дауыс берген, ал енді ұлы *кесек* тұлғаны орындарынан тұрып аза тұтқан депутаттар палаталары, әрі-сәріліктің, жартыкештіктің, ескертімпаздықтың бүкіл осы қауымы бар — міне, осылар алдында осы Толстойдың бейнесі, осы біртұтас принциптің осынау жанды бейнесі сонша ұлағатты, сонша құдіретті, біртұтас таза металдан құйылған бейне болып көрінеді».

Үһ! Әсем сөйлейді екен — ал мұның бәрі өтірік қой. Толстойдың бейнесі металдың біртұтасынан да, тазасынан да, өзінен де құйылған емес. Ал «бұл» буржуазиялық табынушылардың «бәрі» оның есімін «орындарынан тұрып аза тұтқанда» оның *нақ* «кесек тұлғалығы» үшін емес, нақ кесек тұлғалылықтан кері шегінгендігі үшін аза тұтты.

Тек бір ғана тәуір сөз абайсызда Неведомский мырзаның аузынан шығып кеткен. Бұл ескертімпаздық деген сөз, В. Базаровтың жоғарыда интеллигенцияға берген мінездемесі «Наша Зарядағы» мырзаларды қалай

сипаттайтын болса, бұл сөз де *оларды* нақ солай ұтымды сипаттайды. Біздің көріп отырғанымыздың бәрі — кілең «ескертімпаз» сабаздар. Потресов махистерді қорғап отырса да, оларға қосылмайтындығын айтып ескерту жасайды. Редакция Базаровтың «кейбір қағидаларына» қосылмайтындығын айтып ескерту жасайды, бірақ мұндағы әңгіме кейбір қағидаларда емес екендігі әркімге аян. Потресов өзіне Изгоевтың жала жапқандығын айтып ескерту жасайды. Мартов Потресов пен Левицкийге толық қосылмайтындығын айтып ескерту жасайды, бірақ ол нақ соларға адал саяси қызмет істеп жүр. Олардың бәрі бірге Череванинге қосылмайтындығын айтып ескерту жасайды, бірақ олар оның бірінші туындысының «рухын» тереңдете түсетін жойымпаздық *екінші* кітапшасын көбірек ұнатады. Череванин Масловқа қосылмайтындығын айтып ескерту жасайды. Маслов Каутскийге қосылмайтындығын айтып ескерту жасайды.

Олардың бәрі бірге Плехановқа қосылмайтындығы жөнінде ғана келіседі, ал Плеханов оларды жойымпаздар деп жалақорлықпен айыптайды-мыс, оның өзі кешегі өз дұшпандарымен қазірде өзінің жақындасып отырған себебін түсіндіре алмайды-мыс.

Ескертімпаз адамдарға түсініксіз осы жақындасудың себебін түсіндіруден оңай ештеңе жоқ. Бізде локомотив болған кезде, біз осы локомотивтің беріктігіне, отын қорына және т. т., айталық, сағатына 25 немесе 50 шақырым шапшаңдық сәйкес келе ме, жоқ па деген мәселе жөнінде мейлінше қатты дауласып жүрдік. Бұл жайындағы дау, жұртты қатты толғандырып жүрген әрбір мәселе жайындағы дау сияқты, өте қызу, көп ретте тіпті өршелене жүргізіліп отырды. Бұл дау — тіпті қай мәселе жөнінде туса да — барша жұрттың көз алдында болды, баршаға ашық болды, жеріне жеткізе айтылды, ешқандай «ескертулермен» бүркелген жоқ. Сондықтан әлде нені қайтып алу немесе «дауды ушықтырғандық» жөнінде күңкілдеу ешқайсымыздың ойымызға кіріп те шықпайды. Бірақ локомотив сынған кезде, енді «жоятын да еш нәрсе жоқ», өйткені локомотивтің өзі жоқ болды деп пасықтықпен сықылықтайтын «ескертімпаз»

интеллигенттердің қоршауында локомотив батпаққа батып жатқан кезде, сол кезде бізді, кешегі «өршеленген даукестерді», бір ортақ іс жақындастырып отыр. Еш нәрседен бас тартпастан, еш нәрсені ұмытпастан, алауыздықтар жойылады деп ешқандай уәде берместен, біз ортақ істі бірлесіп істейміз. Біз бар назарымызды, бар күш-жігерімізді локомотивті көтеруге, оны жаңартуға, нығайтуға, күшейтуге, рельсіне қоюға жұмсаймыз — жүріс шапшаңдығы туралы және белгілі бір стрелкаларды бұру туралы дауласуға кезінде үлгіретін боламыз. Қилы заманымыздың күн тәртібінде тұрған міндет — «ескертімпаз» адамдар мен «болжырақ интеллигенттерге», жайлап алған «сілімтікті» тікелей және жанамалап қолдайтындарға тойтарыс берерлік бірдеңе жасау. Күн тәртібінде тұрған міндет — ең ауыр жағдайларда болса да, кен қазып, темір шығару, маркстік дүние танымның және осы дүние танымға сәйкес келетін қондырмалардың құрышын құю.

«Мысль» № 1, декабрь, 1910 ж.
Қол қойған: В. И.

«Мысль» журналының тексті бойынша басылып отыр

ИУДУШКА ТРОЦКИЙДІҢ ҰЯЛҒАН СИҚЫ ЖАЙЫНДА

Иудушка Троцкий пленумда жойымпаздық пен шақырымпаздыққа қарсы болғансыды. Партиялықпын деп алланың атын атап, ант-су ішті. Ақшалай жәрдем алды.

Пленумнан кейін Орталық Комитет әлсіреді, впередшілдер күшейді — ақша жинап алды. «Наша Заряда» Столыпинге жалбақтап, құпия партияның бетіне түкірген жойымпаздар нығайды.

Иудушка «Правдадан» Орталық Комитеттің өкілін шығарып жіберіп, «Vorwärts»[46]-те жойымпаздық мақалалар жаза бастады. Пленум тағайындаған, бірде-бір партиялық лектор впередшілдердің фракциялық мектебіне бармауға тиіс деп қаулы алған Мектеп комиссиясының[47] тікелей шешіміне қарамастан Иудушка Троцкий онда барып, впередшілдермен бірге конференция шақырудың жоспарын талқылады. «Вперед» тобы қазір бұл жоспарды листок етіп жариялап отыр.

Міне, осы Иудушка өзінің партиялығын айтып, впередшілдер мен жойымпаздар алдында әсте құрдай жорғалаған жоқпын деп сендірмек болып, кеудесін қағып, даурығып жүр.

Иудушка Троцкийдің ұялған сиқы осындай.

1911 ж. 2 (15) январьдан кешірек жазылған

Бірінші рет 1932 ж. 21 январьда «Правда» газетінің 21-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ОРЫС ТЕРРОРИСІНІҢ МАНСАБЫ

Социалист-революционерлер[48] партиясының өкілі Рубанович мырза француз социалистік газеті «L'Humanité»[49]-де Карауловтың қайтыс болуы туралы жазған мақаласына осылай деп тақырыпша берді. Бұл мансап, шынында да, ғибрат аларлық мансап.

1881 жылғы 1 марттан кейін Караулов Парижге келіп, «Халық еркінің»[50] басшысына ұйымды қайтадан қалпына келтіруді маған тапсырыңыз деген ұсыныс жасады. «Вестник Народной Волидің»[51] редакторы, болашақ ренегат Тихомиров, оған өкілдік берді. Караулов Лопатинмен, Сухомлинмен және басқалармен бірге Россияға қайтты. 1884 жылы Киевте ол тұтқынға алынып, сот арқылы 4 жыл каторгаға кесіледі, ал оның серіктері өлім жазасына кесіледі немесе өмірбақи каторгаға жіберіледі.

Мұндай «таңқаларлық,— Рубанович мырзаның сөзімен айтқанда, — жеңілдікті» немен түсіндіруге болады. Әскери соттың председателі,— деп хабарлайды Рубанович мырза,— өзінің қайғылы қазаға ұшыраған ұлына Карауловтың ұқсастығына таң қалыпты деседі. Бірақ «бұл таңқаларлық жеңілдіктің басқа да себептері бар»,—дегенді қосады да, Рубанович мырза ол басқа себептердің қандай екенін айтпайды*.

Оның есесіне Карауловтың ең жаңа «мансабына» ешбір күмән келтіруге болмайды. 1905 жылы оның ре-

* Бұл арада әңгіме, сірә, Караулов «жасырмай ашық жауап» берді делініп жүрген күдіктер жайында болып отырса керек.

волюционерлерге қарсы ашық сөйлегені сонша, сайлаушылар оны I Дума сайлауында да, II Дума сайлауында да өткізбей тастады. «Егер менің алдымда екі лагерь тұрса,— деді Караулов бір митингіде («Биржевые Ведомостидің»[52] хабарына қарағанда),— оның бірінде— үкімет әскері, екіншісінде — пролетариат диктатурасы деген атышулы ұраны бар революционерлер болса, мен онда ойланбастан-ақ біріншілеріне қосылып, екіншілеріне қарсы шығамын». Мұндай адамның правосын қалпына келтіру жөнінде Виттенің қамқорлық жасағанына таңырқауға болмайды. Аузынан екіжүзділік бос сөз түспейтін нағыз пасық, контрреволюцияшыл кадеттердің арасынан Карауловтың III Думада алдыңғы орындардың бірін алғанына таңырқауға болмайды.

Өздерін демократияға тілектеспін деп санай алатын, енді келіп Карауловтың қайтыс болуына байланысты оны «демократ», «күрескер» және т. с. деп құрметтеп отырған адамдардың табылатыны таңырқарлық.

Социалист-революционерлер партиясының өкілі Рубанович мырзаның француз социалистік органында: «баяулардың лагеріне өтіп кеткен бұрынғы эсерге жұртты елжірете білгені үшін көп нәрселер кешіріледі» деп жазуға қолы барып отырғаны (бұл арада әңгіме оңшылдар Карауловты каторжник деп атаған, ал Карауловтың бұған мақтанамын деп жауап берген Дума мәжілісі жайында болып отыр) таңырқарлық.

Әсерлі *бос сөзі* үшін ренегаттың мансабына «кешірім жасау» эсерлердің рухына лайық. Ренегаттар барлық революциялық партияларда, барлық елдерде болады, ал олардың арасынан әсерлі сөздің шеберлері әрқашан да табылып отырады. Бірақ революционерлердің, «революциялық» партиялар өкілдерінің жұрт алдында: шебер айқайлағаны үшін ренегатқа «көп нәрселер кешіріледі» деуі жиі бола бермейді. Мұның үшін «революциялық»-сымақ партияның ішінде *бомбасы бар либералдар* процентінің өте көп болуы керек. Мұның үшін осы, бомбасыз қалған либералдар революциялық принциптерді, революциялық өсиеттерді, революциялық абырой мен борышты қорғау ісінде мүлдем бейқам «революциялық» партияларға сіңісіп кете алатын болуы керек.

«Орыс террорисінің мансабынан» шығатын басқа да неғұрлым терең сабақ бар. Ол — тап күресінің сабағы, ол — азды-көпті болса да елеулі революциялық партияларға Россияда енді тек революциялық *таптар* ғана тірек бола алады дегеннің суреттемесі. Жалғыз Караулов қана емес, жуырда ғана демократияшыл және тіпті революцияшыл болған буржуазиялық интеллигенцияның *көпшілігі* қазір демократиядан, революциядан *кейін қарай* шегініп отыр. Бұл кездейсоқтық емес, қайта монархия «лагері» мен революция лагері бір-біріне қарсы келетін кезеңнің жақын қалғанын *тәжірибеден* көрген,— ал мұндай кезеңде оның, буржуазияның, *нені* қалауына тура келетінін тәжірибеден көрген орыс буржуазиясының таптық сана-сезімі жетілуінің сөзсіз нәтижесі.

Кімде-кім орыс революциясының ұлы сабақтарынан үйренгісі келетін болса, ол мынаны түсінуге тиіс: пролетариаттың таптық сана-сезімінің жетілуі ғана, *осы* тапты ұйымдастыру ғана, оның партиясының ұсақ буржуазиялық «жолбикелерден», соларға тән принципсіздіктен, ауытқушылықтан және әлсіздіктен тазартылуы ғана Романовтардың монархиясын халықтың жеңуіне қайтадан жеткізуі *мүмкін,* сірә, қайтадан жеткізетін де болар.

«Социал-Демократ» № 19—20, 13 (26) январь, 1911 ж.

«Социал-Демократ» газетінің тексті бойынша басылып отыр

Л. Н. ТОЛСТОЙ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДӘУІРІ

Л. Толстойдың өмір сүрген дәуірі, оның данышпандық көркем шығармаларында да, оның ілімінде де тамаша айқын суреттелген дәуір — 1861 жылдан кейінгі және 1905 жылға дейінгі дәуір. Рас, Толстойдың әдеби қызметі бұл кезеңнің басталуынан бұрынырақ басталып, аяқталуынан кейінірек аяқталды, бірақ Л. Толстой суреткер ретінде, ойшыл ретінде нақ осы кезеңде толық қалыптасты, осы кезеңнің өтпелі сипаты Толстой шығармаларының да, «толстойшылдықтың» да *барлық* айрықша белгілерін туғызды.

Орыс тарихының осы жарты ғасыр ішіндегі шыққан асуы қандай болғанын Л. Толстой «Анна Каренинадағы» К. Левиннің сөзімен өте айқын жеткізіп берді.

«...Астық түсімі, жұмысшы жалдау және т.т... әңгімелерді біртүрлі пасықтық санап кеткендерін де Левин білетін, бірақ қазір Левинге солар да үрдіс маңызды әңгіме болып көрінді. «Бәлкім, ол маңызды болмаса, крепостниктік право тұсында маңызды болмаған шығар да, немесе Англияда маңызсыз шығар. Соның екеуінде де жағдайлары анықталып отырған жағдай; бірақ қазір бізде соның бәрі де астан-кестен боп, жаңа ғана қалыптасып жатқан кезде, Россиядағы жалғыз ғана маңызды мәселе — сол жағдайлар қалай қалыптасады деген мәселе боп отыр»,— деп ойлады Левин» (Шығармалар, X том, 137-бет).

«Қазір бізде соның бәрі де астан-кестен боп, жаңа ғана қалыптасып жатыр»,— міне, 1861—1905 жылдардағы кезеңді бұдан гөрі дәлірек сипаттау қиын. Ненің «астан-кестен боп» отырғанын әрбір орыс адамы жақсы біледі, немесе, ең болмағанда, онымен әбден таныс. Ол — крепостниктік право және соған сәйкес бүкіл «ескі тәртіп». Ал ненің «жаңа ғана қалыптасып жат-

қаны» халықтың ең қалың бұқарасына мүлдем бейтаныс, жат, түсініксіз. Осы «жаңа ғана қалыптасып жатқан» буржуазиялық құрылыс Толстойға құбыжық тәрізденіп — Англия тәрізденіп, бұлдыр көрінеді. Дәл құбыжық болып көрінеді, өйткені Толстой осы «Англиядағы» қоғамдық құрылыстың негізгі белгілерін, ол құрылыстың капитал үстемдігімен, ақшаның ролімен, айырбастың шығып, дамуымен байланысын анықтау әрекетінің бәрін де, былайша айтқанда, принципті түрде теріске шығарады. Халықшылдар сияқты, Толстой Россияда «қалыптасып жатқан» құрылыс буржуазиялық құрылыстан басқа ештеңе де емес екенін көргісі келмейді, көзін жұмып, бұл ойдан жалтарып кетеді.

Россиядағы бүкіл қоғамдық-саяси қызметтің таяудағы міндеттері тұрғысынан алып қарағанда 1861—1905 жылдардағы кезең үшін (және біздің заманымыз үшін де) «жалғыз ғана маңызды» деуге болмаса да, өте маңызды болған мәселе —«Англияда», Германияда, Америкада, Францияда және т. б. өте әр түрлі формаларға ие болып отырған осы құрылыстың, буржуазиялық құрылыстың, Россияда «қалайша қалыптасатыны» туралы мәселе болуы әбден орынды еді. Бірақ мәселені осылайша айқын, нақты-тарихи түрде қою Толстойға мүлдем жат бірдеңе. Ол жалпылама ойлайды, ол адамгершіліктің «мәңгілік» негіздері, діннің мәңгілік ақиқаттары деген көзқарасты ғана жақтайды, бұл көзқарас ескі («астан-кестен болған») құрылыстың, крепостниктік құрылыстың, шығыс халықтары өмірінің құрылысының идеологиялық көрінісі ғана екенін түсінбейді.

«Жоңышқада» (1857 жылы жазылған) Л. Толстой: «цивилизацияны» игілік деп тану —«елесті білім», ол «адамның бойындағы туа біткен жақсылықтың инстинкті, алғашқы қауымдық құрылыстан келе жатқан ізгі тілектерін жояды» деп жариялайды. «Бізде күнәсыз бір ғана, тек бір ғана жетекші бар,— дейді Толстой,— ол — бізді көріп отырған Бүкіл әлемдік Рух» (Шығармалар, II, 125).

«Біздің заманымыздағы құлдықта» (1900 жылы жазылған) Толстой Бүкіл әлемдік Рухқа осы жүгінуін бұрынғысынан да күштірек қайталай келіп, саяси эко-

номияны «бүкіл дүние жүзіндегі адамдардың бүкіл тарихи уақыттағы жағдайын» үлгіге алудың орнына «өте ерекше жағдайдағы кішкене ғана Англияны» «үлгіге» алғандығы үшін оны «жалған ғылым» деп жариялайды. Осы «бүкіл әлем» деген не, мұны бізге «Прогресс және білім анықтамасы» деген мақаласы (1862 ж.) ашып береді. Прогресс дегеніміз «адамзат үшін ортақ заң» дейтін «тарихшылардың» көзқарасын Толстой «бүкіл Шығыс деп аталатынға» сүйеніп жоққа шығарады (IV, 162). «Адамзаттың алға қарай өрлеуінің ортақ заңы деген жоқ,—деп мәлімдейді Толстой,— мұны бізге қимылсыз жатқан шығыс халықтары дәлелдеп беріп отыр».

Міне, өзінің нақты тарихи мазмұны жағынан толстойшылдық дегеніміз нақ осы шығыстық құрылыстың, азиаттық құрылыстың идеологиясы болып табылады. Аскетизм де, зорлыққа күшпен қарсылық жасамау да, пессимизмнің терең сарындары да, «бәрі де — түк емес, материалдықтың бәрі де түк емес» деген сенім де («Өмір мәні туралы», 52-бет), «барлық нәрсенің негізі» «Рух» дегенге илану, ол негіз жөнінде адам «өз жанын арашалау ісіне қойылған» «қызметкер» ғана деу де, т. т. да осыдан келіп шығады. Толстой «Крейцер сонатасында»: «әйелдердің азаттығы курстарда емес және палаталарда емес, төсекте» деп жазғанда да,— университеттер тек «күйгелек, дімкәс либералдарды» ғана даярлайды, бұлар «халыққа тіпті де керек емес», бұлар «бұрынғы ортасынан еш мақсатсыз айырылғандар», бұлар «өмірде өз орнын таба алмайды» және т. т. деп жариялаған 1862 жылғы мақаласында да (IV, 136—137) осы идеологиядан айнымайды.

Пессимизм, қарсыласпау, «Рухқа» жүгіну идеологиясы — бүкіл ескі құрылыс «астан-кестен болған» дәуірде, сол ескі құрылыста тәрбиеленген бұқара, сол құрылыстың негіздерін, әдеттерін, дәстүрлерін, нанымдарын ана сүтімен бойына сіңірген бұқара бұл «қалыптасып жатқан» жаңа құрылыстың *қандай* екендігін, оны *қандай* қоғамдық күштер және дәл қалайша «қалыптастырып жатқандығын», «күрт өзгеріс» дәуірлеріне тән қисапсыз көп, өте-мөте ауыр апаттардан қандай қоғамдық

күштер құтқара *алатынын* көрмейтін және көре де алмайтын дәуірде қалай да пайда болатын идеология.

1862—1904 жылдардағы кезең Россияда нақ осы күрт өзгеріс дәуірі болды; бұл дәуірде ескі құрылыс біржолата, бүкіл жұрттың көз алдында қирап түсті, ал жаңа құрылыс енді ғана қалыптасып жатты, оның үстіне бұл укладты жасап жатқан қоғамдық күштер өздерін іс жүзінде, жалпы ұлттық кең көлемде, нағыз әр түрлі майдандардағы бұқаралық, ашық қимылда тұңғыш рет 1905 жылы ғана көрсетті. Ал 1905 жылы Россияда болған оқиғалардан кейін осындай оқиғалар Толстойдың 1862 жылы «қимылсыз жатыр» деп дәлел еткен сол «Шығыстың» өзіндегі бірсыпыра мемлекеттерде болып өтті. 1905 жылы «шығыстың» қимылсыз жатуының бітуі басталды. Нақ сондықтан бұл жыл толстойшылдықтың тарихи жағынан біткен жылы болды, Толстойдың ілімін туғыза алған және туғызуға тиісті болған дәуірдің біткен жылы болды; ал ол ілім даралық бір нәрседен, қыңырлықтан немесе өзіндік ерекшеліктен туған ілім емес, сан миллиондаған халықтың белгілі бір уақыт ішінде шын басынан кешірген тіршілік жағдайларының идеологиясы еді.

Толстойдың ілімі — сөзсіз утопиялық ілім, ал өзінің мазмұны жағынан, бұл сөздің нағыз дәл, нағыз терең мағынасында алғанда, реакциялық ілім. Бірақ бұдан бұл ілім социалистік ілім емес еді деген қорытынды тіпті де шықпайды, бұл ілімде алдыңғы қатарлы таптарды ағартуға құнды материал бере алатын сыншылдық элементтер жоқ еді деген қорытынды да шықпайды.

Социализмнің де социализмі бар. Капиталистік өндіріс әдісі бар елдердің бәрінде буржуазияның орнын басуға келе жатқан таптың идеологиясын білдіретін социализм бар және орнын буржуазия алуға келе жатқан таптардың идеологиясына сай келетін социализм бар. Мәселен, феодалдық социализм дегеніміз осы соңғы түрдегі социализм; Маркс әлдеқашан, бұдан 60 жылдан астам бұрын, социализмнің басқа түрлеріне баға берумен қатар *мұндай* социализмнің сипатына да баға берген болатын[53].

Онан соң. Сыншылдық элементтер — толып жатқан утопиялық системаларға тән болғаны сияқты, Л. Толстойдың утопиялық іліміне де тән құбылыс. Бірақ утопиялық социализмдегі сыншылдық элементтердің маңызы «тарихи дамуға кері қатынаста болады» деген Маркстің терең мағыналы ескертуін ұмытпау керек. Жаңа Россияны «қалыптастырып жатқан» және осы заманғы әлеуметтік апаттардан құтқаратын қоғамдық күштердің қызметі неғұрлым көбірек дамыған сайын, неғұрлым белгілі бір сипат алған сайын, сыншылдық-утопиялық социализм соғұрлым тез «барлық практикалық мағынасынан, барлық теориялық дәлелінен айрыла береді».

Толстойшылдықтың реакциялық және утопиялық белгілеріне *қарамастан,* Толстой ілімінің сыншылдық элементтері бұдан ширек ғасыр бұрын халықтың кейбір топтарына практикада кейде пайда келтіре алған еді. Соңғы он жылдың ішінде, айтар болсақ, бұл олай бола алмады, өйткені тарихи дамудың өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап аяғына дейін ілгері басуы аз болған жоқ. Ал біздің кезімізде, жоғарыда көрсетілген бірқатар оқиғалар «шығыстық» қимылсыз жатуды бітіргеннен *кейін,* біздің кезімізде, «вехишілдердің» әдейі-реакциялық идеялары, таза таптық, пайдакүнемдік-таптық мағынасында реакциялық идеялары либерал буржуазияның арасында өте мол тарап отырған кезде,— ол идеялар тіпті кейбір марксист-сымықтарға жұғып, «жойымпаздық» ағым туғызып отырған кезде,— біздің осындай кезімізде Толстойдың ілімін дәріптеуге әрекет етудің қандайы да, оның «қарсыласпауын», оның «Рухқа» жүгінулерін, оның «адамгершілік жағынан өзін өзі жетілдіруге» шақыруын, оның «ұждан» жөніндегі және жалпыға бірдей «сүйіспеншілік» жөніндегі доктринасын, оның аскетизм мен квиетизмді уағыздауын және т. т. ақтауға немесе жұмсартуға әрекет етудің қандайы да барынша тікелей және барынша зор зиян келтіреді.

«Звезда» № 6, 22 январь, 1911 ж.
Қол қойған: В. Ильин

«Звезда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТКЕ

Біздің арызымыз жөнінде жалған лақаптар бар (және мұны голосшыл-жойымпаздар қасақана таратып жүр); біз істің мән-жайын және өз көзқарасымызды қысқаша баяндап, бұл лақаптарға қарсы шығуды борышымыз деп есептейміз.

Істің жайы формальды жағынан былай болып отыр: 1910 жылғы январьдағы пленумда фракция партиямен *шарт* жасасқан. Шарт бойынша, *егер* басқа фракциялар таратын болса, біздің фракция да тарауға міндеттенген. Шарт орындалмады. *Біз* «ымырашылдардың» көсемі Троцкий жел беріп отырған либералдар мен анархистерге қарсы *өзіміздің күрес еркіндігімізді қалпына келтіреміз*. Біз үшін ақша мәселесі *екінші кезектегі* рольді атқарады, дегенмен, біз, әрине, жойымпаздар+ анархистер+ Троцкий блогының *фракциясына* ақша бермекші емеспіз, біз халықаралық социал-демократия алдында бұл блокты, оның финанс «негіздерін» (Троцкий мен голосшылдар әшкерелеуден қорғап жүрген впередшілдердің атышулы «қорларын»), *т. т.* әшкерелеу жөніндегі правомыздан әсте бас тартпаймыз*.

Шын мәнінде, біз партияның ыдырауына «ымырашылдық» (яғни голосшыл-либералдар мен впередшіл-анархистердің ығына еруші) саясаттың жасаған *жәрдемі* үшін *жауапкершілікті өзімізден алып тастаймыз*. Біз Орталық Органның *12-номерінен бұрын-ақ*

---

* Фракциядан өкіл болу правосы біздің plenum-ның *алтылығына* берілген. Алты дауыстың *төртеуі* біздікі: үшеуі Парижде, біреуі Мешковскийдің (жазбаша) сенім хаты бойынша. Егер Мешковский танатын болса, біз большевиктер Орталық Комитетінің *Лондонда сайланған* басқа мүшелері мен кандидаттарының[54] пікірін сұраймыз, сондай-ақ ықпалды жұмысымен көзге көрінген большевиктердің де пікірін сұраймыз.

партияға қарсы заговор туралы *«Жойымпаздардың «Голосы» партияға қарсы»** деген листокта мәлімдеп, партияға ресми және ашық ескерткенбіз.

Бұл сөздер біреулерге асыра айтқандық болып көрінсе де, оқиғалар біздің пікірімізді әбден, толық растады. Партиядан *тысқары* либерал-жойымпаздар нығайып алды, социал-демократияға әбден қас («Наша Заря», «Возрождение», «Дело Жизни»[55]) және IV Думаның сайлауында партия ісін бүлдіруге *әзір* фракция құрды. Голосшылдар Потресов пен К° мырзалардың партияны жікке бөлуіне *көмектесті,* орталық мекемелердің жұмысын іштен *ірітіп, бөгеп* отырды. Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы — бірден-бір тұрақты практикалық орган — ішінара Бунд пен латыштардың дәрменсіздігі салдарынан, ішінара осы ұлттық ұйымдардың жойымпаз элементтерінің голосшылдарга тікелей көмек беруі салдарынан *жойымпаздардың* қолына түсті. Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының шетелдегі *партияшылдарды* біріктіру үшін түк істемегені былай тұрсын, голосшылдар мен впередшілдерге қарсы күресуге ешбір жәрдем бермегені былай тұрсын, сонымен қатар анархистердің антипартиялық «қорлары» мен либералдардың әрекеттерін *бүркемелеп отырды.*

Впередшілдер Троцкий мен «Голостың» «ымырашылдық» қолдауы арқасында 1910 жылғы январь пленумынан кейін *әлденеше есе* күшейіп, транспорты, *агентурасы* бар фракция болып нығайып алды.

Пленумның өзінде-ақ айқын аңғарылған нәрсе (мәселен, анархистік мектепті Троцкийдің+голосшылдардың қорғауы) ақырына дейін өріс алды. Либералдар мен анархистердің блогы ымырашылдардың жәрдемімен партияның қалдықтарын арсыздықпен сырттан қиратып отыр, оны іштен ірітуге көмектесіп отыр. Голосшылдар мен троцкистерді орталық орындарға «шақыру» жөніндегі формалистика ойынына үйірлік онсыз да әлсіреген партияшылдарды біржолата әлсірете түседі.

Осы ойынға үйірлік үшін жауапкершілікті өзімізден ала отырып, біз плехановшылдармен жақындасу жөнін-

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 19-том, 217—226-беттер. *Ред.*

дегі және блокпен *аяусыз* күресу жөніндегі *партиялық* бағытымызды *одан тысқары* жүргізе береміз. Егер Орталық Комитет Россияда бас қоса алатын болса, Россияда орталық аппаратты қалпына келтіре алатын болса, шетелде (Орталық Комитеттің жойымпаздық Шетелдік бюросының орнына) партияның ұйымдық базасын құрып, либералдар мен анархистерге қарсы *жұмыс бастай* алатын болса, Орталық Комитеттің *барлық* қадамдарын біздің *барынша* қолдайтынымыз өзінен-өзі түсінікті.

Қорытындыда жік туғызамыз деп қорқытып жүрген «ымырашылдардың» *жікке бөлінуі* туралы бірер сөз айта кетелік. Жікке бөліну *de facto* қазірдің өзінде толық туып отыр, өйткені потресовшылдар мен впередшілдер *мүлде* бөлініп кетті және оларды партиялық *бағытқа ешкім* қайтара алмайды. Егер Орталық Комитет оларды либералдар мен анархистер ретінде үзілді-кесілді жазғыратын болса, жікке бөліну *de jure* болмайды, өйткені олар *өз* бағытын қорғай алмайды. Егер орталық орындар Потресовтың (голосшылдардың) және впередшілдердің малайы либералдарды «шақыру» ойымен үйірлігін қоятын болса, онда жікке бөліну *de jure* болмайды, ал жұмысшылар впередшілдерден де, потресовшылдардан да біржолата безеді. Бұдан *басқа* саясат жікке бөлінуді ұзаққа созады, потресовшылдар мен впередшілдерге дем береді. Ал бізге келсек, біз, *большевиктік ағымның уәкілетті өкілдері* ретінде, 1910 жылғы январь пленумы басшылық маңызы бар деп таныған өкілдер ретінде, мұндай «басқа» саясаттан іргемізді мүлде аулақ саламыз.

Пленумда Орталық Комитетпен жасалған шартқа қол қойған және оны бұзуға (Мешковскийдің сенім хаты бойынша) өкілдігі бар большевиктік ағымның өкілдері.

1911 ж. 22 январьдан (4 февральдан) кешірек жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

МАРКСИЗМ ЖӘНЕ «НАША ЗАРЯ»[56]

«Звезданың»[57] 4-номеріндегі баспасөзге шолуда маркстік топтардың қазіргі уақытта жойымпаздыққа, ал оған байланысты гегемондық туралы мәселеге баға беруге көңіл бөліп отырғаны, жұмыстың жемісті болуы үшін бұл маңызды мәселе жөніндегі айтыс ««Наша Заряның» жеке өшпенділік айтысы» болмай, принциптік айтыс болуға тиіс екені дұрыс көрсетілді.

Бұл пікірді толық қостай отырып, мен бұл журналдың: бейне бір әңгіменің *не туралы* емес, тек *кім туралы* болып отырғанын түсінуге болады («Наша Заря» № 11—12, 47-бет) деген қылығы жайында ештеңе де айтпаймын. Мен тура *бір жылдың ішіндегі* «Наша Заря» журналын аламын да — мұның өзі бұл органның бір жылдық мерекесі жөнінде орынды болып шығады— онда әңгіменің *не туралы* болып отырғанын қарастыруға тырысамын.

«Наша Заряның» бірінші номері 1910 жылы январьда шықты. Екінші, февральдағы, номерінің өзінде-ақ Потресов мырза махистердің марксистермен таласы да, жойымпаздық туралы мәселе де *«болмашы нәрселердің»* қатарына жатады деп жариялады. «Мен оқушыға мынадай сұрақ қоямын,—деп жазды Потресов мырза,— өйткені 1909 жылдың жазында, ауру адамның қиялындағы елес емес, шынайы шындық ретінде, жойымпаздық ағым, қазірдің өзінде-ақ жоюға жатпайтын, өйткені ұйымдасқан тұтас ұйым ретінде қазір іс жүзінде жоқ нәрсені жоятын ағым болуы мүмкін бе?» (61-бет).

Потресов мырза мәселені орағытып өтпек болған осы сәтсіз әрекет арқылы, өзі теріске шығармақ болған көзқарасты неғұрлым жақсы, күтпеген түрде, геростратша батыл қуаттап берді. Нақ 1910 жылдың январы мен февралында Потресов мырзаның өзінің іс жүзіндегі жағдайға берген бағасын оның қарсыластары қостамайтындығын білмеуі мүмкін емес. Демек, «жоқ», «жоққа жүйрік жетпейді» деген сылтаумен құтылуға әрекеттенуге болмайды. Мәселе практикада оннан бірдің немесе жиырмадан бірдің, немесе жүзден бірдің, не болмаса қандай да болса басқа бөлшектің нольге парапар болуында емес. Мәселе мынада: бұл бөлшекті қажетсіз деп есептейтін ағым *бар ма, жоқ па.* Мәселе мынада: бөлшектің маңызы туралы, оған көзқарас туралы, оны көбейту және т. т. туралы принципті пікір алалығы бар ма, жоқ па. Істің шын мәнінде *нақ осы* сұраққа «жоқ», «ноль», «нольдің аты ноль» деп жауап қайтарып, Потресов мырза өзі теріске шығаратын жойымпаздық ағымды толық көрсетіп отыр. Оның қылығында тек барып тұрған «өшпенділік» («Звезданың» 4-номеріндегі баспасөзге шолуда тауып айтылғанындай) болды, тек турашылдықтың, публицистикалық айқындықтың жеткіліксіздігі болды. Бірақ мәселе адамдар туралы емес, ағым туралы болып отырғандықтан да, Петербургке Москва көмекке келді. Москвалық «Возрождение» 1910 жылғы 30 марттағы 5-номерінде Потресов мырзадан жаны ашы цитат келтіріп, былай деп жазды: «Жоятын ештеңе жоқ және, біз өз тарапымыздан қосып айтамыз,— бұл иерархияны оның ескі» және т. б. «түрінде қалпына келтіруді арман ету — тіпті зиянды, реакциялық утопия» (51-бет).

Әңгіме ескі *түрі* туралы емес, нақ ескі *мәні* туралы болып отырғандығы әбден айқын. Сондай-ақ «жою» туралы мәселе «қалпына келтіру» туралы мәселемен тығыз байланысты екені де әбден айқын. «Возрождение» Потресов мырзаға қарағанда аздап ілгері басты, *дәл сол* пікірді сәл айқын, сәл тура, адалырақ білдірді. Бұл жерде жеке адам емес, бұл жерде ағым айтылып отыр. Адамдар туралығымен емес, жалтарғыштығымен де

көзге түсе алады, ал ағымдар өздерін тіптен әр алуан жағдайда, түрлерде, формаларда көрсетеді.

Мәселен, Базаров мырза бір кезде большевик болды және әлі де өзін большевик деп есептеуі мүмкін — біздің заманымызда әр алуан сорақылықтар бола береді. Ал «Наша Заряның» апрельдегі кітапшасында оның Потресов мырзаны тапқырлықпен, қуанышты түрде (Потресов үшін) теріске шығарғаны сонша — «гегемондық туралы атышулы мәселені» «аса ірі және мүлдем түкке тұрмайтын ұғыныспаушылықтардың бірі» (87-бет) деп ашық жариялады. Байқап қойыңыз: Базаров мырза бұл мәселені «атышулы», яғни мұнан бұрын көтерілген, 1910 жылғы апрельдің өзінде-ақ мәлім болған мәселе деп атайды! Бұл фактіні атап көрсетеміз — ол өте маңызды. Базаров мырзаның: қалалар мен деревнялардың ұсақ буржуазиясы «саяси пұрсаттылықтарға» және т. т. «жеткілікті дәрежеде батыл қарсы пиғылда болып», «бірақ ұлтшылдық рухты бойына барынша сіңірген» жағдайда «гегемондық туралы сөз де болмайды» деп мәлімдеуі (88-бет) — іс жүзінде гегемондық идеясын мүлде түсінбегендік және онан безгендік екенін атап көрсетеміз. «Ұлтшылдыққа» қарсы күресудің өзі, Базаров ұйғарған «пиғылды» онан тазартудың өзі — «гегемонның» ісі. Бұл істің табысты болуы дереу, тікелей болатын, бүгінгі нәтижелермен өлшенбейді. Ұлтшылдыққа тойтарыс берудің, батпақтық рухқа тойтарыс берудің, жойымпаздыққа тойтарыс берудің нәтижелері — бұл нәтижелер бірнеше жылдан, кейде көп жылдан кейін барып корінетін уақыттар болады, міне, осындай уақыт та болады; реті келгенде айта кетейік, кейде жұмысшылардың бір бөлегін өзіне тартатын ұлтшылдық сияқты, жойымпаздық та буржуазияның пролетариатқа ықпалының көрінісі болып табылады. Ұсақ буржуазия: жоқ, жойылды, өлді және т. т. деп есептейтін, жариялайтын, жар салатын, бірақ іс жүзінде өмір сүре беретін, сары уайым, үміт үзу рухына тойтарыс беретін ұшқын жылдар бойына тек шоқтанып келіп, ұзақ дәуір өткеннен кейін ғана маздап жанатын уақыттар болады. Оппортунизм әлемде барлық уақытта және барлық жерде «кешегі» мен «ертеңгінің» ара-

сындағы байланысты түсіне білмегендіктен минутқа, кезеңге, бүгінгіге жармасады. Марксизм бұл байланысты айқын түсінуді, сөз жүзінде емес, іс жүзінде түсінуді *талап етеді*. Сондықтан марксизм жалпы алғанда жойымпаздық ағымға, жекелеп алғанда гегемондықты теріске шығарушылыққа бітіспес қайшылықта болып отырады.

Петербургтен кейін — Москва. Меньшевик Потресов мырзадан кейін — бұрынғы большевик Базаров мырза. Базаровтан кейін — Потресов мырзаға қарағанда неғұрлым тура, неғұрлым адал дұшпан В. Левицкий мырза. «Наша Заряның» июльдегі кітапшасында В. Левицкий мырза былай деп жазады: «Егер бұрынғысы (саналы жұмысшыларды топтастыру формасы) саяси бостандық жолындағы жалпы ұлттық күресте гегемон болса, онда болашақтағысы өздерінің тарихи қозғалысына аяқ басатын бұқараның *таптық* (курсив Левицкий мырзанікі) партиясы болады» (103-бет).

Левицкий, Потресов, Базаров мырзалардың, бүкіл «Возрождениенің», бүкіл «Наша Заряның» және бүкіл «Дело Жизнидің» барлық шимайларының *рухы* осы бір ауыз сөйлемнің өзінде тамаша сәтті берілген, сәтті жинақталып, суреттелген. В. Левицкийден келтірілген цитатты жүздеген цитаттармен толықтыруға, ауыстыруға, дамытуға, түсіндіруге болар еді. Бернштейннің «ең бастысы — қозғалыс, түпкі мақсат — түк те емес»[58] деген әйгілі сөзі немесе Прокоповичтің (1899 жылғы «Credo»-дан) жұмысшылардың ісі — экономикалық күрес, либералдардың ісі — саяси күрес[59] деген сөздері қандай болса, бұл да сондай «классикалық» сөйлем.

Левицкий мырзаның гегемондықты таптық партияға *қарсы қоюы* теориялық тұрғыдан дұрыс емес. «Наша Заряның» *іс жүзінде* қостап, ілесетін партиясы марксизм емес, либерализм деу үшін осы қарсы қоюдың өзі-ақ жеткілікті. Бүкіл дүние жүзіндегі либерализмнің теоретиктері ғана (ең болмағанда Зомбарт пен Брентаноны еске түсіріңізші) *таптық* жұмысшы партиясын Левицкийдің «түсінгеніндей» түсінеді. Марксизм тұрғысынан қарағанда, гегемондық идеясын теріске шығаратын немесе оны түсінбейтін тап — тап емес немесе

әлі тап емес, ол *цех* немесе әр түрлі цехтардың жиынтығы.

Бірақ марксизмнен айныған Левицкий мырза «Наша Заряға», *яғни* жойымпаздық ағымға әбден берілген. Ол *бұл* ағымның мәні туралы нағыз шындықты айтты. Бұрын (бұл ағымды жақтаушылардың ойынша) «гегемондық» болды, келешекте ол болмайды, болмауға тиіс; ал қазір ше? Қазір — «Наша Заря», «Возрождение», «Дело Жизни» жазушыларының және оқушы-достарының тобынан құралған, *қазіргі уақытта,* 1911 жылдың жазында, *бұрынғы* гегемондықтан *болашақ* брентанолық-таптық (нақ сондай правомен струвелік немесе изгоевтік-таптық деп айтуға болады) партияға *көшудің* қажеттігін, міндеттілігін, пайдалылығын, заңдылығын уағыздаумен ғана шұғылданып отырған *ұсқынсыз* қойыртпақ бар[60]. Ұсқынсыздықтың өзі жойымпаздық принциптерінің бірі екенін оның қарсыластары 1908 жылдың өзінде, «Наша Зарядан» *бір жыл бұрын* ашып айтқан еді. Егер Маевский мырза 1910 жылғы декабрьде: жойымпаздық деген не деп сұрақ қойса, ол мұнан түп-тура екі жыл бұрын ресми түрде берілген жауапқа[61] көз жіберсін. Ол бұл жауаптан, онан бір жылдан кейін пайда болған «Наша Зарянық» өте дәл және мейлінше толық сипаттамасын көреді. Бұл қалай болған? Мұның бұлай болатын себебі: әңгіме жеке адамдар туралы емес, 1907 жылы байқалған (ең болмағанда, 1907 жылғы көктемдегі оқиғалар туралы Череванин мырзаның өзінің кітапшасының аяқ жағын қараңыз[62]), 1908 жылы айқын көрінген, 1908 жылдың аяғында оның қарсыластары баға берген, 1910 жылы өзінің ашық баспасөз органын және органдарын шығарған ағым туралы болды және сол ағым туралы болып отыр.

Бұрын гегемондық болды, *ал* келешекте «таптық партия» болуға тиіс деу — жойымпаздықтың гегемондықтан безушілікпен байланысын және бұл ағымның марксизмнен қол үзгендігін айқын көрсету деген сөз. Марксизм: бұрын «гегемондық» болған екен, олай болса, кәсіптердің, мамандықтардың, цехтардың жиынтығынан тап өсіп шықты, өйткені гегемондық идеясын түсінгендіктің өзі, оны өзінің қызметінде іске асырудың

өзі цехтар жиынтығын тапқа айналдырады дейді. «Тап» дәрежесіне өсіп жеткеннен кейін ешқандай сыртқы жағдайлар, ешқандай ауыртпалықтар, ешқандай тұтасты бөлшектеушілік, вехишілдердің ешқандай масайрауы, оппортунистердің ешқандай қорқақтығы бұл өркенді тұншықтыра алмайды. Мейлі ол бетке шығып «көрінбей-ақ» қойсын (Потресов мырзалар оны көрмейді немесе көрмегенсиді, *өйткені* көргісі келмейді), бірақ ол тірі, ол өмір сүріп отыр, ол «өткендегісін» қазір де сақтап, оны келешекке апарады. Гегемондық бұрын да болған екен, ендеше марксистер безушілердің бәріне және қандайына болса да қарамастан, гегемондық идеясын қазірде де және келешекте де қорғауға *міндетті*,— мұндай идеологиялық міндет цехтардан тап жасаған, тапты онан әрі жасап, кеңейтіп, нығайтып отырған, оның «буржуазия ықпалы көріністерінің» бәріне тойтарыс беруін нығайтып отырған материалдық жағдайларға әбден сәйкес келеді.

Ал «Наша Заря» журналы тұтас бір жыл ішінде буржуазияның пролетариатқа ықпалының көріністерін өз бойына жинақтап та отыр. Жойымпаздық белгілі бір тапты жақтаушы болғысы келетін адамдар арасындағы ағым ретінде ғана өмір сүріп отырған жоқ. Ол 1908—1910 жылдардағы бүкіл үшжылдыққа тән болған және тағы бірнеше жылға тән болуы мүмкін кең, бірнеше тапқа ортақ «кері» ағыс жылғаларының бірі ғана. Осы мақалада мен бұл жылғаны «Наша Заряның» 2—7-номерлерінен алынған цитаттар бойынша сипаттаумен шектелуге тиісті болдым. Келесі мақалаларда мен бұл журналдың 10, 11 және 12-номерлеріне, сондай-ақ жойымпаздық жылғасы — вехишілдік ағысының бір бөлегі ғана деген пікірді толығырақ дәлелдеуге тоқтап өтермін деп үміттенемін.

1911 ж. 22 январьдан (4 февральдан) кешірек жазылған

1911 ж. 22 апрельде «Современная Жизнь» журналының (Баку) 3-номерінде басылған
Қол қойған: В. Ильин

Журналдың тексті бойынша басылып отыр

БІЗДІҢ ЖОЙҒЫШТАР

(ПОТРЕСОВ МЫРЗА МЕН В. БАЗАРОВ ТУРАЛЫ)

Бүкіл маңызы геростраттық сипатта ғана болатын әдеби шығармалар болады. Мәселен, Эд. Бернштейннің әйгілі «Алғы шарттары» сияқты ең қарапайым әдеби шығарма үздік саяси маңыз алып, барлық бағытында марксизмнен алшақтап бара жатқан ішкі маркстік ағымның манифесіне айналады. Түкке тұрмайтын істер туралы «Наша Заряның» өткен жылғы февральдағы номерінде басылған Потресов мырзаның мақаласы және «Наша Заряның» апрельдегі кітапшасында басылған В. Базаровтың жауабы өздерінің геростраттық сипаты жағынан сондай үздік маңызы бар екені күмәнсыз. Әрине, бұл мақалаларда қозғалған мәселелер Бернштейн көтерген (дұрысырақ айтқанда: буржуазияның ізімен көтерген) мәселелердей оншама терең емес, ондай кең емес, ондай халықаралық маңызы жоқ, бірақ біздер, орыстар үшін 1908—1909—1910—? жылдар кезеңінде мұның өзі орасан зор, күрделі маңызы бар мәселелер. Сондықтан Потресов мырза мен В. Базаровтың мақалалары ескірген *жоқ,* бұл мақалалар туралы сөз ету қажетті де міндетті.

I

Жасанды, жылтырақ, күшеншек сөзсымақтарға әуес Потресов мырза өзінің мақаласын «біздің қоғамдық-саяси бағыттарымыздың қазіргі заманғы драмасына» арнайды. Шынына келгенде ол өзі сөз қылып отырған



ЦѢНА 30 КОП.

МЫСЛЬ

ЕЖЕМѢСЯЧНЫЙ
ФИЛОСОФСКІЙ и ОБЩЕСТВЕННО-ЭКОНОМИЧЕСКІЙ ЖУРНАЛЪ.

№ 2.
ЯНВАРЬ.
1911.

СОДЕРЖАНІЕ:

Г. ПЛЕХАНОВЪ. Смѣшеніе представленій (*окончаніе*).— Н. Р—КОВЪ. Современная русская аграрная политика и виды на будущее (*окон.*).—В. ИЛЬИНЪ. О статистикѣ стачекъ въ Россіи (гл. II).—Г. Ц—ЧЪ. Къ вопросу объ иностранныхъ капиталахъ въ Россіи.—В. ИЛЬИНЪ. Наши упразднители (о г. *Потресовѣ* и *В. Базаровѣ*). НА ТЕМЫ ДНЯ:—ГР. Законъ о лишеніи отдыха торгово-промышленныхъ служащихъ.—ПОЛЕМИЧЕСКІЯ ЗАМѢТКИ: Р.—1) «Вѣхи» о Толстомъ. 2) Благодушный либералъ. 3) Совѣтъ г. Клейнборту.—ИНОСТРАННОЕ ОБОЗРѢНІЕ: Х. Л. РАППОПОРТЪ. Дѣйствительность и мечты. П ОРЛОВСКІЙ. Литературные наброски.— ОБЩЕСТВЕННО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ЖИЗНЬ.—БИБЛІОГРАФІЯ.—НЕКРОЛОГЪ: П. Зингеръ.

МОСКВА.

«Мысль» журналының 1911 жылғы январьдағы 2-номерінің мұқабасы; онда В. И. Лениннің «Россиядағы стачкалар статистикасы туралы» деген мақаласының екінші тарауы және «Біздің жойғыштар (Потресов мырза мен В. Базаров туралы)» деген мақаласының бас жағы басылған

Кішірейтілген

либерализмнің, халықшылдықтың және марксизмнің революциядан кейінгі эволюциясында драмалық ештеңе көрсеткен жоқ және көрсете де алмайды. Мұның есесіне Потресов мырзаның пайымдауларында кісі күлерлік сөздерден аяқ алып жүре алмайсың.

«Идеялық ағым ретінде,— деп жазады Потресов мырза,— нақ либерализм шектен асқан ыдыраудың және шектен асқан дәрменсіздіктің бейнесін көрсетеді. Бұған дәлелге практикалық либерализм мен теориялық либерализм арасында тереңдеп бара жатқан алшақтықты алса да болады»,— Милюковтың «Речінің» «эмпиризмі» мен вехишілдердің теориясы арасындағы алшақтықты алса да болады.

— Жетер енді, аса құрметті мырза! Тереңдеп бара жатқан алшақтық сіздің және сіз сияқты жартылай либералдардың 1905—1906—1907 жылдарда кадеттер туралы айтқаны және ойлағаны мен сіздердің 1909—1910 жылдарда шатасып, өздеріңізге өздеріңіз қайшы келіп мойындауға мәжбүр болған нәрселеріңіздің арасында пайда болды. Либерал практиктердің «эмпиризмі» мен Струве à la мырзалардың теориялары арасындағы қайшылық тіпті 1905 жылдан бұрын да әбден айқын көрінді: сол кездегі «Освобождение»[63] өзінің «теориялау» әрекетінің әрқайсысында қадам басқан сайын сүрінгенін еске түсіріңізші. Егер сіз *қазір* либерализм «бөлшектелген» (бұл тағы да сөздегі жалтарыс, құрғақ сөз, өйткені вехишілдер «Речьпен» ажырасқан жоқ, қайта жарасты, жарасып та отыр, өте жақсы жарасады да), «қылға ілініп тұрған», «онімсіз» «болып шықты» деп, бұл тек «буржуазиялық демократияның» «неғұрлым тұрақсыз» (sic!*) «бір бөлегі», «сайлау бюллетеньдерін тәуір беруші», тағы сондайлар ғана деп ойлай бастасаңыз,— онда сіздің либерализм «драмасы» туралы айқайларыңыз сіздің жалған үмітіңіздің күйреуінің қайғылы-күлкілі екенін ғана көрсетеді. Либерализм нақ қазіргі уақытта емес, 1908—1910 жылдардағы үшжылдықта емес, атап айтқанда оның алдындағы үшжылдықта буржуазиялық демократияның неғұрлым ту-

* — солай! *Ред.*

рақсыз бөлегі «болып шықты». Жұртқа тұздықты қонақасы желініп болғаннан кейін ұсынатын жалған социалистер «неғұрлым тұрақсыз» болады. «Қылға ілініп тұрған» либерализм, «өнімсіз» «сайлау бюллетеньдерін беруші» және т. т., Потресов мырза талдап отырған мәселе жөнінде, өткен үшжылдықтың айрықша белгісі бола алады. *Ол кезде* либерализмнің мұндай сипатын тану кезеңнің саяси міндеті болды, бұқараны сақтандыру тек социалистердің ғана емес, дәйекті демократтардың да кезек күттірмейтін міндеті болды. 1910 жылғы февральда емес, 1906 жылғы мартта кадеттердің либерализмі қылға ілініп тұрғанын, оның өнімсіздігін, объективтік жағдайлар «сайлау бюллетеньдерін тәуір берушілерді» түкке асырмай тастайтынын, комедияға айналдыратынын, кадеттік жеңістер — Шиповтардың немесе Гучковтардың «байсалды» конституцияшылдығы (жалған конституцияшылдығы деп оқыңыз) мен қылға ілініп *тұрмайтын* және сайлау бюллетеньдерін сүйсініп тамашалаумен шектеліп *қалмайтын* элементтердің демократия жолындағы күресі арасында тұрақсыздықпен бұлталақтау болып табылатындығын ескертіп, мұнан сақтандырудың маңызы болды. Еске түсіріп қараңызшы, аса құрметтім, либералдар туралы бұл шындықты дер кезінде, 1906 жылғы мартта кім айтып еді?[64]

Біздің үшжылдықтың (1908—1910) айрықша белгісі, өзіндік сипаты тіпті де «қылға ілініп тұрған», т. с. либерализмнің «өнімсіздігі» емес. Мұның керісінше. Либерализмнің таптық дәрменсіздігінде, оның демократиядан қорқатындығында, оның саяси бейшаралығында ешқандай өзгеріс болған жоқ, бірақ күшті көрсетуге мүмкіндік болғанда, либералдарға ең болмағанда белгілі қимыл аренасында толық басым болуға мүмкіндік берген жағдайлар туған кезде бұл дәрменсіздік өзінің шырқау шегіне жетті. Ал, кадеттер, мәселен, I Думада көпшілік болған кезде, олар бұл көпшілікті демократияға қызмет етуге және демократияның ісіне бөгет жасауға, демократияға көмектесуге (ең болмағанда, айталық, жер жөніндегі жергілікті комитеттер ұйымдастыру сияқты кішкене істе) және демократияның ту сыртынан соққы беруге пайдалана алды. Міне, бұл кезеңге

тән нәрсе — кадеттердің «қылға ілініп тұруы», «сайлау бюллетеньдерін тәуір берушінің» алдағы октябристік Дума үшін тапсырмалар құрастырушы болуы еді, бар болғаны осы ғана.

Ал келесі үшжылдықта кадеттер, өздері қандай болса, әрдайым қандай болып келсе, сол қалпында қалып, бұрынғысына қарағанда *кемірек* «қылға іліп тұрды». Потресов мырза, сіз халық эпосындағы өзінің тілектері мен пікірлерін тіпті орынсыз жерде айқайлап айтатын кейіпкерге ұқсайсыз. 1909 жылдың вехишілдері 1906 жылдың Муромцевінен гөрі *кемірек* «қылға іліп тұр», өйткені вехишілдер Россияның халық шаруашылығында зор күшке ие болып отырған тапқа, атап айтқанда жер иелері мен капиталистерге *елеулі* пайда келтіреді, соларға *іскерлікпен* қызмет етеді. Вехишілдер бұл құрметті адамдардың демократияға және социализмге қарсы идеялық-саяси күрестің қару-жарақтарын жинауына көмектеседі: бұл — қазіргі қоғамдық-экономикалық негізде Думаны қандай да болса таратумен, жалпы алғанда қандай да болса саяси қобалжытумен бұзуға *болмайтын* іс. Жер иесі помещиктер мен капиталистер табы өмір сүріп отырғанда олардың публицистік приказчиктері: Изгоевтар, Струвелер, Франктер және К^0 де өмір сүреді. Ал Думаны тарату Муромцевтердің және бірінші Думадағы кадеттердің «ісін» жалпы «қиратуы» мүмкін еді (өйткені оларда іс деген болған жоқ, мұның орнына халыққа қызмет етпейтін, қайта халықты аздыратын сөздер болды).

Үшінші Думадағы кадеттер — бірінші Думадағы идеологиясы, сондағы саясаты, едәуір дәрежеде сондағы құрамы бар партия. Нақ сондықтан да үшінші Думадағы кадеттер бірінші Думадағы кадеттерге қарағанда анағұрлым кемірек «қылға іліп тұр». Құрметті Потресов мырза, сіз осыны түсінбейсіз бе? Сіз «біздің қоғамдық-саяси бағыттарымыздың қазіргі драмасы» туралы пайымдауға бекер кірістіңіз! Мен сізге тіпті *құпия* етіп айтайын: вехишілдердің реакциялық «мол өнімділігі» арқасында ғана емес, сонымен қатар демократияның саяси майшабақтары әзірге болып отырғанда, либерализмнің шортандарына жемтік табылатын-

дықтан да кадеттердің саяси қызметі келешекте де, сірә, едәуір уақыт бойына болар, «өнімсіз» болмайды. Потресов à la кескіндер өте айқын бейнелейтін, социализмдегі мұндай тұрақсыздық, демократиядағы мұндай болжырақтық болып отырғанда, бұл майшабақтарды ұстауға либерализм «эмпириктерінің» әрдайым шеберлігі жетеді. Қайғырмаңдар, кадеттер: Потресовтар тірі тұрғанда, сіздердің өмір сүрулеріңізге жемтік табылады!

II

Халықшылдық туралы айтқан кезде Потресов мырза бас-аяғын онан да нашар біріктіреді. Кадеттерді ол «бұрынғы демократтар» және тіпті «бұрынғы либералдар» деп атайды. Шаруалар туралы ол: «саяси өмірге енген шаруалар (Потресов мырзаның пікірінше, олар әлі бұл өмірге енбеген) тарихтың мүлде жаңа тарауын — шаруалар демократиясының тарихын — бастар еді, сөйтіп ескі, интеллигенттік, халықшылдық демократияны мүлде жояр еді» дейді.

Сонымен, кадеттер — бұрынғы демократтар, ал шаруалар — болашақ демократтар. Сонда қазіргі демократтар қайда? Әлде демократия, бұқаралық демократия 1905—1907 жылдардағы Россияда болмады ма? 1908—1910 жылдардағы Россияда жоқ па? Потресов «орағытқан», мәселенің мәнінен орағытып өтетін әр түрлі құрғақ сөздермен қазіргіні жасырып тастады, өйткені күмәнсыз қазіргіні турасынан және ашық мойындау Потресов мырзалардың бүкіл жойымпаздық философиясын беттен соққылайды. Қазір мүлде даусыз болып отырған тарихи фактіні мұндай ашық және тура мойындау мынада: кадеттер *еш уақытта* Россияда аздыкөпті бұқаралық демократия болған жоқ, еш уақытта демократиялық саясат жүргізген жоқ, ал шаруалар — Потресов мырзаның өзі де сөз ететін «сан миллиондаған шаруалар» осы буржуазиялық демократияны (буржуазиялық демократияның барлық өресіздігімен бірге) білдіріп келді, білдіріп те отыр. Потресов мырза нақ жойымпаздық философияны құтқару үшін осы *түбегейлі* мәселеге келгенде жалтарып кетеді. Құтқара алмайсыз!

Шаруалар демократиясының өткендегісі мен қазіргісін орағытып өтуге тырысып, Потресов мырза болашақ туралы сеніммен сөз қылғанда тағы да қиын жағдайға тап болады. Тағы да кешеуілдеп қалдыңыз, аса құрметтім! Сіз өзіңіз «9 ноябрьдегі заңның болуы мүмкін нәтижелері» туралы сөз етесіз — демек, оның табысқа жету мүмкіндігін (әрине, таза абстрактілі мүмкіндігін) өзіңіз де мойындайсыз[65]. Ал мұндай табысқа жеткен жағдайда «тарихтың *жаңа* тарауы» *шаруалар* демократиясы тарихының ғана емес, сондай-ақ шаруа *аграрийлері* тарихының да жаңа тарауы болуы мүмкін.

Россияда шаруалар шаруашылығы, демек, шаруалардың жер иелігі мен шаруалар саясаты да капиталистік жолдан басқа жолмен дамуы мүмкін емес. Халықшылдардың аграрлық программасы өзінің мәні жағынан алғанда, мәселен, 104-тің (I және II Думалар) белгілі платформасы[66] түрінде капиталистік дамуға қайшы келмейтіні былай тұрсын, қайта, керісінше, капиталистік дамудың мейлінше кең және мейлінше шапшаң ілгерілеуіне жағдай жасалғандықты білдіреді. Қазіргі аграрлық программа, мұның керісінше, барып тұрған шабан, барып тұрған өресіз, крепостниктік тәртіптің зардаптарымен барынша ауырлатылған капиталистік дамуды білдіреді. Жаңа Россияның буржуазиялық аграрлық қатынастарының формасын сайып келгенде бұл программалардың қайсысы белгілейтінін объективтік, тарихи-экономикалық жағдайлар әлі шешкен жоқ.

Жойымпаздық өкілдері шатыстырып жүрген қарапайым фактілер, міне, осындай.

«Барлық өзгерістер тұсында,— деп жазады Потресов мырза интеллигенттік, халықшылдық демократиядағы өзгерістер туралы,— бір нәрсе өзгеріссіз қалды: шаруаларға икемделген интеллигенттік идеологияға нақты шаруалар әлі күнге дейін (!) өзінің түзетуін енгізген жоқ».

Бұл — нағыз вехишілдік және шылғи жалған сөз. 1905 жылы ашық тарихи сахнада ең «нақты» және ең қатардағы, бұқаралық шаруалар болды; олар халықшылдардың және халықшылдық партиялардың «интеллигенттік идеологиясына» *талай* «түзетулер» енгізді.

Халықшылдар бұл түзетулердің бәрін бірдей *ұғынған* жоқ, бірақ шаруалар бұл түзетулерді *енгізді.* 1906 және 1907 жылдарда ең «нақты» шаруалар еңбек топтарын құрды және 104-тің жобасын жасады, осы арқылы *бірсыпыра түзетулер* енгізді, бұл түзетулердің бір бөлегін тіпті халықшылдар да атап көрсетті. Мәселен, «нақты» шаруалар өздерінің *қожайындық* ниеттерін көрсеткенін, «қауым» орнына жеке және серіктес жер иеленуді мақұлдағанын жұрттың бәрі мойындады.

1905—1907 жылдардағы қозғалысты интеллигенттік қозғалыс деп жариялап, нақты шаруалар интеллигенттік идеологияға өздерінің түзетуін енгізген жоқ деп сендірмек болғанда, вехишілдер либерализмді демократиядан тазарта отырып, оны үнемі ақшалы қапшықтың итаршысына айналдыра отырып, өздерінің тарихи міндетін дұрыс орындап отыр. Жойымпаздар халінің қайғылы да күлкілі болуы да мынада: олар өз пікірлерінің вехишілдер идеяларын жай ғана қайталаушылыққа айналғанын байқамайды.

III

Потресов мырза марксизм туралы пайымдауларға көшкенде бұл қайталаушылыққа айналу одан да айқын көрінеді. Интеллигенция — деп жазады ол — «өзімен... өзінің партиялық-үйірмелік құрылысымен пролетариатты тасада қалдырды». Буржуазия бұл идеяны «Вехи» арқылы да, бүкіл либералдық баспасөз арқылы да мейлінше кең қолданып, оны пролетариатқа қарсы пайдаланған фактісін сіз бекерге шығара алмайсыз. Аксельрод өзінің осы идеяны ұсынған фельетонының өзінде-ақ буржуазиялық демократияға марксизм мектебінен көсем бере алатын «қиямпұрыс-тарих» туралы жазды. Қиямпұрыс-тарих Аксельрод пын ықыласымен қорқытпақ болып, большевиктерге арнап қазбақшы болған орды, оған Аксельродтың өзін түсіруге пайдаланды!

Егер сіз объективтік тарихи фактілерді алатын болсаңыз, онда бұл фактілердің *бәрі,* 1905—1907 жылдардағы бүкіл кезең, тіпті II Дума сайлауының өзі (егер мысал үшін фактіні ең үлкен фактілерден алмай, ең қа-

рапайым фактілерден алатын болсақ) «партиялық-үйірмелік құрылыс» пролетарды «тасаламағанын», қайта пролетариаттың *қалың бұқарасының* партиялық және кәсіптік-одақ құрылысына *тікелей уласқанын даусыз дәлелдеді.*

Бірақ Потресов мырзаның геростраттық сөзінің басты мәселесіне, «түйініне» көшелік. Ол: маркстік ой «маркстік бағыт сияқты қоғамдық-саяси бағыттың жүйке тамыры неде деген мәселе туралы емес, экономика мәселелері туралы ғана емес және саясат мәселелері туралы емес, қандай да болса барлық басқа мәселелер туралы айтысып», махизмге қарсы күрес және жойымпаздыққа қарсы күрес сияқты «түкке тұрмайтын істердің уымен өзінің басын айналдырады» дегенді айтады. Бұлар, бұл сұрақтар, қандай көп, деп лепіреді Потресов мырза. «Россияның экономикалық дамуы қалай болып келеді, бұл даму күштерді реакцияның ыңғайымен қалай ауыстырады, деревня мен қалада не болып жатыр, бұл даму Россия жұмысшы табының әлеуметтік құрамына, т. т. және т. б. қандай өзгерістер енгізеді? Бұл сұрақтарға жауаптар немесе жауап беруге кірiскендік қайда, орыс марксизмінің экономикалық мектебі қайда?»

Жауапты, қалай болғанда да жауап беруге кірiскендікті «иерархияның» өзі берді, оны Потресов мырза қасақана және екіжүзділікпен жоқ деп келген. Орыс мемлекеттік құрылысының соңғы үш ғасырдағы дамуы бізге ол өзінің таптық сипатын белгілі бір бағытта өзгертіп келгенін көрсетеді. XVII ғасырдағы боярлық думалы монархия XVIII ғасырдағы чиновниктік-дворяндық монархияға ұқсамайды. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы монархия 1861—1904 жылдардағы монархия емес. 1908—1910 жылдарда буржуазиялық монархияға бет алған деуге болатын бағытта *тағы бір қадам* басқандықты көрсететін жаңа кезең айқын байқалды. III Дума да, біздің қазіргі аграрлық саясатымыз да осы қадаммен тығыз байланысты болып отыр. Сонымен, жаңа кезең кездейсоқтық емес, елдің капиталистік эволюциясындағы өзгеше бір саты. Бұл жаңа кезең ескі проблемаларды шешпей, оларды шешуге шамасы да келмей,

демек, *оларды жоя да алмай,* ескі проблемалардың ескіше шешілуіне әзірліктің жаңа тәсілдерін қолдануды талап етеді. Көңілсіз, сүреңсіз, ауыр, бірақ сөзсіз болған кезеңнің ерекшелігі, міне, осында. Бұл кезеңнің экономикалық және саяси ерекшеліктерінің осы өзгешелігінен марксизм ішіндегі идеялық топтардың өзгешелігі туады. Кімде-кім өткен дәуір кезінде белгілі бір кезеңде ескіше шешімді қалай қолдану немесе алға бастыру керек екені жөніндегі мәселемен әлі де келісе қоймағанымен, ол адамдар ескі проблемаларды ескіше шешуге әзірліктің жаңа тәсілдерін танитын болса, ортақ іскерлік негізде, нақты дәуірдің ортақ міндеті негізінде бір-бірімен жақындасады. Кімде-кім әзірліктің жаңа тәсілдерін, не болмаса біздің алдымызда ескі проблемалар тұрғанын, біздер ол проблемаларды ескіше шешуге беттеп келе жатқанымызды теріске шығарса (немесе түсінбесе), олар *іс жүзінде* марксизм негізінен таяды, олар *іс жүзінде* либералдардың (Потресов, Левицкий, т. б. сияқтылардың) немесе идеалистер мен синдикалистердің (В. Базаров, т. б. сияқтылардың) тұтқынына түседі.

Жат адамдардың және жат идеялардың тұтқынында болып отырғандықтан, Потресов та, Базаров та өздерінің пікірлестерімен бірге сөзсіз шатасып, нағыз күлкілі, нағыз жалған жағдайға түседі. Потресов мырза кеудесін соғып: «*бұл кірісу қайда* және бұл *жауап* қандай?» деп байбалам салады. Мартов бұл жауапты сондай жақсы біле отырып, бұл жауап—«буржуазияны өкімет басында» таниды-мыс деп жұртты сендірмек болады: қарсыласының уақытша үндемеуге мәжбүр болып отырғанын пайдалануға тырысатын либералдардың дағдылы тәсілі емес пе! Сөйтіп, олар ренжіген пішінмен біздерге: жойымпаздық деген не? деп сұрақ қояды. Иә, «тұтастың» қатарында болудан дәмеленетін адамдар оның әлсізденуін пайдаланып, жұртты: «жауап» жоқ (бұл жауапты нақ «тұтастың» өзі беріп отырса да) деп сендірмек болғанда қолданатын нақ осы тәсіл, құрметті мырзалар,— жойымпаздық (ренегаттық болып жүрмесе) тәсілдердің бірі.

Жойымпаздық — «ауру адамның қиялындағы елес», деп жазады Потресов мырза, өйткені «енді жоюға келмейтін, ұйымдасқан тұтас ретінде іс жүзінде жоқ болып отырған нәрсені» жоюға болмайды.

Бұл сөздерге өзімнің көзқарасымды оқушыға толық білдіруге менің мүмкіндігім жоқ; бұл көзқарасымды шамамен білдіру үшін оқушыға мынадай сұрақ қоямын: жақын пікірлестері мен әріптестері «тұтастың» (нақ «тұтас» ретінде) өздеріне қолайлы ұсыныстарын қабылдап отырғанда, өзі келесі күні баспасөз бетінде: «тұтас» жоқ дейтін адамды қалай деп атауға болады?

Бұл пункт жөніндегі сөз бітті.

Мынадай принципті сұрақ туады: ескі проблемаларды ескіше шешу қажет деген көзқарас «тұтастың» ыдырау *дәрежесіне* қарай — тіпті, керек етсеңіз, жойылуына қарай өзгеруі мүмкін бе? Мүмкін емес екенін әрбір адам түсінеді. Егер қазіргі заманның объективтік жағдайлары, егер оның түбегейлі экономикалық және саяси белгілері ескіше шешуді талап етіп отырса, онда ыдырау неғұрлым күшті болған сайын, «тұтастан» неғұрлым аз қалған сайын, оған соғұрлым көп қамқорлық сту керек, публицист «тұтастың» қажеттігін соғұрлым қызу айтуға тиіс. Жоғарыда көрсеткеніміздей, әзірліктің жаңа тәсілдерін мойындау қажет, бірақ бұл тәсілдерді кім қолдануға тиіс? «Тұтас» қолдануға тиіс екені айқын. Бастан кешіріп отырған кезеңнің маңызын, оның негізгі саяси ерекшеліктерін түсінген адамдар үшін публицистің міндеттері Потресов мырзалардың *бүкіл* бағытына қарама-қарсы екені айқын. Жоғарыда мен баяндаған «жауаптың» (қазіргі кезеңнің экономикасы мен саясаты туралы сұраққа жауаптың) жойымпаздыққа қарсылықпен байланысын кімнің болса да шынымен теріске шығаруы туралы сөз болуы да мүмкін емес.

Мәселенің жалпы принциптік қойылысынан нақтытарихи қойылысына көшейік. Марксизмдегі ескіше шешудің қажеттігін уағыздайтын, осыған сәйкес бағыт ұстайтын ағым 1908—1910 жылдар кезеңінде толық көрінді. *Бұл үш жыл бойына* «ескі шешімді» мойындауға және тұтастың ескі негізгі формаларын құруға қарсы-

лық көрсетіп келген екінші ағым да айқын көрінді. Бұл фактіні теріске шығару күлкі келтіреді. Әзірліктің жаңа формаларының, III Дума ішіндегі жұмыстың маңызын, т. т. бұл үш жыл бойына түсінбей келген үшіншi ағым да айқын көрінді. Мұндай адамдар ескі шешімді мойындауды үйреншікті, бірақ түсініксіз, дағды бойынша қайталана беретін, ал өзгерген (ең болмағанда Думадағы жұмыс саласында өзгерген, әрине, тек бұл салада ғана емес, басқа салада да өзгерген) жағдайда саналылықпен, ойластырып *қолдануға* келмейтін бос сөзге айналдырды.

Жойымпаздықтың жалпыға бірдей тоғышарлық «шаршағандық» пиғылымен байланысты екені айқын. «Шаршағандар» (әсіресе түк істемеуден шаршағандар) ағымдағы кезеңге экономикалық және саяси баға беру туралы сұраққа дәлме-дәл жауап әзірлеуді ойластырмайды: олардың бәрі жоғарыда берілген бағаны, тұтас атынан берілген баға ретінде формальды түрде *жұрттың бәрі мойындаған* бағаны қостамайды, бірақ олар *өздерінің* дәлме-дәл бағасын, ең болмағанда жойымпаздық «Наша Заря», «Жизнь» және т. т. қызметкерлерінің бағасын болса да, қарама-қарсы қоюды ойлаудан да қорқады. «Шаршағандар»: ескілік жоқ, ескілік өмірге бейім емес, жансызданды, т. т. және т. с. деп қақсай береді, бірақ ескілік орнына, атап айтқанда, не керек, «қазірдің өзінде жойылғандықтан жойылуға (бейне бір) жатпайтынды» (Потресовша) қалпына келтіру қажет пе деген міндетті (кез келген адал ниетті публицистке міндетті) сұраққа таза саяси, дәлме-дәл тұжырымдалған жауап беруді ойластыруды, міне, осыны ойластыруды олар қаперіне де алмайды. Олар үш жыл бойы ескілікті жамандап келеді, оны, әсіресе, ескілікті қорғаушылардың кіруіне рұқсат етілмейтін мінбеден балағаттап келеді және, Изгоевтармен* ауыз жаласа құшақтасып: жойымпаздық туралы әңгімелер қандай түкке тұрмайтын нәрсе, қандай қияли елес!—деп лепіріп жүр.

---

* Оның 1910 жылғы «*Русская Мысльдегі*»[67] вехишіл Потресов туралы мақаласын қараңыз, Потресов мырза мұндай құшақтан *еш уақытта* құтыла алмайды.

Мұндай «шаршағандар» туралы, Потресов мырза мен $К^0$ туралы: «көтеруден кресті шаршады олар — сатылған жоқ сонда да; жарты жолда қалдырды да күресті, ашу-ыза, қасіреттен болды ада»[68] дейтін белгілі өлеңді қайталауға *болмайды.*

Публицистің трибунасына шығып алып, өздерінің ескіліктен «шаршағанын», өздерінің ескілікпен жұмыс істеуді тілемейтінін ақтайтып мұндай «шаршағандар» — «шаршап» қана қоймай, нақ сатқындық еткен адамдар.

IV

Потресов мырза материалистердің, марксистердің махистермен, яғни идеалистермен философиялық күресін де «түкке тұрмайтын істердің» қатарына қосады. Потресов мырза «бұл философия соғудың думанына» (—«достым, Аркадий Николаевич, әсем сөйлемеші!»[69]) қатты ызаланады және, мұнымен бірге, материалистер жағынан Плехановты және мені атап, біздерді *«кешегі саясатшылар»* деп сипаттайды. Бұл сөздерге мен ұзақ күлдім. Шынында да, бұл жерде мақтаншақтықтың аяп екені және адам күлерлігі сонша, біздің қоянымызға аю құлағының бір жапырағын беру керек болар еді. Плеханов, т. т.— «кешегі саясатшылар» екен! *Бүгінгі* саясатшы, сірә, Потресов пен оның «сабаздары» болар. Қандай сүйкімді және ашық айтылған.

Аркадий Николаевичке, ілуде бір реттерде, жалтарыссыз және бұлталақсыз сөз сөйлеуге тура келгенде, ол өзін өзі тамаша дүрелеп береді. Күшеніңкіреп, *ойланыңқырап* қараңызшы, Аркадий Николаевич: сіз жойымпаздықты жоқ дегенде, меньшевизмді большевизмнен айыратын *емес,* Потресов пен $К^0$-ні Плеханов пен большевиктерден, *солардың бәрінен,* айыратын *саяси* бағыт ретінде жоқ дейсіз. Осы жоқ деумен қатар сіз Плехановты және әлдекімді «кешегі саясатшылар» деп атайсыз. Өзіңіздің қандай орашолақ екеніңізді қараңызшы: бізді Плехановпен *бірге* кешегі саясатшы деп атағанда, *нақ* мына мағынада: біздер үшін кешегі ұйым кешегі (өзінің *негіздері* жағынан кешегі) қозғалыстың формасы ретінде бүгін де міндетті деген мағынада атау-

ға болады. *Бұл* кешегі қозғалыс негізіндегі *бұл* кешегі ұйым белгілі бір кезеңде қандай қадамдар жасауға тиісті еді деген мәселелер бізді Плехановтан қатты ажыратып келді, ажыратып та отыр, бірақ нақ кешегі қозғалыстың *негіздерін* (мен қазір сөз еткелі отырған гегемондық туралы мәселе де осыған жатады), нақ кешегі ұйымның *негіздерін бүгін* теріске шығаратын адамдарға қарсы күрес біздерді жақындастырады.

Қалай, Аркадий Николаевич, жойымпаздықтың не екенін сіз енді де түсінбейсіз бе? Сіз қазірде де бізді Плехановпен қайдағы бір маккиавелишілдік жоспар [70] немесе жойымпаздықты «жеңуді» «екі майдандағы күреспен» *ауыстырғысы* келетін қаскөйлік тілек жақындастырды деп ойлайсыз ба?

Бірақ «философия соғудың думанына» қайтып оралайық.

«Кезінде Энгельстің Дюрингпен күресі,— деп жазады Потресов мырза,— герман социал-демократиясының санасына қандай терең борозда тартқанын және неміс жұмысшы табының қозғалысы үшін барып тұрған абстракт сияқты көрінген тезистердің іс жүзінде қалай жанды нақтылы маңызы болғанын біз білеміз...» Барып тұрған абстракт тезистердің жанды нақтылы маңызы болған екен! Тағы да құрғақ сөз, құрғақ сөзден басқа түк те емес. Дюрингтің уақыт пен кеңістік туралы философиялық пайымдаулары қате дейтін Энгельс *тезисінің* қандай «жанды нақтылы маңызы» болғанын, егер «сіз білетін» болсаңыз, түсіндіріп көріңізші! Сіздің сүрінген жеріңіз дәл мынада: сіз мектеп оқушысы сияқты, «Энгельстің Дюрингпен таласының асқан зор маңызы болды» дегенді *жаттап алғансыз,* бірақ мұның мағынасы не екенін *ойластырмағансыз,* сондықтан да жаттап алғаныңызды теріс, өрескел-теріс формада қайталай бересіз. «Неміс жұмысшы табының қозғалысы үшін барып тұрған абстракт тезистердің (Энгельстің Дюрингке қарсы тезистерінің) іс жүзінде жанды нақтылы маңызы болды» деуге болмайды. Энгельстің барып тұрған абстракт тезистерінің мынадай маңызы болды: бұл тезистер материализмнен позитивизмге және идеализмге шегінудің қатесі неде екенін жұмысшы табының идео-

логтарына түсіндіріп берді. Егер сіз, «терең борозда», «барып тұрған абстракт тезистердің жанды нақтылы маңызы» туралы даурықпа, құрғақ сөздердің орнына, Энгельстің көзқарастарын осындай, яғни философиялық жағынан азды-көпті айқын түрде баяндап берсеңіз, онда Энгельстің Дюрингпен таласын тілге тиек ету өзіңізге *қарсы* шығатынын бірден көрген болар едіңіз[71].

«...Біз,—дейді одан әрі Потресов мырза,—орыс марксизмінің қалыптасу тарихында субъективтік социологиямен күрестің ролі болғанын білеміз...»

Субъективтік социологияның қателерінде Лавров пен Михайловскийдің позитивистік және идеалистік ілімдерінің ролі бар емес пе? Аркадий Николаевич, сіздің атқан оғыңыз лағып кете береді ғой. Егер тарихи салыстыру керек болса, онда әр түрлі оқиғаларда ненің ұқсас екенін бөлектеп, дәлме-дәл көрсету керек, әйтпесе тарихи теңеу орнына жел сөзді көптіре салу болып шығады. Егер өзіңіз мысалға келтіріп отырған тарихи салыстыруды алатын болсақ, онда: Лавров пен Михайловскийді теріске шығару үшін философиялық материализмнің негіздерін және бұл негіздердің маңызын Бельтов анықтап *бермесе*[72], *орыс* марксизмінің «қалыптасуы» мүмкін болар ма еді?—деген сұрақ қою керек болады. Бұл сұраққа тек бір жауап болуы мүмкін, ал бұл жауап — егер махистермен талас тұрғысында бұл тарихи салыстырудан қорытынды шығаратын болсақ — оның нәтижесі Потресов мырзаға *қарсы.*

«...Біз мұның бәрін білетін болғандықтан да» (әрине, солай! Потресов мырза: «біз мұның бәрін білеміз» деп жазғанда мұның не деген сөз екенін біз енді көрдік), «біз өзімізді шұғылдандырып отырған философиялық талас пен маркстік қоғамдық-саяси ағымның арасында, оның міндеттері мен тілектері арасында, ақыр-аяғында, жанды нақтылы байланыс жасалуын тілейміз. Ал әзірге...»— мұнан әрі Каутскийдің хатына, махизм — Privatsache (жекеше іс) дегенге, ол туралы талас — «фата-моргана» дегенге, т. т. сілтеме жасалады.

Каутскийге сілтеме жасау — тоғышарлық пайымдаудың үлгісі. Әңгіме, Потресов мырзаның қағытқанындай (Изгоевше қағытқанындай), Каутскийдің «принципсіз-

дігінде» емес, әңгіме орыс махизмі жөнінде істің қандай жайда екенін Каутскийдің *білмейтіндігінде* және мұны білуге дәмеленбейтіндігінде. Каутский өзінің хатында Плехановты марксизмге жетік адам деп таниды, идеализмнің марксизммен ымыраға келмейтіндігіне өзінің сенетіндігін білдіреді, махизм идеализм емес (немесе: махизм атаулының бәрі бірдей идеализм емес) деген пікірді білдіреді. Каутский соңғы пунктте, әсіресе орыс махизмі жөнінде *қателеседі,* бұған күмән жоқ. Оның қатесін кешіруге әбден болады, өйткені ол тұтас алғанда махизмді *зерттеген жоқ,* жеке хат жазғанда, алауыздықты әсірелеуден сақтандыруды көздеген айқын мақсатпен жазды. Мұндай жағдайда *орыстың* марксист-жазушысының Каутскийге сілтеме жасауы ой ойлауда нағыз тоғышарлық жалқаулық және күресте қорқақтық көрсеткендік болады. Каутскийдің 1908 жылы, өзінің хатын жазған кезде, махизм белгілі бір мағынада *материализммен* «ымыраласады» деп *сенуіне болатын еді,* бірақ 1909—1910 жылдардағы Россияда бұл мәселе жөнінде Каутскийге сілтеме жасау — орыс махистерін материалистермен ымыраластыруды *қолға алу* деген сөз. Потресов мырза немесе басқа біреу мұны шындап қолға ала ма?

Каутский принципсіз емес, ал махизмді «жекеше іс» деп жариялағысы келетін Потресов пен К^0 — қазіргі орыс марксизмі ішіндегі *принципсіздіктің үлгісі.* Каутский 1908 жылы, орыс махистерін оқымай тұрып, *оларға* марксизмге жетік адам, материалист Плехановпен татуласудың жолын іздеуге кеңес бергенде, бұл оның шын ниеті болды және онда зәредей де принципсіздік болған жоқ, өйткені Каутский әрдайым материализмді жақтап, идеализмге қарсы шығып келді, мұны сол хатында да айтты. Ал 1909—1910 жылдары Каутскийдің тасасына жасырынатын Потресов пен К^0 мырзаларда шын ниеттіліктің *жұрнағы да* жоқ, принципшілдікті *зәредей де* құрметтеушілік жоқ.

Философиялық талас пен маркстік ағым арасындағы жанды нақты байланысты, Потресов мырза, сіз көрмейсіз бе? Онда маған, кешегі саясатшыға, мынадай жағдайларды және пікірлерді сізге зор құрметпен көрсету-

ге рұқсат етіңіз: 1) Философиялық материализм дегеніміз не, онан ауытқушылықтың қателігі неліктен, қауіптілігі мен реакцияшылдығы неде екендігі жөніндегі талас *әрқашан* «маркстік қоғамдық-саяси ағыммен» «жанды нақты байланысты» болып келді — әйтпесе бұл ағым маркстік те, қоғамдық-саяси да және ағым да болмас еді. Бұл байланыстың «нақтылығын» реформизмнің немесе анархизмнің өресіз «нақты саясатшылары» ғана бекер дей алады. 2) Марксизмнің идеялық мазмұны бай және сан қырлы болып отырғанда, басқа елдердегідей, Россияда да әр түрлі тарихи кезеңдер марксизмнің біресе бір жағын, біресе екінші жағын ерекше алға шығарып отыратындығына тіпті де таңдануға болмайды. Германияда 1848 жылға дейін марксизмнің философиялық қалыптасуы, 1848 жылы марксизмнің саяси идеялары, 50 және 60-жылдары Маркстің экономикалық ілімі ерекше алға тартылды. Россияда революцияға дейін—Маркстің экономикалық ілімін біздегі өмір шындығына бейімдеу, революция кезінде — маркстік саясат, революциядан кейін маркстік философия ерекше алға шықты. Бұл қай уақытта болса да марксизмнің әр түрлі жақтарының біреуін елемеуге болады деген сөз емес; бұл тек оның белгілі бір жағына *ынтаның басым болуы* субъективтік тілектерге емес, тарихи жағдайлардың жиынтығына байланысты деген сөз. 3) Қоғамдық және саяси реакция кезінің, революцияның мол сабақтарын «бойға сіңіру» кезінің негізгі теориялық мәселелерді, оның ішінде философиялық мәселелерді *жанды* бағыт атаулының қай-қайсысы үшін де алдыңғы орындардың біріне шығаратын кез болып табылатындығы тегін емес. 4) Орыс ойының алдыңғы қатарлы ағымдарында француздардың XVIII ғасырдағы энциклопедистермен, немістердің Канттан Гегельге және Фейербахқа дейінгі классикалық философия дәуірімен байланысты философиялық дәстүріндей ұлы философиялық дәстүр жоқ. Сондықтан философиялық «талдау» нақ Россияның алдыңғы қатарлы табы үшін қажет болды, ал бұл кешіккен «талдау» осы алдыңғы қатарлы тап өзінің дербес тарихи ролін атқару үшін жуырда болып өткен ұлы оқиғалар кезінде әбден есейгеннен кейін басталға-

нына таңдануға болмайды. 5) Мәселен, диалектикалық материализм «келісуге» тиісті болған бірсыпыра жаңа мәселелерді жаңа физика қандай дәрежеде алға қойса, бұл философиялық «талдау» сондай дәрежеде дүние жүзінің басқа елдерінде де көптен бері әзірленіп келді. Бұл жөнінде «біздің» (Потресовтың айтуы бойынша) философиялық таласымыздың маңызы тек белгілі дәрежедегі, яғни орыстық қана маңыз емес. Европа философиялық ойды «жаңғыртуға» материал берді, ал артта қалған Россия 1908—1910 жылдардағы амалсыз толас кезінде бұл материалдарға ерекше «қомағайланып» ден қойды. 6) Белоусов жақын арада III Думаны діндар Дума деп атады. Ол бұл жағынан III Думаның таптық ерекшелігін дөп басты және кадеттердің зымияндығын орынды айыптады.

Жалпы алғанда біздің бүкіл реакция, жекелеп алғанда либералдық (вехишілдік, кадеттік) реакция дінге кездейсоқтан емес, *қажеттіліктен* «жармаса кетті». Бір ғана таяқ, бір ғана шыбыртқы аз; таяқ, дегенмен, сынған таяқ. *Вехишілдер* алдыңғы қатарлы буржуазияның ең жаңа идеялық таяққа, рухани таяққа ие болуына көмектесіп отыр. Идеализмнің бір түрі ретіндегі махизм *объективтік жағынан* реакцияның құралы, реакцияны таратушы болып табылады. Сондықтан мұндай тарихи кезеңде (1908—1910 жылдарда), біз «жоғарғы жақта» октябристер мен Пуришкевичтердің «діндар Думасын» ғана емес, діндар кадеттерді, діндар либерал буржуазияны да көріп отырғанымызда, махизмге қарсы «төменде» күрес жүргізу кездейсоқ емес, болмай қоймайтын күрес.

Потресов мырза өзінің «құдай жасампаздыққа» «қазір соқпайтынын» «ескертті». Принципсіз және тоғышар публицист Потресовтың Каутскийден айырмашылығы, міне, осында. Каутский махистердің құдай жасампаздығы туралы *да*, діндар вехишілдер туралы *да білген емес*, сондықтан ол махизм атаулының бәрі бірдей идеализм емес *дей алды*. Потресов мұны біледі және, басты *(тар өрісті*-«публицистікпен» қараушылар үшін басты) мәселеге *«соқпай»*, екіжүзділік етіп отыр. Махизмге қарсы күресті «жекеше іс» деп жариялап,

Потресов мырза және оның жағындағылар «қоғамдық-саяси» мағынада алғанда вехишілдердің шылауына айналып отыр.

V

Потресов мырзадан Базаровқа көшкен кезде, біз, ең алдымен, философиялық талас туралы мәселеде бұлардың біріншісіне қарсы шығып, сол арқылы екіншісіне де жауап бергендігімізді ескерте кетуге тиістіміз. Тек мынаны ғана қосып айту керек: В. Базаровтың Потресов мырзаға төзімділік көрсетуі, оның Потресовтан «шындықтың жұрнағын» табуға тырысуы әбден түсінікті, өйткені Потресов мырза (барлық жойымпаздар сияқты) махизмнен сөз жүзінде және формальды түрде бойын аулақ салып, *істің шын мәнісінде* ең елеулі мәселеде оның ығына жығылады. Ағым және «платформасы» бар топ ретінде махизм өзінің марксизмнен қол үзгенін «жекеше іс» деп танудан басқа еш нәрсені талап етуге батылы бармайды! Сондықтан да Потресов пен Базаровтың бір-біріне жымыңдауы тегін емес. Жойымпаз әдебиетшілер тобы мен махистік әдебиетшілер тобы біздің ыдырау кезімізде «ыдырау еркіндігін» марксизмді жақтаушылардан, марксизмнің теориялық негіздерін қорғаушылардан сақтауға келгенде *шынында да ынтымақтасып отыр.* Ал бұл ынтымақ, өзінің мақаласында *тіпті* В. Базаровтың да көрсеткеніндей, философиялық мәселелермен *тынбайды.*

Тіпті деп отырмын, өйткені нақ Базаров саясаттың елеулі мәселелеріне әрқашан да неғұрлым ойлы көзбен қарауы арқылы көзге түсіп келді. Геростраттың даңқын қуған әдебиетшінің өткендегі өте пайдалы қызметін атап көрсету үшін ғана емес, мұндай адамның өрескел бұлтаруының мәніне баға беру үшін де мұны еске түсіріп өту қажет.

Мәселен, Базаровтың: «Мен «гегемондық» туралы атышулы мәселені біздің заманымыздағы аса ірі және мүлдем түкке тұрмайтын ұғыныспаушылықтардың бірі деп есептеймін» деген мәлімдемесі геростраттық мәлімдеме болып табылады. Біздің арамыздағы махистерді дәл бір қара басып тұрғандай: біреулері шақырымпаз-

дықты заңды сарын деп жариялап, «ыдырау еркіндігін» қорғайды, екіншілері, шақырымпаздықтың есуастығын және зияндылығын түсінетіндер, саясатта жойымпаздарға тікелей қол ұшын береді. «Наша Заряда» да, «Жизньде» де, «Қоғамдық қозғалыста»[73] да пақ осы жойымпаздар гегемондық идеясына қарсы тікелей және жанама жолмен соғыс жүргізіп отыр. Базаров *солардың лагеріне кеткендігін* қынжыла-қынжыла атап өтеміз.

Шын мәнінде оның дәлелдері қандай? Мұнан бес жыл бұрын гегемондық факт болды. «Қазіргі уақытта, әбден түсінікті себептер бойынша, бұл гегемондық жойылып қана қоймай, сонымен қатар өзінің толық қарама-қарсысына айналды». Бұған дәлел: «біздің заманымызда марксизмді бір шалып өту—қоғамның демократиялық топтары арасындағы беделділіктің сөзсіз шарты». Бұған мысал — Чуковский.

Оқисың да, өз көзіңе өзің сенбейсің: марксист болғысы келген Базаров Потресов мырзаларды қолтықтап жүруге жарайтын күні өткен адамға айналып барады.

В. А. Базаров, сіз *құдайдан* қорықпайды екенсіз. Чуковскийлер және басқа либералдар, сол сияқты қисапсыз трудовик-демократтар марксизмді әрдайым, әсіресе 1906 жылдан бері «бір шалып өтті», ал «гегемондық» 1906 жылы факт болған жоқ па? Либералдық-әдебиетшілік күркеңізден басыңызды шығарып, ең болмағанда үшінші Думаның шаруа депутаттарының жұмысшы депутаттарына қалай қарағанына көз салыңызшы. Олардың үш жыл ішіндегі саяси әрекеті жөніндегі даусыз фактілерді жай салыстырудың өзі, Думадағы саяси мәлімдемелерді халықтың қалың топтарының бұл уақыттағы тұрмыс жағдайымен салыстыруды сөз қылмағанның өзінде, олардың өту формулаларын кадеттердің формулаларымен жай салыстырудың өзі гегемондықтың қазірде де факт екенін мейлінше бұлтартпай дәлелдейді. Жұмысшы табының гегемондығы дегеніміз оның (және оның өкілдерінің) халықтың басқа элементтеріне саяси ықпалы, ықпал болғанда бұл элементтердің демократизмін (демократизм бар кезде) демократиялық емес қоспалардан тазарту мағынасында алғандағы, бур-

жуазиялық демократизм атаулының өресіздігін, соқырлығын сынау мағынасында алғандағы, «кадетшілдікпен» (егер либералдардың сөздері мен саясатының идеялық-азғындатқыш мазмұнын осылай деп атасақ) күресу, т. т. және т. с. мағынасында алғандағы ықпалы болып табылады. Базаровтың осыншалық өрескел нәрселерді жаза *алғаны,* ал өздерін жұмысшылардың достары және марксизмнің жақтастары деп есептейтін бір топ журналистердің оны мұнысы үшін қолпаштап арқасынан қаққаны,— біздің заманымызға мұнан артық тән боларлық еш нәрсе жоқ!

«Болашақ өрлеу кезеңіне қарай істің жайы қандай болатынын алдын ала айту тіпті мүмкін емес,— деп сендірмек болады Базаров жойымпаздық журналдың оқушыларын.— Егер қала және деревня демократиясының рухани бейнесі шамамен айтқанда мұнан 5 жыл бұрынғысындай болса, онда марксизмнің гегемондығы қайтадан факт болады... Бірақ демократияның кескіні мықтап өзгереді деп ұйғаруға келгенде, шынында, мүмкін емес еш нәрсе жоқ. Мәселен, орыс деревнялары мен қалаларының ұсақ буржуазиясы үстем таптардың саяси пұрсаттылығына жеткілікті дәрежеде батыл қарсы болады, жеткілікті дәрежеде топтасқан және белсенді болады, бірақ күшті ұлтшылдық рухқа шалдыққан болады делік. Марксистер ұлтшылдықпен немесе антисемитизммен ешқандай ымыраға бара алмайтындықтан, бұл көрсетілген жағдайда, сірә, гегемондық туралы сөз де болмаса керек».

Бұл теріс қана емес, сонымен қатар сұмдық қисынсыз пікір. Егер белгілі бір топтардың пұрсаттылыққа деген өшпенділігі ұлтшылдықпен ұштасатын болса, мұндай ұштасу пұрсаттылықты жоюға бөгет жасайтынын түсіндіру гегемонның ісі емес пе? Пұрсаттылыққа қарсы күресті ұлтшылдықтан азап шегіп отырған ұсақ буржуалардың ұлтшылдықтың рақатын көріп отырған ұсақ буржуаларға қарсы күресімен *ұштастырмауға* бола ма? Қандай да болса ұсақ буржуазияның қандай да болса пұрсаттылыққа қарсы қандай да болса күресі *әрдайым* ұсақ буржуазиялық өресіздіктің, жартыкештіктің ізі болып отырады, ал осы қасиеттерге қарсы күресу — гегемонның ісі. Базаров кадеттерше, вехишілдерше ойлайды. Дұрысырақ айтқанда: Базаров көптен бері осылай ойлайтын Потресовтар мен $К^0$ лагеріне өтіп кетті.

Көзге көрініп тұрмаған нәрсе тіпті де жоқ. Чуковскийлер мен Потресовтар көрмейтін нәрсе шындық емес. Базаровтың марксизмді беттен соққылайтын пайымдауларының алғы шарттары, міне, осындай. Марксизм бізді былай деп үйретеді: капитализм өмір сүріп отырғанда, ұсақ буржуазиялық бұқараның антидемократиялық пұрсаттылықтан (теориялық жағынан алғанда, *таза* капитализм тұсында мұндай пұрсаттылықтың болуы «міндетті емес», бірақ капитализмнің *тазаруы* оның өлуіне дейін созылады) азап шеге беретіні, экономикалық езгіден азап шеге беретіні сөзсіз. Сондықтан, капитализм өмір сүріп отырғанда, «гегемонның» бұл пұрсаттылықтар мен езгінің қайдан шығатынын түсіндіріп отыру, олардың таптық тамырларын көрсетіп отыру, оларға қарсы күрестің үлгісін көрсетіп отыру, күрестің либералдық әдістерінің жалғандығын әшкерелеп отыру, т. т. және т. с. міндеті *мәңгілік* болып қала береді.

Марксистер осылай деп ойлайды. Өмір жағдайы пұрсаттылықтармен ымыраластырмайтын лагерьде, пролетарлардың ғана емес, жартылай пролетарлық және ұсақ буржуазиялық бұқара лагерінде де «гегемонның» міндеттерін олар осындай деп біледі. Ал Чуковскийлер: бұл лагерь ығыстырылып, жаныштальп, астыртын жағдайға ұшыратылған екен, демек, «гегемондық жойылды», демек, «гегемондық туралы мәселе түкке тұрмайтын ұғыныспаушылыққа айналды» деп ойлайды.

Жұмысшы табын саған гегемондық керек емес, *қайта* таптық партия керек деп сендірмек болатын Потресовтармен, Левицкийлермен және К^{0}-мен қолтықтасып, осы масқара нәрселерді айтып жүрген Базаровты көргенімде, екінші жағынан, гегемондық туралы мәселеге келгенде елеулі қобалжудың болмашы белгісімен «шу» көтерген (сабаз Потресовтың жиіркенішпен айтқанындай) Плехановты көргенімде, мен өзіме өзім былай деймін: егер большевиктер мұндай жағдайда Плехановқа қол созып, оған толық жолдастық тілектестік білдіру өздерінің борышы, большевизмнің барлық дәстүрлерінің, оның ілімінің, оның саясатының бүкіл рухының борышы екендігіне бір минутке болса да қобалжыса, бір

секундке болса да күмәнданса, большевиктер, өздерін жаулары суреттегендей, фракциялық әріп кеміруші жауыздардың нақ өзі болар еді. «Гегемондар» қандай уақытта не істеуге тиіс деген мәселелерде біз келіспедік және келіспей келеміз, бірақ, ыдырау кезінде, гегемондық туралы мәселені «түкке тұрмайтын ұғыныспаушылық» деп есептейтін адамдарға қарсы күресте біз — жолдастармыз. Ал Потресовтар, Базаровтар және басқалары — біздер үшін жат адамдар, жаттығы Чуковскийлерден кем түспейтін адамдар.

Плехановпен жақындасу саясатын — «фракциялық», тар өрісті саясат деп танитын, оны Потресовтармен, Базаровтармен және басқаларымен ымыраласуға дейін «кеңейткісі» келетін, неліктен біздің мұндай «ымыраласуды» не үмітсіз есуастық, не түкке тұрмайтын әзәзілдік деп есептейтінімізді тіпті түсінгісі де келмейтін ақ көңіл аңқаулар бұл айтылғандарды ескеріп қойсын.

«Мысль» №№ 2 және 3, январь және февраль, 1911 ж.
Қол қойған: В. Ильин

«Мысль» журналының тексті бойынша басылып отыр

КАДЕТТЕР «ЕКІ ЛАГЕРЬ» ТУРАЛЫ ЖӘНЕ «АҚЫЛҒА ҚОНЫМДЫ КЕЛІСІМ» ТУРАЛЫ

IV Дума сайлауына арналған «ұран» туралы және қазіргі саяси топтарға бөліну туралы мәселе жөнінде министрлік ресми баспасөзге «Речьтің» берген жауабы — қызықты және айтарлықтай құбылыс.

«IV Дума сайлауы тек екі лагерь арасында: прогрессистер мен оңшылдар арасында өтетіндігі» жайында «Речь» «Русские Ведомостимен» келіседі. «Дауысты партиялар үшін емес, жеке кандидаттар үшін емес, Россияда конституциялық құрылыстың нығаюын жақтап немесе оған қарсы беруге тура келеді». (Бұл «нығаю» деген сөзі тым сүйкімді екен!) «Бұл ұранның саяси мағынасы...—үкімет бағыты кадеттерден оңшылырақ және солшылырақ бүкіл оппозицияны тағы да біріктірді деген даусыз фактіні объективті түрде мойындау керек». Кадеттер «осы саяси-әртекті топтың орталығы» болады, оның үстіне бұл топқа ене отырып, олар «да октябрьге дейінгі одақтарға енгенде социал-демократтардың өз программасы мен тактикасынан онша бас тарта қоймағаны сияқты, өздерінің бұрынғы программасы мен тактикасынан онша бас тартпайды» (бас мақала, 21 январь).

«Мырзалар, деп жауап бере аламыз біз барлық ресми баспасөз бен ресми адамдарға, бізді басқаша ешкім емес, өздеріңіз біріктірдіңіздер... Қазір Россияда барған сайын көптеген саяси ағымдар екі үлкен лагерьге, конституцияны жақтайтын және оған қарсы лагерьлерге

бірігуде... Біздің міндетіміз қазір біреу, 17 октябрьге дейінгідей, тағы да біреу...» (бұл да сонда).

Бұл пайымдауларға баға бергенде, IV Дума сайлауының шарттары туралы мәселені талқыланып отырған өзгерістердің («ұранның» және топтардың) әлеуметтік-саяси маңызы туралы мәселеден ажырата білу қажет. Жалпы сайлау шарттары және, әсіресе провинциядағы сайлау шарттары, сірә, «оппозицияны» «прогрессистер» деген дүдәмал бейпартиялық терминді амалсыздан бұрынғысынан да кең көлемде пайдалануға мәжбүр ететін болса керек. Кадеттер сияқты партияларды да жариялы етуден бас тарту осыған әкеп соқпай қоймайды, сондықтан министрлік ресми баспасөздің бұл жөніндегі таңдануы, әлбетте, түгелінен екіжүзділік. Басқасын айтпағанда, сол бас мақалада кадеттердің өздері мойындағандай, үлкен қалаларда, *«Русские Ведомостидің»* айтуына қарағанда, «неғұрлым солшыл топтардың» дербес кандидаттары ұсынылады. *Екі* лагерь туралы сөз қылуға болмайтыны осының өзінен-ақ көрініп отыр.

Онан соң, қазіргі сайлау заңдары бойынша бөлінген жұмысшы куриясының бар екенін *«Речь»* мүлдем ұмытқысы келген. Ақырында, деревнядағы (шаруа куриясы) сайлау жөнінде мынаны айтуға тура келеді: мұндағылардың «прогрессистер» деген *сөздің* өзінен қашатыны күмәнсыз, бірақ «саяси-әртекті» немесе саяси-дүдәмал топтардың *нақты* «орталығы», сірә, кадеттер бола қоймас.

Ал *екі* лагерь туралы сөздер неге әкеп соғады? Мынаған әкеп соғады: кадеттер қазіргі саяси жағдай туралы сөз қылғанда өздерінің ой өрісін *тек* үшінші Думаның көпшілігі болған элементтермен шектеуді ұнатады. Кадет мырзалар халықтың осы элементтерді өкіл етіп жіберген болмашы бір бөлегін ғана саяси «лагерьлер» деп танығысы келеді. Бұл үшінші июньдік кішкене топ бұған дейін *негізінен:* оңшылдар, октябристер және кадеттер болып бөлініп келді. (III Дума кескінін, сайып келгенде, екі көпшілік: оңшыл-октябристер мен октябрист-кадеттер белгілеп келгені мәлім.) Енді (*«Речь»* қостаған *«Русские Ведомостидің»* болжап ай-

туына қарағанда) *бұл үш* элемент: оңшылдар мен прогрессистер болып, екі «лагерьге» бөлінеді.

Бұл либералдық болжаулар тек либералдық тілекке ғана емес, сонымен бірге объективтік фактілерге: орыс буржуазиясының саяси жағдайындағы және саяси пиғылындағы өзгерістерге де негізделіп отырғанын біз әбден мойындаймыз. Бірақ өзіңнің байқау өрісіңді үшінші Думаның көпшілігімен шектегенде ғана *екі* лагерь туралы сөз етуге болатынын ұмыту лайықсыз болар еді. Бұл сөздердің бәрінің *нақты* мәні октябристік және кадеттік «лагерьлерді» прогрессистік «лагерь» етіп (әлбетте, октябристік лагерьдің азды-көпті бөлегі оңшыл лагерьлерге ауысады деп іштей ұйғарғанда) жақындастыру, қосу, біріктіру тенденциясымен шектелетінін ұмыту лайықсыз. Кадеттер: «бізді» біріктірді, «біздің» міндетіміз тағы да біреу, т. т. дегенде, бұл «біз», «бізді», «біздің» деген сөздер мықтағанда октябристер мен кадеттерді *нақты* көрсетеді.

«Оларды» немен біріктірді? «олардың» міндеті қандай? «олардың» IV Дума сайлауына арнаған ұраны қандай? «Конституцияны нығайту»,— деп жауап береді *«Русские Ведомости»* мен *«Речь»*. Бұл жауап айқын сияқты ғана көрінеді, ал шынына келгенде ештеңені де анықтамайды деуге болады, бәз-баяғы, мүлде мазмұнсыз пайымдауға—октябристер мен кадеттер арасындағы қайдағы бір көмескі «қақ ортаны» көрсетуге әкеп соғады. Өйткені Милюков та, Гучков та «құдайға шүкір, бізде конституция бар» дегенді қостайды, бірақ олар «бізде» *барды* емес, бізде жоқты «нығайтуда» ғана келісуді арман етеді. Милюков пен Гучковтың, бүгінгі кадеттер мен октябристердің, ертеңгі «прогрессистердің», өздері тілейтін конституцияның мазмұнын белгілеуге келгенде келісе алуы да құр арман, оның үстіне оншама түсінілмеген арман болып табылады. Олар конституцияны бейнелейтін праволық формулалар жөнінде де, бұл конституция қандай нақты таптардың қандай нақты мүдделерін қанағаттандыруға және қорғауға тиісті екенін белгілеу жөнінде де келісе алмаған болар еді. Сондықтан бұл ортақ ұранның *шын* мәні мынаған келіп тіреледі: *«теріс* міндет: ортақ дұшпанмен

күресу міндеті» («Речьтің» сол бас мақаласындағы сөздері) жақындастыратын болған октябристер мен кадеттер өздерінің дұрыс міндеттерін белгілей алмайды, өз лагерьлерінің ішінен тұралап қалған жерден жылжи алатын күштерді таба алмайды.

Шынында да тұралағандық туғанын, онан әрі жылжу қажет екенін, октябристерге де, кадеттерге де қажет екенін, жылжығанда бұлардың екеуі де жеке алғанда дәрменсіз болатынын бұлай мойындау *«Речьтің»* «ақылға қонымды келісім» туралы жеке бір мәселе жөніндегі пайымдауынан ерекше айқын көрінді.

«Ал егер Петербургтің канализациясы туралы Думадағы дау кезінде,—деп оқимыз біз *«Речьтің»* 20 январьдағы бас мақаласынан,— даудың қолайсыз негізі біраз көмескіленсе, егер тіпті орталықтың (яғни октябристердің) халық бостандығы фракциясы ұсынған және қалалық өзін өзі басқару орны қабылдаған ақылға қонымды келісімге қосылуына мүмкіндік туған болса,— онда П. А. Столыпиннің бұған қол сұғуы жамылғыны дөрекі түрде жұлып тастап (ал, кадет мырзалар, сіздер толғағы жеткен мәселелердің жамылғы астында қала беруін тілер ме едіңіздер?), мемлекеттің өзін өзі басқаруға қарсы *саяси* күресінің бәз-баяғы ескі, жұрттың бәріне әлдеқашан жексұрын болған ішкі сырын ашып берді».

Либерал буржуазия саяси емес, іскерлік негізде «ақылға қонымды келісімдер» туралы армандайтын мүлде, мүлдем кінәсыз жан тәрізді, ал «конституциялық емес», ескі негіздердің өкілдері жамылғыны жұлып тастайтын, таптық түпкі негізді ашатын саяси тәрбиешілердің ролінде бола қалмақ! Ақылға қонымды келісім,— деп күрсінеді либерал,— кадеттердің, октябристердің және капиталдың партияда жоқ шонжарларының (Петербургтің қалалық өзін өзі басқару орнының) тоқайласқан тілегін қанағаттандыруда жатыр. Біздің сіздерге көнуімізде ешқандай ақылға қонымдылық жоқ, деп жауап береді үкімет; сіздердің бізге көнуіңіз ғана ақылға қонымды.

Петербургті жақсарту туралы, өзін өзі басқару мен самодержавие арасында рольдер мен праволарды бөлісу

туралы кішкене мәселе маңызы аз емес ақиқаттың басын ашуға себеп болды. Шынында, «ақылға қонымды» дегені не: бүкіл буржуазияның тілектері, армандары, талаптары ма әлде, айталық, ең болмағанда, Біріккен дворяндар советінің[74] өкіметі ме?

Бүкіл кадет партиясы сияқты, *«Речь»* үшін келісімнің «ақылға қонымдылығының» өлшемі мынада: оны іскер адамдар, ептілер, шонжарлар, октябристердің өздері, Петербург қалалық өзін өзі басқару орнындағы билеп-төстеушілердің өздері мақұлдады. Бірақ *нақты* өмір шындығы,—«құдайға шүкір, бізде конституция бар» деген бос сөздер сияқты жамылғымен оны қаншама жақсарта түссе де,— бұл келісімдерді, бұл жамылғыларды жеткілікті дәрежеде дөрекі түрде жұлып тастайды.

Қорытындысы: сіздер бізді біріктірдіңіздер, дейді *«Речь»* министрлік ресми баспасөзге.—«Бізді» дегені кімдер?— Бақсақ, октябристер мен кадеттер екен.— Қандай негізде біріктірді?— Ортақ міндет: конституцияны нығайту негізінде біріктіріпті.— Ал конституция және оны нығайту дегенді қалай түсіну керек?—Октябристер мен кадеттер арасындағы ақылға қонымды келісім.— Мұндай келісімдердің ақылға қонымдылығының өлшемі неде?— Петербург думашылары сияқты орыстың «колупаевтық» капитализмінің[75] ең пасық өкілдерінің оларды мақұлдағанында.—Ал бұл ақылға қонымды келісімдердің практикалық нәтижесі қандай?—Нәтижесі — П. А. Столыпин, немесе Мемлекеттік совет, немесе Толмачев, т. т. және т. с. бұл келісімдерді «дөрекі түрде жұлып тастап жүр»... Бәрекелді, іскер саясатшылар!..

...Ал IV Дума сайлауында кадеттердің «ақылға қонымды келісім» саясатының ақылға қонымсыз, күлкілі, аңғалдық екенін түсінумен сипатталатын үшінші лагерь болмай ма? *«Речьтегі»* және *«Русские Ведомостидегі»* мырзалар, сіздер бұл туралы қалай ойлайсыздар?

«Звезда» № 8, 5 февраль, 1911 ж.
Қол қойған: В. Ильин

«Звезда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

КРЕПОСТНИКТІК ПРАВОНЫҢ ҚҰЛАУЫНЫҢ ЕЛУ ЖЫЛДЫҒЫ

Россияда крепостниктік правоның құлағанына 1911 жылғы 19 февральда 50 жыл толады. Бұл мерекені атап өтуге барлық жерде әзірлік жасалып жатыр. Патша үкіметі шіркеулер мен мектептерде, казармаларда және жұрт алдында сөйленген сөздерде шаруаларды «азат ету» дейтінге қаражүздік көзқарастың ғана уағыздалуына барлық шараларды қолдануда. Петербургтен бүкіл Россияға асығыс нұсқау-хаттар жөнелтіліп, мекемелер атаулының бәрі халық арасында тарату үшін үшінші Думадағы ең реакциялық партиялардың бірінің, яғни «Ұлттық клубтың» бастырып шығарғанынан басқа ешқандай кітаптар мен кітапшаларды алдырмайтын болсын деп нұсқау берілуде. Ысқаяқ губернаторлар кей жерлерде қазірдің өзінде асыра сілтеп, полициялық «басшылықтан» тыс құрылған (мәселен, земстволық) шаруалар «реформасы» мерекесін өткізу жөніндегі комитеттерді таратып жіберіп жатыр,—мерекені қара жүздік үкіметтің талап еткеніндей өткізуге жеткілікті әзірлік жасамағаны үшін таратып жіберіп жатыр.

Үкімет мазасыздануда. Қандай да бір жұмысшы немесе шаруа қаншама езілген, қорқып қалған, санасыз және қараңғы болса да, дегенмен, мұнан жарты ғасыр бұрын крепостниктік правоның жойылуы жарияланғанын жай еске түсірудің өзі помещиктік, төрелер Думасы жаныштаған халықты, крепостник помещиктердің, олардың полициясы мен чиновниктерінің озбырлығынан, зорлығынан, езгісінен бұрынғыдан бетер азап шегіп

отырған халықты қозғалтпай, толқытпай қоймайтынын үкімет көріп отыр.

Батыс Европа мемлекеттерінде крепостниктік правоның соңғы қалдықтарын Францияда 1789 жылғы, басқа елдердің көпшілігінде 1848 жылғы революциялар жойды. Россияда жүздеген жылдар бойы помещиктердің құлдығында болып келген халық 1861 жылы бостандық жолындағы кең, ашық, саналы күреске көтеріле алмады. Ол кездегі шаруалар көтерілістері некен-саяқ, бытыраңқы, стихиялық «бүліктер» болып қала берді, сондықтан оларды оп-оңай басып тастап отырды. Крепостниктік правоны көтеріліс жасаған халық жойған жоқ, Қырым соғысында[76] жеңіліс тапқаннан кейін крепостниктік тәртіпті сақтау мүлдем мүмкін емес екенін көрген үкімет жойды.

Россияда шаруаларды помещиктердің өздері, самодержавиелік патшаның помещиктік үкіметі және оның чиновниктері «азат етті». Бұл «азат етушілер» істі *былай* жүргізді: шаруалар қайыршылыққа жетіп, жұрдай болып «бостандыққа» шықты, помещиктердің құлдығынан шығып, сол помещиктердің және солар қойған адамдардың кіріптарлығына түсті.

Орыс шаруаларын қайырымды помещик мырзалардың «азат еткені» сондай, шаруалар жерінің *бестен бір бөлігінен астамы* помещиктердің пайдасына кесіп берілді. Өздерінің маңдай терімен, қанымен суарылған шаруа жерлері үшін шаруалар кешегі құл иеленушілерге *төлем ақы,* яғни *алым* төлеуге міндетті болды. Шаруалар күйзелген үстіне күйзеле отырып, крепостниктерге жүздеген миллион сом осындай алым төледі. Помещиктер шаруалардың жерін талап алып қана қоймай, шаруаларға нашар, кейде мүлде жарамсыз жерді беріп қана қоймай, оның үстіне барлық жерде тор құрды, яғни жерді межелегенде, шаруалардың қолында не мал жайылымы, не шабындық, не орман, не суат қалмайтын етіп межеледі. Байырғы Россиядағы губерниялардың *көпшілігінде* шаруалар крепостниктік право жойылғаннан кейін де бұрынғысынша помещиктерге амалсыз кіріптар болып қала берді. Азат етілгеннен кейін де шаруалар «төменгі» сословие, алым-салық төлейтін көнбіс

тобыр, қара сүйек бұқара болып қала берді; помещиктер қойған бастықтар оларға қорлық көрсетті, алым-салықпен сүлдесін құртты, дүре соқты, сабады, мазақ етті.

Дүние жүзіндегі бірде-бір елде шаруалар «азат етілгеннен» кейін де Россиядағы сияқты күйзеліп, ондай қайыршылық, ондай қорлық көрген емес, ондай жапа шеккен емес.

Бірақ крепостниктік правоның құлауы бүкіл халықты дүр сілкінтті, оны ғасырлар бойындағы ұйқысынан оятты, оған шығар жолды өзі іздеуді, толық бостандық жолындағы күресті озі жүргізуді үйретті.

Крепостниктік право құлатылганнан кейін Россияда қалалар барған сайын тез өсті, фабрикалар мен заводтар көбейді, темір жолдар салынды. Крепостниктік Россияның орнына капиталистік Россия орнай бастады. Отырықшы, езілген, өзінің деревнясына берік байланған, поптарға иланған, «бастықтардан» қорыққан крепостной шаруаның орнына шет кәсіпте, қалаларда талай рет болған, қаңғыма өмірдің және жалдама жұмыстың ащы тәжірибесінен азды-көпті сабақ алған шаруалардың жаңа ұрпағы өсе бастады. Ірі қалаларда, фабрикалар мен заводтарда жұмысшылардың саны барғап сайын көбейе түсті. Капиталистерге және үкіметке қарсы бірлесіп күресу үшін бірте-бірте жұмысшылардың бірлестіктері құрыла бастады. Бұл күресті жүргізе отырып, орыс жұмысшы табы миллиондаган шаруалардың еңсесін көтеруіне, бойын жазуына, крепостной құлдардың әдеттерінен арылуына көмектесті.

1861 жылы шаруалардың қолынан тек «бүліктер» жасау ғана келетін еді. 1861 жылдан кейінгі ондаған жылдар ішінде орыс революционерлері халықты күреске көтеруге қаһармандықпен ұмтылса да, жалғыз қалып, самодержавиенің соққысынан қаза тауып отырды. Социал-демократиялық партия жүргізген көп жылдық стачкалық күресте, көп жылдық насихат, үгіт, ұйымдастыру жұмысында орыс жұмысшы табы 1905 жылға қарай нығайып, өсті. Сөйтіп ол бүкіл халықты, миллиондаған шаруаларды *революцияға* бастады.

1905 жылғы революция патша самодержавиесінің іргесін шайқалтты. Бұл революция Россияда тұңғыш рет қарғыс атқан крепостниктік құлдық жаныштаған мужиктер тобырынан өз праволарын түсіне бастаған, өз күшін сезіне бастаған халықты туғызды. 1905 жылғы революция алғаш рет патша үкіметіне, орыс помещиктеріне, орыс буржуазиясына миллиондаған, он миллиондаған адамдардың *азаматқа* айналып келе жатқанын, *күрескерге* айналып келе жатқанын, өздерін малша айдауға, қара тобырдай қорлауға жол бермейтінін көрсетті. Ал бұқараны езгіден және зорлық-зомбылықтан шын мәнісінде азат етуге әлемнің еш жерінде және еш уақытта сол бұқараның өзінің дербес, қаһармандық, саналы күресінен басқа жолмен қол жеткен емес.

1905 жылғы революция самодержавиені жойған жоқ, тек іргесін шайқалтты. Самодержавие қазір халықтан кек алуда. Помещиктік Дума бұрынғыдан да бетер қатты езіп, жаныштап отыр. Наразылық пен ашу-ыза барлық жерде қайтадан күшейіп келеді. Бірінші қадамнан кейін екінші қадам жасалмақ. Күрес басталғаннан кейін оның жалғасы болмақ. 1905 жылғы революциядан кейін жаңа, екінші революция келе жатыр. Крепостниктік правоның құлауы мерекесі соны еске салады, соған шақырады.

Бізге «екінші 19 февраль» керек деп күңкілдейді либералдар. Бұл дұрыс емес. Бұлай деп тек буржуазиялық қорқақтар ғана айтады. 1905 жылдан кейін екінші «19 февральдың» болуы мүмкін емес. Төменнен күресуге үйренген (және помещиктік, III Думаның тәжірибесінен *үйреніп отырған)* халықты «жоғарыдан азат етуге» болмайды. Бір рет болса да революцияшыл пролетариат бастап шыққан халықты «жоғарыдан азат етуге» болмайды.

Қаражүздіктер мұны түсінеді, сондықтан да 1861 жылдың мерекесінен қорқады. «61-жыл,— деп жазды патшалық қаражүздіктің сенімді қарғылы төбеті Меньшиков «Новое Время» газетінде,—61-жыл *тоғыз жүз бесінші жылдың алдын ала білмеді».*

Қаражүздік Дума және патша үкіметінің өз жауларын қудалаудағы құтырынуы жаңа революцияның ал-

дын алмайды, қайта оны тездетеді. 1908—1910 жылдардың ауыр тәжірибесі халықты жаңа күреске үйретеді. Жұмысшылардың жазғы (1910 жылғы) стачкаларынан кейін студенттердің қысқы стачкалары басталды. Жаңа күрес өрістеп келеді,— мүмкін, біздің тілегенімізден шабанырақ болар, бірақ, анығында, сөзсіз өрістеп келеді.

Революциялық социал-демократия өзін революциядан және жұмысшы табының құпия партиясынан сырт айналған дүдәмалдылардан тазарта отырып, алдағы ұлы шайқастар үшін өз қатарын жинап, топтастыруда.

«Рабочая Газета» № 3,
8 (21) февраль, 1911 ж.

«Рабочая Газетаның» тексті бойынша басылып отыр

ПАВЕЛ ЗИНГЕР

1911 ЖЫЛЫ 18(31) ЯНВАРЬДА ҚАЙТЫС БОЛДЫ

Үстіміздегі жылдың 5 февралында неміс социал-демократиясы өзінің ең қарт көсемдерінің бірі Павел Зингерді жерледі. Берлиннің бүкіл жұмысшы халқы — әлденеше жүздеген мың адам — партияның шақыруы бойынша жерлеу жиынына келді, өзінің барлық күшін, өзінің бүкіл өмірін жұмысшы табын азат ету жолына сарп еткен адамға құрмет көрсетіп еске түсіруге келді. Үш миллион халқы бар Берлин халықтың мұндай көп жиналғанын еш уақытта көрген емес: шеруге қатысқандардың және сырттан қарап тұрғандардың саны бір миллион адамнан кем болған жоқ. Бұл дүниедегі мықтылардың бірде-біреуі ешқашан осыншалық зор құрметпен жерленген емес. Қайсыбір корольдің немесе сыртқы және ішкі жауларды жайратумен даңқы шыққан генералдың денесін шығарып салғанда ондаған мың солдатқа көше бойында сап түзеп тұрыңдар деп бұйыруға болады, бірақ миллиондаған еңбекші бұқараның жүрегінде *өздерінің* көсеміне деген, бұл бұқараның үкімет пен буржуазия езгісіне қарсы революциялық күресі ісіне деген шын берілгендік болмаса, орасан зор қаланың халқын бұлай көтеру мүмкін емес.

Павел Зингердің өзі буржуазиядан, көпес семьясынан шықты, ұзақ уақыт бойы бай фабрикант болды. Ол өзінің саяси қызметінің бас кезінде буржуазиялық демократияға қосылды. Бірақ жұмысшы қозғалысының табысқа жетуінен қорқып, өздерінің бостандыққа сүйіспеншілігін өте тез ұмытатын буржуазиялық демократ-

тар мен либералдар тобынан өзгеше, Зингер жалынды, адал, ақырына дейін дәйекті және ержүрек демократ болды. Буржуазиялық демократияның солқылдақтығы, қорқақтығы, опасыздығы оны еліктірмеді, қайта тойтарыс туғызды, революцияшыл жұмысшы табының партиясы ғана бостандық жолындағы ұлы күресті аяқтап шығатындығына барған сайын берік сенім туғызды.

Өткен ғасырдың 60-жылдарында, немістің либерал буржуазиясы помещиктер үкіметімен саудаласып, корольдің тежеусіз өкімет билігіне көніп, Германиядағы өрістей түскен революцияға қорқақтықпен сырт берген кезде, Зингер социализмге батыл бет бұрды. 1870 жылы, бүкіл буржуазия Францияны жеңгенге мастанған кезде және халықтың қалың бұқарасы ұлтшылдық пен шовинизмнің сұрқия, адамға қас, «либералдық» уағызына ерген кезде, Зингер Эльзас пен Лотарингияны Франциядан тартып алуға қарсы наразылыққа қол қойды. 1878 жылы, буржуазия реакцияшыл, помещиктік (немістердің айтатынындай, «юнкерлік») министр Бисмарктің социалистерге қарсы ерекше заң шығаруына, жұмысшы одақтарын таратуына, жұмысшы газеттерін жабуына, саналы пролетариатты мыңдаған қудалауға ұшыратуына көмектескен кезде,— Зингер социал-демократиялық партияға біржолата кірді.

Міне, сол кезден бастап Зингердің өмір тарихы Герман социал-демократиялық жұмысшы партиясының тарихымен тығыз байланысты. Ол революциялық құрылыстың қиын ісіне жан-тәнімен берілді. Ол өзінің бар күшін, бар байлығын, асқан ұйымдастырушылық қабілетін, практик және басшы ретіндегі барлық талантын партияға сарп етті. Зингер либерализмнің ұзақ тарихы, буржуазиялық саяси аярлардың опасыздық, қорқақтық, үкіметпен мәмлеге келу, жағымпаздану тарихы әлсіретпейтін, аздырмайтын, *қайта шынықтыратын,* жан-тәнімен берілген *революционерге* айналдыратын аз адамдардың, буржуазиядан шыққан мүлде некен-саяқ адамдар деп атауға болатын адамдардың бірі болды. Буржуазиядан шыққан, социализмге қосылған *мұндай* адамдар сирек; егер пролетариат қазіргі буржуазиялық құлдықты құлата алатын өзінің жұмысшы партиясын

шыңдап шығарғысы келсе, ол *тек* осындай сирек кездесетін, көп жылғы күресте ысылған адамдарға сенуге тиіс. Зингер неміс жұмысшы партиясы қатарындағы оппортунизмнің рақымсыз жауы болды және өзінің ақырғы күндеріне дейін ымырасыз, революциялық-социал-демократиялық саясатқа қалтқысыз адал болып қала берді.

Зингер теоретик те, публицист те, майталман шешен де болған жоқ. Ол ең алдымен және көбінесе ерекше заң кезінде *құпия* партияның *практик*-ұйымдастырушысы, қалалық (Берлинде) думаның мүшесі және бұл заң жойылғаннан кейін парламент мүшесі болды. Ал уақытының көбін күнделікті, ұсақ-түйек, жай-парламенттік және әр түрлі «іскерлік» жұмысқа жұмсаған осы практиктің ұлылығы мынада болды: ол ұсақ істерге табынып кеткен жоқ, осы бейне бір «іскерлік» немесе «игі» жұмысқа бола батыл және принципті күрестен бойын аулақ салатын өте дағдылы және өте пасық әдетке бой ұрған жоқ. Керісінше, өзінің бүкіл өмірін осы жұмысқа арнаған Зингер жұмысшы табының революциялық партиясының түбегейлі сипаты туралы, оның түпкі мақсаттары туралы, буржуазиямен блок (одақ) жасасу туралы, монархизммен мәмлеге келу және т. т. туралы мәселе алға қойылған кездің бәрінде,— әрдайым оппортунизмнің барлық көріністеріне қарсы ең табанды және ең батыл күрескерлерді бастап шығатын. Социалистерге қарсы ерекше заң кезінде Зингер Энгельспен, Либкнехтпен, Бебельмен бірге екі майданда: парламенттік күресті теріске шығарған «жастарға», жартылай анархистерге де қарсы, «қайткен күнде де жариялықты» жақтаған баяуларға да қарсы күрес жүргізді. Кейінгі кезде Зингер ревизионистерге қарсы да нақ сондай батылдықпен күресті.

Ол буржуазияны өшіктірерліктей еңбек етті, сол өшпенділік Зингер қабірге түскенге дейін де ізінен қалған жоқ. Зингерге өшіккен буржуазиялық қаскүнемдер (неміс либералдары мен біздің кадеттер) Зингердің қайтыс болуымен бірге неміс социал-демократиясының «қаһармандық» дәуірінің, яғни көсемдердің революцияға, принциптік-революциялық саясатты қорғауға сенімі

соншалық күшті, соншалық соны, соншалық пәрменді болған дәуірдің ең соңғы өкілдерінің бірі көрге кірді деп табалады. Зингердің орнына баяу, мұқият «ревизионист» басшылар, шағын талап пен ұсақ есептің адамдары келеді, дейді бұл либералдар. Сөз жоқ, жұмысшы партиясының өсуі екінің бірінде көптеген оппортунистерді оның қатарына тартады. Сөз жоқ, буржуазия қатарынан шыққандар біздің заманымызда пролетариатқа революциялық сенімінің беріктігінен гөрі өзінің жасықтығын, ой-өрісінің тарлығын немесе құрғақ сөзге әуестігін анағұрлым жиі әкеледі. Бірақ дұшпандар күні бұрын масайрамай-ақ қойсын! Германияда да, басқа елдерде де жұмысшы *бұқарасы революция армиясына* барған сайын көбірек топтасуда, ал бұл армия таяу болашақта өзінің күштерін өрістетеді, өйткені Германияда да, басқа елдерде де революция қанат жайып келеді.

Революцияның қарт көсемдері өлгенмен, революцияшыл пролетариаттың жас армиясы өсіп, нығая береді.

«Рабочая Газета» № 3,
8 (21) февраль, 1911 ж.

«Рабочая Газетаның» тексті
бойынша басылып отыр

ЗАМЕТКАЛАР

МЕНЬШИКОВ, ГРОМОБОЙ, ИЗГОЕВ

Москваның бір газетінің есебі бойынша жарты миллиард сом капиталы бар москвалық 66 өнеркәсіпшінің мәлімдемесі[77] түрлі баспасөз органдарында ерекше бағалы және назар аударарлық бірқатар мақалалардың шығуына себеп болды. Бұл мақалалар осы минуттегі саяси жағдайды ерекше айқын баяндаумен бірге олар Россияның XX ғасырдағы бүкіл эволюциясына қатысты көптеген негізгі және принципті мәселелер жөнінде қызық материал береді.

«Новое Времяда» оңшыл партиялар мен үкіметтің көзқарасын баяндайтын Меньшиков мырзаның пікірі мынадай:

«Осы Рябушинскийлердің, Морозовтардың және басқаларының бәрі төңкеріс болған жағдайда олардың бәрі де дарға асылатынын, ең жақсы дегенде қайыршыға айналатынын қалай түсінбейді?»Меньшиков мырзаның айтуынша («Новое Время» № 12549), ол «осы жігерлі сөзді» «тым революциялық бір институттың студентінің хатынан» келтіреді. Ал автор өз жанынан былай деп қосады: «1905 жылдың қаһарлы сақтандыруына қарамастан, көпестерді қоса алғанда, Россияның жоғарғы таптары төніп келе жатқан апатты мүлде нашар сезінеді». «Солай, Рябушинский, Морозов және басқа солар сияқты мырзалар! Сіздердің революция жөніндегі қылымсуларыңызға және либерализм мансаптарына жетпек болып жарамсақтапуларыңызға қарамастан, дайындалып жатқан төңкерісте дәл сіздердің бірінші құрбан

болуларыңызға тура келеді. Сіздерді — қандай да бір қылмыстарыңыз үшін емес, сіздерге ізгілік болып көрінген нәрсе үшін,— өздеріңіз соншалық дандайсып отырған жарты миллиардты иемденгендеріңіз үшін ғана бірінші кезекте дарға асады». «Орташа дворяндарды, чиновниктерді және көпестерді қоса, либерал буржуазия өзінің атақ-лауазымдарымен, шен-шекпендерімен, капиталдарымен бірге революциялық тұңғиықтың жиегіне қарай бейқам беттеп бара жатыр». «Бүлік жасауға желіктіріп жүрген либералдар өздерін дарға асуға сүйрейтін уақытқа жеткенде,— ескі мемлекеттік өкіметтің өздеріне қалай жұмсақ болғанын, өздерін қаншалық ілтифатпен тыңдағанын, өздерін қалай мәпелегенін және бұлардың кеуек бастарына талапты қаншалық аз қойғанын естеріне түсірсін. Олар өздері үшін туған дәл сол қаралы сағатта радикалдық режимнің ізгілігін ескі, патриархтық режиммен салыстырып көрсін».

17 февральда үкіметтің ресми емес жарамсақ газеті осылай деп жазды, сол күні 66-ның «әрекеті» «Москва көпестерінің пікірін білдіргендік болып саналмайды» деп «Голос Москвыдың» көмегімен дәлелдеу үшін ресми жарамсақ газет «Россия» безек қағып жанталасты. «Дворяндар съезі — ұйым,—деп жазады «Россия»,—ал өздерін жеке адамдар ретінде әрекет еттік деп өздері айтып отырған 66 көпес ұйым болып табылмайды».

Жарамсақ екі газеттің болуы қолайсыз-ақ! Біріне бірі қайшы келеді. Біреуі 66-ның «әрекетін» тіпті Москва көпестерінің де пікірін білдіру деп қарауға болмайды деп дәлелдейді. Ал екіншісі бұл «әрекеттің» әлдеқайда зор маңызы бар, өйткені ол тек Москва көпестерінің ғана емес және көпестердің ғана емес, жалпы алғанда бүкіл Россияның *либерал буржуазиясының* пікірін білдіреді деп дәлелдейді. Меньшиков мырза «ескі мемлекеттік өкіметтің» атынан: біз сен үшін күйіп-пісіп жүрген жоқпыз ба? деп, осы либерал буржуазияны сақтандыруға тырысып отыр.

XIX ғасыр бойына Европада «ескі мемлекеттік өкіметтің», сондай-ақ дворяндар мен реакциялық публицистиканың либерал буржуазияға арнаған осы шақыруы, «желіктірмеңдер» деген шақыру жүздеген рет

естілмеген бірде-бір ел жоқ шығар... Бірақ шақырулардың ешқашан көмегі болған емес, ал «либерал буржуазияның» «желіктіргісі» *келмегені* былай тұрсын, қайта, керісінше, 66 көпес ереуілді қандай жігермен және шын ниетімен айыптаса, ол да «желіктірушілерге» қарсы сондай жігермен, шын ниетімен күресті. Мәселе қоғам өмірінің белгілі бір тапты жағдайдың ауырлығын сезініп, сол жөнінде айтуға мәжбүр еткен барлық жағдайлары жайында болып отырғанда, айыптау да, шақыру да дәрменсіз. Либерал буржуазияны революциямен қорқытып, оны жеңілтектігі үшін кінәлай отырып, Меньшиков мырза үкімет пен дворяндардың мүдделерін және көзқарасын дұрыс білдіреді. Үкіметті кінәлай отырып, «ереуілшілерді» айыптай отырып, 66 көпес либерал буржуазияның мүдделері мен көзқарасын дұрыс білдіреді. Бірақ бұлай бірін-бірі кінәлаушылық — «механизмнің» ірі «кемшіліктері бар» екенін, «ескі мемлекеттік өкіметтің» буржуазияны қанағаттандыру, оның жағына қарай бір қадам басу, ол үшін Думада өте ықпалды орын жасау жөніндегі барлық ықыласына қарамастан, буржуазияның жайғасу, отасу, жарасу, бейімделу жөніндегі өте күшті, ең шынайы тілегіне қарамастан,—«бейімделуден» бәрібір ештеңе шықпай отырғандығын бұлтартпай дәлелдейтін белгі ғана! Істің мәні, міне, осында, істің өзегі, міне, осында, ал біріні-бірі кінәлаушылық — тек қана әшекей.

«Голос Москвыда» Громобой мырза «үкіметке» қажетті сақтандыру жасайды (17 февральдағы 38-номері, «Қажетті сақтандыру» деген мақала). «Тым ұзаққа созылған реформалармен қоян-қолтық ілгері баспайынша,— деп жазады ол,— «қатал» өкімет билігінің ешқандай көрінісі де, қажырлы ықпалдың ешқайсысы да отанға тыныштық әпере алмайды». (Громобой мырза онша сауатты жазбайды, бірақ оның сөзінің мағынасы дегенмен толық түсінікті.) «Ұзаққа созылған дағдарыстың салдары болған лаң да вексельдер бойынша төлемеу үшін «force majeure» болып жариялануы мүмкін емес». (Октябристік коммерсанттардың публицисі мырза, бұл қолайсыз салыстыру: біріншіден, вексельдер қол қойылмаған вексельдер ғой; ал екіншіден, егер тіпті

оларға қол қойылғанмен де, сіздер шағым бере алатын коммерциялық сот қайда, ал оларды төлеттіре алатын сот приставы және басқалар кімдер? Ойлап қараңызшы, Громобой мырза, сонда сіз октябристік партия ғана емес, кадеттік партия да саясаттағы алдамшы вексельдер партиясы екенін көресіз.) «Мұндай жағдайда ол тек күшейе беретін болады... студенттер толқуларынан кейін бұрын бастан кешірілген көптеген толқулар болады. Кемені кейін қарай жүргізсеңіздер — бұрын жүріп кеткен жолыңызды көресіздер». «Әлсіздерге сүйенуден түк шықпады, әлділерге сүйенуден де түк шықпауы мүмкін. Өкіметтің көрсететін ештеңесі болмайды. Оның тыныштандыру жөніндегі есептері, қандай да болса сайлау жағдайында, түтіндей сейіліп кетуі мүмкін». (Громобой мырзаның айтып отырғаны — IV Дума сайлауы.) «Егер өкімет тұмандары ғана қаптап жүрген құздардың арасымен оппозиция керуендері өте бастаса, егер баяу элементтерді өзіне жолатпаған өкімет жалғыз қалатын болса,— онда сайлау өкіметтің қайғылы жеңілісіне айналады, сөйтіп барлық тәртіптің, праволық тәртіп болмағандықтан, іргесі шайқалады».

Меньшиков буржуазияны «революцияға» «желіктіріп отырсың» деп кінәлайды,— ал буржуазия Меньшиковтарды сендер «лаңды күшейтіп отырсыңдар» деп кінәлайды. «Ескі, бірақ мәңгі жаңа оқиға».

Ренегат Изгоев дәл осы тақырып жөнінде кадеттік «Речьте» кейбір социологиялық қорытындылар жасауға тырысады,—ол жалпы алғанда кадеттердің, жекелеп алғанда ренегаттардың бұл істі қолға алуы алды-артын абайламағандық екенін түсінбейді. Ол «Салыстыру» деген мақаласында (14 февральдағы) біріккен дворяндардың съезін Москваның 66 көпесінің мәлімдемесімен салыстырады. «Біріккен дворяндар,—деп жазады ол,— Пуришкевичке дейін құлдырады, Москва өнеркәсіпшілері мемлекеттік тілмен сөйлей бастады». Өткен уақытта,— деп сөзін жалғастырады Изгоев мырза,—«дворяндар халыққа елеулі мәдени қызмет көрсетті», бірақ «мәдени жұмыспен тек азшылығы ғана айналысты, ал көпшілігі оны қудалады». «Бірақ, белгілі таптың тек

азшылығы ғана прогрестік іс-әрекет жасайды, жалпы алғанда, тарих заңы осындай».

Өте, өте жақсы: «жалпы алғанда, тарих заңы осындай». Изгоев мырзаның сөзімен кадеттік «Речь» осылай деп жазады. Алайда, жақынырақ таныса келе, біз мынаны білгенде қайран қалдық: «жалпы тарих заңы» өзінің әрекетін феодалдық дворяндар мен либерал буржуазияның шеңберінен әрі асырмайды екен. Шынында да солай. «Вехиді» еске түсірейікші, оған дәл сол Изгоев мырза жазып келді, онымен көрнекті кадеттер негізгі, басты, елеулі нәрсені қозғамай, ұсақ-түйек жөнінде айтысып келді. «Вехидегі» елеулі нәрсе, барлық кадеттер жақтап отырған, Милюков мырзалар мен К^0 мыңдаған рет айтып келген маңызды нәрсе мынада: Россияның реакциялық дворяндар мен либерал буржуазиядан басқа таптары өз азшылығының — «қызғынға» түсіп кеткен, «интеллигент» «басшыларға» беріліп кеткен, «мемлекеттік» көзқарасқа дейін көтерілуге қабілетсіз азшылығының іс-әрекеті арқылы өздерін (осы ғасырдың бірінші онжылдығында) көрсетті. «Ақырында, мынаны мойындауға батылдық болу керек,— деп жазды Изгоев мырза «Вехиде»,— отыз-қырық кадеттер мен октябристерді қоспағанда, біздің Мемлекеттік думалардағы депутаттардың орасан көпшілігі Россияны басқаруға және қайта құруға кірісе алатындай білімділік көрсетпеді». Мұның өзі шаруа депутаттары, трудовиктер жөнінде және жұмысшы депутаттары жөнінде айтылып отырғанын әркім-ақ түсінеді.

Сонымен, «жалпы алғанда тарих заңы» дегеніміз сол —«белгілі таптың азшылығы ғана прогрестік іс-әрекет жасайды». Егер буржуазияның азшылығы іс-әрекет жасайтын болса, онда бұл — «жалпы тарих заңы» ақтап отырған прогресшіл азшылық. «Егер жұмыс істеу мүмкіндігін тек азшылық қана алатын болса, онда моральдық бедел бүкіл тапқа жатады», деп үйретеді бізге Изгоев мырза. Бірақ егер шаруалардың немесе жұмысшылардың азшылығы іс-әрекет жасайтын болса, онда мұның өзі «тарих заңына» тіпті де үйлеспейді екен, мұның өзі тіпті де «сол таптың прогресшіл азшылығы» емес екен, «тұтас» таптың атынан сөйлеу үшін

бұл азшылықтың тіпті де «моральдық беделі» жоқ екен,— тіпті де бұлай емес екен, бұл азшылық — «интеллигентшілдік» адастырған, мемлекетке қарсы, тарихқа қарсы, негізсіз, тағысын тағылар деп «Вехиде» жазылғанындай азшылық екен.

Жалпы алғанда кадеттерге, жекелеп алғанда вехишілдерге қорытынды жасауға әрекеттенудің қауіпті екендігінің себебі — олардың қорытынды жасауға кірісуінің қандайы болсын кадеттік және меньшиковтық пайымдаулардың іштей толық ұқсас екенін сөзсіз әшкерелейді.

«Россия» мен «Земщина» [78] былай деп пайымдайды: 66 көпес, бұл — азшылық, тіпті де тап өкілдері болмайтын азшылық, «Россияны басқару және қайта құру жөнінде» білімдері де, қабілеті де жоқ азшылық және бұлар тіпті де көпестер емес, теріс жолға түскен «интеллигенттер», т. т. және т. с.

Изгоевтар мен Милюковтар былай деп пайымдайды: мысал үшін айталық, біздің Мемлекеттік думалардағы трудовиктер мен жұмысшы депутаттары — азшылық, тіпті де өз таптарының (яғни халықтың оннан тоғыз бөлігінің) өкілдері болмайтын, «интеллигентшілдік» адастырған азшылық, «Россияны басқару және қайта құру жөнінде» білімдері де, қабілеті де жоқ азшылық, т. т. және т. с.

Бір жағынан, «Россия» мен «Земщина» пайымдауларының, екінші жағынан, «Речь» пен «Русские Ведомости» пайымдауларының мұндай мейлінше толық ішкі ұқсастығы қайдан шығып отыр? Олардың өздері өкіл болып отырған таптардың барлық айырмашылықтарына қарамастан, органдардың екі тобының екеуі де қандай болсын елеулі, дербес, творчестволық, үзілді-кесілді *прогрестік* тарихи қимылға *қазірдің өзінде* қабілетсіз таптардың өкілдері болғандықтан ұқсас болып отыр. Органдардың бірінші тобы ғана емес, екінші тобы да, реакционерлер ғана емес, либералдар да халықтың басқа, негұрлым қалың жіктерінің, топтарының, бұқарасының, басқа да — негұрлым саны көп — таптардың тарихи қимыл-әрекетінен *қорқатын* таптың өкілдері болғандықтан ұқсас болып отыр.

«Марксистерден шыққан» ренегат ретінде Изгоев мырза бұл арада, сірә, мынадай өрескел қайшылық бар дейтін болар: бір жағынан, Россияның капиталистік дамуын мойындау, демек, буржуазияның экономика саласында да, саяси салада да барынша толық және барынша-таза үстемдік етуіне бұл дамудың имманенттік тенденциясын мойындау, ал екінші жағынан, либерал буржуазияны дербес, творчестволық, тарихи қимылға *қазірдің өзінде* қабілетсіз деп жариялау!

Бұл «қайшылық» — теріс пайымдаудан шыққан қайшылық емес, нақтылы өмірдің қайшылығы. Буржуазиялық үстемдіктің сөзсіз екендігі өзін пуришкевичтік «бұғаудан» құтқара алатын тарихи қимыл-әрекет жасауға либерал буржуазия *қабілетті* дегенді тіпті де білдірмейді. Біріншіден, тарих тіпті де жай ғана теп-тегіс жолмен жүрмейді, қандай да болса тарихи толғағы жеткен қайта құрылыстың *соңымен бірге* сол қайта құрылыстан ең алдымен пайда көретін таптың осы қайта құрылысты жүргізуге жеткілікті дәрежеде пісіп жетілгендігін және соған күші жететінін білдіретіндей болуы керек. Екіншіден, либерал буржуазиядан басқа да буржуазия бар, мысалы, түгелдей алғанда бүкіл шаруалар — демократиялық буржуазия, басқа ештеңе де емес. Үшіншіден, тіпті де буржуазиядан шықпаған элементтер жүзеге асырған қоғамдық мазмұны жағынан буржуазиялық қайта құрылыстардың болғандығын бізге Европаның тарихы көрсетіп отыр. Төртіншіден, Россияның тарихы да соңғы жарты ғасыр бойына бізге дәл осыны көрсетіп отыр...

Вехишілдер, Карауловтар, Маклаковтар, Милюковтар қалай пайымдаса, либерализмнің идеологтары мен көсемдері де солай пайымдайтын болса, *мұның өзі* бірқатар тарихи жағдайлар бүкіл либерал буржуазияның арасында «шегіншектеу бағытын», ілгері қозғалу қорқынышын туғызғандығы соншалық, бұл қозғалыс либерал буржуазияның қауіптенгеніне қарамастан, оған соқпай өтетінін, одан аттап өтетінін *көрсетеді.* Меньшиковты Громобойдың, Громобойды Меньшиковтың*

* Дворяндарды либерал көпестердің және либерал көпестерді дворяндардың.

«лаңды күшейттіңдер» деп бір-бірін кінәлауы сияқты қырқылжыңы алға басқан бұл тарихи қозғалысты жұрттың бәрі сезе бастағандығының белгісі ғана болып табылады...

«Түптеп келгенде жеке меншік негізінде құрылған қазіргі қоғам,— деп жазады Изгоев мырза сол мақаласында,— таптық қоғам болып табылады, әзірше басқаша болуы мүмкін де емес. Құлап бара жатқан таптың орнын әрдайым басқа тап басуға үмтылады».

Қандай ақылды,— деп ойлайды Милюков мырза өзінің «Речіндегі» осындай тирадаларды оқып.— 25 жасында социал-демократ болған, ал 35 жасында «ақылы кірген», адасқанын мойындап, тәубеге келген кадеттің болуы дегенмен де жақсы-ау.

Қорытынды жасауға әрекеттену сіз үшін абайламағандық, Изгоев мырза. Қазіргі қоғам таптық қоғам болып табылады, өте жақсы. Ал таптық қоғамда таптан тыс партияның болуы мүмкін бе? Таптан тыс партияның болмайтынын сіз аңғарып отырғанға ұқсайсыз. Ал онда сіздің өздерін таптан тыс партиямыз дегенді мақтаныш тұтып, соған масаттанып отырған (ал қазіргі қоғамды таптық қоғам деп тек сөз жүзінде ғана, фельетондық мылжың сөз үшін ғана мойындамайтын адамдардың пікірінше,— өздерін таптан тыс партиямыз деп жариялайтындар *бұл арқылы* өзінің екіжүзділігін немесе өзінің соқырлығын көрсетіп отырған) партияның органында «таптық қоғам» туралы шешенсіп, қолайсыздық жасайтын себебіңіз не?

Біріккен дворяндар мен Москваның либерал көпестеріне бетіңізді бұрған кезде сіз: қазіргі қоғам таптық қоғам деп айқай саласыз. Ал өзіңіз лажсыз жағдайға кездесіп, сізді қолайсыз (аһ, қандай сұмдық қолайсыз десеңізші!) оқиғалар аз уақытқа болса да бетіңізді шаруаларға немесе жұмысшыларға қарай бұруға мәжбүр етсе, онда сіз тап күресі туралы өресіз, өлексе, қатыпсемген, пасық, материалистік, құдайсыз, ғылыми емес «доктринаны» талқандай бастайсыз. Әттегене-ай, социологиялық қорытындылар жасауды бекер-ақ қолға алғансыз, Изгоев мырза. Ой, бармай-ақ қойшы, Грицю, сол ойынға!

«...Құлап бара жатқан таптың орнын әрдайым басқа тап басуға ұмтылады...»

Әрдайым бұлай бола бермейді, Изгоев мырза. Екі таптың екеуі де, құлап бара жатқаны да, «ұмтылушысы» да, едәуір іріп-шіріген — әрине, бірі көбірек, екіншісі азырақ іріп-шіріген, бірақ қалай дегенмен екеуі де едәуір іріп-шіріген жағдай да болады. Алға «ұмтылушы» тап өзінің осы шіріктігін сезіп, бір адым ілгері басуға *қорқатын*, ал егер бір адым ілгері баса қалса, мұнымен бірге міндетті түрде кейін қарай екі адым шегінуге асығатын уақыт та болады. Құлап бара жатқан таптың «орнын басуға» қорқатын, «орын бөлісуге» немесе, дұрысырағы, тым болмаса малайлық орын алуға,— бірақ «құлап бара жатқан таптың» орнын *баспауға* ғана, құлап бара жатқан тапты «құлауға» дейін жеткізбеуге ғана *бар* күшін салатын либерал буржуазия да болады (мысалы, Германияда және әсіресе Пруссияда осылай болған). Осылай да болады, Изгоев мырза.

Осылай болып шығатын тарихи дәуірлерде либералдар өздерін демократтармыз деп көрсете алса, олар бүкіл қоғамдық дамуға орасан зор зиян тигізуі мүмкін (тигізеді де), өйткені ол екеуінің, либералдар мен демократтардың, бір-бірінен айырмасы дәл мынада: біріншілері «орын басудан» қорқады, ал екіншілері бұдан қорықпайды. Бұлардың екеуі де тарихи толғағы жеткен буржуазиялық қайта құрылысты жүзеге асырады, бірақ біреулері қайта құрылысты жүзеге асырудан қорқады, өзінің қорқатындығымен оған кедергі жасайды, екіншілері — буржуазиялық қайта құрылыстың салдары жөнінде көптеген жалған үміттерді әрдайым қостай отырып — өзінің барлық күшін және барлық жан-тәнін сол қайта құрылысты жүзеге асыруға жұмсайды.

Осы жалпылама социологиялық пайымдауларды бейнелеп көрсету үшін мен құлап бара жатқан таптың «орнын басуға» ұмтылмайтын, қайта қорқатын, сондықтан да өзін «демократпын» деп атап халықты (саналы түрде немесе санасыз түрде болсын, бәрібір) зұлымдықпен алдайтын либералдың бір мысалын келтірейін. Бұл либерал — III Думаның мүшесі помещик А. Е. Березовский 1-ші, кадет, ол аграрлық мәселе жөніндегі жарыс

сөздер кезінде (1908 жылы) Думада мынадай сөз сөйледі, оның бұл сөзін партияның лидері Милюков мырза мақұлдап, «тамаша» сөз деп атады. Сайлау жақын болғандықтан, бұл сөзді еске түсіру артық болмас деп ойлаймыз.

«...Менің кәміл сенімім бойынша,— деді Березовский мырза 1908 жылы 27 октябрьде Мемлекеттік думада жер жөніндегі жобаны қорғай келіп,— бұл жоба жерді иеленушілер үшін де анағұрлым пайдалы, ал, мырзалар, менің мұны айтып тұрғаным, мен егіншілікті білемін, өзім де жер иеленіп, өмір бойы егіншілікпен шұғылданып келемін... Иеліктен күштеп айырудың құрғақ фактісіне жармаспау керек, бұған ызаланбау керек, мұны зорлық демеу керек, қайта бұл ұсыныстың неменеге соғып отырғанын, мысалы, І Мемлекеттік думаның 42 мүшесінің өз жобасында не ұсынғанын қарап өту керек. Бұл жобада біріншi кезекте иелердің өздері пайдаланбайтын, шаруалардың құрал-саймандарымен ұқсатылатын және, ақырында, арендаға берілетін жерлерді иеліктен айыру қажеттігін мойындау ғана бар. Содан соң халық бостандығы партиясы жергілікті жерлерде комиссиялар құруды қолдады, бұл комиссиялар, белгілі бір уақыт жұмыс істегеннен кейін, бәлкім, тіпті бірнеше жыл жұмыс істегеннен кейін, қандай жерлердің иеліктен айыруға жататындығын, қандай жерлердің оған жатпайтындығын және шаруаларды қанағаттандыру үшін оларға қанша жер керек екендігін анықтауға тиіс. Бұл комиссиялардың жартысы шаруалардан, екінші жартысы шаруа еместерден құрылатын болса, сонда, менің ше, осы жалпы нақты жағдайда иеліктен айыруға жарайтын жердің мөлшері де, шаруалар үшін қажетті жердің мөлшері де жергілікті жерлерде айтарлықтай анықталған болар еді, сөйтіп, ақырында, шаруалардың әділетті талаптарының қандай мөлшерде қанағаттандырылуы мүмкін екендігіне және олардың көп жер алғысы келетін тілектерінің көптеген жағдайларда қаншалықты теріс және негізсіз екендігіне шаруалардың өздері көздерін жеткізген болар еді. Содан соң бұл материал Думаға қайтарылып берілсе, Дума оны қайта өңдесе, одан кейін бұл материал Мемлекеттік советке жетер еді, сөйтіп, ақырында, ол материал патша ағзамның бекітуіне дейін жеткен болар еді. Қысқасы, тәртіп, міне, осындай, бірақ неге екені белгісіз, үкімет бұл тәртіптен шошып кетті, Думаны таратып, бізді осындай жағдайға душар етті. Халықтың шын мұқтаждықтарын қанағаттандыру, осыған байланысты мәдениетті шаруашылықтарды тыныштандыру және сақтап қалу осы жоспарлы жұмыстың нәтижесі болар еді, ал халық бостандығы партиясы өте-мөте бір қажеттілік болмайынша, мәдениетті шаруашылықтардың күйретілуін ешқашан тілеген емес» (Стенографиялық есептер, 398-бет).

Егер Березовский мырзамен бір партиядағы Изгоев мырза «Салыстыру» деген мақаласында: «Россия — де-

мократиялық ел және ешқандай олигархияға, жаңа олигархияға да, ескі олигархияға да төзе алмайды» деп жазып отырса, онда мұндай сөздердің мағынасы бізге енді толығынан түсінікті. Россия тіпті де демократиялық ел емес, халықтың азды-көпті қалың тобы кадеттер сияқты партияны демократиялық партия деп есептеп отырғанда, ешқашан, ешбір жағдайда да ол демократиялық ел бола алмайды. Бұл — ащы да болса шындық, жартыкеш, тұрлаусыз, принципсіз либералдық олигархия өкілдерінің, кадет мырзалардың, айтып жүрген жылымшы өтірігінен гөрі халыққа мың есе керегірек шындық. Меньшиковтардың 66 көпеспен және Громобоймен салғыласуы сияқты «салғыласулар» күн тәртібіне неғұрлым көбірек қойылған сайын, бұл ащы шындықты еске салу өте-мөте қажет.

«Звезда» № 11, 26 февраль, 1911 ж.
Қол қойған: В. Ильин

«Звезда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ РОССИЯЛЫҚ КОЛЛЕГИЯСЫНА

Орталық Комитеттің Россияда шақырылуы мүмкін және ықтимал болғандықтан, партия алдында жауапты адамдар ретінде біздің жағдайымызға қатысы бар кейбір маңызды мәселелер жөнінде өзіміздің көзқарасымызды баяндауды борышымыз деп есептейміз.

1. 1910 жылғы январьдағы пленумда біз, большевиктік ағымның жауапты өкілдері ретінде, Орталық Комитетпен шарт жасастық; ол шарт Орталық Органның 11-номерінде басылды. Мешковскийден алған сенім хаты бар үш қызмет адамы тапсырған біздің арызымыз формальды жағынан алғанда сол шартты бұзғандық болып табылады; бұл арыз голосшылдар мен впередшілдердің сол шарттың дәл көрсетілген талаптарын *орындамауы* себепті тапсырылды. Орталық Комитеттің іс жүзінде болмауы және шетелде жікке бөлінудің басталуы себепті амалсыз тапсырылған арызды егер Орталық Комитет жиналып, жоғарыда көрсетілген фракциялар бұзған партия жұмысын және партиялық бағытты қалпына келтіре алса, біздің ол арызды ықыласпен қайтып алатынымыз немесе шартты қайта қарауға келісетініміз өзінен-өзі түсінікті.

2. Бұл партиялық бағытты пленум айқын белгіледі, ал голосшылдар, Троцкий және К^0 оны шатыстырмақшы болып босқа әлектеніп жүр. Бұл бағыт жойымпаздықты да, шақырымпаздықты да пролетариатқа зиянды әсер ететін *буржуазиялық* теория деп таниды. Бұл екі ағымның екеуі де пленумнан кейін және оның ше-

шімдерін бұзып, бір жағынан, потресовшылдар мен голосшылдардың, екінші жағынан, впередшілдердің антипартиялық фракцияларына ұласып, қалыптасты. Меньшевиктерден тек партияшылдар немесе плехановшылдар дейтіндер, яғни потресовшылдар мен голосшылдарға қарсы күресті *батыл* жүргізгендер және жүргізіп отырғандар ғана пленум көрсеткен партия жолына түсті.

3. Сондықтан біз, большевиктік ағымның өкілдері ретінде, *голосшылдардың Иннокентийді* кінәлауына, оның 1910 жылдың жазында голосшылдар болып қалған немесе өздерінің партиялығын өздерінің істерімен толық дәлелдемеген меньшевиктерді кооптациялауға кандидат деп танудан бас тартқаны үшін кінәлауына батыл наразылық білдіреміз. Большевизмдегі бізден өзгеше сарынның басты өкілі — *Иннокентий* бұлай еткенде дұрыс істеді; оның нақ ерекше сарынның өкілі ретінде P. S. D.* куәлары алдында, *барлық* большевиктерді біріктіретін партиялық принциптерін осылайша белгілегендігіне біздің *жазбаша* дәлелдеріміз де бар.

4. Голосшылдардың шетелден, жікшілдік әрекет етіп отырған шетелдік фракция атынан «өздерінің» кандидаттарын Орталық Комитетке кооптациялау үшін ұсынуға ұмтылуы — өрескел мазақ ету. Егер пленумда меньшевиктердің жойымпаздармен күресеміз деген уәдесіне шынымен сенген адамдар болса, бір жылдан кейін бұл мәселеде голосшылдарға сенуге болмайтыны толық айқындалды. Біз жойымпаздардың шетелдік фракциясының кандидатураларын дауысқа қоюға батыл қарсы шығамыз және партияшыл-меньшевиктер қатарынан кандидаттар бере алатыны *күмәнсыз* болып отырған *орыс* плехановшылдарының пікірін сұрауды талап етеміз.

5. Голосшылдардың, впередшілдердің және Троцкийдің жікшілдік қадамдар жасағанын қазір большевиктер мен поляктар (Орталық Органдағы) ғана емес, плехановшылдар да (париждік плехановшылдардың қарарын қараңыз) толық мойындап отыр. Жікке бөліну жөнінде-

* — поляк социал-демократиясы. *Ред.*

гі *алғашқы* батыл қадамды — Орталық Комитеттен тыс конференция шақыру туралы және сол үшін «қор» жасау туралы хабарлауды — Троцкийдің 1910 жылы 26 ноябрьде жасағанын біз атап көрсетеміз; біздің арызымыз (5. XII. 1910) оған амалсыз қайтарылған жауап болды. Впередшілдердің мектебі осы жікке бөліну орталықтарының біріне айналды: Троцкий партиялық Мектеп комиссиясының тікелей қаулы алғанына *қарамастан,* оған қатысты. *Баспасөз бетінде* голосшылдар бізді бұл мектепке «іріткі салды» деп айыптады. Шетелдік антипартиялық фракцияларға *іріткі салуды* өзіміздің борышымыз деп есептеп, біз бұл мектептің «қоры» туралы және *Троцкий мен голосшылдардың оған көмектесуі туралы тергеу* комиссиясын тағайындауды талап етеміз. Пленумда біз біржолата жойған экспроприаторлық істер туралы байбалам салып, голосшылдар байбалам салап қана қоймай, оның үстіне бұл байбалам арқылы өздерінің пленум қарарын *бұзушыларға* көрсетіп отырған *моральдық* (тек моральдық қана емес) көмегін *бүркемелейді.*

6. Плехановшыл Ольгин мынадай фактіні — голосшылдардың Орталық Комитетті Россияға көшіру тілегі оның күйреуі ықтимал екенінен (немесе сөзсіз күйрейтіндігінен) туғанын Данның тікелей түсіндіргенін ашып берді. Партия соты бұл жөніндегі өз пікірін айтуға тиіс. Кімде-кім голосшылдардың жыл бойы жүргізген саясатын қадағалап отырса, ол голосшылдардың *іс жүзінде* Орталық Комитетті болғызбай тастап, оған бөгет жасап келгеніне күмәнданбайды. Голосшылдардың лондондық кандидаттары тек өмір сүріп қана қоймай, оның үстіне *жұмысшы одақтарында да, баспасөз бетінде де антипартиялық* рухта *саяси* жұмыс жүргізіп отыр. Орталық Комитеттің жиналысына келмей, олар мұнысымен өздерінің жойымпаздығын дәлелдеп отыр. Сондықтан біз Орталық Комитеттегі аса қиын жағдайда жұмыс істеп жүрген (өйткені олардың *бәрі* полицияға мәлім) орыс жолдастарды партия ішінде оларға ішкі жаудың да қауіп туғызатынынан сақтандырып қоюға тиіспіз. Егер *бір с*әтсіздіктің өзі жікшілдік әрекет жасап отырған потресовшылдарға еркіндік беретін еткіміз

келмесе, қандай да болса шетелдік базасыз жұмыс істеуге болмайды. *Қазір* впередшілдерге, голосшылдарға және Троцкийге *көмектесу* саясатын жүргізе бастаған Орталық Комитеттің Шетелдік бюросын шетелде қалдыруға болмайды. Сөз жүзіндегі уәделерге немесе қарарларға «қол қойылуына» сенуге болмайды: егер *нақты* саясатшы болғың келсе және тек формальды істермен тоқмейілсігің келмесе, жұмысшы қозғалысынан және оған контрреволюциялық ықпал жасаудан туындайтын *идеялық-саяси ағымдарға* қарау керек.

Бұл ағымдар 1908 жылдан бастап өсіп, ұлғайды, плехановшылдарды большевиктермен жақындастырды, ыдырауды жақтаушылардың және бүркемелеушілердің, голосшылдардың, впередшілдердің және Троцкийдің блогын құрды. Біздің партиямыздың таяудағы келешегі (мұны көрмей отыруға болмайды) нақ осы бағыттағы күрес арқылы белгіленетіні сөзсіз,— мұндай күресті жеке адамдар мен топтардың еркі емес, дәуірдің пленумдағы қарарда көрсетілген объективтік жағдайлары туғызады.

1910 жылғы январьда Орталық Комитетпен шарт жасасқан большевиктік ағымның өкілдері (үшеуі және төртіншінің, Мешковскийдің, сенім хаты бойынша)[79].

1911 ж. февральда жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVIII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

МЕРЕКЕ ЖАЙЫНДА

Шаруалар реформасы дейтіннің елу жылдығы көптеген қызықты мәселелер туғызуда. Мұның ішінен бұл жерде біз тек кейбір экономикалық және тарихи мәселелерге ғана тоқталып, сөздің неғұрлым тар мағынасындағы публицистік тақырыптарды басқа бір реті келгенге дейін қалдыра тұрамыз.

Бұдан 10—15 жыл бұрын, халықшылдар мен марксистер арасындағы таластар алғаш рет қалың жұртшылық алдына тартылған кезде, шаруалар реформасы дейтінге баға берудегі алауыздық талай рет бұл таласта бірінші орындардың біріне қойылып жүрді. Халықшылдықтың теоретиктері үшін,—мәселен, әйгілі В. В. мырза немесе Николай — он үшін,—1861 жылғы шаруалар реформасының негіздері капитализмнен принципті түрде өзгеше және оған принципті түрде қас болып көрінді. Олар: 19 февральдағы Ереже «өндірушіге өндіріс құрал-жабдықтарының берілуін» заң жүзінде бекітті, капиталистік өндірістен *өзгеше* «халықтық өндіріске» рұқсат етті дегенді айтты. 19 февральдағы Ереже Россияның капиталистік *емес* жолмен дамуына кепілдік деп танылды.

Бұл теорияға марксистер сол кездің өзінде-ақ принципті түрде басқаша көзқарасты қарсы қойды. 19 февральдағы Ереже — крепостниктік (немесе феодалдық) өндіріс әдісін буржуазиялық (капиталистік) өндіріс әдісімен ауыстыру *көріністерінің* бірі. Бұл көзқарас бойынша, Ережеде онан басқа ешқандай тарихи–экономи-

калық элемент *жоқ*. «Өндірушіге өндіріс құрал-жабдықтарының берілуі» — жай фактіні, егіншіліктегі ұсақ өндірушілер болып отырған шаруалардың натуралды шаруашылығы басым өндірушілерден товар өндірушілерге айналғанын бүркемелейтін құрғақ жылтыр сөз. Сол дәуірдегі Россияның әр түрлі жерлерінде шаруалар шаруашылығында нақ товар өндірісінің қаншалықты күшті немесе нашар дамығаны — басқа мәселе. Бірақ, «азат етілуші» шаруаның басқа ешқайда емес, нақ товар өндірісі жағдайына кіргені күмәнсыз. Крепостниктік еңбекті *ауыстырған** «ерікті еңбек», сөйтіп, товар өндірісі жағдайында, яғни буржуазиялық қоғамдық-экономикалық қатынастарда жалдама жұмысшының немесе ұсақ дербес өндірушінің ерікті еңбегінен басқа ештеңе болмай шықты. Реформаның мұндай сипатын *төлем* онан да айқынырақ көрсетеді, өйткені төлем ақшалы шаруашылыққа түрткі болады, яғни шаруаның рынокқа тәуелділігін күшейтеді.

Халықшылдар шаруалардың жерімен қоса азат етілуін — капиталистік *емес* принцип, өздері «халықтық өндіріс» деп атағанның «бастамасы» деп білді. Шаруаларды жерсіз азат етуді олар капиталистік принцип деп таныды. Халықшылдар (әсіресе Николай — он мырза) қызметкерді өндіріс құрал-жабдығынан азат ету капиталистік өндіріс әдісінің негізгі шарты дегенге сүйеніп, ондай көзқарасты *Маркстің іліміне* негіздеді. Ерекше құбылыс: марксизмнің тіпті 80-жылдардан бастап-ақ (онан да ерте болмаса) Батыс Европаның алдыңғы қатарлы қоғамдық ілімдері қатарында даусыз, іс жүзінде үстем күш болып келгендігі сонша — Россияда марксизмге жау теориялар ұзақ уақыт бойына марксизмге ашық қарсы шыға алмады. Бұл теориялар марксизмді (көбіне өздері де білмей) боямалады, өңін айналдырды, бұл теориялар өздері марксизм негізіне сүйенгендей болды және Маркс теориясын Россияға қолдануды «Марксше» бекерге шығаруға тырысты! Николай — он мырзаның халықшылдық теориясы «маркстік» атақ алу-

* Мұндай *ауыстыру іс жүзіне* асқандықтан,— біз төменде оның алғаш қарағандағыдан анағұрлым қиындықпен ауыстырылғанын көреміз.

ға дәмеленді (1880—1890 жылдар), ал кейіннен Струве, Туган-Барановский және $К^0$ мырзалардың либералдық-буржуазиялық теориясы Маркстi толығынан *«дерлік»* танудан басталды, сөйтіп өз көзқарастарын дамытты, марксизмді «сын көзімен онан әрі дамытуды» бүркеніп, өзінің либерализмін жүргізді. XIX ғасырдың аяғынан бастап (антимарксniк мазмұнын бүркемелеу үшін маркстік *терминологияға* жармасатын қазіргі оппортунизмге—жойымпаздыққа дейін) орыс қоғамдық теориялары дамуының осы өзіне тән белгісіне біздің, сірә, талай рет тоқталуымызға тура келетін болар.

Қазіргі кезде біздің көңіл бөліп отырғанымыз — халықшылдардың «ұлы реформаға» берген бағасы. 1861 жылы шаруаларды жерден айыру ниеті капиталистік ниет болды, ал оларға жер беру ниеті антикапиталистік, социалистік ниет болды деген көзқарас түбірінен қате (халықшылдардың таңдаулылары «халықтық өндіріс» деген терминді — *цензуралық* кедергілер себепті социализмнің амалсыздан қойылған бүркеншік аты деп таныды). Мұндай көзқараста тарихты өрескел бұрмалаушылық бар, Маркстің «даяр» формуласын (тек жоғары дәрежеде дамыған товар өндірісіне ғана қолдануға болатын «формуланы») *крепостниктік* негізге көшіре салғандық бар. Шынында 1861 жылы шаруаларды жерден айыру көптеген жағдайларда капиталистік өндірістегі ерікті жұмысшыны емес, сол «төрелік», помещиктік жердің *кіріптар* (яғни іс жүзінде жартылай крепостниктік немесе тіпті крепостниктік дерлік) *арендаторын* жасағандық болды. Шынында 1861 жылғы «үлесті жерлер» көптеген жағдайларда ерікті дербес егінші жасағандық емес, жайылым үшін, өріс үшін, шабындық үшін, қажетті егістік жер, т. т. үшін помещиктік жерді өзінің құрал-сайманымен өңдеп беру формасында бәзбаяғы барщинаны іс жүзінде амалсыздан өтейтін кіріптар арендаторды *жерге байлап-матағандық* болды.

Шаруа крепостниктік қатынастардан (бұл қатынастардың мәні: «жұмыспен өтейтін рента», яғни үлесті жер алған шаруаның помещикке жұмыс істеуі) тек сөз жүзінде емес, іс жүзінде қандай дәрежеде азат етілсе, ол сондай дәрежеде буржуазиялық қоғамдық қатынас-

тар жағдайына кірді. Бірақ крепостниктік қатынастардан мұндай *іс жүзінде* азат етудің барысы халықшылдардың ойлағанынан гөрі анағұрлым күрделі болды. Шаруаларды жерден айыруды жақтаушылар мен «үлесті жер беруді» жақтаушылар арасындағы күрес *ол кезде* көбінесе тек екі *крепостниктік* лагерьдің күресін ғана, помещикке оның қандай арендаторы (немесе «жұмыспен өтейтін» шаруасы) болғаны пайдалы, мүлде жері жоқ арендаторы болуы пайдалы ма *әлде* «үлесті жері» бар, яғни бір орынға, ұлтарақтай жерге байланыпматалған, бірақ онысы күн көруге жетпейтін, сондықтан «табыс» іздеуге (=помещиктің кіріптарлығына баруға) тура келетін арендаторы болғаны пайдалы ма деген таласты ғана көрсетті.

Ал, екінші жағынан, күмәнсыз нәрсе: шаруалар азат етілгенде жерді неғұрлым көп алған болса, оны неғұрлым арзан алған болса, Россияда капитализм соғұрлым шапшаң, кеңінен, еркінірек дамыған болар еді, крепостниктік және кіріптарлық қатынастардың қалдықтары соғұрлым тез жойылған болар еді, ішкі рынок соғұрлым ұлғайған болар еді, қалалардың, өнеркәсіптің және сауданың дамуы соғұрлым қамтамасыз етілген болар еді.

Халықшылдардың қатесі мынада болды: олар мәселеге нақты тарихи жағдайға байланыссыз, утопиялық тұрғыдан, абстракт түрде қарады. Олар «үлесті жерді» дербес ұсақ егіншіліктің базасы деп жариялады: бұл *қандай дәрежеде* дұрыс болса, «үлесті жер алған» шаруа сондай дәрежеде товар өндіруші болды, буржуазиялық жағдайға түсті. Ал *іс жүзінде* тым көп реттерде «үлесті жердің» аздығы сонша, шамадан тыс төлемдердің ауыртпалығы түскені сонша, шаруаға қолайсыз, помещикке «қолайлы» межеленгендігі сонша — «үлесті жер алған» шаруа шарасыз кіріптарлық жағдайға сөзсіз түсіп отырды, іс жүзінде крепостниктік қатынастарда қала берді, бәз-баяғы барщинаны (жұмыс істеп өтеу үшін жерді арендаға алу, т. т. түріндегі барщинаны) жұмыспен өтей берді.

Сонымен, халықшылдықта екі жақты тенденция болды; бұл тенденцияны марксистер либералдық-халық-

шылдық көзқарастарды, либералдық-халықшылдық бағаны, т. б. сөз қылған кездің өзінде сипаттаған болатын. Халықшылдар іс жүзінде «үлесті жер беру» көптеген жағдайларда помещиктік шаруашылықтарды арзан және бір орынға маталған жұмысшы күшімен, арзан кіріптарлық еңбекпен қамтамасыз еткендік болғанын ұмытып, 1861 жылғы реформаны қаншалықты дәріптесе, соншалықты дәрежеде олар либерализм көзқарасы тұрғысына дейін, либерал буржуаның немесе тіпті либерал помещиктің көзқарасы тұрғысына дейін (көбіне мұны өздері де аңғармай) құлдырады;— соншалықты дәрежеде олар объективтік түрде капиталистік эволюцияның помещиктік дәстүрлерге бәрінен де көп шырмалған типінің, өткендегі крепостниктік дәуірмен бәрінен де қатты байланысты типінің, онан мейлінше шабан, мейлінше қиындықпен құтылатын типінің қорғаушыларына айналды.

Ал, халықшылдар 1861 жылғы реформаны дәріптеуге бой ұрмай, төлемнің неғұрлым аз болуын, *ешқандай* шек қойылмаған «үлесті жердің» неғұрлым көп болуын, шаруаның мәдени, праволық және басқа дербестігі неғұрлым зор болуын қызу және шын ниетімен қаншалықты қорғаса, соншалықты дәрежеде олар буржуазиялық демократтар болды. Олардың бірден-бір кемшілігі мынау еді: олардың демократизмі әрқашан дәйекті және батыл бола берген жоқ, мұнымен бірге оның буржуазиялық сипатын олардың өздері түсінбей-ақ қойды. Сөз арасында айта кетелік, бізде тіпті осы уақытқа дейін де ең «солшыл» социал-халықшылдардың өзі көбінесе, жоғарыда келтірілген тұрпатындағы «буржуазиялық» деген сөзді... «саясат» ретіндегі бір нәрсе деп түсінеді, ал шынына келгенде буржуазиялық демократия деген термин — марксизм көзқарасы тұрғысынан бірден-бір дәл ғылыми сипаттама.

Халықшылдықтағы бұл екі жақты, либералдық және демократиялық, тенденция 1861 жылғы реформа дәуірінің өзінде әбден айқын *аңғарылды.* Біз бұл жерде бұл тенденцияларды талдауға, оның ішінде утопиялық социализмнің олардың екіншісімен байланысына егжей-тегжейлі тоқтала алмаймыз, сөйтіп, айталық, бір жағы-

нан, Кавелиннің, екінші жағынан, Чернышевскийдің идеялық-саяси бағыттарының айырмашылығын жай ғана көрсетіп өтумен шектелеміз.

Егер Россия мемлекетінің бүкіл укладындағы 1861 жылғы өзгеріске жалпы көз жіберсек, онда бұл өзгеріс феодалдық монархияны буржуазиялық монархияға айналдыру жолында ілгері басқан қадам болғанын мойындауымыз керек. Бұл тек экономикалық тұрғыдан ғана емес, саяси тұрғыдан да дұрыс. Бұл қағиданың дұрыстығына көз жеткізу үшін 1861 жылғы шаруалар реформасынан кейін болған сот, басқару, жергілікті өзін өзі басқару саласындағы реформаның, т. с. реформалардың сипатын еске түсірудің өзі жеткілікті. Бұл «қадам» зор болды ма әлде кішкене болды ма, шапшаң болды ма әлде шабан болды ма деп таласуға болар, бірақ бұл *қадам* жасалған *бағыттың* айқындығы сонша және кейінгі барлық оқиғалардың оны анықтағаны сонша, ол туралы екі түрлі пікір бола қоймас. Ал, буржуазиялық монархияға айналу жолындағы «қадамдарды» Россия ең соңғы жылдарда дерлік жасап отыр дейтін, ойластырылмаған пікірлерді біздің заманымызда неғұрлым жиі еситуге тура келіп жүргендіктен, бұл *бағытты* атап көрсету соғұрлым қажет.

Халықшылдықтың жоғарыда көрсетілген екі тенденциясында помещиктік емес, чиновниктік емес, буржуазиялық емес топтардың саналылығына және өз бетінше әрекет етуіне сүйенетін демократиялық тенденция 1861 жылы өте әлсіз болды. Сондықтан іс буржуазиялық монархияға айналу жолындағы ең кішкене «қадамнан» әрі аспады. Бірақ бұл әлсіз тенденция сол кездің өзінде болды. Ол кейініректе де *бүкіл* реформадан кейінгі дәуірдің қоғамдық идеялары саласында да, қоғамдық қозғалысы саласында да біресе күштірек, біресе бәсеңірек көрініп келді. Бұл тенденция елдің экономикалық эволюциясының әрбір қадамынан, демек, әлеуметтік, праволық, мәдени жағдайлардың жиынтығынан нәр ала отырып, осы дәуірдің әрбір он жылдығы сайын өсе берді.

1861 жылы жаңа ғана байқалған бұл екі тенденцияның екеуі де шаруалар реформасынан соң 44 жылдан

кейін қоғам өмірінің мейлінше әр алуан майданында, қоғамдық қозғалыстың әр алуан қысыл-таяң кезеңдерінде, халықтың қалың бұқарасының және ірі саяси партиялардың қызметінде жеткілікті дәрежеде толық және ашық көрініс тапты. Кадеттер мен трудовиктер,— бұл терминнің екеуін де ең кең мағынасында түсінгенде,— мұнан жарты ғасыр бұрын білінген осы екі тенденцияның тікелей ұрпақтары және мирасқорлары, тікелей жүзеге асырушылары. 1861 жыл мен одан 44 жыл кейін болған оқиғалар арасында байланыс бар екені күмәнсыз және анық. Жарты ғасыр бойына екі тенденцияның екеуінің де сақталып, нығайғаны, дамығаны, өскені де, сөз жоқ, бұл тенденциялардың күшін, олардың Россияның бүкіл экономикалық құрылымына терең тамыр жайғанын дәлелдейді.

Нововремялық жазушы Меньшиков шаруалар реформасының таяуда өткен оқиғалармен бұл байланысын мынадай ерекше тирадамен білдірді: «61-жыл тоғыз жүз бесінші жылдың алдын ала білмеді,— олай болса, мұндай аянышты болып күйреген реформаның *ұлылығы* туралы даурығудың қажеті не?» («Новое Времяның» 11 январьдағы 12512-номері, «Қажетсіз мереке»).

Меньшиков бұл сөздер арқылы абайламай өте қызықты ғылыми-тарихи мәселені, біріншіден, жалпы алғанда реформа мен революцияның арасалмағы туралы, екіншіден, 1861 және 1905—1907 жылдардағы қоғамдық-тарихи бағыттардың, ниеттердің, тенденциялардың байланысы, тәуелділігі, тектестігі туралы мәселені қозғады.

Реформа ұғымының революция ұғымына қарама-қарсы екені күмәнсыз; бұл қарама-қарасылықты ұмыту,бұл екі ұғымды айыратын шекті ұмыту тарихи пайымдаулардың бәрінде әрқашан мейлінше елеулі қателерге әкеліп ұрындырады. Бірақ бұл қарама-қарсылық абсолюттік нәрсе емес, бұл шек қатып қалған шек емес, әрбір нақты жағдайда анықтай білуді керек ететін жанды, жылжымалы шек. 1861 жылғы реформа өзгерістер жасауға мүдделі қоғамдық элементтердің өте әлсіздігі, санасыздығы, бытыраңқылығы себепті реформа ғана болып қалды.

Осыдан келіп бұл реформада крепостниктік белгі соншалық күшті болды, осыдан келіп онда бюрократтық азғындық соншалық көп болды, осыдан келіп оның шаруаларды күйзеліске ұшыратуы соншалық шексіз болды. Біздің шаруалар капитализмнен гөрі, капитализмнің жеткіліксіз дамуынан анағұрлым көп азап шекті.

Бірақ белгілі бір қоғамдық элементтердің әлсіздігі себепті реформа қалпында қалған бұл реформа, кедергілер мен бөгеттердің бәріне қарамастан, ол элементтердің онан әрі дамуына жағдай туғызды,— бұл жағдайлар ескі қайшылықты өршіткен базаны кеңейтті, ол қайшылықтардың «өршуіне» саналы түрде қатыса алатын халықтың топтарын, жіктерін, таптарын көбейтті. Сондықтан, 1861 жылғы реформада либерализмге саналы түрде дұшпан болған демократиялық тенденцияның өкілдері, ол кезде (және онан кейін ұзақ уақыт бойына) негізсіз некен-саяқтар тәрізді көрінген өкілдері, іс жүзінде әлдеқайда «негіздірек» *болып шықты*,— 1861 жылы ұрық қалпында дерлік болған қайшылықтар пісіп жетілген кезде осындай болып шықты. 1861 жылғы реформаға қатысушылар, оған реформистік көзқарас тұрғысынан қарағандар*, либерал реформистерден гөрі «негіздірек» болып шықты. Тарих біріншілерін—дәуірдің алдыңғы қатарлы адамдары ретінде, екіншілерін — жартыкеш, тұрлаусыз, ескілік пен күні озған күштердің алдында дәрменсіз адамдар ретінде мәңгі есте сақтайды.

Халықшылдар 1861 жылдан бастап (ал олардың ізашарлары мұнан да бұрын, 1861 жылға дейін), онан кейін жарты ғасырдан астам уақыт бойына өздерінің теорияларында Россия үшін *басқа, яғни капиталистік емес* жолды әрдайым уағыздап келді. Тарих олардың бұл қатесін толық әшкереледі. Россияның капиталистік жолмен дамып келе жатқанын, оның дамуының басқа жолы болуы мүмкін емес екенін тарих толық дәлелдеді,— ал 1905—1907 жылдардың оқиғалары, орыс қоғамының әр түрлі таптарының сол кездегі қимылдары

---

* Сірә, бұл жерде қате басылған болса керек; мағынасы бойынша: «қарамағандар» делінсе керек еді. *Ред.*

мұны өте-мөте айқын көрсетті. Бірақ, қате идеологияны малданып, отан үшін «басқа» жол табуға ұмтылған бұл жарты ғасырлық талаптың *нақты* маңызы неде болғанын жарты ғасырдың сол тарихынан әлі күнге дейін үйренбеген марксист жаман марксист болар еді.

Халықшылдық идеологияның бұл *нақты* тарихи маңызы *капиталистік* дамудың *екі* жолын: жаңа, капиталистік Россияны ескі Россияға бейімдеуші, біріншісін екіншісіне бағындырушы, дамудың барысын шабандатушы бір жолды және ескіні жаңамен алмастырушы, жаңаға кедергі болатын, күні озған богеттерді толық жоюшы, дамудың барысын тездетуші екінші жолды бір-біріне қарама-қарсы қоятындығында болғанын 1861 жылды 1905—1907 жылдармен салыстыру айдан анық көрсетеді. Либералдық және демократиялық программалар ретінде, кадеттер мен трудовиктердің программалары — бұл екі программаның *екеуінің де* дәйексіздігі, кейде шатысқандығы және санасыздығы бола тұрғанымен—*нақты* жолдардың, екеуі де капитализм *шеңберінде* болып отырған, жарты ғасырдан астам уақыт бойына үнемі жүзеге асырылып келе жатқан жолдардың осы дамуын айқын көрсетті.

Ал қазіргі дәуір бізден бұл екі жолдың екеуінің де шарттарын айқын ұғынуды, 1861 жылдың екі тенденциясы туралы және олардың одан әрі дамуы туралы айқын түсініп алуды мейлінше қатты талап етеді. Біз Россия мемлекетінің бүкіл укладының одан әрі алға басуын, буржуазиялық монархияға айналу жолында *тағы бір* қадам ілгерілеуін бастан кешіріп отырмыз. Бұрын қандай болса, нақ сондай солқылдақ, нақ сондай аумалы, нақ сондай сәтсіз, нақ сондай негізсіз бұл жаңа қадам біздің алдымызға ескі мәселелерді қойып отыр. Россияның капиталистік дамуының екі жолының қайсысы оның буржуазиялық укладын біржолата белгілейді, мұны тарих әлі шешкен жоқ: мұны шешетін объективтік күштер әлі сарқылып біткен жоқ. Қоғам өмірін құрайтын барлық егестердің, қақтығыстардың, жанжалдардың тәжірибесіне қаныққанша бұл шешімнің қандай болатынын алдын ала болжап білуге болмайды. 1861 жылдан бері өздерін көрсетіп келген екі

тенденцияның пара-пар күші қандай болатынын алдын-ала болжап білуге болмайды. Бірақ бұл тенденцияның екеуін де айқын түсінуге, марксистер осы пара-пар күшке өздерінің еңбегін минус түрінде (жойымпаздық және қандай да бір түңілушіліктің соңынан дәрменсіз салпақтай беру түрінде) емес, плюс түрінде, тұтас алғанда бүкіл эволюцияның мүдделерін, оның түбегейлі және ең елеулі мүдделерін қорғау түрінде қосатын етуге болады — және солай болуға тиісті де (ыдырау, сергелдең, сенімін жоғалту, өткінші табысқа бас ию хаосында марксистердің «гегемондар» ретіндегі міндеттерінің бірі де осы).

Демократиялық тенденцияның өкілдері үнемі қобалжи отырып, либерализмге тәуелді бола отырып, өздерінің мақсатына қарай ілгері басып келеді. Осы қобалжуға қарсы әрекет жасау, осы тәуелділікті бұзу — Россиядағы марксизмнің аса маңызды тарихи міндеттерінің бірі.

«Мысль» № 3, февраль, 1911 ж.
Қол қойған: В. Ильин

«Мысль» журналының тексті бойынша басылып отыр

«ШАРУАЛАР РЕФОРМАСЫ» ЖӘНЕ ПРОЛЕТАРЛЫҚ-ШАРУАЛАР РЕВОЛЮЦИЯСЫ

Романов мырзалар монархиясы соншама қауіптенген және Россия либералдары соншама елжіреп, емешесі құрыған мереке мейрамдалды. Патша үкіметі оны мейрамдағанда, »Ұлттық клубтың» қаражүздік мерекелік кітапшаларын «халыққа» үсті-үстіне таратып, «сезіктілердің» бәрін тұтқынға алуды күшейтіп, демократиялық сөздерге азды-көпті ұқсас сөздер сөйленуі мүмкін жиналыстарға тыйым салып, газеттерге штраф салып және оларды тұншықтырып, «бүлікшіл» кинематографтарды қудалап мейрамдады.

Либералдар мерекені мейрамдағанда, «екінші 19 февральдың» қажеттігі туралы («Вестник Европы»[80]) қайта-қайта көз жасын төгіп, өздерінің патшаға шын берілгендік сезімін білдіріп («Речьте» ең көрнекті орында патшаның суреті болды), өздерінің азаматтық уайымы туралы, отандық «конституцияның» баянсыздығы туралы, столыпиндік аграрлық саясаттың «ежелгі жер негіздерін» «апатты түрде қиратқаны», т. т. және т. с. туралы айтып мейрамдады.

II Николай Столыпинге жазған арнаулы хатында: столыпиндік аграрлық саясат 1861 жылғы 19 февральдағы «ұлы реформаның» нақ аяқталуы болды деп мәлімдеді; яғни мұның өзі шаруалардың жерін ат төбеліндей алпауыттардың, кулактардың, ауқатты мужиктердің талапайға салып талауына беру және деревняны крепостник-помещиктердің билеп-төстеуіне беру еді.

Қандыбалақ Николай, Россияның бірінші помещигі, тарихи шындыққа біздің жүрегі елжіреген либералдардан гөрі жақынырақ екенін мойындау қажет. Тап күресінің шындығын — крепостниктер жүргізетін «реформалар» өзінің бүкіл сипаты жағынан крепостниктік реформалар болмауы мүмкін емес екенін, онымен қатар алуан түрлі зорлық-зомбылық режимі қолданылмауы мүмкін емес екенін бірінші помещик және бас крепостник түсінді, дұрысырақ айтқанда, Біріккен дворяндар советінің уағызынан үйреніп алды. Тек бір өзі ғана крепостник-помещиктерді және олардың орыс мемлекетіндегі өктемдігін жермен жексен ететін бұқараның революциялық қозғалысынан біздің кадеттер, жалпы алғанда біздің либералдар да, қорқады; осы қорқақтық олардың мына шындықты: крепостниктер құлатылмай тұрғанда, қандай да болса реформалар — әсіресе аграрлық реформалар — крепостниктік түрде, крепостниктік сипатта болмай, крепостниктік әдіспен жүргізілмей, басқаша болуы мүмкін емес екенін түсінуіне бөгет жасайды. Революциядан қорқу, реформаны арман қылу, «реформаларды» іс жүзінде крепостниктер крепостниктік жолмен жүргізіп отыр деп күңкілдеу—барып тұрған азғындық пен есуастық. Қалағаныңды ал: не крепостниктік «реформалар», не крепостниктерді құлататын халықтық революция деп ашық «беріп отырған» II Николай анағұрлым дұрыс істеп отыр және орыс халқына анағұрлым жақсырақ ақыл үйретіп отыр.

1861 жылғы 19 февраль крепостниктік реформа болды; ал біздің либералдар оны боямалап, ол кезде Россияда революциялық *қозғалыс* жоқ дерлік нашар болғандықтан, езілген бұқара арасында революцияшыл *тап* әлі тіпті болмағандықтан ғана «бейбіт» реформа деп көрсете алады. 1906 жылғы 9 ноябрьдегі указ және 1910 жылғы 14 июньдегі заң— 61-жылғы реформа сияқты—буржуазиялық мазмұндағы крепостниктік реформалар, бірақ либералдар оны «бейбіт» реформа деп көрсете *алмайды,* оны боямалауға оп-оңай кірісе алмайды (олар бұған қазірдің өзінде, мәселен, «Русская Мысльде» кірісіп отырса да), өйткені 1861 жылдың жеке-дара революционерлерін ұмытуға болса да, 1905

жылғы революцияны ұмытуға болмайды. 1905 жылы Русьте революциялық қозғалысқа шаруалар бұқарасын да көтере білген революцияшыл *тап* — пролетариат дүниеге келді. Ал қандай елде болсын революцияшыл тап дүниеге келген болса, оны ешқандай қудалау жаныштай алмайды, ол бүкіл елмен бірге ғана опат болуы мүмкін, ол тек жеңіп қана өлуі мүмкін.

61-жылғы шаруалар реформасының негізгі белгілерін еске түсірейікші. Атышулы «азат ету» шаруаларды барып тұрған арсыздықпен талау болды, оларға талай зорлық-зомбылық жасап, жаппай қорлағандық болды. «Азат ету» нәтижесінде қара топырақты губернияларда шаруалар жерінің $^1/_5$ бөлігінен *астамы* кесіп алынды. Шаруалардан кейбір губернияларда шаруалар жерінің $^1/_3$ бөлігіне дейін, тіпті $^2/_5$ бөлігіне дейін кесіп алынды, тартып алынды. «Азат ету» нәтижесінде шаруалардың жері помещиктердің жерінен былай межеленді: бекзада дворяндардың шаруаларды кіріптарлыққа түсіруіне, оларға жерді өсімқорлық бағамен жалға беруіне жеңілдік жасау үшін, шаруалар «құмға» көшірілді, ал помещиктік жер шаруалардың жеріне сыналап кіргізілді. «Азат ету» нәтижесінде шаруалар өздерінің жерін «сатып алуға» мәжбүр етілді, ал ақы жердің шын бағасынан *екі есе және үш есе* көп өндіріліп алынды. Жалпы алғанда 60-жылдардағы «реформалар дәуірі» шаруаны қайыршы, езілген, надан етіп, сотта да, басқару ісінде де, мектепте де, земствода да крепостник-помещиктерге бағынышты етіп қалдырды.

«Ұлы реформа» крепостниктік реформа болды және басқаша болуы мүмкін емес еді, өйткені оны крепостниктер жүргізді. Оларды реформа жасауға мәжбүр еткен қандай күш? Россияны капитализм жолына тартқан экономикалық даму күші. Крепостник-помещиктер Россияның Европамен товар айырбасының ұлғаюына бөгет жасай алмады, шаруашылықтың ескі, қираған формаларын сақтап қала алмады. Қырым соғысы крепостниктік Россияның шіріктігін және әлсіздігін көрсетті. Шаруалардың «бүліктері» азат ету алдында әрбір

онжылдық сайын ұлғая отырып, біріншi помещикті, II Александрды, *төменнен* құлатқанды күтіп отырғанша, *жоғарыдан* азат ету артық екенін мойындауға мәжбүр етті.

«Шаруалар реформасы» крепостниктер жүргізген буржуазиялық реформа болды. Мұның өзі Россияны буржуазиялық монархияға айналдыру жолында жасалған қадам еді. Шаруалар реформасы буржуазиялық мазмұнда болды; белгілі бір жерлерде шаруалар жері неғұрлым *аз* кесіліп алынса, олардың жері помещиктердің жерінен неғұрлым *толық* бөлектелсе, крепостниктерге төленетін алымның (яғни «төлем құнының») мөлшері неғұрлым *аз* болса, шаруалар крепостниктердің ықпалынан және қысымынан неғұрлым *еркінірек* орналасса, реформаның буржуазиялық мазмұны соғұрлым күштірек айқындала түсті. Шаруа *қандай дәрежеде* крепостниктің билігінен шықса, ол *сондай дәрежеде* ақша өктемдігіне бағынды, товар өндірісі жағдайына түсіп, туып келе жатқан капиталға тәуелді болды. 61-жылдан кейін де Россияда капитализмнің шапшаң дамығандығы сонша, Европаның кейбір ежелгі елдерінде ғасырлар бойына созылған өзгерістер Россияда бірнеше онжылдықтар ішінде жасалды.

Біздің либерал және либерал-халықшыл тарихшылар осыншама дәріптеп, боямалаған крепостниктер мен либералдардың атышулы күресі үстем таптардың *өз ішіндегі*, көбінесе *помещиктердің өз ішіндегі* күрес болды, *тек жеңілдік жасаудың* мөлшері мен формасы жөніндегі күрес болды. Крепостниктер сияқты, либералдар да помещиктердің меншігі мен өкіметін мойындауды қостады, бұл меншікті *жою* туралы, бұл өкіметті *толық құлату* туралы революциялық ой-пікірдің қандайын болса да ашу-ызамен айыптады.

Бұл революциялық пікірлер крепостной шаруалардың ойына келмеуі мүмкін емес еді. Егер ғасырлар бойына созылған құлдық шаруалар бұқарасын қатты езіп, топастандырған болса, сол себепті олар реформа кезінде бытыраңқы, некен-саяқ көтерілістерден, тіпті ешқандай саяси сананың сәулесі де жоқ «бүліктерден» басқа еш нәрсе істей алмаған болса, сол кездің өзінде Россия-

да шаруаларды жақтаған және атышулы «шаруалар реформасының» бүкіл тар өрістілігін, бүкіл болымсыздығын, оның бүкіл крепостниктік сипатын түсінген революционерлер болды. Ол кезде өте аз болған бұл революционерлерді Н. Г. Чернышевский бастады.

1861 жылғы 19 февраль крепостниктік дәуірден өсіп шыққан жаңа, буржуазиялық Россияның басталуы болды. 1860-жылдардағы либералдар және Чернышевский— сол кезден бастап осы уақытқа дейін жаңа Россия жолындағы күрестің нәтижесін белгілеп келген тарихи екі тенденцияның, тарихи екі күштің өкілдері. Міне, сондықтан да 19 февральдың елу жылдығы күні саналы пролетариат бұл екі тенденцияның мәні қандай және олардың өзара қатынасы қандай деген мәселеде өзіне-өзі неғұрлым айқын есеп беруге тиіс.

Либералдар патша монархиясын да, помещиктердің жер иелігі мен өкіметін де қиратпастан, оларды тек заманның рухына «көнуге» итермелеп, Россияны «жоғарыдан» «азат еткісі» келді. Либералдар крепостниктік тәртіппен келісе алмайтын, бірақ революциядан қорқатын, монархияны құлатып, помещиктер өкіметін жоя алатын бұқараның қозғалысынан қорқатын буржуазияның идеологтары болды, солай болып қалып та отыр. Сондықтан либералдар «реформалар үшін күреспен», «праволар үшін күреспен», яғни өкіметті крепостниктер мен буржуазияныц бөлісуімен қанағаттанады. Күштердің арасалмағы мұндай болып отырғанда, крепостниктер жүргізетін «реформалардан» басқа ешқандай «реформалар», крепостниктердің озбырлығы тежеп отыратын «праволардан» басқа ешқандай «праволар» болуы *мүмкін емес.*

Чернышевский социализмге ескі, жартылай феодалдық, шаруалар қауымы арқылы өтуді арман еткен социалист-утопист болды; капитализмнің және пролетариаттың дамуы ғана социализмді жүзеге асыруға материалдық жағдай және қоғамдық күш туғыза алатынын ол көрмеді және өткен ғасырдың 60-жылдарында көруі мүмкін де емес еді. Бірақ Чернышевский тек социалист-утопист қана болған жоқ. Мұнымен бірге ол революцияшыл демократ болды,— ол цензураның бө-

геттері мен кедергілеріне қарамастан — шаруалар революциясы идеясын, бұқараның бүкіл ескі өкіметті құлату жолындағы күресі идеясын тарата отырып, өз дәуіріндегі саяси оқиғалардың бәріне революциялық рухта әсер ете білді. Либералдар әуелі боямалаған, одан кейін тіпті дәріптеген 61-жылғы «шаруалар реформасын» Чернышевский *сұмдық* деп атады, өйткені ол реформаның крепостниктік сипатын айқын көрді, азат етуші либерал мырзалардың шаруалардың терісін тірілей сыпырып отырғанын айқын көрді. 60-жылдардағы либералдарды Чернышевский *«мылжыңдар, мақтаншақтар және ақымақтар»*[81] деп атады, өйткені ол бұлардың революциядан қорқатынын, тұрлаусыздығын және қолында билік барлардың алдында құрдай жорғалайтынын айқын көрді.

Бұл тарихи екі тенденция 19 февральдан кейінгі жарты ғасыр бойына дамып келді және бұл екеуінің арасы барған сайын айқынырақ, анығырақ, батылырақ ашыла түсті. «Мәдени» жұмыспен қанағаттануды уағыздаған және революциялық астыртын жұмыстан қашқақтаған либерал-монархиялық буржуазияның күштері өсті. Демократия мен социализм күштері де өсті — олар әуелі халық ерікшілері мен революцияшыл халықшылдардың утопиялық идеологиясында және интеллигенттік күресінде араласа бірікті, ал өткен ғасырдың 90-жылдарынан бері террористердің және жеке-дара насихатшылардың революциялық күресінен ең революциялық таптардың күресіне көшуге байланысты ажыраса бастады.

Революция алдындағы, 1895 жылдан 1904 жылға дейінгі онжылдық пролетар бұқараның енді ашық қимылдарын, үздіксіз өскенін, стачкалық күрестің өскенін, социал-демократиялық жұмысшы үгітінің, ұйымының, партиясының өскенін көрсетеді. Пролетариаттың социалистік авангардына ере отырып, әсіресе 1902 жылдан бастап, революцияшыл-демократияшыл шаруалар да бұқаралық күреске шыға бастады.

61-жылы өмірде жаңа ғана аңғарыла бастаған, әдебиетте енді-енді көріне бастаған екі тенденция 1905 жылғы революцияда дамыды, өсті, *бұқараның* қозғалысында, *партиялардың* алуан түрлі майдандағы күресін-

де, баспасөз бетінде, митингілерде, одақтарда, стачкаларда, көтерілісте, Мемлекеттік думаларда өз көріністерін тапты.

Либерал-монархиялық буржуазия кадеттер мен октябристердің партияларын құрды; бұл партиялар әуелі бірыңғай земстволық-либералдық қозғалыс ішінде өзара сыйысып келді (1905 жылдың жазына дейін), сонан соң әрқайсысы жеке партия болып қалыптасты; бұлар, біреуі өзінің көбінесе либералдық, екіншісі өзінің көбінесе монархиялық *«бейнесін»* алға тартып, бір-бірімен қатты бәсекелесіп келді (бәсекелесіп те отыр), бірақ олар жеме-жемге келгенде, революционерлерді сөгуде, декабрь көтерілісін балағаттауда, ту алдында жүгінгендей, абсолютизмнің «конституциялық» бет пердесі алдында тізе бүгуде әрдайым өзара келісімге келіп отырды. Бұл екі партияның екеуі де «қатаң конституциялық» негізде болып келді және сол негізде болып та отыр, яғни өзінің өкімет билігін берместен, өзінің самодержавиесін қолдан шығармастан, өзінің «ғасырлар бойы қастерленіп келген» құл иеленушілік кірістерінің көк тиынын да шығармастан, өзінің «игілікті жолмен алған» праволарының пұрсаттылығынан титтей де айрылмастан, патша мен крепостниктердің қара жүздігі жасай алған қызмет шеңберімен шектеліп отыр.

Демократиялық және социалистік тенденциялар либералдық тенденциядан бөлінді және бір-бірінен іргесін ашты. Пролетариат ұйымдасып, өзінің социал-демократиялық жұмысшы партиясы төңірегіне топтасып, шаруалардан бөлек бой көрсетті. Шаруалар революцияда анағұрлым нашар ұйымдасты, олардың қимылдары сан есе бытыраңқы, әлсіз болды, олардың саналылығы әлдеқайда төмен болды, ал монархиялық (сол сияқты онымен байланысты конституциялық) жалған үміттер көбінесе олардың жігерін құм қылды, оларды либералдарға, кейде қаражүздіктерге тәуелді етті, дворян-жер иелері табын толық жою мақсатын көздеп оларға тегеурін көрсету орнына «құдай жері» туралы құр арман туғызды. Дегенмен, жалпы және тұтас алғанда, шаруалар, бұқара ретінде, нақ помещиктермен күресті, революциялық қимыл жасады, ал барлық Думаларда — тіп-

ті, крепостниктердің пайдасына бұрмаланған өкілдігі болған үшінші Думада да — олар еңбек топтарын құрды; бұл топтар, жиі-жиі ауытқығанына қарамастан, нағыз демократияның өкілдері болды. 1905—1907 жылдарда кадеттер мен трудовиктер бұқаралық қозғалыста, бір жағынан, либерал-монархиялық буржуазияның, екінші жағынан, революциялық-демократиялық буржуазияның позициясы мен тенденциясын білдіріп, саяси жағынан қалыптастырды.

1861 жыл 1905 жылды туғызды. Бірінші буржуазиялық «ұлы» реформаның крепостниктік сипаты дамуды қиындатты, шаруаларды ең ауыр, ең қасіретті мыңдаған азапқа душар етті, бірақ дамудың бағытын өзгертпеді, 1905 жылғы буржуазиялық революцияға бөгет бола алмады. 61-жылғы реформа капитализмнің біраз өсуіне белгілі дәрежеде мүмкіндік беріп, жол ашып, істің шешілуін кешіктірді, бірақ істің сөзсіз шешілуін жоя алмады; істің бұл шешілуі 1905 жылы әлдеқайда кең майданда, бұқараның патшамен крепостник-помещиктердің самодержавиесіне жасаған тегеурінінде өріс алды. Езілген бұқараның мүлде жетілмеген дәуірінде крепостниктер жүргізген реформа осы бұқараның ішінде революцияшыл элементтер есейіп жетілген кезде революция туғызды.

Үшінші Дума мен столыпиндік аграрлық саясат— крепостниктер жүргізген буржуазиялық екінші реформа. Егер 61-жылғы 19 февраль бірыңғай крепостниктік самодержавиені буржуазиялық монархияға айналдыру *жолында* жасалған алғашқы қадам болса, 1908—1910 жылдар дәуірі бізге *нақ сол жолда* екінші және неғұрлым елеулі қадам жасалғанын көрсетеді. 1906 жылғы 9 ноябрьдегі указдың шығарылуынан бәрі $4^1/_2$ жыл дерлік уақыт өтті, 1907 жылғы 3 июньнен бері $3^1/_2$ жылдан астам уақыт өтті, міне, енді 3 июнь «конституциясының» және 3 июнь аграрлық саясатының «сәтсіз» болғанына кадеттік буржуазияның ғана емес, едәуір дәрежеде октябристік буржуазияның да көзі жетіп отыр. «Кадеттердің ішіндегі барып тұрған оңшыл»— жартылай октябрист Маклаков мырза жуырда осылай деп орынды аталды — 25 февральда Мемлекеттік дума-

да кадеттер атынан да, октябристер атынан да: «баянды бейбітшілікті бәрінен де көп тілейтін, революциялық толқынның жаңадан көтерілуінен қорқатын елдің орталық элементтері қазіргі уақытта наразы» деп айтуға толық праволы болды. Ортақ ұран біреу: «егер біз өзімізді бастап апара жатқан жолмен одан әрі жүре берсек,— деді одан әрі Маклаков мырза,— бұл бізді екінші революцияға әкеп соқтырады дегенді жұрттың бәрі айтып жүр».

Кадеттік-октябристік буржуазияның 1911 жылғы көктемдегі ортақ ұраны 1908 жылғы декабрь конференциясының қарарында іс жағдайына біздің партияның берген бағасының дұрыстығын дәлелдейді. «Экономикалық және саяси өмірдің 1905 жылғы революцияны тудырған негізгі факторлары,— делінген бұл қарарда,— әлі де қимыл жасап отыр, сондықтан мұндай экономикалық және саяси жағдайда жаңа революциялық дағдарыстың пісіп жетілетіні сөзсіз».

Қаражүздік патша үкіметінің жалдама шимайшысы Меньшиков жақын арада «Новое Времяда»: 19 февраль реформасы «аянышты болып күйреді», өйткені «61-жыл тоғыз жүз бесінші жылдың алдын ала білмеді» деп жариялады. Енді либерал буржуазияның жалдама адвокаттары мен парламентарийлері 1906 жылғы 9 ноябрьдегі және 1907 жылғы 3 июньдегі «реформалардың» күйрегенін жариялап отыр, өйткені бұл «реформалар» екінші революцияға *бастайды.*

1861—1905 жылдардағы либералдық және революциялық қозғалыстың бүкіл тарихы сияқты, бұл екі мәлімдеменің екеуі де реформаның революцияға қатысы туралы, қоғамдық күресте реформистер мен революционерлердің ролі туралы аса маңызды мәселені анықтауға өте қызық материал береді.

Революцияның дұшпандары, біреулері өшпенділікпен, тісін қайрап, біреулері қайғырып, қамығып, 61-жыл мен 1907—1910 жылдардағы «реформалардың» сәтсіз болғанын, өйткені олар революцияның алдын ала алмағанын мойындап отыр. Заманымыздың бірден-бір нағыз революцияшыл табының өкілі — социал-демократия олардың бұл мойындауына былай деп жауап бере-

ді: революционерлер қоғамдық күресте және барлық әлеуметтік дағдарыстарда, бұл дағдарыстар тікелей жартыкеш реформаларға ғана әкеп соққан *кезде де,* асқан зор тарихи роль атқарды. Революционерлер — барлық өзгерістерді жасайтын қоғамдық күштердің көсемдері; реформалар — революциялық күрестің қосалқы нәтижесі.

61-жылғы революционерлер жеке-дара революционер болды, толық жеңіліс тапқандары, сірә, сондықтан болар. Іс жүзінде нақ солар сол дәуірдегі ұлы қайраткерлер болды, ал біз ол заманнан неғұрлым алыстаған сайын, олардың ұлылығы бізге соғұрлым айқындала береді, ол кездегі либерал реформистердің болымсыздығы, бейшаралығы соғұрлым анықтала береді.

1905—1907 жылдардағы революциялық тап, социалистік пролетариат, сірә, толық жеңіліске ұшыраған тәрізді. Либерал монархистер де, өздерін марксист санайтындардың қатарындағы жойымпаздар да пролетариаттың бейне бір «тым алысқа» сілтегені, «шектен шыққаны», оның «стихиялық тап күресіне» әуестенгені, «пролетариат гегемондығының» апатты идеясына алданғаны, т. т. және т. с. туралы шулап, құлақ тұндырды. Іс жүзінде пролетариаттың «кінәсы» тек оның жеткілікті дәрежеде алысқа сілтемегені болды, бірақ бұл «кінәны» оның ол кездегі күштерінің жайы ақтайды және бұл «кінә» барып тұрған зұлым реакция тұсында да қажымай-талмай жүргізілген революциялық социал-демократиялық жұмыс арқылы өтеледі, реформизм мен оппортунизмнің барлық көріністеріне қарсы жүргізілген қажырлы күрес арқылы өтеледі. Іс жүзінде, жаудан тартып алынғанның бәрі, жеңісте баянды болғанның бәрі пролетарлық жұмыстың барлық майдандарындағы революциялық күрестің күштілігі мен әрмеңділігі арқасында ғана жеңіп алынып, сақталып отыр. Іс жүзінде тек пролетариат қана либерализмнің бүкіл солқылдақтығын әшкерелеп, шаруаларды оның ықпалынан құтқара отырып, қайтпас қаһармандықпен қарулы көтеріліске шығып, дәйекті демократизмді ақырына дейін қорғады.

Россияда буржуазиялық революциялар дәуірінде оның шын демократиялық қайта құрылысы қаншалықты жүзеге асатынын ешкім алдын ала айта алмайды, бірақ бұл қайта құрылыстың дәрежесін және табысты болуын пролетариаттың революциялық күресі *ғана* белгілейді, бұған зәрредей де күмән жоқ. Буржуазиялық рухтағы крепостниктік «реформалар» мен пролетариат басшылық ететін демократиялық революция арасында тек либерализм мен оппортунистік реформизмнің дәрменсіз, тұрлаусыз, идеясыз ауытқуы ғана болуы мүмкін.

Россиядағы соңғы жарты ғасырдың тарихына, 1861 және 1905 жылдарға жалпы шолу жасай отырып, біз тек өзіміздің партия қарарының мына сөздерін бұрынғыдан да зор сеніммен қайталап айта аламыз: «біздің күрестің мақсаты бұрынғысынша патша өкіметін құлату, шаруалардың революцияшыл топтарына сүйенетін, бүкіл халықтық құрылтай жиналысын шақыру және демократиялық республика орнату арқылы буржуазиялық-демократиялық төңкеріс жасайтын пролетариаттың саяси өкіметті жеңіп алуы болып табылады»[82].

«Социал-Демократ» № 21—22, 19 март (1 апрель), 1911 ж.

«Социал-Демократ» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ПАРТИЯНЫ ҚИРАТУШЫЛАР «ЕРТЕГІЛЕРДІ ҚИРАТУШЫЛАР» РОЛІНДЕ

Мұнан тұп-тура бір жыл бұрын біздің партиямыздың Орталық Органы Орталық Комитеттің Орыс бюросының Орталық Комитеттің Шетелдік бюросына жолдаған мынадай ерекше маңызды хатын жариялады:

*«...Біз (яғни Орталық Комитеттің Орыс бюросы) Михаил, Роман және Юрий жолдастарға жұмысқа кірісуді ұсындық, бірақ олардан мынадай жауап алдық: олар пленум шешімдерін зиянды деп есептеп қана қоймай, Орталық Комитеттің өмір сүруінің өзін зиянды деп табады. Осыған сүйеніп олар кооптациялау үшін бір мәжіліске келуден де бас тартып отыр»**.

Іс айдан анық болды. Михаил, Роман және Юрий «Голос» рухындағы «дипломатия» мен бұлталақты қажетсіз деп есептейтін және өздерінің біздің партиямыздан ажырасуын *ашық* мәлімдейтін ашықтан-ашық ренегаттар екенін көріп отырмыз. Екі «тактика» қақтығысты: біреуі — «ескі» партияны ішінен ірітуді, столыпиндік «социал-демократтар» — жойымпаздар нығайғанға дейін ескі партияны ауру халде ұстауды көздейтін Мартов, Дан және $К^0$ тактикасы; екіншісі —ескі партияны ішінен бүлдіру түкке де тұрмайды, РСДРП-дан *дереу* ашық ажырасу керек деген қағиданы негізге алатын Потресов, Левицкий, Михаил, Роман, Юрий және $К^0$ тактикасы.

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 19-том, 223—224-беттер.

Михаил, Роман және Юрий мырзалар мәлімдемесінің жариялануы олардың «Голос Социал-Демократадағы» достары мен қамқоршыларының ойынын мықтап бұзды. Бірақ амал жоқ: Дан, Мартов және К⁰-ге, «бір жағынан», жоғарыда аталған үш ренегатпен ынтымақтаса отырып, ал «екінші жағынан», олардан сәл-пәл «іргені аулақ салған» болып, одан әрі ізін жасыруға тура келді. Өзінің үш досының партиядан безгені жарияланған соң *10 айдан кейін* («Голостың» соңғы номерінің алдындағы 23-номерінде) Мартовтың үш мырзаны «жеңілтектік істеді»... деп кінәлауға да батылы барды.

Бірақ, «тарихтың» (жойымпаздық тарихының) доңғалағы, міне, тағы да бір айналды. Бірқатар жағдайлар — негізінен, ашық аренада әрекет ететін кейбір социал-демократиялық топтардың жойымпаздыққа тойтарыс беруі,— Потресов, Левицкий, Михаил, Роман және К⁰ мырзаларды өздерінің қызбалығын басыңқырап, Дан мен Мартов à la із жасырудың «даналық» және неғұрлым сақ «тактикасын» қолдануға түрткі болды. Мұның өзі — *б і р ж ы л д а н к е й і н!* — жоғарыда көрсетілген документті «бекерге шығарудың» да пайда болуына мүмкіндік туғызды.

«Голоста» басылған («Қиратылған ертегі» деген даурықпа атпен) «бекерге шығару» *басынан аяғына дейін өтірік,* оны айтып жатудың қажеті жоқ. Жоғарыда айтылған үш ренегат Орталық Комитетке енуден немесе кооптациялау үшін ең болмағанда бір жиналысқа қатысудан бас тартқанда, тек «өз бастарына байланысты себептер» бойынша «ресми» бас тартыпты-мыс. Тек «содан кейін *жеке* (тіпті мүлде «жеке») әңгімеде оған (яғни Орталық Комитеттің өкіліне[83]) бізді (яғни Романды, Михаилды және Юрийді) өзімізге жасалған ұсынысты қабылдамауға мәжбүр ететін қайсыбір пікірлерді (енді саяси сипаттағы пікірлерді) айттық» десті.

Сонымен,— «бекерге шығарудың» 1-пункті: Орталық Орган сілтеме жасаған мәлімдеме тек «жеке әңгімеде», ресми жамылғы шешілгеннен кейін жасалыпты. Бұл өте-мөте «айыпты жеңілдететін жағдай» істің жайын шынында да мықтап өзгертіп тұрған жоқ па?..

Бірақ Михаил, Роман және Юрий мырзалар, *өздері айтқандай,* осы «жеке әңгімеде» не деді? Олар Орталық Комитеттің шешімдері зиянды деп айтпапты, олар, көрдіңіздер ме, тек *«пленум белгілеген жол Орталық Комитеттің позициясын күшейтпейтінін, қайта нашарлататынын»,* жария мүмкіндіктерді партияға Орталық Комитеттің ұсынғанындай пайдалапу *«жария жұмысшы ұйымдарын қиратуға әкеп соққанын және әкеп соғатынын»,* Орталық Комитеттің бұл жолда жасаған алғашқы қадамының өзі (партия конференциясы туралы қарардың жариялануы) жұмысшы ұйымдарын қирату үшін *«үкіметке желеу бергенін»* ескертіп қана өтіпті. Расында да, бұл Орталық Комитет өкілінің айтқанынан тіпті де басқаша емес пе? өкілдің айтуынша, лондондық кандидаттар ішінен үпі жойымпаз «жария ұйымдарда социал-демократиялық күштердің топталуының стихиялық процесіне Орталық Комитеттің араласуын жүкті ананың құрсағынан екі айлық баласын жарып алғанмен бірдей деп есептейді». Несін айтасың, «бекерге шығарған-ақ екен»!

Содан соң, Орталық Комитеттің өмір сүруі зиянды дегенді олар тіпті де айтпапты, құдай сақтасын! Олар тек — әрине, мүлдем «жекеше» түрде — егер Орталық Комитеттің орнына «инициативалы топ» болса, анағұрлым жақсы болар еді деген пікірді білдіріпті*; кезінде «Искра» мен «Заря»[84] тобынан ешкімнің мұны (яғни «паспортты») сұрамағаны сияқты, бұл топтан да «ешкім паспорт» (яғни *партиялық* паспорт) «сұрамас еді».— Өздерінің әріптесі Игоревтің оған партияшылменьшевик жолдастар, Плеханов пен А. Московский таққан айыпты: Орталық Комитетке және партияға қарсы заговор жасады деген айыпты жақын арада Игорев қалай «бекерге шығарса», Михаил, Роман және Юрий де басты айыпты дәл сондай дерлік мықтап «бекерге шығарды»... Көрдіңіздер ме, Орталық Комитет емес, ««Искра» мен «Заря» тобы» сияқты «инициативалы топ» керек екен. Әрине, «Искра» мен «Заря» тобы революциялық-социал-демократиялық топ болды, ал

* Қараңыз: «Голос», 24-номеріне қосымша, 3-бет.

Михаил, Роман және Юрий мырзаларға жойымпаздық инициативалы топ керек. Бірақ қазір әңгіме онда емес. Әңгіме мынада: Мартов пен Данның үш одақтасы — *олардың өздерінің айтуынша* — Орталық Комитетті жеке инициативалы топпен алмастыруды ұсынды, бұл топтан ешкім жексұрын «паспортты» сұрай алмас еді және «жою» жағына келгенде бұл топ қазаншының еркі бар дегендей ерікті болар еді. «Бекерге шығарған-ақ екен!»..

Романның, Михаилдың және Юрийдің «бекерге шығару» «түйіндерінің» бірі тағы да мынадай әңгіме: Орталық Комитеттің өкілі оларды коллегияның «ең болмағанда бір жиналысына» келуге шақырғанда, оларға өзінің (яғни Орталық Комитет өкілінің) және басқа «орыс большевиктерінің» «лениндік үйірменің басшылық ықпалынан құтылуға» барынша ұмтылатынын айтып қызықтырыпты. *Үш жойымпаз айтқан* орыс большевигінің бұл мәлімдемесін «Голостың» редакциясы ерекше баса көрсетіп, мұнымен әлдекімді және әлдененi ақтамақ болады. Алайда, «голосшыл» мырзалар көріне шатасып, өздеріне өздері *қарсы* шығып отыр. Өздеріңіз ойлаңыздаршы, «Голостың» құрметті редакторлары. Орталық Комитет атынан сіздердің достарыңызға барған большевик сіздердің «лениндік үйірме» деп атайтыныңызға қарсы адам болды *делік. Бұл сіздер үшін одан да жаман.* Өйткені біз Орталық Органның 12-номерінде басып шығарған, сіздердің үш досыңыздың партиядан безуі туралы хатты нақ сол большевик жазды ғой. Егер бұл большевик сіздердің «лениндік үйірме» деп атайтыныңызды жақтамайтын болса, оның айтқаны сіздерге өте-мөте әділ боп көрінуге тиіс. Сіздерді шақырған цекистер «лениндік үйірмеге» қарсы адамдар болды *делік**,— олай болғанда, сондай қолайлы жағдайдың өзін-

---

* Цекист «орыс большевиктерінің» екінші біреуін голосшылдар былай деп кінәлады: ол, көрдіңіз бе, «Орталық Комитеттің большевик мүшелері... «жойымпаздықтан» безуге алдын ала қол қоятын кандидаттарды ғана кооптациялауға жол береді дегенді айтып, голосшылдарды Орталық Комитетке кооптациялауға бөгет» жасапты. Голосшылдар мұндай сұмдық кінә таққан цекист қазір жойымпаз мырзаларға өзі жауап *бере алмайды*[85]. Сондықтан ол үшін біз мынаны айтамыз: *егер* сіздердің ол туралы айтқандарыңыз рас болса, ол партиялық тұрғыдан қарағанда өте дұрыс боп шығар еді және мейлінше пленум рухында әрекет еткен болар еді.

де Орталық Комитетке енгісі келмеген үш жойымпаздың айыбы сіздердің көзқарасыңыз тұрғысынан алғанда мейлінше зор болуға тиіс қой.— «Голосшыл» мырзаларға не болған? Олар әдетте іздерін... ептірек жасырушы еді. Сіздердікі мүлдем жаранаға жуыспай отыр ғой, мырзалар! Тіпті, столыпиндік «Жансыздар бюросының» «бекерге шығаруынан» да ерсілеу.

«Голосшыл» мырзалар, сіздердің соңғы «кикілжіңді» листоктарыңыздың іске аспағаны сияқты, сіздердің «бекерге шығаруыңыз» да дәл сондай іске аспады. Сіздердің «өте көп нәрсені дәлелдегілеріңіз» келді — социал-демократтардың бәрі партияшыл деп дәлелдемек болдыңыздар—сондықтан да еш нәрсені дәлелдей алмадыңыздар. Сәл ғана ойлап қараңыздаршы: кеше сіздер 58-дің листогын шығардыңыздар (бұл 58-дің қаншасы екіжүзді, қаншасы алданғандар?), онда өздеріңіздің қарсыластарыңызды («ленипдік үйірмені») жауыздың жауызы, «банда» және т. т. етіп бейнеледіңіздер. Ал ертеңіне тағы да өздеріңіз («Голостың» редакциясы) «реформалар программасы» келтірілген листок шығарып, онда: егер бізге (яғни голосшылдарға) партияның барлық орталық мекемелерінен осы жауыздармен, бірқатар «қылмыстар», т. т. істеген адамдармен тең орын берілсе, істің бәрі өте тамаша болады, т. т. дейсіздер. Сонда сіздер қайсысында «партияның игілігі үшін» әрекет істеп отырсыздар, қайсысында өздеріңіз үшін тырысып отырсыздар, мырзалар?— бірінші жағдайда ма әлде екінші жағдайда ма?— Егер голосшылдардың бүкіл саясатын мұндай айқын көрсетіп бермеген болса, «Голостың» бұл... хош иісті листоктарын, сол сияқты өздерін *«большевиктердің* идеялық үйірмесі» деп атайтын женевалық шақырымпаздарға дейін «бәрін іске жаратқан» оның қосымшаларын еске түсірмесе де болар еді.

Тырысып бағыңыздар, «ертегілерді қиратушы» мырзалар, тырысып бағыңыздар! Сіздер біздің бір ертегіні қиратуымызға: сіздердің революциялық социал-демо-

кратиямен әлі де әлдеқандай ортақ бір нәрсеңіз қалды деген ертегіні қиратуымызға шынында да көмектесіп отырсыздар.

«Социал-Демократ» № 21—22, 19 март (1 апрель), 1911 ж.

«Социал-Демократ» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ӨКІМЕТТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМЫ, ПЕРСПЕКТИВАЛАР ЖӘНЕ ЖОЙЫМПАЗДЫҚ ТУРАЛЫ

Тақырыпта көрсетілген мәселелер маңыздылығы жағынан өзінің айналасындағы өмір шындығын білуді тілейтін марксистің көзқарасы жүйесінде бірінші орын алмаса да, алдыңғы орындардың бірін алады. 1908—1910 жылдардағы дәуір, күмән жоқ, өзгеше дәуір болды. Қоғам мен өкіметтің әлеуметтік құрылымы өзгерістермен сипатталады, бұл өзгерістерді анықтап алмайынша, қоғамдық қызметтің қай саласында болсын аттап басуға болмайды. Перспективалар туралы мәселе осы өзгерістерді анықтауға байланысты; әрине, перспективалар деп отырғанымыз ешкімнің білмейтіні туралы бос сәуегейлікке салыну емес, экономикалық және саяси дамудың негізгі тенденциялары, пара-пар күші елдің таяудағы келешегін белгілеп отыратын тенденциялар, саналы қоғам қайраткерлерінің қандайының болса да қызметінің міндеттерін, бағытын, сипатын белгілеп отыратын тенденциялар. Ал осы соңғы мәселе, қызметтің міндеттері, бағыты, сипаты туралы мәселе жойымпаздық туралы мәселемен мейлінше тығыз байланысты.

Сондықтан, таңданатыны жоқ, алдымызда орыс тарихының кейбір жаңаша, өзгеше дәуірі тұрғаны анықталысымен немесе анықтала бастаған соң-ақ, марксистер 1908 жылдың өзінде атап айтқанда өкіметтің әлеуметтік құрылымы туралы, перспективалар және жойымпаздық туралы мәселелерді күн тәртібіне қойып, бұл мәселелердің ажырамастай байланысты екенін көрсетті, бұларды үнемі талқыға салып отырды. Содан соң,

марксистер мәселені талқылаумен ғана шектелген жоқ — мұнымен шектелу сөздің жаман мағынасында алғанда нақ әдебиетшілдік болар еді, мұнымен шектелу өзінің жауапкершілігін білмейтін, саясат жағына бейқам қарайтын интеллигенттердің айтыс үйірмесінде ғана мүмкін болар еді,— жоқ, марксистер талқылау нәтижелерінің дәл тұжырымын жасады, тұжырым болғанда, белгілі бір әдебиет үйірмесінің мүшесі ғана емес, белгілі бір интеллигенттік категориямен қалай болса да байланысы бар адам ғана емес, таптың марксизмді өзінің идеологиясы деп санайтын кез келген, әр алуан, әрбір саналы өкілі басшылыққа алатын тұжырымын жасады. Бұл қажетті жұмыс 1908 жылдың соңына қарай аяқталды.

Бұл жұмыстың басты нәтижелерінің қандай екендігін мен журналымыздың 2-номерінде айтқан болатынмын[86]. Мұнан былайғы баяндауды түсінікті ету үшін мен одан бірнеше жол келтірейін.

«Орыс мемлекеттік құрылысының соңғы үш ғасырдағы дамуы бізге ол өзінің таптық сипатын белгілі бір бағытта өзгертіп келгенін көрсетеді. XVII ғасырдағы боярлық думалы монархия XVIII ғасырдағы чиновниктік-дворяндық монархияға ұқсамайды. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы монархия 1861—1904 жылдардағы монархия емес. 1908—1910 жылдарда буржуазиялық монархияға бет алған деуге болатын бағытта *тағы бір қадам* басқандықты көрсететін жаңа кезең айқын байқалды. III Дума да, біздің қазіргі аграрлық саясатымыз да осы қадаммен тығыз байланысты болып отыр. Сонымен, жаңа кезең кездейсоқтық емес, елдің капиталистік эволюциясындағы өзгеше бір сатысы. Бұл жаңа кезең ескі проблемаларды шешпей, оларды шешуге шамасы да келмей, демек, *оларды жоя да алмай,* ескі проблемалардың ескіше шешілуіне әзірліктің жаңа тәсілдерін қолдануды талап етеді» (№ 2, 43-бет). Және бірнеше жолдардан соң: «Кімде-кім... біздің алдымызда ескі проблемалар тұрғанын, біздер ол проблемаларды ескіше шешуге беттеп келе жатқанымызды теріске шығарса немесе түсінбесе, олар *іс жүзінде* марксизм негізінен таяды, олар *іс жүзінде* либералдардың (Потресов

мырза, Левицкий мырза, т. б. сияқтылардың) тұтқынына түседі» (44-бет)*.

Осы қағидаларда көрсетілген идеялар тобына кім қалай қараса да, осы дәуірге берілген бұл бағаның жеке бөлімдерінің тығыз байланысты және бір-біріне тәуелді екендігін теріске шығаруға бола қояр ма екен. Мысалы, 1906 жылғы 9 ноябрьдегі указды (1910 жылғы 14 июньдегі заңды) алыңызшы: бұл указдың айқын аңғарылатын буржуазиялық сипаты бар екендігі, қауым мен үлесті жер иелігі жөнінде «жоғарғы топтардың» әлдеқашаннан бері жүргізіп келген аграрлық саясатындағы принциптік бетбұрысты көрсететіндігі мүлде даусыз. Бірақ осы принциптік бетбұрыс *қазірдің өзінде* мәселені шешті, *қазірдің өзінде* капиталистік шаруалар шаруашылығының жаңа базаларын жасады, *қазірдің өзінде* ескі проблемаларды жойды деуге тіпті ең принципсіз, жел қалай соқса, солай ығатын кадеттер сияқты адамдардың да осы уақытқа дейін батылы бармай келді. 1910 жылғы 14 июньдегі заңның III Думаның сайлау жүйесімен және оның әлеуметтік құрамымен байланыстылығы айқын: орталық өкіметтің феодалдық (осы онша дәл емес, жалпы европалық сөзді қолданайық) помещиктермен және сауда-өнеркәсіп буржуазиясының жоғарғы топтарымен жасалған одағы болмаса, бұл заңды орындау, оны жүзеге асыру үшін бірқатар шаралар қолдану мүмкін болмас еді. Демек, біздің көріп отырғанымыз — елдің *бүкіл* капиталистік эволюциясының өзіндік ерекшелігі бар сатысы. Бұл саты — социологиялық мағынада айтқанда — «билік пен кірістің» феодалдық типтегі жер иелерінің қолында сақталуын жоя ала ма? Жоқ, жоя алмайды. Басқа салалардың бәріндегі сияқты, бұл салада да болған өзгерістер ескі режимнің, әлеуметтік күштердің ескі қарым-қатынастарының *негізгі* белгілерін жоймайды. Саналы қоғам қайраткерінің түбегейлі міндеттері: осы жаңа өзгерістерді еске алу, оларды «пайдалану»,— егер осылай айтуға мүмкін болса — оларды қамту және сонымен қатар дәрменсізденіп ағысқа берілмеу, ескі багажды далаға тастамау, тек тео-

* Қараңыз: осы том, 130-бет. *Ред.*

рияда, программада, саясат принципінде ғана емес, қызмет формаларында да негізгі нәрсені сақтап қалу міндеттері осыдан түсінікті болып отыр.

Мынадай сұрақ туады: «қарғыс атқан мәселелер» жөніндегі осы тұжырымды жауапқа, белгілі бір көзқарастардың осылай тура және анық баяндалуына «Возрождение», «Жизнь», «Дело Жизни», «Наша Заря», т. с. типтегі басылымдар төңірегінде топталып жүрген «идеялық басшылар» — Потресов пен Мартов, Дан мен Аксельрод, Левицкий мен Мартынов мырзалар қалай қарады? Олар атап айтқанда саясатшылар ретінде емес, «идеялық басшылар» ретінде емес, жауапты публицистер ретінде емес, әдебиетші категория ретінде, интеллигенттер үйірмесі ретінде, жазғыш ағайындардың еркін тобының ерікті атқыштары ретінде қарады. Олар қарғыс атқан мәселелер жөніндегі тұжырымды жауаптарға бой ұрушылықты ескірген, күні озған, есерсоқтық әдет деп,— либералдық салондарда қалыптасқан замана салты мен рухын бағалай білетін адамдарша,— мүсіркеген сыңаймен сылқылдап күлді. Қалаған жерінде, қалаған нәрсең туралы, нені болса да, қалай болса да жазуға мүмкін болып тұрғанда, мұндай тұжырымдылықтың керегі не? Тура жауап беруден, көзқарасын дәл баяндаудан, тұжырымды professions de foi*-дан және т. т. жалтарудан туатын барлық тиімділікті, қолайлылықты, артықшылықты Милюков мырзалар мен Струве мырзалар тамаша үлгі етіп көрсетіп отырғанда, мұның керегі не? Иван Непомнящийлар (әсіресе, өткен кездегі тұжырымдылықты еске алуды сүймейтін Ивандар) «қоғамның» нағыз қалың топтарында қадір-құрметке ие болып отырғанда, мұның керегі не?

Сонымен бүкіл үш жыл бойы біз бүкіл осы әдебиетші сыбайластардың «қарғыс атқан мәселелерге» *өздерінің* тұжырымды жауаптарын қарсы қоюға аз да болса әрекеттенгенін көргеніміз жоқ. Мағынасыз оспақ сөздер мен болжаулар қанша керек болса сонша айтылды, ал бірде-бір тура жауап болған жоқ. Бұл айтылып отырған сыбайластардың айрықша, сипатты белгісі —

* — программалардан. *Ред.*

формасыздықты ұнату, яғни қарғыс атқан мәселелерге тура жауап берілген *уақыттың өзінде* ең анық, ең дәл және қалтқысыз түрде *жойымпаздық* деген ұғымның құрамдас элементі деп танылған белгіні ұнату болды. Формасыз түрде ағыстың ығымен жүзе беру, өзінің формасыздығына сүйсіну, осы формасыздыққа қарсы нәрсеге «қолды бір-ақ сілтеу» — жойымпаздықтың негізгі белгілерінің бірі, міне, осы. Оппортунистер әрқашан да, қай жерде болса да ағыспен дәрменсіз ыға береді, съезден (мастар съезінен) съезге (фабрикалық съезге) дейін[87] «пекен-саяқ» жауаптармен қанағаттанады, бір «қоғамнан» (тіпті нағыз ардақты және пайдалы: кәсіптік, тұтыну, мәдениет қоғамы, ішкілікке қарсылар қоғамы, т. с. болсын) екінші қоғамға барып бірігумен қанағаттанады, т. т. Жойымпаздық — жалпы алғанда оппортунизм атаулыға тән және орыс тарихындағы кезеңдердің бірінде біздің әлеуметтік-саяси бағыттардың бірінде белгілі бір нақты формада көрінетін тенденциялардың жиынтығы.

Тарихта жойымпаздардың жоғарыда баяндалған (қарғыс атқан мәселелерге берілген) «тура жауап» жөнінде екі дәл пікірі ғана сақталған. Бірінші пікір: буржуазиялық деген сын есімді плутократиялық деген сын есіммен ауыстыру керек деген пікір.—Бірақ бұлай ауыстыру мүлдем теріс болар еді. 1861—1904 жылдардағы дәуір бізге өмірдің түрлі салаларында плутократия ықпалының өскендігін, тіпті көбіне оның ықпалының басым болғанын да көрсетеді. 1908—1910 жылдардағы дәуірде «плутократиядан» *айрықша,* буржуазия өзін тап деп түсініп, оның таптық санасына алдыңғы үш жылдықта берілген сабақтарды есепке ала отырып, принцип жағынан социализмге де (онда да жалпы европалық социализмге емес, жалпы социализмге емес, атап айтқанда орыс социализміне), демократияға да жау идеология жасауының нәтижелерін көріп отырмыз. Ол ол ма. Буржуазия жалпы ұлттық көлемде ұйымдасқан, яғни белгілі бір бөлегі үнемі III Думада өкілдік ететін (және өте ықпалды түрде өкілдік ететін) тап ретінде ұйымдасқан. Ақырында, 1908—1910 жылдардағы аграрлық саясатта да буржуазиялық аграрлық құры-

лыстың белгілі бір жоспарын жүргізіп отыратын система бар. Бұл жоспардың осы күнге дейін «қисыны келмей жүргені» даусыз, бірақ бұл сәтсіздік, деревняда *плутократияның* күмәнсыз «сәті» түсіп жүрген кездегі буржуазиялық системалардың *бірінің* сәтсіздігі: яғни деревнялық плутократия 1908—1910 жылдардағы аграрлық саясаттан сөзсіз ұтады, бірақ көп шығынға ұшыратып отырған буржуазиялық уклад әлі де «қалыптаса» алмай отыр. Қысқасы, «плутократиялық» деген терминді ұсыну барлық жағынан да орынсыз, оның орынсыздығы соншалық, тіпті жойымпаздардың өздері де бұл ұсынысты, сірә, ұмытуды жөн көретін болса керек.

Екінші пікір: жоғарыда баяндалған жауап дұрыс емес, өйткені ол... сәтсіздік «бұрын бір рет болған жаққа қарай омыраулай беруге»[88] саяды деседі. Бұл қысқа, бірақ жігерлі пікірдің бағалылығы сол, мұның өзі Потресовтың «Қоғамдық қозғалысынан» бастап «Наша Зарядағы» Левицкий мырзаға дейінгі жойымпаздардың барлық әдеби сөздерінің қорытындысын айқын формада көрсетіп берді. Бұл пікірдің мазмұны — мүлде теріс; бұл пікір, *қай жаққа* «омыраулау» керек екендігі жөнінде ешбір дұрыс жөн сілтемей, «әлгі жаққа омыраулау» талабын айыптаумен шектеледі. Ыңғайына қарай, «барша жұрт» сияқты ықтап жүзе беріңдер, ал мұның өзі қайда апарып соғатынын, қайда соғуға тиіс екенін қорытып жатудың керегі жоқ деседі.

Бірақ оппортунистер қорыту атаулыдан қаншалық тыныш қаламыз десе де, «қарғыс атқан мәселелерге» тура жауап беру жөніндегі «ұнамсыз» әңгімелерден қашып құтыламыз десе де, мұның өзі сонда да мүмкін емес болып отыр. Есіктен қуып шығарылған табиғат, терезеден қайта кіреді. Тарихтың тауқыметі сондай — өздерін «алдыңғы қатарлы» адамдар, «консерватизмпен» аулақ адамдар деп атауды сүйетін және 1908 жылы тура жауап берудің қажеттігін көрсеткенде жек көріп мұрнын шүйірген жойымпаздардың нақ өздері — *бір жарым жылға жақын уақыттан кейін,* 1910 жылдың жазында, бұл нұсқаулармен санасуға мәжбүр болып отыр. Ал оларды бұған мәжбүр еткен — олардың өз ла-

геріндегі оқиғалар. Қайдағы бір жексұрын, күні озған, қатып семген, түкке тұрғысыз, аса зиянды «қырсық орындар» талап еткен тура жауаптан мүлде бас тартпақшы-ақ болып еді,— күтпеген жерден, бір жарым жыл өткен соң, жойымпаздардың өз ішінен де тура жауапты талап ететін және өжеттеніп тура жауап беретін «ағым» пайда болып отыр!

«Өжеттенуші» ретінде Ю. Ларин шықты, мұны күтуге де болатын еді, бірақ бұл жолы ол жалғыз шыққан жоқ. Ларин оппортунизмнің enfant terrible* екені белгілі. Оппортунистердің көзқарасынша, Лариннің елден ерекше зор кемшілігі — өздеріндегі белгі берген тенденцияларды ол байсалды түрде, шын ниетімен, ойға салып барып қабылдайды, оларды қандай да болса біртұтас нәрсе етіп байланыстыруға, ақырына дейін ойлауға, тура жауаптар алуға, практикалық қорытындылар жасауға ұмтылады. Лариннің кеңейтілген жұмысшы партиясы туралы жазған кітабымен таныс адам,— бұл кітап бұдан 3—4 жыл бұрын шықты,— Аксельродтың жұмысшы съезі туралы атышулы идеясын Ларин өзінің ыстық құшағына алып қалай тұншықтырғанын, сірә, ұмытпаған болар.

1910 жылғы марттан бастап Ларин «Возрождениеде» нақ өкіметтің әлеуметтік құрылымы, перспективалар және жойымпаздық туралы мәселелер жөнінде бірқатар мақалалар жариялай бастады. Оған Пилецкий мырза қосылды. Бұл екі жазушы, өздерінің жойымпаздық лагерінде тура жауапты іздеп таба алмағаннан кейін, бұл мәселелерге неофиттердің қызбалығымен кірісіп, төтесінен қойып қалды. Қазіргі Россиядағы крепостниктік тәртіп жөнінде айтып жатудың қажеті жоқ, өкімет қазірдің өзінде буржуазиялық өкімет болып өзгерді десті. Ларин атышулы «үшінші элемент» дегенді бөліп алып, былай дейді: «бірінші элементтің де, екінші элементтің де тыныш ұйқтауына болады: 1905 жылғы октябрь күн тәртібінде тұрған жоқ» («Возрождение» № 9—10, 20-бет). «Думаны жойып, біз шаруашылығын капиталистік жолмен қайта құрған үстем таптардың

* — әдепсіз перзенті. *Ред.*

ең ықпалды бөлегінің мүдделері үшін ғана бұл Думаны тезірек қалпына келтірген болар едік, 1851 жылы конституцияны жойып, 9 жылдан соң, 1860 жылы ешбір революциясыз оны қайта таныған, революциядан кейінгі Австриядағыдан да тезірек қалпына келтірген болар едік. Кейін буржуазиялық қатынастардың қоғамдық құрылысы нығайып алған соң, үстем таптардың түрлі жіктерінің өзара күресі, басқа жерлердегідей, бізде де сайлау правосының шеңберін кеңейтуге оларды күштеп көндіреді...» (бұл да сонда, 26-бет). «Россияны капиталистік дүниеге... қатыстыру процесі саясат саласында да аяқталып келеді. Бұл аяқталудың мәнісі — 1905 жылы болған *жалпы ұлттық* революциялық қозғалыс біз бастан кешіріп отырған кезеңде мүмкін емес деген сөз» (27-бет).

«Сонымен, егер өкімет» (Лариннің қорытындысы бойынша) «тіпті де «бүтіндей дерлік» жер феодалдарының қолында болмаса, онда «жер және завод капиталистерінің» өмір сүріп тұрған өкіметке қарсы өкімет үшін феодалдарға қарсы күресінің де жалпы ұлттық күреске айналуы мүмкін емес» (№ 11, 9-бет)... «Өзіңнің тактикалық бағыттарыңды алдағы «жалпы ұлттық өрлеуге» сеніп жасау өзіңді-өзің нәтиже бермейтін күтушілікке құрбан еткендік болар еді» (бұл да сонда, 11-бет). «Екі арада әрі-сәрі болуға болмайды. Егер өкіметтің әлеуметтік сипатында ешбір өзгеріс болмаса, онда міндеттер де, қызмет формалары да бұрынғыдай болып қалуға *тиіс,* онда тек «жойымпаздарға қарсы күресу» ғана қалады. Ал егер кімде-кім ілгері бармақ болса, жарамсыз болып құлап қалған ескінің орнын басатын, оны жалғастыратын, ұлғайтатын *жаңаны орнатам десе,*— ондай адам *құрылыс жағдайында* өзіне-өзі дәйекті түрде есеп берсін» (бұл да сонда, 14-бет).

Айтыңызшы, осы Ларин аңқау емес пе? Оппортунистер «дәйекті» болсын, олар «екі арада әрі-сәрі болмасын» деп талап етеді!

«Возрождение» редакциясы абыржып қалды. 9—10-номерінде, Ларинге қосылмайтындығын айтып, редакция былай деп жазады: «пікірі жаңа» (Лариннің), *бірақ* «Ю. Лариннің мақаласы бізді сендіре алмады».

11-номерінде, редакцияның атынан болса керек, В. Миров Ларинге қарсы шығып: Ларин мен Пилецкий «теория жағынан әлі онша жетілмеген, бірақ өте айқын тілмен сөйлейтін» (оппортунистер тұрғысынан қарағанда, бұл асқан зор кемшілік!) «белгілі бір *ағым* болып отыр» деп мойындады. Миров мырза былай деп жазды: «Ларин жол-жөнекей және мүлдем күтпеген жерден» (пәлі! осы беймаза Ларин «өте айқын тілімен» өз достарын ылғи жәбірлейді де жүреді!) «жойымпаздық туралы басқа мәселені де қозғай кетті. Біздіңше, партия құрылысының формалары мен орыс үкіметі жаратылысының арасында тығыз байланыс жоқ, сондықтан бұл жайында өз алдына әңгіме етуді біз өз правомыз деп санаймыз» (22-бет, 1910 жылғы 7 июльдегі номері).

Осы «біз» деп отырғандардың атынан Л. Мартов «Жизньнің» 1-номерінде (30 август, 1910 ж.) «өз алдына әңгіме етті», ол Ларинге қарсы В. Мировқа және редакцияға «тек қана қосылуға болады» (4-бет) деп мәлімдеді. Сонымен, жойымпаздар арасындағы бүкіл осы айтыстағы соңғы сөзді Л. Мартов айтты.

Ал енді жойымпаздықтың осы соңғы сөзіне зер салайықшы.

Мартов іске, әрқашандағысындай, өте белсене және өте... «епті» кіріседі. Ол мынадан бастайды: «бізде өкімет басындағы буржуазияны немесе билік етіп отырған буржуазияны 1907 жылғы 3 июньнен кейін дереу мұқият іздеу басталды». «3 июнь режимі — Россияның сауда-өнеркәсіп буржуазиясының үстемдік ету режимі. Бұл схеманы меньшевик-жазушылардың аталған тобы да (Ларин, Пилецкий), олардың антиподтары — 1908 жылы Россияда буржуазиялық монархияның тууы туралы» жазған «бұлжымас большевиктер де бірдей қабылдады».

Айтыңызшы, мұның өзі «ептіліктің» керемет үлгісі емес пе? Ларин екі арада әрі-сәрі болып отырсың деп Мартовты кінәлайды, ол «бұлжымайтындардың» қарғыс атқан мәселелерге берген жауабын жаңадан қайта құрмаса, жойымпаздармен күресу керек деп ешбір бұлтарыссыз, қулықсыз, тура мойындайды.

Ал Мартов «ептілікпен» шыр көбелек айналып, «бұл схеманы» Ларин де, «бұлжымайтындар» да *«бірдей қабылдады»* деп, оқушыларды (1910 жылғы августа басқа жақтың пікірін тыңдауға мүлдем мүмкіндігі болмаған оқушыларды) сендіруге тырысады!!

Бұл ептілік — бурениндік немесе меньшиковтық ептілік[89], өйткені шындықтан шегінуде... бұдан өткен арсыздықты ойлап табуға да болмайды.

Айта кетелік, Мартов тағы да сол жерде: «әдеби айтыстарда шындығында кімнің «бастағанын» әдетте жұрт ұмытып кетеді»,— деп жазады. Қарғыс атқан мәселелерге анық, тұжырымды жауап беру туралы ешбір әңгіме болмай отырған кезде, *әдебиетшілер* айтыстарында осылай болатыны рас. Бірақ біздің көріп отырғанымыз *атап айтқанда* әдебиетшілдік және *әдеби «айтыс» қана емес;* осылай екені «Жизньнің» оқушыларын адастырып отырған Л. Мартовқа әбден, толық, түгелдей, тікелей белгілі. «Бұлжымайтындардың» берген және қолдап отырған тұжырымды жауабының қандай екенін Мартов өте жақсы біледі. Бұл жауапты «қатып-семген шаблон», «құр қиялға берілу» және т. т. деп атап, Лариннің нақ осы жауаппен күресіп отырғанын да Мартов өте жақсы біледі. «Бұлжымайтындардың» берген тұжырымды жауабына *өзінің* де, өзінің барлық пікірлестері мен әріптестерінің де қарсы болғанын Мартов өте жақсы біледі. «Шындығында кімнің бастағанын», дәл жауап беруді кімнің бастағанын (және аяқтағанын), кімнің *ешқандай да* жауап бермегенін, жауап бермей отырғанын, сөйтіп кімнің сылқ-сылқ күліп, қосылмайтындығын айтумен шектелгенін Мартов өте жақсы біледі.

Л. Мартовтың бұл айласынан асқан жиіркенішті, одан асқан арамдықты ойлап табуға болмайды! Ларин өзінің турашылдығымен және ашық айтатындығымен жойымпаздық дипломаттарының қытығына қатты тиді, ($1^1/_2$ жылдан соң болса да) дәл жауап бермейінше болмайды деп мойындады. Шындық бадырайып тұрады. Ал Л. Мартов болса, Ларин бұлжымайтындармен бірге «бірдей схеманы» қабылдап отыр деп оқушыны алдамақ болады,— шындығында бұл екі схема *қарама-қар-*

сы: Ларин схемасынан жойымпаздықты ақтау, «бұлжымайтындар» схемасынан жойымпаздықты айыптау *шығады.*

Өз айласын бүркемелеу үшін Мартов схемадағы *бір* сөзге жармасып, оның байланысын бұрмалайды (бұл Буренин мен Меньшиковтың кемеліне келтіре жасаған тәсілі). Мартовтың айтуынша, бұлжымайтындар «Россияда буржуазиялық монархияның тууы» жайында жазды,— Ларин Россиядағы крепостниктік тәртіп туралы айтып жатудың қажеті де жоқ, өкімет қазірдің өзінде буржуазиялық өкімет деп жазып отыр,— *«демек»,* Ларин мен бұлжымайтындардың схемалары *«бірдей»!!* Фокус бітті. Мартовқа сенген оқушылар алданды.

Шындығында «схемада», ал дұрысырақ айтқанда, бұлжымайтындардың жауабында былай делінген: Россиядағы ескі өкімет «буржуазиялық монархияға *айналу жолында тағы бір қадам жасап отыр»,* оның бер жағында капиталистік дамудың нақ мынадай жолы— «жер иелері үшін олардың *нақ феодалдық типтегі* өкіметін және кірістерін сақтайтын» жолы қорғалып отыр,— істің осы жағдайының нәтижесінде XX ғасырдың бас кезіндегі бірінші дағдарысты «туғызған экономикалық және саяси өмірдің негізгі факторлары» *«әлі де әрекет етіп келеді».*

Ларин былай дейді: өкімет *қазірдің өзінде* буржуазиялық өкімет, сондықтан феодалдар қолында «өкіметті сақтап қалу» жөнінде тек «қатып-семген шаблонды» жақтаушылар ғана айтады, сондықтан бұрынғы өрлеудің «негізгі факторлары» одан әрі әрекет етіп отырған *жоқ,* сондықтан ««жарамсыз болған ескінің» орнына» жаңа бірдеңе орнату керек.

«Бұлжымайтындар» былай дейді: өкімет буржуазиялық (жалпы өкіметке емес, қайта) монархияға айналу *жолында тағы да* бір қадам жасап отыр, оның бер жағында нақты өкімет феодалдардың қолында қалып отыр, сақталып отыр, олай болса бұрынғы тенденциялардың, бұрынғы типтегі эволюцияның «негізгі факторлары» «әлі де әрекет етіп келеді», сондықтан да «жарамсыз болып қалған ескі» туралы айтушылар — *іс*

жүзінде либералдардың шырмауына түскен жойымпаздар.

Екі схеманың, екі жауаптың қарама-қарсы екендігі айқын. Біздің көріп отырғанымыз—екі түрлі қорытындыға келтіретін, екі түрлі *сындарлы* жауап.

Екі жауапта да «буржуазиялық монархияның туууы» туралы *«айтылды»*-мыс дегенге сүйеніп, Мартов Буренин à la фокус жасайды. Онда екі жауаптың екеуі де Россияда болып отырған капиталистік дамуды мойындайды дегенге сүйеніп те осылай деуге болар еді! Капиталистік дамуды жалпы мойындаудың (барлық марксистердің және марксист болуды тілейтіндердің мойындауының) *негізінде* сол дамудың дәрежесі, формасы, шарттары туралы *талас болып отыр.* Ал Мартов таласcыз мәселені айтыс мәселесі деп көрсету үшін талас мәселені шатастырып отыр! Ескі өкіметтің *буржуазиялық монархияға айналу жолында* дамуын *жалпы* мойындаудың (барлық марксистердің және марксист болуды тілейтіндердің мойындауының) негізінде талас осы айналудың дәрежесі, формасы, шарттары, барысы туралы болып отыр, ал Мартов таласcыз мәселені айтыс мәселесі деп көрсету үшін, талас мәселелерді (бұрынғы факторлар әлі де әрекет етіп отыр ма? ескі формалардан бас тартуға бола ма?—деген және т. с. мәселелерді) шатастырып отыр!

Жалпы алғанда XIX және XX ғасырлардағы Россияда өкімет «буржуазиялық монархияға айналу жолымен» дамып келеді дегенді Ларин теріске шығармайды, сол сияқты мұны марксист болуды тілейтін *бірде-бір* есі дұрыс адам да осы күнге дейін теріске шығарған емес. Буржуазиялық деген сын есімді плутократиялық деген сөзбен алмастыру керек деген ұсыныс сол буржуазиялық монархияға айналудың *дәрежесіне* дұрыс баға бермейді, бірақ нағыз «жол», нақты эволюция жолы нақ осы айналуда *екендігі* жөнінде таласуға *принцип жүзінде* бата алмайды. Ол 1861—1904 жылдардағы монархия (яғни қазіргі кездегіге қарағанда, күмән жоқ, капиталистік сипаты кемірек монархия) Николайдың, крепостниктік тәртіптің заманындағы монархиямен салыстырғанда «буржуазиялық монархияға айналу

жолындағы» қадамдардың *бірі* емес деп айтып көрсінші!

Мартовтың бұлай дей алмайтыны былай тұрсын, ол, керісінше, В. Мировқа «қосылады»; ал Миров Ларинге қарсы шығып, Витте реформаларының, сондай-ақ 60-жылдардағы реформалардың да нақ буржуазиялық сипатын тілге тиек етіп отыр[90]!

Миров пен Мартовтың «ептілігі» жайында енді оқушының өзі-ақ төрелігін берсін. Ең әуелі олар «бұлжымайтындардың» бұдан *бір жарым жыл* бұрын Мартов пен Мировтың жақын достарына, пікірлестері мен әріптестеріне қарсы келтірген дәлелдерін Ларинге қарсы қайталайды,— ал одан соң Ларин мен «бұлжымайтындардың» «схемалары» бірдей деп, оқушыны сендірмек болады.

Мұның өзі саясатқа қарсы қойылған әдебиетшілдіктің үлгісі ғана емес (өйткені саясат тұжырымды тура жауаптарды талап етеді, ал әдебиетшілер көбінесе төңіректеп, айналсоқтап сөйлеумен шектеледі), мұның өзі әдебиетті бурениншілдікке түсіре төмендетудің үлгісі болып табылады.

Лариннің жоғарыда цитатқа алынған: «егер ештеңе де өзгермесе, т. т., онда жойымпаздармен күресу ғана қалады» деген сөздерін келтіріп, Мартов оған былай жауап береді:

> «Біз осы күнге дейін: біздің міндеттеріміз қазір өзіміз әрекет етіп жүрген қоғамымыздың әлеуметтік құрылымына қарай белгіленеді, ал қызметіміздің формалары, 1-ден, осы міндеттерге қарай, 2-ден, *саяси жағдайларға қарай* белгіленеді деп ойлаған едік. Сондықтан өкіметтің әлеуметтік табиғатының біздің міндеттерімізді, қызметіміздің формаларын белгілеуге *тікелей* (курсив Мартовтікі) қатысы жоқ».

Бұл жауап емес, жалтармалы құрғақ сөз. Мартов тағы да мәселені шатастыруға, таласты талас болып жатқан жаққа емес, басқа жаққа аударуға тырысады. Өкіметтің әлеуметтік табиғаты міндеттермен, қызмет формаларымен *тікелей* байланысты ма әлде жанама байланысты ма, мәселе онда емес. Мейлі, бұл байланыс

жанама байланыс-ақ болсын,— бұдан істің жайы ешбір өзгермейді, өйткені тығыз және берік байланыстың бар екені мойындалып отыр. Ал Мартов тығыз және берік байланыстың бар екенін мойындауға қарсы *бір сөз де* айтуға бата алмай отыр. Оның «саяси жағдайларды» тілге тиек етуі — оқушының көзіне мықтымсынып көрінгендік. «Өкіметтің әлеуметтік табиғатын» «саяси жағдайларға» қарсы қою мағынасыздық болады, егер мен адамдар жасап шығаратын калошты кебіске қарсы қойсам, мұның өзі нақ сондай мағынасыздық болар еді. Кебіс дегеніміз де калош қой. Ал адам жасайтын калоштан басқа калош болмайды. Өкіметтің табиғаты дегеннің өзі — саяси жағдайлар. Ал өкіметтің әлеуметтік табиғатынан басқа табиғаты болмайды.

Қорыта келгенде біз Мартовтың төңіректеп, айналсоқтап «сөйлегенін» және Ларинге жауап беруден жалтарғанын көріп отырмыз. Ал оның жалтарған себебі— ол ешбір жауап бере алмайды. «Өкіметтің әлеуметтік сипаты» (дәлірек айтатын болсақ, оның экономикалық табиғаты) жөніндегі көзқарас «қызметтің міндеттері мен формалары» жөніндегі көзқарастармен тығыз және берік байланысты деген Лариннің пікірі әбден дұрыс. Ларин де, «бұлжымайтындар» да бұл байланысты ұғынып, жүзеге асырды. Мартовтың (және оның ошақ басындағыларының) көзқарастарында байланыс жоқ. Сондықтан Мартов жалтаруға, «кебіспен» құтылуға мәжбүр болып отыр.

Әрі қарай тыңдап көріңіз:

«Бұл меньшевиктерде (Мартов *мысал* ретінде Коганды тілге тиек етеді, «Образование», 1907 ж.) жұмысшы табының конституциялық режимнің бастамаларына ие болған «заңды елге» * біртіндеп, былайша айтқанда, біте қайнасып «ұласуы» туралы:

* Меніңше өте сәтсіз алынған бұл галлицизм, мүмкін, оқушылардың бәріне бірдей түсінікті болмас. «Заңды ел» дегені — француздың paus lêgal деген сөздерінің сөзбе-сөз аудармасы; мұның мәнісі — парламентте өкілдіктері бар және халық бұқарасынан ерекше конституциялық пұрсаттылықтармен пайдаланатын таптар немесе халықтың топтары, жіктері деген сөз. Айта кетелік, Мартовтың солқылдақтығына баға беру үшін бұл аса таптырмайтын нәрсе. 1908—1910 жылдардағы Россияның «буржуазиялық монархияға айналу жолында тағы бір қадам» жасағанын Мартовтың мойындағысы келмейді. Бірақ ол «буржуазия» («плутократия» емес) 1907 жылғы 3 июньде «конституциялық режимнің бастамаларына ие болды» деп мойындайды. Шамасы келген түсініп көрсін!

буржуазияның» («плутократияның» емес пе? а?) «үшінші июньдік пұрсаттылықтарының демократияның қалың топтарына біртіндеп таралуы туралы пікір азды-көпті анық байқалды. Егер осы кездегі тырнақша ішіндегі «жойымпаздықтың» немесе осы кездегі «жарияшылдықтың» анық принциптік негізі осындай болса, онда біз өз дәстүрлеріміздің анық жойылғанын, принципке айналдырылған анық жарияшылдықты, барлық өткендегілерімізден принцип жүзінде қол үзгендікті көрген болар едік. Мұндай жойымпаздыққа қарсы қатаң күрес жүргізуге тиісті болар едік... Жаңартылған толмачевшылдықтың режиміне *ауытқыған* реформистерді шынымен біздің көретін болғанымыз ба?» Міне, осы жерге Мартов: «Ларинде реформистік тенденциялар бар деп, әрине (!!), мен сезіктенбеймін» деп ескерту жазады.

Бізге бұл ұзақ көшірме оқушыға Мартовтың «мәнерін» мейлінше айқын көрсету үшін керек болды. Ол Коганда (жауапты «еңбектерде» Мартовпен бірге үнемі қызмет істеп жүрген меньшевикте) реформизм «азды-көпті анық байқалады» деп мойындайды. Ол *егер* реформизм жойымпаздықтың принциптік негізі болса, онда бұл «өткендегіден қол үзгендік» болар еді деп мойындайды. Ол «ауытқыған реформистерге», т. т. қарсы лепірмелі, даурықпалы, әсерлі сөздерді жаудырады. Сонымен ол сөзін бітіргенде... қалай бітіреді деп ойлайсыздар? — Ларинде, *әрине,* реформистік «тенденциялар» бар деп «сезіктенбеймін» деп сендірумен бітіреді!!

Мұның өзі түп-тура Эдуард Бернштейннің, Жан Жорестің немесе Рамсей Макдональдтың сөзі ғой. Олардың бәрі де кейбір «ұшқарыларда»... ұнамсыз бірдеңе, реформизм, либерализм «байқалады» деп «мойындайды». Олардың бәрі де: *егер* либерализм *олардың* саясатының «принциптік негізі» болса, онда бұл «өткендегіден қол үзгендік» болар еді деп мойындайды. Олардың бәрі де «құрдай жорғалаған либералдарға», т. т. қарсы лепірмелі, даурықпалы, әсерлі сөздерді жаудырады. Және олардың бәрі де: Лариндерде,.. ғапу етіңіз, олардың неғұрлым бүкпесіз, неғұрлым «оңшыл» жолдастарында, пікірлестерінде, достарында, әріптестерінде, қызметкерлерінде либералдық-буржуазиялық тенденциялар бар деп «сезіктенбейміз»... деп сендірумен аяқтайды.

Әңгіменің түйіні де дәл мынада: Ларин цитатқа алынған мақалаларында нағыз күмәнсыз, нағыз барып тұрған реформизмнің көзқарастары «жүйесін» баяндап отыр! Мұны теріске шығару — айқын нәрсеге қарсы шыққандық деген сөз, реформизм деген ұғымның бар мағынасын жойғандық деген сөз. Ал егер сіз Лариннің пікірін «теріс» деп табатын болсаңыз, «принциптік» реформизмді «айыптайтып» болсаңыз, «ауытқығандарға» қарсы лепірме сөздер жаудыратын болсаңыз және осының артынша-ақ, іле-шала, Ларинде реформизм бар деп «сезіктенбейміз» деп сендірмекші болсаңыз, онда сіз осы арқылы өзіңізді толық әшкерелеп отырсыз ғой. Осы арқылы сіз «принциптік реформизмге» «принцип жүзінде» қаспыз деген сылтауыңыз саудагердің: «құдай ақы, сене көріңіз, өзіме қымбатқа түскен» деп ант-су ішетіні сияқты қарғану екенін толық дәлелдеп отырсыз ғой.

Құдай ақы, сене көріңіз: мен принциптік реформизмді «айыптаймын», *бірақ* Ларинде реформизм бар деп «сезіктенбеймін» (шындығында, осы *сезікшіл* бұлжымайтындар жексұрын халық!) және жойымпаздық практика жағынан Ларинге толық қосыламын.

Қазіргі Россия оппортунизмінің «кең көлемді формуласы» осындай.

Аңғал (немесе *жаңадан* қайта топталушылықтың терең мәнісін түсінбейтін) адамдар осы күнге дейін жойымпаз еместігі «күмәнсыз» деп санап жүрген Мартовтың *өзі* бұл формуланы, міне, былайша қолданады:

««Жойымпаздар» дейтіндердің қызметінде белгіленіп отырған тактика,— деп жазады Мартов 9—10-беттерде,— «ашық жұмысшы қозғалысын негізгі мәселе етіп қоятын, бұл ашық қозғалысты барлық ықтимал бағыттарда ұлғайтуға тырысатын және осы ашық жұмысшы қозғалысының *ішінен* (курсив Мартовтікі) — тек содан ғана»— (ескеріп қойыңыздар: тек содан ғана!)— «партия болмысын жаңғыртатын элементтерді іздейтін тактика»».

Мұны айтып отырған Л. Мартов. Бұл — жаңартылған толмачевшылдық режиміне *ауытқыған* реформизмнің дәл өзі. «Ауытқыған» деген курсивті мен сол Мартовтың өзінен алдым, өйткені, бір маңызды нәрсе, сол

Мартов жаңағы цитатқа алынған сөздерінде *іс жүзінде нақ* ауытқушылықты уағыздап отыр. Сіз «принциптік реформизмге» қарсы ант-су ішу мен серт беру атаулыны осындай уағызбен қаншама қатар қойсаңыз да, бұдан *іс* өзгермейді. «Тек содан ғана», «негізгі» деген сөздерді айта отырып, Мартов іс жүзінде (1908—1910 жылдардағы Россияның өзгеше жағдайында) нақ реформистік бағытты жүргізіп отыр, ал қарғануға, уәдеге, сендіруге, ант-су ішуге саяси нәрестелер-ақ нана берсін.

«...1850-жылдардың басында Маркс пен Виллих-Шаппердің арасында болған талас дәл(!!) құпия қоғамдардың маңызы туралы және *солар арқылы* саяси күреске басшылық ету мүмкіндігі туралы мәселенің төңірегінде болды... Бланкистер (60-жылдардағы Францияда) құпия қоғамдар құрып және ол қоғамдарға бірлі-жарым жұмысшыны тұмшалап отырғызып, осы оқиғаларға (бонапартизмді құлатуға) «дайындалды»; ал марксистердің француз секциясы... жұмысшы ұйымдарына барды, ол ұйымдардың негізін салды, барлық құралдарды қолданып, «жариялық үшін күресті»...»

Екі мысалдың екеуі де *дәл* ол операдан емес. 50-жылдары Маркс пен Виллихтің арасында, 60-жылдары бланкистер[91] мен марксистердің арасында болған талас «партия болмысын жаңғыртатын элементтерді» «тек қана» «тыныштықты көздейтін, төзуге болатын» (Мартов, «Жизнь» № 1, 10-бет) ұйымдардан іздеу керек пе деген мәселе жайында болған жоқ, *әсте ол жайында емес*. Мартов мұны өте жақсы біледі және оқушыларды адастырмақ болып бекер әрекеттенеді. *Бұл* екі таластың екеуі де жұмысшы партиясын «жаңғырту» жайында *болған жоқ*, өйткені *оған дейін* тіпті болмаған нәрсені жаңғырту туралы таласуға ол кезде болмайтын да еді. Екі таластың екеуі де, атап айтқанда: *жұмысшы* қозғалысына сүйенетін *жұмысшы* партиясы, *таптық* партия тегінде керек пе деген мәселе жайында болды. Виллих те, 60-жылдардағы бланкистер де дәл осыған қарсы болды; қазіргі талассыз мәселені әңгіме ету арқылы *қазір* талас болып отырған мәселені *бүркеуге* бекер әуреленіп жүрген Мартов мұны өте жақсы біледі. Партия болмысын жаңғыртатын немесе туғызатын қажетті элементтерді *«тек қана»* тыныштықты көздейтін және

төзуге болатын ұйымдардан іздеу керек деген көзқарасқа Маркстің *ешбір* қосылмағаны 50-жылдар мен 60-жылдарда *ғана емес, тіпті* капитализм дамуының және буржуазиялық монархия дамуының анағұрлым жоғарғы сатысы болған *70-жылдардың аяғында да* Маркс пен Энгельс немістің «партия болмысының» жуықтағысын жойған, «ұшқарылықты» жоқтап жылаған, қозғалыстың «анағұрлым цивилизациялы» формалары (қазіргі орыс жойымпаздарының тілінде «европаландыру») туралы сөйлеген, *«тек қана»* «тыныштық көздейтін және төзуге болатын» ұйымдардан «жаңғыртушы элементтер іздеу» керек деген пікірді және т. т. қорғаған неміс оппортунистеріне қарсы *аяусыз* күрес жүргізді.

«Қорытамын,— деп жазады Мартов.— Марксизмге адал болып қалған меньшевиктердің қазіргі істеп отырғандарын теория жағынан негіздеп, саяси жағынан ақтау үшін мына фактінің өзі-ақ әбден жеткілікті: қазіргі режим конституционализм мен абсолютизмнің ішкі қайшылықты ұштасуы болып табылады, ал орыс жұмысшы табы Батыстың алдыңғы қатарлы елдерінің жұмысшылары сияқты сол режимнің қайшылықтарының Ахиллес өкшесіндей жанды жерінен жармасуға жарап қалды».

Мартовтың бұл («әбден жеткілікті» деген) сөздері бізге де өз қорытындымызды жасау үшін *әбден жеткілікті.* Кадеттердің де, октябристердің бір бөлегінің де мойындайтынын Мартов «әбден жеткілікті» деп табады. 1910 жылы августа Мартов мәселені қалай қоюды ұсынса, 1911 жылы январьда атап айтқанда *«Речь»* мәселені солай қойды: конституционализм антиконституционализммен қайшылықты ұштасады-мыс; екі лагерь — конституцияны жақтаушылар лагері мен оған қарсы лагерь. *«Речьке» әбден жеткілікті* нәрсе Мартовқа да «әбден жеткілікті». Бұл жерде марксизмнің *жұрнағы* да жоқ. Бұл жерде марксизмнен түк қалмай, оның орнын либерализм басқан. Бізде «қайшылықты ұштасудың» бар екендігі марксиске *ешқандай жағдайда да* «жеткілікті» *емес.* Ақиқат жеткіліксіз, онда қасықтай ғана шындық, бөшкедей өтірік бар, осы ақиқат асқынған қайшылықтарды көмескілейді, өмір шындығын боямалайды, жағдайдан құтылуға мүмкіндік бере-

тің бірден-бір құралды мойындамайды деген ұғым, түсінік басталған жерден ғана марксизм басталады.

Ескі режимнің конституционализммен «қайшылықты ұштасуы» тек қана қазіргі Россияда емес, қазіргі Германияда да, тіпті қазіргі Англияда да бар (лордтар палатасы; тәж-тақтылардың сыртқы саясат істерінде халық өкілдеріне тәуелсіздігі және т. т.). Мынадай сұрақ туады: Германия жөнінде де, Англия жөнінде де дұрыс болған нәрсені мойындау орыс үшін «әбден жеткілікті» дейтін саясатшы *шындығында* (яғни игі тілектер мен ізгі ниетті сөздерге қарамастан) қандай позицияда болмақ? Ондай саясатшы *шындығында либералдың,* кадеттің позициясында болады. Тіпті аздыкөпті дәйекті буржуазиялық демократ та бізде мұндай позицияда бола алмайды, болып та отырған жоқ. Мартовтың *соңғы сөзі,* жойымпаздардың бүкіл айтысын тұжырымдайтын оның қорытынды *формуласы* жалған маркстік жалаумен өткізілетін *либералдық* көзқарастарды тамаша анық, таңғажайып айқын, мейлінше толық бейнелеп береді.

Либералдар — тек кадеттер ғана емес, сондай-ақ октябристердің бір бөлегі де: біздің қызметімізді теория жағынан негіздеп, саяси жағынан ақтау үшін ескі режимнің конституционализммен ішкі қайшылықты ұштасуын мойындаудың өзі *әбден жеткілікті* десе, бұл — либералдардың өзіне-өзі әбден адал болып қалғандығы. Олар бұл сөздерінде нағыз дәлме-дәл либералдық формуланы, 1908—1910 жылдардағы (егер 1906—1910 жылдардағы болмаса) либералдық саясаттың формуласын береді. Ал марксист орыс «қайшылықтарының» ағылшын мен герман «қайшылықтарынан» принципті, түбегейлі айырмашылығын көрсететін өзгешелікті жойып отырған формуланың *жеткіліксіздігі мен жалғандығын* түсіндіргенде ғана өзінің марксизмін көрсетеді. «Бізде конституционализмге өте көп нәрсе қайшы келеді десек, әбден жеткілікті», дейді либерал. «Бұлай деу мүлде жеткіліксіз, деп жауап береді марксист. *Жалпы алғанда* «конституционализм» *үшін* элементарлық, негізгі, келелі, елеулі, керекті базаның әлі де жоқ екендігін түсіну қажет. Либерализмнің негізгі

қатесі нақ сол жоқ базаны бар деп тануында, ал бұл қате либерализмнің дәрменсіздігін көрсетеді, буржуазиялық жайсаң жандылықтың дәрменсіздігін көрсетеді».

Бұл саяси антиномияны экономикалық тілге аударғанда былай тұжырымдауға болады. Либералдың ойынша, экономикалық (капиталистік) дамуға әлдеқашан жол ашылып, белгіленіп біткен, әңгіме *осы* жолдағы кедергілерді, қайшылықтарды жою туралы болып отыр. Марксистің ойынша, 1906 жылғы 9 ноябрь (немесе 14. VI. 1910) сияқты, III Дума және басқалар сияқты экономикалық эволюцияның сөзсіз буржуазиялық прогресіне *қарамастан,* капиталистік дамудың бұл жолы осы күнге дейін тұйықтан шығара алмай отыр, *сол* капиталистік дамудың *басқа* да жолы бар, бұл жол даңғыл жолға шығара алады, либерализмнің барлық ауытқуына, барлық сенімсіздігі мен жігерсіздігіне қарамастан, бұл жолды көрсетіп, түсіндіріп, әзірлеп, қорғап, жүзеге асыру керек.

Мартов Ларинмен айтысқанда, Лариннен анағұрлым «солшыл» сияқтанып айтысады. Ал көптеген аңғал адамдар алдауға түсіп, былай дейді: әрине, Потресов, Левицкий, Ларин жойымпаздар, әрине, олар біздің Руанелер сияқты барып тұрған оңшылдар, ал Мартов болса, Мартов жойымпаз емес қой! Шындығында Мартовтың Ларинге қарсы, ауытқушы реформаторларға қарсы айтылған әсерлі сөздері—тек көз алдау ғана, өйткені Мартов өзінің *қорытындысында,* өзінің соңғы сөзінде, өзінің тұжырымында *дәл сол* Ларинді қуаттайды. Мартов Лариннен әсте «солшыл» емес, ол тек Лариннен гөрі дипломаттау, принципсіздеу, жалған «маркстік» ала-құла, қырық құрау сөзсымақтармен неғұрлым ептірек бой тасалайды. Мартовтың: қайшылықты ұштасуды мойындау «әбден жеткілікті» деген қорытындысы — атап айтқанда жойымпаздықтың (және либерализмнің) Ларинге керек болып отырған *дәлелдемесі.* Бірақ Лариннің бұл қорытындыны ақтағысы, дәлелдегісі келеді, жеріне жеткізе ойластырып, принципті қорытынды еткісі келеді. Оппортунизмнің Фольмар, Ауэр және басқалар сияқты «кәрі торғайларының»

жас оппортунист Эдуард Бернштейнге айтқанындай, Мартов Ларинге былай дейді: «Сүйікті Ларин... яғни сүйікті Эдя (Эдуард деген аттың қысқашасы), сен — есексің! Мұны істеу керек, бірақ бұл туралы айтуға болмайды». «Сүйікті Ларин, сіз бен бізге жойымпаздық практика «әбден жеткілікті», ескі режимнің конституционализммен қайшылығын либералдық мойындау «әбден жеткілікті», бірақ — құдай үшін — әрі қарай бармаңыз, «терендетпеңіз», принципті айқындық пен сындарлылықты іздемеңіз, «ағымдағы кезеңге» баға бермеңіз, *өйткені бұл сіз бен бізді әшкерелейді.* Істейік, бірақ айтпайық».

Мартов Ларинді оппортунист болуға үйретеді.

Екеуіне де қымбатты жойымпаздықты принципті түрде түсіндіріп, ақтауды талап ете отырып, Ларин Мартовқа: екі арада әрі-сәрі болуға болмайды, дейді.

— Егер сіз екі арада әрі-сәрі бола білмесеңіз, онда сіз қалай оппортунист болмақсыз?—деп жауап береді Мартов.— Егер сіз практиканы принципті түрде дәл, тура және айқын ақтауды көздесеңіз, онда сіз қалай оппортунист болмақсыз? Нағыз оппортунист атап айтқанда екі арада әрі-сәрі болуға, атап айтқанда «тактика-процесті» қорғауға тиіс (1901 жыл дәуіріндегі Мартынов пен Кричевскийді еске түсіріңіздер), ағыспен ығып, ізін жасырып, қандай да болса принциптілікті орағытып өтуге тиіс. Бернштейн қазір (Фольмардың, Ауэрдің, т. т. сабағынан кейін), эрфурттық *бұлжымас* profession de foi[92]-ға ешбір өзгеріс кіргізуді *ұсынбай-ақ,* ревизионист болып жүр ғой. Сіз бен біз де, ағымдағы кезеңнің «қарғыс атқан мәселелеріне» берілген формальды *бұлжымас* жауапқа (1908 жыл)[93] ешбір өзгеріс кіргізуді *ұсынбай-ақ,* жойымпаз бола білуге тиіспіз. Қымбатты және сүйікті Ларин, нағыз оппортунист болу үшін, іс жүзінде, өз практикаңда, өз жұмысыңның сипатында *ауытқу* керек, ал сөз жүзінде, жұрт алдында, сөйлеген сөздеріңде, баспасөз бетінде *ауытқуды* ақтайтын теорияларды іздемек түгіл, қайта, керісінше, ауытқушыларға қарсы қаттырақ айқайлау керек, біз ауытқушылар емеспіз деп жаныңды сала қарғанып, ант-су ішу керек.

Ларин үндемей қалды. Сірә, ол шын көңілінде Мартовтың анағұрлым шебер дипломат, анағұрлым жымысқы оппортунист екенін мойындамай отыра алмаған болса керек.

Мартовтың: ескі режимнің конституционализммен үштасуындағы қайшылықты мойындау «әбден жеткілікті» деген қорытынды формуласын тағы бір жағынан қарап өту керек. Бұл формуланы В. Левицкийдің: «Гегемония *емес, қайта* таптық партия» («Наша Заря» № 7) деген *әйгілі* формуласымен салыстырып көріңіздерші. Плеханов ультиматумдарының ықпалымен өзінің гегемонияға қарсы жазылған мақаласын *өңдеп,* қайта жазған Потресовтың шатастырып, көмескілеп, көпірме сөздермен жамап-жасқаған пәрсесін Левицкий (—«Наша Заряның» Ларині) осы формула арқылы тек неғұрлым тура, неғұрлым ашық, неғұрлым принципті түрде көрсетіп берді.

Мартовтың формуласы мен Левицкийдің формуласы—бір медальдың екі беті. Гегемония идеясының жойымпаздық туралы мәселемен байланыстылығын түсінбеген болып жүрген Мартовқа бұл жағдайды түсіндіру— келесі мақаламызда қозғалатын мәселе.

P. S. Ю. Ларининің: «Оңға— және кілт кейін» деген мақаласының аяғы басылған «Дело Жизнидің» 2-номерін алғанымызда, бұл мақала теруге беріліп қойған еді. Л. Мартов Ю. Ларинді реформист деп, «әлбетте, сезіктенбесе» де, Ларин реформизмді жаңа жойымпаздық журналда бұрынғыдай айқын баяндайды. Әзірше реформистік программаның *мәнін* келтірумен шектелейік:

«Ертеңгі күннен не күтерін, өздеріне қандай міндеттер қоярын тіпті білмеген кезде жұрт сасқалақтап, әрі-сәрі жағдайда болады,—дүдәмалданып аңысын аңдау пиғылы, не революция қайтадан болар деп, не «алдағы күнде көре жатармыз» деп бұлдыр үмітке салыну дегеннің мәнісі, міне, осы. Кезектегі міндет теңізде желдің оңынан тұруын нәтижесіз күтуде емес, міндет — қалың көпшілікке мынадай басшы идеяны тарату: орыс өмірінің басталып отырған жаңа тарихи дәуірінде жұмысшы

табы «революция үшін» емес, «революцияны күту үшін» емес, тек өмірдің барлық салаларында өзінің өзгеше мүдделерін жоспарлы түрде мықтап қорғау үшін, осы әр алуан, күрделі жұмыста өз күштерін жинап, үйрету үшін, осы жолмен жалпы алғанда социалистік сананы жетілдіріп, өсіру үшін, жекелеп алғанда келешекте, феодалдық реакция экономика жағынан өзінен өзі сөзсіз сарқылып болғаннан кейін, Россия конституциялық жолмен жаңарғанда, Россияның қоғамдық таптарының күрделі қарым-қатынастарын тани білу (айыра білу) үшін — өзін өзі қорғай білу үшін де!— ұйымдасуға тиіс» (18-бет).

Бұл тирада лариндік «программаның» және «Наша Заряның», «Возрождениенің», «Дело Жизнидің» және басқалардың барлық жойымпаздық шимайларының, тіпті Мартовтың біз талдаған «әбден жеткілікті» деуінің де бүкіл рухы мен бүкіл мағынасын дәл көрсетеді. Бұл тирада—барып тұрған, нағыз реформизм. Біз қазір бұл тирадаға тоқтала алмаймыз; біз бұл жерде, әбден реті келіп тұрса да, оны толық талдап, тексере алмаймыз. Сондықтан қысқаша ескертпе жасаумен шектелеміз. Солшыл кадеттер, бейпартиялық социалистер, ұсақ буржуазияшыл демократтар («энестер»[94] сияқтылар) және марксист болғысы келетін адамдардың ішіндегі реформистер жұмысшыларға: келешектегі конституциялық жаңғыру кезінде өздеріңді өздерің қорғау үшін өз күштеріңді жинаңдар, тәрбиеленіңдер, үйреніңдер, *тек қана* өз мүдделеріңді қорғаңдар деген программаны уағыздайды. 1896—1901 жылдары «экономистер» жұмысшы табының саяси міндеттерін қалай күзеген болса, мұндай программа 1908—1911 жылдары жұмысшы табының саяси міндеттерін нақ солайша күзеп, тарылтып, шұнтитады. Ескі «экономистер», өздерін де, өзгелерді де алдай отырып, Бельгияны тілге тиек етуді ұнататын (бельгиялықтарда реформизмнің басым екендігін де-Ман мен Брукердің тамаша еңбектері жақында көрсетті; бұл еңбектерге біз қайта соғамыз); жаңа экономистер, яғни жойымпаздар, 1867 жылы Австрияның конституцияны бейбіт жолмен алғанын тілге тиек етуді ұнатады. Ескі «экономистер» де, біздің жойымпаздар да Европадағы жұмысшы қозғалысы мен демократияның тарихынан, жұмысшылардың белгілі бір себептермен әлсіз, санасыз, буржуазияға тәуелді болған кезінен

мысалдарды, оқиғаларды, эпизодтарды іріктеп келтіреді,— сөйтіп мұндай мысалдарды Россияға үлгі етіп ұсынады. «Экономистер» де, жойымпаздар да пролетариатқа буржуазиялық ықпалды таратушылар.

«Мысль» № 4, март, 1911 ж.
Қол қойған: В. Ильин

«Мысль» журналының тексті бойынша басылып отыр

АЙТЫС ЗАМЕТКАЛАР

Б. Богданов мырза «Наша Заряның» 2-номеріндегі «Қолөнершілер съезінің қорытындылары» деген мақаласында өз қорытындыларын төмендегі түрде тұжырымдайды:

«Ескі астыртын жұмыстан қол үзіп, қоғамдық және саяси қызметтің нағыз ашық кезеңіне кіруге ұмтылу — біздің жұмысшы қозғалысының жаңа кезеңін де сипаттайтын жаңа нәрсе, міне, осы» (73-бет). «Қоғам өмірінің шиеленісу кезеңінде, Москвадағы қосымша сайлаудың, IV Мемлекеттік думаның жалпы сайлауының қарсаңында пролетариаттың саяси-ұйымдасқан бөлегінің ықпалының жоқтығы әсіресе қатты білініп отыр. Ұйымдасқан жұмысшылардың соңғы жылдар ішінде істеген бүкіл жұмысы осы дербес саяси күшті жаңғырту жолымен жүріп келеді. Сондықтан әдейі болсын немесе амалсыздан болсын — әйтеуір бұл қозғалыстың барлық қатысушылары жаңғырып келе жатқан пролетариат партиясының агенттеріне айналып отыр. Сондықтан оның ұйымдасқан бөлегінің міндеті — бұл қозғалысты тездету ғана емес, оны күні бұрын қалыптастырып, есепке алу ғана емес, қайта осы қозғалысты дамыту бағытында қимыл жасау, мүмкін болғанша оған неғұрлым қалың бұқараны тартып, астыртын жұмыстың түк істетпейтін жағдайынан, оның есеңгірету жағдайынан батыл қол үзе отырып, мүмкін болғанынша оған кең серпін беру болмақ» (74—75-беттер).

«Есеңгірету» жағдайы туралы бұл сияқты зарлауларды және бұл сияқты жан ұшырған байбаламдарды, ол жағдайдан «қол үзу» жөніндегі шақыруларды біз осы кезге дейін тек «Новое Время» типтес газеттерден ғана кездестірдік, сонан соң Струве мырза мен $К^0$ сияқты ызалы либерализм ренегаттарының шимай-шатпақтарынан кездестірген болармыз. Осы кезге дейін азды-көпті байсалды, адал саяси баспасөз: белгілі бір мінбеде қор-

ғауға болмайтын нәрсеге сол мінбеден шабуыл жасамау керек дегенді ереже тұтынып келді. Қатарында Б. Богданов, Левицкий, Потресов мырзалар, т. т. бар жойымпаз сыбайластар, міне, екі жыл бойы осы ескірген демократиялық соқыр сенімді ойдағыдай «жеңіп келеді», сөйтіп өздерінің «батыл қол үзу керек», т. т. деген шақырулары үшін бұл мәселе жөнінде жойымпаздарға монополия қамтамасыз етілген дәл осындай, тек осындай мінбелерді ылғи пайдаланып келеді. Бізге «есеңгірету жағдайына» қарсы осы «меншіктелген» майданды тіркеп отыру, ал майдангерлерді бетін тіліп масқаралау ғана қалады.

Б. Богданов, Левицкий, Потресов мырзалар жұмысшылар ашық қимылға ұмтылады дегенде және *жұмысшылар* «есеңгірету жағдайынан» қол үзуге ұмтылады деп *өз* қорытындысын шығарғанда, айлакерлікке салынып отыр. Бұл айла «қол үзуді» ұсынушы *интеллигенттерге қарсы* түрлі съездерде ашық шығып сөйлеуші жұмысшылардың *ашу-ызасын* көрсететін, Б. Богданов мырзаларға белгілі фактілерді біздер, жойымпаздық дұшпандары, айта алмайды деген есепке негізделген. Жұмысшылар, мысалы, 1905 жылдың басында ашық саяси жұмысқа ұмтылғаны сияқты, олар 1911 жылдың басында да ашық саяси жұмысқа жігерлене ұмтылып отыр — бұл олардың мәртебесін көтере түседі — бірақ *жұмысшылар* «есеңгірету жағдайына» ол кезде де қарсы шыққан емес, қазір де қарсы шығып отырған жоқ, одан «қол үзуді» тілеген емес, тілемейді де. «Батыл қол үзуге» ұмтылу туралы ренегаттанушы интеллигенттердің ұмтылуы ретінде ғана айтқан жөн болады.

Шынында, оқушы мына фактіні жақсырақ ойланып көрсінші. Әдебиетшілер тобы *«ескіден қол үзуге ұмтылу»* және *«нағыз ашық саяси жұмыс кезеңіне кіру»* туралы — әсіресе 1910 жылдың январынан бері—қатты айтып жүр. Ерекше жойымпаздық сипаты жоқ жеке кітаптар, кітапшалар және журналдар мен газеттердегі мақалалар туралы айтпағанның өзінде, бұл топ тек жоғарыда көрсетілген уақыттың ішінде *өз* журналдарының («Наша Заря», «Возрождение», «Жизнь», «Дело Жизни») 20-дан астам номерін шығарды. Мынандай

сұрақ туады: публицистикалық майданда осыншалықты жігерлене жұмыс істеген және «ескіден батыл қол үзудің», «нағыз ашық саяси жұмыс кезеңіне кірудің» қажеттігі туралы осыншалықты сеніммен айтатын әдебиетшілердің *өздері, өз тобы* құрамында, осыған дейін «ескіден» «батыл қол үзуге», «есеңгірету жағдайынан» «батыл қол үзетін» программасы, платформасы, тактикасы бар «нағыз ашық саяси жұмыс кезеңіне кіруге» бел байламауы, батылдығы жетпеуі неліктен??

Бұл неткен комедия? Бұл неткен екіжүзділік? «Саяси күштің жаңғыруы» туралы айтады, сонымен қатар «есеңгірету жағдайын» талқандамақ болады, ескіден *қол үзуді* талап етеді, «нағыз ашық саяси жұмысты» уағыздайды — және сөйте тұрып, осы ескіні *ешқандай* программамен, *ешқандай* платформамен, *ешқандай* тактикамен, *ешқандай* ұйыммен өзгертпейді! Бұдан әлдеқашан бұрын (1905—1906 жылдардан бастап) есеңгірету жағдайы туралы және «нағыз ашық саяси жұмыс кезеңіне кірудің» қажеттігі туралы тақырыпта сөз ете бастаған, сөйтіп *қалай айтса, солай істеген,* шыныменақ «ескіден батыл қол үзген», шынымен-ақ «ашық» программасын, платформасын, тактикасын, ұйымын ұсынған Пешехонов мырзалардың және «Русское Богатстводағы»[95] басқа да публицистердің адалдығындай болса да саяси адалдық біздің марксист болғысы келетін жарияшылдарда неліктен жоқ?

Саясаттағы адалдық — күштіліктің нәтижесі, екіжүзділік—әлсіздіктің нәтижесі. Пешехонов пен К° мырзалар халықшылдар арасында күшті, сондықтан да шынымен «ашық» шығады. Б. Богданов, Левицкий, Потресов және К° мырзалар марксистердің арасында әлсіз, қадам басқан сайын саналы жұмысшылар тарапынан тойтарыс алып отырады, сондықтан да олар екіжүзділікке салынады, бой тасалайды, «нағыз ашық саяси жұмыс» программасымен, тактикасымен *ашық бой көрсетуге* жүрексінеді.

Пешехонов пен К° мырзалардың халықшылдар арасында күштілігі сонша, олар өз товарын өзінің меншікті жалауымен тасиды. Б. Богданов, Левицкий, Потресов, Мартов мырзалардың марксистер арасында әлсізді-

гі сонша, олар өз товарын бөтен жалауды жамылып тасуға мәжбүр болып отыр. Интеллигенттік журналсымақта («Наша Заря») олар қоқиланып: «иерархия» жоқ, «ескіден батыл қол үзу керек», «нағыз ашық саяси жұмыс кезеңіне кіру керек» деп даурығады. Ал жұмысшылардың алдында біздің жойымпаз: «батырды көрсе, қой болар» деген мақалдың кебін киеді.

«Ашық саяси жұмысқа» масаттанып бас июші біздің сабаздар жұмысшылардың алдында тіпті де *ашық* әрекет *етпейді, ешқандай* ашық программа, тактика, ұйым ұсынбайды. Нағыз ашық саяси жұмысқа апаратын қозғалысты «тездетпеуге», «оны мезгілі жетпей қалыптастырмауға» кеңес беретін Б. Богданов мырзаның қолөнершілер съезіне «қорытынды» жасайтын даналық дипломатиясы осыдан шығып отыр. Б. Богданов мырза жұмысшылардың алдында өзінің жойымпаздық жоспарларын *қалыптастыруға* тырысып, бірақ аузы күйгенге ұқсайды. Ренегаттанушы интеллигент өздері қателессе де, туралықтан таймайтын, тура жауап берілуін талап ететін («ескіден қол үзу керек пе? Онда өзіңіздің жаңаңызды ашық та адал айтыңыз!») жұмысшылар арасынан тойтарыс алды. Сондықтан Б. Богданов мырза, Крыловтың түлкісі сияқты, өзін өзі: жүзім піспеген екен! мезгілі жетпей қалыптастырмау керек — ескіден қол үзу керек, бірақ қол үзгенде, осы ескінің жалауын жұмысшылар арасында желбірететіндей етіп қол үзу керек,— жаңаға асықпау керек,— деп жұбатады.

Сіз: мұның өзі екі арада әрі-сәрі болу деген сөз ғой дерсіз. Бірақ оппортунизм атаулының мәнінің өзі дәл осында. Марксизмді *ойыншық* етуші қазіргі буржуазиялық интеллигенттің кескіні де дәл осыдан көрінеді. Струве мырза марксизмді 1894—1898 жылдары ойыншық етті. Б. Богданов, Левицкий, Потресов мырзалар марксизмді 1908—1911 жылдары ойыншық етіп отыр. Сол кездегі «экономистер» мен біздің осы күнгі жойымпаздар — пролетариатқа бәз-баяғы буржуазиялық ықпал таратушылар.

«Мысль» № 4, март, 1911 ж.

«Мысль» журналының тексті бойынша басылып отыр

КАДЕТТЕР МЕН ОКТЯБРИСТЕР

Атышулы «министрлік дағдарыс» пен Мемлекеттік думаның жаңа председателін сайлау[96] кадеттік және октябристік партиялардың әлеуметтік табиғаты мен саяси маңызы туралы мәселе жөнінде тағы да үсті-үстіне материал берді. Былайша айтқанда, орыстың либерал буржуазиясы өз бейнесін жүзінші, мыңыншы рет көрсетті. Мұның қандай бейне екенін оқушы қазірдің өзінде күнделікті газеттерден және «Звезданың» мұның алдындағы номерінен біледі. Алайда, бізде неғұрлым көп тараған кадеттік баспасөз октябристерді құлшына «талқандайтын», бірақ өз әрекеттерінің *қорытындыларына* онша тоқтағысы келмейтін болғандықтан, кейбір қорытындылар жасау артық бола қоймас.

«Халық бостандығы» партиясының Мемлекеттік думаға жаңа председатель сайлау кезіндегі іс-әрекетін еске түсірейікші. «Речь» 21 мартта былай деп хабарлауға асықты: «Халық бостандығы фракциясы, егер М. Алексеенконың кандидатурасы Мемлекеттік думаның председательдігіне ұсынылатын болса, оны жақтап дауыс беруге қаулы алды. Ал егер Родзянконың кандидатурасы ұсынылатын болса, фракция оған қарсы дауыс береді». Конституцияшыл «демократтар» «солшыл» октябристерге өздерінің көмегін ұсынады. Ол ол ма. «Речьтің» сол күнгі бас мақаласы Алексеенконы «жұрттың бәрі құрметтейтін» кісі деп жариялап, *бүкіл* Мемлекеттік думаның көзқарасы тұрғысында болуға тырысады: егер оңшылдар октябристер көпшілігінің

кандидатурасын (яғни Алексеенконың кандидатурасын) қолдаса, онда Мемлекеттік дума алғашында Хомяковтың кандидатурасын қарсы алғандағыдай «бірауыздылыққа қайтып оралуы» мүмкін дегісі келеді. «Бұл бірауыздылық кезеңнің ерекше маңыздылығын тұтас алғанда *бүкіл* Думаның түсінетінін көрсетер еді».

«Речь» осылай деп жазды. «Тұтас алғанда бүкіл Дума», онан көп те емес, аз да емес. IV Думаның сайлауында мұны неғұрлым жиі еске түсіріп отыру керек болар еді!

Оңшылдар Думаның правосыз болуын принципті түрде жақтайтынын, ұлтшылдар Столыпинді және 87-статьяның бұзылуын ақтап, қорғайтынын кадеттер жақсы біледі. Дегенмен, Хомяковты сайлаған кездегідей, бұл жолы да жұмысшы депутаттары III Думаның «бірауыздылығына» *ешқандай ретте* сатылмайтынын жақсы біле тұрса да, кадеттер Алексеенкоға дауыс беру үшін ғана бәрін ұмытуға және «тұтас алғанда *бүкіл* Думаны» бірауызды деп жариялауға әзір.

Істің жайы айқын: кадеттер жұмысшы депутаттары мен трудовиктерді есепке алмай отыр. Оларсыз, бірақ оңшылдармен, Марков 2-шімен және Пуришкевичпен бірге есептегенде III Дума — «тұтас алғанда *бүкіл* Дума». *«Речьтің» айтуынша осылай болып шығады.* Оның осылай деп пайымдауы шекараны, өте көп адамдар екінің бірінде теріс түсініп жүрген шекараны дұрыс ашып береді: бұл — бір жағынан, феодалдар мен буржуазия (тіпті нағыз «либерал», яғни кадеттік буржуазия), екінші жағынан, шаруалар мен жұмысшылар, яғни демократия арасындағы шекара. Демократиясыз, бірақ оңшылдармен бірге біздер — «тұтас алғанда бүкіл Думамыз», дейді кадеттер. Мұның өзі демократ атануға дәмеленіп, кадеттер халықты алдап отыр деген сөз. Мұның өзі кадеттер үшін феодалдар мен буржуазия «біздер» болып табылады, ал онан басқаларының бәрі есепке алынбайды деген сөз.

Мемлекеттік думаның жаңа председателін сайлау туралы кішкене мәселе өте зор маңызды шындықты: кадеттер демократ *емес*, қумүйіздер мен октябристердің «бүкіл» палатасының «бірауыздылығын» көксейтін

баяу-либерал буржуалар екенін тағы да еске салды. Октябристермен *бәсеке*—кадеттердің оларға қарсы күресінің сипаты, міне, осы. Кадеттер октябристерге қарсы күресіп отыр, бұл күмәнсыз. Бірақ олар октябристермен күрескенде, таптың өкілдері ретінде емес, халықтың неғұрлым қалың топтарының өкілдері ретінде емес, октябристер бейімделіп отырған ескі өкіметті құлату үшін емес, *нақ сол* өкіметке бейімделгісі келетін, *нақ сол* таптың мүдделеріне қызмет еткісі келетін, оны халықтың неғұрлым қалың топтарының (жалпы алғанда демократияның, әсіресе пролетарлық демократияның) талаптарынан қорғағысы келетін *бәсекелестері* ретінде күресіп отыр. Нақ сол өкіметке біраз басқаша бейімделу—кадеттердің тілейтіні осы, олардың саясатының, либерал буржуалар саясатының мәні осы. Ал октябристермен екі арадағы осы бәсеке, *олардың* орны үшін күрес кадеттік күресті мейлінше «ширақтап» көрсетеді. Оңшылдар мен октябристердің кадеттерге *ерекше өшпенділігін,* айрықша өшпенділігін осымен түсіндіруге болады: «олар» (демократтар) жояды, «бұлар» (кадеттер) бірінші орыннан екінші орынға ығыстырады; бірінші перспектива өліспей беріспейтін, принципінде ымырасыз соғыс туғызады; екінші перспектива *орын үшін* күресті, әзәзілдік жарыстыруды, бәз-баяғы жер иеленушілік-буржуазиялық көпшілікті өзіне қарату немесе бәз-баяғы ескі өкіметтің сеніміне ие болу тәсілдеріндегі жарысты туғызады.

Жаңа председательді сайлаған күнгі III Думаның көрінісі бұл айырмашылықты айқын көрсетті.

«Парламенттік топтардағы» оқиғалардың кадеттік тіркеушісі 23 марттағы «Речьте» Алексеенконы: «толық тәуелсіз» (үшінші июньге шаттанған осы октябрист қой!) «және өз абыройын ардақтай білетін адам», т. т. және т. с. деп одан әрі мақтайды.

Қатаң заңдылықтың кадеттік өлшемі қандай десеңізші: үшінші июньге қарсылық білдірмеу керек, 14 мартқа қарсылық білдіру керек. Мұның өзі американдардың: егер сіз бір тілім нан ұрласаңыз, сізді түрмеге жабады, ал егер сіз темір жол ұрласаңыз, сізді сенатор етіп тағайындайды деген мәтелін еске түсіреді.

«Речьтің» «Парламенттік топтарда» деген бөлімін басқарушы Литовцев мырза 23 мартта: солшыл октябристер мен кадеттер үшін «күннің толық жартысы: кенет» (бастартқансыған Родзянко) «ризалығын бере қойса қайтеміз деген күдікпен өтті», деп жазды.

Бұл жерде, мәселе мұншалық жақын, *бүкіл* III Дума тікелей сезетін күдіктің: «Родзянко кенеттен ризалығын бере қойса қайтеміз» деген күдіктің төңірегінде болып отырғанда, кадеттердің өздеріне қарсылармен күресі қалай *өткір* болмасын!

Родзянко ризалығын берді де салды. Сайлаудың көрінісі мынадай болды: оңшылдар мен ұлтшылдар көңілді күлкіге қарық болды, шаттанып қол шапалақтады. «Солшыл» октябристер мен *кадеттер* қасарысып үн қатпады, үнемі үндемей отыра берді: олар өздері түскен майдандағы жарыста ұтылып қалды; олар қуана алмады; олар үндемей отыруға *тиісті болды.* Кадеттер «наразылық білдіру ретінде» ұлтшыл Волконскийді жақтап дауыс берді. Демократтар, тек демократтар ғана III Думаның жаңа председателін сайлауға өздерінің қатыспайтынын, «III Думаның бүкіл жиынтық жұмысы» үшін (Войлошниковтың сөзі) өздерінің *ешқандай* жауапты болмайтынын қатты айтты, тура айтты, ашып айтты.

Сайлау күні, Думаның 86-мәжілісінде, бәсекелестердің тартысында тек III Думаның басшысы Родзянко және Булат пен Войлошников *сөйледі.* Басқалары үндемеді.

Өзінің фракциядағы барлық әріптестері атынан Войлошников кадеттердің «өздерінің саяси позициясының ерекшеліктеріне сәйкес барлық үмітті әрдайым Дума ішіндегі комбинациядан күткенін» әділ айтты және кадеттерді оп-оңай сенгіш либералдар деп, келеке қылды.

Кадеттердің саяси позициясы және оның ерекшеліктері бұл партияның таптық табиғатына байланысты. Бұл — антидемократиялық либералдық-буржуазиялық партия. Сондықтан да олар «өздерінің барлық үмітін әрдайым Дума ішіндегі комбинациядан күтеді». Бұл екі түрлі мағынада: біріншіден, Дума ішіндегіні Думадан тысқарғыға қарсы қою мағынасында алғанда, екінші-

ден, «бүкіл» III Думаның өкілі болып отырған әлеуметтік элементтердің, таптардың «комбинациясы» мағынасында алғанда дұрыс.

Тек жұмысшы депутаттары мен трудовиктер ғана ұлтшылдардың жеңуімен аяқталған Родзянконың сайлануы жөнінде «Дума ішіндегі» комбинациялардан *дәметпеген* мәлімдемелер жасады, жалпы алғанда демократияның, әсіресе пролетарлық демократияның *бүкіл* үшінші Думаға, 3 июньге, қоса есептегенде октябристер мен кадеттерге көзқарасын көрсететін мәлімдемелер жасады. Бұл мәлімдеме — басқа біреулердің алдында «жауапты» саяси партиялардың Родзянкоға және «оның» бүкіл көпшілігіне берген жақсы батасы, үшінші Дума алдында және үшінші июньдіктер алдында «жауапты» либералдық «оппозицияға» жақсылап жасаған алдын ала сақтандыруы болады.

«Звезда» № 16, 2 апрель, 1911 ж.
Қол қойған: В. Ильин

«Звезда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

КОММУНАНЫ ЕСКЕ ТҮСІРУ

Париж Коммунасы жарияланғаннан бері қырық жыл өтті. Қалыптасқан дәстүр бойынша француз пролетариаты митингілер мен демонстрациялар жасап, 1871 жылғы 18 марттағы революцияның қайраткерлерін құрметпен еске түсірді; ал майдың аяғында француз пролетариаты атылған коммунарлардың—сұрапыл «май аптасы» құрбандықтарының қабірлеріне тағы да гүл шоқтарын апарып, олардың қабірлерінің басында тұрып, әлі де күресе беруге, дамыл алмай, олардың идеялары толық салтанат құрғанға дейін, олар өсиет етіп қалдырған іс толық орындалғанға дейін күресуге тағы да ант береді.

Тек француз пролетариаты ғана емес, сонымен қатар бүкіл дүние жүзі пролетариатының да Париж Коммунасының қайраткерлерін — өздерінің ізашарлары деп танып құрмет көрсетуінің себебі не? Және Коммунаның мұрасы неде?

Коммуна стихиялы түрде туды, оны ешкім саналы және жоспарлы түрде әзірлеген жоқ. Германиямен сәтсіз соғыс, қоршау кезіндегі азап, пролетариат арасындағы жұмыссыздық және ұсақ буржуазия арасындағы күйзеліс, бұқараның жоғары таптарға қарсы және толық қабілетсіздігін көрсеткен бастықтарға қарсы ашуызасы, өзінің жағдайына наразы болып, басқа әлеуметтік укладқа ұмтылған жұмысшы табы арасындағы түнжырай толқу, Ұлттық жиналыстың республика тағдыры үшін қауіптенуге мәжбүр еткен реакциялық құра-

мы,— осының бәрі және басқа да көптеген себептер қосылып, Париж халқының 18 марттағы революцияны жасауына түрткі болды; бұл революция өкіметті күтпеген жерден ұлттық гвардияның қолына, жұмысшы табының және оған қосылған ұсақ буржуазияның қолына берді.

Мұның өзі тарихта болып көрмеген оқиға еді. Бұған дейін өкімет әдетте помещиктер мен капиталистердің, яғни олардың үкімет дейтінді құрайтын сенім білдірген адамдарының қолында болды. Ал 18 март революциясынан кейін, Тьер мырзаның үкіметі өзінің әскерлерімен, полициясымен және чиновниктерімен бірге Париждеп қашып кеткен кезде,— халық жағдайға өзі ие болып қалды, сөйтіп өкімет пролетариаттың қолына көшті. Бірақ қазіргі қоғамда капиталдың экономикалық құлдығына түскен пролетариат өзін капиталға байлап қойған бұғауларды қиратпайынша саяси үстемдік жүргізе алмайды. Міне, сондықтан да Коммуна қозғалысы сөзсіз социалистік түр алуға, яғни буржуазияның үстемдігін, капиталдың үстемдігін құлатуға, сол кездегі қоғамдық құрылыс *негіздерінің* өзін қиратуға ұмтыла бастауға тиісті болды.

Алғашқы кезде бұл қозғалыс өте-мөте ала-құла және бұлдыр болды. Оған Коммуна немістерге қарсы соғысты қайта бастайды және бұл соғысты ойдағыдай аяқтап шығады деп сенген патриоттар да қосылды. Оны вексельдер бойынша төлем төлеу және пәтер ақы төлеу кейінге қалдырылмаса (үкімет мұны кейінге қалдырғысы келмеді, бірақ Коммуна кейінге қалдырды), күйзелу қаупіне ұшырап отырған ұсақ дүкеншілер де қолдады. Ақырында, алғашқы кезде оған реакциялық Ұлттық жиналыстың («деревняшылдықтың», дөрекі помещиктердің) монархияны қалпына келтіруінен қауіптенген буржуазиялық республикашылдар да ішінара тілектес болды. Бірақ бұл қозғалыста бас рольді, әрине, жұмысшылар (әсіресе Париж қолөнершілері) атқарды, олардың арасында Екінші империяның соңғы жылдарында пәрменді социалистік насихат жүргізілген еді және олардың көбі тіпті Интернационал[97] қатарында болатын.

Тек жұмысшылар ғана Коммунаға ақырына дейін адал болды. Буржуазиялық республикашылдар мен ұсақ буржуалар көп ұзамай Коммунадан қол үзді: біреулері қозғалыстың революциялық-социалистік, пролетарлық сипатынан қорықты; басқалары қозғалыстың сөзсіз жеңілетінін көргеннен кейін одан қол үзді. Тек француз пролетарлары ғана қорқуды, шаршауды білместен, *өздерінің* үкіметін қолдай берді, тек солар ғана сол үкімет үшін, яғни жұмысшы табын азат ету ісі үшін, барлық еңбекшілердің жақсы болашағы үшін шайқасып, қаза тапты.

Кешегі одақтастары тастап кеткен және ешкім қолдамаған Коммуна сөзсіз жеңілуге тиісті еді. Францияның бүкіл буржуазиясы, барлық помещиктер, биржашылар, фабриканттар, үлкенді-кішілі барлық ұрылар, барлық қанаушылар оған қарсы бірікті. Бисмарк қолдаған (ол революциялық Парижді бағындыру үшін 100 000 француз солдатын неміс тұтқынынан босатып жіберді) бұл буржуазиялық коалиция қараңғы шаруалар мен провинциялық ұсақ буржуазияны Париж пролетариатына қарсы қойып, Париждің жартысын мықтап қоршап алды (екінші жартысы неміс армиясының қоршауында болды). Францияның кейбір ірі қалаларында да (Марсельде, Лионда, Сент-Этьенде, Дижонда және басқаларында) жұмысшылар өкіметті тартып алуға, Коммуна жариялауға және Парижге көмекке баруға әрекет жасады, бірақ бұл әрекеттер тез арада-ақ сәтсіздікпен аяқталып отырды. Сөйтіп, пролетарлық көтеріліс туын бірінші болып көтерген Париж тек өз күшімен қалып, сөзсіз күйреуге тиісті болды.

Жеңімпаз әлеуметтік революция жасау үшін, ең болмағанда, екі шарт болуы қажет: өндіргіш күштер жоғары дәрежеде дамыған және пролетариат әзірленген болуы керек. Бірақ 1871 жылы бұл екі шарттың екеуі де болмады. Француз капитализмі әлі нашар дамыған еді, ал Франция ол кезде көбінесе ұсақ буржуазияның (қолөнершілердің, шаруалардың, дүкеншілердің және басқаларының) елі болды. Екінші жағынан, жұмысшы партиясы болмады, жұмысшы табының әзірлігі және ұзақ жаттығуы болмады; жұмысшы табының көпшілігі

өзінің міндеттерін және оларды жүзеге асыру әдістерін тіпті әлі де онша айқын түсінбейтін еді. Пролетариаттың елеулі саяси ұйымы да, кең көлемдегі кәсіптік одақтары мен кооперативтік серіктіктері де болмады...

Бірақ Коммунаға жетіспеген басты нәрсе — оның жан-жағын байқап, өзінің программасын жүзеге асыруға кірісуге уақыты, мұршасы болмады. Ол іске кірісер-кіріспесте-ақ, Версальға орнығып алған үкімет бүкіл буржуазияның қолдауымен Парижге қарсы соғыс қимылдарын бастады. Сондықтан Коммунаға ең алдымен қорғануды ойластыруға тура келді. Содан бастап 21—28 майдағы ақырғы күндерге дейін оның басқа еш нәрсені шындап ойластыруға уақыты болмады.

Алайда, жағдайдың мұншама қолайсыз болуына қарамастан, өзінің аз уақыт өмір сүргеніне қарамастан, Коммуна өзінің шын мағынасы мен мақсаттарын жеткілікті дәрежеде сипаттайтын бірнеше шаралар қолданып үлгірді. Коммуна үстем таптардың қолындағы дүлей қаруы болған тұрақты армияны халықты жаппай қарулландырумен алмастырды; ол шіркеуді мемлекеттен бөлуді жариялады, діни бюджетті (яғни поптарға мемлекет есебінен жалақы беруді) жойды, халық ағарту ісіне бірыңғай азаматтық сипат берді — осы арқылы поп желегін жамылған жандармдарға қатты соққы берді. Таза әлеуметтік салада Коммунаның істеп үлгірген жұмысы аз болды, бірақ сол аз жұмыстың өзі, қалай дегенмен де, оның халықтық, жұмысшы үкіметі ретіндегі сипатын жеткілікті дәрежеде айқын көрсетеді: наубайларда түнгі жұмысқа тыйым салынды; жұмысшыларды талауды заңға айналдырған штраф салу жүйесі жойылды; ақырында, өндірісті қайтадан жолға қою үшін қожайындары тастап кеткен немесе жұмысын тоқтатқан барлық фабрикаларды, заводтарды және шеберханаларды жұмысшы артельдерінің қарамағына беру туралы атақты декрет (указ) шығарылды. Сөйтіп, өзінің шын-демократиялық, пролетарлық үкімет ретіндегі сипатын айрықша көрсету үшін істегендей, Коммуна: әкімшілік орындарының және үкіметтің барлық қызметкерлеріне ақы төлеу жұмысшылардың қалыпты ақысынан артық

болмауға тиіс және қалай да жылына 6000 франктан (айына 200 сомнан азырақ) артық болмауға тиіс деп қаулы алды.

Осы шаралардың бәрі Коммунаның құлдыққа және қанауға негізделген ескі дүние үшін өте-мөте қауіпті екенін жеткілікті дәрежеде айқын көрсетті. Сондықтан, Париждің қалалық Думасы үстінде пролетариаттың қызыл туы желбіреп тұрғанда, буржуазиялық қоғам тыныш ұйқтай алмады. Сөйтіп, ақыр-аяғында, ұйымдасқан үкімет күші революцияның нашар ұйымдасқан күшінен басым болып шыққанда, немістерден соққы жеген, жеңілген жерлестеріне келгенде батыр бола қалған бонапарттық генералдар, осы француздық Реннен-кампфтар мен Меллер-Закомельскийлер Парижде бұрын-соңды болып көрмеген қырғын жасады. Құтырынған солдаттар 30 000-дай париждіктерді өлтірді, 45 000-дай адам тұтқынға алынды, олардың көпшілігі кейіннен өлім жазасына кесілді, мыңдаған адам каторгаға айдалды, жер аударылды. Жалпы алғанда, Париж 100 000-дай ұлдарынан, оның ішінде барлық кәсіптегі таңдаулы жұмысшыларынан айрылды.

Буржуазия мәз болды. Оның көсемі, қаніпер ергежейлі Тьер, өзінің генералдарымен бірігіп, Париж пролетариатын қанды қырғынға ұшыратқаннан кейін «енді социализм ұзақ уақытқа құртылды!» деді. Бірақ бұл буржуазиялық құзғындар босқа қарқылдады. Коммунаны басып-жаныштағаннан кейін бас-аяғы алты жылдан соң-ақ, Коммунаның көптеген күрескерлері әлі каторгада және айдауда азап шегіп жүргеннің өзінде-ақ, Францияда жаңа жұмысшы қозғалысы етек алды. Өздерінің ізашарлары тәжірибесінен үйренген, бірақ олардың жеңілуінен тіпті де мойымаған жаңа социалистік ұрпақ Коммуна күрескерлерінің қолынан түскен туды көтеріп алып, «әлеуметтік революция жасасын! Коммуна жасасын!» деген ұранмен ол туды сеніммен, батыл алға апарды. Ал осыдан екі-үш жылдан кейін жаңа жұмысшы партиясы және елде ол жүргізген үгіт үстем таптарды әлі де болса үкіметтің қолында қалған тұтқын коммунарларды босатуға мәжбүр етті.

Коммуна күрескерлерін тек француз жұмысшылары ғана емес, бүкіл дүние жүзінің пролетариаты да құрметпен есте тұтады. Өйткені Коммуна қандай да болса жергілікті немесе тар ұлттық міндет үшін емес, бүкіл еңбекші адамзатты, барлық кемсітілгендер мен қорлық көргендерді азат ету үшін күресті. Коммуна әлеуметтік революция жолындағы алдыңғы қатарлы күрескер ретінде пролетариат азап шегіп, күресіп отырған жердің бәрінде тілектестік тапты. Оның өмірі мен ажалының суреті, дүние жүзінің астанасын тартып алып, екі айдан артық уақыт өз қолында ұстаған жұмысшы үкіметінің көрінісі, пролетариаттың қаһармандық күресінің және оның жеңілгеннен кейін көрген азабының бейнесі,— осының бәрі миллондаған жұмысшылардың рухын көтерді, олардың үмітін оятты және олардың тілектестігін социализм жағына аударды. Париж зеңбіректерінің гүрсілі пролетариаттың терең ұйқыға шомған ең мешеу топтарын оятып, барлық жерде революциялық-социалистік насихатты күшейтуге түрткі болды. Сондықтан да Коммунаның ісі өлген жоқ; ол осы уақытқа дейін әрқайсысымыздың жүрегімізде өмір сүріп отыр.

Коммунаның ісі — әлеуметтік революцияның ісі, еңбекшілерді саяси және экономикалық жағынан толық азат ету ісі, бүкіл әлемдегі пролетариаттың ісі. Міне, осы мағынада ол мәңгі жасайды.

«Рабочая Газета» № 4—5,
15 (28) апрель, 1911 ж.

«Рабочая Газетаның» тексті бойынша басылып отыр

ДАҒДАРЫСТЫҢ МАҢЫЗЫ ТУРАЛЫ

Газеттердің соншалықты көп жазған және жазып жүрген атышулы министрлік және саяси дағдарыс жұрттың бәрінен көп шулап жүрген либералдардың ойлағанынан гөрі анағұрлым терең мәселелерді көтеріп отыр. Дағдарыс конституцияның бұзылуы туралы мәселе қойып отыр деседі. Ал іс жүзінде дағдарыс октябристер мен кадеттердің конституция жөніндегі теріс түсінігі туралы, осы екі партияның бұл жөніндегі түбегейлі адасуы туралы мәселе қойып отыр. Бұл адасушылық неғұрлым кең тараған сайын, оны соғұрлым табандылықпен түсіндіру қажет. Кадеттер өздерінің октябризмді айыптауларының айғай-шуын желеу етіп, дағдарыстың бейнебір «конституциялық» сипаты туралы октябристер мен кадеттерге ортақ теріс идеяларды өткізуге неғұрлым тырыса түссе, қазір осы ашылып отырған ортақтықты анықтау соғұрлым маңызды болады.

«Речь» пен «Русские Ведомостидің» IV Дума сайлауының ұраны туралы жуырда айтқан пайымдауларын еске түсірейікші. Конституцияпы жақтаймысың әлде оған қарсымысың — мәселе осылай қойылады, қазірдің өзінде осылай қойылып отыр деп сендірмек болды кадеттік басты екі органның екеуі де.

Енді октябристердің пайымдауларына қараңыз. Громобой мырзаның «Голос Москвыдағы» (30 март): «Қопарылған құмырсқа илеуі» деген ерекше мақаласын алайық. Столыпин мырзаның «оппозицияға өтуден қор-

қатын» қорғаушыларын, өзінің пікірінше, адал қорғаушыларын октябристік публицист олар «қате қадамдар жасап отыр» деп сендірмек болады. «Конституционалистер үшін,— деп лепіреді Громобой мырза,— конституцияны бұзу күнәсының ауырлығы соншалық, оны таразы тастарының ешқайсысы да баса алмайды». Громобой мырза: шын мәнісінде не айтуға болады? деп сұрақ қояды да, былай деп жауап береді:

«Тағы да шақпақты мылтық, ұлтшылдық, ерік импульстері, мемлекеттік қажеттілік? несін айтасың, мұның бәрін бұрын да есіткенбіз, кейін ақталмаған уәделерді де есіткенбіз».

Столыпин саясаты октябристер үшін (кадетизмнің рухын бәрінен терең түсінген және оны бәрінен анық білдірген «Вехи» жазушылары үшін де) қызығарлық «уәде» болды. Октябристердің мойындауынша, «уәде» ақталмады.

Бұл не деген сөз?

Шынына келгенде, Столыпиннің саясаты уәде емес, орыс өмірінің соңғы төрт жылының (егер бес жылының болмаса) саяси және экономикалық шындығы болды. 1907 жылдың 3 июні де, 1906 жылдың 9 ноябрі де (1910 ж. 14 июнь) — уәде емес, шындық. Дворяндық ірі жер иелігінің және сауда-өнеркәсіп капиталының жоғары топтарының ұлттық шеңберде ұйымдасқан өкілдері осы шындықты жүргізіп, жүзеге асырды. Ал егер қазір октябристік, москвалық (демек, бүкіл россиялық та) капиталдың үні: «ақталмады» деп отырса, онда бұл арқылы саяси тарихтың белгілі бір кезеңіне, III Мемлекеттік дума арқылы, столыпиндік аграрлық саясат, тағысын-тағылар арқылы заман талабын, Россияның капиталистік дамуының талабын «ақтау» әрекеттерінің белгілі бір жүйесіне қорытынды жасалып отыр. Октябристік капитал мейлінше адалдықпен, барлық жігермен, жан аямай, тіпті қалтасын да аямай, осы әрекеттерге көмек көрсетті, ал енді келіп: ақталмады, деп мойындауға мәжбүр болып отыр.

Демек, мәселе тіпті де уәделерді бұзуда емес, «конституцияны бұзуда» емес,— өйткені 1911 жылғы 14 мартты 1907 жылғы 3 июньнен бөліп алу адам күлерлік

іс,— октябристер мен кадеттердің «конституция» деп отырғандары арқылы заман талаптарының орындалмайтындығында болып отыр.

Заманның бұл талаптары кадеттерді көпшілік болуға жеткізген (I және II Думалар) «конституция» арқылы орындалмайды, октябристердің партиясын шешуші партия еткен (III Дума) «конституция» арқылы орындалмайды. Сондықтан қазір октябристер: «ақталмады» дейді екен, онда бұл мойындаудың маңызы, бұл мойындауға мәжбүр еткен дағдарыстың маңызы кадетизмнің де, октябризмнің де конституциялық жалған үміттерінің өте-мөте, қайтадан, біржолата күйреуінде болып отыр.

Демократия ескіні орнынан қозғалтты. Кадеттер демократияны «эксцестер» үшін кінәлап, бейбіт «конституция» арқылы жаңаны жүзеге асыруға уәде етті. Онысы ақталмады. Столыпин мырза жаңаны жүзеге асырғанда — өзгерген формалар ескіні нығайта алатындай етіп, қумүйіз-помещиктер мен капитал тіректерінің ұйымы ескіні нығайтатындай етіп, жеке жер меншігі қауымның орнына ескіні қорғаушылардың жаңа тобын құратындай етіп жүзеге асыра бастады. Уақытша басып-жаншылған демократия «қауіп туғызбаған» талай жылдар бойы октябристер Столыпин мырзамен бірге осы міндетті орындау үшін еңбек етті.

Онысы ақталмады.

Россиядағы XX ғасырдың бас кезіндегі дәуір сияқты шапшаң және түбегейлі өзгерістер дәуірлерінде конституциялық жалған үміттердің пайдасыз және зиянды екендігі туралы айтқан адамдардың сөздері расталды.

Октябристік III Думаның, октябристік «конституцияның», Столыпинмен бірге октябристік «тату-тәтті өмір сүрудің» үшжылдығы нәтижесіз болған жоқ: елдің экономикалық дамуы ілгері басты, «оңшыл» — барлық «оңшыл» атаулы — саяси партиялар дамыды, құлаш жайды, өздерін көрсетті (және өздерін сарқып та бітті).

Үшінші Думаның аграрлық саясаты Россияның көптеген деревнялары мен меңіреу түкпірлерінде өзін *іс жүзінде* көрсетті, ғасырлар бойы тоқырап келген наразылықты сергітті, болып отырған қайшылықтарды де-

рекі түрде ашып, шиеленістірді, кулакты арсыздандырып, оның қарсы адамдарының көзін ашты. Үшінші Дума ізсіз кеткен жоқ. Жақсы, ізгі, пәк және дәрменсіз тілектерді соншалық көп берген алғашқы екі Дума да ізсіз кеткен жоқ. 1911 жылдың «конституциялық» дағдарысының қауызынан 1906—1910 жылдардың конституциялық жалған үміттерінің бұрынғыдан да гөрі анағұрлым терең күйреуі байқалды.

Кадеттер де, октябристер де, шын мәнісінде, өз саясатын әлгі жалған үміттерге негіздеуде бір жерден шықты. Мұның өзі либерал буржуазияның жалған үміттері, орталық партиялардың жалған үміттері болды — «солшыл» орталық (кадеттер) пен «оңшыл» орталықтың (октябристер) айырмашылығы болмашы, өйткені объективті жағдайлардың әсерімен бұлардың екеуі де сөзсіз күйреуге тиіс болды. Ескі орнынан қозғалтылды. Солшыл орталық та, оңшыл орталық та жаңаны жүзеге асырған жоқ. Осы жоюға болмайтын, тарихи болмай қоймайтын жаңаны кім және қалай жүзеге асырады,— бұл мәселенің басы ашық қалып отыр. «Конституциялық» дағдарыстың маңызы мынада: жағдайдың қожайындары, октябристер, тіпті өздерінің ең «байсалды» болып көрінген, көпестік-байсалды, саудагерлік-дұрыс, москвалық-қарапайым тілектерінің өзі «ақталмады» деп жазып, бұл мәселенің *тағы да* «басы ашық» қалды деп мойындады. «Конституциялық» дағдарыстың маңызы мынада: кадеттер қойған ұранның (кім конституцияны жақтайды, кім конституцияға қарсы) бүкіл өресіздігі, бүкіл бейшаралығы, бүкіл дәрменсіздігі октябрист мырзалардың тәжірибесінде ашылды.

Демократия бұл ұранның жеткіліксіздігін дәлелдеп отыр. Октябризм бұл дәлелдерді орыс тарихының тағы бір кезеңінің тәжірибесі арқылы растады. Кадеттер оны кейін қарай, бұрынғы аңғырт конституциялық жалған үміттерге қарай сүйреп апара алмайды.

«Бұлжымайтын октябристер,— деп жазады Громобой мырза,— күйіп-пісіп, бюродан шығамыз деп мәлімдейді, конституционализм жөніндегі өз жолдастары жайында не істеуді білмейді. Босқа мазасыздану. Шындық өздері жағында екенін және бұл шындықтың соншалық түсінікті екенін, жұрттың бәрі сон-

шалық мойындаған шындық екенін, ол шындықты қорғау үшін Коперниктер мен Галилейлердің керек емес екенін түсініп, олар сабырлы болулары керек. Олар өз ісін сабырлы түрде істеуі керек,— заңсыз әрекеттерді заңсыз деп мойындау керек және заңсыз заңды, ешқандай ымыраға бармастан, сөзсіз қабылдамай тастау керек».

Мұныңыз жалған үміт, Громобой мырза! «Коперниктер мен Галилейлер» болмайынша, ештеңе бітпейді. Сіздерде «ақталмады», бұларсыз ештеңе бітпейді.

«...Қазып тасталған бүкіл осы құжынаған құмырсқа илеуіне — жағымпаз баспасөзге, жағымпаз шешендерге, жағымпаз депутаттарға (Громобой мырза: жағымпаз, малай буржуазияға деп аяқтаңыз) қарай отырып, оларды адамдықпен аяй отырып, тек жай ескертуге болады: П. А. Столыпинге енді қызмет етуге болмайды,— тек қана жағынуға болады».

Бірақ П. А. Столыпин біреу емес, ол тип, ол жалғыз емес, Біріккен дворяндар советімен «тамыр» болып отыр. Октябрист мырзалар Дума кезінде, «конституция» кезінде, қауымды толмачевтық күйзелтудің буржуазиялық саясаты кезінде онымен жаңаша келісіп тұруға әрекеттеніп көрді, ал егер бұл әрекет сәтсіз болған екен, онда мәселе тіпті де Столыпинде емес.

«... Халық өкілдерінің бүкіл күші олардың халықпен байланысында ғой, ал егер олар (оңшыл октябристер) осындай қолдау (Столыпинді және конституцияны столыпиндік бұзуды қолдау) фактісінің өзі арқылы өз «бейнесін» жоғалтса, онда бұдан кейін олардың не құны қалады?»

Қандай халге жеттік десеңізші! Октябристер «халық өкілдерінің күші» ретінде «халықпен байланыс» туралы әңгіме етіп отыр! Бұл, әрине, адам күлерлік нәрсе! Бірақ бұл — кадеттердің, айталық, жер жөніндегі жергілікті комитеттерге қарсы сөздерімен қатар, олардың «халықпен байланыс» туралы I және II Думалардағы сөздеріне қарағанда онша күлкілі емес. Кадеттер мен октябристер айтқанда күлкілі көрінетін сөздер — өзінен өзі тіпті де күлкілі емес, қайта маңызды сөздер. Олар — қазір осы сөздерді айтып отырған адамдардың

еркіне қарсы, конституциялық жалған үміттердің күйреуін — «конституциялық» дағдарыстың пайдалы жемісі болып отырған күйреуін көрсеткен үстіне көрсетіп отыр.

«Звезда» № 18. 16 апрель, 1911 ж.
Қол қойған: В. Ильин

«Звезда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

АҒЫЛШЫН СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫНЫҢ КОНГРЕСІ

Европаның көптеген социалистік партиялары — француз, Бельгия, Голландия (оның оппортунистік бөлегі), ағылшын социал-демократиялық, ағылшын «Тәуелсіз жұмысшы»[98] партиялары — пасха мейрамдарын (жаңаша 16 апрель) өз конгрестерін өткізу үшін пайдаланды. Соңғы екі партияның съездерінде талқыланған кейбір мәселелерге біз оқушының назарын аудармақшымыз.

Ағылшын социал-демократиялық партиясының (S. D. P.) отыз бірінші жылдық съезі Ковентриде өтті. «Қарулану мен сыртқы саясат» туралы мәселе ең қызықты мәселе болды. Жұртқа мәлім, Англия да, Германия да соңғы жылдары өте-мөте жанталаса қаруланып жатыр. Дүние жүзілік рынокта бұл елдердің арасындағы бәсеке барған сайын шиеленісе түсіп отыр. Соғыс қақтығысының қаупі барған сайын төніп келеді. Екі елдің де буржуазиялық шовинистік баспасөзі «жауға» айдап салатын, «герман шапқыншылығының» немесе «ағылшын шабуылының» сөзсіз қауіп туғызып отырғаны туралы байбалам салатын, жанталаса қаруланудың қажеттігі туралы айқай-шу көтеретін, делебе қоздыратын миллион-миллион мақалаларды халық бұқарасына таратуда. Англия мен Германияның, сондай-ақ Францияның (оны Англия Германияға қарсы континенттік және құрғақтағы армиясы болу үшін соғысқа ерекше құштарлықпен тартқан болар еді) социалистері соғыс қаупіне көп көңіл аударып отыр, буржуазиялық шовинизмге қарсы және қарулануға қарсы бар күшін салып

күресіп отыр, пролетариат пен ұсақ буржуазияның мейлінше артта қалған топтарына тек буржуазияның мүдделеріне ғана қызмет ететін соғыстың қандай күйзелістер әкелетінін түсіндіруге барынша тырысып отыр.

Ағылшын социал-демократиялық партиясының кейбір көрнекті көсемдері және олардың ішінде Гайндман социалистердің арасындағы күйініштi ерекше адамдар болды. Гайндман ағылшынның буржуазиялық баспасөзінің «неміс қаупі» туралы айғай-шуларынан үрейі ұшып, Англия қорғану үшін қарулануға мәжбүр болып отыр, Англияға күшті флот керек, Вильгельм — шабуыл жасайтын жақ дегенді қорғауға дейін жетті.

Рас, социал-демократиялық партияның өзінің ішінен Гайндманға соққы, күшті соққы берілді. Жергілікті топтардың бірқатар қарарларында оған үзілді-кесілді қарсы пікір айтылды.

Ковентриде болған съездің — немесе мағынасы жағынан орыс сөзіне сәйкес келмейтін ағылшын сөзін қолданғанда, «конференцияның»— даулы мәселені шешуіне тура келді. Хэкнидегі (Hackney — Лондонның солтүстік-шығысындағы округ) топтың қарары шовинизм атаулыға үзілді-кесілді дұшпандық көзқараста болды. Социал-демократиялық партияның орталық органы «Justice»[99] өзінің съезд туралы есебінде бұл қарардың, қару-жарақтарды көбейту атаулыға қарсы, отарлау және агрессиялық финанс саясаты атаулыға қарсы үзілді-кесілді күресуді талап ететін қарардың («шұбалаңқы» деп сылтауратып) тек соңғы жағын ғана келтіреді. Осы қарарды қорғаған Зельда Каган соңғы 40 жыл бойы нақ Англияның агрессиялық саясат жүргізіп отырғанын, Англияны өзінің провинциясына айналдырудан Германияның ештеңе ұтпайтынын, мұндай қауіптің жоқ екенін атап көрсетті. «Ағылшын флоты империяны сақтау үшін өмір сүріп отыр. Соғыс болады деп қорқытатын шовинистерді партияға балап, социал-демократиялық партия қазірдегідей соншалық елеулі, соншалық ауыр қатені әлі ешқашан жасаған емес; осы қатенің нәтижесінде,— деді Каган,— ағылшын социал-демократтары өздерін халықаралық қозғалыстан шеттетті».

Партияның Орталық Комитеті («атқару комитеті») түгелдей және — мұны ұяла отырып айтуға тура келеді — оның ішінде Г. Квелч Гайндманды қорғады. Оның ұсынған «түзетуі» артық та емес, кем де емес, мынаны айтты: «конференция ұлттық қорғаныс үшін жеткілікті (adequate) флот ұстауды қазіргі уақыттағы тікелей мақсат деп есептейді»!.. Әрине, мұнымен қатар «жақсы және ескі сөздердің» бәрі де — империалистік саясатпен күресу туралы сөздер де, капитализммен, т. т. соғысу туралы сөздер де қайталанады. Бірақ мұның бәрі, әрине, *бір қасық қара маймен* уланған: буржуазиялық-жалтарғыш және сонымен қатар таза буржуазиялық, шовинистік құрғақ сөзбен, «жеткілікті» флоттың қажеттігін мойындайтын құрғақ сөзбен уланған. Ал мұның өзі 1911 жылы, ағылшынның теңіз бюджеті өлшеусіз өсу тенденциясын ашықтан-ашық көрсеткен кезде болып отыр,— және мұның өзі флот «империяны», яғни оның ішінде Индияны «қорғап, күзететін» елде болып отыр, ал Индияда 300 миллион дерлік халық ағылшын бюрократиясының тонауы мен зорлық-зомбылығына ұшыратылып отыр, мұнда ағылшынның либерал және «радикал» Морли (Morley) сияқты «көзі ашық» мемлекеттік адамдары жергілікті адамдарды саяси қылмыстар үшін *жер аударып жатыр,* саяси қылмыстар үшін *ұрып-соғып жүр!*

Квелчтің қандай бейшаралық софизмдерге сүйенуіне тура келгені оның сөзінің төменде келтірілетін жерлерінен-ақ көрініп отыр (Гайндманды қорғайтын «Justice»-дегі есеп бойынша)!.. «Егер біз ұлттық автономияны мойындайды екенбіз, біздің ұлттық қорғанысымыз болуға тиіс,— ал мұндай қорғаныс жеткілікті болуға тиіс, әйтпесе ол пайдасыз. Ағылшын немесе герман империализмі болсын бәрі бір, біз — империализмнің дұшпанымыз; Пруссия үстемдігінің қол астындағы ұсақ ұлттар оның деспотизмін жек көреді, сондықтан ол қауіп туғызып отырған кішкентай ұлттар британ флотын және герман социал-демократиясын өзінің бірден-бір үміті деп қарайды...»

Оппортунизмнің тайғақ жолына түскен адамдар төмен қарай, міне, қалай тез құлдырайды десеңізші! Ин-

дияны (онша «кішкентай» емес ұлтты) құл етуге жәрдемдесуші британ флоты халықтардың бостандығын қорғаушы ретінде герман социал-демократиясымен *қатар* қойылады... Ағылшын социал-демократиясы өзін әлі ешқашан да бұлайша масқаралаған жоқ дегенді З. Каган дұрыс айтқан. Социал-демократияның Энгельс әлдеқашан атап көрсеткен және айыптаған[100] сектанттық сипаты тіпті Квелч сияқты адамдардың да шовинистер жағына осылай *оп-оңай өтіп кетуіндегідей* ешқашан айқын аңғарылған емес.

Дауысқа салған кезде дауыстар тепе-тең екіге бөлінді: 28 дауыс «атқару комитетін» жақтады, 28 дауыс қарсы болды. Өкінішті жеңіске жету үшін, Гайндман мен Квелч топтар бойынша дауыс беруді қолдануға тиіс болды. Бұл оларға 33 дауысқа қарсы 47 дауыс әперді.

Социал-демократиялық партияның ішінен өз қатарларындағы шовинизмге қарсы барынша батыл наразылық көрсеткен адамдар табылды, елеулі күрес жүргізетін өте күшті азшылық табылды. «Тәуелсіз жұмысшы партиясында» іс тіпті жаман: онда оппортунизм таңқаларлық нәрсе емес. Онда социалистер мен жұмысшылар қарулануды қолдауға тиіс пе, жоқ па деген мәселе партияның ресми органы «The Labour Leader»[101]-дің (1911 ж. 21 апрельдегі 16-номері) «айтыс» мақалаларында тым жайбарақаттықпен талқыланады.

«Vorwärts»-тің Лондондағы тілшісі: социал-демократ көсемдердің даналығын *мадақтаушы әсіре шовинистік* «Daily Mail»[102] газетіндегі мақала социал-демократиялық партияның позициясы жөнінде айтылған жақсы сын болды деп дұрыс көрсетті. «Мынаны көру қуанышты,— деп басталады шовинистік ағылшын газетінің мақаласы,— біздің елдегі социал-демократиялық партияның кейбір идеялары қаншалықты қисынсыз болғанымен, оның кейбір мұраттары қаншалықты мүмкін емес болғанымен, тым болмағанда, елеулі маңызы бар бір мәселе бар екенін, бұл партияның осы мәселеде парасатты және дұрыс адамдық ойды басшылыққа алып отырғанын көру қуанышты».

«Тәуелсіз жұмысшы партиясының» Бирмингамда болған съезінде шынымен қуанышты болған құбылыс мынадай: ол партияның қатарынан оппортунистік саясатқа қарсы, либералдарға тәуелділік саясатына, жалпы алғанда осы партия, әсіресе партияның басшысы, Рамсей Макдональд, жүргізіп отырған саясатқа қарсы батыл және үзілді-кесілді наразы болған үн көтерілді. Жұмысшы депутаттар қауымдар палатасында социализм туралы аз айтады деген кінәларға жауап ретінде Р. Макдональд парламентте «насихаттық сөздер» айту онша орынды болмайды деп қаймағы бұзылмаған оппортунистік аңғалдықпен жауап берді. «Қауымдар палатасының ұлы қызметі,— деп мәлімдеді Макдональд,— елде біз уағыздап отырған социализмді заңға айналдыруда болып отыр». Шешен буржуазиялық әлеуметтік реформаның социализмнен ерекшелігін ұмытып кетті! Ол буржуазиялық парламенттен социализмді күтуге әзір...

Леонард Холл (Hall) өз сөзінде былай деп көрсетті: «Тәуелсіз жұмысшы партиясы 1892 жылы либерализмнің әншейін қанаты ғана болған «Еңбек сайлау лигасы» («Labour Electoral League») саясатының әдейі беделін түсіру мақсатымен, ол саясатпен күресіп, оны жою үшін құрылған болатын. Біз өлікті жерледік (осы Лиганы құрттық), бірақ рух қазіргі «Жұмысшы партиясында», сірә, жанданған болу керек. Бұл партияның лидері өзінің сөздерінде, хаттарында, кітаптарында нақ Лиганың саясатын жүргізді де».

I. L. P.*-дің екінші бір мүшесі, парламент мүшесі Джордж Ленсбери (Lansbury) парламенттік «жұмысшы» тобының саясатын оның либералдарға тәуелділігі үшін, либералдық үкіметке «зиян тигізуден» оның қорқатыны үшін қатты сынады. «Мен,— деді Ленсбери,— жұмысшы депутаттарының мінез-құлқынан өзімді неше мәрте ұяттымын деп сезгенім соншалық, мандатымды тапсырмақ болдым. Либералдар барлық уақытта палатаны ұсақ мәселелермен айналыстырғысы келеді, ал жұмысшы депутаттары өзіне дербестік ала білмей

* — Independent Labour Party — Тәуелсіз жұмысшы партиясының. *Ред.*

отыр». «Мен,— деді Ленсбери,— либералдардың да, торилардың да бұқараның қайыршылығы туралы, кедейлік туралы мәселені кейін сырғыту үшін, қайдағы бір «маңызды» мәселені ұсынбаған кезін білмеймін. Мен қауымдар палатасында отырмын, ал менің көз алдымда мені парламентке өткізе отырып, Боу мен Бромлидің лас түкпірлерінде (Лондондағы, Истендтегі округтер, қайыршылық кварталдары) күн сайын еңбек еткен жұмысшылардың, еркектер мен әйелдердің бейнелері тұрады. Олар мені сайлай отырып, жұмыс істеді, өйткені олар мені либералдар мен ториларға ұқсас емес деп ойлады. Олар мені кедейшілік, кедейшілік, кедейшілік туралы мәселені қою үшін жіберді... Мен сіздерді — деп съезге арнап сөз сөйледі шешен — қауымдар палатасында мықты партияны, либералдарға және ториларға көнгіштік жасау атаулыға мүлде жат партияны құруға шақырамын. Либералдар жаманшылық істеп отырғанда біз консерваторлардан (торилар) гөрі либералдарға мейлінше аяусыздық көрсетуге тиіспіз. Еңбек етіп, жоқшылық көріп отырған жұмысшылар либералдардан да, ториларданда ештеңе күтпейді; олардың бірден-бір үміті, олардың бірден-бір құтылу жолы — олардың өздерінің ұйымдасқан күш-жігері... Парламенттен тыс айтқандарымыздан тіпті парламенттің өзінде де танбайтындығымызды, атап айтқанда, либералдар мен торилар халықтың жауы екенін, социализм жұмысшының бірден-бір үміті екенін біз Лондонның лас түкпірлерінің жұмысшыларына көрсетуіміз керек».

Ленсберидің сөзін съезд ду қол шапалақтап бөліп отырды, ол сөзін аяқтағанда съезд шешенге нағыз овация жасады. Германияда мұндай сөздер — үйреншікті сөздер. Англияда бұл сөздер — жаңалық. Сондықтан мұндай сөздер айтыла бастаған кезде, «Тәуелсіз (амал не, көбінесе-ақ социализмге тәуелсіз, либералдарға тәуелді) жұмысшы партиясы» съезінің жұмысшы делегаттары мұндай сөздерге қол шапалақтаған кезде, міне, сол уақытта біздің: пролетариат күресінің рухы *Англияда* да Макдональд сияқты оппортунист парламентарийлердің айла-шарғысынан үстем болып отыр деп қорытынды жасауға хақымыз бар. (Жақсының

ішінде айта кетейік, осы Макдональд буржуазиялық министрлікке кіруге әзір отырған итальян реформистеріне таяуда өзінің толық іш тартатынын және «құрғақ теорияны» өзінің сүймейтінін білдіріп, сәлем жолдады.)

Холлдың, Ленсберидің және басқалардың сөздері «Тәуелсіз жұмысшы партиясының» саясатын өзгертпеді. Бұл партияны Макдональд басқарып қалып отыр, сондықтан оның саясаты бұрынғыша оппортунистік саясат болады. Пролетариатқа буржуазиялық ықпалдар күшті — әсіресе демократиялық елдерде күшті. Бірақ бұл сөздер із-түзсіз жоғалып кетіп жатқан жоқ, олар буржуазия мен оппортунистердің ықпалын әлсіретуде. Ағылшындар күнделікті газет шығара бастаған кезде (*екі* партия да бұл туралы қатты ойлап отыр),— осындай, тек осындай сөздер ғана жұмысшы табының ақылы мен жүрегіне жол табатын болады. Барлық елдердің, оның ішінде Россияның да, либералдары қазір ағылшын жұмысшы қозғалысында оппортунизмнің үстемдігін көргенде масайрап, күліп отыр. Бірақ—«соң күлген — жақсы күледі».

«Звезда» № 18, 16 апрель, 1911 ж.
Қол қойған: В. Ильин

«Звезда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЖАРИЯШЫЛДЫҢ ЖОЙЫМПАЗДЫҚҚА ҚАРСЫ АДАММЕН ӘҢГІМЕСІ[103]

Жарияшыл. Менің ойымша, социал-демократиялық баспасөзде жойымпаздарға қарсы күрес пен таластардың өте-мөте шиеленісуі желігуді тым қоздырып жіберді, сөйтіп ажырасудың мәнін біраз күңгірттеді.

Жойымпаздыққа қарсы адам. Керісінше емес пе? Күрестің шиеленісуі идеялық ажырасудың тереңдігінен туған жоқ па? Әлде сіз де тұңғиықты бос сөздермен, даурықпалы қадірсіз сөздермен толтыруға тырысатын «ауытқушылардың» — басқаша айтқанда «ымырашылдардың» — лагеріне өтіп кеттіңіз бе?

Жарияшыл. О, жоқ, «ымыраластыруға» менің тіпті де бейімдігім жоқ. Қайта керісінше. Менің ойым мынадай: жойымпаздардың саналылығы жетпейді, сондықтан да онша батыл емес. Олар әлі де қараңғыны қармалап жүр, егер осылай айтуға болса, стихиялы түрде өсіп келеді. Олар әлі де болса өз ойларын ақырына дейін ойлауға қорқады. Олардың дәйексіздігі, шатасушылығы, бұлталағы осыдан туып отыр, бұларын қарсыластары екіжүзділік, құпия партияға, т. т. қарсы күрестің алаяқтық тәсілдері деп отыр. Осыдан ұрыс-керіс шығады, ал қалың жұртшылық, талас осылар үшін жүргізіліп жатса да, мәселенің неде екенін түсінудеп қалады. Егер жойымпаздар ішінде аса шебер дипломаттар азырақ болып, өзіне деген сенім көбірек болса, онда олар өздерінің дұрыстығын тезірек дәлелдеген болар еді және сіздердің тас-талқаныңызды шығарған болар еді.

Жойымпаздыққа қарсы адам. Қорқынышты түс, бірақ... сіздің дәлелдеріңізді есіту қызықты болар еді.

Жарияшыл. Менің сенімімше, жойымпаздардікі дұрыс. Олар өздеріне қарсы бағытталған жарияшыл деген атты іле жөнелуге тиіс. Біз оны іле жөнелеміз және біз Россиядағы қазіргі жұмысшы қозғалысының қарғыс атқан мәселелеріне, марксизм тұрғысынан, бірден-бір дұрыс жауапты нақ жарияшылдардың беретінін көрсетеміз. Біз бастан кешіріп отырған дәуір Россияның экономикалық және саяси дамуының кейбір ерекше кезеңі болып табылатынын сіз мойындайсыз ба әлде мойындамайсыз ба?

Жойымпаздыққа қарсы адам. Мойындаймын.

Жарияшыл. Сіз атышулы «декабрь» (1908 жылғы) қарарларыңыз сияқты сөз жүзінде ғана мойындайсыз. Егер мұндай мойындау жөнінде шындап ойланатын болсаңыз, онда ол, айталық, III Думада социал-демократиялық фракцияның ашық өмір сүруі кездейсоқтық емес, «ағымдағы кезеңнің» ажырамас құрамдас бөлегі болып табылады дегенді білдіреді. Қазіргі уақыттың саяси жағдайларының бүкіл жиынтығы, жұмысшы қозғалысы жағдайларының бүкіл жиынтығы мынадай: Думадағы ашық *жария* социал-демократиялық фракция болуы мүмкін және қажет, ашық *жария* социал-демократиялық жұмысшы партиясы болуы мүмкін және қажет.

Жойымпаздыққа қарсы адам. Мұның өзі Думадағы социал-демократиялық фракциядан социал-демократиялық жұмысшы партиясына қауіпті түрде секіріп түскендік емес пе?

Жарияшыл. Ешбір қауіпті емес. Барлық мәселе мынада ғана: социал-демократияның III Думада өмір сүру формалары бізге сырттан берілді, бізге оларды тек қабылдауға ғана тура келді, былайша айтқанда, әзір үйге кіруге ғана тура келді, ал жария жұмысшы партиясының өмір сүру формаларын өзіміздің табуымыз керек. Мұнда инициатива қажет, жаңа формалар үшін күресу қажет. Сіздер жойымпаздар деп жиреніштен атайтын адамдар осы күресті бастады, жаңа жолға түсті — бірақ, амал не, тек бір аяғымен ғана түсіп отыр.

Амал не, олар әлі де болса жасқаныш, артқа жалтақтап, жартылай шаралармен қанағаттанып отыр. Жаңа жолға түскенде бұл сөзсіз болады, осылай-ақ болсын, бірақ бастаудан кейін жалғасы келеді. Алғашқы қадамдардың тартыншақтығы да бітеді, қателер де түзетіледі.

Жойымпаздыққа қарсы адам. Тамаша. Бұл қателердің қандай екенін және түзетудің нендей болатынын түсіндіріп көрмейсіз бе?

Жарияшыл. Бар ықыласыммен түсіндіремін. Ертеңгі күнгі жария жұмысшы партиясының дәл қандай болатынын алдын ала болжап айтуға болмайды, бірақ жұмысшы қозғалысының дамуындағы жалпы бағытты көрмеу мүмкін емес. Бұл бағытты қазіргі бағыт деп мойындай отырып, мен жария партияның кескін-келбетін батыл суреттеп бере аламын, рас, өмір шындығының дәл мұндай болмайтынын, бірақ *осы тәрізді* болатынын білемін. Ал сізге бұл кескін-келбетті суреттеп беру үшін менің «ойдан шығарушылыққа» салынуымның тіпті де қажеті жоқ. Менің тек өмір сабақтарына, жаңа, революциядан кейінгі, жағдайлардағы жұмыстың тәжірибесіне көз жіберуім ғана керек. Маған осы тәжірибені қорытып, жеке жағдайларды алып тастап, негізгі желіні алу жеткілікті. Думада жария жұмысшы өкілдігі өмір сүріп отыр. Жария социал-демократиялық фракция өмір сүріп отыр. Ол фракция қуғындалып жүр, тыңшылар оның басқан ізін аңдып отыр, оның жиналыстар өткізуіне рұқсат етілмейді, оның білгір адамдарын алып кетеді, ертең түрмелерге тығып, жер аударып, оның тоз-тозын шығаруы мүмкін — сіздің шолақ ойлы жақтаушыларыңыздың ойлайтынындай, жария партия соттар мен полицейлердің қуғын-сүргіндерін тіпті де жоққа шығармайды. Бірақ қуғын-сүргінге қарамастан, жария фракция өмір сүріп отыр. Жария жұмысшы одақтары, клубтар, маркстік жария журналдар мен апталықтар өмір сүріп отыр,—оларды бұрынғыдан да қатты қудалап отыр, жауып жатыр, штрафтармен тынысын тарылтып отыр, олардың редакторлары бір ай редактор болғаны үшін жазаланып, бір жарым ай түрмеге отыруы мүмкін, одақтар әрдайым таратылып жіберілуде, бірақ олар сонда да өмір сүріп отыр.

Осы фактіге ой жіберіп көріңізші. Жария жұмысшы одақтарының, маркстік жария баспасөздің, жария социал-демократиялық депутаттардың жоқтығы оз алдына мәселе. 1905 жылға дейін осылай болған. Үздіксіз қуғын-сүргінге *қарамастан,* үнемі жауып тасталуына қарамастан олардың өмір сүруі — екінші мәселе. 1907 жылдан кейін істің жайы осылай болып отыр. Жағдайдың жаңалығы да осында болып отыр. Осы «жаңалықты» кеңейтіп, нығайтып, бекіту үшін, оны қостай білу керек.

Жойымпаздыққа қарсы адам. Сіз осы кезге дейін шығып жүрген жарияшылдарға қарағанда неғұрлым батыл, неғұрлым дәйекті жарияшыл болуға уәде беруден бастап едіңіз, бірақ сіз әзірге барлық жойымпаздардың әлдеқашан-ақ айтқан сөздерін әлі де болса тек қайталап қана отырсыз.

Жарияшыл. Мен айтып өттім: дәйекті, сенімді жарияшылдықтың бейнесі өмір тәжірибесін зер сала бақылаудан өзінен-өзі-ақ шығады. Жария социал-демократиялық жұмысшы партиясының барлық жеке элементтері іс жүзінде қазірдің өзінде өмір сүріп отыр. Барды бар деп ашық та тура айту керек. Бүгін-ертең осы бытыраңқы элементтердің бір жерге жиналатынын, бір жерге жиналуға тиіс екенін, сөйтіп осындай партияның туатынын қорықпай мойындау керек. Ол партияны құру керек, ол құрылады да. Оны қудалайтын болады, бірақ ол өмір сүре береді,— жария жұмысшы партиясы болмаған жылдардан кейін жария жұмысшы партиясының берік емес, толып жатқан қудалаулар үзіп отыратын, өмір сүру жылдары туады,— ал одан кейін Россияда таза европалық жария социал-демократиялық партияның жылдары туады. Жария социал-демократиялық партияның өмір сүру жылдары қазірдің өзінде басталды, сіздің жүзден тоқсан тоғызы талқандалған астыртын жұмысыңыздан гөрі, ол партия қазірдің өзінде *нақтылырақ.* Жарияшылдарды түбегейлі топтастыру үшін, олардың қызметін неғұрлым сенімді, жүйелі, ұстамды ету үшін барды бар деп айтудан қорықпау керек, осы нақтылықты өз атымен атаудан қорықпау керек, ұран тастаудан, ту көтеруден қорықпау керек.

Соттар мен полиция ол туды біздің қолымыздан мейлі жұлып ала берсін, оны мейлі ондаған рет жұлып ала берсін,— оны жоя *алмайды,* оны ұзақ уақытқа жұлып ала алмайды, өйткені ту бар нәрсені, өсіп келе жатқан нәрсені, өспей отыра алмайтын нәрсені жинақтайды.

Жойымпаздыққа қарсы адам. Іске көшіңіз, іске. Әйтпесе мен сайрайсың жақсы, қонар жерің қайсы деген мәтелді есіңізге саламын. Сіз турасын айтуға уәде беріп едіңіз. Кәніки, турарақ, нақтылырақ айтыңыз: сіздің туға не жазылатын болады?

Жарияшыл. Мен дәл осыны айтқалы да отырғанмын. Біз жұмысшы қозғалысына жәрдемдесетін жария қоғам құрамыз. Бұл қоғамның принципті негізі — марксизм. Қоғамның мақсаты — марксизм негіздерінде өмірдің қоғамдық жағдайларын қайта құру, таптарды жою, өндірісте анархияны жою, т. т. Жария партияның, яғни біздің қоғамның таяудағы мақсаты — мемлекеттік және қоғамдық құрылысты толық демократияландыру; аграрлық мәселені демократиялық бағытта, маркстік көзқарастар негіздерінде шешуге жәрдемдесу; мейлінше кең жұмысшы заңы. Ақырында, жаңа қоғамның қызмет құралдары — насихаттың, үгіттің және ұйымдастырудың барлық заңды құралдары.

Жойымпаздыққа қарсы адам. Сіз біздің үкімет мұндай қоғамды тіркеуге рұқсат етеді деп ойлайсыз ба?

Жарияшыл. Алаң болмаңыз, бұлай деп ойлайтын мен тіпті де оншама аңқау емеспін. Әрине, біздің қоғам тіркелмейді, бірақ оны құпия деп мойындауға болмайды, біздің міндетіміздің өзі де нақ осында. Әрбір губернияда бір жұмысшыдан соң бір жұмысшы осындай қоғамның уставын жасап, оны өкіметтің бекітуіне ұсынатын болады. Мұның өзі жариялылық жолындағы дәйекті, табанды күрес болады. Мұндай қоғамды құрушылар мен оның мүшелерін біздің бейнебір қазіргі партиямыздың программасының «қорқынышты» пункттері үшін қуғындауға болмайтын болады, өйткені РСДРП дегеніміз қазіргі уақытта бейнебір партия ғана, сондықтан оның программасының республика, пролетариат диктатурасы сияқты «қорқынышты» пункттері— қарулы көтеріліс, т. т. туралы көптеген қарарлардың

«қорқынышты» пункттері туралы айтпағанның өзінде— ешкімді қорқытпайды, ешқандай маңызы жоқ, *іс жүзінде* заңға қарсы ештеңе істемеген адамдарды каторгаға жіберетін *«ролін»* есепке алмасақ, ешқандай роль атқармайды. Міне, істің мәні осында, қазіргі партиялық жағдайдың қайғылы күлкісінің өзі осында болып отыр. Өлі тіріге жармасып отыр. Түрлі қарарлардың және ескі партиялық программаның ескірген, іс жүзінде өмір теріске шығарған, тұтынудан қалған, іс жүзінде архивке тапсырылған «пункттері» біздің жауларымызға ғапа қызмет етеді, біздерді тек тұншықтыруға жәрдем етеді, қазіргі нақтылы қозғалысқа, қазір *жүргізіліп отырған,* III Думада да, жария журналдар мен газеттерде де, жария одақтарда да, жария съездерде де, т. т. және т. с. жүргізіліп отырған шын социал-демократиялық жұмысқа тіпті ешқандай, айтар болсақ, мүлде ешқандай пайда келтірмейді. Міне, сондықтан біздер үшін, жарияшылдар үшін, мәселенің *мәні* ең қауіпті қудалаулар мен жазалардап тіпті де құтылуда (бұлай айтқанымды ғапу етіңіз, сіздің жойымпаздарды қудалауға салынып кеткен жақтастарыңыз осылай ойлауға әзір) емес, біріншіден, ашық жұмысшы қозғалысының *принципті* маңызында, екіншіден, қазіргі режимнің қайшылықтарын пайдалануда. Иә, иә, ескі нанымдағы мырза, марксизмнің принциптері тіпті де жаттап алған сөздердің жиынтығында емес, барлық уақытқа бірдей міндетті «бұлжымайтын» формулаларда емес, қайта кең көлемді жұмысшы қозғалысына жәрдемдесуде, бұқараның ұйымдасуы мен өз бетінше әрекет етуіне жәрдемдесуде болып отыр. Белгілі бір сөздер *«жеткізе айтылмаған-ақ»* болсын — мен сіздің және сіздің жақтастарыңыздың Думадағы социал-демократиялық фракцияның, жария журналдың, т. т. жеткізе айтпағанын «жеткізе айтуға» маманданып жатқандарыңызды өте жақсы білемін — *«жеткізе айтылмаған»* сөздер бола берсін, бірақ оның есесіне іс ілгері жылжытылатын болады. Жұмысшылардың неғұрлым қалың топтары қозғалысқа тартылатын болады. Ашық бой көрсетулерді жинақтау жөнінде батыл қадам жасалатын болады. Саналы жұмысшының қай-қайсысы болсын өзін езуші

режимді оның *дәл* мынадай қайшылығына — оған неғұрлым тән, қазіргі уақытта ол үшін неғұрлым сипатты қайшылығына, заңдылықты формальды түрде мойындау мен іс жүзінде одан бас тартудың арасындағы, Думадағы социал-демократиялық фракцияға «рұқсат ету» мен социал-демократиялық партияға «рұқсат етпеу» әрекеттері арасындағы, жұмысшы одақтарын ресми мәлімдемелерде мойындау мен оларды өмірде қуғындаудың арасындағы қайшылығына жармаса кететін болады. Марксизмнің *жанды өзегі* қатып қалған формулаларда емес, пролетариатты езуші режимнің қайшылықтары үшін сол режимге жармаса кетуде болып отыр. Герман социал-демократиясы табыстарының басты себептерінің бірі, баса айтайын, негізгі себептерінің бірі нақ осында болып отыр: герман социал-демократиясы қозғалыстың мүдделері үшін әрқашан да *формуланы* құрбан ете білді. Ол 1871 жылдан кейін программасында саяси қызметтің тек «заңды» құралдарын ғана мойындаған партияны құра білді. Ол біздің программадан гөрі анағұрлым *«жариялылау»* социал-демократиялық программасы бар дүние жүзіндегі ең күшті социал-демократиялық қозғалысты дамыта білді, өйткені ол программада республика жоқ және ешқашан болған емес. Ал сіздер — сіздер бұқаралық социал-демократиялық ұйым, бұқаралық социал-демократиялық қозғалыс үлгілі-радикалдық түрде *жоқ* кезде «үлгілі-радикалдық» социал-демократиялық программаның үлгісін дүниеге келтіруге әзірсіздер.

Жойымпаздыққа қарсы адам. Егер әрбір губернияда әрбір саналы жұмысшы сіздің жария маркстік «қоғам» жөніндегі жобаңызды көшіріп алып, бекітуге ұсынатын болса, осы кезге дейін сіздің жоспарыңыздан іс жүзінде қоғамдар мен одақтар туралы істер жөніндегі мекемелерде кіріс-шығыс қағаздардың «бұқаралық қозғалысы» ғана туады. Бұл қоғамға рұқсат етілмейді деп өзіңіз айтып отырғандықтан, ешқандай ашық қозғалыс және тіпті ешқандай «ашық» қоғам сіздің жарияшылдық қиялыңыздан басқа еш жерде ашылмайды. Алайда сізге толық жауап беруден бұрын, менің тағы да былай деп сұрағым келеді: сіз осы жария маркстік «қоғамды»

ескі, яғни қазіргі партияның *орнына* немесе онымен *бірге* өмір сүретін қоғам деп ойлайсыз ба?

Жарияшыл. Міне-міне. Сіз өте қызықты мәселені қозғадыңыз! Жойымпаздықтың ресми көсемдерінің өкінішті қателерінің бірі де нақ осында жатыр. Олар күмәнсыз дұрыс жолмен алға қарай ірі қадам жасауға қорқады — ал сонымен бірге оппортунизм жағына, нақ оппортунизм жағына, өте қауіпті, іс үшін мүлде керексіз бірқатар қадамдар жасап отыр. Ал мен былай дер едім: жойымпаз болмай-ақ, жарияшыл болу мүмкін. Оппортунист болмай-ақ, жарияшыл болу керек. Қозғалыстың жария *формаларын* мойындау қажет, оларды жарым-жартылап емес, тек сөз жүзінде ғана емес, шынымен, іс жүзінде мойындау қажет, яғни жария маркстік жұмысшы партиясын дереу құру қажет, бірақ революциядан бас тарту — жол беруге болмайтын оппортунизм, ал революциядан бас тарту, егер біздің жойымпаздардың көбінде болмаса, өте-мөте көпшілігінде байқалып отыр. Гегемониядан бас тарту — оппортунизм, мен мұны үзілді-кесілді айыптаймын. Біздің ештеңеден бас тартпауымыз қажет, ештеңені жоймауымыз керек. Жаңа, жария партия *ескі партиямен* бірге, онымен *қатар* өмір сүруге тиіс. Олар өзара бірін-бірі толықтырып отыратын болады.

Сіз күлесіз бе? Бірақ мұнда күлкілі ештеңе жоқ. Сіз «қос бухгалтерия» дерсіз. Ал мен сізден былай деп сұраймын: жария баспасөз бен құпия баспасөздің бірге өмір сүруі менің жоспарыма, дұрысырақ айтқанда: қазіргі тәжірибенің барлық сабақтарынан менің жасаған қорытындыма толық ұқсас құбылыс болып табылмай ма? Егер 1905 жылға дейін эмигранттардың жария баспасөзде жазуына болмаған болса, егер ол кезде бүркеншік атпен болса да эмигранттардың мақалаларын басқаны үшін органдарды жауып тастап отырған болса, онда жұртқа белгілі эмигранттардың құпия баспасөзде де, *жария* баспасөзде де *өз атымен* жазып жүргені біздің қайшылықты дәуірімізге тән болып отырған жоқ па? Осы «қос бухгалтерияға» сіздер келісесіздер! Бұдан ешқандай «былық» тумайды. Бұл «қос бухгалтерияны» біздің дәуірдің барлық жағдайлары

талап етіп отырғанын, оның қайшылықтарын меңгеру керектігін, қазіргі заманның аса ірі оқиғаларын тудырып отырған негізді,— *нақ* осы негізді,— ұстай білу керектігін сіздің түсінуіңізге кедергі жасайтын тек ескілік, ескіліктен басқа ештеңе де емес. «Құпия жұмыс пен жария жұмысты ұштастыруды» сіздер бәріңіз де *сөз* жүзінде мойындайсыздар. Оны іс жүзінде де мойындаңыздар. А деп айтқан соң, Б деп айтудан қорықпаңыздар. Жалпы алғанда тактика мен ұйымдастырудағы негізгі тезисті мойындаған соң, оны *партия* ұйымдастыру жөнінде мойындаудан қорықпаңыздар. Сайып келгенде, жариялылыққа қарсы осы қисынсыз анархистік соқыр сенімнен үзілді-кесілді, шындап, адал қол үзіңіздер.

Жойымпаздыққа қарсы адам. Өздеріңіздің сорларыңызға қарай, сіздер жариялылықты ойыншық етесіздер, сіздер «жарияшыл бола қаласыздар», ал немістер шынында бар жариялылыққа сүйенді. Жария баспасөз бен құпия баспасөздің мысалы сіздерге өте-мөте айқын қарсы шығады. Құпия эсдек жария баспасөзде рұқсат етілетін нәрсе туралы жазуға жария баспасөзге барғанда, ол жариялылықты ойыншық етпейді, белгілі бір тар шеңберлерде анық бар жариялылықты шынымен пайдаланады. Ал сіздердің жария жұмысшы партияңыз немесе маркстік қоғамыңыз (жойымпаздардың «ашық жұмысшы партиясы» сияқты, *шынына келгенде* сіздердің жойымпаздардан тіпті ешбір өзгешеліктеріңіз жоқ) — жарияшылдық қиял, онан басқа ештеңе де емес, өйткені оларға ешкім рұқсат етпейтінін, осы бейне бір «жария» қоғамдардың *іс жүзінде* жария өмір сүрмейтінін сіздердің оздеріңіз мойындап отырсыздар. Анархист-синдикалистерде «революциялық гимнастика» үстем болса, сіздерде «жарияшылдық гимнастика» болып шығады. Егер кадеттерде жария түрде жоқ партия жария өмір сүріп отырса, онда мұның себебі кадеттердің қайшылықты форманы меңгергенінен емес, олардың жұмысының *мазмұнында* революциялық ештеңе жоқтығынан, бұқара ішінде ешқандай демократиялық ұйымдық қызметінің жоқтығынан. Олардың жұмысының мазмұны — либералдық-монархиялық мазмұн, сон-

дықтан самодержавие мұндай саяси қызметке рұқсат ете алады, оған төзе алады. Ал марксистердің жұмысшы табы арасындағы қызметіне самодержавие төзе алмайды, сондықтан түрді өзгерту арқылы іске көмектесуге талпыну аңғалдық болады. Ал сіздердің «жария қоғамыңыз», жойымпаздардың «ашық жұмысшы партиясы» сияқты, нақ *бүркеншік* қоғам, түр өзгертуді ойыншық еткендік, өйткені сіздер іс жүзінде социал-демократтарға үміт артасыздар. Өз «қоғамыңыздың» мақсатын, платформасын, тактикасын белгілеу үшін сіздер таңдап алған айқын емес, тұрлаусыз тұжырымдар — сөзбен бүркемелеу, қағаз жүзінде қорғау, сол жарияшылдық гимнастиканың нақ өзі. Біздің партия Думада сөйлеуге, *жария* кәсіптік одақтар құруға, жария съездерде әрекет жасауға тиіс, мұны мойындамау — анархизм немесе интеллигенттік нигилизм, сондықтан *мұндай* түрдегі қызметті мойындау жаңа дәуірдің жаңа жағдайларын ескергендік болады. Бірақ саяси қызмет үшін *жариялылық* болуы әлі мүмкін емес (тек интеллигенттік оппортунистер үшін ғана мүмкін), өйткені мұндай жариялылыққа қажетті жағдайларға қол жеткен жоқ, оған «еңбектеп бару» құр қиял болады. Немістерде 1871 жылға қарай мұндай жариялылық толығынан жасалған еді, елді буржуазиялық жолмен өзгерту толығынан аяқталған болатын, тікелей-революциялық қозғалыс үшін жағдайлар толығынан жойылған-ды: жариялылықты ойыншық етпейтін, «жарияшылдық гимнастикамен» айналыспайтын, *нағыз* жария социал-демократиялық партия құрудың *мүмкін* болған себебі герман эсдектерінің шеберлігінен емес, осындай *объективті* жағдайлардан.

Осындай жария партиядан программаның, қарардың, т. т. белгілі бір жария пункттерін *көшіріп алу* және осындай «жариялылықты» Россияға көшіру — аңқау арман, бос әурешілік, өйткені сіз буржуазиялық революцияның германдық аяқталуын, өзін ақырына дейін түгескен демократизмнің германдық тарихын, 60-жылдардағы германдық «жоғарыдан болған революцияны»[104], германдық *іс жүзіндегі* жариялылықты Россияға *көшіре* алмайсыз. Республикалық партиялар жария

өмір сүретін монархиялық елдер бар, ал Россияда буржуазиялық революциялар аяқталған кезде, буржуазиялық уклад бізде Европадағыдай болып қалыптасқан кезде орыс жариялылығы іс жүзінде қандай болатынын біз болашақ шайқастардан кейін көреміз, мұны осы шайқастардың нәтижелері анықтайды. Ал социал-демократияның қазіргі міндеті — үшінші июнь режимі дәуірінің ерекше жағдайларында революцияға әзірлене білу және бұқараны әзірлей білу.

Бұл жағдайларда жұмысшы табының жария партиясы, ашық жұмысшы партиясы болады деу — бос сөз, мұның астарында жарияшыл-оппортунистер тобын... *жариялы ету* жатыр. «Халықтық социалистерді» *осылай* жариялы ету — факт. Біздің жария, жойымпаз журналистердің тобын *осылай* жариялы ету — факт. Революциядан безу туралы, гегемониядан бас тарту туралы идеялардан нәр алып отырған оппортунистік элементтер кездейсоқтықтан емес, қажеттіліктен, белгілі бір жойымпаздардың «қатесі» бойынша емес, барлық интеллигенттік-жойымпаздық топтардың әлеуметтік құрамы бойынша оларға бой ұрады және бой ұруға тиіс. Жарияшылды бұл адамдардан *игі ниетпен* бөлуге болады,— іс жүзінде олар бөлінбейді. Бастан кешіріп отырған дәуірдің объективті жағдайлары мынадай: «энестерді» жариялы ету, жойымпаз әдебиетшілер тобын жариялы ету мүмкін және сөзсіз болатын нәрсе, ал жұмысшы партиясын жариялы ету — бос сөз ғана.

Жұмысшы табының құпия партиясы өмір сүріп отыр, ал оның тіпті мейлінше, өте мейлінше әлсіреуі және оның ұйымдары көпшілігінің ыдырауы бүгінгі таңда оның өмір сүруін жоймайды. Үйірмелер мен топтар революциялық астыртын жұмысты қайтадан үсті-үстіне жаңғыртады. Думада жұмысшы депутаттардың, жұмысшылардың кәсіптік одақтарының, жұмысшы клубтарының, түрлі жария съездердің жұмысшы делегаттарының ашық бой көрсетулеріне қандай ұйымдасқан күш, қандай идеялық дәстүр, қандай партия ықпал ете алады немесе ықпал ететін болады: революциялық — пролетарлық партия РСДРП ма әлде жойымпаз әдебиетшілердің оппортунистік тобы ма,— мәселе осыған келіп

тіреледі. «Жойымпаздыққа қарсы күрестің» *нақтылы* мазмұны, міне, осы, бұл дау-жанжалда қарсылас екі жақтың арасында түпсіз тұңғиық жасайтын объективті негіз осы. Сондықтан ешқандай ізгі тілектер, жарияшылдық пен жойымпаздықтың арасына сөз жүзінде айырма қоюдың ешқайсысы да бұл тұңғиықты толтыра алмайды.

«Дискуссионный Листок» № 3,
29 апрель (12 май), 1911 ж.
Қол қойған: Б. В. Куприанов

«Дискуссионный Листоктың» тексті бойынша басылып отыр

«ӨКІНІШ» ПЕН «ҰЯТ»

Дағдарыс атаулының бәрі құбылыстардың немесе процестердің мәнін ашады, үстірт, ұсақ, сыртқы нәрсені аулаққа сыпырып тастайды, болып жатқан оқиғаның неғұрлым терең негіздерін ашып көрсетеді. Мысалы, экономикалық құбылыстар саласындағы стачка атаулы сияқты, ең дағдылы және онша күрделі емес дағдарысты алыңызшы. Таптардың арасындағы шын қатынастарды, қазіргі қоғамның шын табиғатын, халықтың орасан қалың бұқарасының *аштық* күшіне бағынуын, дәулетті азшылықтың өз үстемдігін сақтау үшін ұйымдасқан зорлыққа жүгінуін ештеңе де дәл осылай ашып көрсете алмайды. Сауда мен өнеркәсіп дағдарыстарын алыңызшы: апологеттер мен апостолдардың «мүдделер үйлесімділігі» жөніндегі әр алуан сөздерін ештеңе де бұлай айқын теріске шығармайды, қазіргі, капиталистік, укладтың бүкіл механизмін, бүкіл «өндіріс анархиясын», өндірушілердің бүкіл бытыраңқылығын, әрбір адамның барлық жұртқа қарсы және барлық жұрттың әрбір адамға қарсы бүкіл соғысын ештеңе де дәл осылай етіп анық көрсете алмайды. Ақырында, соғыс сияқты дағдарысты алыңызшы: барлық саяси және әлеуметтік мекемелер «оқ пен семсер» арқылы тексерілііп, сыналады. Қай халықтың болса да мекемелері мен тәртіптерінің күші мен әлсіздігі соғыстың қалай аякталуына және оның нәтижелеріне қарай анықталады. Капитализм тұсындағы халықаралық қатынастардың мәні: әлсізді ашықтан-ашық тонау — толық айқын ашылады.

Біздің атышулы «парламенттік» дағдарыстың маңы-

зы да мынада: ол Россияның бүкіл қоғамдық және саяси укладының *терең* қайшылықтарын ашты. Амал не, дағдарысқа қатысушылардың және онда әрекет ететін адамдардың көпшілігі — біразы саналы түрде, біразы түсінбеушіліктен немесе ескілік пен дәстүрге бағынып — дағдарысты *түсіндіруді,* оның шын себептері мен маңызын көрсетуді өзінің мақсаты етіп қоймайтыны былай тұрсын, қайта, керісінше, оны ұшы-қиыры жоқ бос сөзбен бар күшін салып көмескілейді. III Думадағы «айтулы күн», Столыпинмен болған жарыс сөздер күні, 27 апрель, «парламенттік» кокемылжыңдықтың айтулы күні болды. Бірақ Столыпиннің өзінің, оның достары мен дұшпандарының сөздерінің тасқыны шамадан тыс болғанымен, алайда олар мәселенің мәнін *тұншықтырып* тастай алмады. Сондықтан біздің күнделікті баспасөздің органдары либералдық құрғақ сөздерді қайталау арқылы, ұсақ-түйектер мен ресми заңдылықтар арқылы оқушының көңілін неғұрлым көп алаң етсе, дағдарыстың 27 апрельде ашылған көрінісіне тағы да жалпы көз салып шығу соғұрлым орынды болады.

Столыпин сөзінің негізгі сарыны — «кемсіту» атаулының қай-қайсысынан болса да «тәждің праволарын» қорғау. «87-статьяның маңызы,—деді Столыпин,—тәждің правосын белгілейді және оны ұнамсыз прецедент жасамайынша кемсітуге болмайды». «Палаталарды таратқанға дейін туған ерекше жағдайларда жоғары өкіметтің 87-статьяны қолдану жөніндегі правосын масқаралауға» Столыпин қарсы шығады. «Бұл правоны теріске шығаруға болмайды,— деп мәлімдеді Столыпин,— ол өмірлік жағдайларға негізделіп құрылған». «Бұл правоны басқаша түсіндірудің қай-қайсысы болса да жарамсыз, ол заңның мағынасы мен маңызын бұзған болар еді, ол монархтың ерекше указдарды қолдану правосын да жоққа шығарған болар еді».

Мұның бәрі өте айқын және мұның бәрі бос сөз емес. Мәселе ұятсыздықпен «реалистік» түрде қойылып отыр. Тәж және кемсіту әрекеттері... Егер сайып келгенде правоның мағынасын кім түсіндіру керек екені жөнінде талас туса, онда бұл таласты күш шешеді. Мұның бәрі өте айқын және мұның бәрі бос сөз емес.

Мұның керісінше, Маклаковтың «жалынды, қызу, құлшынған сенімді» кінәлаулары барып тұрған бос сөз және айлакерлік, заң жүзіндегі жалған лебіз болды, ол: «қатты өкініп, қатты ұялып» (*«Речьтің»* 28 апрельдегі есебі, 4-бет) мен бірнеше рет тәжге сілтеулерді естіттім деді. Маклаков бүкіл «конституциялық орталық» дейтіннің атынан (яғни кадеттер мен октябристердің атынан) конституциялық монархияның дағдылы жалған лебізін қорғайды. Бірақ кадеттік немесе кадеттік-октябристік «қорғау» бос сөзге келіп тіреледі. Мәселе күш туралы болып отырғанда, бұл арада өкініш пен ұяттың не қатысы бар? Конституциясы болуын тілейтін буржуазия тәждің конституцияны бермегеніне өкінеді, сөйтіп бұған «ұялады». Тәж конституцияны өзіне таңғанына «ұялады», оны «кемсіту» деп қарайды, «кемсітуге» бағытталған қандай да болса заңды қандай да болса түсіндірулер атаулының бәрі туралы «өкінеді».

Екі жақ. Правоны екі түрлі түсіндіру. Екі жақта да өкіну мен ұялу бар. Айырмашылық мынада ғана: бір жағы *тек* «өкініп, ұялады»; ал екінші жақ өкіну туралы да, ұят туралы да *айтпай*, кемсіту «жарамсыз» дейді.

Нақ Маклаков мырзалардың, нақ біздің бүкіл кадеттік және октябристік буржуазияның шындығында оқиғалардың мұндай болуынан «ұялуы» керек екені, өзінің дәрменсіздігінен ұялуы керек екені айқын емес пе? Біріккен дворяндар советінің уәкілі өзі ұятсыздықпен жасаған дағдарыс туралы ұятсыздықпен әңгіме етеді, шайқасқа шақырып, семсерін сайысқа сайлайды. Ал қала басынан үрейленген дәл копессымақ сияқты либерал буржуазия қорқып, шегіншектейді және шегіншектей отырып: мен өкінемін, маған ұят... сіз мені осынша кемсітесіз! деп міңгірлейді.

«Мен айтсам,— деп зорланады Маклаков,— мен министрлер Советінің председателіне қарағанда әлдеқайда конституционалиспін (бұл сөздер жөнінде Столыпин ішінен және өз үйінде отырып: құрметтім, мәселе өзіңді конституционалиспін деп жариялауда емес, конституцияның бар-жоғын және конституцияның қандай екенін *кімнің күші* анықтайтынында емес пе!— деп қалай

күлетіні көз алдыма елестеп отыр), бірақ одан кем монархист емеспін». (Столыпин бұрынғыдан бетер қанағаттанып езу тартады: солай ма екен, әуелі қорқытты, ал сонан соң кешірім сұрайды! Маклаков дегенің жауынгер-ақ екен.) «Мен монархия үшін негіз жоқ жерде оны құруды есуастық деп есептеймін, бірақ оның тарихи негіздері мықты жерде оны мойындамауды да нақ сондай есуастық деп есептеймін...».

Әуелі қорқытып, сонан соң кешірім сұрап, енді Столыпиннің *пайдасына* дәлел келтіре бастайды. Шіркін, либерализмнің тамаша парламентарийі-ай! Шіркін, «конституциялық» (lucus a non lucendo*: конституцияның жоқтығына қарай «конституциялық») орталықтың, кадеттік-октябристік орталықтың теңдесі жоқ көсемі-ай!

«Министрлер Советінің председателі,— деп күрілдейді біздің «халық бостандығының» (біздің тарихи халық құлдығының деп оқы) трибуны,— өкімет басында әлі де қала алады, оның өз агенттері туғызып отырған революцияның қорқынышы да оны өкімет басында ұстап қалады (о ң ж а қ т а н д а у ы с т а р: «ұят»; ш у)... өнеге жасаудан қауіптену де ұстап қалады»!!

Иван Ивановичтің Иван Никифорычты қалай ұялтқаны, ал Иван Никифорычтың Иван Ивановичті қалай ұялтқаны туралы хикая ғой. Конституционализмнің дағдылы нормаларын сақтамау ұят, дейді Иван Иваныч Иван Никифорычқа. Өзің қорқатын, өзің сенбейтін, өзің жәрдем етпейтін революциямен қорқыту ұят,— дейді Иван Никифорыч Иван Иванычқа.

Сіз қалай ойлайсыз, оқушы, осы екі таласушының қайсысы қайсысын көбірек «ұялтты»?

«Конституциялық орталықтың» өкілі Львов 1-ші Гегечкориден кейін сөйледі, ал Гегечкори әбден дұрыс түсіндіріп, либералдық баспасөз дағдарысты «конституциялық» дағдарыс ретінде *теріс* түсініп отыр, кадеттер «өз шешендерінің айтуымен конституциялық орталық туралы қылмысты жалған үмітті қолдады», конститу-

---

* — аударуға келмейтін мысқыл сөз, дәлме-дәл мынаны білдіреді: «тоғай деген сөз жарық етпейді деген сөзден шығады» (латын тілінде «тоғай» деген сөз «жарық» деген сөзге ұқсас). *Ред.*

ция үшін әлі кейбір қозғалыс жетпей отыр деді (тек Гегечкори сөзінің аяғында «анархия» туралы айтуы ғана ыңғайсыз болды: мұнда бұл сөзді айтпау керек еді).

Львов 1-шінің сөзіне қарағанда бір кез: тіпті кейбір помещиктердің өзі Гегечкоридің түсіндірулерінен бірдемелер ұқты деп ойлауға болатын еді. «Болған нәрсе,— дейді Львов 1-ші,— шынымен мынаны көрсетеді: бізде конституция жоқ, парламентаризм жоқ, бірақ бізде негізгі заңдар да жоқ және жалпы алғанда ешбір ұйымдасқан құрылыс жоқ (мәссаған! помещиктердің өмір сүруі ұйымдасқан помещиктік құрылыс болып табылмай ма? сіздің тіліңіз — сіздің жауыңыз, «конституциялық орталықтағы» мырзалар), озбырлық (ұйымдасқан помещиктік құрылыстың негізгі және аса елеулі белгілерінің бірі нақ осының өзі) пен демагогия ғана бар».

«Прогресшіл» помещик Николай Николаевич Львов 1-ші демагогия деп барып тұрған жағымсыз бірдемені түсінеді. Одан әрі тыңдаңыздар:

«Ал өкімет басында тұрған адамдар өз басының ықпалын және өз өктемдігін арттыру үшін осы демагогияны пайдаланады. Бұл өкіметті басып алғысы келетін басқа адамдар да осы демагогияны пайдаланатын болады»... (брр... қандай ашу келтіретін, қандай пасық талап! міне, орыстың либерал буржуаларын алсаңыз, мұндай талаптан жер мен көктей қашық. Тек шіріген Батыста ғана адамгершілігі жоқ буржуазия өкіметті басып алуға талпынады және бейне тек буржуазиялық өкімет қана буржуазиялық конституцияны қамтамасыз етеді деген мүлде теріс ілімдер туғызды. Біз, орыс либералдары, Струвенің, Бердяевтің және К^{0}-нің моральдық, идеалистік уағызы арқылы көзімізді аштық, сондықтан біз өкімет Толмачевтердің қолында қалуға тиіс, ал бұл өкіметті шын конституциялық түрде пайдалану туралы тапсырмаларды Маклаковтар жазуға тиіс деп ойлаймыз)... «олар үшін демагогия анағұрлым жақын сайман. Осы демагогиядан қорқыңыздар, өйткені оған барлық нәрсе: сіздің қасиетіңіз де, сіздің байлығыңыз да, сіздің абыройыңыз да, Россияның азаматтығы да құрбан етіледі».

«Прогрессист» Николай Николаевич Львов 1-ші жақсы сөйлейді. «Байлық» жөнінде ол тіпті мейлінше айқын айтады: мысалы, егер кеше помещикте 10 000 десятина болып, ал бүгін 50 десятина қалған болса, онда бұл — 9950 десятина «демагогияға» «құрбан етілді» деген сөз. Бұл түсінікті. Бұл бос сөз емес. Бірақ «қасиет» пен «абырой» жөнінде мәселе онша айқын емес; біздің прогрессистің: 10 000 десятина жері болғанда ғана помещик «қасиетті» және «абыройлы» адам бола алады, ал жердің 9950 десятинасынан айрылса, ол қасиетсіз және абыройсыз адам болады дегісі келе ме? Әлде Львов 1-ші: егер әділ баға болмаса,— айталық, шамамен, десятинаға 500 сом баға қойылмаса, қасиет пен абырой демагогияға құрбан етіледі дегісі келе ме?

«Россияның азаматтығы» жөнінде «прогрессист» Львов 1-ші сөзінің бас-аяғын мүлде біріктірмеді. Егер ол бізде конституция да, парламентаризм де, негізгі заңдар да жоқ деп шындықты айтқан болса,— онда, демек, бізде азаматтық та жоқ, ал жоқ нәрсені құрбандық етуге де болмайды. Егер Львов 1-ші шындықты айтқан болса, онда, демек, біздің азаматтығымыз біздің «ұйымдасқан (помещиктік) құрылысқа» құрбан етілген. Біздің «прогрессист» жаңылысып кеткен жоқ па? біздің ұйымдасқан помещиктік құрылыс Россияның азаматтығына құрбан етіледі дегісі келген жоқ па екен? ол оқиғалардың нақ осындай гипотезалық беталысын демагогия деп атағысы келмеді ме екен? ол «бұл демагогиядан қорқыңыздар» дегенде, оның үшінші Думаның көпшілігі оқиғалардың осы гипотезалық беталысынан қорқуға тиіс дегісі келген жоқ па екен?

Иван Иванычтың Иван Никифорычты, ал Иван Никифорычтың Иван Иванычты демагогия жөнінде қалай айыптағаны туралы хикая ғой. Сіз демагогсіз, деді Иван Иваныч Иван Никифорычқа, өйткені сіз өкімет басында отырсыз, сөйтіп оны өз басыңыздың ықпалын және өз өктемдігіңізді арттыру үшін пайдаланасыз, оның бер жағында халықтың ұлттық мүдделерін тілге тиек етесіз. Жоқ, сіз — демагогсіз, деді Иван Никифорыч Иван Иванычқа, өйткені сіз бізде тек озбырлық қана бар, конституция да, негізгі заңдар да жоқ сияқты-ақ көпшілік

орында бар даусыңызбен байбалам саласыз, оның бер жағында тым әдепсіз түрде біздің байлығымызды қайдағы бір құрбандық етуге меңзейсіз.

Демагогия жөнінде сайып келгенде кімді кім әшкерелегені белгісіз. Бірақ екі ұры егескенде мұның әрқашан да кейбір пайдасы болатыны белгілі.

«Звезда» № 21, 7 май, 1911 ж.
Қол қойған: В. Ильин

«Звезда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МҮШЕЛЕРІНІҢ КЕҢЕСІ[105]

28 МАЙ—4 ИЮНЬ (10—17 ИЮНЬ), 1911 ж.

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXV жинағында басылған; документтердің бір бөлегі бірінші рет жарияланып отыр

Қолжазба және протоколдық жазба бойынша басылып отыр

1

РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ШЕТЕЛДЕГІ МҮШЕЛЕРІНІҢ КЕҢЕСІНЕ ХАТ

Игоревтің 1911 жылғы 1 июньдегі қағазы Орталық Комитетті шақыру ісін оңбағандықпен *ойыншық* етушілікті,— бұл шақыруды кешеуілдету және болғызбау саясатын, біздің партияның Орталық Органы көптен бері, бірнеше ай бойы, әшкерелеп отырған саясатты көрсеткен үстіне көрсетіп отыр.

Игоревтің Юдин мен Костров қазір уақытша бюро немесе ең болмағанда бюроның бір бөлегі болып отыр-мыс деп пайымдауы мүлдем өтірік. Ол кезде Макар мен Линдов (Иннокентийден соң) *көп айлар* бойы бюро ұйымы *болып отырды,* агенттерді *іріктеп,* орталық ұйымның істері жөнінде бірқатар жерлерді аралау жұмысын *ұйымдастырды,* агенттермен және кооптациялауға болатын кандидаттармен (Макар — Кацаппен және басқалармен, Милютинмен және басқалармен) кеңестер ұйымдастырды, Думадағы социал-демократиялық жұмыстың жалпы партиялық орталығымен, сайлау тұсында (Москва) астаналық социал-демократиялық үйірмелермен қатынас жасап отырды, т. т. және т. с.

Юдин де, Костров та бұл сияқты *ешқандай* жұмыс істеген жоқ. Олардың бірде-біреуі *тіпті ештеңе,* мүлде ешқандай да мұндай қызмет істеген жоқ.

Партияның шетелдегі *бірде-бір* ресми мекемесі (Орталық Орган да, Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы да) Юдин мен Костровты бюроға «кооптациялау» туралы *ешбір* ресми хабар алған жоқ.

Макар мен Линдов сәтсіздікке ұшырағаннан кейін, *2 айдан астам* уақыт ішінде Юдин мен Костров туралы, олардың бюродағы жұмысы туралы бірде-бір қағаз, бірде-бір хат болған жоқ, ешкім ешбір сыбыс естіген жоқ. Юдин мен Костровты бюро деп ешкімнің танымай қойғаны былай тұрсын (жұрттың *бәрі* Макар мен Линдовты талассыз таныды), тіпті керек десе Юдин мен Костров бір тиын да ақша сұраған жоқ, өздерінің бюро құрғаны туралы Орталық Комитеттің Шетелдік бюросына (Макар мен Линдовтың хабарлағанындай) тіпті хабарлаған да жоқ.

Біз былай деп пайымдаймыз: іс жағдайы осындай болып отырғанда, Игоревтің Костров пен Юдин «бюро» болып отыр деуі — партияны *қорлау*, партияны *алдауға түсіру* болып табылады. Ал біз бұл алдауды әшкерелейміз.

Содан соң. Қазір, Иноктің, Макардың және басқалардың тәжірибесінен кейін, Ольгиннің әшкерелепулерінен[106], т. т. кейін Россияда Орталық Комитетті бұрынғы лондондық цекистерден қайта құру әрекеттерінің бәрін біз тікелей *Столыпинге қызмет ету* деп есептейміз. Цекистерді *мүмкіндік жоқ* жағдайларға, *жүзеге асырылмайтын* міндетке, тура *полиция шеңгеліне түсуге* жіберу арқылы бейхабар адамдарды қармаққа түсіруге тырысып отырғандардан біз партияны сақтандырамыз.

Ақырында, Игоревтің Орталық Комитеттің Шетелдік бюросына *мәлімдемеген*, бірақ 1911 жылғы 1 июньдегі қағазда хабарлаған *«жоспарына»*, пленумды *бір айдан кейін* шақыру «жоспарына» келетін болсақ, онда біз жойымпаздардың Орталық Комитетті шақыру жөнінде жаңадан *әзәзілдіктер* жасап жүргеніне партияның назарын аударамыз.

Бір айдан кейін Орталық Комитетті шақыру емес, тек жалған цекистерді *«әкелу»* ғана болуы мүмкін — голосшылдардың бұл әзәзілдіктерінің мәні, міне, осында!

Большевиктер *орталық жұмыста* пленумнан кейін Орталық Комитеттің *төрт* мүшесінен (Мешковский + Иннокентий + Макар + Линдов) айрылды. Меньше-

виктер — *б і р д е - б і р* адамнан айрылған жоқ, өйткені олардың біреуі де жұмыс істеген жоқ!!

Ал енді келіп голосшылдар тұтас бір жарым жыл ішінде (пленумнан кейін) жұмыс үшін *бір рет те* мүлде ештеңе істемеген, тіпті *бір рет те* бюрода болмаған «Петр» сияқты мырзаларды әкелмек болып, *б і р а й- л ы қ* мерзімді ұсынуға батылы барып отыр. Сот немесе әкімшілік бойынша айдауда жүрген большевиктерді бір ай мерзім ішінде *«шақырып әкелу» мүмкін емес* екенін голосшылдар біледі!!

Олар Орталық Комитетті Россияға жібергенде, *«ол онда барып сәтсіздікке ұшырасын»* деп жіберді!

Олар *барлық* большевиктердің сәтсіздікке ұшырауына жетті.

Олар жұмыс істемеген *және жалған* меньшевиктердің бәрін сақтап қалды.

Олар Петр сияқты жалған цекистерді *әкелу* үшін, ал жұмыс істеген большевиктердің тіпті хабарлана *а л- м а й қ а л у ы* үшін бір айлық мерзім белгілегісі келеді!

Жойымпаздардың пленум шақыру жайындағы бұл *қулықтары* партия алдында әшкереленбей қалады деп, олар бекер ойлайды!

1911 ж. 19 және 23 май (1 және 5 июнь) аралығында жазылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

2

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ТОҒЫЗ МҮШЕСІНІҢ ЖЕКЕ КЕҢЕСІНЕ ҮШ ЦЕКИСТ БОЛЬШЕВИКТІҢ ЖАСАЙТЫН БАЯНДАМАСЫНЫҢ КОНСПЕКТІСІ (ЖОСПАРЫ)

1. Россияда Орталық Комитетті қалпына келтіру әрекеттерінің тарихы.

Екі кезең:

(а) I. 1910—VIII. (немесе IX.) 1910.

Орталық Комитеттің большевик екі мүшесі Орталық Комитетті шақыруға әрекет жасау кезінде тұтқынға алынды. Олар Орталық Комитеттің жиналыстарын *талай рет* тағайындады. Михаил + Юрий + Роман да, меньшевиктердің *біреуі де* мүлдем келген жоқ.

(б) 1910 жылдың аяғы — 1911 жылдың көктемі.

Орталық Комитеттің большевик екі мүшесі жаңа бюро құрды. Олардың *жұмысына* (агенттермен, Думадағы фракциямен, сайлау кезінде Москва социал-демократтарымен, т. т. қатынас жасауға) *бірде-бір* меньшевик *ешбір* қатысқан жоқ.

«Дауыс беріп қалу» үшін *бір* меньшевик (Костров) бір немесе 2 рет бюроға келді!

Большевиктің екеуі де тұтқынға алынды.

Қорытынды: большевиктердің *бәрі,* Орталық Комитеттің мүшелері, орталық жұмыс *үшін* және *осы* жұмыс *үстінде* тұтқынға алынды.

Меньшевиктердің бір бөлегі (Михаил + Юрий + Роман) бюроға қатысудың *бәрінен* бас тартты, біреуі (Петр) $1^1/_2$ жыл ішінде титтей *де* қатысқан жоқ, біреуі (Костров) орталық жұмысқа ешбір қатыспастан, $1^1/_2$ жыл ішінде екі рет (1911 жылы!) бюроға келді. Большевиктер сәтсіздікке ұшырағаннан кейін бұл меньше-



В. И. Лениннің «Орталық Комитеттің тоғыз мүшесінің жеке кеңесіне үш цекист большевиктің жасайтын баяндамасының конспектісі (жоспары)» деген қолжазбасының бірінші беті.— 1911 ж.

Кішірейтілген

вик $2^1/_2$ ай ішінде *бірде-бір* қадам жасаған жоқ, Орталық Комитетті өзінің қалпына келтіретіні жөнінде тіпті *бірде-бір хат* жазған жоқ.

Сондықтан Игоревтің осы меньшевик + бундшыл қазір *бюро* (ресми түрде тіпті Орталық Комитеттің Шетелдік бюросына мәлімденбеген және *ешкім* мойындамаған *бюроны!)* құрып отыр деген мәлімдемесін біз тура қорлау деп есептейміз.

2. Қазір шетелдік пленумды қалпына келтіру мүмкін бе?

Заң жүзінде: 15 адамнан 9 адам бар. *Формальды түрде* олар (а) өздерін пленум деп жариялай алады. Мұндай қадам сөзсіз формальды түрде бола отырып, *сірә,* бір дауыс артық болғанда ғана, яғни осы 9-дың 5-уі 4-ге қарсы шешкенде ғана жасалуы мүмкін. *Іс жүзінде* мұндай формальды түрдегі мінсіз қадамның маңызы түкке тұрғысыз: мұндай жағдайларда Орталық Комитеттің *ролін* орындау *мүмкін емесгігіне* күмәндануға болмайды.

(б). Сондай-ақ формальды түрде Орталық Комитеттің осы бар 9 мүшесі праволы кандидаттарды Россиядан әкеле бастауы да мүмкін. Іс жүзінде мұның өзі не болып шығар еді? Меньшевиктер не өздерінің жойымпаздарын (Михаил + Юрий + Романды және т. б.) — Михаил + Юрий + Романның белгілі сөздерінен кейін адал партияшылдардың бірде-біреуі Орталық Комитеттің мүшесі есебінде танымайтын жойымпаздарын «әкеле» алады;— не 1910 жылы январьда пленумда болған және содан бері, $1^1/_2$ жыл ішінде, ешқандай орталық жұмыс істемеген екі цекисті «әкеле» алады. Оларды әкелуге болатын уақыттың мерзімі белгіленбеген.

Большевиктер осында бар 3 большевикке қосымша өздерінің тағы да екі кандидатын әкеле алады. Бұл екі кандидатты әкелу үшін айдаудағылармен байланыс жасап, қашуды ұйымдастыру, семья тұрмысы үшін қаржы реттеу жөнінде, т. т. және т. с. жөнінде әлденеше ай жұмыс істеу керек. Бұл «жұмыс» үшін неше ай керек екендігін айту мүмкін емес.

Іс жүзінде қазір Россияда орталық жұмыс жүргізе алмайтын «формальды» түрдегі кандидаттарды әкелу

жөніндегі мерзімі белгісіз ұзақ жұмыстың нақты маңызы партия үшін ноль ғана болып қоймайды. Оның маңызы нольден де жаман болады, өйткені жігерлі инициативаны талап ететін өкінішті өмір шындығын жоғарыда орындар бөлу *ойыны* арқылы жергілікті партия топтарынан *тасалайды*.

Орталық Комитетті қалпына келтіру сәтсіз болған $1^1/_2$ жылдан кейін партияны тағы да: ертең «сіздердс» Орталық Комитет болады деп қайта-қайта «ертеңгілік аспен» алдарқату — мұның өзі партияны қорлағандық болып шығар еді. Біздің мұндай қорлауға қатысқымыз келмейді.

3. Россияда Орталық Комитетті қалпына келтіру үшін қазір онда кандидаттарды жинау әрекеттерінің өзі тек Столыпинді жақтайтындардан ғана шығуы мүмкін екендігін айтып жатудың керегі де жоқ. Иннокентий мен Макардың сәтсіздікке ұшырауы екі рет, үш рет көрсеткеніндей, полиция кандидаттардың *бәрін* біледі және оларды аңдып жүр. Бұл — бірінші және басты нәрсе. Ал екіншіден, мұндай шақырудың шын мақсаты — россиялықтарды кооптациялау қазір жүзеге асырылмайтын нәрсе, өйткені нақты кандидаттар жоқ (бұлар Макармен бірге соңғы ретте тұтқынға алынды) және меньшевиктерді кооптациялаған кезде устав талап ететін бірауыздылық болуы мүмкін емес, өйткені бірде-бір большевик (бұл туралы Инок Сверчковке мәлімдеген де болатын) бірде-бір жойымпазды (голосшыны да) өткізбейді.

4. Партияның *нақтылы* жағдайы қазір мынадай: жергілікті жердің бәрінде дерлік мүлдем ресми емес, өтемөте шағын және ұсақ, үнемі жиналып тұрмайтын партиялық жұмысшы топтары мен ұялары бар. Олар барлық жерде, одақтарда, клубтарда, т. т. жарияшыл-жойымпаздарға қарсы күресуде. Олардың өзара байланыстары жоқ. Әдебиетті өте сирек көреді. Жұмысшылар арасында беделі бар. Бұл топтарда большевиктер + плехановшылдар және «впередтік» әдебиетті оқыған немесе впередшіл шешендерді тыңдаған, бірақ впередшілдердің шетелде құрылып, оқшауланған фрак-

циясына әлі тартылмаған бірсыпыра «впередшілдер» топтасып отыр.

Бұл антипартиялық фракцияның Питер жұмысшыларының бір бөлегінің арасында, аз болса да, сөзсіз біраз ықпалы бар. Оның ешқандай Орталық Комитетке бағынбайтындығы және шамасы келгенше социал-демократтардың жұмысына бөгет ететіндігі әбден дәлелденді (ол осы кезге дейін IV Дума сайлауына тікелей шақырған жоқ және шақырымпаздарды емексітумен келеді).

Тәуелсіз жарияшылдардың фракциясы («Наша Заря» + «Дело Жизни» + «Голос Социал-Демократа») анағұрлым елеулі антипартиялық және антисоциал-демократиялық күш болып отыр. Олардың ешқандай Орталық Комитетке бағынбай, оның шешімдерін жұрт алдында қорлап отырғандығы толық дәлелденді. Пленумның қарарын (құпия партияның маңызын «төмендетпеу», т. т.) олар жүзеге асыра *алмайды,* өйткені олардың бұлай істегісі келмейді. Олар бұған *керісінше* бағытты жүргізбей отыра да алмайды.

«Тәуелсіз жарияшылдардың» IV Дума сайлауына дайындық жүргізіп отырғандығына және бұл сайлауды партиядан *тыс* және оған *қарсы* жүргізетіндігіне бірде-бір адал социал-демократ күмән келтіре алмайды.

Партияшылдардың міндеті айқын: бұдан былай титтей де созбұйдаламау керек, тәуелсіз жарияшылдарға *тікелей* қарсы шығуды бір күн де кешеуілдетпеу керек, Россиядағы партиялық жұмысшы үйірмелерін ашықтан-ашық және үзілді-кесілді түрде сайлауға дайындала бастауға шақыру керек және *сайлауда* жұмысшыларды «тәуелсіз жарияшылдарға» қарсы ескертіп отыру керек, тәуелсіз жарияшылдарға қарсы күресу керек, *тек* осы ағымның қауіптілігін ұғынған, *тек* әбден партиялық жұмысшыны ғана өткізу керек.

Біздің партиямыздың бүгінгі міндеті осындай. Өмірдің өзі (тәуелсіз жарияшылдар да) нақтылы қойған мәселені осылай қоюдан бас тартудың қандайы болса да, жалтарудың, созбұйдалаудың қандайы болса да, жарияшылдардың «уәделермен» және «сендірулермен» ай-

ла-шарғы жасауын қайталау әрекеттері партияға аса зор қауіп туғызады.

5. Біздің практикалық қорытындымыз: 9-дың жиналысына сөзсіз, дереу партияға арнап үндеу жазуды — Россияда Орталық Комитетті шақырудың іске аспағанын дұрыс және толық баяндайтын, жергілікті үйірмелерді инициатива көрсетуге және облыстық, ал одан соң орталық *ұйымдастыру комиссиясын* құруға және «тәуелсіз жарияшылдарға» қарсы үзілді-кесілді, тікелей, табанды күреске шақыратын үндеу жазуды тапсыру керек.

Егер Орталық Комитеттің тоғыз мүшесінің бес мүшесі емес, тоғыз мүшесінің басым көпшілігі өздерін пленум деп мойындауға және тәуелсіз жарияшылдар тобына (фракциясына) қарсы үзілді-кесілді күресу жолына түсуге келісетін болса, тек сол жағдайда ғана бұл шақыруды Орталық Комитет пленумының формальды түрде дауысқа салуы арқылы бекіту керек болады. Орталық мекемелерге кедергі болып, бөгет жасаған, оларды әлсіреткен және бір жарым жыл бойы «шалажансар жағдайда ұстап келген» осы жарияшылдардың орталық мекемелерге қатысуымен мұндай күрестің сыйыса алмайтыны өзінен-өзі түсінікті.

1911 ж. 19 және 23 май (1 және 5 июнь) аралығында жазылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

3

ПАРТИЯ ІШІНДЕГІ ІСТІҢ ЖАЙЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА[107]

Орталық Комитеттің 1910 жылғы январьдағы пленумынан кейін большевиктер Орталық Комитеттің құрамын толықтыруға және оның қызметін қайта жандандыруға барлық күшін салды. Орталық Комитеттің мүшелері Макар мен Иннокентий жергілікті партия ұйымдарымен және партияшылдармен — ашық жұмысшы қозғалысының қайраткерлерімен байланыс жасады, олармен бірлесе отырып, Орталық Комитетке кооптациялау үшін кандидаттар белгіледі, т. т. Бірақ большевик цекистердің бұл әрекеттері екеуінің де тұтқынға алынуымен тынды. Олар Россияда жүргізген жұмыста голосшылдар тарапынан ешқандай да көмек алған жоқ. Лондон съезінде сайланған, қазіргі кезде тәуелсіз жарияшылдардың қатарына қосылған меньшевиктердің өкілдері Михаил, Юрий, Роман Орталық Комитетте жұмыс істеуден бас тартып қана қойған жоқ, сонымен қатар Орталық Комитеттің өмір сүруінің өзі жұмысшы қозғалысына зиянды деп санайтындарын мәлімдеді.

Бірнеше айға созылған үзілістен кейін, 1910 жылы, айдаудан қашып шыққан Макар жолдас пен Вяземский жолдас Орталық Комитетті шақыру үшін қайтадан бюро құрады*. Олардың жұмысына бюро мүшесі бундшыл Юдин де қатысты. Олар 6 ай бойы жергілікті партия ұйымдарымен қайтадан байланыс жасап, Орталық Комитетке кандидаттар белгілейді, агенттер жібереді, Ду-

* Бұл уақытша бюроны ұлттық ұйымдар да, Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы мен партиямыздың Орталық Органы да таныды.

мадағы фракциямен бірлесе отырып, Москвада қосымша сайлау жүргізілгенде сайлау науқанын ұйымдастыруға қатысады.

Меньшевиктер өкілдерінің ішінен олар тек Костров жолдаспен ғана байланыс жасай алды, оның өзі де Орталық Комитет шақырыла қалған күнде, өзінің дауыс беру правосын пайдалану үшін бір-екі рет қана келді.

6 ай қызмет істегеннен кейін Орталық Комитетке кооптациялауға ұсынылған бірнеше кандидаттармен, секретарь жолдаспен және бюро қызметіне қандай да болса қатысы бар басқа адамдармен бірге большевик цекистер тұтқынға алынды. Цекист жолдастар тұтқынға алынғаннан кейін, түрмеден жолдаған хаттарында мынаны атап айтады: жандармдар бірнеше ай бойы олардың басқан ізін аңдып отырған және бұлардың әр қадамынан хабардар болып отырыпты, сондай-ақ Орталық Комитетті Россияда шақыруға байланысты арандатушылық жасалғанына да шүбәлануға болмайды. Бюроның екі мүшесі (Макар мен Вяземский) сәтсіздікке ұшырағаннан кейін еркіндікте қалған цекистер—Юдин мен Костров $2^1/_2$ ай бойы *мүлде қызмет* істемеген, Орталық Комитеттің Шетелдік бюросына да, Орталық Органға да ешбір хат жолдамаған.

Орталық Комитетті Россияда қайта қалпына келтіру жолындағы $1^1/_2$ жылдық жұмыстың нәтижесінде Орталық Комитеттің большевик 4 мүшесі (Мешковский, Иннокентий, Макар, Вяземский) айдауда жүр немесе түрмеде отыр. Жандармдардың тергеулері мен бірсыпыра адамдар тұтқынға алынғаннан кейін, Орталық Комитеттің Лондонда сайланған кандидаттары мен мүшелерінің *бәрі* өкімет орындарына түп-түгел белгілі екені, олардың сыртынан аса мұқият бақылау ұйымдастырылғаны күмәнсыз анықталып отыр. Ал мұндай жағдайлардың бәрінде Россияда Орталық Комитетті шақыруға жаңадан әрекет жасаудың өзі, одан еш нәтиже шықпайтынын біле тұра, көрер көзге сәтсіздікке ұмтылу болар еді.

Қалыптасып отырған жағдайдан шығудың бірден-бір амалы шетелдік пленум шақыру болар еді. Шетелде

пленумға қатысуға праволы 9 адам бар[108]. Мұның өзі пленумның толық құрамының (15 адам) жартысынан көбі. Олар заң бойынша өздерін пленум деп жариялай алады, ал істің шын мәнісіне келгенде өздерін пленум деп жариялауға тиісті.

Өзге мүшелері шақырылып, жиналғанға дейін пленум өткізуді кейінге қалдыру жөніндегі ұсыныс — оны одан әрі бірнеше айға дейін созбұйдалау деген сөз болар еді.

Орталық Комитеттен қатынасын үзетіндіктері туралы және өздерінің партияны жою ниеттері туралы ашық мәлімдеген Михаил, Юрий, Романнан басқа, меньшевиктер Костров пен Петрді «әкеле» алады. Большевиктер Мешковскийді, Иннокентийді, Рожковты және Саммерді әкеле алар. Бұған қанша ай қажет боларын айту мүмкін емес.

Бастан кешкен тәжірибеден кейін, формальды түрдегі кандидаттарды «әкелу» жөніндегі мерзімі белгісіз ұзақ «жұмыстың» нақтылы маңызы партия үшін нөльге тең. Оның маңызы нөльден де жаман, өйткені жігерлі инициативаны талап ететін өкінішті өмір шындығын жоғарыда орындар бөлу ойыны арқылы жергілікті ұйымдар мен топтардан тасалайды. Орталық Комитеттің қызметін қайта қалпына келтіру жолындағы $1^1/_2$ жылға созылған нәтижесіз әрекеттен кейін партияны тағы да таусылмайтын созбұйдаға салып алдарқату — мұның өзі партияны қорлағандық деген сөз. Біздің мұндай қорлауға қатысқымыз келмейді.

Партияның *нақтылы* жағдайы қазір мынадай: жергілікті жердің бәрінде дерлік үнемі жиналып тұрмайтын кіші-гірім партиялық жұмысшы топтары мен ұялары бар. Олар жұмысшылар арасында барлық жерде де зор беделге ие болып отыр. Олар барлық жерде, одақтарда, клубтарда, т. т. жарияшыл-жойымпаздарға қарсы күресуде. Олардың әзірге өзара байланыстары жоқ. Әдебиетті өте сирек көреді. Жұмысшылардың бұл топтарына большевиктер мен меньшевиктер — партияшылдар, шетелде құрылып, оқшауланған «впередтік» фракцияға әлі тартыла қоймаған бірсыпыра «впередшілдер» топтасып отыр.

«Вперед» тобы пленумнан кейінгі барлық уақытын шетелде отырып, өзінің фракциясын ұйымдық жағынан нығайтуға, оқшаулауға пайдаланды. Оның өкілдері «Дискуссионный Листок»[109] редакциясынан және Орталық Комитеттің жанындағы Мектеп комиссиясынан шығып кетті. «Вперед» тобы соңғы пленумның шешімдерін орындамады, қайта шамасы келгенше социал-демократтардың жалпы партиялық жұмысына кедергі келтіріп бақты. Партияның жария және құпия әдебистінде алдағы сайлауға дайындық әлдеқашан-ақ басталған болатын. Ал оның бер жағында «Вперед» тобы осындай партия үшін өте-мотө маңызды саяси қимыл кезінде партияға көмек бермеуі былай тұрсын, тіпті өзінің IV Дума сайлауына қатысатынын немесе қатысуға қарсы екендігін де ашық айтқан жоқ. «Вперед» тобының шетелдік басшылары тіпті өздерінің әдебиет бетіндегі ең соңғы сөздерінде де шақырымпаздарға жарамсақтануын қоймай келеді.

Тәуелсіз жарияшылдардың фракциясы («Наша Заря», «Дело Жизни» және оларды Дан, Мартов және К° сияқты бүркемелеп отырған голосшылдар) анағұрлым елеулі антипартиялық және антисоциал-демократиялық күш болып отыр. Олардың ешқандай Орталық Комитетке бағынбай, оның шешімдерін жұрт алдында қорлап отырғандығы толық дәлелденді. Соңғы пленумның қарарын («Құпия партияның маңызын төмендетпеу», т. т.) *олар* жүзеге асыра *алмайды*, олардың бұлай істегісі де келмейді. Олар бұған *керісінше* бағытты жүргізбей отыра да алмайды.

«Тәуелсіз жарияшылдардың» IV Дума сайлауы науқанын партиядан *тыс және оған қарсы* өз алдына дербес жүргізетініне, олардан соны ғана күтуге болатынына бірде-бір социал-демократ күмән келтіре алмайды.

Социал-демократ партияшылдардың міндеті айқын: Россиядағы партиялық жұмысшы үйірмелерін сайлауға дереу дайындала бастауға ашықтан-ашық және үзілді-кесілді шақыру қажет. Социал-демократтардың атынан ұсынылатын кандидаттардың *тек* әбден партиялық адамдар, тек жойымпаздық ағымның қауіптілігін түсіне білген жолдастар ғана болуын көздеу қажет. Тәуел-

сіз жарияшылдарға *тікелей* қарсы шығуды бір күн де кешеуілдетуге болмайды, сайлау кезінде тәуелсіз жарияшылдар тарапынан социал-демократиялық партияға төнетін қауіптен жұмысшыларды дереу сақтандыру қажет.

Біздің партиямыздың бүгінгі міндеті осындай. Өмірдің өзі (тәуелсіз жарияшылдар да) нақтылы қойған мәселені осылай қоюдан бас тартудың қандайы болса да, созбұйдалаудың қандайы болса да, жарияшылдардың «уәделермен» және «сендірулермен» айла-шарғы жасауын қайталау әрекеттері партияға аса зор қауіп туғызады.

Біздің практикалық қорытындымыз: 9-дың жиналысы сөзсіз, дереу партияға арнап үндеу жазуы — Россияда Орталық Комитетті шақырудың іске аспағанын дұрыс және толық баяндайтын, жергілікті үйірмелерді инициатива көрсетуге, жергілікті және облыстық комитеттер құруға, орталық ұйымдастыру комиссиясын құруға және қолдауға, социал-демократияның әдеби органдарын (социал-демократияның Думадағы фракциясының қатысуымен және қолдауымен шығарылып тұрған «Звездадағы» сияқты оларда да жойымпаздарға орын болмауға тиіс) құруға және қолдауға шақыратын, «тәуелсіз жарияшылдармен» батыл, табанды күрес жүргізуге және ағым айырмашылығына қарамай, нағыз партиялық элементтердің өкілдерін жұмыс үстінде жақындастыруға шақыратын үндеу жазуы керек. Егер, Орталық Комитеттің 9 мүшесінің 5-і ғана емес, тоғыздың басым көпшілігі өздерінің жиналысын Орталық Комитеттің пленумы деп табуға келіссе,—онда Орталық Комитеттің әлгі жиналысы дереу жаңа мүшелерді кооптациялауы керек, конференция шақыру жөніндегі ұйымдастыру комиссиясын құрып, IV Дума сайлауына практикалық дайындық жасаумен айналысуға тиіс. Ұйымдастыру комиссиясына және Орталық Комитетке партияшыл-меньшевиктердің өкілдері дереу енгізілуге тиіс. Орталық Комитеттің жиналысы тәуелсіз-жарияшылдар фракциясына қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізу жолына түсуге тиіс. Партияның орталық мекемелерінде кедергі туғызып, бөгет жасаған, әлсіреткен және

бір жарым жыл бойы «шалажансар жағдайда ұстап келген» тәуелсіз жарияшылдар сол мекемелерге қатысатын болса, онымен мұндай күрестің сыйыспайтыны өзінен-өзі түсінікті де.

1911 ж. 19 және 23 май (1 және 5 июнь) аралығында жазылған

Бірінші рет, Ф. Э. Дзержинскийдің қолымен жазылған көшірме бойынша басылып отыр

4

КЕҢЕСТІ ЗАҢДАСТЫРУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ТАЛҚЫЛАНҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

28 МАЙ (10 ИЮНЬ)

1[110]

Егер партия пленумды кейінге қалдырудан $1^1/_2$ жыл зардап шегіп келе жатса, ұлттық ұйымдар әлдеқашанақ өкілдер сайлап алуға тиіс еді. Латыш жолдас мәселені бундшылға қарағанда тіпті басқаша қойды. Ол пленумды шақыру жағдайын білгеннен соң, кейіннен өзінің Латыш өлкесі Орталық Комитетіне баяндама тапсыратындығын, шешімнің Латыш өлкесі Орталық Комитеті бекіткеннен кейін ғана Латыш өлкесі үшін күшіне енетінін ескергендіктен, өзі сайланбаса да пленум жұмысына қатысуын міндетті деп санағанын айтты.

2

Бұл арада, шынында да, жолдастарды ақымаққа айналдыруда[111]. Макар мен Линдовтың бірдемелер істегенін біз білеміз: ұйымдармен байланыс жасады, агенттер тағайындады, кандидатпен байланыс жасады. Олар сәтсіздікке ұшырады. Содан бері біз еркіндікте қалғандардың ешқайсысынан еш хабар алғанымыз жоқ. Олар тіпті Орталық Органға да, Орталық Комитеттің Шетелдік бюросына да хабар бермеді. Ешқандай да жұмыс жүргізілген жоқ. Бұдан әрі Орыс бюросы деп, Орыс Орталық Комитеті деп партияны алдай беруге болмайды. Орталық Комитетті Россияда шақыру дегеннің өзі Столыпинге көмектесетін бос сөз.

Ионовтың мәлімдемесінде: ол өзі Бундтың Орталық Комитетіне шақыру жіберетінін айтқан болатын[112]. Ол

қашан жібереді? Содан бері қанша уақыт өтті? Жауап неге жоқ? Ионов: өкілдігі болмағандықтан цекистердің жиналысына келе алмаймын деп жазады. Либер мұнда неғып жүр? Ионовтың жауабы бойынша қарар қабылдауды ұсынамын, өйткені мұнда әзәзілдік бары көрініп отыр.

3

Бюро жөнінде айтылғанды қорытындылайық. Әңгіме бюроның қалған мүшелері туралы болып отыр екен. Жұмыс жайында ешқандай да жұмыс жүргізілген жоқ деп айтылды. Көрнекті меньшевик Адрианов жолдас жұмыс істеген болса, онда ол меньшевиктерге қалай да белгілі болар еді. Тіпті оның ең жақын пікірлестерінің өзі бұл жөнінде еш нәрсе білмейді. Пәлен жерде бюро бар деу тек ойынға айналдырып, партияны алдау болып табылады. Бер сәтсіздікке ұшырағандықтан да Бундтың Орталық Комитетімен байланыс жасай алмады. Ал партияға қайтпек керек? Партия күте алмайды. Бұл арада қалай да инициатива көрсету керек.

4

Бер заң туралы байбалам салады, сөйте тұра Орталық Комитеттің Шетелдік бюросында заңға қарсы, жойымпаздардың пайдасын көздеп батыл күрес жүргізді[113]. Мұндай әрекет оның мәлімдемелерінің адалдығына мені күдіктендіреді, оның тарапынан жалпы партиялық мекемелерді бүлдірерлік жаңа әрекеттер жасалуын күтуге мәжбүр етеді.

Бірінші рет, протоколдың жазба бойынша басылып отыр

5

ЗАҢДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

Орталық Комитеттің шетелде тұратын мүшелерінің бәрі осы жиналысқа шақырылғандығын және біреуінен басқасы түгел келгендігін көрсете отырып, жиналыс өзін шетелде тұратын цекистердің кеңесі деп есептейді, сөйтіп өзінің күн тәртібіне партияның жалпы жағдайына байланысты Орталық Комитетті қайтадан құру туралы мәселе қояды.

1911 ж. 28 майда (10 июньде) жазылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

6

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ПЛЕНУМЫН ШАҚЫРУ ЖӨНІНДЕГІ МӘСЕЛЕ ТАЛҚЫЛАНҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

30 МАЙ (12 ИЮНЬ)

1[114]

Төменгі мекеме (Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы) $^1/_2$ жыл бойы қаулыны бұзып, жоғары мекемені шақырудан бас тартып келгенін атап айтамын. Мен мұны атап айтуға мәжбүр болып отырмын, өйткені $^1/_2$ жыл бойы партияға оның орталық мекемесін қайта жандандыруға бөгет жасап баққан мекемеге қандай да болсын сенім көрсетуден сақтандырмақпын.

2

Мен цекистердің соңынан аңду болғаны туралы бізде 1910 жылдың көктемінен бері Иноктің хаты жатқанын ескертемін. Біз орыс авантюрасына қарсы барлық құралды қолданып күрестік[115]. Макар 1910 жылы істі қайта бастап еді, бірақ ақша жіберу бұл әрекеттің құр әурешілік екенін бірден аңғартты. Орталық Комитетті Россияда шақыру оны көрінеу көзге түрмеге жіберу екені бірден-ақ айқын болды. 1908 жылдың көктемінен бастап, 1910 жылғы пленумға дейін Орталық Комитет Россияда бірде-бір рет жиналған жоқ. Орталық Комитетті Россияда шақыру тарихының өзі бұл міндеттің орындалмайтынын көрсетеді. Орталық Комитетті Россияға, түрмеге жабу үшін болмаса, басқаша жіберуге болмайтын еді.

3[116]

$1^1/_2$ жылдың ішінде орталық жұмыста 4 большевик сәтсіздікке ұшырады. Бірде-бір меньшевик тұтқынға алынған жоқ, өйткені олар столыпиндік партия құру жолында жұмыс істеді. Бізге хат жазбады, құпиялықты сақтауды сылтауратып, хат алысуды да тоқтатты. Меньшевиктер Орталық Комитетті құру жолында жұмыс істемек түгіл, тіпті кооптация жасауға келуден де бас тартты (Михаил, Роман және Юрий), Петр бюроның табалдырығынан да аттаған жоқ, Костров бір аттам жерде тұрды. Тек қана большевиктердің жұмыс істегені бұлтартпас факт.

4

Любич жөнінде бізде Иноктен келген хат бар, онда Любичтің жұмыс істеуге келісім бергені айтылған. Петр жөнінде бізде оның тіпті бюроның табалдырығынан да аттамағаны туралы мәлімет қана бар. Орталық Комитет мүшесі Орталық Комитетте жұмыс істеу үшін баруға міндетті екені өз-өзінен түсінікті. Мартынов — эмигрант = Богдановқа, Никитаға. Егер Мартыновты шақырса, онда оларды және Викторды да шақыру керек болады. Михаил, Юрий, Романдардың Орталық Комитетке ешқандай да қатысы болған жоқ. Столыпиндік жұмысшы партиясын құрып жатқан бұл адамдар Январь пленумы батыл айыптаған қызметпен шұғылданып жүр. Столыпиндік жұмысшы партиясын жасаушылармен де, оларға көмектесушілермен де біздің ортақ еш нәрсеміз жоқ.

Бірінші рет, протоколдық жазба бойынша басылып отыр

7

ПАРТИЯ КОНФЕРЕНЦИЯСЫН ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ ҚАРАРҒА ҰСЫНЫС

Ұйымдастыру комиссиясы[117] конференция шақыру жұмысына Россиядағы жергілікті ұйымдардың өкілдерін және бұқара арасында қызметте жүрген беделді жолдастарды тартып, олар пленум қарарлары мен хатында көрсетілген директиваларды орындау мағынасында алғанда конференция шақыруға байланысты барлық практикалық жұмысты Ұйымдастыру комиссиясының жалпы бақылауымен атқарып отыратын орыс коллегиясын мүмкіндігінше дереу құруы керек.

1911 ж. 1 (14) июньде жазылған — *Қолжазба бойынша басылып отыр*

8

МӘЛІМДЕМЕ[118]

Біз партияның барлық элементтерін мүмкіндігінше түгелдей жақындастыру мақсатымен тұтас алғанда қарарды жақтап дауыс бере отырып[119], шетелдік голосшылдар мен впередшілдерді, яғни пленумнан кейін бір жарым жыл ішінде шетелде ерекше фракция құрып, партияға *қарсы* әрекет етуге ғана, оның жұмысына *бөгет жасауға* ғана, тәуелсіз жарияшылдық жұмысшы партиясына немесе шақырымпаздарға көмектесуге ғана қабілетті екенін дәлелдеген антипартиялық топтардың өкілдерін Ұйымдастыру комиссиясына шақыруға жол беруге батыл қарсылық білдіреміз.

Н. Ленин

1911 ж. 1 (14) июньде жазылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ДУМА СЕССИЯСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ЖӨНІНДЕ

«БІРГЕ ІСТЕДІК»

Айта кету керек, Думаның 27 апрельдегі «тарихи» мәжілісінде Тесленко мырза Столыпин мырзаға былай деп қарсы шықты:

«Министрлер Советінің председателі Мемлекеттік думаға: иә, мырзалар, мен сіздерге ең таяу уақытта көмекке келемін,— деді.— Міне, сіздер, бәлкім, ескі салт заңын осылай етерсіздер, оны үзіліс алдында қабылдамай тастауға тура келер, міне, сонда ол үзіліс уақытында өткізіп жіберілетін болады. Мұнда маған тіпті қайдағы бір сондай еркінсу сарыны, сондай бір сарып естілгендей болды, бұл арада бізге: иә, біз мұны сіздермен бірге істедік дегенді айтатын сияқты болып көрінді. Ал, мырзалар, егер мен «Ревизордан» бір көріністі, қала бастығының: «Ә! сіз менің үстімпен шағым етпексіз бе?! Ал біздің сізбен бірігіп мынадай да мынадай нәрселерді істегеніміз есіңізде ме» деген көрінісін еріксіз еске түсіргенімді кешіріңіздер. Сөйтіп, мырзалар, мен былай деп санаймын: мүмкін, бұрын осы көмекке сенгендер болса, мүмкін, бұл көмекке алдағы кезде сенетіндер болса, менің ойымша, олар өздерінің ыңғайсыз жағдайда екенін сезуге тиіс еді, сөйтіп, олар, мүмкін, ойланған да болар, ал егер олар: құдайым бізді мұндай достардан сақтай гөр, жаулардан өзіміз-ақ құтыламыз, деп ойласа жақсы-ақ болар еді».

Стенографиялық есептің көрсеткеніне қарағанда, Тесленко мырзаның бұл тирадаларына «сол жақтан қол шапалақтау» болған көрінеді — сірә, халық бостандығы фракциясының қатарынан болар. Кадеттер бұл жерде октябристерді ебін тауып келекеледік деп санаған. Бірақ көптеген басқа реттердегі сияқты, олар бұл ретте де өз шешенінің аузынан шығып кеткен сөздердің терең мағынасын түсініп жетпей қол шапалақтаған. Олар

бұл сөздер тек октябристердің ғана өңменінен өтеді, өздерінің тек осы ерекше жексұрын бақталастарының ғана беделін түсіреді деп қол шапалақтады. Егер Тесленко мырзаның сөзінің маңызына шындап зейін қоятын болсақ, оның ұтымды айтылған сөзі —октябристердің де, кадеттердің де өңменінен өтерліктей шындық, мұны олар түсінбеді. Осы шындыққа тоқталып өту қажет, өйткені Россияның соңғы бес-алты жыл ішіндегі — және қандай жыл ішіндегі десеңізші — саяси тарихының ең маңызды мәселелерінің біріне бұл шындықтың қатысы бар.

«Біз мұны сіздермен бірге істедік»—жақсы айтылған, Тесленко мырза. Бірақ, мүмкін: кадет мырзалар әдетте сонша менсінбей қарайтын «солшыл» «митингілерде» талай рет айтылған нәрсе жақсы *қайталанған* деу дұрысырақ болар. «Біз мұны сіздермен бірге істедік»— бұл сөздер тіпті де үшінші Думаның жалғыз заң жобаларына ғана, тіпті де жалғыз атышулы «вермишельге» ғана қатысы бар нәрсе емес. Бұл сөздер 1905 жылдың аяғынан бастап Столыпин мырзалардың да, орыстың бүкіл либерал немесе либералданушы буржуазиясы да «бірге» «істеген» *нәрселердің бәріне* қатысы бар. Столыпин мырзаның «еркінсу сарыны» кадет шешенінің көзіне «елес» болып көрінген жоқ: бұл сарын — Столыпиннің барлық сөздеріне, Столыпиндердің буржуазияға (айталық, октябристік және кадеттік депутаттар арқылы үшінші Дума депутаттарының көпшілігін беретін буржуазияға) көзқарас жөніндегі бүкіл саясатына шынында да тән сарын.

Оқиғалардың қандай да болса елеулі оралымы жағдайында дөрекі түрде шетқақпайлауға және тіпті зорлық-зомбылыққа көшетін еркінсу сарынының болып отырған себебі: жалғыз октябристер емес, сонымен бірге кадеттер де тек сұлу сөз үшін ғана, тек қол шапалақтату үшін ғана (мұны Столыпиндер әбден жақсы біледі) мынадай бос сөздерді айтады: «құдайым, бізді мұндай достардан сақтай гөр» (яғни Столыпиндерден), «ал жаулардан» (яғни, сірә, оңшыл реакциядан да, солшыл... мұны қайтіп жұмсартыңқырап айтсақ екен?.. «талап қойғыштықтан» да) «өзіміз-ақ құтыламыз».

Бұл сөздер тек құр сөз ғана болмаса, Россия «мұндай достардан» қазірдің өзінде-ақ толық және біржолата құтылған болар еді. Бірақ мәселенің түйіні дәл мынада: мұндай бос сөздерді кадеттер тек «оппозициялық» бой көрсетулердің қызуы үстінде ғана жаудырады — демократизмнің, ең жеңіл шабуылы болса да, белгілі бір шабуылынсыз жалпы мемлекеттік трибунадан оппозициялық сөздер сөйлеуге болмайды. Міне, сөйтіп демократиялық мәлімдемелер жасалып қалады, бұларды нақ сол кадеттердің *істерімен* салыстыру соншалық пайдалы. Демократизмді ойыншық ететін (немесе оң жақтағы жауды демократизм арқылы қорқытатын) буржуазияның тарихи ролі нақ мынада: сөз жүзіндегі осы «ойыншық» қара халықтың кейбіреулері үшін кейде елеулі қызмет атқарады, шынайы және терең демократиялық ой-пікір туғызады. «Жоғарыдағылар скрипка тартқанда, төмендегілердің билегісі келеді». Латын мәтелі littera scripta manet — жазылған нәрсе жоғалмайды дейді. Айтылған сөз де әрқашан жоғалып кете бермейді, тіпті ол тек сөз үшін және әсер ету үшін айтылған күнде де осылай болады.

Әрине, бұдан — кадеттердің екіжүзділік сөзін қоспасыз шындық деп санауға болады, оны демократизм деп жариялауға немесе демократизм деп есептеуге болады деген қорытынды тумайды. Бірақ бұдан мынадай қорытынды туады: кадеттердің демократизм рухындағы әрбір екіжүзділік сөзін, біріншіден, сөйлеушінің сөзі мен ісіндегі алшақтықты көрсету үшін, екіншіден, Таврический сарайы шешендерінің әсерлі сөздері барып жететін «қара халыққа» демократизмнің нағыз, өмірлік, тікелей маңызын көрсету үшін пайдалану керек.

Тесленко мырзаның жоғарыда келтірілген пайымдауларының екіжүзді болып отырған себебі — Тесленко мырзаның өз басының екіжүзділік істеп отырғандығынан емес: ол өзінің оппозициялық тілмарлығының екпініне әншейін елігіп кетуі мүмкін. Бұл арадағы екіжүзділік мынада: кадеттер партиясы өкілінің *сөздері* орыстың ең жаңа тарихының барлық елеулі кезеңдерінде осы партияның *істерінен* алшақ жатады.

1905 жылғы августағы оқиғаларды еске түсіріңіздерші. Столыпин мырзаның ізашары бұл кезде не істеді? Булыгин Думасын[120] және оның сайлауын жолға қойды. Тесленко мырза мен оның пікірлестері не істеді? Өз күштерінің шамасына қарай және өзінің қоғамдық жұмыстағы «мамандығына» сәйкес нақ сол сайлауды жолға қойды. Тесленко мырзаға Булыгин мырзаның (Столыпин мырзаның да): «Біз мұны сіздермен бірге істедік» деп айтуға хақы бар. Ал Тесленко мырзаның «бірге істеген» себебі нақ мынадан: өзінің «достарының» ішіндегі кейбіреулерінен айрылып қалудан қорықты, бұлар туралы ол қазір мейлінше кекірейіп, мейлінше рыцарьлық-батылдықпен: «құдайым, бізді мұндай достардан сақтай гөр»... дейді.

Булыгин Думасы туралы заң шығарылғаннан кейін ширек жыл өткеннен соңғы оқиғаларды еске түсіріңіздерші. Столыпин мырзаның ізашары сол кезде не істеді? Ол, мысалы, почта-телеграф қозғалысына және осы сияқты қозғалыстардың көптеген тарамдарына қарсылық көрсетті. Тесленко мырза немесе, ең болмағанда, Струве, Караулов мырзалар және басқалар арқылы оның партиясы нақ сол қозғалысқа өзінше қарсылық көрсетті. Витте мырзаның (және Столыпин мырзаның да) Тесленко мырзаларға: «Біз мұны сіздермен бірге істедік» деп айтуға хақы бар. 1906 жылы 1 майда, жұмысшылар мейрамы жөнінде, біраз кейінірек «жер жөніндегі жергілікті комитеттер» жөнінде нақ осындай болды, 1907 жылы екінші Думаның жұмысшы және шаруа депутаттары жөнінде, т. т. және т. с. жөнінде ұдайы және әрқашан нақ осындай болды.

Белгілі кадеттік жазушы Изгоев мырза «Вехиде» өз партиясының көп жылдық осы саясатына дұрыс қорытынды жасап, былай деп жазды: «Ақырында, мынаны мойындауға батылдығымыз баруы керек: біздің Мемлекеттік думалардағы отыз-қырық кадеттер мен октябристерден басқа депутаттардың орасан көпшілігінің Россияны басқаруға және оны қайта құруға кірісе аларлықтай білімі болмай шықты».

Изгоев мырзаның «батыл мойындауының» батыл болып отырған себебі — аппаранстардың бәрін және дип-

ломатия атаулыны лақтырып тастап, автор бұл арада *шындықты* байқамай айтып салды. «Біздің Мемлекеттік думаларда» кадеттер шынында «депутаттардың орасан көпшілігін», әсіресе сол жақтағы депутаттарды қанағаттандыруға болмайтын помещиктік, буржуазиялық, либералдық-монархиялық «білімді» басшылыққа алды. Ал енді, әрине, Столыпиннің нақ сол «отыз-қырық кадеттер мен октябристердің» «білімдеріне» (дұрысырақ айтқанда, мүдделері мен көзқарасына) сүйене отырып, осы сол жақтағы депутаттармен күрескендігі өзінен-өзі түсінікті. «Біз мұны сіздермен бірге істедік», шаруалар мен жұмысшылардың олақтығымен, тәжірибесіздігімен, надандығымен күрестік,— деп Столыпин мырза бүкіл кадет партиясына айтуға праволы.

Үстіміздегі жыл ішіндегі Дума сессиясының басты қорытындысы мынада: III Дума көпшілігі жөнінде — және оның бер жағында, атап айтқанда Думаның буржуазиялық, октябристік-кадеттік көпшілігі жөнінде — Столыпиннің шамадан тыс «еркінсуі» тіпті осы көп төзетін көпшіліктің өзіне де төзе алғысыз болып көрінді. Жаңа, қазіргі экономикалық жағдайлардағы өз маңызын өте жақсы сезетін және дербестік жөнінде, тіпті өкімет билігі жөнінде дәмелене күрсініп отырған буржуазияны ескі өкімет еркінсіп шет қақпайлайды. 87-статья жайындағы оқиғаның осы еркінсуді қатты байқатқаны сонша және сонымен бірге бұл дүниедегі кейбір мықтыларға әдепсіздікпен тиіп кеткені сонша, тіпті ең көп төзетін адамдардың өздері де күңкілдей бастады. Бірақ олардың күңкілдеуден әрі баруға шамасы жоқ. Олардың қол-аяғы матаулы, сондықтан да әрі бара алмайды. Олардың матаулы болатын себебі — соңғы жылдардың бәрінде, орыс тарихының ең маңызды кезеңдерінде олар қалың халық қозғалысынан қорғалақтап теріс айналды, демократиядан — нағыз, пәрменді, әрекет еткен бұқаралық демократиядан — өшпенділікпен бойын аулақ салды, бұл демократияға ту сыртынан Столыпин қандай шабуыл жасаса, олар да нақ сондай шабуыл жасады. Сөйтіп, осы арқылы маталған октябристер мен кадеттер қазір лайықты сазайын тартып отыр; өздерін еркінсіп шет қақпайлап отырған Столы-

пин оларға: құрметтілер, егер мен демократияның жауы болсам, онда сіздер де демократиядан қорқтыңыздар, «біз мұны сіздермен бірге істедік» дегенде, шынында, олар бұған *ешбір* қарсы бола алмайды.

«Звезда» № 24, 28 май, 1911 ж.
Қол қойған: В. Ильин

«Звезда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЕСКІ, БІРАҚ МӘҢГІ ЖАҢА АҚИҚАТТАР ТУРАЛЫ

Москвадағы фабрика дәрігерлерінің II съезіне жұмысшы делегаттарының қатыспауына себеп болған оқиғалар оқушыларға газеттерден белгілі[121]. Біз бұл оқиғаларды егжей-тегжейіне жете баяндауға және олардың маңызын түсіндіруге бұл арада тоқтала алмаймыз. Біз тек *«Речьтің»* 14 апрельдегі, яғни съезд ашылған күнгі—осы оқиғалар қарсаңында жазылған бас мақаласындағы ғибрат боларлық пайымдауларын ғана көрсетіп өтеміз.

«Амал не,— деп жазды кадеттер партиясының органы,— бұл қатысуға (жұмысшы өкілдерінің қатысуына) сырттай кедергілер қойылып отыр. Кейбір тым жалынды шешендердің тағдыры не болатыны әбден белгілі. Осының нәтижесінде жұмысшы өкілдері өздерінің арнаулы мәселелерге тоқталуларының қиындығы туралы, съезде дұрыс өкілдік ұйымдастырудың мүмкін еместігі туралы, олардың ұйымдарына жасалатын кедергілер туралы және тағы да сол съездің программасынан алшақ жатқан, талқыланса, белгіленген мәселелерден басқа жаққа алаң ететін, ал кейде қолайсыз жағдайларға да апарып соғатын толып жатқан нәрселер туралы айтқысы келеді. Жұмысшы өкілдерінің «буржуазиялық» шешендерге, үкімет шараларының бәріне және басқа қоғамдық топтардың өкілдерімен ынтымақтасу мүмкіндігіне төзімсіздік жасап отырған себебі де жағдайдың шиеленісуінен болып отыр».

Бұл тирада түгелімен — дәрменсіз күрсініске тән үлгі, бұлардың дәрменсіздігі осы либералдық партияның кездейсоқ құрамынан немесе осы партияның, осы мәселенің қайсыбір өзгешеліктерінен, т. т. болып отыр-

ған жоқ, бұлардан анағұрлым терең себептерден: жалпы алғанда либерал буржуазияның Россияда XX ғасырда кездесіп отырған объективтік жағдайларынан болып отыр. Либерал буржуазия өзінің алдында «тым жалынды шешенси» алмайтын, буржуазияға, *буржуазиямен ынтымақтасу* идеясына, «үкімет шараларының *бәріне*» барынша «төзімді» жұмысшылар бола алатын «тәртіптерді» көксеп күрсінеді. Ол өзімен «ынтымақтасатын» осы момын жұмысшылар әлеуметтік саясаттың «арнаулы мәселелеріне тоқтай» алатын, «інісі» туралы буржуазиялық қамқорлықтың Тришка шекпенін жамап-жасқауға көнетін тәртіптерді көксеп күрсінеді. Бір сөзбен айтқанда, орыс либералдары, шамамен алғанда, біз қазір Англияда немесе Францияда көріп отырған, Пруссиядан *өзгеше*, тәртіптер сияқты тәртіптерді көксеп күрсінеді. Англия мен Францияда буржуазия толық және (кейбір жағдайларда ғана болмаса) тікелей дерлік үстемдік етеді, ал Пруссияда феодалдар, юнкерлер, монархиялық милитаризм басым. Англия мен Францияда буржуазия пролетариаттан шыққандарды немесе оның ісіне опасыздық жасаушыларды (Джон Бернс, Бриан) сабырлы түрде «арнаулы мәселелерге тоқталатын» және жұмысшы табын капитал үстемдігіне «төзуге» үйрететін «қызметкерлер» есебінде тарту әдісін өте жиі, еркін және кең пайдаланып отыр.

Ағылшын және француз тәртіптері Пруссияның тәртіптерінен анағұрлым демократиялық тәртіптер, жұмысшы табының күресі үшін анағұрлым қолайлы, жұмысшы табынан оның басты және нағыз жауын көлегейлейтін орта ғасырлық ескілік мекемелерінің жойылу дәрежесі жағынан анағұрлым жоғары тәртіптер екеніне ешқандай күмән жоқ. Сондықтан отанымызды пруссиялық типтен гөрі ағылшын-француз типіне неғұрлым жақындатып қайта құру талаптарының бәрін қолдау орыс жұмысшыларының мүдделеріне сай келетініне ешқандай күмән жоқ. Бірақ осы даусыз қорытындымен шектеліп қалуға болмайды, ал осымен шектелу жиі кездесіп жүр. Даулы мәселе немесе даулы (әр түрлі сарындағы демократтар даулы деп жүрген) мәселелер осы арада ғана басталып отыр.

Талпынуды қолдау керек, бірақ әлсізді және солқылдап тұрғанды қолдау үшін оны берігірек бірдеңеге сүйеу керек, әлсіздікті көруге кедергі болатын, әлсіздіктің себептерін түсінуге кедергі болатын жалған үміттерді сейілту керек. Кімде-кім ондай жалған үміттерді өршіте түссе, кімде-кім демократияның дәрменсіз, дәйексіз, солқылдақ жақтаушыларының дәрменсіз күрсіністеріне қосыла күрсінетін болса, ол буржуазиялық демократизмге талпынуды қолдамайды, қайта ол талпынуды әлсірете түседі. Кезінде, XVII ғасырдың жартысында немесе XVIII ғасырдың аяғында, Англия мен Франция буржуазиясы інісінің «төзбеушілігін» көріп күрсінбеді, осы інісінің арасынан шыққан «тым жалынды шешендерді» көріп тыржимады, қайта «төзімділікті» уағыздауға, дәрменсіз *күрсіністерге,* солқылдақтық пен тартыншақтыққа өшпенділік туғызған *нағыз* жалынды шешендерді (және шешендерді ғана емес) өзі шығарып отырды. Апат атаулыдан құтылудың құралдары туралы өздерінің ол кездегі түсініктерінің тарихи жағынан алғанда түгелдей өресіз екеніне, көбіне аңғалдығына қарамастан, сол жалынды шешендердің арасынан да талай ғасырлар бойы шамшырақ, ұстаз болып қалған адамдар шықты.

«Інісі» шешендерінің «тым жалынды» екендігіне орыс буржуазиясы сияқты, неміс буржуазиясы да күрсінді,— ал адамзат тарихына ол «юнкер» етігінің тепкісін жеген пасықтықтың, опасыздықтың, малайлықтың үлгісін көрсетті. Ол екі буржуазияның айырмашылығы, әрине, әр түрлі «нәсілдердің» «қасиеттерінде» емес, буржуазияны «інісінен» қорқуға мәжбүр еткен,— буржуазияны феодализм зорлық-зомбылықтары душар ететін жағдайлар мен жұмысшылардың «төзбеушілігі» душар ететін жағдайлар арасында дәрменсіз бұлталақтауға мәжбүр еткен экономикалық және саяси дамудың сатысында болатын.

Мұның бәрі ескі ақиқат. Бірақ олар мәңгі жаңа ақиқат және марксист болғысы келетін адамдардың басылымдарынан мынадай сөздерді оқығанда жаңа болып қала береді:

«1905—1906 жылдар қозғалысының сәтсіздікке ұшырауы солшылдардың «ұшқарылықтарынан» болған жоқ, өйткені бұл «ұшқарылықтардың» өздері де толып жатқан себептердің қабаттаса келуінен болды, бұл сәтсіздік Батыстың барлық жерінде осындай минутте «сатып кетіп отырған» буржуазияның «сатқындығынан» да болған жоқ, тозығы жеткен бюрократия өкіметінің орнына басқару ісінің басына келе алатын және өзін халықтың қолдауы үшін экономикалық жағынан күшті және барынша демократиялық, қалыптасқан буржуазиялық партияның жоқтығынан болды». Ал бұдан бірнеше жол төменіректе былай делінген: «... демократияшыл шаруаларды тартатын саяси орталық болуға тиісті қалалық буржуазиялық демократияның әлсіздігі...» («Наша Заря» № 3, 62-бет, В. Левицкий мырзаның мақаласы).

Өзінің «Қоғамдық қозғалыстағы» мақаласын Плехановтың үзілді-кесілді қойған талаптарының ықпалымен түзеген Потресов мырзаға қарағанда В. Левицкий мырза «гегемония» идеясын («тартылыс орталығы» басқа біреу емес, «қалалық буржуазиялық демократия *болуға тиіс еді!»)* өзінің теріске шығаруын ақырына дейін әбден ойлап отыр немесе оларды батылырақ, айқынырақ түрде ақырына жеткізе айтып отыр.

В. Левицкий мырза нақ либералша пайымдайды. Ол — маркстік сөздерді қаншама қолданғанымен, дәйексіз либерал. «Демократияшыл шаруаларды тартатын орталық» қалалық буржуазиялық демократиядан мүлде басқа әлеуметтік категория *болуға тиіс екенін* ол тіпті де түсінбейді. Бұл «болуға тиістілік» аса ірі тарихи кезеңдер бойы Англияның да, Францияның да, Россияның да өмір шындығы *болғанын,*— оның үстіне Россиядағы бұл дәуірлер маңызы жағынан зор, уақыты жағынан қысқа болғанын, ал Англия мен Францияда көбінесе демократияшыл, әсіре демократияшыл, «тым жалынды» плебейлер «төменгілердің» әртекті элементтерін біріктіргенін ол ұмытып отыр.

В. Левицкий мырза мынаны ұмытып отыр: тарихта «демократияшыл шаруаларды тартатын орталықтар» ролін атқаруларына тура келген, бұл рольді либерал буржуазияның қолынан *тартып алуларына* тура келген қысқа дәуірлердің ішінде де бұл «төменгілердің» осыдан кейінгі бейбіт даму жылдары дейтін ондаған жылдарда елдің демократизмнің *қандай дәрежесін* алуына

шешуші әсер етті. *Өзінің* гегемондық еткен қысқа дәуірінің ішінде бұл «төменгілер» өз буржуазиясын тәрбиелеп шығарды, оны қайта жасады, қайта жасағанда ол кейін шегінуге тырысатын, бірақ кейін жылжығанда, айталық, Франциядағы екінші палатадан немесе сайлау демократизмінен шегінушіліктерден, т. т. және т. с. әрі бара *алмайтын* етіп жасады.

Міне, осы, *барлық* Европа елдерінің тарихи тәжірибесі дәлелдеген идея, буржуазиялық қайта құрылыстар (немесе дұрысырағы: буржуазиялық революциялар) заманында әрбір елдің буржуазиялық демократиясы ұлттық тарихтың шешуші кезеңдерінде *гегемонияның* буржуазияға *емес, қайта* «төменгілерге», XVIII ғасырдағы «плебейлікке», XIX және XX ғасырлардың пролетариатына қаншама көшетініне қарай белгілі бір дәрежеде қалыптасады, белгілі бір түрге айналады, белгілі бір дәстүрде тәрбиеленеді, белгілі бір демократизм минимумын мойындайды деген идея, міне, осы идея — В. Левицкий мырзаға жат идея. Гегемонияның осы идеясы — марксизмнің негізгі қағидаларының бірі; жойымпаздардың бұл қағидалардан бас тартуы (немесе тіпті немқұрайды қарауы) жойымпаздықтың жауларымен арадағы толып жатқан ымыраға келмейтін принципті алауыздықтардың аса терең көзі болып табылады.

Демократизмнің белгілі бір дәрежесі, конституционализмнің немесе парламентаризмнің белгілі бір уклады, жалпы алғанда «төменгілердің», жекелеп алғанда пролетариаттың белгілі бір дәрежедегі дербестігі, тәуелсіздігі, бостандық сүйгіштігі және инициативалылығы, мемлекеттік және қоғамдық өмірдің бәрінде белгілі бір дәстүрлер қалыптасқан кезде әрбір капиталистік ел буржуазиялық революциялар заманын басынан кешіреді. Демократизмнің бұл дәрежесінің және бұл дәстүрдің қандай болуы,—гегемония *шешуші* кезеңдерде буржуазияның еншісіне тие ме әлде оның қарсы жағының еншісіне тие ме, «демократияшыл шаруаларды» және жалпы демократиялық аралық топтар мен жіктердің бәрін (тағы да осындай шешуші кезеңдерде) «тартатын орталық» бұлардың біріншісі бола ма немесе соңғысы бола ма, нақ осыған байланысты.

В. Левицкий мырза жойымпаздықтың идеялық негіздерін бірден батыл және айқын ашып беретін тамаша тұжырымдарға шебер. Оның әйгілі формуласы мынадай: «гегемония *емес, қайта* таптық партия», мұны орыс тіліне аударғанда: марксизм емес, брентанизм (социал-либерализм) деген сөз болып шығады. Оның осында көрсетіліп өткен екі формуласы: «демократиялық шаруаларды тартатын орталық қалалық буржуазиялық демократия *болуға тиіс еді»* және «сәтсіздік қалыптасқан буржуазиялық партияның жоқтығынан болды» деген формулалары да, сірә, сондай әйгілі болатын шығар.

«Звезда» № 25, 11 июнь, 1911 ж.
Қол қойған: В. Ильин

«Звезда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РСДРП II ПАРИЖ ТОБЫНЫҢ ПАРТИЯ ІШІНДЕГІ ІСТІҢ ЖАЙЫ ТУРАЛЫ ҚАРАРЫ[122]

АЛҒЫ СӨЗ

РСДРП II Париж тобының — мұның өзі негізінен большевиктерден, аз ғана «впередшілдерден» және «ымырашылдардан» құралған топ — төменде басылып отырған қарары барлық большевиктер платформасының негізгі қағидаларын белгілейді. Қазіргі сияқты, партияның ішінде күрес шиеленісіп отырған кезде программаның, тактиканың, ұйымның түбегейлі мәселелеріне *шын мәніндегі* көзқарастарды баяндаудың маңызы мейлінше зор. РСДРП туралы көпірме сөздер айтатын, РСДРП-ға ешқандай қатысы жоқ жойымпаздар алдында құрдай жорғалайтын Троцкий тәрізді адамдар бүгінде «кезеңнің кеселі» болып табылады. Олар — кім көрінгенмен, тіпті Потресов мырзамен де, шақырымпаздармен де — «келісімге келу» жайындағы арзан уағызбен аттарын шығарғысы келеді! — ал оның бер жағында, қажетіне қарай, бұл таңғажайып «келісім»-сымақтардың саяси шарттары туралы жұмған аузын ашпайды. Іс жүзіне келгенде бұлар — жойымпаздар алдында, столыпиндік жұмысшы партиясын құрушылар алдында *тізе бүгуді* уағыздаушылар.

Қазір барлық большевиктер тығыз топтаса түсуге тиіс, өздерінің фракциясын нығайтуға, бұл фракцияның партиялық бағытын дәлірек және айқынырақ белгілеуге, — өз «бетін» қалай да жасыратын фракциялардан айырмашылығы, — бытыраған күштерін жиып алып, пролетариатқа буржуазиялық ықпал жүргізушілерден

тазартылған РСДРПартиясын құру жолындағы шайқасқа шығуға тиіс.

Н. Ленин

I

РСДРП II Париж тобының жиналысы жалпы РСДРП ішіндегі істің жайын және социал-демократтар мен өздерін социал-демократияға қосқысы келетіндердің арасында шетелде ушыққан күрестің соңғы көріністерін талқылай келіп,

Орталық Комитеттің соңғы (1910 ж. январьдағы) пленумы бірауыздан бекіткен және шын социал-демократиялық жұмыстың сипатын белгілейтін негізгі принциптік қағидасын ең алдымен еске салуды қажет деп табады. Бұл негізгі қағида: «құпия социал-демократиялық партияны теріске шығаруды, оның ролі мен маңызын төмендетуді, революциялық социал-демократияның программалық және тактикалық міндеттері мен ұрандарын келтелеуге әрекет жасауды» *пролетариатқа буржуазиялық ықпал етудің көрінісі* деп біледі. Осындай ауытқудың, сондай-ақ әр түрлі «шақырымпаздық» немесе шақырымпаздықты ақтайтын идеялық-саяси ағымның қауіпті екенін түсіну ғана, мұндай ауытқуларды *іс жүзінде* жоятын жұмыс қана *социал-демократиялық* жұмыс бола алады.

Жиналыс онан әрі мынаны көрсетеді: «Голос Социал-Демократаның» шетелдік редакциясы және оны жақтаушылар тобы, голосшылдар, пленумның жоғарыдағы бірауыздан қабылданған қарарына қарамастан, «Голос» өкілдерінің пленумда жойымпаздықтан *безу* және оған қарсы күресу жөнінде салтанатты түрде уәде бергеніне қарамастан,— пленумнан кейінгі бір жарым жылдан астам уақыттың бәрінде жойымпаздықтың нақ осы *буржуазиялық* саясатын жүргізіп келді, социал-демократияға және социализмге тәуелсіз орыс жарияшылдарының «Наша Заря», «Возрождение», «Дело Жизни» және басқа да органдарын қолдап, ақтап және қорғап отырды. Бұл органдар қайраткерлерінің *РСДРП-мен ортақ ештеңесі жоқ,* мұны партияның атынан оның

Орталық Органы да сан рет осылай деп мойындады, Плеханов жолдас бастаған партиялық меньшевиктер де осылай деп мойындады. Бұл органдардың қайраткерлері құпия социал-демократиялық партияның ролі мен маңызын кемітіп қана қоймайды, сонымен қатар оны тура теріске шығарады, «астыртын жұмысты» ренегаттарша сөгеді, жұмыстың революциялық сипатын, Россиядағы қазіргі жұмысшы қозғалысының революциялық міндеттерін теріске шығарады, пісіп келе жатқан дағдарыстың «конституциялық» сипаты бар дейтін либералдық-буржуазиялық идеяларды таратып, жұмысшыларды алдайды, революциялық марксизмнің социализм үшін және демократиялық революция үшін күрестегі жұмысшы табының *гегемондығын* мойындау сияқты ежелгі ұрандарын (тек келтелеп қана қоймайды) лақтырып тастайды. Өздерінің жария немесе «ашық» жұмысшы партиясы дейтін партиясын уағыздай отырып және құра отырып, бұл адамдар, шынында, *столыпиндік «жұмысшы» партиясын* құрушылар және пролетариатқа буржуазияның ықпалын жүргізушілер болып табылады, өйткені шындығында бұл адамдардың уағызы — буржуазиялық мазмұнға толы уағыз, ал Столыпин тұсындағы «ашық» жұмысшы партия дегені бұқараның патша самодержавиесіне, III Думаға және бүкіл столыпиншілдікке қарсы революциялық күресі міндеттерінен безетін адамдардың ашық ренегаттығынан басқа еш нәрсе емес.

Жиналыс мынаны көрсетеді: Орталық Комитеттің техникалық органы болуға тиісті оның Шетелдік бюросы түгелімен жойымпаздардың ықпалына түсіп отыр*.

Бір жарым жыл бойы Орталық Комитеттің оған берген бірде-бір тапсырмасын (мысалы, пленумның шешімдерін мойындау және жүзеге асыру негізінде шетелдік топтарды біріктіру жөніндегі немесе жергілікті

* Голосшыл Игорев (оны партиялық меньшевик Плеханов жеткілікті түрде әшкерелеген және сілейте сөккен) және Потресов мырзаны, столыпиндік жұмысшы партиясының басқа да қайраткерлерін жақтаған насихатты ашықтан-ашық жүргізіп отырған бундшыл Либер Орталық Комитеттің осы Шетелдік бюросының басшылары болып табылады.

ұйымдарға көмектесу жөніндегі, немесе «Голосты» жабу және «Вперед» тобының фракциялық оқшаулығын жою жөніндегі тапсырманы) орындамай, Шетелдік бюро социал-демократияның жауларына, жойымпаздарға, тікелей көмектесті.

Партияны келеке еткендей, Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының көпшілігі (устав бойынша міндетті) пленум шақыру жұмысын 1910 жылғы декабрьден бастап үнемі *іске асыртпай келді*. Осы пленумды шақыру талабын большевиктер алғаш рет мәлімдеген кезде пленум туралы мәселені «дауысқа салудың» өзіне ғана Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы жеті апта уақыт кетірді. 7 апталық дауысқа салудың нәтижесінде Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы большевиктер тарапынан пленумның талап етілуі «заңды» деп таныды, бірақ — сонымен бірге пленумды іс жүзінде *шақыртпады*, олар 1911 жылы майдың аяғында екінші рет те пленумды шақыртпады. Орталық Комитеттің *мұндай* Шетелдік бюросының іс жүзіндегі ролі Орталық Комитеттің өмір сүруінің өзін зиянды деп жариялаған Михаил, Юрий және Роман сияқты жарияшылдар көсемдеріне және столыпиндік жұмысшы партиясының қайраткерлеріне көмекті шетелден және партияның орталық мекемелерінің өз ішінен көрсетуінде болды (партияның Орталық Органы *«Социал-Демократтың»* 12 және 21—22-номерлері*). Жиналыс мынаны көрсетеді: жойымпаздардың партиялық қызметтерде болуы партияны тұп-тура *алдау* болады, өйткені бұл қызметтерге жойымпаздықтан безу және оған қарсы күресу жөніндегі уәдесін *адал орындайтын* меньшевиктер жіберілсін деп пленум шешімдері анық та айқын айтқан болатын**.

Сондықтан жиналыс былай деп табады: өзін заңнан тыс және партиядан тыс мекеме ретінде қойған Орта-

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 19-том, 224-бет және осы том, 194—199-беттер. *Ред.*

** Шетелдік жойымпаздардың РСДРП-ға қарсы саяси шантаж және охранкаға хабар жеткізу сияқты — «Голос» редакциясының көмегімен Мартов мырза шұғылданып жүрген — күрес тәсілдеріне келетін болсақ, жиналыс мұндай қылыққа жиіркенішпен лағнет айтады, бұл қылықтан бүкіл жібі түзу адамдарды жирендіру үшін осыны көрсетіп өту жеткілікті деп біледі.

лық Комитеттің Шетелдік бюросынан большевиктердің толық қол үзуі сөзсіз қажет болды және Россияда шын мәнінде жұмыс істеп отырған партиялық социал-демократиялық ұйымдардың, топтардың және үйірмелердің басым көпшілігі болып табылатын Орталық Комитет мүшелері кеңесінің (оның «Хабарын» қараңыз) «Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы... антипартиялық фракциялық саясат жолына түсті, бұл ретте 1910 жылғы пленумның айқын және дәл қаулыларын бұзды» деп тануы әбден дұрыс.

Жиналыс былай деп қаулы етеді: Орталық Комитеттің Шетелдік бюросымен қандай болса да қарым-қатынас жасаудан бас тартылсын және жойымпаздардың бүкіл партиялық жұмысқа кедергі жасайтын әрекеттерін іске асырмау жөнінде, партия конференциясын шақыру және жергілікті қызметкерлердің күшімен партияның құпия ұйымдары мен ұяларын қалпына келтіру жөнінде ең кем дегенде қажет болатын бірсыпыра шараларды белгілеген Орталық Комитет мүшелері кеңесінің шешімдеріне қолдау көрсетілсін. Жиналыс жергілікті жерлердегі барлық партиялық жолдастарды (кеңестің шешіміне сәйкес) конференцияны әзірлеу және оған сайлау өткізу жұмысын *дереу* қолға алуға, мұның үшін Ұйымдастыру комиссиясымен, Орталық Органмен және «Рабочая Газетамен» үнемі қатынас жасап отыруға шақырады.

II

Жиналыс қай фракцияға жататынына қарамастан социал-демократиялық жұмысшылардың назарын мынаған аударады: «Вперед» тобының шетелдегі көсемдері мен «Правданың» редакторы Троцкий жойымпаздарды қолдау және партияға қарсы және оның шешімдеріне қарсы олармен одақ жасасу саясатын жүргізіп отыр. Бұл саясатқа батыл тойтарыс берілуі керек, өйткені ол саясат «Правдамен» немесе «Впередпен» байланысты болғандықтан пролетариаттың мүдделеріне үлкен зиян келтіреді, партияның шешімдеріне сөзсіз адал қарайтын және барлық жерлерде жойымпаздарға қарсы та-

бандылықпен күресе отырып, революциялық программасы бар құпия РСДРП-ны жақтайтын *орыстың* құпия социал-демократиялық топтарының жұмысына мүлдем қайшы келеді.

Жиналыс голосшылдардың жария қозғалыс қайраткерлерінің бәрін ескі партияның дұшпандары және жаңа потресовтық «ашық» партияның жақтаушылары деп көрсетіп, үнемі қолданып жүрген *алдауынан* социал-демократиялық жұмысшыларды өте-мөте сақтандырады. Мәселен, 25 июньде «Голос» шығарған (жария қозғалыс қайраткерлерінің «кеңесі» туралы хабар берілген) соңғы листокта «Голос» редакциясы жойымпаздарға қарсы бағыт ұстағаны үшін бір жария газетке бойкот жасау туралы[123] жойымпаздардың ұсынысын кеңестің *қабылдамай тастағанын жасырып қалды.* Мәселен, «Голостың» редакциясы нақ сол кеңесте «Голосты» жақтаушылар ұсынған ашық-жарияшылдық және айқын ренегаттық қарарлардың *қабылданбай тасталғанын жасырып қалды.* Кеңеске қатысушылардың бірі болған бундистің өзі де ондағы «потресовшылдар» ұсыныстарының антипартиялық сипатын мойындауға тиіс болды. Ашық қозғалыстың бірқатар қайраткерлері *қазірдің өзінде* столыпиндік «жұмысшы» партиясына қарсы батыл күрес жолына түсті. Ал партияшылдардың бәрі жұмыла күш жұмсаған жағдайда ондай қайраткерлер санының көбейе беретіні күмәнсыз.

III

Қазіргі сияқты, социал-демократтардың пролетариатқа буржуазиялық ықпал жүргізушілерге қарсы күресі шиеленісіп отырған кезде, принципсіз элементтердің бәрі әрқашан ұлы принципті мәселелерді арзан даурықпамен және жанжалсымақпен көлегейлеуге күш салады; бұларды шетелдік голосшылдар жойымпаздық жиналыстардың бұзылған рухани қорекке құмар аудиториясына құлшына жеткізіп отырады.

Қазіргі кезеңде революцияшыл марксистердің қай кездегіден де зор міндеті — біздің социал-демократиялық жұмысымыздың негізі болып табылатын, жойым-

паздар *ұмытқан, ескі* ақиқаттарды жұрттың бәрінің және әркімнің есіне салу.

Сондықтан жиналыс біздің партиямыздың *программасын,*— программа болғанда, халықаралық оппортунизм күшейе түскен заманда және оның революциялық социал-демократияға қарсы батыл күресі пісіп жетілген заманда пролетариат диктатурасы арқылы ғана жүзеге асырылатын социализмнің революциялық *түпкі мақсаттарын* және Россия социал-демократиясының патша өкіметін құлату мен демократиялық республиканы жеңіп алу жөніндегі ең таяудағы революциялық мақсаттарын дәл, айқын, табанды да берік түрде тұжырымдап берген программаны РСДРП-ның барлық мүшелерінің есіне салады. Біздің жарияшылдар мен біздің голосшылдардың *барлық* уағыздары мынаны көрсетеді: олар *іс жүзінде* біздің программамызға қосылмайтыны, оны жүзеге асырмайтыны былай тұрсын, қайта *реформизмді* ашықтан-ашық қорғайды — мұны партиялық меньшевиктер де мойындап отыр (Плехановтың «Дневник Социал-Демократасы»[124] мен «Дискуссионный Листоктың» 3-номерін қараңыз),— РСДРП-ның ең таяудағы революциялық мақсаттарынан ашықтан-ашық бойын аулақ салады.

Жиналыс РСДРП-ның барлық мүшелерінің есіне мынаны салады: *іс жүзінде* партияшыл болу үшін өзін осылай деп *атау* жеткіліксіз, РСДРП программасы «рухында» насихат жүргізу жеткіліксіз,— оның үстіне *барлық* практикалық жұмысты партияның *тактикалық* шешімдеріне сәйкес жүргізіп отыру да қажет. Біздің контрреволюциялық заманда, жаппай ренегаттық, безу, түңілу кездерінде,— әсіресе буржуазиялық интеллигенцияның арасында,— бастан кешіріліп отырған кезеңнің бағасын, практикалық іс-әрекет бағытының бағасын революциялық марксизм принциптері тұрғысынан тек партияның тактикалық шешімдері ғана тұжырымдап береді. Голосшылдар жойымпаздықты бүркемелеу үшін атын пайдаланып жүрген РСДРП-ның емес, шын РСДРП-ның басымыздан кешіріп отырған заманда социал-демократияның міндеттерін белгілеп берген

1908 жылғы декабрьдегі тактикалық қарарлардан өзгеше партиялық анықтама жоқ.

Жойымпаздар, «впередшілдердің» де бір бөлегі, бұл қарарлар жайында ештеңе айтпайды немесе оларға *қарсы* атүсті ескертпелер жасап, байбалам салумен шектеледі, олардың нақ осылай ететін себебі — олар бұл қарарларда оппортунистік тұрлаусыздықты да, жартылай анархистік тұрлаусыздықты да түп-тамырымен теріске шығаратын,—әр алуан контрреволюциялық ағымдардың бәріне қарамастан, революцияның туын көтеретін,— басымыздан кешіріп отырған кезеңнің, Россияның буржуазиялық дамуының жаңа белесі ретіндегі,— белес болғанда, революцияға апаратын, ескі міндеттерді шешуге тиісті белесі ретіндегі кезеңнің экономикалық және саяси ерекшеліктерін *түсіндіретін* жұмыс *бағытының* бар екенін сезеді. Партияшыл дегеніміз партияның тактикалық бағытын *іс жүзінде* жүргізіп отыратын адам. Ал партияның тактикасы, РСДРП тактикасы — біздің заманымыздың жаңа жағдайларын ескеруді революциялық туға адалдықпен ұштастыратын 1908 жылғы декабрь қарарларында баяндалған тактика, тек сол тактика ғана. *Пролетариатқа буржуазиялық ықпал жүргізушілерге* қарсы бағытталған *1910 жылғы январь пленумының* қарарлары жойымпаздықты айыптайтын және социал-демократияның Думадағы жұмысын, сондай-ақ жария мүмкіндіктерді пайдалануын мойындауды сөзсіз талап ететін 1908 жылғы декабрь қарарларының турадан-тура, тікелей қорытындысы, табиғи жалғасы мен аяқталуы болып табылады. Біздің ыдырау және құлдырау кезімізде пролетарлық армия бірлігінің ұлы принципіне сүйеніп, *пролетариатқа буржуазиялық ықпал жүргізушілермен* «бірігудің» немесе «жақындасудың» принципсіз немесе болмашы-дипломатиялық әрекеттерін ақтайтын адамдар жиі кездеседі. Жиналыс мұндай әрекеттердің бәрін, ондай әрекетті кімнің жасағанына қарамастан, үзілді-кесілді айыптап, теріске шығарады, сөйтіп революцияшыл пролетариаттың күресіп жатқан армиясын біріктіру және нығайту жолындағы ұлы іс пролетариатқа буржуазиялық ықпал

жүргізушілерден іргені біржолата аулақ салмайынша, оларға қарсы аяусыз күреспейінше орындалмайды деп мәлімдейді.

Партияшыл дегеніміз социал-демократиялық принциптерге сәйкес келетін ұйымды *құруға* шын көмектесетін адам. Партияда, РСДРП-да ұйымдастыру жұмысының сипаты мен міндеттерін 1908 жылдың декабріндегі ұйымдастыру мәселесі жөніндегі қарарда, 1910 жылғы январь пленумының осы мәселе жөніндегі қарарында, пленумнан кейін іле-шала басылып шыққан Орталық Комитеттің хатында[125] белгіленген анықтамадан өзгеше *партиялық* анықтама жоқ. *Құпия* ұйымды қайтадан құруға және нығайтуға жан-жақты көмек көрсету *ғана партиялық* жұмыс болады, тек құпия РСДРП ғана *өзін* көптеген жария ұйымдар жүйесімен қоршай алады, әр алуан жария ұйымдарды *пайдалана* алады, ондай ұйымдардың барлық жұмысын біздің революциялық принциптеріміз рухында *бағыттай* алады және солай етуге тиіс. Кімде-кім іс жүзінде ондай жұмысты жүргізбейтін болса, кімде-кім «астыртын жұмысқа» қарсы, құпия жұмысқа қарсы жалпы алғанда контрреволюциялық, жеке алғанда либералдық жорыққа қатысатын болса — ол өзінің РСДРП-ға жататындығын бетке ұстап, жұмысшыларды *алдайды.*

IV Дума сайлауы жақындап келеді. Шетелде жүрген партия басыларының дағдарысы неғұрлым шиеленіскен сайын жергілікті социал-демократ қызметкерлердің инициативасы да соғұрлым соншалық қажет, жұмысшылардың әрбір тобы, әрбір ұясы, әрбір үйірмесі сайлау жұмысын *шын* партиялық жолмен жүргізуін олардың соғұрлым қатаң талап етуі және солай *істеуі* тиіс. Кімде-кім осы күнге дейін «шақырымпаздықты» «біздің партиямыздағы заңды ағым» деп есептейтін болса, ол адам РСДРП-ның атағын бекер иеленеді. Ондай адамдардан іргені мейлінше батыл аулақ салмайынша, IV Дума сайлауының партиялық жұмысын жүргізуге *болмайды.* Кімде-кім осы уақытқа дейін IV Дума сайлауын «жария ұйымдардың» күшімен және қаражатымен, «ашық жұмысшы партиясының» күшімен және

қаражатымен жүргізбек ойда болса, оның үстіне кімде-кім РСДРП-ның құпия ұйым туралы, партия қарарларында баяндалған тактика туралы шешімдерімен іс жүзінде санаспайтын, оларды жүзеге асырмайтын болса,— ол адам РСДРП-ның атағын бекер иеленеді. Кімде-кім сайлау жөніндегі жұмысты жүргізгенде РСДРП шешімдерімен санаспай, «Наша Заряның», «Голос Социал-Демократаның», «Дело Жизнидің» мақалаларымен санасатын болса, ол — пролетариаттың революциялық социал-демократиялық партиясын емес, столыпиндік «жұмысшы» партиясын құрушы адам.

Алдағы IV Дума сайлауында біздің партия, ең алдымен, бұқараны социалистік ағарту міндеттерін және пролетариат пен революциялық буржуазиялық демократияның (ең алдымен революцияшыл шаруалардың) күшімен революциялық-демократиялық төңкерісті жүзеге асыруға бағытталған бұқаралық үгіттің мүдделерін көздейді.

Осындай насихат пен үгіттің мүдделерін көздей отырып, біздің партия сайлауда социал-демократияның *дербес* қимылын ұйымдастыруға тиіс және өздерінің партиялық кандидаттарын тек жұмысшы куриясында ғана емес, сонымен қатар барлық жерлерде де қала сайлаушылары мен деревня сайлаушыларының арасында ұсынуға тиіс.

Партияның сайлаудағы үгітінің бәрі екі майданда, яғни: үкіметке және оны ашық қолдайтын партияларға *да* қарсы, контрреволюциялық либерализмнің конституциялық-демократиялық партиясына *да* қарсы жүргізілуге тиіс.

Тек РСДРП-ның саясатын іс жүзінде түгелдей жүргізетін, оның программасына ғана емес, сонымен қатар оның тактикалық қарарларына да адал және жаңа столыпиндік «жұмысшы» партиясына қарсы күресетін адамдар ғана партияның кандидаттары бола алады.

Сайлау келісімдері туралы мәселе жөнінде партияның Лондон съезінің және 1907 жылғы июльдегі партия конференциясының негізгі принциптік нұсқаулары күшінде қалуға тиіс[126].

IV Дума сайлауын жұмысшылардың партия топтары жүргізуге тиіс, партия шешімдері рухында және оларға толық сәйкес жүргізуге тиіс.

1911 ж. кеш дегенде 18 июньде (1 июльде) жазылған; алғы сөз 1911 ж. ерте дегенде 18 июньде (1 июльде) жазылған

1911 ж. июльде жеке листовка болып басылған

Листовканың тексті бойынша басылып отыр

МӘЛІМДЕМЕ[127]

Кеңес мүшелері ретінде төменде қол қойған біздер Техникалық комиссияның [128] мектепке ақша бермеу[129] жөніндегі шешімін есітіп, ол шешімнің түп-тура заңсыз екенін мәлімдейміз және кеңес мүшелерінің дауысқа салуына мына ұсынысты енгіземіз: *Кеңес мүшелері мектепке қажетті қаржыны (жүріп-тұруға, тұрмысқа қажетті қаржыны 1911 жылғы 1 сентябрьден кешіктірмей) партияның Мектеп комиссиясының шешімі бойынша қолда бар ақшадан (немесе сақталулы ақшадан) беруге қаулы етеді.*

Н. Ленин

30. VII. 11.

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

«ЕКІ ПАРТИЯ» ДЕГЕН КІТАПШАҒА АЛҒЫ СӨЗ

Каменев жолдастың кітапшасы контрреволюциялық дәуірде большевизмнің, ал онан кейін бүкіл РСДРП-ның да жойымпаздарға қарсы жүргізген күресіне қатысты материалдың бір жүйеге келтірілген жиынтығы болып табылады. Социал-демократияның жойымпаздықпен принципті пікір алалығын анықтауға Каменев жолдастың неғұрлым көп орын беруі әбден табиғи нәрсе; бұған 1908—1911 жылдары «Пролетарий»[130] және партияның Орталық Органы «Социал-Демократ» бәрінен де көп тоқталған болатын.

Жойымпаздар тобы *іс жүзінде* РСДРПартиясы емес, ерекше партия екенін Каменев жолдас толық дәлелдеген. Оның дәлелдері көбінесе 1909—1911 жылдардың тәжірибесін,— 1908 жылғы декабрь қарарын дәлелдеген тәжірибені жинақтайды. РСДРП-ның атынан большевиктер ұсынып, өткізген бұл қарарда жойымпаздар РСДРП-ны «қалыптаспаған» жария бірлестікпен *«алмастыруға» тырысады* деп сол кезде-ақ мәлімделген еді. Қазір Потресов, Ларин, Левицкий және К° мырзалардың (Мартов пен голосшыл мырзалардың шетелдегі құйыршықтарымен қоса) осы қалыптаспаған жария бірлестігі өзін әбден көрсетіп отыр. Бұлар — социал-демократиялық саясатты емес, либералдық жұмысшы саясатын жүргізетін, РСДРП-мен ортақ ештеңесі жоқ әдебиетшілер тобы. Бұлар — *столыпиндік* «жұмысшы» партиясының қайраткерлері.

Марксизмнен либерализмге өту, өткенде, мейлінше тез, кейде нағыз «күтпеген жерден» өту — XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Россияның өзіндік ерекшелігі. «Экономистер» мен «Credo» — Струве мырза мен К⁰— жойымпаз мырзалар, мұның бәрі бір басқыштың баспалдақтары, бір эволюцияның белестері, бірыңғай тенденцияның көріністері. Россияда жұмысшы партиясы 1905 жылғы революцияның алдында қалыптаса бастады; бұл партия контрреволюция дәуірінде қайта құрылуда, ішінара неғұрлым мықты негізде жаңадан құрылып жатыр. Россия демократиялық төңкерістер дәуірін әлі бастан кешірген жоқ деген ұғыммен революцияға тартылған буржуазиялық интеллигенция пролетариатқа топ-тобымен қосылады — ал революциялық марксизм өзіне қол емес екеніне, оның нағыз орны социал-демократиялық партиядан *тыс* екеніне тәжірибеден көзі жеткен соң, топ-тобымен одан кете бастайды. Біздің жойымпаздар да сондайлар; бұлардың бір бөлегі өздерінің құрып жатқан *жаңа* партиясы жайында қазірдің өзінде әбден айқын, тура және ашық айтып жүр.

Шақырымпаздық та, жойымпаздық та, социал-демократиялық емес, буржуазиялық ағым екені жағынан ұқсас бола тұрса да, өздерінің саяси даму тағдыры жағынан елеулі айырмашылығы бар ағымдар. Шақырымпаздықты большевизм дер кезінде әлсіретті, сондықтан ол өз партиясын құру әрекетіне жете алмады; ол қазір жойымпаздардың РСДРП-ға қарсы әзәзілдіктері мен күресіне көмектесетін шетелдік болмашы топсымақ болып қалып отыр. Ал мұның керісінше, жойымпаздықтың Россияда (ең алдымен саяси мағынада, ал онан кейін ұйымдық мағынада) орталығы бар; ол қалыптаспаған (әзірше қалыптаспаған) болса да, *ерекше* партия құрды — міне, сондықтан да Каменев жолдастың жойымпаздық туралы толық айтуына, ал шақырымпаздыққа тек ат үсті тоқталуына тура келді.

РСДРП-ны жақтаушылар арасында жойымпаздықты шын қорғауға қабілетті адамдар көп емес*. Бірақ, амал

* Әрине, шетелдік голосшылдардың адал ниеттілігі туралы бірдеңе деу адам күлерлік нәрсе болар еді. Олар — Мартов мырзалар бастап отырған шантаж бен өсектің мамандары. Каутскийдің, Мерингтің жә-

не, жойымпаздыққа шынымен дұшпан бола отырып, олармен күресу шарттарын *түсінбейтін* адамдар әлі де аз емес. Әрине, дейді ондай адамдар, жойымпаздық социал-демократияның ішіндегі буржуазиялық ағым, немістердің бернштейншілдікпен күресіп жатқаны сияқты, олармен бір партияның қатарында жүріп күресуге неге болмайды? Жойымпаздармен «келісімге келуге» әрекет жасап көруге неге болмайды?

Біздің «келісімпаздар» аса маңызды және өте қарапайым бір нәрсені түсінбейді: жойымпаздар оппортунистер (Бернштейн және $К^0$ сияқты) ғана емес, олар, оның үстіне, *ерекше* партия құрып жатыр, олар РСДРП-ның *өмір сүрмеуін* өздерінің ұраны етіп жариялады, олар РСДРП-ның шешімдерімен *ешбір жағдайда* санаспайды. «Европадан» айырмашылық, міне, осында; мәселені ойластырмаған немесе орыс жағдайларын білмейтін адамдар ғана оған сүйене алады. Өз партиясына қарсы, оның шешімдеріне қарсы Потресов, Игорев, Бер, Мартов, Дан мырзалар мен $К^0$-нің істегендерінің және істеп отырғанының оннан бірін істеген оппортунистің ешқайсысын Европада партия қатарында бір ай да ұстамаған болар еді. Европада партиялар ашық өмір сүреді, сондықтан адамның ұйымға жататын-жатпайтындығы, оған бағынатын-бағынбайтындығы бірден-ақ көрінеді.

Бізде партия құпия жағдайда. X, Y, Z-тің ұйымға жататындығын (егер охранканың жәрдемшісі болмасаң) «көруге» болмайды, ашық айтуға да болмайды. Ал Потресов пен $К^0$ мырзалардың ұйымға *жатпайтындығы* және оның шешімдерінің *бәріне* — дәл голосшылдар сияқты,— *пысқырып та қарамайтындығы* — факт. *Өз-*

не Цеткинаның даулы ақшаны Орталық Комитеттің Шетелдік бюросына *бермей*, Техникалық комиссияға беруді ұйғаруы (Ұйымдастыру комиссиясының 1911 жылғы 1 августағы листогын қараңыз) Александров жолдастың және (Александровқа *толық* қосылатын) барлық большевиктердің айтқанының дұрыстығын толық мойындау, Мартов, Дан, Мартынов және Аксельрод мырзалардың сорақы өсекшілдігін толық айыптау болып табылады. Сондай-ақ Виктор[131] жолдастың «Қосымшада» басылған хатына да оқушылардың назарын аударамыз; ол хат саяси қарсыластарымен күресте Мартов мырза мен оның шашпауын көтерушілер қандай сұрқиялық тәсілдер қолдануға дейін барып отырғанын көрсетеді.

дері үшін партияның *өмір сүрмейтіндігін* дәлелдеген Потресов мырзалармен, дәл соны дәлелдеген Мартов және Дан мырзалармен қалай «келісімге келуге» болады? РСДРП-ны жоюдан басқа *не жөнінде* жойымпаздармен келісімге келуге болады?

«Келісімпаздар» жойымпаздармен келісімге келу *шарттарын,* ол шарттардың орындалуын бақылау *құралдарын,* олардың орындалатынын дәлелдейтін *фактілерді* көрсетуге әрекеттеніп көрсін. Мұның біріншісін де, екіншісін де, үшіншісін де көрсетуге *болмайды.* Міне, сондықтан «келісімге келу» туралы сөздердің бос және орынсыз сөздер екеніне күмән жоқ. Бұл сөздер жойымпаздарды қолдауда өзінің «еркіндігін» *ешбір жағынан* тежемей, партияның шешімдеріне пысқырып та қарамайтындығын әбден дәлелдеген (впередшілдердің, голосшылдардың, троцкистердің үйірмелері сияқты) шетелдік үйірмелердің әзәзілдіктеріне ғана көмектеседі.

Ал Россияда жұмысшылардың құпия үйірмелері баяу және қиып болса да революциялық РСДРП-ны құра отырып, жойымпаздардан іргесін аулақтатты және күн санап аулақтатып та келеді. Бұл үйірмелерге жәрдемдесу, РСДРП шешімдерін нақты жүзеге асыру, шетелдік қуыс кеуделермен (голосшылдар — шетелдік топтардың ең күштісі, оның өзі де түгелімен қуыс кеуде) келісімге келу ойынын ойнаудан бас тарту — міне, *Социал-Демократиялық* Жұмысшы Партиясын жақтаушылардың міндеті осындай. Партия үшін күрес дегеніміз партиялық болады. Ал социал-демократиялық емес партияны құрып жатқан жойымпаздармен «келісімге келу» туралы әңгімелер партиялық борышқа қарсы қылмыс жасау болады.

2 август, 1911 ж. *Н. Ленин*

P. S. Мынаны қоса айта кету қажет: Большевиктік Орталыққа қарсы «айыптауларға» «Қосымшада» жасалған талдау біздің коллективтік пікіріміз болып табылады және бұл талдау Большевиктік Орталықтың қолындағы материалдар мен документтер бойынша,— сон-

дай-ақ Большевиктік Орталықта істейтін, оның белгілі бір ісін тікелей өзі атқарған жолдастардың мәліметтері бойынша жасалған.

Н. Ленин

1911 ж. 20 июльде (2 августа) жазылған

1911 ж. августа «Рабочая Газета» редакциясы Парижде шығарған кітапшада басылған

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр

«ЕКІ ПАРТИЯ» ДЕГЕН КІТАПШАҒА ҚОСЫМША

Революцияшыл пролетариат партиясы мен тәуелсіз-жарияшылдар партиясының қайсысын *таңдап алу керек*. Әрбір үйірме, РСДРП-ның әрбір тобы осыны жұмысшыларға айтып, осыны жүзеге асыруға тиіс.

Жойымпаздыққа қарсы күрестің қажеттігін мойындай отырып, іргені біржола аулақ салуға қарсы шығатын және «ымыраласу» немесе «келісімге келу» жөнінде соз етіп жүрген (тіпті қазір де!) адамдар бар екенін біз білеміз. Ал ондай адамдардың қатарына тек Троцкийдің «сенімді малайлары» ғана жатпайды, оған сепетіндердің өзі де азын-аулақ қалды. Ымырашылдар мен келісімпаздар өрескел қате жіберіп отыр: жарияшылдардың *ешқандай* міндеттемелерді *орындамай отырғандығын* $1^1/_2$ жыл *іс жүзінде* дәлелдеп берді. Ешқандай міндеттемелерді орындамайтын адамдармен келісімге келу жөнінде қалай ғана соз етуге болады?? Сөйлескен адамың келісім шарттарын *да*, қандай да болсын шарттың орындалуын қамтамасыз ету жолдарын *да* айта алмаса, онда келісімге келу жөнінде соз қозғаудың өзі күлкі емес пе??

1911 ж. 20 июльден (2 августан) кешірек жазылған

1911 ж. августа «Рабочая Газета» редакциясы Парижде шығарған кітапшада басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ПАРТИЯ ІШІНДЕГІ ІСТІҢ ЖАЙЫ

Күмән жоқ, біздің партиямыз өз дамуының бір қиын кезеңіне келіп отыр. Барлық большевиктер өздерінің принципті бағытын ақырына дейін анықтап алу үшін, топтасу, сонан соң, бұрынғысынша, партияны дұрыс жолға алып шығу үшін бар күш-жігерін жұмылдыруға тиіс.

Шетелде жуырда ғана (1911 жылғы июнь мен июльде) болып өткен оқиғалар партия орталықтарының дағдарысын көрсетеді. Фракциялар мен ағымдардың бәрінің дерлік бірқатар листоктарында айтылып, баяндалған бұл оқиғалар жойымпаздардың (Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы арқылы) пленум шақыруды біржолата сәтсіздікке ұшыратқанын көрсетеді. Большевиктер өзін заңнан тыс қойған Орталық Комитеттің осы Шетелдік бюросымен қатынасын үзіп, «ымырашылдармен» және поляктармен блок жасасып, конференция шақыру үшін «Техникалық комиссия» мен «Ұйымдастыру комиссиясын» құрды.

Бұл оқиғалардың принципті маңызы қандай?

РСДРП-дан қол үзген, бірақ орталықтардың (Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы тәрізді) ішінен РСДРП-ның бүкіл жұмысына кедергі жасаған жойымпаздардан іргені аулақ салу — сол кедергінің жойылғаны және құпия, шын мәнісінде революциялық социал-демократиялық партияны қалпына келтіру ісін ұйымдасып қолға алу мүмкіндігінің туғаны деген сөз. Бұл бірінші және басты жағы. Екіншіден: партиялық заң-

дардың бәрін бұзған Орталық Комитеттің Шетелдік бюросынан іргені аулақ салу (және осыдан кейін іле-шала 1910 жылғы февральдан бастап Орталық Органға *ешбір* қатыспаған Мартов пен Данның Орталық Орган редакциясынан шығуы) пленумның (1910 жылғы январьдағы) жіберген қатесін түзету деген сөз; сол қатенің салдарынан орталықтарға партияшыл меньшевиктер емес, голосшылдар, яғни жойымпаздар орналасып алды. Енді пленумның принципті бағыты (жұмысшы партиясын жойымпаздық пен шақырымпаздықтың *буржуазиялық* ағымдарынан тазарту) сол бағытты бүркемелеп келген жойымпаздық орталықтардан арылды.

Бір тәуірі, Орталық Комитеттің Шетелдік бюросын қорғаштаған голосшылдар мен Троцкийдің екіжүзділік күңіренулеріне аралық судьялар баға берді. Үш неміс социал-демократы (Меринг, Каутский және Цеткина) *шартты түрде* Орталық Комитетке берілген большевиктердің ақшасы туралы мәселені шешуге тиісті еді, ал олар ақшаны, *алдын ала,* конференцияға дейін, Орталық Комитеттің Шетелдік бюросына емес, Техникалық комиссияға берілсін деп ұйғарды. Бұл шешім аралық сот Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы *дұрыс істемей отыр* деп танығандығымен пара-пар.

Шетелдегі басқа фракциялар өздерін қалай ұстап отыр? Әрине, Троцкий жойымпаздарды жан сала жақтайды, впередшілдер *де* солай (олар мұнысын баспасөзде әлі айтқан жоқ, бірақ бұл олардың Ұйымдастыру комиссиясымен жүргізген ресми келіс сөздерінен белгілі). Плеханов әзірше Орталық Комитеттің Шетелдік бюросымен келісімге келуді уағыздап (плехановшылдардың қарарын қараңыз), «аңысын аңдауда».

Троцкийдің, «Впередтің» және $К^0$ жәрдемімен Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы конференция шақыру ісіне өзі кірісуге тырысып отыр. Мұндай «одақтан» бірдеңе шығатын-шықпайтыны белгісіз. Бұл арада принциптік күйреудің болуы сөзсіз. Бұл блоктан тіпті партия жұмысына ұқсас бірдеңенің де шығуы *мүмкін емес.* Орталық Комитеттің бұрынғы Шетелдік бюросы ұйымдастырып отырған «блок» Потресов, Михаил, Юрий, Роман мен $К^0$ мырзалардың антипартиялық жә-

не антисоциал-демократиялық іс-әрекетін *бүркемелеу* үшін жасалған әзәзілдіктен басқа ештеңе де емес.

Большевиктердің қазіргі міндеті — топтасу, социал-демократияның барлық жауларына тойтарыс беру, ауытқушылардың бәріне үлгі көрсетіп, құпия РСДРП-ның аяқтанып кетуіне жәрдемдесу.

Мұның өзі жікке бөліну деседі. Орталық Комитеттің Шетелдік бюросындағы мырзалардың бұл айқай-шуының екіжүзділігін орыстардағы істің мән-жайын жете білмейтін немістер де мойындады. Мартовтың немісше шыққан, сақтаушыларға жеткізіліп берілген кітапшасына Клара Цеткина: «Оңбаған шығарма» деген пікір айтқан.

Россияда құпия ұйымдар жікке бөлініп отырған жоқ, қосарлас социал-демократиялық ұйымдар жоқ. Партияшылдар бар және бөлініп шыққан, оқшау қалған жойымпаздар бар. Голосшылдардың, Троцкийдің, Бундтың, «Впередтің» және т. т. шетелдегі топтары жойымпаздардың бөлініп шыққанын бүркемелегісі келеді, олардың РСДРП туы астына жасырынуына көмектескісі келеді, олардың РСДРП-ны қалпына келтіруді сәтсіздікке ұшыратуына жәрдемдескісі келеді. Біздің ісіміз— қалай болған күнде де жойымпаздарға тойтарыс беру және, *олардың қарсы әрекет жасағанына қарамастан,* РСДРП-ны қайта құру. Бөлініп шыққан жарияшылдардың қарсы әрекет жасағанына қарамастан, құпия партияны қалпына келтіріп, нығайту ісін «жікке бөліну» деп атау — ақиқатты келемеж ету және (санасыз түрде болсын немесе екіжүзділікпен болсын) жойымпаздарға қол созу деген сөз. Большевиктер фракция болуын қалайды деседі. Осы пунктке келгенде қазір «ымырашылдар» (Парижде) ерекше *фракция* болып бөлініп шықты. «Фракцияшылдықты» тілемесе де, олар жаңа фракция құрды (Техникалық комиссия мен Ұйымдастыру комиссиясында ерекше өкілдігі бар фракция — осының өзі-ақ фракцияның негізгі белгісі, «ымырашылдардың» өз арасындағы ішкі тәртібі болып табылады).

Фракцияшылдық туралы мәселе қалай қойылып отыр? Барлық фракциялар таратылатын болсын деген *шартпен* большевиктер 1910 жылғы январьда өз фрак-

циясын таратты. Жұрттың бәрі біліп отырғандай, бұл шарт орындалмады. «Голос» та, «Вперед» те, Троцкий мен K^0 де өздерінің фракциялық оқшаулануын *күшейте түсті.* Сондықтан біздер, большевиктер, 1910 жылғы 5 декабрьде: шарт *бұзылды,* фракцияларды тарату туралы біздің шартымыз *жойылды* деп мәлімдедік, сөйтіп өз фракциямыздың ақшасын қайтарып беруді талап еттік.

Антипартиялық ағымдар ғана емес, сонымен қатар плехановшылдар да фракция болып қалып отыр; олардың өз органы бар («Дневник»), *өз* платформасы бар, орталықтарда өздерінің фракциялық кандидаттары, өздерінің ішкі фракциялық тәртібі бар.

Істің жай-күйі осындай болып отырғанда «фракцияшылдыққа» қарсы айқай-шу көтеру, оның бер жағында жаңа ғана өз фракциясын құрған адамдардың тарапынан айқай-шу көтерілуі қандай көпірме бос сөз десеңізші. Фракцияшылдыққа қарсы көтерілген айқай-шу— шын мәнінде маңызды мәселеден, түрлі фракциялардың жұмыстарының *партиялық* немесе *партияға қарсы мазмұны* туралы мәселеден көңілді басқа жаққа бұру екендігін түсінетін кез жетті ғой. Біздер, большевиктер, Техникалық комиссия мен Ұйымдастыру комиссиясын «ымырашылдар» мен поляктардың фракцияларымен блок жасаса отырып құрдық. Поляктар «ымырашылдарды» *жақтайды,* біз азшылықпыз, біз Техникалық комиссия мен Ұйымдастыру комиссиясының ымырашылдық қателері үшін жауап бермейміз. «Ымырашылдықтың» бүкіл тарихынан (ымырашылдар бізді айтуға *мәжбүр етсе* болғаны, біз ол тарихты баспасөз бетінде айтып береміз) ымырашылдықтың қателігі *аңқып* тұр. Осы қателерді бұдан былай қайталамау үшін большевиктер мұны түсініп алуға тиіс.

«Ымырашылдар» жойымпаздардан іргені аулақ салудың идеялық түп-тамырларын *түсінбеді,* сондықтан олардың әрекет етуіне бірқатар *саңылаулар* қалдырды және көбінесе (амалсыздан) жойымпаздардың қолындағы ойыншыққа айналды. «Ымырашылдар» 1910 жылғы январь пленумында (поляктармен бірлесіп) қарардың: «Алғаш рет», т. т. деген нақұрыстық пунктін өткі-

зіп жіберді («Дискуссионный Листоктың» 2-номерінде Лениннің айтқанын[132], бұл пунктті көпірме, интегралистік, яғни сандырақ пункт деп тапқан Плехановтың «Дневнигін» қараңыз). Ымырашылдар голосшылдарға сеніп қалды; осынысы үшін «Голос» оларды майын тамыза мақтаймын деп *жұрт көзінше* масқара қылды.

Ымырашылдар Троцкийге сеніп қалды, Троцкий ашықтан-ашық және бүтіндей жойымпаздарға ауып кетті. Россиядағы ымырашылдар (бір жылдап астам Орталық Комитеттің Бюросы болған, яғни *бүкіл* билік пен *бүкіл* ақша қолында болған ымырашылдар) жойымпаздармен саудаласып, оларды өздеріне шақырды, олардың келуін «күтті», *сондықтан да* ештеңе істеген жоқ.

Енді Техникалық комиссия мен Ұйымдастыру комиссиясына кірген соң, ымырашылдар екі айырық жолға тап болды: бір жағынан, Орталық Комитеттің Шетелдік бюросынан ажырасу *фактісі* — ымырашылдық қателерді мойындап, оларды түзету деген сөз. Екінші жағынан, большевиктерге қарсы жеке фракция құру және онша тұрақты емес поляктармен одақтасу — ескі қателерді жалғастыра беру жолында жасалған қадам деген сөз.

Біздің борышымыз — барлық большевиктерді осы қауіптен сақтандыру және оларды барлық күштерді топтастыруға, конференция жолында *күресуге* шақыру. Бәрі де осы күреске жұмылдырылуға тиіс. Партияны жолға алып шығу үшін большевиктер жеңуге тиіс.

Ағым ретінде большевиктер революциядан кейін екі қатені басынан кешірді, ол қателер: 1) шақырымпаздық-впередшілдік және 2) ымырашылдық (жойымпаздар жағына ауытқу). Осының екеуінен де арылатын кез келді.

Біздер, большевиктер, былай деп батыл шештік: *енді* ымырашылдық қатені *қайткенде де* қайталамау керек (қайталауға *жол бермеу де керек).* Ол қатені қайталау РСДРП-ны қалпына келтіруді бөгеу, оны голосшылдармен (немесе олардың Троцкий тәрізді малайларымен), впередшілдермен, т. с. тағы да шырғалаңға салу деген сөз болар еді, ал уақыт болса тығыз, кешеуілдеуге болмайды.

Большевиктердің бәрі топтасып, тез арада және *қайткен күнде де* конференцияны өткізуге тиіс, онда жеңіп шығуға не болмаса ашық, айқын, принципті оппозицияға кетуге тиіс. Оңға да, солға да ауытқымайтын большевизм ғана партияны дұрыс жолға алып шыға алады.

1911 ж. июльде жазылған

Бірінші рет 1956 ж. «Коммунист» журналының 5-номерінде басылған

Машинкамен жазылған көшірмесі бойынша басылып отыр

ОРЫС СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯСЫНДАҒЫ РЕФОРМИЗМ

Капитализмнің соңғы ондаған жылдар ішіндегі орасан зор прогресі және барлық цивилизациялы елдерде жұмысшы қозғалысының тез өсуі буржуазияның пролетариат жөніндегі бұрынғы көзқарасына үлкен ілгері басқандық әкелді. Жеке меншікке мүлдем қол сұғуға болмайтындығы мен бәсеке бостандығы үшін социализмнің барлық негізгі қағидаларына қарсы ашық, принципті түрде, турадан-тура күресудің орнына,— Европа мен Американың буржуазиясы, өздерінің идеологтары мен саяси қайраткерлері арқылы, әлеуметтік революция идеясына қарсы шығып, әлеуметтік реформалар дейтінді барған сайын көбірек қорғап отыр. Социализмге қарсы либерализм емес, социалистік революцияға қарсы реформизм — қазіргі «алдыңғы қатарлы», білімді буржуазияның формуласы, міне, осы. Сондықтан капитализмнің дамуы белгілі бір елде неғұрлым жоғары болған сайын, буржуазияның үстемдігі неғұрлым толық болған сайын, саяси бостандық неғұрлым көбірек болған сайын, «ең жаңа» буржуазиялық ұранды: революцияға *қарсы* реформа ұранын қолдану саласы да соғұрлым кең болады, жұмысшы табына жік салу және оны әлсірету мүдделерін, буржуазиялық өкіметті революциялық жолмен құлатуға *қарсы тұрып,* оны сақтап қалу мүдделерін көздей отырып, өліп бара жатқан режимді ішінара жамап-жасқау да соғұрлым көп болады.

Социализмнің дүние жүзілік дамуы тұрғысынан қарағанда жоғарыда көрсетілген ілгерілеуде алға қарай

ірі қадам жасалғанын көрмеуге болмайды. Әуелі социализм өзінің өмір сүруі үшін күресті, ал оған өз күшіне сенетін буржуазия қарсы тұрды, ол экономикалық және саяси көзқарастардың тұтас системасы ретінде либерализмді батыл және дәйекті түрде қорғады. Социализм өсіп жетілді, ол өзінің өмір сүру правосын бүкіл цивилизациялы дүниеде қорғап қалды, ол енді *өкімет үшін* күресіп жатыр, ал іріп-шіріп бара жатқан, құрымай қоймайтынын көріп отырған буржуазия жартыкеш, екіжүзді жеңілдіктер арқылы өз өмірін ұзарта түсуге, жаңа жағдайлар тұсында да өкіметті өз қолында сақтап қалуға бар күшін салып отыр.

Жұмысшы қозғалысының *ішінде* реформизмнің революциялық социал-демократияға қарсы күресінің шиеленісуі дүние жүзінің барлық цивилизациялы елдерінің бүкіл экономикалық және саяси жағдайындағы жоғарыда көрсетілген өзгерістердің сөзсіз келіп туатын нәтижесі болып табылады. Буржуазиялық идеология әбден билеп алған, одан қиыншылықпен құтылатын, ол идеологияның ықпалына үнемі қайта-қайта түсіп отыратын бірқатар ұсақ буржуазиялық элементтерді жұмысшы қозғалысының өсуі өзінің жақтаушылары қатарына тартпай қоймайды. Пролетариаттың әлеуметтік революциясын мұндай күрессіз, социалистік «Гора» мен социалистік «Жиронданың»[133] осы революция *алдында* принципті түрде айқын жіктелуінсіз,— осы революция *кезінде* жаңа тарихи күштің оппортунистік, ұсақ буржуазиялық, және пролетарлық, революциялық, элементтерінің толық ажырауынсыз бола алады деп ойлау мүмкін емес.

Россияда шындығында мәселенің мәні өзгермейді, бірақ Европадан (және тіпті Азияның алдыңғы қатарлы бөлегінен) біздің артта қалғандығымыздың, біздің әлі буржуазиялық революциялар дәуірін бастан кешіріп жатқандығымыздың салдарынан мәселе қиындайды, көмескіленеді, түрін өзгертеді. Осы себепті орыс реформизмі өте-мөте сірі жандылығымен көзге түседі, оның өзі, былайша айтқанда, жанға бататын дертке айналады, пролетариат ісі мен революция ісіне анағұрлым көбірек зиян келтіреді. Бізде реформизмнің шығып жа-

татын екі бірдей негізі бар. Біріншіден, Батыс Европа елдеріне қарағанда, Россия анағұрлым ұсақ буржуазиялық ел. Сондықтан бізде социализм жөнінде қайшылықты, тұрақсыз, солқылдақ (біресе «жан-тәнімен сүйіп», біресе опасыздықпен сатып кететін) ұсақ буржуазияның қай-қайсысына да тән көзқарасы бар адамдар, топтар, ағымдар өте-мөте жиі пайда болып отырады. Бізде, 2-ден, ұсақ буржуазия бұқарасы біздің буржуазиялық революция сатыларының *бірінде* кездесетін әрбір сәтсіздік тұсында жұрттың бәрінен де оңай, бәрінен де тез еңсесі түсіп, ренегаттық пиғылға бой ұрады, орта ғасырлық пен крепостниктік тәртіп қалдықтарының бәрінен Россияны түгел тазартатын толық демократиялық төңкеріс міндетінен бәрінен де тез безеді.

Бірінші негізге толық тоқталып жатпаймыз. Тек мынаны ғана еске салып өтеміз: социализмге тілектес болудан контрреволюциялық либерализмге тілектес болуға «бетбұрыс» жасау біздің Струве, Изгоев, Караулов және т. б. және т. т. мырзалардың «бетбұрыс» жасағанындай сонша тез болған ешбір ел дүние жүзінен, сірә, табыла қоймас. Ал бұл мырзалар — ерекше тұрғандар емес, жалғыз-жарым емес, кең тараған ағымдардың өкілдері ғой! Социал-демократияның қатарынан тыс жерде көп кездесетін, оның ішінен де аз кездеспейтін және «шамадан тыс» айтысқа, «жік ашысуға құмарлыққа» және т. т. қарсы уағыз айтуды сүйетін жайсаң жанды адамдар социализмнен либерализмге қарай секіруге «шамадан тыс» «құмарлықты» Россияда қандай тарихи жағдайлар туғызатынын мүлдем түсінбейді.

Россиядағы реформизмнің екінші негізіне көшейік.

Бізде буржуазиялық революция аяқталған жоқ. Ол мұраға қалдырған және экономикалық дамудың бүкіл объективтік барысы алдымызға тартып отырған міндеттерді самодержавие жаңаша шешуге *тырысып отыр, бірақ ол ондай міндеттерді шеше алмақ емес.* Ескі патша өкіметін аздап жаңартылған буржуазиялық монархияға айналдыру жолындағы жаңа қадам да, дворяндар мен буржуазияның жоғарғы топтарын ұлт көлемінде ұйымдастыру да (III Дума), земство бастықтары жүргізіп отырған буржуазиялық аграрлық саясат та,—міне,

осы «ең ақырғы» шаралардың бәрі де, патша өкіметінің қолында қалған *ең соңғы* саладағы, буржуазиялық дамуға икемделу саласындағы патша өкіметінің осындай «ең соңғы» әрекетінің бәрі де жеткіліксіз болып отыр. Бұдан да ештеңе шықпай отыр! *Ондай* әдіспен «жаңартылып жатқан» Россия жапондарды қуып жете алмайтыны былай тұрсын, ол тіпті Қытайдан да, сірә, кейін қала бастаған болар. Шешілмеген буржуазиялық-демократиялық міндеттер негізінде туатын революциялық дағдарыс болмай қоймайды. Ол тағы да пісіп келеді, біз тағы да осы дағдарысқа қарай бет алдық, бұрынғыша *емес,* бұрынғы қарқынмен емес, ескі формаларда ғана емес, жаңаша, бірақ күмәнсыз соған қарай бет алып келеміз.

Пролетариаттың міндеттері мұндай жағдайдан өте толық, мейлінше айқын болып шығады. Қазіргі қоғамның ақырына дейін революцияшыл бірден-бір табы болғандықтан пролетариат бүкіл халықтың толық демократиялық төңкеріс жолындағы күресінде, *барлық* еңбекшілер мен қаналушылардың езушілер мен қанаушыларға қарсы күресінде басшы, гегемон болуға тиіс. Осы гегемондық идеясын ұғынып, оны жүзеге асыратын болғандықтан да пролетариат революцияшыл. Осы міндетті ұғынған пролетар — құлдыққа қарсы көтерілген құл. Өз табының гегемондығы идеясын ұғынбайтын немесе ол идеядан безетін пролетар — өзінің құлдық жағдайын түсінбейтін құл; ең тәуір дегенде ол — құлдықты жою үшін *емес,* өзінің құлдық жағдайын жақсарту үшін ғана күресетін құл.

Біздің реформизмнің жас басшыларының бірі, «Наша Зарядағы» Левицкий мырзаның орыс социал-демократиясы «гегемония *емес, қайта* таптық партия» болу қажет деген әйгілі формуласының нағыз дәйекті реформизмнің формуласы екені осыдан түсінікті. Ол ол ма. Бұл — толық ренегаттықтың формуласы. «Гегемония *емес, қайта* таптық партия» болу қажет деу— буржуазия жағына, либерал жағына шығу деген сөз, ал либерал біздің дәуірдің құлына, жалдама жұмысшыға: өзіңнің құлдық жағдайыңды жақсарту үшін күрес, ал құлдықты құлату туралы ойды зиянды утопия деп сана!

дейді. Бернштейннің: «ең бастысы — қозғалыс, түпкі мақсат — түк те емес» дейтін әйгілі формуласын Левицкийдің формуласымен салыстырып коріңізші, сонда сіз мұның бәз-баяғы бір идеяның әр түрлі нұсқалары екенін көресіз. Бұл екі жағдайдың екеуінде де мұның өзі реформаны *ғана* мойындап, революцияны теріске шығару. Бернштейннің формуласы ауқымдырақ, өйткені ол социалистік революцияны (=буржуазиялық қоғамның партиясы ретіндегі социал-демократияның түпкі мақсатын) айтып отыр. Левицкийдің формуласы тарлау, ойткені революция атаулыдан безу болғандықтан, ол 1905—1907 жылдарда либералдарға бәрінен де гөрі жиреніішті болған нәрседен, атап айтқанда, толық демократиялық төңкеріс жолындағы күресте халық бұқарасына (және әсіресе шаруаларға) басшылық етуді пролетариаттың либералдардан *тартып алуынан* безуге әдейі бейімдеп шығарылған формула.

Жұмысшыларға «гегемония *емес, қайта* таптық партия» қажет деп уағыздау — пролетариаттың ісін либералдарға сатып кету деген сөз, *социал-демократиялық* жұмысшы саясатын *либералдық* жұмысшы саясатымен алмастыруды уағыздау деген соз.

Бірақ гегемония идеясынан безу—орыс социал-демократиясындағы реформизмнің ең дөрекі түрі, сондықтан да оздерінің ойын соншама айқын етіп тура айтуға жойымпаздардың бәрі бірдей бара бермейді. Олардың кейбіреулері (Мартов мырза сияқтылары) тіпті, ақиқатты келеке етіп, гегемондықтан бас тарту мен жойымпаздықтың арасында байланыс бар екенін де теріске шығаруға тырысады.

Реформистік козқарастарды «негіздеуге» арналған неғұрлым «жымысқы» әрекет мынадай пайымдау болып табылады: Россияда буржуазиялық революция аяқталды; 1905 жылдан кейін екінші буржуазиялық революцияның, демократиялық төңкеріс жасау үшін екінші жалпы ұлттық күрестің болуы мүмкін емес; сондықтан Россияның алдында тұрған дағдарыс революциялық дағдарыс *емес*, «конституциялық» дағдарыс, жұмысшы табына өзінің праволары мен мүдделерін осы «конституциялық дағдарыс» негізінде қорғап қалудың қа-

мын ойлау ғана қалып отыр. Жойымпаз Ю. Ларин «Дело Жизниде» (ал одан бұрын «Возрождениеде») осылай деп пайымдайды.

«1905 жылдың октябрі кезекте тұрған жоқ,— деп жазды Ларин мырза.— Думаны таратқанмен, оны революциядан кейінгі Австриядан да гөрі тезірек қайта қалпына келтірген болар едік; Австрия 1851 жылғы конституцияны жойып, оны 1860 жылы, 9 жыл өткен соң, ешқандай революциясыз» (мұны еске алып қойыңыз!), «өз шаруашылығын капиталистік жолмен қайта құрған үстем таптардың ең беделді бөлегінің мүдделеріне ғана бола қайтадан мойындаған болатын». «Қазір біз бастан кешіріп отырған кезеңде 1905 жылы болған жалпы ұлттық революциялық қозғалыстың болуы мүмкін емес».

Ларин мырзаның бұл пайымдауларының бәрі Дан мырзаның 1908 жылы РСДРП декабрь конференциясында айтқан сөздерін қайтадан кеңейтіп айтудан басқа ештеңе де емес. «1905 жылғы революцияны тудырған экономикалық және саяси өмірдің *негізгі* факторлары *әлі де әрекет етіп отыр»,* «конституциялық» емес, нақ *революциялық* дағдарыс қайтадан өрістеп келеді деген қарарға қарсы,—міне, осы қарарға қарсы жойымпаздар «Голосының» редакторы: «олар» (яғни РСДРП) «бір рет талқаны шыққан жеріне тағы да омыраулағысы келеді» деп таңданған.

Революцияға тағы да «омыраулау», өзгерген жағдайда да революцияны уағыздау жолында, жұмысшы табының күштерін революцияға әзірлеу жолында қажымайталмай жұмыс істеу,— реформистердің көзқарасы тұрғысынан қарағанда РСДРП-ның басты қылмысы, революцияшыл пролетариаттың *кінәсы,* міне, осында. «Бір рет талқаны шыққан жерге қарай омыраулаудың» қажеті жоқ — ренегаттардың және қандай да болсын жеңілістен кейін үнжырғасы түсетін адамдардың даналығы, міне, осы.

Бірақ Россиядан гөрі ескі, одан гөрі «тәжірибелі» елдерде революцияшыл пролетариат «бір рет талқаны шыққан жеріне» екі рет, үш рет, төрт рет «омыраулай» білді, 1789 жылдан 1871 жылға дейін (Франциядағы сияқты) *төрт рет* революция жасай білді, ең ауыр жеңілістерден кейін қайта-қайта күреске шығып, республиканы,— пролетариат өзінің *соңғы* жауы — алдыңғы

қатарлы буржуазиямен бетпе-бет келетін республиканы,— социализмнің жеңуі жолындағы түбегейлі күрестің жағдайларына тек өзі ғана сай келетін мемлекет формасы бола алатын республиканы жеңіп ала білді.

Социалистер мен либералдардың, яғни буржуазияны жақтаушылардың арасындағы айырмашылық осындай. Социалистер: революция болмай қоймайды, сондықтан жаңа революциялық күресті әзірлеу үшін, халықтың жетілуі жоғары болған жағдайда революцияны неғұрлым кеңірек аренада қайталау үшін пролетариат қоғам өміріндегі *барлық* қайшылықтарды, өз жауларының немесе аралық топтардың барлық әлсіздігін пайдалануға тиіс деп үйретеді. Буржуазия мен либералдар: жұмысшыларға революциялардың керегі жоқ әрі зиянды, жұмысшылар революцияға «омыраулауға» тиіс емес, қайта тіл алғыш балаға ұқсап, ың-шыңсыз реформаны қолға ала берулері керек деп үйретеді.

Реформистер — буржуазиялық идеялардың тұтқындары — орыс жұмысшыларының назарын социализмнен *басқа жаққа* аудару үшін *үнемі* 60-жылдардағы *нақ* Австрияның (сондай-ақ Пруссияның) мысалына меңзей беретіні де сондықтан. Олардың бұл мысалдарды тәуір көретін себебі не? Ю. Ларин сырды ашып қойды: себебі, бұл елдерде, 1848 жылғы «сәтсіз» революциядан кейін, елді буржуазиялық жолмен қайта құру *«ешбір революциясыз»* аяқталған болатын.

Мәселенің түйіні, міне, қайда жатыр! Жүректі қуаптатын нәрсе, міне, қайда жатыр. Демек, буржуазиялық қайта құрылысты *революциясыз* да жасауға болады екен-ау!! ал, олай болса, онда біздерге, орыстарға, революция туралы ойлап әуре болудың қажеті қанша? Россияны «ешбір революциясыз-ақ» буржуазиялық жолмен қайта құруды біз де неліктен помещиктер мен фабриканттарға бермейміз!?

Аграрийлер мен буржуазияның қайта құрылысты жұмысшылардың мүдделерімен *санаспастан* жүзеге асыруына, жұмысшыларға *мейлінше тиімсіз* формада, монархияны да, дворяндардың пұрсаттылықтарын да, деревнядағы правосыздықты да, орта ғасырлық тағы басқа толып жатқан қалдықтарды да сақтай отырып

жүзеге асыруына пролетариаттың кедергі жасай алмауына оның Пруссиядағы және Австриядағы әлсіздігі себеп болды.

Орыс реформистері — 1905 жылы біздің пролетариат Батыстағы буржуазиялық революцияның бірде-бірінде болып көрмеген күш көрсеткеннен кейін,— *өздерінің* ренегаттығын ақтау үшін, *өздерінің* ренегаттық уағызын «негіздеу» үшін жұмысшы табының басқа елдердегі, бұдан 40 және 50 жыл бұрынғы әлсіздігінің мысалдарына жармасады!

Біздің реформистердің 60-жылдардағы Австрия мен Пруссияны тілге тиек етуді тәуір көруі — олардың пайымдауларының теориялық тұрғыдан негізсіз екендігін, ал практикалық-саяси тұрғыдан алғанда олардың буржуазия жағына шығып кеткендігін дәлелдейтін жақсы мысал.

Шынында да, егер Австрия 1848 жылғы революция жеңілгеннен кейін жойылған конституцияны қайтадан қалпына келтірген болса, егер 60-жылдары Пруссияда «дағдарыс заманы» туған болса, бұл нені дәлелдейді? Ең алдымен, бұл елдердің буржуазиялық қайта құрылысы аяқталмағандығын дәлелдейді. Россияда өкімет *қазірдің өзінде* буржуазиялық өкімет болып кетті деу (Ларинның айтқанындай), біздегі өкіметтің крепостниктік сипаты туралы қазір айтып жатудың да жөні жоқ деу (сол Ларинның айтқандарын қараңыз) — ал сонымен қатар Австрия мен Пруссияны тілге тиек ету — өзін өзі тоқпақтау деген сөз! Жалпы айтқанда, Россиядағы буржуазиялық қайта құрылыс аяқталған жоқ дегенді теріске шығару адам күлерлік нәрсе болар еді: тіпті буржуазиялық кадеттер және октябристер партияларының саясаты да мұны айдан анық дәлелдеп отыр, сонан соң Ларинның өзі де (төменде көреміз) өз позициясынан тайып отыр. Күмән жоқ, біздің жоғарыда айтып өткеніміздей және партияның қарары (декабрь, 1908 ж.) мойындағанындай, монархия буржуазиялық дамуға бейімделу жолында тағы да бір қадам ілгері басып отыр,— бірақ *тіпті* бұл бейімделудің өзі, *тіпті* буржуазиялық реакция, III Дума да, 1906 жылғы 9 ноябрьдегі (14. VI. 1910) аграрлық заң да Россияны

буржуазиялық жолмен қайта құрудың міндеттерін шеше *алмайтыны* онан бетер күмәнсыз.

Әрі баралық. 60-жылдары Австрия мен Пруссияда болған «дағдарыстардың» революциялық дагдарыс болмай, «конституциялық» дагдарыс *болып шыққан* себебі не? Себебі, монархияның қиын халін толып жатқан ерекше жағдайлар (Германияда «революцияның жоғарыдан жасалуы», оны «найзаның ұшымен, білектің күшімен» біріктіру) жеңілдетті, себебі, аталып отырған елдердің пролетариаты ол кезде өте-мөте әлсіз және жетілмеген еді, ал либерал буржуазия, орыс кадеттері сияқты, пасық қорқақтығымен және опасыздығымен көзге түсті.

Осы дәуірді бастан кешірген неміс социал-демократтарының өздерінің осындай жағдайды қалай бағалайтынын көрсету үшін өткен жылы өз «Естеліктерінің» бірінші бөлімін бастырып шығарған Бебельдің кейбір пікірлерін келтірелік. 1862 жыл, Пруссияда «конституциялық» дағдарыс болған жыл туралы Бисмарк,— кейін белгілі болғанындай,— корольдің ол кезде зәре-құты қалмаған еді, ол бұл екеуінің де басына төнген ажал жайында оған, Бисмаркке, айтып жылаған еді дейді. Бисмарк қорқақты ұялтып, оны күрестен қорықпауға сендірген.

«Бұл оқиғалар,— дейді Бебель бұл жөнінде,— егер жағдайды шебер пайдалана білген болса, либералдардың қолы неге жете алатынын көрсетеді. Бірақ олар өздерінің артында тұрған жұмысшылардан қорықты. Бисмарктың: «егер мені ашуландыратын болса, мен Ахеронды көтеремін»» (яғни халық қозғалысына төмендегілерді, бұқараны көтеремін) «деген сөзі либералдардың мүлдем зәресін ұшырды».

Герман социал-демократтарының көсемі, өз елінің буржуазиялық-юнкерлік монархия болып қайта құрылуын «ешбір революциясыз» аяқтаған «конституциялық» дағдарыстан жарты ғасыр өткен соң, ол кездегі жағдайдың — жұмысшылардан қорқып либералдар пайдаланбаған жағдайдың — *революциялық* жағдай болғанын көрсетеді. Орыс реформистерінің көсемдері орыс жұмысшыларына: егер неміс буржуазиясы соншама пасық болып, қорқып қалған корольден қорыққан болса,

онда біз *де* неміс буржуазиясының бұл тамаша тактикасын неге қайталап көрмейміз? дейді. Бебель буржуазияны, халық қозғалысынан оның қанаушыға тән қорқақтығын кінәлағанда, ол «конституциялық» дағдарысты революция үшін «пайдаланбады» деп кінәлайды. Ларин және K^0 орыс жұмысшыларын кінәлағанда, олар гегемондыққа (яғни либералдарға қарамастан бұқараны революцияға тартуға) тырысты деп кінәлайды, сэйтеді де оларға «революция үшін *емес», қайта* «Россияның алдағы конституциялық жаңаруы тұсында өз мүдделерін қорғау үшін» ұйымдасуға кеңес береді. Немістің шірік либерализмінің шірік көзқарастарын жойымпаздар орыс жұмысшыларына «социал-демократиялық» көзқарастар деп ұсынады! Ал енді осындай социал-демократтарды столыпиндік социал-демократтар деп қалай атамассың?

Пруссияда 60-жылдарда болған «конституциялық» дағдарысты бағалай келіп, Бебель буржуазия жұмысшылардан қорыққандықтан монархияға қарсы күресуден де қорықты дегенді көрсетумен ғана тынбайды. Бебель сол кезде жұмысшылар ортасында не істелгенін де көрсетеді. «Саяси жағдайдың төзгісіздігі жұмысшыларға барған сайын айқындала бергендігі,—дейді ол,—әрине, олардың пиғылына да әсерін тигізді. Бәрі де өзгеріс жасалуын талап етті. Бірақ әбден саналы, алға қойылған мақсатты айқын көретін және сенімге ие болған басшы элементтер болмағандықтан, күштерді біріктіретін берік ұйым болмағандықтан ол пиғыл босқа жоғалып (verpuffte) кетті. Өзінің мәні жағынан (in Kern vortreffliche) тамаша қозғалыс еш уақытта бұдан гөрі нәтижесіз болып біткен емес еді. Жиналыстардың бәрінде адам лық толы болды, ал бәрінен де батыра сөйлеген адам сол күннің қаһарманына айналды. Бұл пиғыл әсіресе жұмысшылардың Лейпцигтегі өздігінен білім алу қоғамында үстем болды». 1866 жылы 8 майда Лейпцигте 5000 адам қатысқан жиналыста Либкнехт пен Бебельдің қарары бірауыздан қабылданды; онда жалпыға бірдей, төте, тең, жасырын дауыс беру жолымен сайланатын, халықтың жаппай қарулануы қолдайтын парламент шақыру талап етілген еді және «неміс

халқы мұрагерлік орталық өкімет атаулының бәрін теріске шығаратын адамдарды ғана депутат етіп сайлайды деген сенім» айтылған еді. Либкнехт пен Бебельдің қарары, демек, әбден айқын республикалық және революциялық сипатта болды.

Сонымен, *герман социал-демократтарының көсемі* «конституциялық» дағдарыс кезінде бұқаралық жиналыстарда республикалық және революциялық сипаттағы қарарды өткізеді. Жарты ғасыр өткен соң, өзінің жастық шағын еске түсіре келіп, жаңа буынға әлдеқашан өтіп кеткен күндердің істері жайында айтып бергенде, ол жеткілікті дәрежеде саналы, революциялық міндеттерді түсінетін басшы элементтердің болмағанына *(яғни гегемондық міндетін түсінетін революциялық социал-демократиялық партияның болмағанына)*, күшті ұйымның болмағанына, революциялық пиғылдың «босқа жоғалып кеткеніне» өкінетінін бәрінен де баса көрсетеді. Ал орыс реформистерінің көсемдері, Иванушкалардың ойшылдығына салынып, «ешбір революциясыз-ақ» тындыруға болатындығының дәлелі ретінде 60-жылдардағы Австрия мен Пруссияны мысалға келтіреді! Сөйте тұрып контрреволюциялық желікпен уланған, идеялық жағынан либерализмнің құлы болған осы филистер пасық немелердің РСДРП-ның атына күйе жаққысы келеді!

Социализмнен қол үзген реформистердің арасында, әрине, Лариннің шын оппортунизмін жұмысшы қозғалысының аса маңызды принциптік мәселелерін төңіректеп, айналсоқтап жүретін айла-шарғымен алмастыратын адамдар бар. Ондай адамдар істің мәнін шатастырады, идеялық таластарды көмескілейді, былықтырады, мысалы, Ларин мен «бұлжымайтын большевиктер 1908 жылғы қарарларда» *бірдей* «схема» береді-міс дегенді жария баспасөзде дәлелдеуге тырысқан (яғни РСДРП мүшелерінің тура сөйлеуінен Столыпин қорғаған) Мартов мырза осылай істеді. Бұл — ақиқатты лас шығармалар авторына лайық түрде бұрмалау ғана. Сол Мартовтың өзі Ларинмен айтысқансып: «мен, әрине, Ларинде реформистік тенденция бар деп күдіктенбеймін» дегенді баспасөз бетінде мәлімдеді. *Таза* реформистік

көзқарастарды баяндап отырған Ларининің реформизмін Мартов *аңғармайды*!!— реформизм дипломаттары қулығының үлгісі бұл*. Кейбір аңқаулар Лариннен гөрі неғұрлым «солшыл», неғұрлым сенімдірек революционер деп санап жүрген сол Мартовтың өзі Ларинмен арадағы өзінің «алауыздығын» былайша қорытқан еді:

«Қорытамын. Марксизмге адал болып қалған меньшевиктердің қазір не жасап жатқандығын теориялық жағынан негіздеп, саяси жағынан ақтау үшін қазіргі режим дегеніміз абсолютизмнің конституционализммен ішкі қайшылықты ұштасуы екендігінің фактісі, орыс жұмысшы табы, Батыстың алдыңғы қатарлы елдерінің жұмысшылары сияқты, бұл режимді осы қайшылықтардың Ахиллес өкшесіндей жанды жерінен ұстап аларлықтай пісіп-жетілгендігінің фактісі әбден жеткілікті».

Мартов қалай бұлтарса да, қорытынды шығармақ болған алғашқы әрекетінің өзі-ақ барлық бұлтарыстарының өз-өзінен күл-талқан болуына әкеп соқты. Біз келтірген сөздер социализмнен толық безу және оны либерализммен алмастыру болып табылады. Либералдарға *ғана*, буржуазияға *ғана* жеткілікті нәрсені Мартов «әбден жеткілікті» деп жариялайды. Абсолютизмді конституционализммен ұштастырудың қайшылығын мойындауды «әбден жеткілікті» деп табатын пролетар *либералдық жұмысшы* саясаты көзқарасының тұрғысында болады. Ол социалист *емес*, ол өз *табының* міндеттерін, міндеттері болғанда, буржуазияның бұлталақтауларына немесе қарсыласуына қарамастан халық бұқарасын, еңбекшілер мен қаналушылар бұқарасын абсолютизмнің барлық формаларына қарсы көтеріп, елдің тарихи тағдырына *дербес* араластыру болып табылатын міндеттерін *түсінбеген*. Ал буржуазияның гегемондығынан сытылып шығатын бұқараның дербес тарихи қимылы «конституциялық» дағдарысты *революцияға* айналдырады. Буржуазия (әсіресе 1905 жылдан кейін) революциядан қорқады және оны жек көреді, пролетариат халық бұқарасын революция идеясына адал болуға тәр-

* Партияшыл меньшевик Дневницкийдің «Дискуссионный Листоктың» 3-номеріндегі (біздің партияның Орталық Органына қосымша) Ларининің реформизмі мен Мартовтың бұлтарыстары туралы дұрыс ескертпелерімен салыстырыңыз.

биелейді, оның міндеттерін түсіндіреді, бұқараны жаңа революциялық шайқастарға әзірлейді. Революция бола ма және қашан, қандай жағдайда болады, мұның өзі белгілі бір таптың еркіне байланысты нәрсе емес, бірақ бұқара арасында жүргізілген революциялық жұмыс еш уақытта із-түзсіз жойылып кетпейді. Тек сондай жұмыс қана бұқараны социализмнің жеңуіне әзірлейтін қызмет болып табылады. Ларин мен Мартов мырзалар социализмнің осындай ап-айқын, қарапайым ақиқаттарын ұмытып отыр.

Бұл екеуінің алдыңғысы, РСДРП-дан мүлдем қол үзіп кеткен орыс жойымпаздар тобының көзқарастарын көрсете келіп, өзінің реформизмін ақырына дейін тура айтудан қысылмайды. Оның «Дело Жизнидегі» (1911, № 2), социал-демократияның принциптерін қымбат тұтатын әрбір адам есінде сақтауға тұрарлық сөздері мынадай:

«Адамдардың ертеңгі күннен не күтуі керегін, өзінің алдына қандай міндет қоюы керегін білмейтін кезіндегі сасқалақтаушылық пен бұлдырлық жағдай,— міне, белгісіз бір күтініс көңіл күйін, әлде революцияның қайталануына, әлде «не боларын көрермізге» көмескі сенім артушылықты көрсететін жағдай осы. Кезектегі міндет — игілікті әуеден күтіп жата беру емес, мынау: орыс өмірінің бастан кешіп отырған жаңа тарихи кезеңінде жұмысшы табы «революция үшін», «революцияны күту үшін» ұйымдасуға тиіс емес, жай ғана»... (осы: *жай ғананы* есте сақтаңыз...) «өмірдің барлық салаларында өзінің ерекше мүдделерін берік және жоспарлы түрде қорғау үшін, осы жан-жақты және күрделі қызмет арқылы өз күштерін жинау және үйрету үшін, жалпы алғанда, осы жолмен социалистік сананы тәрбиелеу және жинақтау үшін, жекелеп алғанда, феодалдық реакция экономикалық жағынан өзін өзі сөзсіз сарқып бітірген соң, Россияның алдағы конституциялық жаңаруы тұсында Россиядағы қоғамдық таптардың күрделі қарым-қатынастарын ұғына (түсіне) білу — сөйтіп өзін өзі қорғай білу үшін!— ұйымдасуға тиісті деген басшы идеяны қалың топтардың санасына сіңіре беру».

Міне, бұл—толық қалыптасқан, ашық, тоқмейілсінген таза реформист. Революция идеясына, революциядан «үміттенуге» соғыс ашу (реформиске бұл «үміттер» *бұлдыр* нәрсе сияқты көрінеді, өйткені ол қазіргі экономикалық және саяси қайшылықтардың терең сырын

түсінбейді), революция үшін күштерді ұйымдастыру, ақыл-ойды әзірлеу болып табылатын әрекет атаулыға соғыс ашу, революцияшыл социал-демократтардың тікелей бой көрсетуінен Столыпин қорғап отырған жария баспасөзде соғыс ашу, РСДРП-дан бүтіндей бөлініп кеткен жарияшылдар тобының атынан соғыс ашу,— Потресов, Левицкий, Ларин және К⁰ мырзалардың құратын столыпиндік жұмысшы партиясының программасы мен тактикасы, міне, осы. Бұл адамдардың шын программасы, шын тактикасы,— олардың *«біз де* социал-демократтармыз», «біз де» «ымырасыз Интернационалға» жатамыз дейтін екіжүзді үйреншікті сендірулерінен өзгеше,— жоғарыда келтірілген цитатта дәл айтылған. Бұл сенімдемелер — бояма сөздер. Социализмді либералдық жұмысшы саясатымен түгелдей алмастыратын бұл программа — олардың ісі, олардың нақты қоғамдық мәні.

Ал енді реформистердің шатысып жүрген адам күлерлік қайшылықтарына қараңызшы. Егер Россияда буржуазиялық революция аяқталған болса (Ларин айтқандай), онда кезекке социалистік революция қойылатын болады. Бұл өзінен өзі түсінікті, бұл көпшілікке мәлім атақпен жұмысшыларды алдау үшін емес, шынымен өзін социалист деп есептейтін адамдардың бәріне айқын. *Онда* біз *нақ сол* «революция үшін» (социалистік), нақ соны «күтіп», *социалистік* революцияға нақ «үміттенетінімізге» (бұлдыр үміт емес, ғылымның дәл және өскелең деректеріне негізделген *сенімді*-«үмітке») бола ұйымдасуға тиіспіз.

Бірақ мәселенің түйіні де мынада ғой: аяқталған буржуазиялық революция туралы мылжың — реформист үшін (Мартов үшін Ахиллес өкшесіндей жанды жер және т. т. туралы мылжың сияқты) *революция атаулының бәрінен безуді* сөзбен бүркеу ғана. Буржуазиялық-демократиялық революциядан ол революция аяқталды деген сылтаумен,— немесе абсолютизм мен конституционализмнің арасындағы қайшылықты мойындау «әбден жеткілікті» деген сылтаумен безеді,—ал социалистік революциядан ол «Россияның алдағы конституциялық жаңаруына» қатысу үшін бізге «әзір-

ге» «жай ғана» ұйымдасу керек деген сылтаумен безеді!

Ал егер, социалистің тонын жамылған қадірлі кадет, сіз, Россияның «алдағы конституциялық жаңаруы» сөзсіз деп мойындайтын болсаңыз, онда сіз сол арқылы біздегі буржуазиялық-демократиялық революцияның *аяқталмағанын* да мойындап, өзіңізге өзіңіз қарсы келесіз. Сіз «феодалдық реакция *өзін өзі»* сөзсіз «сарқып *бітіретінін»* айтып және *халықтық* революциялық қозғалыс арқылы жалғыз феодалдық *реакцияны* ғана емес, феодализм қалдықтарының *бәрін жою* туралы пролетарлық идеяны қаралап, өзіңіздің буржуазиялық табиғатыңызды қайта-қайта көрсетіп отырсыз.

Столыпиндік жұмысшы партиясындағы сабаздарымыздың либералдық уағызына қарамастан — орыс пролетариаты өзін контрреволюция дәуірі мәжбүр еткен ауыр, қиын, күнделікті, ұсақ, көзге көрінбейтін жұмысының *бәрін* әрқашан және үнемі демократиялық революцияға және социалистік революцияға берілгендік рухта жүргізіп отырады, ол революция үшін ұйымдасып, күш жинайды, ол опасыздар мен ренегаттарға аяусыз тойтарыс беріп отырады, ол революцияның тағы да болатыны жөнінде «бұлдыр үмітті» емес, ғылыми тұрғыдан негізделген сенімді басшылыққа алады.

«Социал-Демократ» № 23, 14 (1) сентябрь, 1911 ж.

«Социал-Демократ» газетінің тексті бойынша басылып отыр

СТОЛЫПИНДІК «ЖҰМЫСШЫ» ПАРТИЯСЫНЫҢ ЛАГЕРІНЕН

(БІЗДІҢ «БІТІСТІРУШІЛЕР» МЕН «КЕЛІСІМПАЗДАРҒА» АРНАЛАДЫ)

К. жолдастың корреспонденциясы[134] біздің партиямызды қымбат тұтатындардың бәрінің аса зор зер салуына тұрады. «Голос» саясатын (және голостық дипломатияны) бұдан артық әшкерелеуді, біздің «бітістірушілер мен келісімпаздардың» көзқарастары мен үміттерін бұдан артық теріске шығаруды көзге елестету қиын.

К. жолдас суреттеген жағдай ерекше жағдай ма? Жоқ, мұның өзі столыпиндік жұмысшы партиясы қайраткерлеріне *дағдылы* жағдай, өйткені «Наша Заряның», «Дело Жизнидің» және т. т. *бірқатар* әдебиетшілерінің *нақ осы* жойымпаздық идеяларды үздіксіз жүргізіп отырғаны *бірінші жыл емес* екенін біз өте жақсы білеміз. Бұл жойымпаздар партияшыл жұмысшылардың қолына әрдайым түсе бермейді, олардың масқаралық сөздері жайында партия мұндай дәлме-дәл хабарларды тым сирек алады, бұл хабарлары үшін біз К. жолдасқа алғыс айтуға тиістіміз; бірақ жариятшылтәуелсіздер *тобының* уағызы *әрқашан да және барлық жерде* нақ осы рухта жүргізіліп отырады. «Наша Заря» мен «Дело Жизни» сияқты журналдар болып отырғанда бұл фактіге күмән келтіру мүмкін емес. Бұл факт жөнінде ештеңе айтпау жойымпаздардың мейлінше қорқақ, мейлінше пасық қорғаушыларына ғана пайдалы.

«Келісім» туралы және өзінің жойымпаздыққа дұшпандығы туралы даурығатын Троцкий тәрізді адамдар қолданып жүрген тәсілдерді осы фактімен салыстырып

көріңізші. Бұл тәсілдер жұртқа өте жақсы белгілі: біз «большевик те емеспіз, меньшевик те емеспіз, революцияшыл социал-демократтармыз» деп бар даусымен байбалам салу, біз жойымпаздықтың жауымыз, құпия РСДРП-ны жан сала жақтаймыз деп алланың атын атап, ант-су ішу, *Потресов және K^0 мырзалар сияқты жойымпаздарды әшкерелейтін адамдарды барынша балағаттау,* жойымпаздарға қарсыларды мәселені «өсіре көрсетушілер» деп атау, Потресов, Мартов, Левицкий, Дан, Ларин мырзалар және т. т. сияқты анық жойымпаздарға қарсы *жұмған аузын ашпау.*

Ондай тәсілдердің нақты мәні айқын. *Көпірме сөздер* арқылы *шын* жойымпаздар бүркемеленеді, жойымпаздарға қарсылардың жұмысына *кедергі жасауға* алуан түрлі әрекеттер істеледі. РСДРП тарихында өзінің принципсіздігімен белгілі «Рабочее Дело»[135] дәл осындай саясат жүргізген болатын: ол біздер тіпті де «экономистер» емеспіз, біздер саяси күресті толық жақтаймыз деп алланың атын атап, ант-су ішкен, ал іс жүзінде барлық күресті «экономистерді» әшкерелеушілерге, олардың пікірін теріске шығарушыларға қарсы бағыттап, «Рабочая Мысль»[136] мен «экономистерді» *бүркемеледі.*

Троцкийдің және оған ұқсас «троцкистер мен келісімпаздардың» қандай жойымпаздан болса да зияндырақ екені осыдан айқын көрінеді, өйткені кәміл сенімді жойымпаздар өз көзқарастарын тура айтып береді, сондықтан олардың қателігін аңғару жұмысшыларға оңай, ал Троцкий мырзалар жұмысшыларды *алдайды,* жамандықты *жасырады,* оны әшкерелеуді және одан айығуды мүмкін емес етіп жібереді. Троцкийдің топсымағын қолдаған әрбір адам өтіріктің және жұмысшыларды алдаудың саясатын қолдайды, жойымпаздықты бүркемелеу саясатын қолдайды. Потресов мырза мен K^0-нің Россияда әрекет істеуге толық еркті болуы, олардың істерін шетелде «революциялық» бос сөздермен бүркемелеу — «троцкизм» саясатының мәні, міне, осы.

Онан соң, бұдан Россиядағы жойымпаздық орталық туралы, яғни «Наша Заря» мен «Дело Жизнидің» қайраткерлері туралы мәселені орағытып өтетін голосшыл-

дармен «келісімге келудің» қандайы болса да жұмысшыларды нақ сол алдауды, жамандықты нақ сол жасыруды жалғастыра беруден басқа ештеңе емес екендігі айқын көрінеді. Голосшылдар өздерінің жойымпаздық істерінің «еркіндігін» ешқандай қарарлармен ешбір «бөгемей-ақ», қандай қарарға болса да «қол қоя» алатындығын 1910 жылғы январь пленумынан бергі уақытта көрсетіп болды. Олар құпия партияның маңызын түсірудің қандайы болсын пролетариатқа буржуазияның ықпалын жүргізу болады деген қарарларға шетелде қол қояды да, Россияда құпия жұмысқа қатыспағанын былай қойғанда, оны қорлайтын, құпия партияны бүлдіретін Потресов, Ларин, Левицкий мырзаларға көмектеседі.

Қазіргі кезде Троцкий Либер мырза (—рефераттарында Потресов мырзаны жұрт алдында қорғаған, ал қазір бұл фактіні бүркеу үшін өсек-аяң мен кикілжің туғызып жүрген барып тұрған жойымпаз) типтес бундшылдармен бірге, Шварц типтес латыштармен және т. с. бірге голосшылдармен нақ осындай «келісімге келу» дегенді ойлап шығарып жүр. Бұл жөнінде ешкім алданбасын: олардың жасасатын келісімі жойымпаздарды бүркемелеу туралы келісім болады.

P. S. Голосшылдардың Троцкиймен, бундшылмен және жойымпаз-латышпен «келісім» жасасқаны туралы хабар баспасөз бетіне шыққан кезде бұл жолдар теріліп те қойған еді. Біздің сөздеріміз әбден расталды: бұл — Россиядағы жойымпаздарды *бүркемелеу* туралы келісім, Потресов мырза мен $К^0$ малайларының келісімі.

«Социал-Демократ» № 23, 14 (1) сентябрь, 1911 ж.

«Социал-Демократ» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПЛЕНУМЫН ШАҚЫРУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІНЕ «СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТ» РЕДАКЦИЯСЫНАН ЕСКЕРТУ[137]

Голосшылдардың пленумды *болдырмай тастап жүргенін* Орталық Орган редакциясы партияға көптен бері, 1910 жылғы декабрьден бастап ескертіп келген еді*. Қазір факт айқын болып отыр: голосшылдар әуелі орыстық пленумды, сонан соң шетелдік пленумды болдырмай тастады.

Орыстық пленумды Михаил, Юрий және Роман мырзалар болдырмай тастады. Өздерінің «талантты түрде теріске шығаруымен» олар мына фактіні растап қана шықты: оларды Орталық Комитеттің мәжілісіне шақырған, кооптация жасау үшін ғана болса да шақырған, ызалы «фракцияшыл», «ленинш іл» большевиктер емес, *ымырашылдар* шақырған, солай бола тұрса да бұл мырзалар бас тартты. Орыстық Орталық Комитетті шақырттырмай қойған да солардың бас тартуы болды, өйткені пленумның Россияға барған (ал практиктердің *бәрі де* барған болатын) большевик-цекистерінің *бәрі,* әлгі үшеуінің бас тартқанынан кейін, толық құрамды шақырып үлгіргенше «жабылып» қалды.

Голосшылдар енді қаншама көпіртіп, сендіріп, ант-су іше берсін, балағаттау, кикілжің туғызу, бопсалау арқылы мәселені бүгіп тастауға, былықтыруға қаншама тырысып бага берсін, бәрібір факт факт күйінде қала береді. Жариялшылдардың *басты* көсемдерінің «үштігі» Михаил + Юрий + Роман, Потресов мырзалардың жә-

* Қараңыз: осы том, 50—66-беттер. *Ред*

не столыпиндік жұмысшы партиясының басқа сабаздарының ең жақын әріптестері, Россияда Орталық Комитетті *шақырттырмай тастады.*

Қазір голосшылдар Орталық Комитетті шетелде де шақырттырмай тастап отыр. Большевиктер оны 1910 жылғы декабрьде шақыруды талап еткен еді — Орталық Комитеттің Шетелдік бюросындағы жойымпаздар Орталық Комитеттің Орыстық бюросын сылтауратып (бұл жалған сылтау еді, өйткені шетелдік пленум орыстық пленумға қайшы *келмейтін) бас тартты.*

Пленум шақырылмай қалған соң, большевиктер шетелдік пленумды *1911 жылғы апрель — май* ішінде шақыруды екінші рет талап етті. «Орыс бюросының» тең жартысы *аман отыр* дегенді сылтауратып, *Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы* екінші рет *бас тартты.*

Содан бері 4—5 ай өтті, Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы сылтауларының өтіріктігі *әбден әшкереленді: жылдың үштен бір бөлігі бойында* «бюроның» «жартысынан» бірде-бір хат болмады, бұл жартысы бірдебір қадам жасамады, тіршіліктің бірде-бір белгісі байқалмады!! Либерлер, Игоревтер және Шварцтар партияны алдады: Россияда *жоқ* бюроны сылтау етіп, олар шетелде Орталық Комитетті шақырудан *бас тартты.* Ал цекистердің июньдегі кеңесі Орталық Комитеттің *тоғыз* мүшесі шетелде *болғанын* дәлелдеді.

Байбаламнан, балағаттаудан, кикілжіңнен, бопсадан есеңгіреп кетпей, ойлай білетін адамның Орталық Комитетті голосшылдардың біржола болдырмай тастағанын көрмеуі мүмкін емес.

Партияны жою үшін голосшылдар қолынан келгеннің бәрін істеді. Голосшылдарды жою үшін партия қолынан келгенінің бәрін істейді.

«Социал-Демократ» № 23,
14 (1) сентябрь, 1911 ж.

«Социал-Демократ» газетінің
тексті бойынша басылып отыр

СТОЛЫПИН ЖӘНЕ РЕВОЛЮЦИЯ

Бас жендет Столыпиннің өлтірілуі орыс контрреволюциясының тарихындағы алғашқы кезеңнің аяқталғанын дәлелдейтін толып жатқан белгілердің көріне бастаған уақытына сәйкес келді. Сондықтан, 1 сентябрьдегі оқиға, өзін жеке алғанда онша маңызды болмаса да, біздегі контрреволюцияның мазмұны мен мәні туралы бірінші дәрежелі маңызы бар мәселені тағы да кезекке қойып отыр. Столыпинді дәріптеп жалбақтаған реакционерлер хорының немесе Россияны билеп-төстеп отырған қаражүздік шайканың әзәзілдіктері тарихын қазбалайтын реакционерлер хорының арасында,—«тағылықпен, ессіздікпен» атылған оққа басын шайқайтын либералдар (либералдарға, әрине, тырнақшада келтірілген көп айтылып жүрген сөздерді қолданған «Дело Жизнидегі» бұрынғы социал-демократтар да жатады) хорының арасында шынымен елеулі принципті маңызы бар кейбір сарындар естіледі. Орыс тарихының «столыпиндік кезеңіне» тұтас бір нәрсе деп қарау әрекеті де жасалып жүр.

Столыпин бес жылдай, 1906 жылдан 1911 жылға дейін, контрреволюция үкіметінің басшысы болды. Бұл — шынында да өзіндік ерекшелігі бар және сабақ аларлық оқиғаларға бай кезең. Сырттай қарағанда оны 1907 жылғы 3 июньдегі мемлекеттік төңкерісті әзірлеу және жүзеге асыру кезеңі деп сипаттауға болады. Өзінің нәтижелерін біздің қоғамдық өміріміздің барлық салаларында қазірдің өзінде түгелдей көрсетіп отырған

бұл төңкерісті әзірлеу нақ 1906 жылдың жазында, Столыпин ішкі істер министрі ролінде I Думада сөз сөйлеген кезде басталды. Мынадай сұрақ туады: бұл төңкерістің қайраткерлері қандай қоғамдық күштерге сүйенді немесе бұл қайраткерлерге қандай күштер бағыт беріп отырды? «Үшінші июнь» кезеңінің әлеуметтік-экономикалық мазмұны қандай болды?—Столыпиннің өз басының «мансабы» бұл мәселе жөнінде сабақ боларлық материал және қызықты мысалдар береді.

Помещик және дворяндардың жетекшісі 1902 жылы, Плеве тұсында, губернатор болады,— шаруаларды айуандықпен жазалап, оларды (Саратов губерниясында) азапқа салып, ол патша алдында және оның қаражүздік сұрқиялары алдында өзінің «даңқын шығарады»,—1905 жылы қаражүздік шайкалар және ойрандар (Балашев ойраны) ұйымдастырады,— 1906 жылы ішкі істер министрі, ал бірінші Мемлекеттік дума таратылған кезден бастап Министрлер советінің председателі болады. Ең қысқаша алып айтқанда, Столыпиннің саяси өмірбаяны осындай. Контрреволюциялық үкімет басшысының бұл өмірбаяны сонымен бірге бізде контрреволюцияны жасаған таптың өмірбаяны болып табылады, ал Столыпин сол таптың уәкілі немесе приказчигі ғана болған еді. Бұл тап — бірінші дворян және ең ірі помещик Николай Романов бастаған орыстың ардақты дворяндары. Бұл тап — Европалық Россияда 70 миллион десятина жері бар, яғни он миллион шаруа үйінің қанша жері болса, сонша жері бар отыз мың крепостник-жер иелері. Бұл таптың қолындағы жер латифундиялары — Россияның ежелгі орыстық орталығында әр алуан түрде және әр түрлі атпен (жұмыспен өтеу, кіріптарлық және т. т.) басым болып отырған крепостниктік қанаудың негізі. Орыс шаруасы «жерінің аздығы» дегеніміз (либералдар мен халықшылдардың ұнататын сөзімен айтсақ) осы тап *жерінің көптігінің* екінші жағынан басқа еш нәрсе емес. Біздің 1905 жылғы революциямыздың өзекті мәселесі болған аграрлық мәселе мынаған келіп саятын: помещиктік жер иелігі сақтала ма — сақтала қалған жағдайда халықтың көпшілігі болып табылатын шаруалардың ұзақ жылдар бойы қайыр-

шы, бейшара, аш, езілген және жаншылған болып қала беруі *сөзсіз,*— немесе халық бұқарасы адамға азды-көпті лайық, европалық өмір жағдайларына азды-көпті ұқсас еркін өмір жағдайларын жеңіп ала ала ма,— ал мұның өзі помещиктік жер иелігін және онымен тығыз байланысты помещиктік монархияны революциялық жолмен жоймайынша *жүзеге асырылмайтын* еді.

Столыпиннің саяси өмірбаяны дегеніміз патша монархиясының өмір жағдайларының дәлме-дәл бейнесі және көрінісі. Революция тұсында монархия душар болған жағдайда Столыпин өзінің істегенінен басқаша істей алмады. Халықтың орасан зор, басым көпшілігі өз мүдделерінің помещиктер табының сақталуымен сыйыса алмайтынын сезгені және осы тапты жоюға ұмтылып отырғаны әбден айқын анықталған кезде, Думаға *дейінгі* 1905 жылы да, Дума *тұсындағы* 1906 жылы да тәжірибе жүзінде анықталған кезде монархия басқаша істей *алмады.* Кадет жазушыларының: монархияға тиісу бізде «интеллигенттік» революционаризмнің көрінісі болды деп сендіруінен асқан үстірт, одан асқан жалған ештеңе жоқ. Керісінше, объективтік жағдайлар мынадай еді: шаруалардың помещиктік жер иелігіне қарсы күресі біздің помещиктік монархияның өмір сүруі немесе өлуі туралы мәселені лажсыздан алға тартты. Патша өкіметінің өліспей беріспейтін күрес жүргізуіне *тура келді,* оның мүлдем нашарлаған бюрократиядан және соғыста жеңілістерге ұшырап, ішкі ыдыраудан әлсіреген армиядан басқа қорғаныс құралдарын іздеуіне *тура келді.* Мұндай жағдайда патша монархиясына қалған бірден-бір нәрсе халықтың каражүздік элементтерін ұйымдастыру және ойрандар жасау болды. Біздің либералдардың ойрандар жөнінде биік мораль тұрғысынан жирене сөйлеген сөздері қандай революционердің болсын ойында мұның өзі бейшара, қорқақ бірдеңе ғой деген секілді ой туғызбай қоймайды,— әсіресе, ойрандарды биік мораль тұрғысынан бұлай кінәлау ойраншылармен келіс сөз жүргізіп, келісімге келу туралы ойға толық жол берумен ұштастырылып отырған кезде бұлай болмай қоймайды. Монархия революциядан қорғанбай тұра алмады, ал Романовтар-

дың жартылай азиаттық, крепостниктік, *орыс* монархиясы нағыз лас, жиіркеніштi, пасық-қатал шаралардан басқа шаралармен қорғана алмады: биік мораль тұрғысынан кінәлаулар емес, қайта революцияға жан-жақты және адал көмектесу, ондай монархияны *құлату* үшін революцияны ұйымдастыру қандай да болсын социалист және қандай да болсын демократ үшін ойрандарға қарсы күрестің бірден-бір лайықты, бірден-бір ақылға сыйымды тәсілі болып табылады.

Ойраншы Столыпин өзін министрлік қызметке әзірлегенде, патша губернаторлары өздерін қалай әзірлей алатын болса, дәл солай әзірледі: шаруаларды азапқа салу, ойрандар жасау арқылы, осындай азиаттық «практиканы» «европалық» түрге лайықталған сырты сұлу көрініс және құрғақ сөзбен, кескінмен және ишаратпен бүркемелей білу арқылы әзірледі.

Ал ойрандарды биік мораль тұрғысынан айыптайтын біздің либерал буржуазияның көсемдері ойраншылардың өмір сүруге ғана емес, сонымен қатар жаңа Россияны құру және оны басқару ісінде гегемондық жасауға да правосы бар деп танып, олармен келіс сөздер жүргізе бастады! Столыпиннің өлтірілуі осы мәселеге қатысы бар толып жатқан назар аударарлық әшкерелеулер мен мойындауларға себеп болды. Міне, мысалы, Виттенің 1905 жылғы 17 октябрьден кейін министрлік құру жайында «қоғам қайраткерлерімен» (баяу-либералдық монархияшыл буржуазияның көсемдерімен деп оқы) арада болған келіс сөздері туралы Витте мен Гучковтың хаттары. Виттемен жүргізілген келіс сөздерге — бұл келіс сөздер, сірә, ұзаққа созылса керек, өйткені Гучков «ұзаққа созылып жалықтырған келіс сөз күндері» деп жазады, — Шипов, Трубецкой, Урусов, М. Стахович, яғни кадеттік партияның *да,* «бейбіт жаңарту» партиясының *да,* октябристік партияның *да* болашақ қайраткерлері қатысқан. Олар тек Дурново жөнінде келісе алмаған көрінеді; өйткені оны «либералдар» ішкі істер министрі ролінe жібермепті, ал Витте мұны үзілді-кесілді талап еткен екен. Бұл арада кадеттердің I Думадағы ең мықтысы Урусов «Дурновоның кандидатурасын құлшына жақтаушы» болыпты. Князь

Оболенский Столыпиннің кандидатурасын ұсынған кезде «біреулер қостап, біреулер білмейміз десіпті». «Анық есімде,— деп жазады Гучков,— граф Виттенің жазып отырғанындай, қарсы мінездемені *ешкім берген жоқ»*.

Енді, Петербургте 1-курия бойынша кадет октябриске қарсы күрескен сайлау болып жатқандықтан да, өзінің «демократизміп» (ойнамаңыз!) баса көрсеткісі келетін кадет баспасөзі сол кездегі келіс сөздер жайында Гучковты шымшымалауға тырысып жатыр. «Гучков бастаған октябрист мырзалардың,— деп жазады 28 сентябрьдегі «Речь»,— көбінесе бастықтардың ыңғайына көшіп, Дурново мырзаның пікірлестерінің әріптестері болып шыққаны қалай! Олардың көбінесе бастықтардың қас-қабағына қарап, қоғамдық пікірге сырт берген болып шыққаны қалай!» «Русские Ведомостидің» нақ сол күнгі бас мақаласы кадеттердің октябристерге тағатын нақ сол кінәсын сан саққа жүгіртіп қайталайды.

Алайда, кадет мырзалар: егер сол келіс сөздерге *сіздердің* тіпті Дурновоны қорғаған адамдарыңыз да қатысқан болса, октябристерге кінә тағуға *сіздердің* қандай хақыларыңыз бар? Урусовтан басқа кадеттердің *бәрі де* сол кезде, 1905 жылғы ноябрьде, «бастықтардың қас-қабағына қарап», «қоғамдық пікірге сырт берген» адамдар жағдайында болған жоқ па еді? Ағайынның азары болса да, безері жоқ; бәрі бірдей принципсіз партиялардың бәсекесі, бірақ әсте принципті күресі емес — 1905 жылдың аяғындағы «келіс сөздерге» байланысты кадеттердің октябристерге қазіргі тағып отырған кінәлары жайында, міне, осыны айтуға *тура келеді.* Бұл сияқты бос таластар шын маңызды, тарихи даусыз фактіні: біздің революция шын халықтық сипат алған кезден бастап, ягни өзінің белсенді қатысушыларының құрамы жағынан демократиялық революцияға айналған кезден бастап, октябристерден кадеттерге дейінгі либерал буржуазияның *барлық* сарындары *«бастықтардың қас-қабағына қарап», демократияға* «сырт» бергенін бүркемелеуге ғана қызмет етеді. Орыс контрреволюциясының столыпиндік кезеңінің өзі де либерал буржуазияның демократиядан сырт айналуымен, сондық-

тан Столыпин осы буржуазия өкілінің бірінен соң біріне келіп, көмек көрсетуін, тілектестік білдіруін, кеңес беруін *сұрай алғандығымен* сипатталады. Істің жайы мұндай болмаған күнде осы буржуазияның көмегі, тілектестігі, белсенді немесе енжар түрде қолдауы арқылы Столыпин контрреволюциялық пиғылдағы буржуазияға Біріккен дворяндар советінің гегемондығын жүзеге асыра алмаған болар еді.

Мәселенің осы жағына өте-мөте көңіл бөлу керек, өйткені оның нақ осы жағын біздегі либералдық баспасөз және либералдық жұмысшы саясатының «Дело Жизни» сияқты органдары естен шығарып жүр, немесе әдейі елемей жүр. Столыпин — крепостник-помещиктер диктатурасының өкілі ғана емес; мұндай мінездемемен шектелу —«столыпиндік кезеңнің» ерекшелігі мен мәнінен мүлдем ештеңе түсінбеу деген сөз. Столыпин — кадеттік буржуазияны қоса алғанда *бүкіл* либерал буржуазияда контрреволюциялық пиғыл үстем болған дәуірдің, крепостниктер осындай пиғылға сүйене *алған* және сүйенген, осы буржуазияның көсемдеріне «ұсыныстармен» (жан-тәнімен және шын жүректен) сөз сала *алған* және сөз салған, ондай көсемдердің неғұрлым «солшылдарының» ішінен тіпті «патша ағзамның оппозициясын» көре *алған*, либерализмнің идеялық көсемдерінің олар жағына, реакция жағына, демократияға қарсы күресіп, демократияны қаралау жағына шыққанына сүйене *алған* және сүйенген дәуірдің министрі. Столыпин — крепостник-помещиктер мужиктің «патриархтығы» деген романтикалық жалған үміттер мен сенімдердің бәрімен қош айтысып, жалпы алғанда Россияның, жекелеп алғанда деревнялық Россияның жаңа, буржуазиялық элементтерінің арасынан өзіне одақтастар *іздеп,* шаруалардың аграрлық тұрмысына *буржуазиялық* саясатты бар күшін сала, мейлінше шапшаң қарқынмен жүргізген дәуірдің министрі. Столыпин ескі меске жаңа шарап құюға, ескі самодержавиені буржуазиялық монархия етіп қайта құруға тырысты, ал столыпиндік саясаттың күйреуі патша өкіметінің осы ең соңғы, патша өкіметі үшін *ақылға сыйымды ең соңғы* жолда күйреуі болып табылады. III Александр-

дың помещиктік монархиясы «патриархтық» деревняға, жалпы орыс өмірінің «патриархтығына» сүйенуге тырысқан еді; революция ақыр-аяғында *мұндай* саясаттың тас-талқанын шығарды. II Николайдың помещиктік монархиясы революциядан кейін буржуазияның контрреволюциялық пиғылына және нақ сол помещиктер жүргізіп отырған буржуазиялық аграрлық саясатқа сүйенуге тырысты; бұл әрекеттердің қазір тіпті кадеттер үшін де, тіпті октябристер үшін де күмәнсыз болып отырған күйреуі патша өкіметі үшін *ең соңғы мүмкін* саясаттың күйреуі болып табылады.

Крепостник-помещиктің диктатурасы Столыпин тұсында, бүкіл «үшінші сословиені», бүкіл буржуазияны да қоса алғанда, бүкіл халыққа қарсы бағытталмады. Жоқ, октябристік буржуазия оған қорыққандықтан емес, ар-ұятымен қызмет еткен кезде, помещиктер мен буржуазияның өкілдік мекемесі болып, онда олардың блогына көпшілік болу қамтамасыз етілген және тәж иесімен келіс сөз жүргізу мен сөз байласу мүмкіндігі болған кезде, Струве мырзалар мен басқа да вехишілдер революцияны еліре қаралап, Антоний Волынскийдің жүрегіне қуаныш ұялатқан идеология жасаған кезде, Милюков мырза кадеттік оппозицияны «патша ағзамның» (ең соңғы крепостник патша ағзамның) «оппозициясы» деп жариялаған кезде бұл диктатура буржуазия үшін ең жақсы жағдайларға қойылды. Ал солай бола тұрса да, Романов мырзалар үшін осы негұрлым қолайлы жағдайларға қарамастан, XX ғасырдың капиталистік Россиясындағы қоғамдық күштер арасалмағының тұрғысынан қарағанда болуы мүмкін осы ең қолайлы жағдайларға қарамастан, осыған қарамастан, Столыпиннің саясаты күйреді; Столыпин патша самодержавиесінің көрін қазушысы — дұрысырағын айтқанда, жаңа күштер жинап жатқан көрін қазушысы — келіп есік қағып тұрған кезде өлтірілді.

* *
*

Столыпиннің буржуазия көсемдеріне, олардың Столыпинге көзқарасын I Дума дәуірі өте-мөте айқын

сипаттайды. «1906 жылғы майдан июльге дейінгі мезгіл,— деп жазады «Речь»,— Столыпиннің мансабында шешуші мезгіл болды». Бұл мезгілдің түйінді мәселесі неде еді?

«Ол мезгілдің түйінді мәселесі,— деп мәлімдейді кадет партиясының ресми органы,— әрине, Думада сөйленген сөздерде болған жоқ еді».

Мұның шынында да бағалы мойындау екені рас емес пе! «Думада сөйленген сөздерді» ол дәуірдің «түйінді мәселесі» деуге бола ма, осы мәселе жөнінде сол кезде кадеттер қаншама арамтер болды десеңізші! 1906 жылы көктем мен жазда ол мезгілдің түйінді мәселесі Думада сөйленген сөздерде *болған жоқ* деген социал-демократтардың атына сол кезде кадет баспасөзінде қаншама ашулы балағат сөздер, қаншама тәкәппарлық доктринерлік ақыл айтылды десеңізші! Қоғам «конвентті» арман етіп, кадеттердің бірінші Думадағы «парламенттік» аренадағы жеңістеріне онша қуанбағаны үшін «Речь» пен «Дума» сол кезде бүкіл орыс «қоғамына» қаншама кінә тақты десеңізші! Бес жыл өтті, бірінші Дума дәуіріне жалпы баға беруге тура келеді, ал кадеттер, бейне бір қолғап алмастырып қана отырғандай-ақ, оп-оңай: «ол мезгілдің түйінді мәселесі, әрине, Думада сөйленген сөздерде болған жоқ еді»,—деп жариялай салады.

Әрине, олай емес, мырзалар! Түйінді мәселе неде болып еді?

«... Сахна сыртында,— дегенді оқимыз «Речьтен»,—екі ағым өкілдерінің арасында қатты күрес жүріп жатты. Біреуі «кадет министрлігін» құрудан да бас тартпай, халық өкілдігімен келісімге келу жолдарын іздестіруді ұсынды. Екіншісі батыл қадам жасауды, Мемлекеттік думаны таратуды және сайлау заңын өзгертуді талап етті. Мұндай программаны орасан күшті ықпалға сүйенген Біріккен дворяндар советі жүргізді... Столыпин біраз уақыт толқыды. Столыпин ішкі істер министрі болып қатысатын кадет министрлігі болу мүмкіндігін талқылауды ол Крыжановский арқылы Муромцевқа екі рет ұсыныпты деген сөз бар. Бірақ сонымен бірге Столыпин, дау жоқ, Біріккен дворяндар советімен қарым-қатынас жасап отырды».

Либералдардың оқыған, ғалым, көп білетін көсемдері тарихты осылай жазады! Сонымен, «түйінді мәселе»

сөйленген сөздерде *емес, қайта* қаражүздік патша сұрқияларының ішіндегі екі ағымның күресінде болған екен ғой! «Қыспаққа алу» саясатын бірден және кешеуілдетпестен Біріккен дворяндар советі жүргізді — яғни бір адам емес, Николай Романов емес, *«жоғары топтағы»* «бір ағым» емес, қайта *белгілі бір* тап жүргізді. Кадеттер өздерінің *оң жағындағы* бақталастарын айқын, анық көреді. Бірақ кадеттерге қарағанда *солға таман* болғандар олардың назарынан қағыс қалды. Тарихты «жоғары топ», Біріккен дворяндар советі және кадеттер жасапты — қарапайым халық, *әрине,* тарихты жасауға қатыспапты! Белгілі бір тапқа (дворяндарға) «халық бостандығының» таптан *жоғары* партиясы қарсы тұрыпты, ал жоғары топ (яғни патша ағзам) толқыпты.

Міне, бұдан асқан арам ойлы таптық соқырлықты табуға бола ма? бұдан асқан тарихты бұрмалауды және тарих ғылымының ап-айқын ақиқаттарын елемеуді табуға бола ма? бұдан асқан бейшаралық шатасуды, тапты, партияларды және жеке адамдарды араластырып былықтыруды табуға бола ма?

Демократияны және оның күштерін көргісі *келмейтін* адам соқырдан да бетер жаман.

Бірінші Дума дәуірінің түйінді мәселесі, *әрине,* Думада сөйленген сөздерде емес еді. Ол таптардың Думадан тыс күресінде, крепостник-помещиктер мен *олардың* монархиясының халық бұқарасына қарсы, жұмысшылар мен шаруаларға қарсы күресінде болды. Бұқараның революциялық қозғалысы нақ осы кезде тағы да өрлей бастады: жалпы алғанда стачкалар да, саяси стачкалар да, шаруалардың толқулары да, әскери бүліктер де 1906 жылы көктем мен жазда күшейе түсті. *Міне, сондықтан,* кадеттік тарихшы мырзалар, «жоғары топ та» толқыды: патша шайкасының ішіндегі ағымдардың күресі революцияның күші осындай кезде мемлекеттік төңкерісті *бірден* жасауға бола ма немесе әлі де *күту,* әлі де буржуазияны алдай тұру керек пе деген мәселе жайында болды.

Бірінші Дума помещиктердің (Романовтың, Столыпиннің және $К^0$) шаруалар бұқарасымен, жұмысшы-

лармен татулығы болуы мүмкін екендігіне көзін әбден жеткізді. Ал олардың бұл сенімі объективтік шындыққа сәйкес келетін де еді. Сайлау заңын қашан және қалай өзгерту керек, бірден өзгерту керек пе немесе бірте-бірте өзгерту керек пе деген екінші дәрежелі мәселені шешу ғана қалды. Буржуазия толқыды, бірақ оның — тіпті кадеттік буржуазияның да — мінез-құлқының бәрі буржуазияның реакцияға қарағанда революциядан жүз есе көп қорқатындығын көрсетті. Сондықтан да помещиктер буржуазияның көсемдерін (Муромцевті, Гейденді, Гучковты және К^0) кеңестеріне шақырып, *бірге* министрлік құрсақ қайтеді дегендей ризалық білдірді. Ал буржуазия *түгелдей,* кадеттерге дейін, патшамен, ойраншылармен, қаражүздік көсемдерімен бірге революцияға қарсы күресу шаралары туралы кеңесуге барды,— бірақ буржуазия 1905 жылдың аяғынан бастап ешқашан өзінің бірде-бір партиясын самодержавие мен монархияны *қалай* құлату жөнінде революция көсемдерімен кеңесуге жұмсамады.

Орыс тарихының «столыпиндік» кезеңінің негізгі сабағы, міне, осындай. Революция күш тәрізді болып тұрған кезде патша өкіметі буржуазияны кеңестерге тартты — ал революция төменнен қысым жасауын қойған кезде буржуазияның *барлық* көсемдерін, әуелі Муромцев пен Милюковты, онан соң Гейден мен Львовты, ақырында, Гучковты солдат етігімен тепкілеп, біртіндеп айдап шықты. Милюковтардың, Львовтардың және Гучковтардың арасындағы айырмашылық мүлде болмашы — әңгіме буржуазияның осы көсемдері Романовқа — Пуришкевичке — Столыпинге «сүйгізу» үшін... беттерін тосқан және солайша... «сүйгізген» кезегінде ғана.

Қаражүздік монархия бүкіл орыс буржуазиясының контрреволюциялық пиғылдарынан өз пайдасына алуға болатын нәрсесінің бәрін алып болған соң Столыпин сахнадан кетті. Қазір бұл лақтырып тасталған, бетке түкірілген, демократиядан,бұқараның күресінен, революциядан безуімен өзін өзі масқаралаған осы буржуазия революцияның жаңадан өршіп келе жатқан белгілерін көріп, сасқалақтап, не істерін білмей отыр.

Столыпин орыс халқына жақсы сабақ берді: пролетариаттың басшылығымен патша монархиясын құлатып, бостандыққа жету керек екенін немесе — Милюковтар мен Гучковтардың идеялық және саяси басшылығымен Пуришкевичтердің, Марковтардың, Толмачевтардың құлдығына бару керек екенін көрсетті.

«Социал-Демократ» № 24, 18 (31) октябрь, 1911 ж.

«Социал-Демократ» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЫМЫРАШЫЛДАРДЫҢ НЕМЕСЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛАРДЫҢ ЖАҢА ФРАКЦИЯСЫ ТУРАЛЫ

Шетелдегі техникалық комиссияның «Информационный Бюллетені»[138] (1911 жылғы 11 августағы 1-номері) және онымен бір мезгілде дерлік, бұл да Парижде шыққан, «Партияшыл-большевиктер тобының» қолы қойылған «РСДРП-ның барлық мүшелеріне» деген листок мазмұны жағынан екеуі де «ресми большевизмге» қарсы немесе, басқаша айтқанда, «лениншіл большевиктерге» қарсы әрекет болып табылады. Бұл әрекеттер тым ашулы-ақ,— бұларда мазмұннан гөрі ашулы айқайлар мен ежіктеулер көбірек,—солай бола тұрса да бұларға тоқталып өту керек, өйткені мұнда біздің партияның аса маңызды мәселелері қозғалып отыр. Сондықтан менің жаңа фракцияға баға беруімнің әбден жөні бар, өйткені мен, 1-ден, бұдан *дәл $1^1/_2$ жыл* бұрын нақ *барлық* большевиктер атынан нақ осы мәселе жөнінде жазған болатынмын («Дискуссионный Листоктың» 2-номерін қараңыз)*, ал 2-ден, мен «ресми большевизм» үшін өзімнің жауапты екенімді әбден түсінемін. «Лениншілдер» деген сөзді алатын болсақ, мұның өзі тек мысқылдауға орынсыз иек артқандық,— бұл арада *бір* кісінің жақтастары туралы ғана әңгіме болып отыр демекші!— іс жүзінде мәселе большевизмнің белгілі бір жақтары жөніндегі менің өз көзқарастарымды қостаушылар туралы көтеріліп отырмағанын барша жұрт жақсы біледі.

Листоктың авторлары «партиялық большевиктер» деп қол қоя отырып, өздерін оның үстіне «фракциядан

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 19-том, 271—330-беттер. *Ред.*

тыс большевиктер» деп атайды, бізді «мұнда» (яғни Парижде) ымырашылдар деп атау «тым орынсыз» деп ескертеді. Шынында бұдан $1^{1}/_{4}$ жылдан астам бұрын және Парижде ғана емес, шетелде ғана емес, сонымен бірге Россияда да тағылған нақ осындай атақтың өзі жаңа фракцияның саяси мәнін бірден-бір дұрыс көрсететін атақ болып табылады, бұған төмендегі баяндаудан оқушының көзі жетеді.

Ымырашылдық — 1908—1911 жылдардағы контрреволюция заманында РСДРП-ның алдында тұрған тарихи міндеттердің бүкіл *мәнімен тығыз* байланысты пиғылдардың, талаптардың және көзқарастардың жиынтығы. Сондықтан бұл дәуірде бірқатар социал-демократтар мейлінше алуан түрлі себептерге байланысты ымырашылдыққа «салынды». Ымырашылдықты өзгелерден дәйектірек корсеткен Троцкий болды; ол жалғыз өзі дерлік осы бағытқа теориялық негіз салуға тырысты. Бұл негіз мынадай: фракциялар мен фракцияшылдық интеллигенцияның «жетілмеген пролетариатқа ықпал жасау жолындағы» күресі болды. Пролетариат жетіле келе, фракцияшылдық өзінен-өзі құриды. Фракциялардың бірігу процесінің негізі таптар арасындағы қатынастардың өзгеруінде, басты екі фракцияның негізгі идеясының эволюциясында жатқан жоқ, мәселе *барлық* «интеллигенттік» фракциялардың арасындағы келісімдердің орындалуына немесе орындалмауына байланысты болып отыр. Бұл арада біресе большевиктер жағына көбірек, біресе меньшевиктер жағына көбірек ауытқып, Троцкий *барлық* және әр алуан фракциялардың арасында осындай келісім (немесе мәмле) жасалуын көптен бері қажымай-талмай уағыздап та келеді.

Бұған қарама-қарсы көзқарас («Дискуссионный Листоктың» 2 және 3-номерлерін қараңыз*) мынадай: фракциялар орыс революциясында таптар арасындағы қатынастардан туған. Большевиктер мен меньшевиктер 1905—1907 жылдардың объективті өмір шындығы пролетариаттың алдына қойған сұрауларына жауапты тек

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 19-том, 278—279, 294—295-беттер. *Ред.*

тұжырымдап қана берді. Сондықтан *осы* фракциялардың, «күшті» фракциялардың, күшті болғанда өздерінің тамырларының тереңдігімен күшті, өздерінің идеяларының объективті өмір шындығының белгілі жақтарына сәйкес келетіндігімен күшті болып отырған фракциялардың ішкі эволюциясы ғана,— нақ осы фракциялардың тек ішкі эволюциясы ғана фракциялардың *нақты* бірігуін, яғни Россияда социализмнің нағыз біртұтас пролетарлық, маркстік, партиясын құруды қамтамасыз ете алады. Бұдан шығатын практикалық қорытынды: осы екі күшті фракцияның жұмыс үстінде жақындасуы ғана және бұлардың социал-демократиялық емес жойымпаздық және шақырымпаздық ағымдардан арылу шамасы ғана нағыз партиялық саясат болады, бірлікті шын жүзеге асыра алатын саясат болады; ол мұны жүзеге асырғанда, «барлық» фракцияларды қиналмай-ақ, оп-оңай, лезде біріктірмек болатындардың толып жатқан дүмшелік уәделері бойынша емес, кедір-бұдыр, ауыр жолмен, лезде бола қоймайтын, бірақ нақты жолмен жүзеге асырады.

Бұл екі көзқарас пленумнан бұрын-ақ байқалған болатын, мен ол кезде әңгіме үстінде: «фракцияларды тарату туралы күңкілдеудің орнына, екі күшті фракцияны жақындастыру керек» деген ұран ұсынғанмын,— мұны «Голос Социал-Демократа» пленумнан соң ілешала жұртқа мәлімдеген болатын. Бұл екі көзқарасты мен *1910 жылғы майда,* яғни бұдан $1^1/_2$ жыл бұрын, тура, ашықтан-ашық, тәптіштеп баяндаған едім, қала берді «Дискуссионный Листокта» (№ 2) «жалпы партиялық» салада баяндаған едім. Егер 1909 жылғы ноябрьден бері осы тақырыптарда біз таласып келген «ымырашылдар» бұл мақалаға осы уақытқа дейін *бір рет те* жауап бермеген болса, жалпы алғанда бұл мәселені азды-көпті тәптіштеп талдауға *бір рет те* әрекет жасамаған болса, өздерінің көзқарастарын азды-көпті ашық және толығынан баяндауға әрекет жасамаған болса, онда бұған түгелдей өздері кінәлы. Олар өздерінің листокта ерекше топтың атынан жазған фракциялық жауабын «жария жауап» деп атайды: бір жылдан астам уақыт *үн қатпай* келген адамдардың бұл жария

жауабы әлдеқашан көтерілген, әлдеқашан талқыланған, әлдеқашан принципті екі түрлі бағытта шешілген сұраққа берілген жауап *емес*, қайта мейлінше үмітсіз былық, бітіспес екі жауапты мейлінше шектен тыс шатастырғандық болып табылады. Листоктың авторлары өздері ұсынған қағидалардың қай-қайсысын болса да сол сағатында-ақ дереу теріске шығарып отырды. Қағидаларының қай-қайсысы болса да жалған большевиктер (іс жүзінде дәйегі *жоқ* троцкистер) Троцкийдің қателерін қайталап отырды.

Шынында да, листоктың негізгі пікірлеріне көз салыңызшы.

Оның авторлары кімдер? Олар былай дейді: «ресми большевизмнің ұйымдық көзқарастарына қосылмайтын» большевиктер. *Тек* ұйымдық мәселе жөніндегі *ғана* «оппозиция» сияқты, рас емес пе? Мына сөйлемді оқыңызшы: «...Бұдан $1^1/_2$ жыл бұрынғы сияқты, қазір нақ ұйымдық мәселелер, партияны құру және қалпына келтіру мәселелері алға қойылып отыр». Бұл тіпті дұрыс емес және бұл — Троцкийдің бұдан $1^1/_2$ жыл бұрын мен әшкерелеген нақ сол принциптік қатесі. Пленумда ұйымдық мәселенің маңдай алды мәселе сияқты болып *көрінген* себебі мынадан ғана: голосшылдар да, впередшілдер де партияны «жұбатып», жойымпаздыққа *қарсы* және шақырымпаздыққа қарсы қарарларға «қол қойды», сондықтан *барлық* ағымдардың жойымпаздықтан *бас тартуы* шынға *баланды*. Троцкийдің қатесі дәл мынада: ол 1910 жылғы февральдан бастап «Наша Заря» жойымпаздықтың туын, ал впередшілдер өздерінің атышулы N мектебінде шақырымпаздықты қорғау туын біржола көтергеннен *кейін де, осы елесті* шындық деп көрсетуін қоймады. Пленумда елесті шындық деп танығандық өзінді-өзің алдаудың нәтижесі болуы *мүмкін* еді. Пленумнан кейін, 1910 жылдың көктемінен бастап, Троцкий жұмысшыларды нағыз принципсіздікпен және нағыз арсыздықпен *алдады,* біріктіруге ең алдымен (егер тек осы ғана демесек) кедергі болып отырған ұйымдық мәселелер деп сендірмекші болды. Бұл алдауды 1911 жылы Париждегі ымырашылдар жалғастырып отыр, өйткені қазір ұйымдық мәселелер бірінші кезекте

тұр деудің өзі ақиқатты мазақтағандық болады. Қазір іс жүзінде әсте де ұйымдық мәселе бірінші кезекке қойылып отырған жоқ, қайта партияның бүкіл программасы, бүкіл тактикасы, бүкіл сипаты туралы мәселе, дұрысында, *екі* партия туралы, *социал-демократиялық* жұмысшы партиясы туралы және Потресов, Смирнов, Ларин, Левицкий және К^0 мырзалардың *столыпиндік* жұмысшы партиясы туралы мәселе бірінші кезекке қойылып отыр. Париждегі ымырашылдар пленумнан соң дәл 1$^1/_2$ жылдай ұйқтап қалған сияқты; бұл уақыттың ішінде бізде *де*, партиялық меньшевиктерде *де* жойымпаздарға қарсы *бүкіл* күрес ұйымдық мәселелерден *социал-демократиялық* — либералдық емес — жұмысшы партиясының *болмысы* туралы мәселелерге көшті. Қазір ұйымдық мәселелер туралы, жария ұйым мен құпия ұйымның қарым-қатынасы туралы, айталық, «Наша Зарядағы» мырзалармен таласу комедияны бүлдіру болар еді, өйткені жойымпаздарға қызмет ететін «Голос» сияқты «құпия» ұйымды бұл мырзалардың мойындауы әбден мүмкін! Монархиялық либерализмге қызмет ететін мұндай құпия ұйымды біздің кадеттердің мойындап та, қолданып та жүргені әлдеқашан айтылған болатын. Троцкийдің большевиктер әшкерелеген (оның үстіне бұл *бүкіл* большевизм атынан істеліп отыр деп ерекше мәлімдемеде әшкерелеген!) қателерін 1$^1/_2$ жыл өткеннен кейін қайталау үшін ымырашылдар өздерін большевиктер деп атайды. Мұның өзі белгілі партиялық атаққа қиянат жасағандық емес пе? Осыдан кейін біз: ымырашылдар тіпті де большевик емес, олардың большевизммен ортақ ештеңесі жоқ, олар бар болғаны дәйексіз троцкистер деп барлық және әрбір адамға мәлімдеуге міндетті емеспіз бе?

Әрі қарай оқи түсіңіз: «Жойымпаздыққа қарсы күресу міндетін ресми большевизмнің және Орталық Орган редакциясы көпшілігінің түсінгеніндей етіп түсінуге қосылмауға болады...». «Жойымпаздыққа қарсы күресу міндеті» ұйымдық міндет деп шындап айтуға бола қояр ма екен? Большевиктермен келіспейтін жеріміз ұйымдық мәселелер *ғана емес* деп ымырашылдардың өздері де мәлімдеп отыр! Онда нақ қай мәселелер? Олар

жұмған аузын ашпайды. Олардың «жария жауабы» әлі де үнсіз... немесе бейқам?.. адамдардың жауабы болып қалып отыр. Олар $1^1/_2$ жыл ішінде «ресми большевизмді» түзетуге немесе жойымпаздықпен күресу міндетін *өздерінің* қалай түсінетіндігін баяндауға *бірде-бір* жиналып көрген жоқ! Ал ресми большевизм бұл күресті дәл үш жыл бойы, 1908 жылғы августан бастап жүргізіп келеді. Жалпыға мәлім осы кезеңдерді салыстыра отырып, біз ымырашылдардың ғажап «үнсіздігінің» себебін іздестіруге мәжбүр боламыз, ал бұл іздестіру үстінде Троцкий мен Ионовтың: жойымпаздарға біз *де* қарсымыз, бірақ олармен күресу міндетін *басқаша* түсінеміз деп сендірмек болғаны есіңе еріксіз түседі. Бұларың кісі күлерлік қой, жолдастар: күрес басталғаннан кейін үш жыл өткенде біз мұны басқаша түсінеміз дейсіздер. *Мұндай* басқаша түсінушілік түк түсінбеушілікпен егіздің сыңарындай ұқсас емес пе!

Ілгері барайық. Қазіргі партия дағдарысының түйіні, күмән жоқ, мына мәселеге келіп тіреледі: біздің партия, РСДРП, жойымпаздардан (оның ішінде голосшылдардан) толық қол үзуге тиіс немесе олармен келісімге келу саясатын жүргізе беруі керек. Азды-көпті болса да іспен таныс социал-демократтардың ішінде қазіргі бүкіл партия жағдайының *мәні* осы мәселеде екендігін мойындамайтын тым болмаса біреуі табыла қояр ма екен. Ал ымырашылдар бұған қандай жауап беріп отыр?

«Бізге сендер,— деп жазады олар листокта,— осы арқылы (кеңесті қолдау арқылы) партиялық формаларды бұзып, жік туғызасыңдар деседі. Біз бұлай деп ойламаймыз (sic! *). Ал егер осылай болған күнде де біз бұдан қорықпаған болар едік». (Бұдан кейін Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының пленумды болдырмай тастағандығы, «Орталық Комитеттің ішінде құмар ойын жүргізіліп жатқандығы», «партия формаларының фракциялық мазмұнмен толтырыла бастағандығы», т. т. көрсетілген).

Расында, бұл жауапты идеялық және саяси дәрменсіздіктің «классикалық» үлгісымағы деп атауға бола-

* — солай! *Ред.*

ды! Ойлап қараңызшы: жікке бөлу жөнінде айып тағылыпты-мыс. Міне, енді жаңа фракция, партияға жол көрсетуге дәмеленіп, баспасөз бетінде және жұртшылық алдында: «біз бұлай деп ойламаймыз» (яғни жікке бөліну бар және болады деп ойламайсыздар ма?), «бірақ»... бірақ «біз бұдан қорықпаған болар едік» деп жариялайды.

Саяси партиялардың тарихынан шатасушылықтың *мұндай* мысалының табылмайтындығына кепілдік беруге болады. Егер сіздер жікке бөліну бар және болады деп «ойламасаңыздар», онда мұны түсіндірсеңіздерші! *неліктен* жойымпаздармен бірге жұмыс істеуге болатындығын түсіндірсеңіздерші! олармен бірге жұмыс істеуге *болады* — ендеше, бірге істеу керек те — деп тура айтсаңыздаршы.

Біздің ымырашылдар бұлай демек түгіл, қайта мұның керісінше айтады. «Бюллетеньнің» 1-номеріндегі редакциялық мақаладан (ескертуінде: большевиктік платформаны = II Париж тобының қарарын жақтаушы большевик бұл мақалаға қарсы болды деп тура ескертілген):

«...Россияда жойымпаздармен бірігіп жұмыс істеу мүмкін емес екені факт» дегенді оқимыз, ал бұдан біраз бұрын: голосшылдар мен жойымпаздардың арасынан «тіпті қылдай айырма табудың өзі де қиындап барады» деп мойындалған болатын.

Шамасы келген адам түсініп көрсін! Бір жағынан, Техникалық комиссияның атынан (бұл комиссияда ымырашылдар қазір өздерін жақтаушы поляктармен қоса бізге, большевиктерге қарсы көпшілік болып отыр) *бірігіп жұмыс істеу мүмкін емес* деген аса ресми мәлімдеме жасалды. Мұның өзі орысша жікке бөлінуді жариялау деп аталады. Жікке бөліну деген сөздің бұдан басқа ешқандай мағынасы жоқ. Екінші жағынан, «Бюллетеньнің» сол 1-номері: Техникалық комиссия «жікке бөліну үшін емес, жікке бөлінуді болғызбау үшін» құрылған деп жариялайды, ал енді сол ымырашылдар: біз «бұлай деп» (жікке бөліну бар және болады деп) «ойламаймыз» деп жазады.

Бұдан асқан шатасқандықты ойлап табуға бола ма?

Егер бірігіп жұмыс істеу *мүмкін емес* болса, онда социал-демократ үшін бұл түсінікті, мұны социал-демократ алдында *не* белгілі бір топ адамның партия шешімдері мен міндеттемелерін өрескел түрде бұзғандығынан деп дәлелдеуге болады (ал онда *осы* бір топ адаммен жікке бөліну сөзсіз нәрсе), *не* белгілі ағымның *бүкіл* жұмысын социал-демократизмнен *аулаққа* бағыттайтын түбегейлі принциптік пікір алалығынан деп дәлелдеуге болады (ал онда тұтас ағыммен жікке бөліну сөзсіз нәрсе). Бізде, жұртқа мәлім, бұл екі жағдай да бар: 1910 жылғы пленум жойымпаздық *ағыммен* бірге жұмыс істеу мүмкін емес деп жариялаған болатын, ал барлық міндеттемелерді бұзып, жойымпаздар жағына біржола шығып кеткен голосшылдар *тобымен* жікке бөліну енді болып отыр.

Кімде-кім: «бірлесіп жұмыс істеу мүмкін емес» деп саналы түрде айтса, кімде-кім бұл мәлімдемені азынаулақ ойлап, оның принциптік негіздерін түсінген болса, ол адам нағыз қалың бұқараның алдында осы негіздерді анықтауға, бірлесіп жұмыс істеуге *болмайтындармен қандай да болса* қарым-қатынас жасай беретін маңызсыз және зиянды әрекеттерден бұқараны мүмкіндігінше неғұрлым тез, неғұрлым толық құтқаруға қалай да бар назарын аударып, бар күшін жұмсаған болар еді. Ал кімде-кім осындай мәлімдеме жасаумен бірге: жікке бөліну болады деп «біз ойламаймыз», «бірақ біз бұдан қорықпаймыз» дегенді қосатын болса, ол адам өзінің осы шатасқан және жасқаншақ тілі арқылы *өзінен өзі қорқатындығын,* өзінің басқан қадамынан қорқатындығын, туып отырған жағдайдан қорқатындығын аңғартады! Әлдене жөнінде ақталғылары келетін, әлдекімнің алдында өздерін «қайырымды» етіп көрсеткілері келетін, әлдекімге ым қағатын ымырашылдардың листогы нақ осындай әсер етпей қоймайды... Олардың «Впередпен» және «Правдамен» ым қағысуының мәні қандай екенін біз қазір көреміз. Біз алдымен «пленум кезінен бергі дәуірдің қорытындысын», цекистердің кеңесі жасаған қорытындыны ымырашылдардың қалай түсінетіндігін аяқтап алуға тиістіміз.

Шынында да, бұл қорытындыны *түсіну* қажет, оның неліктен шарасыз болғандығын түсіну қажет,— әйтпесе оқиғаларға біздің қатысуымыз стихиялы, дәрменсіз, кездейсоқ болады. Мұны ымырашылдардың қалай *түсінетінін* қарап көріңіздерші. Пленумның істерінен, пленумның көбінесе бірлестіру сипатындағы шешімдерінен Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы (=жойымпаздар) мен жойымпаздарға қарсылардың арасында жікке бөлінудің туған себебі не деген сұраққа олар қалай жауап береді? Біздің дәйексіз троцкистер бұл сұрақтың жауабын Троцкий мен Ионовтан әншейін көшіріп ала салған, сондықтан менің бұл дәйекті ымырашылдарға қарсы былтыр май айында айтқан сөзімді қайталауыма тура келеді*.

Ымырашылдардың жауабы: бұған фракцияшылдық жазықты, меньшевиктердің, впередшілдердің, «Правданың» фракцияшылдығы — біз фракциялық топтарды листоктың ретімен тізіп келтіріп отырмыз — және, ақырында, «фракциялық ниеттері жағынан осы топтардың бәрінен, бәлкім, асып та түскен», «большевизмнің ресми өкілдерінің» фракцияшылдығы жазықты, дейді. Листоктың авторлары *фракцияшыл емес* деп өздерін ғана, Париж ымырашылдарын ғана тура және ашық атайды. Басқаның бәрі кінәлы — біз қайырымдымыз, дейді. Ымырашылдар талқыланып отырған құбылысты туғызатын ешқандай идеялық себептерді келтірмейді. Олар бұл құбылысты туғызған топтардың ұйымдық немесе басқа бір ерекшеліктерінің ешқайсысын да көрсетпейді. Фракцияшылдық=кінәлылық, фракцияшыл еместік=қайырымдылық дегенді тілге тиек еткеннен басқа олар ешқандай *түсінік* бермейді десе де болады. Париждегі ымырашылдар мен Троцкийдің арасындағы айырма тек мынау ғана: париждегілер Троцкийді фракцияшыл деп санайды, өздерін олай демейді, ал Троцкий керісінше деп есептейді.

Мойындамасқа болмайды, саяси құбылыстарды түсіндіру ретінде *тек қана* біреулердің кінәлылығын, екінші біреулердің қайырымдылығын келтіре отырып, мәселені

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 19-том, 271—330-беттер. *Ред.*

осылайша қоюдың өзі көрнекі-кербез адамдардың кескін-келбетін әрдайым менің есіме түсіреді, ондай адамдарды көргенде: «бәлкім, бұлар — алаяқтар болар» деген пікір ойыңа еріксіз оралады.

Мына салыстыру жөнінде ойлап қараңызшы: біздің ымырашылдар фракцияшыл емес, қайырымды екен. Біздер, большевиктер, фракциялық ниет жағынан барлық топтардан асып түсіппіз, яғни ең кінәлы біз екенбіз. *Сондықтан* қайырымды фракция Орталық Комитеттің Шетелдік бюросына қарсы күресте ең кінәлы, большевиктік, фракцияны қолдаған екен ғой!! Бұларың тіпті үйлеспей жатыр, жолдастар! Сіздер әрбір мәлімдеме жасаған сайын шатасқан үстіне шатасып отырсыздар.

Сіздер — бейне бір доп ойнағандай — Троцкиймен бірбіріңді фракцияшыл деп айыптап, салғыласып, өздеріңді күлкі етесіздер: сіздер фракцияның не екенін *ойлап* маза кетіргілеріңіз келмейді. Анықтама беріп көріңіздерші, біз сіздерге алдын-ала былай дейміз: сіздер бұрынғыдан бетер шатаса түсесіздер, өйткені сіздер өздеріңіз — фракциясыздар, ауытқығыш, принципсіз, пленумда және пленумнан кейін не болғанын түсінбеген фракциясыздар.

Фракция дегеніміз партия ішіндегі ұйым, жұмыс орнына қарай, тілге немесе басқа объективтік жағдайларға қарай бірлеспеген, партиялық мәселелер жөніндегі көзқарастардың ерекше платформасына қарай бірлескен ұйым. Листоктың авторлары — фракция, өйткені листок — олардың платформасы (тым жаман платформа, бірақ теріс платформалы фракциялар да бола береді). Олар — фракция, өйткені олар, басқа ұйым атаулы сияқты, ішкі тәртіп арқылы байланысты: Техникалық комиссия мен Ұйымдастыру комиссиясына жіберетін өкілін олардың өз тобы көпшілік дауыспен тағайындайды, нақ сол топ листок-платформаны жазып, бастырып шығарып отырады *және тағысын-тағылар.* Фракцияшылдыққа қарсы даурықпаларды *екіжүзділік* деп айыптайтын объективті фактілер осындай. Троцкий де, «дәйексіз троцкистер» де: бізде фракция жоқ деп сендірмекші болады, *өйткені...* топтасудың (фракцияға)

«бірден-бір» мақсаты — фракцияларды жою, олардың бірігуін уағыздау жәнe т. т. дейді, бірақ бұл сияқты сендірулердің бәрі — тек қана өзін өзі мақтағандық және қорыққанынан жасырынбақ ойнағандық, оның жай ғана себебі мынадай: фракцияның *мақсаты* қандай болса да (асқан қайырымдылық мақсат болса да), ол фракцияның өмір сүру *фактісін* қозғаусыз қалдырады. *Әрбір* фракция *өзінің* платформасы мен саясатын фракцияларды жоюдың *ең жақсы* жолы деп біледі, өйткені фракциялардың өмір сүруін ешкім де мұрат тұтпайды. Айырмасы мынау ғана: айқын, дәйекті, сындарлы платформасы бар фракциялар өз платформасын *тура* қорғайды, ал принципсіз фракциялар өздерінің қайырымдылығы, фракцияшыл еместігі туралы арзан айқайлардың тасасына *тығылады.*

РСДРП ішінде фракциялардың өмір сүруінің себебі неде? Оның себебі мынада: олар — 1903—1905 жылдардағы жікке бөлінудің жалғасы. Олар — жаңа ағымдар мен ағымсымақтарды білдіретін әдебиетшілер топтарының жаңа «фракцияларға», яғни ішкі тәртіпті бірінші орынға қоятын ұйымдарға айналуына бөгет жасай алмайтын жергілікті ұйымдардың *әлсіздігінің* нәтижесі. Фракцияларды жоюдың кепілі неде? Революция заманындағы жікке бөлінуді толық құртуда *ғана* (ал бұған басты екі фракцияны жойымпаздық пен шақырымпаздықтан *түгелдей* тазарту ғана жеткізеді), азшылықты көпшілікке бағынуға мәжбүр ете алатын пролетарлық күшті ұйым құруда *ғана.* Мұндай ұйым жоқ кезде фракциялардың жойылу процесін барлық фракциялардың келісімге келуі *ғана* тездете *алар еді.* Пленумның сіңірген идеялық еңбегі де, оның *ымырашылдық қатесі* де осыдан айқын көрінеді: сіңірген еңбегі — жойымпаздық пен шақырымпаздық идеяларын сыпырып тастағандығы; қатесі — жеке адамдармен және топтармен талғаусыз, олардың берген уәделері («қарарға қол қойды») істерімен үйлеспей жатса да келісімге келгендігі. Жойымпаздық пен шақырымпаздыққа қарсы күрес негізінде идея жағынан жақындасу ісі барлық бөгеттер мен қиыншылықтарға қарамастан алға басып келеді. Пле-

нумның ымырашылдық қатесі* оның ымырашылдық шешімдерінің толығынан сөзсіз күйреуіне, яғни голосшылдармен жасалған *одақтың* күйреуіне әкеп соқты. Большевиктердің (содан соң цекистер кеңесінің де) Орталық Комитеттің Шетелдік бюросынан қол үзуі пленумның ымырашылдық қатесін *түзету* болады: жойымпаздық пен шақырымпаздыққа қарсы *күресуші* фракциялардың жақындасуы енді пленум формаларынан *тысқары* жүрмекші, өйткені бұл формалар мазмұнына сай келмеді. Жалпы ымырашылдық атаулы және пленумның ымырашылдығы күйреді, өйткені жұмыс мазмұны жойымпаздар мен социал-демократтардың *арасын ашты,* сөйтіп ешқандай формалардың да, ымырашылдардың ешқандай дипломаттығы мен ойындарының да бұл айрылысу процесіне шамасы *жетпей қалды.*

Осы тұрғыдан — 1910 жылы майда мен осы тұрғыдан ғана дамытқанмын — қарағанда, пленумнан кейінгі оқиғаның *бәрі* түсінікті болады, біреулердің «кінәлылығынан», екінші біреулердің «қайырымдылығынан» емес, жойымпаздық *ағымды* оқшаулайтын және аралық топтар мен топсымақтарды сыпырып тастайтын оқиғалардың объективтік барысынан туып отырған, тумай қалмайтын нәрсе болып шығады.

Ымырашылдықтың толық *күйреуін* көрсететін осы даусыз саяси фактіні бүркемелеу үшін ымырашылдар фактілерді тікелей бұрмалауға дейін баруға мәжбүр болып отыр. Тыңдаңыздар: «Ленишіл-большевиктер партияның ең басты мекемелерінде көпшілік болғандықтан олардың фракциялық саясаты үлкен зиян келтірді, осының салдарынан олардың фракциялық саясаты басқа ағымдардың ұйымдық оқшауылануын ақтап берді, сөйтіп оларды партияның ресми мекемелеріне қарсы қаруландырды».

Бұл тирада... жойымпаздықты қорқақтықпен және кешігіп барып *«ақтаудан»* басқа түк те емес, өйткені нақ осы ағымның өкілдері большевиктердің «фракцияшылдығын» әрқашан да тілге тиек етіп келген болатын. Бұл ақтау кешігіп қалды, өйткені әрбір партияшылдың

* Салыстырыңыз: «Дискуссионный Листок» № 2. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 19-том, 271—330-беттер. *Ред.).*

іс жүзіндегі *борышы* (партиялық ұранын жарнама ретінде пайдаланатын адамдардан олардың ерекшелігі осы) $1^1/_2$ жыл өткеннен кейін емес, осы «фракцияшылдық» басталған *кезде* айту еді! Ымырашылдар — жойымпаздықтың қорғаушылары бұдан бұрын мұны айта алмады және айтпады да, өйткені олардың *фактілері болмады.* Жойымпаздардың жалаң жел сөздерін тарату үшін олар қазіргі «лайсаң кезді» пайдаланып отыр. Ал фактілер айқын және қалтқысыз мынаны көрсетеді: пленумнан соң іле-шала, 1910 жылы февральда, Потресов мырза жойымпаздықтың туын көтерді. Іле-шала, февральда немесе мартта, Михаил, Роман, Юрий мырзалар партияға опасыздық істеді. Іле-шала голосшылдар «Голос» үшін үгіт жүргізді де (бұл туралы пленумнан кейінгі *екінші күні* Плехановтың «Дневнигінде» жазылғанды қараңыз), «Голосты» қайтадан шығара бастады. Іле-шала впередшілдер *өздерінің* «мектебін» құра бастады. Мұның керісінше, большевиктердің фракциялық *бірінші* қадамы «Рабочая Газетаны» 1910 жылғы *сентябрьде,* Троцкий Орталық Комитет өкілдерінен қол үзгеннен *кейін* шығара бастады.

Жұртқа мәлім фактілерді осылайша бұрмалау ымырашылдарға не үшін керек болды? Жойымпаздарға ым қағу үшін, оларға жағынып қызмет ету үшін керек болды. Бір жағынан, «жойымпаздармен бірлесіп жұмыс істеу мүмкін емес» дейді. Екінші жағынан, большевиктердің фракцияшылдығы оларды *«ақтап отыр»* дейді!! Шетелдік дипломатия дертіне шалдықпаған социал-демократтың қайсысынан болсын біз былай деп сұраймыз: осындай қайшылықтарға малтығып жүрген адамдар қандай саяси сенімге ие болмақ? Олар «Голостың» жұрт алдында өздеріне берген сыйы ретінде шөпілдетіп сүйгеніне лайық болды, бар болғаны сол.

Ымырашылдар біздің айтысымыздың *рақымсыздығын* (осы үшін олар Париждегі жалпы жиналыстарда сөз жүзінде бізді мың-сан рет жазғырған болатын) және жойымпаздарды *әшкерелеуіміздің* рақымсыздығын (Михаилды, Юрийді және Романды әшкерелеуге олар *қарсы* болды) біздің «фракцияшылдығымыз» деп атайды. Ымырашылдар өздерінің жойымпаздарды жақтайын-

дығын «Дискуссионный Листокта» да, баспасөз жүзіндегі, жұртшылыққа арналған үндеулерінің бірінде де бір рет ашық айтуға *батылы бармай,* жойымпаздарды әрдайым қорғап та, бүркемелеп те келді. Ал енді олар жойымпаздардан іргесін аулақ сала бастаған партияның тегершігіне өздерінің дәрменсіздігін, өздерінің қорқақтығын тықпалап отыр. Жойымпаздар былай дейді: жойымпаздық деген жоқ, оны «көпіртіп» жүрген большевиктер (Кавказ жойымпаздарының қарары[139] мен Троцкийдің сөздерін қараңыз). Ымырашылдар былай дейді: жойымпаздармен жұмыс істеу мүмкін емес, *бірақ... бірақ* большевиктердің фракцияшылдығы оларды «ақтап беріп» отыр. Субъективтік пікірлердің кісі күлерлік осы қайшылығының шын мағынасы біреу, тек қана біреу екендігі: жойымпаздықты қорқақтықпен қорғау, қалтарыстан большевиктерді шалып қалып, жойымпаздарга қолдау корсету екендігі айқын емес пе?

Бірақ әңгіме әсте мұнымен бітпейді. Бізді *«партияның ең басты мекемелерінде»* «көпшілік» болды деу — фактілерді мейлінше пасықтықпен және зұлымдықпен бұрмалау. Бұл сорақы өтіріктің бір ғана мақсаты бар: ымырашылдықтың *саяси* күйреуін бүркемелеу. Өйткені пленумнан кейін большевиктер іс жүзінде «партияның ең басты мекемелерінің» *бірде-біреуінде* көпшілік *болған жоқ,* қайта нақ ымырашылдар көпшілік болды. Мына фактілерге дау айтатын адам табыла қояр ма екен. Пленумнан *кейін* «партияның ең басты мекемелері» үшеу-ақ болды: 1) Россиядағы Орталық Комитет бюросы — көпшілігі *ымырашылдар**; 2) Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы — 1910 жылғы январьдан 1910 жылғы ноябрьге дейін мұнда *ымырашыл* большевиктер өкілі болды: бундшыл да, латыш та *ресми түрде* ымырашылдық көзқарас ұстағандықтан, пленумнан кейін 11 ай бойы, демек, *ымырашылдар* копшілік болды; 3) Орталық Орган редакциясы — мұнда екі «фракция-

* Әрине, ымырашылдың да ымырашылы бар. Сондықтан Орыс бюросының бұрынғы мүшелерінің бәрі бірдей Париждегі ымырашылдардың — Троцкийдің кәдімгі жалбақайларының барлық қайырымды ақымақтықтарын өз жауапкершілігіне ала алмайды (және мұны қаламайды да).

шыл-большевик» екі голосшылға қарсы тұрды: поляксыз көпшілік *болған жоқ.*

Ымырашылдарға шылғи өтірік айту не үшін керек болды? Атап айтқанда, басын қанатының астына тығу үшін, ымырашылдықтың *саяси* күйреуін бүркемелеу үшін керек болды. Пленумда ымырашылдық үстем болды, пленумнан кейін партияның ең басты практикалық орталықтарының бәрінде ол *көпшілік* болды; сөйтіп ол бір жарым жыл ішінде *толық күйреді:* ол ешкімді де «ымыраластырған» жоқ, ешбір жерде ештеңе құрған жоқ, ол бір жақтан екінші жаққа дәрменсіздікпен ауытқып отырды, сөйтіп голосшылдардың шөпілдетіп сүйгеніне әбден лайық болды.

Сондықтан әсіресе *Россиядағы* ымырашылдар толық күйреді — париждік ымырашылдардың Россияны демагогтікпен тілге тиек етуі неғұрлым күшейген сайын, мұны соғұрлым баса корсетудің маңызы зор. Шетелге қарағанда Россия ымырашыл,— міне, ымырашылдардың негізгі дәлелі осы. *Бұл сөздерді фактілермен* салыстырыңызшы — сонда мұның өзі ең мағынасыз және ең арзан демагогия екенін түсінесіз. Фактілер мынаны көрсетеді: пленумнан соң *бір жылдан астам уақыт* Орталық Комитеттің Орыс бюросында *кілең* ымырашылдар болды, тек солар ғана пленум туралы ресми баяндамалар жасады, жарияшылдармен ресми кеңес құрды, тек солар ғана агенттер тағайындап, оларды түрлі мекемелерге жіберіп отырды, Орталық Комитеттің Шетелдік бюросынан тоқтаусыз жіберіліп отырған барлық ақшаны солар ғана биледі, шатастыру жөнінде (яғни ымырашылдық жөнінде) үміттендірген «россиялық» әдебиетшілермен солар ғана келіс сөздер жүргізіп отырды, т. т.

Ал нәтижесі не?

Нәтижесі — ноль. Бірде-бір листок, бірде-бір қимыл, бірде-бір орган, бірде-бір «ымыраласу» болған жоқ. Ал «фракцияшыл»-большевиктердің (тек охранкаға көмектесетін Мартов мырзаның ашық айтып жүргенін айтпау үшін) екі номерінен кейін аяғынан тік басқан шетелдік «Рабочая Газетасы» бар. Ымырашылдық = ноль, құр сөз, бос тілектер (және осы «ымыраластыру» тілектері-

нің негізінде большевизмді аяғынан шалу); «ресми» большевизм өзінің нақ Россияда толық басым екендігін іспен дәлелдеп отыр.

Ал бұл — кездейсоқтық па? тұтқынға алудың нәтижесі ме? бірақ партияда *жұмыс істемеген* жойымпаздардың қамаудан «аман қалуы» мүмкін болды, ал большевиктер мен ымырашылдарды қамау бірдей қаусатып отырды.

Жоқ, бұл кездейсоқтық емес, *жеке адамның* жолы болуының немесе табысты болуының нәтижесі де емес. Бұл — өзінің түп негізінен жалған саяси *бағыттың* күйреуінің нәтижесі. Ымырашылдық *негізі* жалған, пролетариат партиясының бірлігін *барлық* фракциялардың, оның ішінде социал-демократияға қарсы, пролетарлық емес фракциялардың да одағы негізінде орнатпақ болған талабының өзі жалған, оның құрдымға әкеп соғатын «біріктіру» жобақұмарлығының принципсіздігі жалған, «фракцияларға» қарсы *(іс жүзінде* жаңа фракция құрылып жатқанда) сылдыр сөздері де жалған; бұлар — антипартиялық фракцияларды таратуға дәрмені жоқ сөздер, жойымпаздық пен шақырымпаздыққа қарсы күрестің $^{9}/_{10}$ бөлігін жүргізген большевиктер фракциясын әлсірететін сөздер.

Принципсіз «біріктіру» жобақұмарлығының мысалдарын Троцкийден молынан көріп отырмыз. Тым болмаса (ең жаңа мысалдардың біреуін алып отырмын) Париж ымырашылдары мен голосшылдар тепе-тең басқарып отырған Париждегі «Рабочая Жизньді»[140] оның қалай мақтағанын еске түсіріңізші. Неткен қуаныш! деп жазды Троцкий, «большевик те емес, меньшевик те емес, революцияшыл социал-демократ». Бос сөздің бейшара сабазы мынадай ұсақ-түйекті байқамаған: қазіргі уақытта, осы елдегі антиреволюциялық жалған социал-демократизмнің *зиянын,* яғни Россиядағы 1908—1911 жылдардағы жойымпаздық пен шақырымпаздықтың зиянын түсінген, социал-демократиялық *емес* осындай ағымдармен күресе *білетін* социал-демократ қана революцияшыл. Россиядағы революцияшыл *емес* социал-демократтармен ешқандай күрес жүргізбеген «Рабочая Жизньді» шөпілдетіп сүйе келіп, Троцкий тек қана өзі

жан-тәнімен қызмет етіп жүрген жойымпаздардың жоспарын *әшкереледі:* Орталық Органдағы *тепе-теңдік* жойымпаздарға қарсы күрестің тоқтатылғанын білдіреді; жойымпаздар партияға қарсы күресу үшін іс жүзінде толық бостандық алып отыр, ал голосшылдар мен партияшылдардың Орталық Органдағы (және Орталық Комитеттегі) «тепе-теңдігі» партияның қол-аяғын *матай берсін.* Сонда жойымпаздардың жеңіске жетуі толық қамтамасыз етілген болар еді, сондықтан мұндай жоспарды тек жойымпаздардың малайлары ғана жүзеге асырған немесе қорғаған болар еді.

Принципсіз «біріктіру» жобақұмарлығының, жойымпаздарға қарсы ұзақ, қажырлы, жанталасқан күрес жүргізбей-ақ, татулық пен тыныштық орнатқысы келетін жобақұмарлықтың үлгілерін біз пленумда Ионовтан, Иннокентиевтен және басқа ымырашылдардан көрдік. Біз дәл осындай мысалды жойымпаздықты большевизмнің «фракцияшылдығынан» болды деп ақтайтын біздің ымырашылдардың листогынан да көрдік. Тағы бір мысал: олардың *«құпия социал-демократиялық партия негізін ұстаған басқа ағымдардан («Вперед», «Правда»)»* большевиктерді «оқшаулау» туралы сөйлеген сөздері.

Бұл тамаша тираданың курсиві біздікі. Ымырашылдықтың бүкіл принципсіздігі — оның саяси әлсіздігінің негізі — кіші-гірім су тамшысына түскен күн сәулесіндей осы тирададан көрініп отыр.

Біріншіден, «Правда» мен «Впередті» *социал-демократиялық ағымдар* деуге бола ма? Жоқ, олай деуге болмайды, өйткені «Вперед» — *социал-демократиялық емес* ағым (шақырымпаздық пен махизм), ал «Правда» — революция мен контрреволюцияның маңызды принципті мәселесінің *бірде-біріне* дербес және толық жауап *бере алмаған* топсымақ. Ал *ағым* деп революцияның *да* (өйткені біз одан онша ұзап кеткеніміз жоқ және оған барлық жағынан да тәуелдіміз), контрреволюцияның *да барлық* аса маңызды мәселелерінде анықталған және оның үстіне жұмысшы табының қалың топтары арасына таралуы арқылы ағым ретінде өмір сүруге өзінің праволылығын дәлелдеген саяси идеялардың жи-

ынтығын ғана айтуға болады. Меньшевизм де, большевизм де социал-демократиялық ағымдар, мұны революцияның тәжірибесі, жұмысшы қозғалысының 8 жылдық тарихы дәлелдеді. Ешбір *ағым* деуге келмейтін топсымақтар бұл уақыттың ішінде өте көп болды, бұдан бұрын да олар осындай көп болған еді. Ағымды топсымақтармен шатастыру партия саясатында өзінді-өзің *әзәзілдікке* үйір еткендік болады. Өйткені принципсіз топсымақтардың пайда болуы, олардың өткінші өмірі, олардың «өз сөзін» айтуға тыраштануы, олардың, ерекше державалар сияқты, бірімен-бірінің «қарым-қатынас» жасауы, осының бәрі шетелдік *әзәзілдіктің* негізі болып табылады; жұмысшы қозғалысының ұзақ тарихи тәжірибесі арқылы тексерілетін, қатаң, ұстамды принципшілдіктен басқа бұдап құтылар амал жоқ және болуы мүмкін де емес.

Екіншіден,— мұнда да ымырашылдар принципсіздігінің іс жүзінде әзәзілдікке айналғанын бірден байқаймыз — париждіктер листогының: «шақырымпаздық қазірдің өзінде біздің партия ішінен өздерін ашық жақтаушылар мен қорғаушыларды таба алмай отыр» деуі барып тұрған, шылғи өтірік. Мұның өтірік екендігі барша жұртқа және әркімге аян. Бұл өтірікті «Впередтің» 3-номері *(май, 1911)* документ жүзінде бекерге шығарады, онда: шақырымпаздық — «біздің партия ішіндегі *әбден заңды ағым»* деп *ашық* айтылған (78-бет). Әлде біздің данасынған ымырашылдар: бұлай деу шақырымпаздықты *қорғағандық болмайды* дер?

Міне, жұрт белгілі бір топсымақпен өзінің жақындасуын принцип жүзінде ақтай алмаған кезде, ептеген өтірік, ұсақ қулық-сұмдық, бас изеу мен ымдау саясатын ғана қолданады, яғни қорыта айтқанда нақ әзәзілдік деген ұғым беретін саясатты ғана қолданады. «Вперед» ымырашылдарды мақтайды — ымырашылдар «Впередті» мақтайды, сөйтіп шақырымпаздық жөнінде партияны алдап тыныштандырмақ болады. Ал осының нәтижесінде орындар мен ұсақ орындар туралы шақырымпаздықты *қорғаушылармен,* пленумның *б а р л ы қ* шешімдерін *бұзушылармен* саудаласу және қайта саудаласу болып отыр. Жойымпаздарға жасырын көмек

көрсетеді, шақырымпаздарға жасырын көмек көрсетеді — ымырашылдықтың тағдыры, міне, осы, дәрменсіз әрі жексұрын әзәзілдік, міне, осында.

Үшіншіден. «Россияда жойымпаздармен бірлесіп жұмыс істеу мүмкін емес». Бұл ақиқатты ымырашылдар да мойындауға тиіс еді. Мынадай сұрақ туады: бұл ақиқатты *«Вперед»* пен *«Правда»* сияқты топсымақтар мойындай ма? Мұны мойындамауы былай тұрсын, қайта тұп-тура *керісінше* мәлімдейді, жойымпаздармен «бірлесіп жұмыс істеуді» тікелей талап етеді, *соны* тікелей *жүргізіп те отыр* (тым болмаса впередшілдердің 2-мектебінің есебін қараңыз). Мынадай сұрақ туады: *негізгі* мәселелерге *тұп-тура керісінше* жауап беретін топтармен жақындасу саясатын жариялауда принциптілік *пен адалдықтың* тым болмаса жұрнағы бар ма?— өйткені жойымпаздық туралы мәселе пленумның тура және бірауыздан қабылданған қарарында негізгі мәселелердің бірі деп танылды. Жоқ екені анық, біз бұл арада идеялық тұңғиық бар екенін көріп отырмыз, ал оның үстінен сөзден көпір салу, дипломатиялық көпір салу әрекеттері Иван Иваныч пен Иван Никифоровичтің ең ізгі ниеттеріне қарамастан, оларды, сөз жоқ, әзәзілдікке душар етеді.

Иланарлық мәліметтер және аса маңызды мәселелерді шолу негізінде *«Вперед»* пен *«Правда» социал-демократиялық ағымдар* екенін бізге көрсетіп, дәлелдеп шыққанға дейін (ал пленумнан кейінгі $1^1/_2$ жылдың ішінде мұны дәлелдеуге ешкім тырысқан да жоқ және мұны дәлелдеуге болмайды да) біз принципсіз айлалардың, әзәзілдік айлалардың бүкіл зияндылығын жұмысшыларға түсіндіруден жалықпаймыз; ал ымырашылдардың «Впередпен» және «Правдамен» жақындасуды уағыздауы осындай айлакерлік. Жойымпаздарға көмек беретін, социал-демократиялық *емес*, принципсіз осы топсымақтардан *оқшаулану* — революцияшыл социал-демократтардың *бірінші міндеті*. Бұл топсымақтардан аттап өтіп, бұл топтарға қарсы шығып, «Впередпен» және «Правдамен» байланысы бар орыс жұмысшыларына жүгіну керек — большевизмнің ешбір кедергілерге қа-

рамастан жүргізіп келген, жүргізіп отырған және жүргізетін саясаты, міне, осындай.

Мен ымырашылдық партия орталықтарында $1^1/_2$ жыл *үстемдік* жүргізгеннің өзінде-ақ саяси жағынан толық күйреді дедім. Бұған берілетін дағдылы жауап: иә, солай, бірақ мұның себебі — сіздер, фракцияшылдар, бізге бөгет жасадыңыздар (ымырашылдар — большевиктер *емес* — Герман мен Аркадийдің «Правданың» 20-номеріндегі хатын қараңыз).

Бағыт пен топсымақтың *саяси* жағынан күйреуінің өзі де мынада: оған *бәрі* «бөгет жасайды», оған *бәрі* қарсы шығады,— өйткені ол осының «бәрін» теріс ұғынды, өйткені ол бос сөздерді, күрсіністі, өкіністі, күңкілді өзіне негіз етті.

Ал бізге, мырзалар, *барлығы және бәрі* көмектесті, біздің табысқа жетуіміздің кепілі де осында. Бізге Потресов, Ларин, Левицкий мырзалар да көмектесті, өйткені олар жойымпаздық туралы *біздің* пайымдауларымызды теріске шығарып ештеңе дей *алмады.* Бізге Мартов пен Дан мырзалар да көмектесті, өйткені олар голосшылдар мен жойымпаздар бір тектес деген біздің пікірімізге қосылуға жұрттың бәрін *мәжбүр етті.* Плеханов жойымпаздарды қаншалықты әшкерелесе, пленумның қарарларында «жойымпаздар үшін» қалдырылған *(ымырашылдар* қалдырған) «саңылаулары» бар екенін көрсетіп, бұл қарарлардың *(ымырашылдар бізге қарсы өткізген)* «іркілдек» және «интегралистік» жерлерін қаншалықты мысқылдаса, бізге *соншалықты* көмектесті. Ленинге тіл тигізуге Михаилды, Юрийді және Романды «шақырған» («Голосты» қараңыз), сөйтіп жойымпаздардың бас тартуы «фракцияшылдардың» қаскүнемдігіне байланысты *емес* екендігін дәлелдеген орыс ымырашылдары да бізге көмектесті. Сүйікті ымырашылдар-ау, мұның мәнісі қалай, сіздердің қайырымдылықтарыңызға қарамастан, жұрттың бәрі сіздерге неліктен бөгет жасады, ал біздің фракциялық кінәмызға қарамастан, жұрттың бәрі бізге неліктен көмектесті?

Мұның себебі — сіздің топсымағыңыздың саясаты тек бос сөзге — көбіне өте ақпейіл және игілікті сөзге — бірақ сылдыр сөзге негізделді. Ал бірлікті шын

жақындату ісі *тек күшті* фракциялардың, идеялық тұтастығы және революциялық тәжірибеде сыналған *бұқараға* ықпалы жағынан күшті фракциялардың жақындасуы арқылы ғана жасалады.

Сіздердің фракцияшылдыққа қарсы даурықпа сөздеріңіз қазірде де құрғақ сөз болып қалып отыр, өйткені *сіздердің өздеріңіз фракциясыздар,* оның үстіне өте нашар, ең үмітсіз, принципсіз фракциялардың бірісіздер. Сіздердің: «фракцияларға бір сантим де берілмесін» деген даурықпалы, жарнамалы мәлімдемелеріңіз («Информационный Бюллетеньдегі») — құрғақ сөз. Егер сіздер мұны шынымен айтқан болсаңыздар, сіздер жаңа топсымақтың листогын — платформасын басып шығаруға *«сантимдерді»* жұмсаған болар ма едіңіздер? Егер сіздер мұны шынымен айтқан болсаңыздар, сіздер «Рабочая Газета» мен «Дневник Социал-Демократа» сияқты *фракциялық* органдарды көргенде үндемей қалар ма едіңіздер?— олардың жабылуын жұртқа естірте талап етпеген болар ма едіңіздер?* Егер сіздер мұны талап етіп, шынымен осындай шарт қойған болсаңыздар, жұртқа тек күлкі болар едіңіздер. Ал егер сіздер мұны жақсы сезгендіктен, жабырқап күрсінумен ғана тынып отырған болсаңыздар, мұның өзі сіздердің ымырашылдықтарыңыздың табан тірер жері жоқ екенін қайта-қайта дәлелдемей ме?

Фракцияларды қарусыздандыру екі жақ бірдей тілеген күнде ғана жүзеге асады — әйтпесе мұның өзі пролетариат ісіне мейлінше зиянды реакциялық ұран, демагогтік ұран болады, өйткені мұндай ұран жойымпаздардың партияға қарсы ымырасыз күресін тек *жеңілдете түседі.* Кімде-кім қазір бұл ұранды пленум сәтсіз қолданғаннан *кейін,* голосшылдар мен впередшілдердің фракциялары біріктіруді (фракциялардың бірігуін) болдырмай тастағаннан *кейін* ұсынатын болса, кімде-кім екі жақты тілек шартын қайталауға, оны айқын қоюға, оның *нақты* орындалуын бақылайтын шара-

* Әділін айта кету керек, қазір өз листогын шығарған Париж ымырашылдары «Рабочая Газетаны» құруға қарсы болып, соның редакциясының шақыруы бойынша болған *бірінші жиналыстан кетіп қалды.* Олардың «Рабочая Газетаға» ашықтан-ашық қарсы шығып, бізге көмектеспегеніне (ымырашылдықтың болымсыздығын әшкерелеуге көмектесті) өкінеміз.

лар белгілеуге батылы бармай, оған ешбір әрекет жасамастан осылай ететін болса, ол адам тәтті сөздер лебізімен тек өзінің басын айналдырады.

Большевиктер, топтасыңдар, жойымпаздық пен шақырымпаздыққа қарсы дәйекті, батыл күрестің бірденбір тірегі сендерсіңдер.

Іс жүзінде сыналған, тәжірибе арқылы расталған саясатты, жойымпаздыққа *қарсы* меньшевизммен жақындасу саясатын жүргізіңдер, біздің ұранымыз, міне, осы. Ыдырау мен жіктелу дәуірінде жүзеге аспас «жалпыға бірдей бейбітшілік» жөнінде телегей-теңіз молшылыққа кенелтем деп уәде бермейтін саясат, бірақ *пролетарлық* қозғалыстағы қуатты, құнарлы, өміршең нәрсенің *бәрін* бойында сақтаған *ағымдарды* жұмыс үстінде жақындастыруды іс жүзінде алға бастыратын саясат, міне, осы.

Контрреволюция дәуіріндегі ымырашылдардың ролін былайша сипаттауға болады. Большевиктер біздің партиялық арбаны зор күш жұмсап қия беткеймен өрге сүйрейді. Голосшыл-жойымпаздар арбаны бар күшін салып, ылдиға қарай кейін тартады. *Арбаның үстінде* ымырашыл отыр. Оның жүзі—жайдары, тым жайдары; оның бет бейнесі құдды Иисус Христостың бет-бейнесіндей шырайлы, тым шырайлы. Тұрған бойы — құйып қойған қайырымдылық. Мүләйім түрмен көзін жұмып, екі қолын көкке жайып, ымырашыл былайша лепіреді: «ризамын саған, тәңірім, мен өзім алға басқан әрбір қозғалысқа кедергі жасайтын *мына* — большевиктер мен меньшевиктерді мегзеп — қаскүнем фракцияшылдарга ұқсас емеспін» дейді. Арба болса біртіндеп алға жылжи береді, ал оның үстінде ымырашыл отыр. Фракцияшыл-большевиктер жойымпаздық Орталық Комитеттің Шетелдік бюросын *тас-талқан етіп,* жаңа үй салу үшін, *партиялық* фракциялардың блогы үшін (немесе ең болмағанда уақытша одағы үшін) топырақты тазалаған кезде, бұл үйге (фракцияшыл-большевиктерді балағаттап) ымырашылдар келіп кірді де, жаңа қонысты... фракцияшыл емеспіз деген тәтті сөздердің қасиетті суымен ұшықтады!

Егер ескі «Искра» «экономизм» мен «струвизмге» қарсы дәйекті, бітіспес принципті науқанның орнына *барлық* топтар мен топсымақтардың — ал ол кезде шетелде ондайлар қазіргіден аз емес еді ғой — әйтеуір бір блогын, одағын немесе «бірігуін» жақтаған болса, оның тарихи-ескерткіш ісі не күйге ұшырар еді?

Ал оның бержағында біздің дәуіріміз бен ескі «Искра» дәуірінің арасындағы айырмашылықтар принципсіз және құрғақ сөзді ымырашылдықтың зиянын әлденеше есе күшейте түседі.

Бірінші айырмашылық — капитализм мен буржуазияның дамуы жағынан, Россиядағы тап күресінің айқындығы жағынан біз анағұрлым жоғары көтерілдік. Потресов, Левицкий, Ларин және $К^0$ сияқты мырзалардың *либералдық* жұмысшы саясаты үшін қазірдің өзінде белгілі объективтік негіз *бар* (және Россияда *тұңғыш рет* болып отыр). Кадеттердің столыпиндік либерализмі және столыпиндік жұмысшы партиясы қазірдің өзінде қалыптасып келеді. Сондықтан ымырашылдық құрғақ сөздер және жойымпаздарды қолдаушы шетелдегі топсымақтармен әзәзілдік жасау іс жүзінде соғұрлым зиянды нәрсе.

Екінші айырмашылық — пролетариаттың дамуы, оның саналылығы мен таптық топтасқандығы өлшеусіз жоғары дәрежеге жетті. Сондықтан социал-демократия ішінде ешқандай *ағым* құрмаған және құра алмайтын шетелдегі тұрлаусыз топсымақтарды («Вперед», «Правда» *және т. т.)* ымырашылдардың *жасанды түрде* қолдауы соғұрлым зиянды нәрсе.

Үшінші айырмашылық: «Искра» дәуірінде Россияда «экономистердің» құпия ұйымдары бар еді, бұларға қарсы революцияшыл социал-демократтарды біріктіру үшін бұл ұйымдарды қиратып, талқандау керек болды. Қазір қосарлас құпия ұйымдар *жоқ*, әңгіме оқшауланған *жария* топтармен күресу жайында ғана болып отыр. Ал осы оқшаулану процесін (мұны тіпті ымырашылдар да мойындауға мәжбүр болып отыр) олар осылай ажырасу бағытында жұмыс істегісі *келмейтін* және жұмыс істей алмайтын шетелдік фракциялармен өздерінің саяси *ойыны* арқылы *бөгеп келеді.*

Большевизм шақырымпаздық аурудан, революциялық құрғақ сөзден, «солшылдық» ойыннан, социал-демократизмнен солға қарай ауытқушылықтан «айықты». Шақырымпаздар Думадағы социал-демократтарды «кері шақырып алуға» *енді* болмайтын кезде фракция ретінде бой көрсетті.

Большевизм «ымырашылдық» аурудан да, жойымпаздар жағына ауытқудан да (өйткені *іс жүзінде* ымырашылдар әрқашан да жойымпаздардың қолында ойыншық болып келді) айығады. Ымырашылдар да тым кеш қалды, өйткені олар пленумнан кейінгі $1^1/_2$ жылда *үстемдік еткен* ымырашылдықтың дәурені өтіп, ымыраластырарлық ешкім қалмаған кезде ғана фракция ретінде бой көрсетіп отыр.

P. S. Бұл фельетон бұдан бір айдан астам бұрын жазылды. Мұнда ымырашылдардың «теориясы» сыналады. Ал ымырашылдар мен поляктар «Бюллетенінің» 2-номерінде орын тепкен нәтижесіз, сорақы, түкке тұрғысыз, масқара кикілжіңнен көрініс тапқан ымырашылдар «практикасын» алатын болсақ,— бұған бір сөзді де шығын қылып жатудың қажеті жоқ.

«Социал-Демократ» № 24,
18 (31) октябрь, 1911 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Социал-Демократ» газетінің текcті бойынша басылып отыр

САЙЛАУ НАУҚАНЫ МЕН САЙЛАУ ПЛАТФОРМАСЫ ТУРАЛЫ

Келесі жылы IV Мемлекеттік думаның сайлауы болғалы отыр. Социал-демократия сайлау науқанын *дереу* бастауға тиіс. Алдағы сайлауға байланысты *барлық* партиялардың арасындағы «жандану» қазірдің өзінде байқалып отыр. Контрреволюция дәуірінің бірінші кезеңі анық бітті: өткен жылғы демонстрациялар, студенттер қозғалысы, деревнядағы аштық және — бірақ маңыздылығы жағынан емес, саны жағынан соңғы! — стачкалық толқу,— осылардың бәрі бетбұрыстың басталғанын, контрреволюция дәуірінің жаңа кезеңінің басталғанын анық көрсетеді. Насихат, үгіт және ұйымдастыру жұмысын күшейте түсу күн тәртібінде тұр, ал мұндай жұмыста алдағы сайлау табиғи, сөзсіз, күнделікті «ілік» болып табылады. (Жақшаның ішінде мынаны ескерте кетейік: социал-демократтар арасындағы «впередшілдер» топсымағы сияқты адамдар — осы қарапайым, өмірдің, тәжірибенің, партияның толық растаған ақиқаттары жөнінде ауытқып жүрген адамдар, «шақырымпаздық» «заңды сарын» деп ойлайтын адамдар («Вперед» № 3, *май, 1911 ж., 78-бет)*,— бұл адамдар социал-демократиядағы азды-көпті елеулі бағыттардың немесе ағымдардың қатарынан өздерін әншейін өшіріп тастайды.)

Әуелі сайлау науқанының ұйымдастырылуы, қойылуы, жүргізілуі туралы бірнеше ескертпелер айтайық. Бұл науқанды *дереу* бастау үшін РСДРП-ның құпия партиялық *ұялары* елдің барлық түкпірлерінде, жария

және жартылай жария ұйым атаулының бәрінде, ірі фабрикалар мен заводтардың бәрінде, халықтың барлық жіктері мен топтарының арасында дереу *инициативалы* қызметке кірісуі қажет. Сүреңсіз шындықтың бетіне тура қарау керек. Толық қалыптасқан партиялық ұйымдар көптеген жерлерде мүлде жоқ. Социал-демократияға шын берілген жұмысшы авангарды бар. Жеке адамдар бар, кіші-гірім топтар бар. Сондықтан ылаждап «ілік ете» алатын, белгілі бір байланыстар таба алатын, ең болмағанда тым қарапайым, бірақ үнемі болып отыратын жұмысты бастай алатын екі-үш болса да ұяны (— сыртқы жағдайлар кіші-гірім, өте икемді топтарды, үйірмелер мен ұйымдарды керек етіп отыр деген пікірді жақсы білдіретін сөз) бастап құру *барлық* социал-демократтардың бірінші міндеті болуға тиіс.

Партиямыздың қазіргі іс жағдайында ықпалды орыс орталығының құрылуын «күтетін» тактикадан қауіпті еш нәрсе жоқ. Мұндай орталықты құру жөнінде жұмыс *жүргізіліп* жатқаны, мұндай міндет ең алдымен өзіне жүктелген адамдардың бұл үшін *мүмкін нәрселердің бәрін* істегені барлық социал-демократтарға белгілі, бірақ полициялық қиыншылықтардың адам айтқысыз екені де барлық социал-демократарга белгілі болуға тиіс — бірінші, екінші және үшінші сәтсіздікке ұшырағанда еңсе түспеуі керек! — мұндай орталық құрылған күнде оған барлық жерлермен байланыс жасаудың берік жүйелерін ұзақ уақыт ұйымдастыруына тура келетіні, оған *жалпы* саяси басшылық етумен ғана едәуір уақыт шектелуіне тура келетіні жұрттың бәріне белгілі болуға тиіс. РСДРП-ның қатаң партиялық, құпия, жергілікті инициативалы *ұяларын,* сайлау жөніндегі әзірлік жұмысын дереу бастайтын, насихат пен үгітті (құпия баспаханалар, листоктар, жария органдар, «жария» партияшыл социал-демократтардың топсымақтары, транспорт қатынастары, *т. т. және т. с.)* дамыту үшін мүмкін болатын барлық іс-әрекетті дереу жасайтын ұяларды құру ісін кейінге қалдыру,— бұл істі кейінге қалдыру жұмысты құртқандық болар еді.

Халықтың саяси жағынан көзін ашу ісі ретінде сайлауды бәрінен артық бағалайтын социал-демократия үшін сайлауға байланысты бүкіл насихат пен үгіттің идеялық-саяси мазмұны туралы мәселе, әрине, негізгі мәселе болып табылады. Сайлау платформасы туралы мәселе дегеніміздің өзі де осы мәселе. Партия деген атқа азды-көпті лайық партияның бәрі үшін сайлау кезеңінен әлдеқайда бұрын болатын платформа — «сайлау үшін» әдейі ойлап шығарылмаған, партияның барлық *істерінен,* оның жұмысының барлық қойылысынан, оның қазіргі тарихи кезеңдегі барлық бағытынан сөзсіз туатын, бұрыннан берілген нәрсе. РСДРП үшін де платформа қазірдің өзінде берілді, платформа қазірдің өзінде бар, ол платформа партияның принциптері арқылы және халықтың сайлау әрқашан белгілі мөлшерде «қорытынды» жасайтын бүкіл саяси өмірінің дәуірінде партия *қазірдің өзінде* белгілеген, *қазірдің өзінде* қолданған және қолданып отырған тактикасы арқылы табиғи түрде және сөзсіз белгіленді. РСДРП платформасы — революциялық марксизм және оған шын берілген алдыңғы қатарлы жұмысшылардың топтары 1908—1911 жылдар дәуірінде, контрреволюция өршіген дәуірде, «үшінші июньдік» «столыпиндік» режим дәуірінде істеген жұмыстың *қорытындысы.*

Бұл қорытындыға басты-басты үш қосынды кіреді: 1) партияның программасы; 2) оның тактикасы; 3) қазіргі кезеңде үстем болып отырған немесе неғұрлым көп тараған, немесе демократия мен социализм үшін неғұрлым зиянды идеялық-саяси ағымдарға партияның берген бағасы. Оқиғалардың барлық және әрбір бетбұрысында өзінің алған бағытын әрқашан ұстай алатын азды-көпті саяси организм ретінде партияның программасыз болуы мүмкін емес. Бастан кешіріп отырған саяси кезеңді бағалауға негізделген және қазіргі заманның «қарғыс атқан мәселелеріне» дәл жауап беретін тактикалық бағытсыз теоретиктердің үйірмесі болуы мүмкін, бірақ пәрменді саяси тұлға болуы мүмкін емес. «Белсенді», көкейтесті немесе «сәнге айналған» идеялық-саяси ағымдарға баға бермейінше, программа мен тактика өлексе «пункттерге» айналуы ықтимал, ол

«пункттерді» мәселенің мәнін түсініп, «ненің не нәрсеге қатысы бар» екенін түсініп, өмірге енгізу, практиканың мыңдаған ұсақ-түйек, нақты және өте нақты мәселелеріне қолдану мүмкін емес.

1908—1911 жылдардағы дәуірге тән болған және социал-демократияның міндеттерін түсіну үшін ерекше маңызы бар идеялық-саяси ағымдарға келсек, онда бұл арада *контрреволюциялық либерал* буржуазияның идеологиясы (дипломаттары не айтса да, конституциялық-демократиялық партияның саясатына толық сәйкес келетін идеология) ретіндегі «вехишілдік» және жұмысшы қозғалысымен жанасатын ортада сол бір еңсесі түскен, буржуазиялық ықпалдардың көрінісі ретіндегі *жойымпаздық* бірінші орынға шығады. Демократиядан кері шегіну, бұқара қозғалысынан аулақ болу, революциядан аулақ болу — саяси ой-пікірдің «қоғамда» басым болып отырған бағыттарының негізгі сарыны осындай. Құпия партиядан, азаттық күресіндегі пролетариаттың гегемониясы міндеттерінен, революцияны қорғау міндеттерінен аулақ болу — марксистер арасындағы, «Наша Заря» мен «Дело Жизни» сияқты органдардан өзіне ұя жасаған «вехишілдіктің» негізгі сарыны осындай. Өрісі тар практицистер немесе біздің ауыр дәуіріміздегі революциялық марксизм жолындағы ауыр күрестен қалжырап, теріс айналған адамдар не десе, о десін,— столыпиндік дәуірдің жоғарыда көрсетілген «ой-пікірі бағыттарының» бүкіл тереңдігі мен бүкіл маңызын түсінбейінше, насихатшы мен үгітшінің дәл және толық жауап беруіне болатын «практиканың» *бірде-бір* мәселесі жоқ, социал-демократия жұмысының қай саласындағы болса да құпия және жария жұмысының *бірде-бір* мәселесі жоқ.

Социал-демократияның сайлау платформасын сайлаудың қысқаша жалпы ұранын, паролін — таяудағы саяси практиканың ең негізгі мәселелерін ұсынатын, жан-жақты социалистік уағызды өрістету үшін ең қолайлы, ең жақын дәлел мен материал беретін ұраны мен паролін жариялаумен аяқтау өте көп уақыттарда пайдалы, ал кейде қажет те болады. Біздің дәуіріміз үшін мына үш пункт қана: 1) республика, 2) бүкіл по-

мещиктік жерді конфискелеу, 3) 8 сағаттық жұмыс күні — әлгіндей пароль, әлгіндей жалпы ұран бола алар еді.

Бірінші пункт — саяси бостандық талаптарының квинтэссенциясы. Осы тектес мәселелер жөнінде өзіміздің партиялық позициямызды көрсету үшін бұл соңғы терминмен немесе «демократияландырулар», т. т. сияқты қайсыбір басқа терминмен шектелу насихат пен үгітте революция тәжірибесін есепке алуға тиіс екендігіміз себепті дұрыс болмас еді. Екі Думаны таратып жіберу, ойрандар ұйымдастыру, қаражүздік бандаларды қолдау және қаражүздік сабаздарға кешірім жасау, Персиядағы «ляховтық» ерліктер[141], 3 июньдегі мемлекеттік төңкеріс, осы негіздегі бұдан былайғы бірқатар «ұсақ coups d'état»* (87 және басқа статьялар) —біздің Романов — Пуришкевич — Столыпин және $К^0$ монархиясы әрекеттерінің мүлде толық емес тізбегі осындай. Монархияның, мысалы, жалпыға бірдей сайлау правосы сияқты елеулі демократиялық реформалармен келісім таба алған тарихи жағдайлар болуы мүмкін және болды да. Монархия жалпы алғанда бірыңғай және өзгермейтін мекеме емес, қайта үстемдіктің әр түрлі таптық қатынастарына бейімделуге өте икемді және бейімделе алатын мекеме. Бірақ осы даусыз абстракт пікірлерден XX ғасырдағы нақты орыс монархиясы жөнінде қорытындылар жасау — тарихи сынның талаптарын мазақ ету және демократия ісіне опасыздық жасау деген сөз.

Біздің жағдайымыз және біздің мемлекеттік өкіметтің тарихы — әсіресе соңғы он жылдағы тарихы — бізге мынаны анық көрсетіп отыр: атап айтқанда патша монархиясы — қаражүздік помещиктердің (ал олардың біріншісі — Романов) Россияны Европа үшін ғана емес, қазір Азия үшін де құбыжық еткен бандасының,— бұл күнде чиновниктердің озбырлығын, тонаушылығы мен қазына ұрлаушылығын, «қарапайым халыққа» үнемі зорлық-зомбылық жасауды, саяси дұшпандарын азаптап, қинауды, т. т. мүлде ерекше мөлшерлерге дейін

* — мемлекеттік төңкерістер. *Ред.*

жеткізген банданың шоғырлануы. *Біздің* монархияның *нақты* кескіні, нақты экономикалық негізі мен саяси пішіні осындай болып отырғанда, мысалы, жалпыға бірдей сайлау правосын талап етуді саяси бостандық жолындағы күрестің негізі етіп қою оппортунизмнен гөрі жалпы алғанда мағынасыздық болар еді. Егер әңгіме сайлау науқанының жалпы ұраны ретінде талаптардың негізгі пунктін таңдау туралы болып отырса, онда әр түрлі демократиялық талаптарды шындыққа азды-көпті жақын перспектива етіп және сыйымды етіп қою керек қой; шынында, сауатты адамдардың күлкісін келтірмейінше, сауатсыздардың ойында шатасушылық туғызбайынша, әйелдер жөнінде дұрыс көзқарас болуын және «жаман» сөздерді қолданудың ыңғайсыздығын Пуришкевичтің мойындауын, Илиодордан төзімділікті, Гурко мен Рейнботтан пәктік пен адалдықты, Толмачев пен Думбадзеден заңдылық пен праволық режимді, Николай Романовтан демократиялық реформаларды талап етуге болмайды ғой!

Мәселені, былайша айтқанда, жалпы тарихи тұрғыдан қойып көріңізші. Россияда буржуазиялық революцияның аяқталмағандығына (Ларин мен ат төбеліндей жойымпаздардан басқалардың бәрі үшін) дау жоқ. Россия *революциялық* дағдарысқа беттеп келеді. Біз революцияның қажеттігін дәлелдеуге, оның заңдылығы мен «пайдалылығын» уағыздауға тиіспіз. Олай болса, саяси бостандық жолындағы үгітті былайша жүргізу керек: мәселені мейлінше кеңінен қою керек, жарты жолда тоқтап қалатын (1905 жылғы сияқты) қозғалыстың емес, жеңімпаз қозғалыстың мақсатын көрсету керек, орыс өмірінен азап шеккен, орыс болу масқаралығынан азып-жүдеген бұқараның, нағыз еркін, нағыз жаңарған Россия жасауға ұмтылған бұқараның энтузиазмын туғыза алатын ұран беру керек.— Мәселені насихаттық-практикалық тұрғыдан қойып көріңізші. Мемлекетті бірінші Думаға қарағанда неғұрлым еркін сайланатын және бүкіл халық сайлайтын «Дума» басқаруға тиіс екенін тіпті ең қараңғы мужиктің өзіне түсіндірмеске болмайды. Ал «Думаны» қайткенде таратып жіберуге

болмайтын ету керек? Патша монархиясын талқандамайынша мұны істеуге болмайды.

Бүкіл сайлау науқанының паролі ретінде республика ұранын ұсыну — сайлау науқанын жария түрде жүргізу мүмкіндігін жою деген сөз, жария жұмыстың маңыздылығы мен қажеттілігін мойындауға атүсті қарау деген сөз деп қарсы шығушылардың болуы мүмкін. Мұндай қарсылық жойымпаздарға лайық софизм болар еді. Республика туралы (*толық* жариялылық негізінде қала отырып, республикалық насихатты жүргізуге болатын және жүргізілуге тиіс Дума трибунасынан басқа жерде) жария түрде айтуға болмайды,— бірақ демократизмнің монархиямен ымыраға келу идеяларына титтей де ырық бермейтіндей *етіп,*— либерал және халықшыл монархистерді бекерге шығарып, сықақтайтындай *етіп,*—атап айтқанда, монархияның Россиядағы правосыздықпен және озбырлықпен монархия ретіндегі байланысын оқушы мен тыңдаушы түсініп алатындай *етіп,* демократизмді қорғап жазуға және сөйлеуге болады. О, орыс адамы құлдықтың сан ғасырлық мектебінен өтті: ол жазылған жолдардың арасындағы астарлы сөзді оқи біледі, шешеннің айтпағанын жеткізіп айта алады. «Істей алмаймын деме, істегім келмейді де»— республика талабын насихатымыз бен үгітіміздің өзегі етіп қоюдың «мүмкін еместігін» тілге тиек ете бастайтын социал-демократияның жария қайраткерлеріне, міне, осылайша жауап беру керек.

Бүкіл помещиктік жерді конфискелеуді талап етудің маңыздылығы туралы ерекше айтып жатудың қажеттігі бола қояр ма екен. Столыпиндік «реформа» салдарынан орыс деревняларын тынымсыз күңірену жайлап алды, осындай уақытта, «жаңа помещиктер», стражниктер және халық бұқарасы арасында нағыз кескілескен формаларда күрес жүріп жатқан уақытта,— нағыз кертартпа және революцияға дұшпан адамдардың айтуы бойынша — бұрын-соңды болмаған ашу-ыза етек алып отырған уақытта жоғарыда көрсетілген талап бүкіл демократиялық сайлау платформасының *өзегі* болуға тиіс. Атап айтқанда, жоғарыда көрсетілген талап дәйекті пролетарлық демократияны кадеттердің помещиктік ли-

берализмінен ғана емес, сонымен қатар «нормалар», «тұтынушылық нормалар», «өндірушілік нормалар» туралы, «теңгерме бөлу» және басқа да сандырақтар туралы халықшылдар ұнататын және барлық пайымды шаруалар күлкі ететін интеллигенттік-чиновниктік әңгімелерден де ап-айқын етіп бөліп шығаратынын көрсетіп қана өтейік. «Мужикке қанша жер керек» екенін айтудың бізге түк қажеті жоқ: елдің *бүкіл* экономикалық және саяси өмірінде крепостниктік езгінің бұғауын өз мойнынан сыпырып тастау үшін орыс халқына *бүкіл* помещиктік жердің конфискеленуі керек. Осындай шара қолданбайынша Россия ешқашан азат болмайды, орыс шаруасы ешқашан азды-көпті тоқ және сауатты болмайды.

3-пунктке: 8 сағаттық жұмыс күні жөніндегі пунктке түсінік беріп жатудың тіпті де қажеті шамалы. Контрреволюция құтырынып, бесінші жылдың табыстарын жұмысшылардан тартып алуда, сондықтан да еңбек пен өмір жағдайларын жақсарту жолындағы күрес жұмысшылар арасында соғұрлым күшейе түсті; 8 сағаттық жұмыс күні осы жақсартулардың бастысы болып отыр.

Қорыта келгенде, социал-демократиялық сайлау платформасының мәні мен өмірлік өзегін: *революция үшін!* деген екі сөзбен айтуға болады. Лев Толстой қайтыс боларынан сәл бұрын: орыс халқы ғажайып тез уақытта «революция жасауды үйренді» деді, ал мұны «толстойшылдықтың» жаман жақтарына тән өкінішпен айтты. Біз орыс халқының бұл ғылымды *жете* үйренбегеніне ғана өкінеміз, бұл ғылымсыз ол тұтас ғасырлар бойы Пуришкевичтердің құлы болып қала береді. Рас, орыс пролетариаты қоғамды толық социалистік жолмен қайта құруға өзінің ұмтылуында жалпы алғанда орыс халқына, әсіресе орыс шаруаларына бұл ғылым жөнінде таптырмайтын *сабақтар* берді. Столыпиннің ешқандай дарлары, «вехишілдердің» ешқандай зорланулары бұл сабақтарды ұмыттыра алмайды. Сабақ берілді. Сабақты үйреніп жатыр. Сабақ қайталанады.

РСДРП программасы, біздің революциялық социал-демократияның ескі программасы — біздің сайлау платформамыздың негізі. Біздің программа өзіміздің социа-

листік міндеттеріміздің, социализмнің түбегейлі мақсатының дәлме-дәл тұжырымын, ал оның үстіне әсіресе оппортунизм мен реформизмге қарсы бағытталған тұжырымын береді. Реформизм көптеген елдерде, оның ішінде бізде де бас көтеріп отырған дәуірде,— және, екінші жағынан, ең алдыңғы қатарлы елдерде «бейбіт парламентаризм» дейтіннің дәурені өтуге жақындап, бұқараның революциялық толқу кезеңі басталып келе жатқанын көрсететін белгілердің көбейіп отырған дәуірінде,— міне, осындай дәуірде біздің ескі программа бұрынғыдан да зор (егер бұл арада салыстырмалы дәреже мүмкін болса) маңызға ие болады. РСДРП программасы Россия жөнінде партияға ең таяудағы мақсатты қояды, ол мақсат: «патша самодержавиесін құлатып, оны демократиялық республикамен ауыстыру». Программаның мемлекет басқару мәселелеріне, финансқа, жұмысшы заңдарына, аграрлық мәселеге арналған арнаулы бөлімдері әрбір насихатшы мен үгітшінің *бүкіл* жан-жақты жұмыс жүргізуі үшін, белгілі бір аудитория алдында, белгілі бір себептермен, белгілі бір тақырыпта сөз сөйлегенде біздің сайлау платформамызды нақты көрсету үшін дәлме-дәл және айқын басшылық материал береді.

РСДРП-ның 1908—1911 жылдар дәуіріндегі тактикасы *1908 жылғы декабрь қарарларында* белгіленген. 1910 жылғы январь пленумы растаған, бүкіл «столыпиндік» дәуірдің *тәжірибесі* арқылы сыналған осы қарарлар кезеңге және одан туатын міндеттерге дәлме-дәл баға береді. Ескі самодержавие бұрынғысынша басты жау болып қалып отыр, Россия тағы да бет алған революциялық дағдарыстың болмай қоймайтындығы бұрынғысынша қайталанып отыр. Бірақ жағдай ендігі жерде ескі жағдай емес, самодержавие «буржуазиялық монархияға айналу жолында бір қадам» ілгері басты, ол крепостниктердің помещиктік жер иелігін жаңа, буржуазиялық аграрлық саясатпен нығайтқысы келеді; ол қара-сары Думада крепостниктер мен буржуазияның одағын жолға қойып отыр; ол либерал буржуазияның кең контрреволюциялық (=«вехишілдік») пиғылын пайдаланып отыр. Капитализм бірнеше қадам ілгері басты, таптық

қайшылықтар шиеленісті, демократиялық элементтер мен кадеттердің «вехишілдік» либерализмі арасындағы жік айқындала түсті, тіпті құпия ұйымдар мықтап «талқандалғанның» өзінде социал-демократияның қызметі контрреволюцияға қарамастан, насихат пен үгіттің қимыл сферасын кеңейтуге мүмкіндік бере отырып, жаңа салаларды (Думаны және «жария мүмкіндіктерді») қамтып отыр. Ескі революциялық міндеттер, революциялық бұқаралық күрестің ескі, сыналған әдістері — құлдырау мен ыдырау дәуірінде, көбінесе «басынан бастауға» тура келіп отырған кезде, жаңа шайқастар дәуіріне күш жинай отырып, өзгерген жаңа жағдайда әзірлік жұмысын ескіше ғана емес, оның үстіне жаңаша, жаңа тәсілдермен жүргізуге тура келіп отырған кезде біздің партия, міне, осыларды қорғап отыр.

«Социал-Демократ» № 24,
18 (31) октябрь, 1911 ж.

«Социал-Демократ» газетінің
тексті бойынша басылып отыр

СТОЛЫПИНДІК «ЖҰМЫСШЫ» ПАРТИЯСЫНЫҢ ЛАГЕРІНЕН

«Наша Заряның» 6, 7 және 8-номерлері негізінен сайлау науқаны мен сайлау платформасына арналған. Жойымпаздар көзқарастарының мәні осы тақырыптағы мақалаларда «пролетариатты жауынгерлік мобилизациялау» туралы, «бұқараны кең және ашық мобилизациялау» туралы, «өздігінен әрекет ететін жұмысшылардың бұқаралық саяси ұйымдары» туралы, «өзін өзі басқаратын коллективтер», «өзіндік саналы жұмысшылар», т. т. және т. с. туралы өте-мөте көп шамадан тыс көпірме, зорланған, бөспе сөздер арқылы бүркемеленіп отыр. Юрий Чацкий тіпті платформаны «ойластыру» былай тұрсын, оның үстіне «сезіну» де керек дегенге дейін барды... Гимназистер мен гимназисткаларға таңдай қақтыруы мүмкін бұл сөздер оқушының құлағын тұндырып, «басын айналдырады», мұндай жағдайда контрабанданы өткізу де қиын емес.

Мысалы, Юрий Чацкий мырза платформаның мәнін және бірыңғай платформаның маңыздылығын, міне, былай мадақтайды. «Біз,— деп жазады ол,— Думадағы социал-демократиялық фракцияның мақұлдауына (платформаны) аса зор маңыз береміз, алайда, оның үстіне бұл фракцияның өзіне шетелдік үйірмелердің таңған платформасын мақұлдап, кедергісі аз бағытпен кетпеуін сөзсіз шарт етіп қоямыз».

Дәл осылай басылған. Ал бұл «жөйтті» және эмигрантты қудалауға айдап салатын қаражүздік орган емес, «социал-демократиялық» орган! *Өз* платформасы

мен «шетелдік үйірмелер» платформасының принципті айырмасын түсіндірудің орнына шетелге қарсы байбалам салу үшін бұл мырзалар қандай бейшаралыққа баруға тиіс болған десеңізші!

Мұнымен бірге Юрий Чацкийдің сөлекеттігі соншалық, ол өзінің жойымпаздық бағытын қандай үйірменің атынан жүргізіп отырғанын айтып қойып отыр: «ашық жұмысшы қозғалысымен тығыз байланысты («Наша Заря» арқылы ма, ә?),— деп жазады ол,— және барған сайын тұрақты болып отырған»... (және барған сайын либералдық пішін алып отырған)... «социал-демократ (??) қызметкерлердің тобы — болуы мүмкін орталықтанудың элементі болып табылады»... «біз әсіресе Петербургті айтып отырмыз»...

Турасын айту керек еді, мырзалар! Жасырынбақ ойнау лайықсыз және ақылсыздық: сіздер петербургтік «Наша Заря» қызметкерлерінің топсымағын «орталықтанудың элементі», жай сөзбен айтқанда, орталық (жойымпаздықтың орталығы) деп есептейсіздер — бұларыңыз заңды да. Қап түбінде біз жатпас.

Л. Мартов социал-демократиялық программаның жария қағидаларын сайлау платформасының негіздері ретінде қайталап айтып, қап түбіне біз жасырмақ болады. Ол мұнымен қатар ештеңеден «бас тартпау» керек, ештеңені «күземеу» керек деп жақсы сөздер айтады. Бұл 7—8-номердің 48-бетінде. Ал 54-беттен, мақаланың қорытынды абзацынан, мынаны оқимыз:

«Біздер (? сірә, «Наша Заря» мен «Дело Жизни» болса керек) бүкіл сайлау науқанын пролетариаттың өзінің саяси жағынан өзін өзі билеу бостандығы жолындағы күресінің, өзінің таптық партиясы болу және өзінің қызметін еркін өрістету правосы жолындағы, дербес ұйымдасқан күш ретінде саяси өмірге араласу жолындағы күресінің туы астында (sic*!) жүргізуге тиіспіз. Сайлау үгітінің мазмұны да, сайлау тактикасы мен сайлау алдындағы ұйымдастыру жұмысының әдістері де осы принципке бағындырылуға тиіс».

Либералдық жұмысшы платформасы тамаша баяндалған! Жұмысшы социал-демократ «науқанды» *бүкіл*

* — солай! *Ред.*

халықтың бостандығы жолындағы, демократиялық республика жолындагы күрестің «туы астында жүргізеді». Жұмысшы либерал «өзінің таптық (брентанолық, социал-либералдық мағынада) партиясы болу правосы үшін» күреседі. Бұл принципке бағындыру — демократия ісіне опасыздық жасау деген сөз. Либерал буржуалар да, үкіметтің айлакер жылпостары да жұмысшылардың бүкіл елдің бостандығы жолында емес, «өзінің саяси жағынан өзін өзі билеу» бостандығы жолында күресуін ғана тілейді — Мартов Левицкийдің: «гегемония *емес, қайта* таптық партия» деген формуласын қайталап айтып берді! Мартов қоспасыз «неоэкономизм» ұранын берді. «Экономистер»: жұмысшыларға экономикалық күрес, либералдарға саяси күрес деген болатын. «Неоэкономистер», жойымпаздар: сайлау үгітінің барлық мазмұнын жұмысшылардың өзінің таптық партиясы болу правосы жолында күресу деген принципке бағындыру керек деседі.

Мартов өз сөздерінің мағынасын ұға ма? Бұл сөздер пролетариаттың революциядан бас тартуы болып табылатынын ол ұға ма: «либерал мырзалар, 1905 жылы біз жалпы алғанда бұқараны, жекелеп алғанда шаруаларды сіздерге қарсы революцияға көтердік, істі жартылай бостандық түрінде тоқтатып тастауға тырысқан либералдық зорлануларға қарамастан, біз халық бостандығы үшін күрестік; біз бұдан былай «әуейіленбейміз», өзіміздің таптық партиямыздың бостандығы үшін күресетін боламыз». «Вехишіл», контрреволюцияшыл либералдар (әсіресе Изгоевтің шимайларын салыстырыңыз) жұмысшылардан бұдан басқа ештеңе талап етпейді де. Жұмысшылардың өзінің таптық партиясы болу праволарын либералдар теріске шығармайды. Олар пролетариаттың, ақырына дейін революцияшыл бірденбір таптың, либералдардың қарсылығына қарамастан, *төменгі бұқараны* күреске көтеру, тіпті либералдарға қарсы көтеру «правосын» теріске шығарады.

«Бас тартпауға» және «күземеуге» уәде беріп, Мартов атап айтқанда Ларинді, Потресовты, Прокоповичті, Изгоевті толық қанағаттандыратындай етіп социал-демократиялық платформаны *күзеп тастады.*

Партияның тактикалық қарарын (1908 жылғы декабрьдегі қарарын) Мартовтың қалай сынайтынын қараңызшы. «Қолайсыз формула»,— дейді ол «буржуазиялық монархияға айналу жолындағы қадам» туралы,— өйткені «онда абсолютизмді қолдаушылар мен жер иеленуші дворяндар арасында өкіметті бөлісу жөнінде *кері* шегінген қадамның нақтылығы жойылады», «онда таптардың батыл қақтығысуының кезеңі жоқ» — сірә, либерал буржуалардың крепостниктермен қақтығысулары болса керек! Жұмысшылармен және шаруалармен «батыл қақтығысуды» жөн көріп, либерал буржуалардың 1905—1907 жылдарда феодалдармен «батыл қақтығысудан» *қорыққандығын* Мартов ұмытып отыр («эксцестер» жөнінде жұмысшыларды айыптаушы либералдардың бұл туралы ұмытатыны сияқты). Мартов самодержавиенің крепостниктерге қарай «бір қадам кері» шегінгенін көреді (партияның қарарында бұл қадам *дәлме-дәл* көрсетілген: «крепостниктердің өз өктемдігі мен өз табыстарын сақтау»). Бірақ Мартов либерал буржуалардың *демократиядан* «тәртіпке» қарай, монархияға қарай, помещиктермен жақындасуға қарай «бір қадам кері» шегінгенін *көрмейді.* Мартов буржуазиялық монархияға «бару жолындағы қадамның» либерал буржуазияның контрреволюцияшылдығымен, вехишілдігімен *байланысын* көрмейді. Көрмейтін себебі—оның өзі «марксистер арасындағы вехишіл». Либерал буржуалардың крепостниктермен «батыл қақтығысуы» туралы либералша арман ете отырып, ол либералдардың ауытқуына *қарамастан,* тіпті олардың тәртіп партиясына көшуіне қарамастан, жұмысшылар мен шаруалардың крепостниктермен *революциялық* қақтығысуының тарихи шындығын аулаққа лақтырып тастайды.

Бұл жерде де қорытынды соның өзі: Мартов партияның қарарын *либералдық* жұмысшы саясаты тұрғысынан қарап теріске шығарады, амал не, *өзінің* ешқандай тактикалық қарарын (тактиканы «үшінші июнь дәуірінің тарихи мағынасына» баға беруге негіздеудің қажеттігін Мартов мойындауға мәжбүр болса да!) қарсы қоймайды.

Сондықтан Мартовтың былай деп жазуы әбден түсінікті: «...заңдарды демократияландырып, конституциялық кепілдіктерді кеңейтуге қарай белгілі бір қадам жасауға дәулетті таптарды ояту... жұмысшы партиясының мақсаты болуға тиіс...». Белгілі бір қадамдар жасауға *«дәулетті таптарды* оятуды» жұмысшылардың мақсат етуін әрбір либерал әбден заңды деп есептейді— либералдың шарты: жұмысшылар либералдарға *ұнамайтын* «қадамдар» жасауға *кедейлерді* оятпайтын болсын. Ағылшын жұмысшыларын соншалықты мықтап азғындатқан ағылшын либералдарының бүкіл саясаты жұмысшыларға «дәулетті таптарды оятуға» мүмкіндік беруге, ал жалпы халықтық қозғалыста гегемондықты өзінің жеңіп алуына *жұмысшыларға мүмкіндік бермеуге* келіп тіреледі.

Чацкийдің, Мартовтың, Данның «солшыл блок» тактикасына деген өшпенділігі де әбден түсінікті. Олар мұны сайлаудағы «солшыл блок» деп түсінбейді, қайта Лондон съезі белтілеген жалпы тактика: шаруаларды (және жалпы алғанда ұсақ буржуаларды) кадеттердің ықпалынан *тартып алу,* халықшылдық топтарды кадеттер мен социал-демократтардың бірін *таңдап алуға мәжбүр ету* тактикасы деп түсінеді. Бұл тактикадан бас тарту — *демократиядан безу:* мұны *қазір,* «столыпиндік дәуірден» кейін, «кадеттердің столыпиндік либерализмінің» ерліктерінен кейін (Милюковтың Лондондағы ұраны: «патша ағзамның оппозициясы»![142]), *«Вехиден» кейін* тек столыпиндік социал-демократтар ғана көрмеуі мүмкін.

Жалған үміттерге салынудың керегі жоқ: бізде сайлау платформасы *екеу,*— бұл факт. Одан бос сөздер, назалану, тілектер арқылы құтылуға болмайды. Біреуі— жоғарыда баяндалған, партия шешімдеріне негізделген платформа. Екіншісі — потресовтық-ларииндік платформа, Левицкий, Юрий Чацкий және К^0 дамытып, толықтырған, Мартов боямалаған платформа. Осы соңғы, *социал-демократиялық сияқты* платформа — іс жүзінде *либералдық жұмысшы саясатының платформасы.*

Кімде-кім жұмысшы саясатының бұл *екі* платформа-

сының айырмашылығын, ымыраға келмейтін айырмашылығын түсінбесе, ол сайлау науқанын *саналы түрде* жүргізе алмайды. Ол адам қадам басқан сайын түңілушілікке, «түсінбеушілікке», күлкілі немесе қайғылы қателерге кездесіп отырады.

«Социал-Демократ» № 24,
18 (31) октябрь, 1911 ж.

«Социал-Демократ» газетінің
тексті бойынша басылып отыр

ҚОРЫТЫНДЫ

Витте мен Гучковтың айтысын сайлау үгітінің мақсаттарына бола «Речь» те, «Русские Ведомости» де ынталана іле жөнелді. Айтыстың сипаты «Речьтің» төмендегі тирадасынан айқын көрінеді:

«Гучков бастаған октябрист мырзалардың бастықтарға жағымпазданып, Дурново мырза пікірлестерінің әріптестері болып келгені тым жиі кездеседі! Олардың бастықтарға мойын бұрып, қоғамдық пікірден сырт айналуы тым жиі кездеседі!».

Бұл Виттенің министрлік құру туралы 1905 жылғы октябрь — ноябрьде Урусов, Трубецкой, Гучков, М. Стахович мырзалармен кеңескені жөнінде айтылып отыр; оның бер жағында соңғы үшеуі ішкі істер министріне Дурновоның кандидатурасын қоюға үзілді-кесілді келіспеді.

Октябристерді кінәлай отырып, кадет мырзалар, алайда, өздерінің өткендегісі жөнінде ғажап ұмытшақтық жасап отыр. «Октябристер Дурново пікірлестерінің әріптестері болып келді». Бұл — әділ айтылған сөз. Ал мұның өзі, күмән жоқ, октябристердің демократизмі туралы сөз етудің күлкілі жәйт екенін дәлелдеп отыр. Бірақ октябристер демократизмнен дәмеленіп отырған жоқ. Ал кадеттер өздерін «конституцияшыл демократтармыз» деп атайды. Бірақ бұл «демократтар», мысалы, Виттемен болған кеңестерде Дурновоның кандидатурасын қорғаған Урусов арқылы «Дурново пікірлестерінің әріптестері» болып келген жоқ па? Партия ретінде ка-

деттер алғашқы екі Думада «бастықтарға мойын бұрып, қоғамдық пікірден сырт айналып» келген жоқ па?

Жалпыға мәлім фактілерді ұмытуға немесе бұрмалауға болмайды ғой. I Думада жер жөніндегі жергілікті комитеттер жайында болған оқиғаны еске түсіріңіздерші. Бұған кадеттер *атап айтқанда* «бастықтарға жағымпазданып» қарсы болды. Кадеттердің бұл мәселе жөнінде (I Дума дәуірі үшін аса маңызды саяси мәселелердің бірі жөнінде) «бастықтарға мойын бұрғаны» және «қоғамдық пікірден сырт айналғаны» күмәнсыз. Өйткені Россия халқының $^{9}/_{10}$ бөлігінің өкілдері болған трудовиктер мен жұмысшы депутаттар ол кезде жер жөніндегі жергілікті комитеттерді *жақтады.* I Думада да, II Думада да басқа мәселелер жөнінде партиялардың ондаған рет дәл осындай арақатынасы байқалды.

Кадеттердің бұл фактілерге қалайша дау айта алғанын көз алдыңа елестету қиын. Алғашқы екі Думада олардың трудовиктермен және жұмысшы депутаттармен пікір алалығы болмады деп, мұнда оларды Гейдендермен, октябристермен және бастықтармен ауыз жаласпады деп қалайша айтуға болады? Сайлау жүйесінің нәтижесінде трудовиктер мен жұмысшы депутаттарын халықтың орасан зор көпшілігінің өкілдері болмады деп қалай айтуға болады? Әлде біздің «демократтар» қоғамдық пікір деп халық көпшілігінің пікірін емес, «білімді» (үстіртін дипломдардың тұрғысынан қарағанда) «қоғамның» пікірін атай ма?

Егер Столыпин премьер болған тарихи дәуірге, яғни 1906—1911 жылдардағы бес жылға баға беретін болсақ, онда октябристердің де, кадеттердің де демократтар *болмағанын* теріске шығару мүмкін емес. Ал тек кадеттер ғана бұл атақтан дәмеленетін болғандықтан, дәл осы арада кадеттердің өзін өзі алдауы және олардың «қоғамдық пікірді», бұқараның пікірін алдауы ерекше күшті, ерекше зиянды.

Біз, әрине, октябристер мен кадеттер «тұтас бір реакциялық топ» деп, октябристердің либералдығы кадеттерден кем емес деп айтқалы отырған жоқпыз. Біз оларға либерализмнің жөні бір бөлек те, демократияның жөні бір бөлек дегелі отырмыз. Либералдардың «қоғам-

дық пікір» деп шаруалар мен жұмысшылардың пікірін емес, буржуазияның пікірін есептеуі табиғи нәрсе. Демократ мұндай көзқарасты ұстай алмайды, кейде ол бұқараның мүдделері мен талаптары жөнінде қандай болса да жалған үміттерге беріліп кеткенімен, демократ бұқараға, бұқараның *қимылына,* пиғылының заңдылығына, бұқара күресі әдістерінің мақсатқа сай келетіндігіне *сенеді.*

Демократ деген атақ қара ниеттікпен неғұрлым көп пайдаланылған сайын, либерализмнің демократиядан осы айырмашылығын соғұрлым қаттырақ еске салуға тура келеді. Барлық буржуазиялық елдерде сайлау буржуазиялық партиялар үшін жарнама мақсаттарына қызмет етеді. Жұмысшы табы үшін сайлау мен сайлау күресі саяси ағарту мақсаттарына, партиялардың *шын* табиғатын анықтау мақсаттарына қызмет етуге тиіс. Саяси партиялар туралы олардың аттарына, мәлімдемелеріне, программаларына қарап пікір айтуға болмайды, олардың *істеріне* қарап пікір айту керек.

Бірақ Столыпиннің министрлік мансабының бастамасы туралы мәселені қозғаған Виттенің Гучковпен айтысы (айта кететін нәрсе, Гучков *1905 жылы күзде* Столыпиннің кандидатурасына «қоғам қайраткерлерінің» бірде-біреуі қарсылық білдірген жоқ деп көрсетеді) басқа да мәселелерді, маңызы анағұрлым зор және қызықты мәселелерді көтереді.

Столыпиннің кандидатурасы ішкі істер министрі қызметіне ұсынылғанда (1905 жылдың күзінде), бірінші рет ол Виттенің либерал буржуазияның өкілдерімен болған кеңесінде ұсынылды. Тіпті I Дума дәуірінде де Столыпин, ішкі істер министрі ретінде, «кадеттік министрліктің болу мүмкіндігін талқылауды Крыжановский арқылы Муромцевке екі рет ұсынды»,—деп жазады «Речь» газеті 6 сентябрьдегі редакциялық мақаласында, сөйтіп сақтық-айлакерлікпен: Столыпин осылай істеді деген «нұсқаулар бар» деп қосады. Бұрын кадеттердің мұндай «нұсқауларға» жауап бергенде үндемеу арқылы немесе балағаттау арқылы құтылып келгенін еске түсіру жеткілікті. Енді олардың өздері осы нұсқау-

лардьі келтіріп отыр, сірә, мұнысы арқылы ол нұсқаулардың дұрыстығын растап отырса керек.

Ілгері барайық. I Дума талқандалғаннан кейін, Столыпин премьер болған кезде, министрлікке кіру жөнінде Гейденге, Львовқа, М. Стаховичке тікелей ұсыныстар айтылды. Бұл «айла-шарғы» сәтсіздікке ұшырағаннан кейін,—«алғашқы екі Дума арасындағы уақыт ішінде Столыпин Гучковпен тығыз саяси қарым-қатынас жасады», ал бұл қарым-қатынас, жұртқа мәлім, 1911 жылға дейін созылды.

Ал қорытындыда біз нені көреміз? Министр қызметіне Столыпиннің кандидатурасы буржуазия өкілдерінің қатысуымен талқыланады, ал өзінің министрлік мансабының бүкіл бойына, 1906 жылдан 1911 жылға дейін, Столыпин буржуазия өкілдерінің бірінен соң біріне «ұсыныс» жасайды, сөйтіп әуелі кадеттермен, содан соң бейбіт жаңартушылармен[143] және, ақырында, октябристермен саяси қарым-қатынастар жасайды немесе жасауға әрекеттенеді. Әуелі Столыпинді, министрге кандидат ретінде, «қоғам қайраткерлеріне», яғни буржуазияның көсемдеріне «ұсынады», ал содан соң Столыпин, енді министр ретінде, *өзінің бүкіл мансабы бойына,* Муромцевтерге, Гейдендерге, Гучковтарға «ұсыныстар» жасайды. Буржуазияның «ұсыныстар» жасауға болатын партиялары мен сарындары атаулыларының күллі тобы *таусылған* кезде, Столыпин өзінің мансабын аяқтайды (Столыпиннің отставкаға шығуы сол кезде-ақ шешіліп қойғаны мәлім).

Бұл фактілерден шығатын қорытынды айқын. Егер министрлер туралы немесе министрлермен келіс сөздер жүргізгенде кадеттер мен октябристердің қайсысы, Урусовтың ба әлде Гучковтың ба, Муромцевтің бе әлде Гейденнің бе, Милюковтың ба әлде Стаховичтің бе, т. т. және т. с. қайсысы неғұрлым көп жағымпазданғаны жөнінде қазір кадеттер мен октябристер өзара керіседі екен, онда мұндай керісулер ұсақ нәрсе және жұртшылықтың көңілін елеулі саяси мәселеден басқа жаққа аударуға ғана қызмет етеді. Ал бұл елеулі мәселе көрінеу көзге мынаған келіп тіреледі: орыс мемлекеттік құрылысының тарихындағы ерекше дәуірдің, буржуазия

көсемдеріне үнемі «ұсыныстар» жасауға министрлер мәжбүр болған кездегі, министрлер осы көсемдермен кейбір ортақ негіз, келіс сөздерді жүргізу үшін және қайта бастау үшін ортақ негіз таба *алған* кездегі дәуірдің жағдайлары мен маңызын түсінуге келіп тіреледі. Бұл арада кімнің, Карптың немесе Сидордың, өзін нашар ұстағаны маңызды емес — 1-ден, ескі помещиктік таптың буржуазия көсемдеріне «ұсыныстар» жасамайынша ендігі жерде билік ете алмағандығы маңызды; 2-ден, келіс сөздер жүргізу үшін ұр да жық помещик пен буржуадан *ортақ негіздің* табылғандығы, ал бұл негіздің *контрреволюцияшылдық* болғандығы маңызды.

Столыпин 1905 жылды бастан кешірген помещиктердің министрі ғана емес; жоқ, ол сонымен бірге буржуазия арасындағы контрреволюциялық пиғылдар дәуірінің министрі, бұл дәуірде помещиктер ұсыныстар жасауға тиіс болды және «бесінші жылға» деген жалпы дұшпандық арқасында ондай ұсыныстарды жасай алды. Буржуазияның бұл пиғылдары—тіпті қазір кадеттер туралы ғана, «либералдық» партиялардың ішіндегі ең солшыл партия туралы ғана айтқанның өзінде — демократияға және бұқараның қозғалысына күйе жаққан «Вехидің» уағызынан да, Милюковтың «Лондондағы» ұранынан да, Карауловтың есепсіз жылы лебізді сөздерінен де, Березовский 1-шінің аграрлық мәселе жөніндегі сөзінен де және т. т. көрінді.

Біздің либералдардың бәрі, бүкіл либералдық баспасөз, либерал жұмысшы саясатшыларына дейін істің, міне, осы жағын ұмытуға тым бейім. Ал оның бер жағында істің нақ осы жағы, бізге XIX ғасырда немесе XX ғасырдың басында және *1905 жылдан кейін* помещиктердің губернатор және министр болған жағдайларының тарихи ерекшелігін түсіндіретін жағы — ең маңызды жағы. Кадеттік «Речь» (30 сентябрьдегі «Речь») Гучковпен керісе отырып, былай деп жазады: «орыс қоғамы октябризм формулярын жақсы біледі».

Иә, солай! Либералдық қоғам «өз адамдарының», Урусовтар мен Милюковтардың Гейдендермен, Львовтармен, Гучковтармен болған ұсақ ұрыс-керісін жақсы біледі. Бірақ жалпы алғанда орыс демократиясы—және

жекелеп алғанда жұмысшы демократиясы — кадеттерге дейін *бүкіл* либерал буржуазияның «формулярын» *жақсы біледі;* 1905 жылы алға басқан ұлы қадам помещиктер мен помещиктік бюрократияны буржуазиядан қолдау іздеуге мәжбүр еткенін, ал бұл буржуазияның өз жағдайын айтарлықтай лайықты пайдаланғанын орыс демократиясы жақсы біледі. Буржуазия жер жөніндегі жергілікті комитеттердің керек емес екендігі және зиянды екендігі жайында помещиктермен түгелдей келісті, ол өте-мөте маңызды, шын мәнісінде принципті мәселе жайында: Дурново ма *әлде* Столыпин бе деген мәселе жөнінде олармен келіспеді!

«Звезда» № 26, 23 октябрь, 1911 ж.
Қол қойған: В. Ф.

«Звезда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЕКІ ОРТАЛЫҚ

Үшінші Думаның соңғы сессиясының бас кезінде бұл мекеме жұмысының қорытындылары туралы мәселе бірден-ақ алға қойылды. Аса маңызды қорытындылардың бірін біз «Речьтің» сөздерімен тұжырымдай аламыз.

«Бізде,— деп жазды таяуда оның бас мақалашысы,— іс жүзінде Думада «солшыл орталықтың» үстемдігін қайта туғызатын бірқатар дауысқа қоюлар бар... Думаның өмірдің нақтылы тілектері мен талаптарына қатысты шын қызметі сессияның ең басынан бастап солшыл орталықтың — әрине, жоқ орталықтың — бұлтарыссыз және жүйелі бағытымен жүріп келеді».

Сонымен, премьердің «өзін» сөзден ұстағандай, газет былай деп масаттана лепіреді: «Коковцев мырза Степановтың (кадеттің) дәлелдеріне өзінің толық қосылатындығы туралы үш рет қайталаудан (өзінің бірінші сөйлеген сөзінде) ұялған жоқ».

Даусыз факт: «солшыл орталық» бар. Мәселе тек мынада: бұл фактінің болуы «өмірді» көрсете ме әлде тоқырауды көрсете ме?

III Думада әуел бастан-ақ екі көпшілік болды. Марксистер 1907 жылдың аяқ кезінің өзінде, бұл Думаның «жұмыстары» басталмастан бұрын, «екі көпшілікті» мойындауды және ол екеуін сипаттауды өзінің кезеңді бағалауының және III Думаны бағалауының өзекті пункті етіп қойған еді.

Бірінші көпшілік — қаражүздік-оңшыл октябристік көпшілік, екіншісі — кадеттік-октябристік көпшілік. III Думаның сайлау заңы да осы екі көпшілік бола-

тындай етіліп құрылған. Біздің либералдар мұны көрмегенсіп, босқа тәлімсиді.

Үкіметті дәл осы жолға түсуге кездейсоқтық пен жеке адамдардың қайдағы бір айлакерлік есебі емес, 1905—1907 жылдардағы тап күресінің бүкіл барысы мәжбүр етті. Халық бұқарасына «қол артудың» мүмкін емес екендігін оқиғалар көрсетті. Бұрын, «оқиғаларға» дейін, үстіртін «халықтық саясаттың» жалған үміті әлі орын тебе алатын; оқиғалар оны талқандады. Бір ғана билеуші тапқа, Пуришкевичтер мен Марковтардың табына, және буржуазияның тілектестігіне немесе үрейленуіне ашықтан-ашық, жалаң, арсыздықпен қол артуға тура келді. Буржуазияның бір топтарында үнемі қолдауға ұмтылушылық басым болды (октябристер), екінші топтарында—тәртіп деп аталатынға тілектестік немесе үрейлену басым болды (кадеттер),— бұл айырмашылық елеулі роль атқарған жоқ.

Бүкіл орыс саяси системасының көрсетілген өзгерісі 1905 жылдың аяғынан бастап Витгенің, Треповтың, Столыпиннің Урусовпен, Трубецкоймен, Гучковпен, Муромцевпен, Милюковпен жасаған әңгімелерінің өзінен-ақ аңғарылған болатын. Бұл өзгеріс екі көпшілігі бар үшінші Думада біржолата белгіленіп, құрылтайлық-мемлекеттік формалар болып қалыптасты.

Қазіргі саяси құрылысқа бірінші көпшіліктің неге керек екендігі туралы айтып жатудың керегі жоқ. Бірақ екінші, кадеттік-октябристік, көпшіліктің де ол үшін қажет екені әдетте ескерілмейді: «буржуазиялық талапкер» болмайынша, үкімет қазіргі болып отырған күйінде бола алмас еді; буржуазиямен сөз байласпайынша, ол өмір сүре алмайды; Пуришкевичтер мен Марковтарды Россияның буржуазиялық құрылысымен және буржуазиялық дамуымен ымыраластыруға әрекеттенбейінше, финанс министрлігі де, бәрін қоса алғанда барлық министрліктер де өмір сүре алмайды.

Ал қазір, өзінің мүләйімдігіне қарамастан, «солшыл орталық» қанағаттанбай отырса, онда мұның өзі, әрине, Пуришкевичтердің жолына шалынған құрбандықтардың бос кеткендігіне *бүкіл* буржуазияның барған сайын көзі жетіп отырғанын дәлелдейді.

Бірақ «өмірдің нақтылы тілектері мен талаптары» «солшыл орталықтың» осы күрсіністері мен шағымдарына қанағаттана алмайды, орталықтың дәрменсіздігі мен мүсәпірлік жағдайының себептерін бүкіл демократия ұғынған жағдайда ғана қанағаттана алады. Өйткені бүкіл орталық, оның ішінде солшыл орталық та, контрреволюциялық негізде болып отыр: олар Пуришкевичтерден азап шегеді, бірақ олар Пуришкевичтерсіз *әрекет еткісі келмейді және ете де алмайды.* Міне, сондықтан олардың тағдыры ауыр, міне, сондықтан бұл солшыл орталық бірде-бір жеңіске, тіпті болар-болмас жеңіске де жетіп отырған жоқ.

«Речь» айтып отырған «солшыл орталық» — өмір емес, өлім, өйткені бұл орталық түгелдей — орыс тарихының шешуші кезеңдерінде демократиядан қорықты, одан теріс айналды. Ал демократия ісі — өзекті іс, Россиядағы ең өзекті іс.

Өмірдің өзекті тілектері мен талаптары «солшыл орталықтағы» кадеттердің назарын аударатын шалғай жатқан салаларда өзіне жол салады. Ойлы оқушы, мысалы, Думаның «охрана» жөніндегі жарыс сөз туралы есептерін оқығанда — Покровский 2-шінің және әсіресе Гегечкоридің сөздеріндегі мәселе қойылысының Родичевтің және оның сыбайластарының мәселе қойысынан жер мен көктей, өмір мен өлімдей айырмашылығы бар екенін, әрине, байқамауы мүмкін емес.

«Звезда» № 28, 5 ноябрь, 1911 ж.

«Звезда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЕСКІ МЕН ЖАҢА

(ГАЗЕТ ОҚУШЫНЫҢ ЗАМЕТКАЛАРЫНАН)

Газетті қолға алсаң болғаны — «ескі» Россияның жағдайы бірден-ақ жан-жақтан түнеріп, төне түседі. Мәселе Армавир ойраны жайында болып отыр. Өкімет орындарының рұқсатымен және келісімімен ұрып-соғу, бастықтар құрған тор, «біреудің ұйытуымен және ұйғаруымен» (азаматтық талапкердің сөздері) «сөздің кең мағынасында орыс интеллигенциясын ұрып-соғу». Орыс өмірінің ескі, бірақ мәңгі жаңа шындығы,—«конституциялық» жалған үміттерді ащы мазақ ету.

Ащы, бірақ пайдалы мазақ! Өйткені бұл арада ешқандай айыптаулардың, ешқандай қарарлардың жәрдемі тимейтіні айқын,— Россияның жас ұрпағына да барынша айқын бола түсіп отыр. Бұл арада әңгіме тұтас алғанда бүкіл саяси система жайында болып отыр, бұл арада тарихи шындық өзіне ескі местерге жаңа шарап құюға болады-мыс дейтін, қияли алдаушылықтың бұлдырын көктей өтіп, жол салып отыр.

Аштық... Мал сату, қыздарды сату, қайыршылар тобыры, сүзек, аштық өлім. «Халықта тек бір ғана артықшылық бар — тыныш және елеусіз өлу»,— деп жазады бір тілші.

«Земствошылар, турасын айтқанда, өзінің имениелерімен аш, ызаланған, қандай болсын жарық сәуле көру атаулыдан үмітін үзген адамдардың арасында қалып қоямыз деп қорқып кетті» (Қазан губерниясынан).

Қазіргі земство ізгі үміт күттіретін сияқты көрініп отыр, бірақ оны мен үкіметтің арасында қарыз беру

мөлшері туралы талас жүріп жатыр. 6 миллион сом сұрайды (Қазан губерниясы) — қазына 1 миллион береді. 600 мың сұраған еді (Самара) — 25 мың сом аударылды.

Ескіше!

Псков губерниясының Холм уезінде земство жиналысында земство агрономиясына,— тек хуторлықтар үшін! — тіпті земство бастықтарының өзі қарсы шыққан. Кубаньда станица атамандарының съезі болған — үлесті жерлерді жеке меншікке бекітудің III Дума қабылдаған жоспарына олардың бәрі бірауыздан қарсы шыққан.

Царицында уездік съезд әйелді азаптап-қинаған («қылмысты адамды табу мақсатымен») старостаны сотқа бермеуге қаулы еткен. Губерниялық сот алқасы қаулыны бұзған.

Петербург түбінде жұмысшылар фабрика басқарушысы Яковлев мырзаға қап кигізіп, оны Неваға қарай сүйрей жөнелген. Стражниктер жұмысшыларды қуып жіберген. 18 жұмысшы тұтқындалған.

Өмірдің мұндай көріністерінде «үлкен қоғамдық төмендеушілікті» тіпті *«Речь»* газетінің де көрсетуіне тура келіп отырғандығына таңдану қиын. Ал Кондурушкин мырза аштық туралы Самарадан жазған хаттарында былай деп мұңаяды*: «бұл қоғам, осы орыс қоғамы, маған резина сияқты, қамыр сияқты жұмсақ болып көрінеді. Оны жаныштауға, сөзбен, іспен қысуға болады. Бірақ өз қалпына келсе-ақ — тағы да сол түгелдей бұрынғысына басады».

«Ол, осы орыс тоғышары әрі интеллигент, байы да, кедейі де, сабырлы. Ал жұрт аштықтан «ісіне» бастағанда, ол қуанады, көзінен жас ағып, шаттана бастайды. Ол сөзсіз жасын төгіп, «ізгі ниетті» сезіммен жәрдем беруге баруы керек. Мұндайда өзінің қарақан басының қамын ойлауға оған тамаша жағдай туады. Ал сезімдерсіз, көз жасынсыз жұмыс та жұмыс емес, жәрдем де жәрдем емес. Ол өзінің көз жасынсыз істі де елеулі деп есептемейді, орнынан да қозғалмайды. Жоқ, сен әуелі оның көңілін босат, жылауға мәжбүр ет, таза орамалға мұрнын сүрткіз. Ал қатаң есеп, *мемлекеттік қажеттікті* дұрыс және байсалды мойындау — көңілсіз, мұнда жайдары ниет жоқ».

* «Жалпы орыстық жағдайсыздық қайғысы» қамтыған.

Иә,иә, «қамыр» мен «резина» дүниесінде «қаталдықты» уағыздау тіпті де пайдасыз емес. Тек біздің либерал мұндай уағызды, «мемлекеттік қажеттікті дұрыс және байсалды мойындауды» өзінің *қай жағынан* жүргізіп отырғанын байқамайды,— Кондурушкин мырза, сіз мұны Меньшиковтан көшіріп алған жоқсыз ба? Нақ «қамыр» мен «резина» негізінде, нақ жұмсақ және жылайман ниет негізінде ғана мемлекеттілік туралы осындай сөздер айтуға болады ғой. Атап айтқанда қамыр сықылды адамдар болғандықтан да, «дұрыс және байсалды мемлекеттіліктің» жаршылары өзіне қатты сенеді.

«Орыс қоғамы резина сияқты жұмсақ»,— Кондурушкин мырза *ескіше* сөйлеп отыр. Қоғамның да қоғамы бар. «Қоғам» деген сөз кезінде барлығын қамтыған, барлығын бүркеген, халықтың саналылыққа оянушы әр түрлі элементтерін немесе жай ғана «білімді» деп аталатын адамдарды көрсеткен болатын.

Бірақ нақ осы жағынан алғанда мәселе қазірдің өзінде Россияда ескіше болмай отыр. Тек қоғам туралы ғана айтуға болатын кезде қоғамның таңдаулы адамдары «мемлекеттік қажеттікті дұрыс және байсалды мойындауды» емес, қатаң күресті уағыздаған болатын.

Ал қазір «қоғам» туралы жалпылама айтуға болмайды. Ескі Россияда жаңа күштердің айырмашылықтары ашылды. Россияға ескіше, аштық және т. т. түрінде төніп келе жатқан, ескі мәселелерді шиеленістіретін ескі апаттар XX ғасырдың алғашқы онжылдығында бұл жаңа күштердің өзін қалай көрсеткенін есепке алуды талап етеді.

Өзі бой ұратын және өзі $^{9}/_{10}$ бөлігі болып отырған таптың дәрменсіздігі мен тартыншақтығының нәтижесінде «қоғам» жұмсақ және жылайман болып отыр. «Қатаң есепті, мемлекеттік қажеттікті дұрыс және байсалды мойындауды» уағыздау — осы сілікпесі шыққан қоғамға «бастықтардың» үстемдік етуін ақтау ғана.

Ал өткен онжылдық халықтың «қоғамға» жатпайтын, жұмсақтықпен және жылаймандығымен ерекшеленбейтін элементтерін көрсетті...

Россияда жоғарғы жақта бәрі «ескіше», ал төменде жаңа бірдеңелер де бар. Кімде-кімге «жалпы орыстық жағдайсыздық қайғысы» осы берік, жылайман емес, қамыр сияқты емес жаңаны көруге, байқауға, табуға жәрдемдессе, ол адам ескіден құтылуға бастайтын жолды таба алады.

Ал кімде-кімнің осы жабырқауға назалануы «мемлекеттік қажеттікті дұрыс және байсалды мойындау» туралы сөздермен араласып кетсе, ол адам өзін «жаншуға және қысуға» жол беретін «қамырдың» құрамдас бөлігі болып мәңгі-бақи қалып қоюы мүмкін. Мұндай адамдарды нақ сол «дұрыс және байсалды» мемлекеттік үшін «жаншып, қысады»,—оларға сол керек.

Егер «қоғамның» осындай операцияға кезіккен жүз адамының біреуі қатайса, нәтиже пайдалы болады. Іргені ашып алмайынша жақсылық болмайды.

«Звезда» № 28, 5 ноябрь, 1911 ж.
Қол қойған: В. Ф.

«Звезда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

II ДУМАДАҒЫ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ФРАКЦИЯ ТУРАЛЫ

БҮКІЛ ІСТІҢ БАЯНДАЛУЫ[144]

Екінші Думадағы бүкіл социал-демократиялық фракция — біздің үкіметіміздің пасықтық заговорының құрбандығы — сотқа тартылып, ауыр қылмыстылар сияқты, каторгаға айдалғанынан бері торт жыл өтіп те кетті. Орыс пролетариаты өзінің өкілдеріне қарсы қойылған айыптың өтірікке негізделгенін тамаша түсінген-ді; бірақ ол кез — реакцияның құтырынған уақыты еді, оның үстіне үкім жасырын шығарылған болатын, сөйтіп патша өкіметінің істеген қылмысының жеткілікті айғақтары болмаған-ды. Біздің өкімет орындарының жиіркенішті арам айлаларын охранканың агенті Бродский мойындаған сенімді фактілер мүлде жақында ғана әбден айқын көрсетіп берді.

Мұның бәрі былай болған:

Барынша күзелген сайлау правосына қарамастан, орыс пролетариаты екінші Думаға 55 социал-демократ жіберді.

Бұл социал-демократиялық фракцияның көп екендігі былай тұрсын, сонымен бірге идеялық жағынан да өте көрнекті болатын. Революция тудырған бұл фракцияда революцияның әсері болды, оның сөздерінен бүкіл елді қамтыған ұлы күрестің әлі де болса жаңғырығы естілді, ол Думаның қарауына ұсынылған заң жобаларын ғана емес, сонымен бірге тұтас алғанда басқарудың бүкіл патшалық және капиталистік системасын да терең, жақсы негізделген сынға алды.

Осы заманғы социализмнің жеңімпаз қаруымен қаруланған бұл социал-демократиялық фракция солшыл фракциялардың бәрінен де ең революцияшыл, ең дәйекті және таптық сананы өз бойына әбден сіңірген фракция еді. Ол фракция басқа солшыл фракцияларды өз соңынан ертіп, Думаға өзінің революциялық әсерін тигізді. Біздің өкімет орындары фракцияны революцияның ақырғы ошағы, оның ақырғы бейнесі, социал-демократияның пролетарлық бұқараға қуатты ықпал етуінің нақты айғағы деп санады, сол себептен де ол фракция реакция үшін үнемі қорқыныш туғызды, реакцияның алшаңдап алға басуына ақырғы кедергі болды. Сондықтан үкімет тым революциялық Думадан құтылуды ғана емес, оның үстіне пролетариат пен демократиялық пиғылдағы шаруалардың сайлау правосын барынша шектеуді де, болашақта мұндай Думаның сайлауына кедергі жасауды да қажет деп санады. Мұндай мемлекеттік төңкерісті жүзеге асырудың ең жақсы құралы — елдің көз алдында социалистік фракцияның беделін түсіріп, одан құтылу: басын кесіп алып, бүкіл денені өлексе ету болды.

Алайда бұл үшін сылтау: мысалы, фракцияны белгілі бір ауыр саяси қылмыс жөнінде айыптауға мүмкіндік керек еді. Полиция мен охранканың ептілігі мұндай сылтауды табуға тез жәрдем етті. Социалистік парламенттік фракцияны социал-демократиялық жауынгерлік ұйыммен және социал-демократиялық әскери ұйыммен тығыз байланысты деп айыптап, оның беделін түсірмек болды. Осы мақсатпен генерал Герасимов, охранканың бастығы (бұл мәліметтердің бәрі Парижде Бурцевтің редакциясымен шығатын «Будущее» («L'Avenir») газетінің 1-номерінен алынды, 50, boulevard Saint-Jacques[145]), өзінің агенті Бродскийге жоғарыда аталған ұйымдарға кіруді ұсынған. Бродский бұған әуелі қатардағы мүше болып кірді, содан соң ол секретарь болды. Әскери ұйымның кейбір мүшелері социалистік парламенттік фракцияға солдаттар делегациясын жіберу жөнінде ойланды. Охранка мұны өз мақсаттарына пайдаланбақ болды, сөйтіп әскери ұйымның сеніміне ие болып алған Бродский бұл жоспарды

жүзеге асыруға кірісті. Бірнеше солдат іріктеліп алынып, солдаттардың талаптары айтылған тапсырма әзірленді, сөйтіп социалистік фракцияға алдын ала айтпастан, фракцияның ресми үйінде делегацияның фракцияға жолығуға тиісті күні белгіленді. Оған солдаттар өздерінің әскери формасымен баруына болмайтындықтан, олар бөтен киім киінуге мәжбүр болды, қала берді мұның өзі охранканың бір агентінің пәтерінде істелді, сөйтіп олар охранканың сатып алып, әзірлеп қойған киім-кешегін киді. Герасимовтың пасық жоспары бойынша, Бродский социалистік фракцияның үйіне солдаттармен бір мезгілде келіп, біздің депутаттардың беделін одан сайын түсіру үшін революциялық документтер алып келуге тиіс болған. Бұдан әрі басқалармен бірге Бродскийді тұтқынға алатын болып келісілген, ал содан соң оның өтірік қашып шығуына мүмкіндік беріліп, ол охранканың көмегімен бостандыққа шығуға тиіс болған. Бірақ Бродский өте кеш келген, ал ол бедел түсіруші документтермен фракцияның үйіне кірмекші болғанда, онда тінту басталып қалып, оны кіргізбей қойған.

Охранка мейлінше мұқият әзірлеген құлық-сұмдық осындай, бұл арқылы реакция пролетариаттың өкілдерін соттап, каторгаға айдап қана қойған жоқ, оның үстіне екінші Думаны таратып, 1907 жылғы 3 (16) июньдегі өзінің мемлекеттік төңкерісін жасауына да мүмкіндік алды. Шынында, үкімет өзінің сол күнгі манифесінде (бұл манифест, патша манифестерінің бәрі сияқты, өзінің арсыз екіжүзділігімен таңдандырады) былай деп жариялады: үкімет Думаны таратуға мәжбүр болып отыр, өйткені елде қайтадан тыныштық орнатуға ұмтылу жөнінде үкіметті қолдап, көмек көрсетудің орнына, Дума, керісінше, үкіметтің барлық ұсыныстары мен ниеттеріне қарсы қимыл жасады және, айта кететін нәрсе, елдегі революциялық элементтерге қарсы жазалау шараларын өз қолын қойып, бекіткісі келмеді. Ол ол ма (мен тексті сөзбе-сөз келтіремін): «тарих шежірелерінде құлақ естімеген әрекет болды. Сот орны Мемлекеттік думаның тұтас бір бөлегінің мемлекет пен патша өкіметіне қарсы заговорын ашты. Ал біздің үкімет Думаның осы қылмыс жөнінде айыпталған елу бес

мүшесін уақытша, сот аяқталғанға дейін, шеттетіп, олардың негұрлым әшкереленгендерін қамауға ала тұруды талап еткенде, Мемлекеттік дума өкімет орындарының ешқандай кейін қалдыруға болмайтын заңды талабын дереу орындамады».

Айта кететін нәрсе, патшаның қылмысы жөніндегі айғақтар бір ғана үкіметке және оның жақын достарына белгілі болып қоймаған. Заңдылық, әділеттік, шындық, т. т. және т. с. туралы мылжыңдаудан ешқашан шаршамайтын, өз партиясын «халық бостандығы партиясы» деген тым көтеріңкі атпен бояған біздің сүйкімді конституцияшыл демократтар да құпия сақталып келген осы лас істің жиіркеніштi егжей-тегжейін төрт жыл бойы біліп отырған. Олар право атаулы аяққа басылып, біздің депутаттардың қалай сотталғанын, олардың каторгалық түрмелерде қалай азап шеккенін, олардың кейбіреулерінің қалай өлгенін, ақылынан адасқанын ұзақ төрт жыл бойы енжар куәлар ретінде байқап-көріп отырған және... сақтықпен үндемеген. Ал оның бер жағында, өз пікірлерін айтуға олардың толық мүмкіндігі бар еді, өйткені олардың Думада депутаттары болды және олардың қарамағында көптеген күнделікті газеттер бар еді. Реакция мен революцияның арасында қыспақта қалған олар бәрінен де гөрі революциядан қорықты. Сондықтан олар үкімет алдында қылымсып, өзінің үндемеуі арқылы ұзақ төрт жыл бойына үкіметті бүркемелеп келді, сөйтіп оның қылмысына қатысушыларға айналды. Тек соңғы уақытта ғана (Думаның 1911 жылғы 17 октябрьдегі мәжілісі) охранка туралы сұрау қоюды талқылау үстінде олардың біреуі, депутат Тесленко, ақырында, соншалық мұқият сақталып келген жасырын сырды айтып салуға бел байлады. Оның сөзінің бір үзіндісі мынадай (текст ресми стенографиялық есеп бойынша сөзбе-сөз беріліп отыр): «Екінші Мемлекеттік думаның 53 мүшесіне қарсы қудалау жайында әңгіме қозғалғанда, Думада комиссия құрылды. Қарулы көтеріліс арқылы Россияда республика орнату мақсатымен Мемлекеттік думаның 53 мүшесінің заговор жасағандығы жайында айғақ болуға тиісті документтердің бәрі әлгі комиссияға әкелін-

ді. Екінші Мемлекеттік дума жанындағы комиссия — мен оның баяндамашысы болдым — әңгіме социал-демократтардың мемлекетке қарсы жасаған заговоры туралы емес, Петербург охранка бөлімінің екінші Мемлекеттік думаға қарсы жасаған заговоры туралы болып отыр деген сенімге, бірауызды сенімге келді. Комиссияның документтерге негізделген баяндамасы дайын болғанда, осы мәліметтердің бәрі осы трибунадан айтылуға тиіс болған күннің қарсаңында, Мемлекеттік дума таратылды, сөйтіп ашылған нәрсе туралы осы трибунадан айтуға болмай қалды. Процесс басталғанда, сотталушылар, Мемлекеттік думаның осы 53 мүшесі, істің ашық қаралуын және өздерінің қылмысты емес, Петербург охранка бөлімінің қылмысты екенін қоғамдық пікірдің білуін талап еткенде, есіктер жабық болды, сондықтан қоғам мұны ешқашан білмеді».

Фактілер осындай. Біздің кісен салынған депутаттар орыстың жиіркенішті түрмелерінде төрт жыл бойы зарығуда, ол түрмелердің қатаңдығы мен мейрімсіздігі сіздерге, әрине, белгілі. Олардың көбі онда өліп те кетті. Депутаттардың бірі ақылынан адасқан, басқа көптеген депутаттар адам төзгісіз жағдайлардың салдарынан қазірдің өзінде денсаулығынан айрылды, олар да бүгін болмаса ертең өлуі мүмкін. Орыс пролетариаты оның мүдделері жолында табанды күресе білгендігі үшін ғана бірден-бір қылмысты саналған өз өкілдерінің патша түрмелерінде қырылуына бұдан былай жайбарақат қарап отыра алмайды. Бродскийдің мойындауы арқасында белгілі болған фактілер заң тұрғысынан істі қайта карауды талап етуге толық негіз беретіндіктен де, орыс пролетариаты бұған мүлде жайбарақат қарап отыра алмайды. Сондықтан Россияда біздің депутаттарды босату жолындағы науқан қазірдің өзінде басталды.

Петербургте шығатын жұмысшы газеті «Звезда» 1911 жылғы 29 октябрьдегі өз номерінің едәуір бөлегін осы мәселеге арнады. Ол баспасөзге, либерал-депутаттарға, солшыл депутаттарға, қоғамдар мен одақтарға және ең алдымен пролетариатқа үндеу тастады. «Адамдық және азаматтық борышын,— дейді газет,— бүкіл ел алдында

орындауға батылы барғандықтан ғана азап шеккен, азаттықтан, азаматтық және саяси праволардың бәрінен айрылған адамдардың осы кісенінің сылдырын әрбір адам сағат сайын, минут сайын есітуге тиісті жерде тыныштық, жайбарақаттық жоқ және болуы да мүмкін емес. Жан түршігерлік шындық ашылғаннан кейін қоғамдық ождан жайбарақат бола алмайды және болуға да тиіс емес. Қандай қиыншылықтар болса да,— оларды жеңу керек және екінші Мемлекеттік думаның социал-демократиялық депутаттарына болған сот процесін қайта қарауды талап ету керек!.. Бірақ ең алдымен пролетариат өзінің қуатты сөзін айтуға тиіс: өйткені нахақтан-нахақ сотталған соның өкілдері ғой, ал қазіргі кезде олар каторгалық түрмелерде зарығуда».

Орыс пролетариаты осы күресті бастай отырып, барлық елдердің социалистерінен өзіне көмек көрсетуді сұрайды және біздің, қазіргі кезде үстемдік етіп отырған, бейшаралық екіжүзділіктің пердесін бүркемеленіп, тіпті азиаттық үкіметтердің варварлығы мен мәдениетсіздігінен де асып түсіп отырған абсолютизмнің қатыгездігі мен пасықтығына өзінің ызалануы туралы бүкіл әлемге өзімен бірге әйгілеп мәлімдеме жасауын сұрайды.

Францияда Шарль Дюма жолдас науқанды қазірдің өзінде бастады және «L'Avenir» газетінде басылған мақалада осы ауыр сәтте орыс пролетариатына жігерлі көмек көрсетуді ұсынды. Барлық елдердің социалистері осыған үн қоссын; олар парламенттерде, өз баспасөзінде, өздерінің халықтық жиналыстарында, барлық жерде өзінің наразылығын білдіріп, екінші Думадағы социал-демократиялық фракцияның ісін қайта қарауды талап етсін.

1911 ж. 6 (19) ноябрьден кешірек жазылған

1911 ж. декабрьде неміс, француз және ағылшын тілдерінде мына басылымда басылған: «Bulletin Périodique du Bureau Socialiste International» № 8
Қол қойған: N. Lenine

Орыс тілінде бірінші рет 1940 ж. «Пролетарская Революция» журналының 4-номерінде басылған

«Bulletin»-нің тексті бойынша басылып отыр

Неміс тілінен аударма

ПОЛЬ ЖӘНЕ ЛАУРА ЛАФАРГТЕРДІ ЖЕРЛЕУДЕ РСДРП АТЫНАН СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

20 НОЯБРЬ (3 ДЕКАБРЬ), 1911 ж.

Жолдастар!

Мен Поль және Лаура Лафаргтердің қайтыс болуына байланысты РСДРП атынан ауыр қайғы сезімін білдіру үшін сөз алып тұрмын. Марксизм идеяларын, орыс революциясы мен контрреволюцияда таптар күресінің тәжірибесі соншалық тамаша растаған идеяларды ең талантты және терең таратушылардың бірі ретінде Лафаргті Россияның саналы жұмысшылары мен барлық социал-демократтары орыс революциясын әзірлеу кезеңінің өзінде қатты сыйлап үйренді. Орыс жұмысшыларының алдыңғы қатарлы отряды осы идеялардың туы астына ұйымдасты, өзінің ұйымдасқан бұқаралық күресі арқылы абсолютизмге соққы беріп, либерал буржуазияның барлық опасыздықтарына, ауытқушылығы мен солқылдақтығына қарамастан социализм ісін, революция ісін, демократия ісін қорғады және қорғап отыр.

Орыстың социал-демократиялық жұмысшыларының ойында Лафарг арқылы екі дәуір: Францияның революцияшыл жастарының француз жұмысшыларымен бірге республика идеялары үшін империяға қарсы шабуылға шыққан дәуірі және марксистердің басшылығымен француз пролетариатының буржуазияға қарсы социализм жолындағы ақырғы күреске әзірлене отырып, бүкіл буржуазиялық құрылысқа қарсы ұстамды таптық күрес жүргізген дәуірі ұштасты.

Бізге, азиаттық варварлықты бойына сіңірген абсолютизмнің бүкіл езгісін бастан кешіріп отырған және

Лафаргтің, оның достарының шығармаларынан Европа жұмысшыларының революциялық тәжірибесімен, революциялық ой-пікірімен тікелей танысу бақытына ие болған орыс социал-демократтарына, бізге, әсіресе қазір Лафарг қандай істі қорғау жолында өз өмірін сарп етсе, сол істің салтанат құратын уақыты қалай тез жақындап келе жатқаны мейлінше айқын көрініп отыр. Орыс революциясы бүкіл Азияда демократиялық революциялар дәуірін ашты, сөйтіп 800 миллион адам қазір бүкіл цивилизациялы дүниенің демократиялық қозғалысына қатысып отыр. Ал буржуазияның үстемдігін құлатып, коммунистік құрылысты орнататын, марксизм идеялары рухында ұйымдасып, тәрбиеленген пролетариаттың революциялық шайқастары дәуіріне орын беру үшін бейбіт буржуазиялық парламентаризм деп аталатын парламентаризм үстемдігінің дәуірі аяқталуға жақындап келеді, оны білдіретін белгілер Европада барған сайын көбейе түсіп отыр.

«Социал-Демократ» № 25,
8 (21) декабрь, 1911 ж.

«Социал-Демократ» газетінің
тексті бойынша басылып отыр

ГАЙНДМАН МАРКС ТУРАЛЫ

Ағылшын «социал-демократиялық партиясының» негізін салушылардың жәпе көсемдерінің бірі Генри Майерс Гайндманның көлемді мемуарлары жақында жарыққа шықты. Бес жүз беттей кітап: «Оқиғаларға толы өмір туралы жазбалар»* деп аталады және бұл автордың саяси қызметі туралы, оның өзіне таныс «атақты» адамдар туралы өте айқын жазылған естеліктер болып табылады. Ағылшын социализмін сипаттау үшін және бүкіл халықаралық жұмысшы қозғалысының кейбір аса маңызды мәселелерін бағалау үшін Гайндманның кітабы көптеген қызықты материал береді.

Сондықтан біз әсіресе оңшыл кадеттік «Русские Ведомостидің» (14 октябрь) бұл мәселелерді либералдық түрде баяндаудың немесе, дұрысырағы, күңгірттеудің тамаша үлгісін беретін либерал Дионеоның мақаласымен «шыққандығынан» Гайндманның кітабына бірнеше ұсақ мақалалар арнауды дер кезінде істелген іс болады деп ойлаймыз.

Гайндманның Маркс туралы естеліктерінен бастайық. Г. Гайндман Маркспен тек 1880 жылы ғана танысқан, ол кезде, сірә, ол Маркстің ілімі туралы және жалпы алғанда социализм туралы өте аз хабардар болса керек. Гайндман 1842 жылы туған, консервативтік партиямен (тори) байланыстары бар және оған іш тартатын оның ол кезге дейін қалыптасып үлгірмеген «де-

---

* «The Record of an Adventurous Life», by Henry Mayers Hyndman. London (Macmillan and C°). 1911.

мократ» болуы ағылшын қатынастарына тән қасиет. Гайндман 1874 және 1880 жылдардың арасында Америкаға барған өзінің көп сапарларының бірінде «Капиталды» (француз тіліндегі аудармасынан) оқығаннан кейін социализмге бет бұрған.

Карл Гиршті қасына ертіп, Маркспен танысуға бара жатқанда, Гайндман оны ішінен... Мадзинимен салыстырған!

Гайндманның қандай тұрғыда салыстырғандығы мынадан көрінеді: ол төңірегіндегі адамдарға Мадзинидің ықпалын «жеке және дара-этикалық» ықпал деп, ал Маркстің ықпалын «түгелдей дерлік интеллектуалдық және ғылыми» ықпал деп атайды. Гайндман Маркске «талдампаз ұлы данышпан» деп қарап, одан үйренуге ұмтылған,— оны Мадзинидің мінез-құлқы, «пікірлері мен іс-әрекеттерінің асқақ образы» тартқан. Маркс, «дау жоқ, анағұрлым құдіретті ақыл иесі» болған. Дау жоқ, Гайндман 1880 жылы буржуазиялық демократ пен социалистің арасындағы айырмашылықты тым нашар түсінген (қазір де онша түсінбейді — ол туралы төменіректе айтылады).

«Мен Маркcті көргенімде,— деп жазады Гайндман,— менің бірінші алған әсерім мынандай болды: қажырлы, бет-аузын сақал басқан, қаһарлы қарт, дау-жанжалға араласуға әзір тұрған — ұмтылған деп айтпай-ақ қояйық — және ол дәл қазір шабуылға төтеп беруіне тура келіп отырғандай кейбір сақтық пиғылда көрінді. Бірақ ол менімен ілтипатпен амандасты, ал оның бірінші сөздері де соншалық ілтипатты болды. Мен: «Капиталдың» авторының қолын қысу — мен үшін үлкен қуаныш және абырой дедім, ол Индия туралы сіздің мақалаларыңызды* сүйсініп оқыдым және олар туралы газеттердегі өз хабарларымда жақсы бағаладым деп жауап берді».

«Маркс либералдық партияның саясаты туралы, әсіресе Ирландия жөніндегі саясаты туралы ызалы ашумен айтқанда,— қарт күрескердің кішкентай, шүңірек көздері жайнап кетті, қалың қабағы түйіліп, жалпақ үлкен мұрны мен беті қыбырлап кетті, сөйтіп аузынан қызу, қатаң айыптаулар түйдек-түйдегі-

---

* Гайндман шовинизмге өзінің жақындағы бетбұрысына дейін ағылшын империализмінің үзілді-кесілді жауы болды және Индияда барлық партиялардағы ағылшындардың — «білімді» және «радикал» жазушы Джон Морлиге (Morley) дейін — атам заманнан даңқын шығарған масқаралық зорлық-зомбылықтарға, бассыздықтарға тонауларға, қорлауларға (саяси «қылмыстыларды» ұрып-соғуға дейін) қарсы әшкерелеу жөнінде 1878 жылдан бастап игілікті науқан жүргізді.

мен ағытылды; бұл сөздер маған оның қызу қанды бүкіл қажырлылығын да, ағылшын тілін тамаша білетіндігін де байқатты. Оны қатты ашу қысқанда оның сөйлеу тәсілі мен белгілі бір дәуірдің экономикалық оқиғаларына өзінің көзқарастарын баяндағандағы оның бүкіл бет әлпеті арасындағы айырма ғажап еді. Ол пайғамбар мен құдіретті трибунның ролінен сабырлы философтың роліне еш қиналмай-ақ көше білді, ал мен осы соңғы мәселелер саласында оның алдында өзімді ұстаз алдындағы шәкірт сияқты болуды қойғанымша ұзақ көп жылдар өтетінін бірден сездім.

Мен *«Капиталды»*, әсіресе оның ұсақ шығармаларын, Париж Коммунасы және «18 брюмер» туралы шығармаларын оқығанымда, экономикалық себептер мен әлеуметтік салдарларды әбден дәл және сабырлы зерттеуді таптарға, тіпті III Наполеон немесе Тьер сияқты жеке адамдарға қарсы ең қызу өшпенділікпен оның қалай ұштастыра білгені мені таңдандырды, ал Маркстің өз теориясы бойынша әлгі адамдар капиталистік дамудың Джаггернауттік арбасының доңғалақтарындағы шыбындардан үлкен емес-ті. Маркстің еврей екенін ұмытпау керек, сондықтан маған оның өзі, оның мінезі, оның тұлғасы — оның маңдайы кере қарыс, қалың қастары салыңқы болатын, көздері оттай жайнайтын, мұрны сезімтал жалпақ, аузы ептейлі еді, бет-аузын түгелдей сақал басып кеткен болатын,— өз нәсілінің ұлы пайғамбарларының ізгі ашу-ызасын, Спиноза мен еврей ғалымдарының сабырлы талдампаздық ақылын ұштастырған болып көрінді. Мұның өзі түрлі қабілеттіліктерді ғажайып ұштастыру еді, мен мұндай қасиетті ешбір адамнан кездестірген емеспін.

Біз Гирш екеуміз Маркстен шыққанымызда және мен бұл ұлы адамның өз басы жөнінде қатты толғанып келе жатқанымда, менен Гирш Маркс туралы не ойлайсың деп сұрады. «Менің ойымша,— деп жауап бердім,—ол — XIX ғасырдың Аристотелі». Алайда, мұны айтуын айтсам да, мен мұндай анықтаманың «предметті» түгелдей қамтымайтынын сол жерде-ақ ескерттім. Ең алдымен мынаны алайық: Маркстi Александр Македонскийдің орда қызметкері міндетін бірнеше ұрпақтарға күшті ықпал еткен терең ғылыми жұмыстармен ұштастыратын адам деп ойлауға болмайды. Ал оның үстіне, ертедегі асқан ұлы философқа тән салқын, жалаң баяндау түрінде фактілерді және олардың жағдайын қарау үшін Маркс адамзаттың тікелей мүдделерінен өзін ешқашан соншалық толық — ол туралы талай рет айтылғанына қарамастан — бөлген емес. Өзін қоршаған қанау мен жалдама құлдық системасына Маркстің өшпенділігі интеллектуалдық, философиялық өшпенділік қана емес, оның үстіне жеке басының ден қойған өшпенділігі екеніне ешқандай күмән болмау керек.

Бір жолы менің Маркске: мен үлкейген сайын неғұрлым көнбісті бола түсетін сияқтымын дегенім есімде. «Неғұрлым көнбісті?— деп жауап берді Маркс,— *неғұрлым* көнбісті?» Оның неғұрлым көнбісті болмайтындығы айқын болды. Менің ойым-

ша, өмірдің қазіргі бар тәртібіне деген Маркстің нақ осы терең өшпенділігі және оның өз дұшпандарын өлтіре сынауы дәулетті таптың білімді адамдарының көпшілігі тарапынан Маркстің ұлы шығармаларының бүкіл маңызын бағалауына кедергі жасады және Маркстi бұрмалап, оны «теріске шығаруға» әрекеттенгені үшін ғана Бем-Баверк сияқты үшінші қатардағы думшелер мен логомахтарды олар осындай қаһарман деп білді. Біз қазір, әсіресе Англияда, әрқашан да рапиралардың ұшына үлкен жұмсақ шарлар орнатып күресуге дағдыланып алдық. Маркстің қынабынан суырған шпагамен өзінің дұшпандарына ызамен тап беруі біздің джентельменше екіжүзді оқымысты дуэльшілер үшін әдепсіздік болып көрінеді, сондықтан олар мұндай рақымсыз айтысшының, капитал мен капиталистердің қаһарлы дұшпанының шын мәнінде заманымыздың ең терең ойшылы болғанына сене алмайды».

1880 жылы Маркс ағылшын жұртшылығына мүлде дерлік таныс емес еді. Ол кезде оның денсаулығы едәуір нашарлаған болатын, жұмысты көп істеу (тәулігіне 16 сағат және көбінесе ой еңбегімен шұғылдану!) оның организмін әлсіретті, докторлар оның кешкілікте жұмыс істеуіне тыйым салды, сондықтан мен — деп баяндайды Гайндман — 1880 жылдың аяқ кезінен 1881 жылдың басына дейін онымен әңгімелесу үшін оның бос уақыттарын пайдаландым.

«Біздің әңгімелесу тәсіліміз айтарлықтай ерекше болатын, Маркс таласқа қызғанда — ол теңіз кемесінің палубасында қыдырып жүргендей — оның бөлмеде ілгерілі-кейін тез жүру әдеті болатын. Ұзақ уақыт жолаушы жүрген кезімде (Америкаға, Австралияға, т. т. барғанда), әсіресе ойыма бірдемелер түскенде, ілгерілі-кейін жүру әдеті менде де пайда болған-ды. Сөйтіп осы заманның мәселелері мен өткен күндердің істерін талқылап, бөлменің ұзыны мен көлденеңін, столды айнала екі сағат, үш сағат кезіп жүрген ұстаз бен шәкіртті көруге болатын еді».

Гайндманмен талқылаған түрлі мәселелерге Маркстің көзқарасы қандай болғанын Гайндман *бір мәселе жөнінде де* азды-көпті толық айтпайды. Жоғарыда баяндалғаннан көрінетін нәрсе: Гайндман көбінесе және бірыңғай дерлік мәселенің *анекдоттық* жағына көңіл аударады: бұл оның кітабының барлық басқа мазмұнына сай келеді. Гайндманның өмірбаяны — ағылшынның буржуазиялық филистерінің, өз табында жақсының жақсысы болып, сайып келгенде социализмге қарай

өзіне жол ашатын, бірақ буржуазиялық дәстүрлерден, буржуазиялық көзқарастар мен соқыр сенімдерден ешқашан толық құтылмайтын филистердің өмірбаяны.

Маркс пен Энгельс «бейне демократиялық» Интернационалда «самодержецтер» болды деп, олар практиканы ұқпады, адамдарды білмеді, т. т. деп Маркс пен Энгельске қарсы филистерлік кінәларды қайталап, Гайндман бұл кінәлардың бірде-біреуіне тиісті кезеңдердің жағдайын дәл, нақты баяндау негізінде баға беруге бір рет те әрекет етпейді.

Марксистің тарихи талдауы емес, анекдот болып шығады. Маркс пен Энгельс герман социал-демократиясын біріктіру ісімен (лассальшылдармен[146]) күресті, ал бірігу керек-ақ еді! Гайндманның бар айтатыны осы. Лассаль мен лассальшылдарға қарағанда Маркс пен Энгельстің айтқандарының принциптік жағынан мың есе дұрыс екендігі жөнінде Гайндман бір сөз де айтпайды. Гайндман бұл мәселені тіпті көтермейді де. Тіпті Гайндман өзіне: Интернационал дәуірінде «демократизм» (ұйымдық) пролетарлық социал-демократия құрылысын іріткен буржуазиялық секталардың бүркеніші болмады ма екен деп сұрақ қойып та жатпайды.

Осыдан барып Гайндманның Маркспен ажырасуының тарихы да өсек-аяңнан басқа (Дионео мырзалардың рухында) мүлде ештеңе шықпайтындай етіп баяндалған. Көрдіңіз бе, Энгельс «ілікшіл, күдікшіл, қызғаншақ» адам болыпты-мыс, Маркстің әйелі Гайндманның әйеліне: Энгельс Маркстің «қатал данышпаны» (!!) болды депті-міс; Гайндман (Дионео мырзаның *«Русские Ведомостиде»* жазғанына қарамастан) Энгельсті тіпті ешқашан кездестірмеген, Энгельс «өзі жәрдем еткен (ақшамен; Энгельс өте бай, Маркс өте кедей болған) адамдары жөнінде өз ақшаларының толық айырбас құнын шығаруға» бейім болған; ол кезде бай адам болған Гайндман — Маркстің бай досы ретінде Энгельстің орнын алып қояды деп қорқып, Маркстi Гайндманмен Энгельс араздастырыпты-мыс!!

Нақ осындай адам айтқысыз пасықтықтарды көшіріп жазу либерал мырзалардың, әрине, жанына жағады. Зоргеге жазылған, Гайндманның өзі көрсетіп отырған,

хаттармен (Маркс пен Энгельстің хаттарымен)[147] ең болмаса танысып алу және керек жерін *түсініп алу* либерал шимайшыларға, әрине, мүлде қызықты емес! Олар бұл жөнінде ойластырып та жатпайды! Ал оның бер жағында бұл хаттардан мәлімет алу, оларды Гайндманның «мемуарларымен» салыстыру мәселені бірден шешіп береді.

Гайндман 1881 жылы «Баршаға ортақ Англия» деген кітапша шығарды; мұнда ол өте-мөте шатасқан буржуазияшыл демократ болып қала отырып, социализмге көшеді. Кітапша сол кезде пайда болған «Демократиялық федерация» (социалистік емес) үшін жазылған; ол федерацияда толып жатқан антисоциалистік элементтер болды. Сонымен, Гайндман өз кітапшасының екі тарауында «Капиталды» өзінше баяндап және көшіріп, алғы сөзінде *Марксті атамай,* өзі көптен-көп борышты болған бір «ұлы ойшыл және ешкімге ұқсамайтын жазушы» жайында бірдеңелерді айтады және т. т. Ал осы үшін,— дейді Гайндман,— Энгельс мені Маркспен «араздастырды», ол сонымен қатар Маркстің оған жазған бір хатын келтіреді (1880 жылғы 8 декабрьдегі)[148], мұнда Маркс, Гайндманның сөздері бойынша, ол, Гайндман, «менің (Маркстің) партиямның Англияға қатысты көзқарастарына қосылмайды» деп жазады.

Гайндман түсінбеген, байқамаған, бағаламаған алауыздықтың неде болғаны айқын: ол кезде Гайндман (1881 жылы 15 декабрьде Маркстің Зоргеге жазған хатында тұп-тура осылай дегеніндей) «жайсаң жанды ұсақ буржуазияшыл жазушы», «жартылай буржуа, жартылай пролетар» болды. Маркспен танысқан, онымен жақындасқан, өзін оның шәкіртімін деп атаған адам, кейіннен «демократиялық» федерация ұйымдастырып, ол үшін марксизмді бұрмалап, Марксті ауызға алмай кітапша жазса, онда Маркстің мұны «оршелене» наразылық білдірмей қалдыра алмағаны түсінікті. Ал, анығында, наразылық білдірілген болса керек, өйткені Маркс Зоргеге жазған нақ сол хатында Гайндманның кешірім сұраған хаттарынан үзінді келтіреді, Гайндман өзін былай деп ақтайды: «ағылшындар бұратаналардан үйренуді сүймейді», олар «Маркстің есімін соншалық

жек көреді» (!!) және т. т. (Гайндман өзі: Маркстің маған жазған хаттарының бәрін дерлік құртып жібердім деп хабарлайды, сондықтан бұл жағынан шындық ашылады екен деп күтуге болмайды.)

Расында, жақсы кешірім сұрағандық емес пе! Сонымен, Гайндманның Маркспен ол кездегі алауыздықтары туралы мәселе толық ашылып отырғанның өзінде, тіпті Гайндманның қазіргі бүкіл кітапшасының өзі оның көзқарастарында филистерлік пен буржуазиялық нәрсенің көп екенін (мысалы, Гайндманның қылмыстылар үшін өлім жазасын қорғайтын дәлелдері!) дәлелдеп отырғанның өзінде, Маркспен ажырасуып — Маркспен бірге қырық жыл бойы принципті бағыт жүргізген Энгельстің «әзәзілдіктерінен» деп түсіндіреді. Ал егер Гайндманның бүкіл кітабының қалған бөлегі түгелдей бір бөшке бал болғанның өзінде, осы бір қасық қарамайдың өзі... жеткілікті болар еді.

Маркстің Генри Джорджға берген бағасы туралы Гайндманның көрсетіп отырғанынан Маркс пен Гайндманның сол кездегі алауыздықтары өте ерекше айқындалып отыр. Бұл баға Маркстің 1891 жылы 20 июньде Зоргеге жазған хатынан белгілі. Гайндман Г. Джорджды Маркстің алдында: «басқа адамдардың ақиқатты толық баяндауы арқылы үйреткенінен гөрі, Джордж қателерді өзінің түсіндіре беруі арқылы көп нәрсе үйретеді» деген дәлелдермен қорғаған.

«Маркс,— деп жазады Гайндман,— мұндай дәлелдердің болатындығы туралы естігісі де келмейді. Қателерді тарату халыққа ешқашан да пайдалы болуы мүмкін емес, оның пікірі осындай болатын. «Қатені бекерге шығармай бұрынғыша қалдыру — интеллектуалдық арамдықты көтермелеу деген сөз. Джорджден асып түсетін он адамға, мүмкін, Джорджның көзқарастарында қалатын жүз адам келер, бұл үлкен қауіп, бұған тәуекел ету өте қауіпті»». Маркс осылай деді!!

Ал Гайндман бізге мынаны хабарлайды: бір жағынан, Гайндман Джордж туралы өзінің бұрынғы пікірін қазір де қорғайды, ал екінші жағынан, Джордж болса қолында бір тиындық шырағы бар бала еді, ол электр

прожекторы бар адамның қасында алаңғасарланып жүретін.

Тамаша салыстыру, тек... тек Гайндманның бұл тамаша салыстыруды Энгельс жөніндегі өзінің түкке тұрғысыз өсек-аяңымен қатар келтіруі тәуекел жасағандық еді.

«Звезда» № 31, 26 ноябрь, 1911 ж.
Қол қойған: Вл. Ильин

«Звезда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЛИБЕРАЛДЫҚ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫНЫҢ МАНИФЕСІ[149]

I

Н. Р—ковтың «Наша Заря» журналының 9—10-номеріндегі мақаласы нақ осындай атқа лайық.

Өрлеу жылдарында жұмысшы партиясына шын беріліп, жігермен қызмет еткен Н. Р — ков сияқты адамнан айрылу марксистерге қаншалық ауыр болғанымен, іс мүдделері қандай болса да жеке немесе фракциялық қатынастардан, қандай болса да «жақсы» естеліктерден жоғары тұруға тиіс. Іс мүдделері жаңа жойымпаздың манифесі өз көзқарастарының туралығымен, айқындығымен, толықтығымен үлкен пайда келтіретінін мойындауға мәжбүр етіп отыр. Н. Р — ков «екі партия» туралы аса маңызды және түбегейлі мәселені қандай болса да «жанжалды» материалдан *тысқары,* таза идеялық негізде, едәуір дәрежеде тіпті большевиктер мен меньшевиктер деп бөлуден тысқары қоюға мүмкіндік береді және мәжбүр етеді. Р — ковтан кейін жойымпаздық туралы *тек бұрынғыша* айта салуға болмайды, өйткені мәселені ол неғұрлым жоғары негізге біржолата көтеріп отыр. Сондықтан Р — ковтан кейін жойымпаздық туралы *айтып қана* қоюға болмайды, өйткені біздің алдымызда тікелей практикалық қимылдардың ең сындарлы жобасы жатыр, мұнан артық сындарлы жобаны ойлап табу қиын.

Н. Р — ков «Россиядағы негізгі объективті міндетті» баяндаудан бастайды, сонан соң революцияға баға беруге көшеді, бұдан әрі әрбір тап туралы айқын және дәл айта келіп, қазіргі кезеңді талдайды, сөйтіп жаңа

Россійская Соц.-Дем. Рабочая Партія

(Кружокъ Рабочей Газеты)

Въ понедѣльникъ 27-го ноября с. г.

SALLE de l'ALCAZAR, 190, avenue de Choisy

СОСТОИТСЯ РЕФЕРАТЪ

Н. ЛЕНИНА

„МАНИФЕСТЪ ЛИБЕРАЛЬНОЙ РАБОЧЕЙ ПАРТІИ“

1. Почему статья Н. Р-кова въ № 9-10 «Нашей Зари» заслуживаетъ такого названія и самаго внимательнаго разбора? Возможность разобрать вопросъ о двухъ линіяхъ рабочаго движенія и «двухъ партіяхъ» внѣ *всякаго* «конфликтнаго» матеріала, внѣ «склоки».

2. Типъ «соціальдемократа дней свободы». Буржуазные демократы въ марксистскомъ нарядѣ. Р-ковъ какъ образецъ; въ его статьѣ *сплошная* подмѣна марксизма либерализмомъ.

3. Роль крѣпостниковъ въ современной Россіи съ точки зрѣнія либераловъ (Р-ковъ) и марксистовъ. «Декабрьскія резолюціи» (1908 г.) Р. С.-Д. Р. П.

4. Отношеніе демократіи къ рѣшенію (Столыпинскому) аграрной проблемы «путемъ компромисса между разными группами буржуазіи».

5. Предстоитъ-ли Россіи «торжество весьма умѣреннаго буржуазнаго прогрессизма»?

6. Сравненіе современной Россіи и III-ей Думы съ Франціей 60-хъ годовъ XIX вѣка съ Законод. Корпусомъ и съ Пруссіей 80 годовъ.

7. Превратились-ли «старые лозунги» въ «мертвыя слова»?

8. Почему основываемое Р-ковымъ «Общество защиты интересовъ рабочаго класса» есть общество *либеральной* защиты по *либеральному* понимаемыхъ интересовъ рабочаго класса?

9. Пропорція: Ю. Ларинъ относится къ рабочему съѣзду, какъ Н. Р-ковъ относится къ легальной ликвидаторской партіи.

НАЧАЛО РОВНО ВЪ 9 ЧАС. ВЕЧЕРА

БИЛЕТЫ 3, 1 ФР. И 50 САНТ.

В. И. Лениннің 1911 ж. 14 (27) ноябрьде Парижде оқыған «Либералдық жұмысшы партиясының манифесі» деген рефераты туралы хабарландыру

Кішірейтілген

«ашық саяси жұмысшы қоғамының» бүкіл кескін-келбетін толығынан айқын суреттеумен аяқтайды, бұл «қоғамды» дереу құрып, «іс жүзіне асыру» қажет дейді. Бір сөзбен айтқанда, Р—ков ең басынан бастайды да, дәйекті түрде ең ақырына дейін жетеді; өз сөздері мен өз әрекеттері үшін байсалды саяси жауапкершілікті азды-көпті сезінетін адам осылай істеуге тиісті де. Сондықтан Р—ков жөнінде дұрысын айту керек: ол барынша дәйекті түрде, басынан аяғына дейін, марксизмді либерализммен ауыстырады.

Оның пайымдауының басталар жерін алып қараңыз. Ол «қазіргі кезеңде Россияның негізгі объективті міндеті — дөрекі-жыртқыштық, жартылай крепостниктік шаруашылық жүргізуді мәдени капитализммен біржолата ауыстырып бітіру» «мүлде күмәнсыз және даусыз» деп есептейді. Ал оның пікірінше, «қоғамдық дауылдардың болу мүмкіндігі жойылмағанмен де, бірақ таяу болашақта бұл дауылдардың қажетті, болмай қоймайтын дауылдар болып табылмайтын» жағдайға Россияның жеткен-жетпегендігі даулы нәрсе.

Біз мұның өзі мәселені таза либералдық тұрғыда қою екенін мүлде күмәнсыз және даусыз деп есептейміз. Либералдар «мәдени капитализм» бола ма әлде болмай ма, «дауылдар» бола ма әлде болмай ма дегенмен шектеледі. Марксист мұнымен шектелуге жол бермейді, ол азат болып келе жатқан буржуазиялық қоғамда осы азаттықтың, мысалы, «мәдени капитализм» дейтіннің белгілі бір саяси формаларын жасаудың белгілі бір, нақты анық бағытын *қандай таптардың немесе таптар жіктерінің* жүргізіп отырғанын талдауды талап етеді. Марксистер «дауылдар» кезінде де, дауылдар күмәнсыз жоқ кезде де өмірдің жалпы «мәдени» формаларын емес, шын демократиялық формаларын жасаудың либерализмнен принцип жағынан өзгеше бағытын жүргізеді. Либералдар өздерін таптан жоғары партия етіп көрсетуге тырысып: біздің бәріміз «мәдени капитализмге» ұмтыламыз дейді. Марксистер жұмысшылар мен бүкіл демократияға: біз либералдардың айтып отырғандарын «мәдениет» деп түсінуге тиіс емеспіз дейді.

«Біздің революцияның сәті түспеді деп ойлайтын» «үстірт бақылаушыларды» сынай келіп, Р—ков бізге марксизмді бұрынғыдан да неғұрлым айқын, дағдылы-«профессорлық» бұрмалауды ұсынып отыр. «Күйгелек интеллигенция,— деп жазады Р — ков,—әрқашан, барлық жерде күңкілдеп, сары уайымға салынды, сонан соң моральдық еңсе түсушілікке, ренегаттыққа, мистицизмге бой ұрды». «Реакцияның құтырынуларында көбінесе терең әлеуметтік өзгерістер байқалатынын», «реакция дәуірінде жаңа әлеуметтік топтар мен күштердің құрылып, жетілетінін» «ойлы бақылаушы» біледі.

Р—ков осылай пайымдайды. Оның «ренегаттық» туралы мәселені филистерлік дәрежеге дейін қоя білгені соншалық (ғылыми сөздермен болса да), Россиядағы контрреволюциялық пиғылдардың *белгілі бір* таптардың жағдайымен және мүдделерімен байланысы мүлде жоғалып кеткен. Бірде-бір вехишіл, ягни ең барып тұрған контрреволюцияшыл либерал реакция кезінде жаңа күштердің пісіп жетілетіндігіне қарсы дау айтпайды, жойымпаздық бес томдықтың —тәуір деген меньшевиктер бұдан теріс айналған — бірде-бір қызметкері бұған қол қоюдан бас тартпайды. Біздің контрреволюцияның нақты кескіні мен таптық сипатын біздің тарихшы жойып жіберді, ылғи интеллигенттердің күйгелектігі туралы, екінші біреулерінің ойлы бақылағыштығы туралы тозығы жеткен және бос сөздер қалды. Біздің революция түрлі таптар қимылдарының әр түрлі әдістері мен әр түрлі талпыныстарын қалай көрсетті және мұның өзі басқа буржуазиялық таптардың «мәдениет» жолындағы күресіне «ренегаттық» көзқарасты неге туғызды деген марксист үшін аса маңызды мәселені Р—ков елеусіз қалдырды.

Басты мәселеге көшейік: барлық таптардың жағдайына баға беруге сүйеніп, Р—ковтың кезеңге баға беруіне көшейік. «Біздің ірі жер иелерінің өкілдерінен» бастап, автор былай дейді: «Жақында олардың көпшілігі нағыз крепостниктер, кәдімгі дворян-помещиктер болған (болған!) еді. Қазір осылар, могиканның соңғы тұяқтары аз қалды. Олар әлі де болса кішкентай топ

болып, Пуришкевич пен Марков 2-ші мырзалардың төңірегіне топталып жүр және жанталасудың уымен уланған сілекейін талықсып (!) бүркіп отыр... Думада ұлтшылдар мен оңшыл октябристердің өкілдері болған біздің ірі жер иелерінің — дворяндар мен дворян еместердің —көпшілігі бірте-бірте және үздіксіз ауыл шаруашылық буржуазиясына айналып келеді».

Р—ковтың «кезеңге берген бағасы» осындай. Бұл бағаның өмір шындығын мазақ ету екенін айтудың керегі де жоқ. Іс жүзінде «Пуришкевич пен Марков 2-ші мырзалардың төңірегіне топталушы топ» әлсіз емес, қайта құдіретті. Россияның қазіргі қоғамдық және саяси мекемелері нақ сол топтың өктемдігі мен сол топтың табыстарын қамтамасыз етіп отыр, сайып келгенде бәрін де нақ сол топтың еркі шешеді, бюрократия дейтіннің қызметінің бүкіл бағытын және бүкіл сипатын төменнен жоғарыға дейін құрайтын элемент нақ сол топ болып табылады. Мұның бәрі жалпыға белгілі екені соншалық, Россияда нақ осы топтың үстемдік ету фактілері айқын әрі күнделікті екені соншалық, оларды ұмыту үшін ұшы-қиыры жоқ либералдық мәзмәйрамдыққа салыну керек. Р—ковтың қатесі сол — ол крепостниктік шаруашылықтың буржуазиялық шаруашылыққа «айналуын» күлкілі түрге дейін жеткізіп әсіреледі, бұл біріншіден, ал екіншіден, «ұсақ-түйекті»,— марксистің либералдан айырмашылығы болып табылатын «ұсақ-түйектің» дәл өзін,— атап айтқанда: саяси қондырманың шаруашылықтың қайта өзгеруіне бейімделу процесінің күрделілігі мен секірмелілігін ұмытқан. Р—ковтың осы қателерінің екеуін де түсіндіру үшін Пруссияны мысалға келтіру жеткілікті; мұнда осы кезге дейін, жалпы алғанда капитализм дамуының және жекелеп алғанда ескі помещиктік шаруашылықтың буржуазиялық шаруашылыққа айналуының анағұрлым жоғары дәрежеде екеніне қарамастан, Ольденбургтер мен Гейдебрандтар құдіретті болып қалып отыр, мемлекеттік өкіметті өз қолдарында ұстап отыр — былайша айтқанда, бүкіл Пруссия монархиясын, бүкіл Пруссия бюрократиясын өзінің әлеуметтік мазмұнымен толтырып отыр! Пруссияда осы кезге дейін, 1848

жылдан 63 жыл өткеннен кейін, капитализмнің адам айтқысыз тез дамуына қарамастан, ландтагтағы сайлау правосы Пруссия Пуришкевичтерінің бүкіл құдіреттілігін қамтамасыз ететін болып қалып отыр. Ал Р—ков болса, 1905 жылдан алты жыл өткеннен кейін Россия үшін Пуришкевичтер «әлсіздіктерінің» Аркадия рақатын суреттеп отыр!

Бірақ әңгіме нақ мынада: Аркадия рақатын суреттеу — пуришкевичтік өңі өзгерудің және «өте баяу буржуазиялық прогрессизм салтанатының» «үнемі болатындығы» жөнінде— Р—ковтың *барлық* пайымдауларының негізгі сарыны болып табылады. Оның қазіргі аграрлық саясат туралы пайымдауын алып қараңыз. Өңі өзгерудің (крепостниктік шаруашылықтың буржуазиялық шаруашылыққа айналуының), деп мәлімдейді Р—ков, осы саясаттан басқа «неғұрлым айқын және кең мысалы жоқ». Аралас танап жойылып отыр, ал «қара топырақты егіншілік 20 губернияда жер тапшылығын жою үлкен қиыншылықтар туғызбайды және қазіргі уақыттың кезекте тұрған таяудағы міндеттерінің бірі болып табылады, ол міндет, сірә, буржуазияның түрлі топтарының арасында келісімге келу арқылы шешілетін болар».

«Аграрлық мәселе жөнінде алда бейнеленіп отырған осы сөзсіз болатын келісімге келудің қазірдің өзінде бірқатар үлгілері бар...»

Р—ковтың саяси пайымдаулары әдісінің толық үлгісымағы, міне, осы. Ол ұшқарылықты жоюдан — ешбір мәліметтерсіз, жай ғана өзінің либералдық ақ көңілділігі негізінде жоюдан бастайды! Буржуазияның түрлі топтарының арасында келісімге келу қиын емес және болуы ықтимал деп жалғастырады. Мұндай келісімге келу «сөзсіз болады» деумен аяқтайды. «Дауылдардың» 1788 жылы Францияда да, 1910 жылы Қытайда да мүмкін еместігін және қажет еместігін осы әдіспен дәлелдеуге болар еді. *Егер* Марков 2-ші Р—ковтың тек бір ақ көңілдік қиялында ғана жойылып қойған жоқ деп *есептесек*, буржуазияның түрлі топтары арасында, әрине, келісімге келу қиын емес. Бірақ бұлай деп есептеу-

дің өзі — Марков 2-шілерсіз әрекет етуден қорқатын және жұрттың бәрі әрқашан қорқатын болады деп ойлайтын либералдың көзқарасына көшу деген сөз.

Әрине, егер (бірінші «егер») Марковтар болмаса, егер (екінші «егер») жұмысшылар мен күйзелуші шаруалар қатты саяси ұйқыға шомған болса, келісімге келу «сөзсіз болады». Бірақ қалай дегенмен мұндай жорамал жасау, екінші «егерді» қабылдау — тілеп отырған нәрсені (либерал үшін) шындық деп есептеу деген сөз емес пе?

II

Либералдық тілектерді немесе либералдық жорамалдарды шындық деп қабылдауға бейімдігіміз жоқтықтан, біз басқаша қорытынды жасадық: қазіргі аграрлық саясаттың буржуазиялық сипаты бар екені күмәнсыз. Бірақ жағдайға қожа болып алып, осы буржуазиялық саясатқа Пуришкевичтер бағыт беріп отырғандықтан, нақ сондықтан қайшылықтардың орасан зор шиеленісетіні соншалық, тым болмағанда, жақын уақытта келісімге келудің мүмкіндігі жоқ екенін тұп-тура мойындау керек.

Екінші бір маңызды әлеуметтік процесс — деп жалғастырады Р—ков өзінің талдауын—ірі өнеркәсіп және сауда буржуазиясының нығаю процесі. Кадеттер мен октябристердің «өзара кеңшілік етулерін» дұрыс көрсете отырып, автор мынадай қорытынды жасайды: «Жалған үміттерге берілмеу керек: өте баяу буржуазиялық «прогрессизмнің» салтанат құруы әзірленіп жатыр».

Қайдағы салтанат? кімнің үстінен салтанат құрады? Р—ков жаңа ғана айтқан IV Дума сайлауында ма? Егер осылай болса, онда мұның өзі 1907 жылғы 3 июньдегі сайлау заңы сияқты тар шеңберлерде «салтанат құру» болады. Ал бұдан сөзсіз екінің бірі шығады: не бұл «салтанат құру» ешқандай толқын туғызбай, Пуришкевичтердің іс жүзіндегі үстемдігінен тіпті де ештеңені өзгертпейді, не бұл «салтанат құру» жоғарыда көрсетілген «тар шеңберлермен» және Пуришкевичтердің үстемдігімен қатты қақтығыспай қоймайтын демократиялық өрлеуді жанамалап көрсетеді.

Баяу шеңберлерге қойылған сайлауда баяулықтың салтанат құруының екі жағдайында да өмірде баяулық титтей де салтанат құрмайды. Бірақ мәселе нақ мынада: үшінші июнь сайлауы мен өмірді шатастыруға өзіне мүмкіндік беретін «парламенттік кретинизмге» Р—ков қазірдің өзінде бой ұрып отыр! Осы адам сенгісіз фактіні оқушыға дәлелдеу үшін Р—ковтан толық цитат келтіруге тура келеді:

«Ал бұл салтанат құрудың ықтималдығы соншалық, «жарық астаудың» елесін пайымдауда тоғышарша жабығатын қалалық, ұсақ буржуазияның көпшілігі баяу прогрессизмнің соңынан шарасыз ереді. Ал губерниялық сайламшылар коллегиясында басым болып отырған жер иелерінің депутаттыққа шаруалардан—«оңшылдарды» сайлауына мүмкіндік беретін біздің сайлау жүйесінің ерекшелігі нәтижесінде, шаруалар сайлауда тым әлсіз. Егер әзірге жұмысшы табын былай қоя тұратын болсақ, Россияда қазіргі уақытта болып жатқан әлеуметтік өзгерістердің көрінісі осындай. Россия тоқыраудан немесе кейін шегіншектеуден аулақ. Жаңа буржуазиялық Россия, күмән жоқ, нығайып, ілгері басуда. 1907 жылғы 3 июньде белгіленген сайлау нормаларына негізделген Мемлекеттік дума консерваторлық ауыл шаруашылық буржуазиясымен қатар (Англия, тек сол ғана!) баяу прогресті өнеркәсіп және сауда буржуазиясының келешектегі үстемдігінің саяси шарты болып табылады. (Франциямен және Пруссиямен салыстыруға тоқтамаймыз, ол туралы төменде айтылады.) Сонымен, қазір айтылғанның бәрін қорыта келіп, Россиядағы буржуазиялық қоғамдық және мемлекеттік құрылыстың ілгері қарай сылбыр, бұқара үшін өте ауыр, бірақ дегенмен күмәнсыз жылжуының барлық алғы шарттары бар екенін мойындауға тура келеді. Дауылдар мен сілкіністердің болу мүмкіндігі, әлбетте, жойылған жоқ, бірақ ол мүмкіндік, революцияға дейін болғанындай, қажеттілікке, лажсыздыққа айналмайды».

Не айтатыны бар, тым дана философия. Егер шаруаларды «сайлауда әлсіз» болғандығынан шет қалдыратын болсақ, ал жұмысшы табын мүлде «әзірге шет қалдыра тұратын болсақ», онда, әлбетте, дауылдардың болу мүмкіндігі мүлде жоқ! Бірақ бұл мынаған келіп тіреледі: егер Россияға либералша қарасақ, онда либералдық «прогрессизмнен» басқа ештеңені көруге де болмайды. Либералдық көзілдіріктеріңізді алыңыздар, сонда көрініс басқаша болады. Шаруалар өмірде 3 июнь сайлау жүйесіндегі рольден мүлде басқаша роль атқа-

ратындықтан, «сайлаудағы әлсіздік» «баяу прогрессизмге» тіпті де есік ашпайды, қайта барлық шаруалар мен бүкіл системаның арасындағы қайшылықты шиеленістіре түседі. Жалпы алғанда капиталистік елде де, жекелеп алғанда XX ғасырдың алғашқы 10 жылын басынан кешірген Россияда да жұмысшы табын «шет қалдыруға» *болмайды,* сондықтан Р—ковтың пайымдауы түк кәдеге аспайды. Бізде Гучковтар мен Милюковтардың күңкілдеуімен баяулап отырған пуришкевичшілдік (III Думада да, III Думаға да) үстем болып отырғандықтан, баяу-прогрестік буржуазияның «келешектегі үстемдігі» туралы сөздер жай либералдық әлди ғана. Гучковтар мен Милюковтар өздерінің таптық жағдайының әсерінен Пуришкевичтердің үстемдігіне күңкілдеуден басқа ештеңені қарсы қоя алмайтындықтан, жаңа буржуазиялық Россияның Пуришкевичтермен жанжалдасуы сөзсіз, ал либералдардың ізінше Р—ков кімдерді «шет қалдырып отырса», солар ол жанжалдың қозғаушы күштері болып табылады. Атап айтқанда, Милюковтар мен Гучковтар Пуришкевичтердің алдында жарамсақтану ісінде «өзара кеңшілік жасап» отырғандықтан, демократияны либерализмнен айыра білу міндеті жұмысшыларға барған сайын қатты жүктеліп отыр. Н. Р—ков Россияда дауылдардың пайда болу шарттарын да, қазір көрсетілген, дауыл әсте жоқ кезде қажетті болатын міндетті де түсінбеген.

Тұрпайы демократ барлық істі дауыл бар ма әлде жоқ па дегенге әкеп тірей алады. Марксист үшін таптардың саяси межеленуінің бағыты туралы, дауыл кезінде де, дауылсыз кезде де *бірдей* болатын бағыты туралы мәселе бірінші кезекте қойылады. Егер Р—ков «демократиялық құрылыс жолындағы күресте жұмысшылар саяси гегемондық міндетін өз мойнына алуға тиіс» деп отырса, онда бұл оның өз манифесінде жазғандарының бәрінен кейін тура күлкілі нәрсе. Бұл былай деген сөз: Р—ков гегемондық жұмысшылардікі деп мойындау туралы буржуазиядан қолхат алады, ал өзі гегемондықтың мазмұны болып табылатын міндеттерден жұмысшылар бас тартады деп, буржуазияға қолхат береді! Р—ков бұл мазмұнды ақырына дейін сыпырып тастады,

ал сонан соң бос сөзді аңғырттықпен қайталап отыр. Р — ков әуелі кезеңге баға береді, бұл бағадан өзі үшін либералдардың гегемондығы — болған, бұлтартпас, жеңілмейтін факт екені көрініп отыр, ал содан соң жұмысшы табының гегемондығын өзінің мойындайтынына бізді сендірмек болады!

Думаның «нақты» маңызы,— деп пайымдайды Р — ков,— «екінші империяның соңғы жылдарындағы француз Заң шығару корпусының маңызынан кем емес немесе герман рейхстагы мен Пруссия ландтагының арасындағы, өткен ғасырдың 80-жылдарындағы Пруссияға тән орта пропорциялықтың маңызынан кем емес».

Мұндай салыстыру — тарихи параллельдерді ойыншық етудің үлгісымағы, бұл мейлінше шалағайлық. 60-жылдардағы Францияда буржуазиялық революциялар дәуірі әлдеқашан-ақ толық біткен болатын, пролетариаттың буржуазиямен тікелей шайқасуы таяу тұрған болатын, бонапартизм осы екі таптың арасында өкіметтің бұлталағы болды. Мұны қазіргі Россиямен салыстыру күлкі келтіреді. III Дума 1815 жылғы Chambre introuvable-ге[150] көбірек ұқсас! Біз 80-жылдардағы Пруссиядан да 1870 жылға қарай өз ісін аяқтаған буржуазиялық революцияның толық біткен дәуірін көреміз: бүкіл буржуазия, қалалық ұсақ буржуазия мен шаруа буржуазиясына дейін, қанағаттанған және реакцияшыл.

Бәлкім, Р—ковқа демократияның және пролетариаттың Заң шығаратын корпус пен рейхстагтағы депутаттарының рөлін III Думадағы осындай депутаттардың рөлімен салыстыру елестеген шығар? Мұндай салыстыру мүмкін нәрсе, бірақ ол Р—ковқа тура қарсы шығады, өйткені Гегечкоридің, ішінара Петров 3-шінің де* әрекеті олардың өздері өкілдері болып отырған таптардың күшін, өзіне сенетіндігін және күреске әзір екендігін дәлелдейді; сондықтан Пуришкевичтермен «келісімге келу» мүмкін еместігі былай тұрсын, сонымен қатар тіпті болмайтын нәрсе.

* «Марксизм және жойымпаздық» деген жинақта «Гегечкоридің, ішінара Петров 3-шінің де» деген сөздер «социал-демократ депутаттардың, ішінара трудовиктердің де» деген сөздермен алмастырылған. *Ред.*

III

Р — ковтың таптардың роліне берген бағасына ерекше егжей-тегжейлі тоқталу керек еді, өйткені біздің сөзсіз ажырасуымыздың идеялық негіздері нақ осында. Р — ковтың дұрысын айтқанда сирек кездесетін жүректілікпен және туралықпен жасап отырған практикалық қорытындылары бәрінен де гөрі автордың «теориясын» сандыраққа дейін жеткізуі ретінде қызық. Р — ковтың жұмысшылардың ашық саяси ұйымының мүмкіндігі туралы мәселені кезеңге баға берумен, саяси құрылыстың түбегейлі өзгерістеріне баға берумен байланысты қоюы, әрине, мың мәрте дұрыс. Бірақ қырсықтың өзі сол, *өмірдегі* осындай өзгерістердің орнына ол бізге «мәдени капитализмге» көшу жұмысшылардың ашық саяси ұйымының қажеттігін «көздейді» деген жайсаң жанды профессорлық силлогизмдерді ғана ұсына алады. Мұндай нәрсені қағазға жазу оңай, бірақ өмірде орыстың саяси құрылысы бұдан титтей де «мәдениетті» болмайды.

«Ең баяу прогрессизмнің өзі қазіргі болып отырған тым тар шеңберлерді, күмән жоқ, кеңейтуге тиіс». Кадеттердің IV Думадағы прогрессизмі — деп жауап береміз біз бұған — тіпті де кадеттік емес элементтер Думадағыша емес, тіпті басқаша қимылдамайынша, ештеңені «кеңейтуге» тиіс емес және «кеңейте» алмайды.

«Мұндай ұйымсыз,— дейді Р — ков жұмысшылардың ашық және кеңейтілген саяси ұйымы туралы,— жұмысшы табы үшін ғана емес, мәдениетті буржуазия үшін де күрестің зиянды анархистік сипат алуы сөзсіз болар еді».

«Керемет сөзді» түсіндірмемен нашарлатпау үшін біз бұл сөйлемнің соңғы бөліміне тоқталып жатпаймыз. Ал бірінші бөлімі тарихи жағынан теріс: «ашық және кеңейтілген» саяси ұйым болмаса да, 1878—1890 жылдары Германияда анархизм болған жоқ.

Содан соң, Р—ковтың ашық жұмысшы саяси «ұйымының» нақты жоспарын ұсынуы және «жұмысшы табының мүдделерін қорғаудың саяси қоғамын» құрудан бастауды ұсынуы мың мәрте дұрыс,— мына мағы-

нада алғанда дұрыс: «ашық» партияны ашу жөнінде қарапайым және табиғи қадам жасамай жатып, *«ашық»* партияның мүмкіндігі туралы айлар, жылдар бойы тек бос сөзуарлар ғана мылжыңдай алады. Р—ков сөз адамы емес, іс адамы ретінде басынан бастап, ақырына дейін жетіп отыр.

Бірақ оның «ісі»—*либералдық* іс, оның «көтеріп» отырған «туы» (цитат келтіріліп отырған мақаланың 35-беті)—либералдық жұмысшы саясатының туы. Р—ков негізін салатын қоғамның программасында «өндіріс құрал-жабдықтарына қоғамдық меншіктің болуы негізінде жаңа қоғам құру», т. т. бар екендігіне мұқтаждық жоқ. Іс жүзінде осы ұлы принципті мойындау неміс социал-демократтарының бір бөлегінің 60-жылдары «корольдік-пруссиялық жұмысшы саясатын» жүргізуіне кедергі жасаған жоқ. Рамсей Макдональдтың (социализмге «тәуелсіз» ағылшын жұмысшы партиясының көсемінің) либералдық жұмысшы саясатын жүргізуіне кедергі жасамай отыр. Ал Р—ков біздің таяудағы міндеттер, қазіргі дәуірдің саяси міндеттері туралы айта келіп, нақ либералдық принциптерді жүйелі түрде баяндап берді. Р—ков «көтеріп» отырған «туды» Прокопович, Потресов, Ларин және т. б. мырзалар әлдеқашанақ көтерген-ді, сондықтан бұл ту «көтеріле» түскен сайын, оның тозығы жеткен, лас либералдық шүберек екені жұрттың бәріне және әрбір адамға айқын бола түседі.

«Мұнда титтей де утопия жоқ»,— деп сендірмек болады Р—ков. Авторға белгілі нақыл сөзді басқаша құрып жауап беруге тура келеді: сен үлкен утописсің, бірақ сенің утопияң кішкентай. Шынында, көрер көзге шалағай нәрсеге әзілмен жауап бермейінше, басқаша жауап беру, бәлкім, шалағайлық болар еді. Мүлде бейбіт, тәртіпті, саяси емес кәсіптік одақтар жабылып жатқан дәуірде ашық саяси жұмысшы қоғамын құруды утопиялық емес деп есептеу керек көрінеді! Таптардың роліне берілген либералдық бағаны «а» деп бастап, «зетке» дейін жаза отырып, мұнда жаңғыртылған толмачевшылдықтың режиміне түсушілік жоқ деп сендіру керек көрінеді! «Бұл арада ешқандай күштеу уағыздалмай-

ды,—деп тыраштанады мейірімді Р—ков,—күшпен төңкеріс жасаудың қажеттігі туралы бір сөз де айтылған жоқ, ойға да алынған жоқ, шынында да бұл қажеттіліктің болмауы мүмкін. Егер біреу-міреу реакциялық ақылсыздықпен адасып, мұндай «қоғамның» мүшелерін күштеп төңкеріс жасауға ұмтылу жөнінде айыптағысы келсе, мұндай мағынасыз, негізсіз, заң жағынан түкке тұрғысыз айыптаудың бүкіл салмағы айыптаушының өз басына түскен болар еді»!

Н. Р—ков әдемі жазады! Мүлде П. Б. Струве мырзаның 1901 жылы земствоны қуушылардың «басына» соншалық қорқынышты найзағайларды жарқылдатқаны сияқты[151]. Көрініс: Н. Р—ков өзін айыптаушы Думбадзеге: менде қазір ешқандай «ой» жоқ болғандықтан, заң жағынан түкке тұрғысыз айыптаулардың салмағы Думбадзелердің өздерінің басына түседі деп дәлелдейді. Иә, иә, бізде парламент әлі жоқ, ал парламенттік кретинизм қанша керек болса, сонша бар. Егер жиналғандар олардың жиналыс ашуынан бұрын қатеден түрлі жайлы орындарға жіберіліп қоймаса... марксист Гегечкори* немесе тіпті марксист емес, бірақ адал демократ Петров 3-ші сияқты мүшелер жаңа қоғамнан, сірә, бірінші жалпы жиналыстың өзінде-ақ дереу шығарылып тасталар еді.

«Наша Заряның» «жойымпаздары» Р—ков бізге қосылды деп қуанды. Масайраған жойымпаздар жойымпаз болған Н. Р—ковтың оларға деген құшағының ыстықтығын жете бағаламаған. Ал бұл құшақтың ыстықтығы және күштілігі соншалық: Ю. Лариннің ыстық құшағында жұмысшы съезінің тұншыққаны сияқты, Р—ковтың ыстық құшағында жойымпаздықтың тұншығатынына кепілдік беруге болады. Ю. Ларин бұлай қан шығармай өлтіруді оның кітапшасынан кейін жұрттың — шынында ұяттан қорқып — жұмысшы съезінің идеясын қорғаудан сақтана бастауымен жай ғана тұншықтыру арқылы істеді. Жойымпаздықтың «Наша Заряда» Р—ков жариялаған жаңа «манифесінен» кейін

---

* «Марксизм және жойымпаздық» деген жинақта «марксист Гегечкори» деген сөздер «марксистер Покровский мен Гегечкори» деген сөздермен ауыстырылған. *Ред.*

журт — шынында ұяттан қорқып — ашық жойымпаздық партияның идеясын қорғаудан сақтана бастайды.

Ал бұл идеяда — ақырында Р—ковпен бірдеме жөнінде болса да келісу керек қой! — утопия еместіктің «ұштығы» бар. Құрметтім, өзіңіздің профессорлық көзілдірігіңізді алыңызшы, сонда сіз өзіңіз «іс жүзіне асырғыңыз» келіп отырған (сіздің кеңестеріңіздің салмағы Мымрецовтардың[152] «басына түскеннен» кейін) «қоғамның» *бұдан екі жыл* бұрын-ақ *жүзеге асырылғанын* көресіз. Ал сіз қазірдің өзінде сол қоғамның ішіндесіз! Осы «жұмысшы табының мүдделерін қорғау қоғамы» дегеніңіздің өзі (баспаханалық жиынтық ұғым ретінде емес, идеялық коллектив ретінде) *«Наша Заря»* журналы. Жұмысшылардың ашық және кеңейтілген ұйымы дегеніміз утопия, бірақ оппортунистік интеллигенттердің «ашық» және бүкпесіз журналдары мүлде утопия емес, мүлде, мүлде утопия емес. Жұмысшы табының мүдделерін олар өздерінше қорғайды, оған дау жоқ, бірақ олардың «қоғамы» — жұмысшы табының либералша түсінілетін мүдделерін либералдық қорғаудың қоғамы, мұны марксист болудан қалмаған адамның қай-қайсысы болсын көзбе-көз көреді.

«Звезда» № 32, 3 декабрь, 1911 ж.
Қол қойған: Вл. Ильин

«Звезда» газетінің мына жинақтың текстімен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр: «Марксизм және жойымпаздық», 1914 ж.

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

«САЯСИ ЭКОНОМИЯ НЕГІЗДЕРІ» КУРСЫ БОЙЫНША ЛЕКЦИЯНЫҢ ЖОСПАРЫ

IV ЛЕКЦИЯ

1. Өзіне тарихи ізашар болған басқа өндіріс әдістерімен салыстырғанда капиталистік өндіріс әдісінің мәні.
2. Таптық езгі бардағы ұқсастық және тап күресінің формалары мен жағдайларындағы айырмашылық.
3. Жұмыс күнінің ұзақтығынан жұмысшының капиталиспен күресі. «Жұмыс күші» товарын сату шарттары. Абсолютті және относительді қосымша құн өндіру.
4. «Жұмыс күші» товарын тұтынудың «қалыпты» жағдайлары жұмысшының капиталиске қарсы күресі арқылы анықталады.
5. Жұмыс күнін қысқарту жолындағы күрес тарихындағы стачкалық күрес, кәсіптік одақтар және фабрикалық заң шығару.
6. Жұмыс күнін қысқарту ісіндегі ең жаңа тарихтың (XIX—XX ғасыр) жарты ғасырлық дәуірінің кейбір қорытындылары. Каутскийдің «Мәліметі»[153]. «Әлеуметтік прогрестің» түкке тұрғысыздығы.

1911 ж. 27 январьдан (9 февральдан) ертерек жазылған

1911 ж. Парижде Әлеуметтік ғылымдар курсының Ұйымдастыру комиссиясы стеклографта листовка етіп басып шығарған

Листовканың тексті бойынша басылып отыр

«ЛИБЕРАЛДЫҚ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫНЫҢ МАНИФЕСІ» ДЕГЕН РЕФЕРАТТЫҢ ЖОСПАРЫ

1. Н. Рожковтың «Наша Заряның» 9—10-номеріндегі мақаласы осылай атауға және мейлінше мұқият талдауға неліктен лайық? Жұмысшы қозғалысының екі бағыты және «екі партия» туралы мәселені «жанжалды» материал *атаулыдан* тыс, «кикілжіңнен» *тыс* талдаудың мүмкіндігі.

2. «Бостандық күндері социал-демократының» типі. Марксист атын жамылған буржуазияшыл демократтар. Рожков үлгі ретінде; оның мақаласындағы марксизмді либерализммен *түгелдей* ауыстыру.

3. Либералдар (Рожков) мен марксистердің көзқарастары тұрғысынан алғанда қазіргі Россиядағы крепостниктердің ролі. РСДРП-ның «декабрьдегі қарарлары» (1908 ж.).

4. Аграрлық проблеманы «буржуазияның әр түрлі топтары арасындағы келісімге келу жолымен» шешуге (столыпиндік жолмен шешуге) демократияның көзқарасы.

5. Россияда «тым баяу буржуазиялық прогрессизм салтанат құра ма»?

6. Қазіргі Россия мен III Думаны XIX ғасырдың 60-жылдарындағы Заң шығару корпусы бар Франциямен және 80-жылдардағы Пруссиямен салыстыру.

7. «Ескі ұрандар» «өлі сөздерге» айналды ма?

8. Рожков негізін салмақшы болып отырған «Жұмысшы табының мүдделерін қорғау қоғамы» жұмысшы та-

бының либералша түсінілетін мүдделерін либералдық қорғаудың қоғамы болатыны неліктен?

9. Пропорция: Н. Рожков жария жойымпаздық партияға қалай қарайтын болса, Ю. Ларин де жұмысшы съезіне солай қарайды.

1911 ж. 14 (27) ноябрьден ертерек жазылған

1911 ж. ноябрьде реферат туралы «Рабочая Газета» үйірмесі шығарған хабарландыруда басылған

Хабарландырудың тексті бойынша басылып отыр

В. И. ЛЕНИННІҢ
ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

ЕСКЕРТУЛЕР

КӨРСЕТКІШТЕР

В. И. ЛЕНИННІҢ
ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

В. И. ЛЕНИННІҢ ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

(Ноябрь, 1910—ноябрь, 1911)

1910 ж.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК БЮРОНЫҢ СЕКРЕТАРЫ К. ГЮИСМАНСҚА ЕКІ ХАТ

В. И. Лениннің 1910 жылы 9 (22) ноябрьде Г. В. Плехановқа жолдаған хатында К. Гюисмансқа жазылған хаттардың біреуі туралы мынадай дерек бар: «Халықаралық социалистік бюродан мен *тек қана* ақша туралы—яғни Халықаралық социалистік бюроға жаратуға біздің партияның төлейтін жарналары туралы бар болғаны бір-ақ қағаз алдым. Оны Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының кассиріне табыс еттім де, Гюисмансқа жарна туралы Орталық Комитетке хабарладым деп жауап бердім» (Шығармалар, 36-том, 154-бет).

Екінші хат 1910 жылы 5 (18) декабрьде жазылған. 1911 жылы 21 январьда (3 февральда) Ленин Г. В. Плехановқа былай деп жазды: «Мен 18 декабрьде Сізге Гюисманстың хатын және өз жауабымның жобасын жібергенмін» (Шығармалар, 36-том, 155-бет). Лениннің хаты, сірә, ол 1910 жылы 4 (17) декабрьде алған Халықаралық социалистік бюроның 1910 жылы 15 декабрьде II Интернационал партияларына жолдаған нұсқау хатына жауап болса керек, бұл нұсқау хатқа Ленин белгілер соққан (қараңыз: Лениннің XXV жинағы, 258—261-беттер).

«СОВРЕМЕННЫЙ МИР» ЖУРНАЛЫНЫҢ РЕДАКЦИЯСЫНА ЖОЛДАНҒАН МАҚАЛА

Бұл мақала туралы В. И. Ленин 1910 жылы 21 декабрьде (1911 жылы 3 январьда) М. Т. Елизаровқа былай деп жазды: «Мақаланы «Современный Мирге» жібердім, бірақ сірә онда да қиыншылықтар болса керек; бірнеше аптадан бері жауап жоқ» (Шығармалар, 37-том, 407-бет). В. И. Лениннің туған-туысқандарына жазған, 1930 жылы «Пролетарская Революцияның» 4-номерінде жарияланған хаттарына алғы сөзінде

А. И. Ульянова-Елизарова бұл факт жөнінде былай деп еске алады: «1911 жылы «Современный Мирде» Владимир Ильичтің ешқандай мақаласы басылмағаны мәлім, бірақ сол жылы журнал редакциясы оның мақаласын талқылаған, мұны В. Д. Бонч-Бруевич нақты растайды. Ол тек қана бұл мақаланың тақырыбы қандай және кейін оның не болғанын есіне түсіре алмады» (128-бет).

1911 ж.

М. А. УЛЬЯНОВАҒА ХАТТАР

В. И. Лениннің 1911 жылы 6 (19) январьда анасы М. А. Ульяноваға жазған хатында хат-хабар алысып тұрғандығы туралы дерек бар: «Соңғы хаттарымның бірінде кітапты да, мақаланы да жайғастырудың реті келмей тұр, деп жазғанмын. Бірақ соңғы хатымда мақаланы қабылдайды деседі, деп жаздым да» (Шығармалар, 37-том, 409-бет).

«МЫСЛЬ» ЖУРНАЛЫНЫҢ РЕДАКЦИЯСЫНА ХАТТАР

Бұл хаттар туралы «Мысль» журналы редакциясының 1911 жылы 11 (24) январьда В. И. Ленинге жазған хатында дерек бар (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві). Хаттарда журналды шығаруға және номерлерінің мазмұнына байланысты мәселелер сөз болады.

Н. А. РОЖКОВҚА ХАТ

Бұл хат туралы Г. Е. Зиновьевтің 1911 жылы 21 апрельде (4 майда) Н. А. Рожковқа жазған хатынан мәлім (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві). Лениннің хаты Рожковтың «Социал-Демократтың» редакциясына жолдаған «Қажетті бастама» деген мақаласына байланысты жазылған, мақалада автор столыпиндік режим жағдайында кеңейтілген жария жұмысшы партиясын құрудың жойымпаздық жоспарын дамытқан болатын.

М. В. ОЗОЛИНГЕ ХАТ

Хат 1911 жылы 17 және 20 майдың (30 май мен 2 июньнің) аралығында жазылған. Ол жөнінде М. В. Озолиннің 20 майда (2 июньде) Г. Е. Зиновьевке жазған хатында дерек бар (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві). Лениннің хатында Парижде

РСДРП Орталық Комитеті мүшелерінің июнь кеңесін әзірлеуге және оған латыш социал-демократиясының өкілі ретінде Озолиннің қатысуына байланысты мәселелер сөз болған.

ПАРТИЯ ІШІНДЕГІ ІСТІҢ ЖАЙЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА

В. И. Ленин баяндаманы 1911 жылы 19 және 23 май (1 және 5 июнь) аралығында РСДРП Орталық Комитеті мүшелерінің алдағы болатын кеңесіне (июнь кеңесіне) байланысты жазған. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде осы баяндаманың Ф. Э. Дзержинскийдің қолымен жазылған көшірмесі сақтаулы (қараңыз: осы том, 283—288-беттер).

ШЕТЕЛДІК ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИССИЯСЫНА ХАТ

Шетелдік ұйымдастыру комиссиясының құрамы туралы мәселе жөнінде РСДРП Орталық Комитеті мүшелерінің июнь кеңесінен кейін пайда болған алауыздықтарға байланысты кеңеске қатысушыларға сұрау қойылды. Шетелдік ұйымдастыру комиссиясының 1911 жылғы 6 (19) июньдегі мәжілісінің протоколында мынадай жазба бар: «Ұйымдастыру комиссиясының сұрауына Ленин жолдастың жауабы оқылады» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

«ЗВЕЗДА» РЕДАКЦИЯСЫНА ХАТ

Бұл хат жөнінде дерек «Звезда» газеті редакциясының мүшесі И. Гладневтің (С. М. Закстің) 1911 жылы 11 (24) июньде «Социал-Демократ» газетінің редакциясына жазған хатында кездеседі. Лениннің хатында «Звезда» газетінің финанс істері туралы мәселе сөз болған (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

БЕЛГІСІЗ БІРЕУГЕ ХАТ

Хат 1911 жылы июль мен декабрьдің аралығында жазылған. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде осы хаттың 26-беті сақтаулы, онда мынадай текст бар: «...партияның Орталық Органы. Мен мұны редакцияның бүкіл құрамына хатты хабарлап үлгірермін деген үмітпен жазған болатынмын. Өкінішке орай, редакцияның сапарда жүрген, қазір жоқ мүшесі — полякқа хабарлау үшін қазірдің өзінде уақыт жоқ болып шықты. Сондықтан Орталық Орган редакциясынан ресми түрде өткізілме-

ген бұл хатты Орталық Орган редакциясы *көпшілігінің,* атап айтқанда оның үш мүшесінен 2 мүшесінің: Ленин мен Зиновьевтің көзқарасын ғана білдіреді деп есептеу керек».

ЛАТЫШ ӨЛКЕСІ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯСЫНЫҢ СЪЕЗІНЕ ХАТ

Орталық Орган редакциясының атынан Лениннің Латыш өлкесі социал-демократиясының алдағы болатын съезіне хат жолдағаны «Социал-Демократ» газеті редакциясының мүшесі В. Л. Ледердің Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы Бас басқармасына 1911 жылы 30 августа (12 сентябрьде) жазған хатынан мәлім. Ленин бұл хатында жойымпаздықпен күреске съездің назарын ерекше аударған (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Г. Л. ШКЛОВСКИЙГЕ ТЕЛЕГРАММА

Бернге жіберілген бұл телеграмма жөнінде Ленин 1911 жылы 13 және 15 (26 және 28) сентябрь аралығында Г. Л. Шкловскийге жазған хатында былай дейді: «Сіздің хатыңызды алып, телеграммамен жауап қайырдым» (Шығармалар, 36-том, 166-бет). Сірә, телеграммада В. И. Лениннің Бернде «Столыпин және революция» деген тақырыпта оқитын рефераты жайында сөз болса керек.

И. А. ПЯТНИЦКИЙГЕ ХАТ

Хат 1911 жылы 19 октябрьде (1 ноябрьде) жазылған. Ленин Пятницкийге партия конференциясын әзірлеу үшін Прагаға жүріп кетуді ұсынған бұл хат жөнінде дерек Пятницкийдің естеліктерінде кездеседі: «Ноябрьдің бас кезінде мен Ильичтен асығыс хат алдым, онда маған дереу Прагаға жүріп кету және онда партия конференциясы үшін бәрін әзірлеп қою ұсынылған еді. Нақ осы хатта чех социал-демократы Немецке Ильичтен жазба бар еді» (О. Пятницкий. Большевиктің жазбалары. М., 1956, 157-бет).

ШВЕЦИЯДАҒЫ ШАРУАЛАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ МАҚАЛА

Мұндай мақаланың болғаны жөнінде А. Ю. Финн-Енотаевский 1911 жылы 30 октябрьде (12 ноябрьде) «Социал-Демократтың» редакциясына жазған хатында еске алады. Хатта журнал шы-

ғару көзделіп отырғаны жөнінде хабарланады, оның бірінші номері 1911 жылы 10 (23) декабрьде шығуға тиіс еді. «Егер келіссеңіздер, дереу мақала дайындаңыздар,—делінген хатта.— Ильичте Швециядағы шаруалар туралы бар... Соны берсін» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

В. И. ЛЕНИН РЕДАКЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСҚАН БАСЫЛЫМДАР МЕН ЕҢБЕКТЕРДІҢ ТІЗІМІ

«СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТ» ГАЗЕТІ

№ 18 —16 (29) ноябрь, 1910 ж.
№ 19 — 20 — 13 (26) январь, 1911 ж.
№ 21 — 22 — 19 март (1 апрель), 1911 ж.
№ 23 — 14 (1) сентябрь, 1911 ж.
№ 24 — 18 (31) октябрь, 1911 ж.

«РАБОЧАЯ ГАЗЕТА»

№ 2 — 18 (31) декабрь, 1910 ж.
№ 3 — 8 (21) февраль, 1911 ж.
№ 4 — 5 — 15 (28) апрель, 1911 ж.
№ 6 — 22 сентябрь (5 октябрь), 1911 ж.

«МЫСЛЬ» ЖУРНАЛЫ

№ 1 — декабрь, 1910 ж.
№ 2 — январь, 1911 ж.
№ 3 — февраль, 1911 ж.
№ 4 — март, 1911 ж.
№ 5 — апрель, 1911 ж.

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ШЕТЕЛДЕ ЖҮРГЕН МҮШЕЛЕРІНЕ ХАТТЫҢ БАСТАПҚЫ НҰСҚАСЫ

РСДРП Орталық Комитеті мүшелерінің кеңесін әзірлеуге байланысты 1911 жылы 12 (25) апрельде жазылған бұл документте В. И. Лениннің түзетулері бар (қараңыз: Лениннің XXV жинағы, 78—79-беттер).

В. И. ЛЕНИН ЖАЗҒАН БОЛУЫ ЫҚТИМАЛ ЕҢБЕКТЕРДІҢ ТІЗІМІ

«ЕГІННІҢ ШЫҚПАЙ ҚАЛУЫ ЖӘНЕ СТОЛЫПИНДІК РЕЖИМ»

Мақала 1911 жылы 1 (14) сентябрьде «Социал-Демократ» газетінің 23-номерінде қол қойылмай, бас мақала ретінде жарияланды.

Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы Бас бас қармасына 11 (24) августа жазған хатында В. Л. Ледер В. И. Лениннің Орталық Органның 23-номерінде жариялауға арналған үш мақаласы туралы хабарлайды. «Орыс социал-демократиясындағы реформизм» және «Столыпиндік «жұмысшы» партиясының лагерінен (Біздің «бітістірушілер» мен «келісімпаздарға» арналады)» деген екі мақаланы Лениннің жазғаны мәлім (қараңыз: осы том, 332—346, 347—349-беттер). Үшінші мақала туралы Ледер былай деп жазады: «... 1) Лениннің Россиядағы жалпы жағдай туралы (егіннің шықпай қалуына және жақындап келе жатқан сайлауға байланысты) мақаласын бас мақала ретінде бергелі отыр» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Ледердің хатында «Егіннің шықпай қалуы және столыпиндік режим» деген мақала жайында айтылуы мүмкін.

«ЗВЕЗДА» ГАЗЕТІНІҢ 26-НОМЕРІНДЕГІ БАС МАҚАЛА

23 октябрь, 1911 жыл

Мақала Столыпиннің өліміне байланысты жазылып, үшінші июнь системасының күйреуін талдауға арналған. Бұл мақалада бірқатар мәселелердің — буржуазияның оңшылдануы және демократия күштерін нығайту туралы, «вехишілдік» туралы, жұмысшы табы мен оның партиясының міндеттері туралы — мәселелердің қойылысы мазмұны жағынан В. И. Лениннің сол кезеңде жазған: «Біздің жойғыштар (Потресов мырза мен В. Базаров туралы)», «Орыс социал-демократиясындағы реформизм», «Столыпин және революция», «Столыпиндік «жұмысшы» партиясының лагерінен» деген мақалаларымен (қараңыз: осы том, 122—143, 332—346, 352—362, 397—402-беттер) сәйкес келеді. Мұның өзі мақаланы Ленин жазған деп жорамалдауға негіз болады.

ЕСКЕРТУЛЕР

[1] Әңгіме РСДРП-ның Орталық Органы — құпия *«Социал-Демократ»* газеті жайында болып отыр. Газет 1908 жылғы февральдан 1917 жылғы январьға дейін шығарылып тұрды. Большевиктер дайындап, Вильнода жеке меншіктегі баспаханада ішінара басылып та қойылған бірінші номерін патша охранкасы конфискеледі. Көп кешікпей Петербургте газетті екінші рет шығаруға әрекет жасалды. Газеттің басылып қойған тиражының көбісі тағы да жандармдардың қолына түсті. Одан әрі газетті шығару шетелге көшірілді: 2—32-номерлері (февраль, 1909—декабрь, 1913) Парижде, 33—58-номерлері (ноябрь, 1914 — январь, 1917) Женевада шықты. Барлығы 58 номері шықты, оның ішінде бесеуінің қосымшасы болды.

«Социал-Демократтың» редакциясы V (Лондон) съезде сайланған РСДРП Орталық Комитетінің шешіміне сәйкес большевиктердің, меньшевиктердің және поляк социал-демократтарының өкілдерінен құрылды. Іс жүзінде газеттің басшысы В. И. Ленин еді. Оның мақалалары «Социал-Демократтың» негізгі арқауы болды. Газетте В. И. Лениннің 80-нен аса мақалалары мен заметкалары жарияланды.

«Социал-Демократ» редакциясы ішінде В. И. Ленин дәйекті большевиктік бағыт үшін жойымпаз-меньшевиктерге қарсы күрес жүргізді. Редакцияның бір бөлегі (Каменев пен Зиновьев) жойымпаздарға ымырашылдықпен қарап, лениндік бағыттың жүзеге асырылуына бөгет жасауға тырысты. Редакцияның мүшелері меньшевиктер — Мартов пен Дан Орталық Орган редакциясындағы жұмысқа саботаж жасап, сонымен бірге «Голос Социал-Демократада» жойымпаздықты ашық қорғады; олар партияшыл-меньшевиктердің Орталық Органға қатысып тұруына бөгет жасады. Лениннің жойымпаздарға қарсы ымырасыз күресуі нәтижесінде Мартов пен Дан 1911 жылы июньде редакцияның құрамынан кетті. 1911 жылғы декабрьден бастап «Социал-Демократты» В. И. Ленин редакциялады.

Реакцияның ауыр жылдарында және революциялық қозғалыстың жаңа өрлеуі дәуірінде большевиктердің құпия маркстік партияны сақтап қалу, оның бірлігін нығайту, оның бұқарамен байланысын күшейту жолында жойымпаздарға, троцкистерге, шақырымпаздарға қарсы күресінде «Социал-Демократтың» зор маңызы болды.

Большевиктік партияның Орталық Органы болған «Социал-Демократ» бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында соғыс, бейбітшілік және революция мәселелері жөніндегі большевиктік ұрандарды насихаттау ісінде айрықша маңызды роль атқарды.

Газет бетінде В. И. Лениннің «Европа Құрама Штаттарының ұраны туралы» деген мақаласы жарияланды; социализмнің бастапқыда бірнеше елде немесе тіпті жеке алынған, капиталистік бір елде жеңуі мүмкін деген қорытындыны Ленин алғашқы рет осы мақаласында тұжырымдады. «Социал-Демократтың» Россияда таралуы, оның аса маңызды мақалаларының жергілікті большевиктік газеттерде көшіріліп басылуы Россия пролетариатын саяси жағынан ағартуға, оған интернационалдық тәрбие беруге, бұқараны революцияға әзірлеуге жәрдемдесті.

Бірінші дүние жүзілік соғыс кезіндегі «Социал-Демократтың» қызметін жоғары бағалай келіп, В. И. Ленин кейініректе: «халықаралық социалистік революция идеяларының дамуын және революцияның 1917 жылғы 25 октябрьдегі бірінші жеңісін *түсінгісі* келетін саналы жұмысшылардың бірде-бірі» (Шығармалар, 27-том, 212-бет) онда басылған мақалаларды зерттемей тұра алмайды, деп жазды. — *1.*

2 *«Русские Ведомости»* («Орыс Ведомостары») — газет; 1863 жылдан Москвада шығып тұрды, баяу-либерал интеллигенцияның көзқарастарын білдірді. 80—90-жылдары газетке демократиялық лагерьдегі жазушылар В. Г. Короленко, М. Е. Салтыков-Щедрин, Г. И. Успенский және басқалар қатысты, либерал халықшылдардың шығармалары басылды. 1905 жылдан газет кадеттердің оң қанатының органы болды. Ленин «Русские Ведомости» *«оңшыл* кадетизмді халықшылдық сарынмен» ерекше ұштастырды (Шығармалар, 19-том, 120-бет) деп көрсетті. 1918 жылы «Русские Ведомости» басқа да контрреволюциялық газеттермен бірге жабылды.— *1.*

3 *Трудовиктер* (Еңбек тобы) — Мемлекеттік думалардағы ұсақ буржуазияшыл демократтар тобы; бұл топта халықшылдық сарындағы шаруалар мен интеллигенттер болды. Трудовиктер фракциясы 1906 жылы апрельде І Мемлекеттік думаның шаруа депутаттарынан құрылды.

Трудовиктер барлық сословиелік және ұлттық шектеулерді жою, земстволық және қалалық өзін өзі басқаруды демократияландыру, Мемлекеттік дума сайлауы үшін жалпыға бірдей сайлау правосын жүзеге асыру талабын қойды. Тру-

довиктердің аграрлық программасы жерді пайдаланудың халықшылдық «теңгерме» принциптеріне негізделді; қазыналық, уделдік, кабинеттік, монастырьлік жерлерден, сондайақ, егер иеліктегі жер көлемі белгіленген еңбек нормасынан асса, жеке меншіктегі жерлерден жалпы халықтық қор ұйымдастырылады; иеліктен айырылған жеке меншіктегі жерлер үшін ақы төлеу көзделді. Кәдуілгі трудовик — шаруа,— деп көрсетті В. И. Ленин, ол «монархиямен мәмлеге келуден, буржуазиялық құрылыс шеңберінде *өзінің* ұлтарақтай жерінде тыныштыққа ұмтылудан қашпайды, бірақ қазіргі уақытта оның басты күші жер үшін помещиктермен күресуге, демократия үшін крепостниктік мемлекетпен күресуге жұмсалып отыр» (Шығармалар толық жинағы, 14-том, 27-бет).

Трудовиктер Мемлекеттік думада кадеттер мен социал-демократтардың арасында ауытқумен болды. Бұл ауытқу сол ұсақ қожайындардың — шаруалардың таптық табиғатына байланысты еді. Әйтседе, трудовиктер шаруалар бұқарасының өкілдері болғандықтан, большевиктер Думада патша өкіметіне және кадеттерге қарсы бірлесе күрес жүргізу үшін жекелеген мәселелер жөнінде олармен келісімге келу тактикасын жүргізді. 1917 жылы Еңбек тобы «халықтық социалистер» партиясымен бірігіп кетті, буржуазиялық Уақытша үкіметті белсене қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін трудовиктер буржуазиялық контрреволюция жағында әрекет жасады.— *2.*

4 *«Голос Москвы»* («Москва Үні») — күнделікті газет, октябристердің органы; 1906 жылдан 1915 жылға дейін Москвада шығып тұрды.— *2.*

5 *Кадеттер* — Россиядағы либерал-монархиялық буржуазияның жетекші партиясы — конституциялық-демократиялық партияның мүшелері. Кадеттер партиясы 1905 жылы октябрьде құрылды; оның құрамына буржуазияның өкілдері, помещиктерден шыққан земство қайраткерлері және буржуазиялық интеллигенттер кірді. Кадеттердің көрнекті қайраткерлері П. Н. Милюков, С. А. Муромцев, В. А. Маклаков, А. И. Шингарев, П. Б. Струве, Ф. И. Родичев және басқалар болды. Еңбекші бұқараны алдау үшін кадеттер өздеріне «халық бостандығы партиясы» деген жалған ат алды, ал іс жүзінде олар конституциялық монархияны талап етуден әрі аспады. Кадеттер өздерінің басты мақсаты революциялық қозғалыспен күресу деп білді, өкімет билігін патшамен және крепостник-помещиктермен бөлісуге ұмтылды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында кадеттер патша үкіметінің басқыншылық сыртқы саясатын белсене қолдады. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы дәуірінде олар монархияны сақтап қалуға тырысты. Буржуазиялық Уақытша үкіметте басшы орындарға ие бола отырып, кадеттер халыққа қарсы, американ-ағылшын-француз империа-

листеріне жағымды, контрреволюциялық саясат жүргізді. Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін кадеттер Совет өкіметінің бітіспес жауы болды, барлық контрреволюциялық қарулы қимылдарға және интервенттердің жорықтарына белсене қатысып отырды. Интервенттер мен ақ гвардияшылар талқандалғаннан кейін эмиграцияда жүріп, кадеттер партиясының мүшелері өздерінің антисоветтік контрреволюциялық әрекеттерін тоқтатқан жоқ.— *2.*

6 *«Речь»* («Тіл») — күнделікті газет, кадеттер партиясының орталық органы; 1906 жылғы 23 февральдан (8 марттан) іс жүзінде П. Н. Милюков пен И. В. Гессеннің редакциясымен, М. М. Винавердің, П. Д. Долгоруковтың, П. Б. Струвенің және басқалардың белсене ат салысуымен Петербургте шығып тұрды. Газетті 1917 жылы 26 октябрьде (8 ноябрьде) Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет жауып тастады. 1918 жылғы августқа дейін «Наша Речь», «Свободная Речь», «Век», «Новая Речь», «Наш Век» деген аттармен шығып келді. — *2.*

7 *«Россия»* — реакциялық, қаражүздік сипаттағы күнделікті газет; 1905 жылғы ноябрьден 1914 жылғы апрельге дейін Петербургте шығып тұрды. 1906 жылдан — ішкі істер министрлігінің органы. Газет үкіметтің ішкі істер министрінің қарамағына берілген құпия («сатқын») қорынан қаржыландырылып тұрды. В. И. Ленин «Россияны» «полициялық-сатқын газетсымақ» деп атады.— *2.*

8 Әңгіме *III Мемлекеттік дума* (ресми аты — үшінші сайланған Мемлекеттік дума) жайында болып отыр. III Дума 1907 жылғы 1 (14) ноябрьден 1912 жылғы 9 (22) июньге дейін (барлығы бес сессиясы болды) жұмыс істеді. Үшінші июньдегі сайлау заңы негізінде сайланған III Дума өзінің таптық табиғаты мен партиялық құрамы жағынан қаражүздік-октябристік еді; ол патша үкіметінің Россиядағы революциялық күштер жөнінде қолданған контрреволюциялық зорлық және жазалау саясатын жүргізуде оның құлақ кесті құлы болды.

Думада бірінші сессияның басында 11 саяси партия мен топ, оның ішінде: оңшылдар (барып тұрған оңшылдар, ұлтшылдар және баяу оңшылдар) — 147 депутат, октябристер— 154 депутат, поляк-литван-белорус тобы —7 депутат, Поляк колосы—11 депутат, прогрестік топ—28 депутат, мұсылмандар тобы — 8 депутат, кадеттер — 54 депутат, Еңбек тобы — 14 депутат, социал-демократтар — 19 депутат болды.

Думада ешбір партия абсолюттік көпшілік бола алмады, мұның өзі бонапартистік саясат — помещиктер мен буржуазия арасында бұлтару саясатын жүргізіп отырған патша үкіметінің мақсатына сай келетін еді. III Думада контрреволюциялық екі көпшілік: қаражүздік-октябристік және октяб-

ристік-кадеттік көпшілік қалыптасты. Бірінші көпшілік Столыпинге жұмысшы, аграрлық және ұлт мәселелері жөніндегі патша үкіметінің саясатын жүргізуді қамтамасыз етті. Екінші көпшілік Россия өмірінде парламенттік нормалар бар деген сырт көрініс туғызып, ұсақ жеңілдіктер беру — реформалар арқылы бұқара назарын революциядан басқа жаққа аударуға жәрдемдесті.

III Думаға жалпы сипаттама бере келіп, В. И. Ленин былай деп жазды: «Дума арқылы самодержавиені бүркемелегісі, киіндіргісі, үлде мен бүлдеге бөлегісі келді; іс жүзінде қаражүздік-октябристік Дума өзінің өмір сүрген әрбір күні сайын біздің мемлекеттік өкіметтің шын сипатын, оның нағыз таптық тіректерін және оның бонапартизмін біртіндеп ашып, әшкерелеп, масқаралай түсіп отыр» (Шығармалар толық жинағы, 17-том, 301—302-беттер).

III Мемлекеттік дума үшінші июньдегі реакциялық режимді ішкі және сыртқы саясаттың барлық мәселелері жөнінен қолдады, полицияға, жандармдарға, земство бастықтарына, соттарға, түрмелерге, қасиетті синодқа көп ақша қаражатын бөлді.

III Думаның реакциялық ролі әсіресе жұмысшы заңдары жөніндегі мысалдан айқын көрінді. Думадағы реакциялық көпшілік жұмысшыны қауіпсіздендіру жөніндегі бірнепіе заң жобаларын үш жыл бойы қозғаусыз жатқызды. Дума бұл заң жобаларын революциялық қозғалыстың жаңадан өрлеуінің ықпалымен 1911 жылы ғана бекітті. Бірақ олар соншалықты күзелді, қауіпсіздендіру шарттары 1903 жылғы заңға қарағанда жақсарудың орнына нашарлап шықты, 13 миллион жалдама еңбек адамдары ішінен 2,5 миллион жұмысшы ғана қауіпсіздендіруге ілікті.

1912 жылғы 5 (18) мартта Думаның жұмысшы комиссиясы стачкалар бостандығы жөніндегі заң жобасын қабылдамай тастады, оны тіпті Думаның мәжілістерінде талқылауға да жібермеді.

III Думадағы реакциялық көпшілік патша үкіметінің орыстандыру саясатын қолдады, ұлт араздығын өрштті. Сыртқы саясат саласында III Дума реакциялық, панславяндық пиғылдарды қолдап, Балқан мемлекеттері істеріне белсене араласуды жақтады, соғыс кредиттерін көбейтуді талап етті. Дума 1906 жылғы 9 (22) ноябрьдегі указ негізіне алынған 1910 жылғы аграрлық заңды мақұлдап, столыпиндік аграрлық заңдарды толық қолдады. Дума жері жоқ және жері аз шаруаларға жер бөлу жөніндегі шаруалар депутаттарының барлық жобаларын қабылдамай тастады, оларды өзінің мәжілістерінде талқылауға да жібермеді.

III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракция жұмыс істеу жағдайының өте ауырлығына, құрамының аздығына және бірқатар қателер жібергеніне қарамастан, фракцияда большевик депутаттардың болуы арқасында, Дума трибунасын пайдалану арқылы да, Думадан тысқары

жұмыстар жүргізу арқылы да III Думаның халыққа қарсы саясатын әшкерелеуде, Россия пролетариаты мен шаруаларына саяси тәрбие беруде үлкен жұмыс атқарды.— *2.*

9 *Октябристер* — Россияда 1905 жылғы 17 октябрьдегі патша манифесі жарияланғаннан кейін құрылған «17 октябрь одағы» партиясының мүшелері. Бұл — ірі буржуазияның және шаруашылығын капиталистік тұрғыда жүргізетін помещиктердің мүдделерін білдіретін және қорғайтын контрреволюциялық партия еді; оны белгілі өнеркәсіпші және Москвадағы үйлер иесі А. И. Гучков пен ірі помещик М. В. Родзянко басқарды. Октябристер патша үкіметінің ішкі және сыртқы саясатын толық қолдап отырды. — *2.*

10 *Прогрессистер* — орыс либерал-монархиялық буржуазиясының саяси тобы, ол Мемлекеттік думалар сайлауларында және Думаларда әр түрлі буржуазиялық-помещиктік партиялар мен топтардың элементтерін «бейпартиялықтың» туы астында біріктіруге әрекет жасады.

III Мемлекеттік думада прогрессистер фракция құрып, оған «бейбіт жаңарту» және «демократиялық реформалар» партияларының өкілдері кірді. Жаңа революциялық дүмпуден қорыққан прогрессистер патша үкіметінің «ұшқарылығын» сынауға дейін барды, олардың ойынша, патша үкіметі өзінің қасарысуымен солшыл, революциялық күштердің қызметіне жағдай туғызып отыр. 1912 жылы IV Мемлекеттік дума сайлауында прогрессистер кадеттермен блок жасасты, өзінің жалған бейпартиялығымен оларға «буржуазиялық үшінші июньдік сайлаушының» (В. И. Ленин. Шығармалар, 18-том, 71-бет) дауыстарын қағып алуға көмектесті.

1912 жылы ноябрьде прогрессистер дербес саяси партия болып қалыптасты, мынадай программасы болды: баяу, тар цензді конституция, ұсақ реформалар, жауапты министрлік, яғни Дума алдында жауапты үкімет, революциялық қозғалысты басу. В. И. Ленин өзінің құрамы, өзінің идеологиясы жағынан прогрессистер — *«октябристердің кадеттермен қосындысы»* деп көрсетті; ал прогрессистер партиясының программасын национал-либералдық программа деп сипаттады. «Бұл,— деп жазды ол,— Германияда да көріп отырғанымыздай — «нағыз» капиталистік буржуазияның партиясы болады» (Шығармалар, 18-том, 518, 455-беттер).

Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында прогрессистер партиясы өзінің қызметін жандандыра түсіп, әскери басшыларды ауыстыруды, өнеркәсіпті майдан мұқтаждарын өтеуге жұмылдыруды және орыс буржуазиясы өкілдерінің қатысуымен «жауапты министрлік» құруды талап етті. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін партияның кейбір лидерлері буржуазиялық Уақытша үкіметке кірді. Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен ке-

йін прогрессистер партиясы Совет өкіметіне қарсы белсенді күрес жүргізді.

Прогрессистер лидерлерінің ішінде Москваның белгілі фабриканттары: П. П. Рябушинский мен А. И. Коновалов, помещик И. Н. Ефремов болды. Прогрессистер әр кезде өздерінің саяси органдарын: «Московский Еженедельник» журналын, «Слово», «Русская Молва» және «Утро России» газеттерін шығарып тұрды.— *4.*

11 *Поляк колосы* — Мемлекеттік думалардағы поляк депутаттарының бірлестігі. Бұл бірлестікте поляк помещиктері мен буржуазиясының реакциялық, ұлтшылдық партиясының мүшелері — халықтық демократтар негізгі ұйытқы болды. Дума тактикасының барлық негізгі мәселелері бойынша Поляк колосы октябристерді қолдады.— *4.*

12 *I Мемлекеттік дума* (Витте Думасы деп аталған) Министрлер советінің председателі С. Ю. Витте жасаған ереже бойынша 1906 жылы 27 апрельде (10 майда) шақырылған еді.

Бүкіл россиялық октябрь стачкасы (1905) патшаны 17 октябрьде манифест шығаруға мәжбүр етті, манифесте революция жайпап кеткен кеңесші Булыгин Думасына қарағанда заң шығару функциясы бар Мемлекеттік дума шақырылатыны туралы жарияланды. Патша үкіметі жаңа Думаны шақыру арқылы революциялық қозғалысқа іріткі салып, оны әлсіретуді, елдің дамуын бейбіт монархиялық-конституциялық жолға түсіруді көздеді. Конституция жөнінде уәделер бере отырып, үкімет сонымен бірге Мемлекеттік думаны ұйымдастырғанда оның құрамы үкіметке ұнамды болуын қамтамасыз етерліктей формаларды іздестірді. Дума сайлауы жөніндегі 1905 жылғы 11 (24) декабрьдегі заң және 1906 жылғы 20 февральдағы (5 марттағы) заң, міне, осыған бағытталды. I Мемлекеттік думаның сайлауы 1906 жылы февраль — мартта өтті. Большевиктер сайлауға бойкот жариялады. Бойкот Мемлекеттік думаның беделін едәуір түсірді, оған халықтың бір бөлегінің сенімін әлсіретті, бірақ сайлауды болдырмай тастауға шамасы келмеді. Бойкоттың сәтсіз болуының негізгі себебі Думаны шақыруға кедергі бола алатын бұқаралық революциялық өрлеудің жоқтығы еді. Сонымен бірге бойкоттың сәтсіздігіне меньшевиктердің іріткі салушылық нұсқаулары да, шаруалардың конституция жөніндегі жалған үміттерінің күштілігі де себеп болды. Ал Дума шақырылған соң, Ленин Думаны революциялық үгіт пен насихат мақсатында, Думаны халық өкілдігінің өрескел боямасы екендігін әшкерелеу мақсатында пайдалану міндетін алға қойды.

I Мемлекеттік думаға 478 депутат сайланды, оның ішінде: кадеттер — 179, автономистер — 63 (бұған Поляк колосының, украин, эстон, латыш, литван және басқа буржуазиялық-ұлттық топтардың мүшелері кірді), октябристер — 16, партияда

жоқтар —105, трудовиктер —97 және социал-демократтар — 18. Сөйтіп, Думадағы орындардың үштен бір бөлігінен астамына кадеттер ие болды.

Мемлекеттік думаның мәжілістерінде талқыланған мәселелердің ішінде адамның жеке басына ешкімнің тимеуі туралы, өлім жазасын жою туралы, ұждан және жиналыс бостандығы туралы, азаматтардың тең праволылығы туралы және басқа мәселелер болды. Бірақ осы мәселелер жөнінде көбінесе кадеттер ұсынған заң жобалары шын мәнінде «сөз бостандығына да *қарсы,* жиналыстар бостандығына да *қарсы* және басқа жақсы нәрселерге де қарсы каторгалық заң жобалары» (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 13-том, 316-бет) болды.

Мемлекеттік думада аграрлық мәселе негізгі орын алды. Думада негізгі екі аграрлық программа: 42 депутат қол қойған кадеттердің заң жобасы және «104-тің жобасы» деген атпен белгілі болған трудовиктердің заң жобасы ұсынылды. Трудовиктерге қарама-қарсы, кадеттер помещиктік жер иелігін сақтауға тырысты, тек негізінен шаруалардың құрал-саймандарымен өңделген немесе арендаға берілген помещиктік жерлерді ғана иеліктен айырып, «әділ бағамен» төлем құнына беруді ұйғарды.

1906 жылы 8 (21) июльде патша үкіметі I Мемлекеттік думаны таратып жіберді.— *5.*

13 *Герман социал-демократиялық партиясының Магдебург съезі* 1910 жылы 18—24 сентябрьде өтті. Съезд жұмысы екі мәселеге: 1) Баден ландтагының социал-демократ депутаттарының партиялық тәртіпті бұзуы туралы және 2) Пруссиядағы жалпыға бірдей сайлау правосы жолындағы күрес туралы мәселелерге басты назар аударды.

Бірінші мәселенің мәні мынада болатын: социал-демократ депутаттарға буржуазиялық үкіметтің бюджетін жақтап дауыс беруге тыйым салған бұрынғы партейтагтардың шешімдеріне қарамастан, Баден ландтагындағы социал-демократиялық фракция үкіметтік бюджетті жақтап дауыс берді. Съезд басым көпшілік дауыспен (80 дауысқа қарсы 289 дауыспен) Баден социал-демократтарының оппортунистік тактикасын айыптады. Бұдан кейін бадендіктер съездердің шешімдеріне бағынбауға өздерінің бұдан былай да праволы болып қала беретіндігін мәлімдеді. Мұндай мәлімдемеге жауап ретінде съездің көпшілігі партейтагтың бюджетке дауыс беру туралы қаулысын бұзған әрбір адамның дереу партиядан шығарылатыны жөнінде арнайы қарар қабылдады. Бұл қарарды қабылдардың алдында Баден депутаттары қыр көрсетіп, съезді тастап кетті.

Пруссиядағы жалпыға бірдей сайлау правосы үшін күрес туралы мәселені съезде талқылау герман социал-демократиясындағы, бір жағынан, Р. Люксембург, К. Либкнехт, К. Цеткин және басқалар бастаған солшылдар мен, екінші

жағынан, К. Каутский бастаған центристер арасында жүргізіліп келген айтыстың жалғасы болды. 1910 жылы көктемде Пруссияда жалпыға бірдей сайлау правосын енгізу жолындағы бұқаралық қозғалыстың өрлеуіне байланысты герман социал-демократиясының алдында күрес тактикасы туралы және бұқаралық ереуіл жариялау мүмкіндігі туралы мәселе тұрды. Люксембург пролетариатты бұқаралық саяси стачка өткізу үшін жеткілікті дәрежеде өсіп жетілді деп санап, оның шабуыл тактикасын жақтады. Каутский солшылдар ұсынған тактикаға қарсы шықты, ол бұқаралық қозғалысты өрістетуге емес, рейхстагтың алдағы сайлауында сайлау күресін жүргізуге және партияның парламенттік қызметіне бағыт алуды ұсынды. Съезд партия Басқармасының қарарына жаппай саяси стачка—Пруссиядағы сайлау реформасы жолындағы күрес құралы деп тану туралы Люксембург енгізген толықтыруды қабылдады.— *10.*

14 *Социалистерге қарсы ерекше заңды* жұмысшы және социалистік қозғалысқа қарсы күресу мақсатымен Германияда 1878 жылы Бисмарк үкіметі енгізді. Осы заң бойынша социал-демократиялық партияның барлық ұйымдарына, бұқаралық жұмысшы ұйымдарына, жұмысшы баспасөзіне тыйым салынды, социалистік әдебиет конфискеленді; ерекше заң күшінде тұрған жылдары 350-ге жуық социал-демократиялық ұйым таратылды, 900-ге жуық социал-демократ Германиядан қуып жіберілді, 1500 социал-демократ түрмеге жабылды, жүздеген газеттерге, журналдарға және мерзімді емес басылымдарға тыйым салынды. Алайда қуғындау мен жазалау социал-демократиялық партияны мойыта алмады, оның қызметі астыртын жағдайда өмір сүруге бейімделіп қайта құрылды: шетелде партияның орталық органы «Социал-Демократ» газеті шығып тұрды және партия съездері үнемі (1880, 1883 және 1887 жылдары) шақырылып тұрды; Германияда, астыртын жағдайда, социал-демократиялық ұйымдар мен топтар тез арада қалпына келтіріліп, оларды құпия Орталық Комитет басқарды. Партия астыртын жұмыс істей отырып, бұқарамен байланысты нығайту үшін жария мүмкіндіктерді кеңінен пайдаланды, оның ықпалы ұдайы өсе берді: рейхстаг сайлауында социал-демократтарға берілген дауыс саны 1878 жылдан 1890 жылға дейін үш еседен астам өсті. К. Маркс пен Ф. Энгельс неміс социал-демократтарына орасан зор көмек көрсетіп отырды. Бұқаралық қозғалыс пен барган сайын күшейе түскен жұмысшы қозғалысының тегеурінімен 1890 жылы социалистерге қарсы ерекше заң жойылды.— *12.*

15 *Национал-либералдар* — неміс буржуазиясының, ең алдымен Пруссия буржуазиясының партиясы; 1866 жылдың күзінде буржуазиялық прогрессистер партиясының жікке бөлінуі нәтижесінде құрылды. Национал-либералдар неміс мемле-

кеттерін Пруссияның қол астында біріктіруді өздерінің негізгі мақсаты етіп қойды; олардың саясаты неміс либерал буржуазиясының Бисмарктың алдында тізе бүккенін көрсетті. 1878 жылы олар социалистерге қарсы ерекше заңды енгізуді жақтап дауыс берді. Одан арғы жерде национал-либералдар герман монополистік капиталының партиясына айналды. Олар Германияның империалистік сыртқы саясатын жақтады, қару-жарақты көбейтуді және отарлық басқыншылықты ұлғайтуды қолдады. 1918 жылғы Ноябрь революциясынан кейін национал-либералдық партияның үлкен бөлегі «Халықтық партия» деген жаңа ат алды. «Халықтық партия» 1933 жылы фашистердің өкіметті басып алуына жәрдемдесті.— *13.*

16 *«Социалистік Әрайлық»* («Sozialistische Monatshefte») — журнал, неміс оппортунистерінің басты органы және халықаралық ревизионизм органдарының бірі. 1897 жылдан 1933 жылға дейін Берлинде шығып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде (1914—1918) социал-шовинистік позицияда болды.— *14.*

17 Ф. Энгельстің «Германиядағы социализм» деген еңбегін қараңыз (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, II бөлім, 1936, 245-бет). Энгельс осы пікірді К. Маркстің «Франциядағы 1848 жылдан 1850 жылға дейінгі тап күресі» деген кітапшасына «Кіріспеде» қайталады (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, 1955, 108—109-беттер).— *17.*

18 *«Голос Социал-Демократа»* («Социал-Демократ Үні») — газет, меньшевиктердің шетелдік органы; 1908 жылғы февральдан 1911 жылғы декабрьге дейін әуелі Женевада, кейіннен Парижде шығып тұрды. Оған редактор болғандар: П. Б. Аксельрод, Ф. И. Дан, Л. Мартов, А. Мартынов және Г. В. Плеханов. «Голос Социал-Демократа» бірінші номерінен бастапақ жойымпаздардың антипартиялық әрекетін ақтап, оларды қорғауға кірісті. Плеханов газеттің жойымпаздық позицияда болуын кінәлап, редакциядан шығып кеткен соң, «Голос Социал-Демократа» біржолата жойымпаздардың идеялық орталығы болып алды.

«Жизнь» («Өмір») — қоғамдық-саяси жария журнал, жойымпаз-меньшевиктердің органы, 1910 жылы августа және сентябрьде Москвада шығарылды. Барлығы 2 номері шықты.

«Возрождение» («Жаңару») — жойымпаз-меньшевиктердің жария журналы; 1908 жылғы декабрьден 1910 жылғы июльге дейін Москвада шығып тұрды. Журналға Ф. И. Дан, Л. Мартов, А. Мартынов және басқалар жазып тұрды.— *19.*

19 *«Die Neue Zeit»* («Жаңа Заман») — Герман социал-демократиялық партиясының теориялық журналы; 1883 жылдан 1923

жылға дейін Штутгартта шығып тұрды. 1917 жылғы октябрьге дейін К. Каутский, одан соң — Г. Кунов редакциялады. Марксизмнің негізін салушылардың кейбір шығармалары: К. Маркстің «Гота программасына сын», Ф. Энгельстің «1891 жылғы социал-демократиялық программа жобасына сын жөнінде» деген және басқа еңбектері бірінші рет «Die Neue Zeit»-те жарияланды. Энгельс журналдың редакциясына ақыл-кеңес беріп, ұдайы көмектесіп отырды және журналда марксизмнен шегінушілікке жол бергені үшін оны жиі сынады. «Die Neue Zeit»-ке XIX ғасырдың аяғындағы және XX ғасырдың басындағы герман және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткерлері: А. Бебель, В. Либкнехт, Р. Люксембург, Ф. Меринг, К. Цеткин, Г. В. Плеханов, П. Лафарг және басқалар жазып тұрды. 90-жылдардың екінші жартысынан бастап, Ф. Энгельс қайтыс болғаннан кейін, журналда ревизионистердің мақалалары жиі басылатын болды, оның ішінде ревизионистердің марксизмге қарсы жорығын бастаған Э. Бернштейннің «Социализм проблемалары» деген сериялы мақалалары жарияланды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында журнал центристік позиция ұстап, іс жүзінде социал-шовинистерді қолдады.— *19.*

20 *«Купон мырза»* — капитал мен капиталистерді білдіру үшін XIX ғасырдың 80 және 90-жылдарындағы әдебиетте алынған бейнелі сөз тіркесі. «Купон мырза» деген сөз тіркесін жазушы Глеб Успенский «Ауыр күнәлар» атты очерктерінде (алғашқы рет «Русская Мысль» журналында басылған, 1888, 12-кітап, 174-бет) қолданды. Сондай-ақ Глеб Успенскийдің «Кавказда» деген очеркін қараңыз.— *22.*

21 *«Вехишілдер»* — кадеттердің көрнекті публицистері, контрреволюциялық либерал буржуазияның өкілдері Н. А. Бердяев, С. Н. Булгаков, М. О. Гершензон, А. С. Изгоев, Б. А. Кистяковский, П. Б. Струве және С. Л. Франк, олар Москвада 1909 жылдың көктемінде «Вехи» деген атпен өздерінің мақалалар жинағын шығарды. «Вехишілдер» орыс интеллигенциясына арналған бұл мақалаларында Россиядағы азаттық қозғалысының революциялық-демократиялық дәстүрлерін, В. Г. Белинскийдің, Н. А. Добролюбовтың, Н. Г. Чернышевскийдің, Д. И. Писаревтің көзқарастары мен қызметтерін қаралауға тырысты; олар 1905 жылғы революциялық қозғалысты масқаралады, патша үкіметіне «өз пайзасымен және түрмесімен» буржуазияны «халықтың қаһарынан» құтқарғаны үшін алғыс айтты. Кадеттік қаражүздіктердің жинағына В. И. Ленин ««Вехи» туралы» деген мақаласында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 19-том, 179—188-беттер) сын тұрғысынан талдау жасап, саяси баға берді. «Вехидің» философиядағы және публицистикадағы программасын қаражүздік «Московские Ведомости» газетінің программасымен

салыстыра келіп, Ленин жинақты *«либералдық ренегаттықтың энциклопедиясы»*, «демократияның үстіне лақ еткізіп төге салған реакциялық жуынды» деп атады. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде «Вехи» жинағының Ленин көптеген белгілер салған данасы сақтаулы.—*24*.

22 *«Новое Время»* («Жаңа Заман») — күнделікті газет; 1868 жылдан 1917 жылға дейін Петербургте шығып тұрды; әр түрлі бастырып шығарушылардың қолында болып, өзінің саяси бағытын талай рет өзгертті. Бастапқы кезде баяу-либералдық бағытта болған газет, 1876 жылы А. С. Суворин оның бастырып шығарушысы болғаннан соң, реакциялық дворяндық және чиновниктік-бюрократтық топтардың органына айналды. 1905 жылдан — қаражүздіктердің органы. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін газет буржуазиялық Уақытша үкіметтің контрреволюциялық саясатын қолдады және большевиктерге өршелене жала жапты. Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет 1917 жылғы 26 октябрьде (8 ноябрьде) газетті жауып тастады. В. И. Ленин «Новое Времяны» сатқын газеттердің үлгісі деп атады. ««Нововремяшылдық» дегеніміз,— деп жазды ол,— шегінушілік, ренегаттық, жағымпаздық деген түсініктермен бір мағыналы сөз болды» (Шығармалар, 18-том, 276-бет).— *24*.

23 *РСДРП Орталық Комитетінің пленумы*, «бірігу» деген атпен мәлім болған пленум, 1910 жылы 2—23 январьда (15 январь — 5 февральда) Парижде өтті.

Партияны және оның бірлігін нығайтудың жолдары мен әдістері туралы мәселе 1909 жылдың күзінде ерекше қатты қойылды. 1909 жылы ноябрьде В. И. Ленин «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясы Кеңесінің шешіміне сәйкес жойымпаздар мен шақырымпаздарға қарсы бірігіп күресу үшін большевиктердің партияшыл-меньшевиктермен жақындасуының, блок жасасуының жоспарын ұсынды. Лениндік жоспарға қарама-қарсы ымырашылдар Г. Е. Зиновьев, Л. Б. Каменев және А. И. Рыков большевиктерді голосшыл-меньшевиктермен (жойымпаздармен) және троцкистермен біріктіруге тырысып бақты, ал мұның мәнісі — большевиктік партияны іс жүзінде жою болар еді. Орталық Комитеттің мүшелері И. Ф. Дубровинский мен В. П. Ногин де қобалжып ымырашылдық жасады. Партияда және Россияда қалыптасқан жағдай партиялық күштерді біріктіруге байланысты мәселелерді қайткенде де шешуді талап еткендіктен, большевиктер 1909 жылы 1 (14) ноябрьде Орталық Комитеттің Шетелдік бюросына таяу арада Орталық Комитеттің пленумын шақыру қажеттігі туралы мәлімдеме жолдады.

Орталық Комитеттің январь пленумы жұмысына барлық фракциялар мен топтардың өкілдері, сондай-ақ ұлттық со-

циал-демократиялық ұйымдардың өкілдері қатысты. Пленумда ымырашылдар көпшілік болды.

Ленин пленумда оппортунистер мен ымырашылдарға қарсы табанды күрес жүргізіп, жойымпаздық пен шақырымпаздықты батыл айыптауды талап етті, большевиктерді партияшыл-меньшевиктермен жақындастыру бағытын ұстады. Ленин кейіннен пленумдағы жағдайды сипаттай келіп, А. М. Горькийге былай деп жазды: «Үш апта әуре-сарсаң болдық, барлық нервілеріміз қажып бітті, жүз мың шайтан басқыр!» (Шығармалар, 34-том, 428-бет).

Пленумның күн тәртібінде мына мәселелер тұрды: 1) Орталық Комитеттің Орыс бюросының есебі; 2) Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының есебі; 3) Орталық Орган редакциясының есебі; 4) Ұлттық социал-демократиялық партиялардың орталық комитеттерінің есептері; 5) Партия ішіндегі істің жайы; 6) Кезекті партия конференциясын шақыру туралы; 7) РСДРП Орталық Комитетінің Уставы және басқа мәселелер.

Негізгі мәселені — партия ішіндегі істің жайы туралы мәселені талқылағанда пленумда впередшілдермен блок жасасқан және троцкистер қолдаған голосшыл-меньшевиктер жойымпаздық пен шақырымпаздықты қорғауға тырысты. Голосшыл-меньшевиктердің, впередшілдер мен троцкистердің қысымымен ымырашылдар мен ұлттық ұйымдар өкілдерінің «Партия ішіндегі істің жайы туралы» деген қарарда жойымпаздар мен шақырымпаздарды өз атымен атамауға келіскеніне қарамастан, Лениннің талап етуімен пленум жойымпаздық пен шақырымпаздықты айыптады, бұл ағымдардың қауіпті екенін және оларға қарсы күресудің қажеттігін мойындады. Сөйтіп, пленумның жойымпаздық пен шақырымпаздыққа қарсы бағытталған шешімдері «жойымпаздықты айыптайтын және социал-демократияның Думадағы жұмысын, сондай-ақ жария мүмкіндіктерді пайдалануын мойындауды сөзсіз талап ететін 1908 жылғы декабрь қарарларының турадан-тура, тікелей қорытындысы, табиғи жалғасы мен аяқталуы» болды (осы том, 315-бет).

Кейіннен Ленин Январь пленумының маңызына баға бере келіп, былай деп көрсетті: пленум РСДРП V (1908 ж. Жалпы россиялық) конференциясының қарарын дамыта отырып, жойымпаздық пен шақырымпаздық — пролетариатқа буржуазиялық ықпал жасаудың көрінісі деп қаулы қабылдап, партияның контрреволюция кезеңіндегі тактикалық бағытын біржолата белгілеп берді. Пленум сондай-ақ партияның шын бірлігін осы тарихи кезеңдегі партияның идеялық-саяси міндеттеріне байланысты етіп құру қажеттігі жөнінде мәселе қойды.

Сонымен қатар Ленин пленумның ымырашылдық шешімдерін қатты айыптады. Ымырашылдар Троцкиймен одақтасып, Лениннің наразылығына қарамастан, партияның орталық мекемелеріне партияшыл-меньшевиктерді емес, голосшыл-

меньшевиктерді (жойымпаздарды) өткізді. Пленум Троцкийдің газеті — веналық «Правдаға» қаржы беру және оның редакциясына Орталық Комитеттің өкілін енгізу жөнінде қаулы алды. «Вперед» тобы партиялық баспа тобы деп танылды. Большевиктік орталық таратылып, «Пролетарий» газетінің шығарылуы тоқтатылды; большевиктер мүліктерінің бір бөлегін Орталық Комитетке берді, ал қалған бөлегі аралық адамдарға, сақтаушылар деп аталатындарға (К. Каутскийге, Ф. Мерингке, К. Цеткинге) тапсырылды, бұлар голосшыл-меньшевиктер өздерінің фракциялық орталығын жойып, өздерінің фракциялық органын шығаруды тоқтатқан күнде, бұл мүліктерді екі жыл ішінде Орталық Комитетке өткізуі керек болды. Пленум «Фракциялық орталықтар туралы» деген шешімде «партия мен партия бірлігінің мүдделері *«Голос Социал-Демократа»* газетінің ең таяу болашақта жабылуын талап етеді» деп атап көрсетті. Бірақ, Ленин жазғандай, пленум голосшылдар (жойымпаздар) мен впередшілдердің өздерінің фракциясын таратып, фракциялық басылымдарды тоқтатуға тек сөз жүзінде берген уәдесімен шектелді. Пленумның ымырашылдық шешімдері жойымпаздар мен шақырымпаздарға тиімді болды және партияға үлкен зиянын тигізді.

Голосшыл-меньшевиктер, впередшілдер және троцкистер пленум шешімдеріне бағынудан бас тартты. «Голос Социал-Демократа» жабылған жоқ. Жойымпаздар Россияда өздерінің органы — «Наша Заряны» жария шығара бастады, оған голосшылдар жазып тұрды. «Вперед» тобы да өзінің жікшілдік қызметін тоқтатқан жоқ. Троцкистік «Правда» редакциясы Орталық Комитеттің бақылауына бағынудан бас тартты. Партияның орталық мекемелеріне кіріп алған жойымпаз-меньшевиктер олардың қызметін жөнге салдырмай, жергілікті партия ұйымдарының жұмысын бүлдіріп отырды.

Осыған байланысты 1910 жылы күзде большевиктер Январь пленумында фракциялар қабылдаған келісімдерді өздеріне міндетті деп санамайтынын мәлімдеді. Большевиктер өз органы — «Рабочая Газетаны» шығара бастады. Олар жаңадан пленум шақыруды алға қойып, өздерінің Орталық Комитетке шартты түрде берген мүліктерін және ақша қаражаттарын қайтаруды талап етті.

Январь пленумының протоколдары табылған жоқ. Пленум жұмысы, онда жойымпаздармен, впередшілдермен, троцкистермен және ымырашылдармен болған күрес В. И. Лениннің «Публицистің заметкалары» деген мақаласында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 19-том, 257—330 беттер) жан-жақты баяндалған.—*26.*

24 *Шақырымпаздық* — большевиктердің арасында пайда болған оппортунистік ағым. Революциялық бос сөздерді бетке ұстаған шақырымпаздар (А. Богданов, Г. А. Алексинский, А. В. Соколов (С. Вольский), А. В. Луначарский, М. Н. Ля-

дов және басқалар) III Мемлекеттік думадан социал-демократ депутаттарды шақырып алуды және жария ұйымдардағы жұмысты тоқтатуды талап етті. Реакция жағдайында партия тек құпия жұмыс жүргізуге тиіс деп мәлімдеп, шақырымпаздар Думаға, жұмысшылардың кәсіптік одақтарына, кооперативтік және басқа бұқаралық жария және жартылай жария ұйымдарға қатысудан бас тартты, сөйтіп бүкіл партиялық жұмыс құпия ұйым шеңберінде шоғырландырылуы қажет деп есептеді. Шақырымпаздықтың бір түрі ультиматизм болды. Ультиматистер тек формасы жағынан ғана шақырымпаздардан өзгеше еді. Олар Думадағы социал-демократиялық фракцияға партияның Орталық Комитетінің шешімдеріне фракцияның сөзсіз бағынуы туралы ультиматум қоюды, ал бұл талап орындалмаған жағдайда социал-демократ депутаттарды Думадан шақырып алуды ұсынды. Ультиматизм іс жүзінде жасырулы, бүркеулі шақырымпаздық еді. Ленин ультиматистерді «ұялшақ шақырымпаздар» деп атады.

Шақырымпаздар партияға орасан зор зиян келтірді. Олардың саясаты партияның бұқарадан қол үзуіне, оның жаңа революциялық өрлеу үшін күш жинап алуға қабілетсіз сектанттық ұйымға айналып кетуіне қарай бастайтын еді. Ленин шақырымпаздарды «өцін айналдырған жойымпаздар» ретінде әшкерелеп, шақырымпаздыққа қарсы бітіспес күрес ашты. «Шақырымпаздық — большевизм *емес,* қайта оның ең қаскөй саяси дұшпаны ғана ойлап шығара алатын ең нашар саяси карикатурасы»,— деп жазды Ленин (Шығармалар толық жинағы, 17-том, 402-бет).

Шақырымпаздармен күрес 1908 жылдың көктемінен басталды. 1908 жылдың март — апрелінде III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның бес ай бойғы қызметінің қорытындылары талқыланғанда Москваның кейбір аудандарында шақырымпаздық қарарлар қабылданды. Майда өткен Москва жалпы қалалық конференциясында шақырымпаздардың қарары 14 дауысқа қарсы 18 дауыспен қабылданбай тасталды. Москва партия конференциясының материалдары 1908 жылы 4 (17) июньде «Пролетарий» газетінің 31-номерінде жарияланды. Осы номерден бастап Лениннің ұсынысы бойынша газетте Думаға және Думадағы социал-демократиялық фракцияға көзқарас туралы мәселе жөнінде айтыс басталды. Баспасөздегі айтыспен бір мезгілде партия ұйымдарында шақырымпаздарға қарсы күрес жүргізілді. 1908 жылдың күзінде V Жалпы россиялық конференцияға делегаттар сайлаған кезде Петербург ұйымында ультиматист-шақырымпаздар ерекше платформа әзірлеп, оны Петербург комитетінің кеңейтілген мәжілісіне қарар ретінде ұсынды. Қарар партия ұйымдары арасында кең қолдау таба алмады. Конференцияда ашықтан-ашық өз платформасымен шығуға шақырымпаздардың батылы барған жоқ; олар өз жақтастарынан болмашы топ қана құрай алды.

Конференциядан кейін, Лениннің талап етуі бойынша, шақырымпаздардың платформасы «Пролетарий» газетінде басылды. Газеттің сол номерінде жарияланған «Большевизмге карикатура» деген мақаласында Ленин бұл платформаны кеңінен сынға алды. Ленин шақырымпаздар көзқарастарының бүкіл дәйексіздігін, принципсіздігін, марксизмге дұшпандығын ашып көрсетті. Сондай-ақ Лениннің «Екі хат жайында», «Кезектегі мәселелер жөнінде» деген мақала жайында», «Жойымпаздықты жою», «Шақырымпаздықты және құдай жасампаздықты жақтаушылардың фракциясы туралы» деген және басқа мақалалары шақырымпаздықты сынауға арналған.

Шақырымпаздар лидерлерінің бір бөлегі (Богданов, Луначарский) жойымпаз-меньшевиктермен бірге (Валентинов, Юшкевич) баспасөзде марксизмнің теориялық негіздері — диалектикалық және тарихи материализмге шабуыл жасады. Луначарский құдай жасампаздықты — жаңа дін жасау, социализмді дінмен ұштастыру қажеттігін уағыздай бастады.

1909 жылдың көктемінде шақырымпаздар, ультиматистер және құдай жасампаздар Капри аралында антипартиялық мектеп ұйымдастыру жөніндегі инициативалы топты (Богданов, Алексинский, Луначарский және басқалар) құрды. Іс жүзінде бұл мектеп антипартиялық фракцияның орталығы болды. 1909 жылы июньде «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясының Кеңесі шешім қабылдап, онда «РСДРП ішіндегі белгілі бір ағым болып табылатын большевизмнің шақырымпаздықпен және ультиматизммен ешбір қатысы жоқ» деп көрсетті, сөйтіп большевиктерді революциялық марксизмнен бұл ауытқушылықтарға қарсы барынша үзілді-кесілді күрес жүргізуге шақырды. Шақырымпаздықтың дем берушісі Богданов большевиктердің қатарынан шығарылды.

Кейінірек, «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген еңбегінде Ленин революция жеңіліске ұшырағаннан кейін большевиктер мына жағдайдың арқасында өздерінің қатарларын сақтай отырып, дұрыс шегіне алды деп жазды: олар «шегіну керек екенін, шегіне білу керек екенін, нағыз реакцияшыл парламенттерде, нағыз реакцияшыл кәсіподақтық, кооперативтік, қауіпсіздендіру және сондай ұйымдарда міндетті түрде жария жұмыс істеп үйрену керек екенін түсінгісі келмеген сөзуар революционерлерді аямай әшкерелеп, қуып шығып отырды» (Шығармалар, 31-том, 12—13-беттер).— *26*.

25 *Впередшілдер, «Вперед» тобы* — шақырымпаздардың, ультиматистердің және құдай жасампаздардың антипартиялық тобы; ультиматистік-шақырымпаздық фракциялық орталық — Капридегі мектеп сәтсіздікке ұшырағаннан кейін, 1909 жылы декабрьде А. Богданов пен Г. А. Алексинскийдің инициа-

тивасымен құрылды; «Вперед» деп аталатын баспа органы болды.

Впередшілдердің большевиктерге қарсы күресі барып тұрған принципсіздігі және қандай айла-амалдан да жиренбейтіндігімен ерекшеленді. 1910 жылғы Январь пленумында впередшілдер голосшыл-жойымпаздармен және троцкистермен тізе қосты. Впередшілдер пленумға өз тобын «партиялық баспа тобы» ретінде мойындатып, оның басылымдары үшін Орталық Комитеттен ақшалай жәрдем алып, пленумнан кейін пленум шешімдерін ультиматистік-шақырымпаздық позициядан қатты сынға алды және оларға бағынудан бас тартты. Прага партия конференциясынан кейін впередшілдер конференция шешімдеріне қарсы күресте жойымпаз-меньшевиктермен және троцкистермен бірігіп кетті.

«Вперед» тобының антипартиялық және антимарксстік принципсіздік іс-әрекеттері жұмысшыларды одан бездірді. «Бұл топтың ықпалы,— деп жазды Ленин,— әрқашан өте шамалы болды, сондықтан ол Россиядан қол үзген әр түрлі және дәрменсіз шетелдік топтармен келісімге келудің арқасында ғана амалдап өмір сүрді» (Шығармалар, 17-том, 531-бет). Жұмысшы қозғалысында тірегі болмаған «Вперед» тобы іс жүзінде 1913—1914 жылдары тарап кетті; ол формальды түрде 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін өзінің өмір сүруін тоқтатты.— *26.*

26 *«Рабочая Газета»* («Жұмысшы Газеті») — большевиктердің көпшілікке арналған құпия органы; 1910 жылғы 30 октябрьден (12 ноябрьден) 1912 жылғы 30 июльге (12 августқа) дейін Парижде мерзімсіз шығып тұрды; 9 номері шықты. В. И. Ленин «Рабочая Газетаны» құрудың инициаторы болды. Газетті шығару туралы мәселе ресми түрде Копенгагендегі халықаралық социалистік конгресс кезінде (август, 1910) РСДРП өкілдерінің — большевиктердің, партияшыл-меньшевиктердің, Думадағы социал-демократиялық фракция өкілдерінің және басқалардың — кеңесінде шешілді. Кеңеске В. И. Ленин, Г. В. Плеханов, А. М. Коллонтай, А. В. Луначарский, Н. Г. Полетаев, И. П. Покровский және басқалар қатысты.

Ленин «Рабочая Газетаға» басшылық етті және оны редакциялады. Газетке большевиктер: С. И. Гопнер, П. А. Джапаридзе, Н. А. Семашко, С. Г. Шаумян және басқалар, сондай-ақ партияшыл-меньшевиктер жазып тұрды. Н. К. Крупская редакцияның секретары болды. А. М. Горький газетке үлкен материалдық көмек беріп тұрды. Шетелдік большевиктік топтарда «Рабочая Газетаға» жәрдем беретін үйірмелер құрылды, олар газетке айтарлықтай материалдық көмек беріп отырды және оны Россияға жөнелтуге көмектесті. «Рабочая Газета» маркстік құпия партияны сақтап қалу және нығайту жолында жойымпаз-меньшевиктерге, шақырымпаздарға және троцкистерге қарсы күресті, рево-

люциялық тактиканы қорғады, Россия жұмысшы табын жаңа революцияға идеялық жағынан дайындады. Газет Россиядағы партия өмірі, халықаралық социалистік қозғалыс мәселелерін кең жазып тұрды. «Рабочая Газетада» Лениннің 14 мақаласы, оның ішінде «Революцияның сабақтары», «Демонстрациялардың басталуы», «Толстой және пролетарлық күрес», «Иван Васильевич Бабушкин», «Крепостниктік правоның құлауының елу жылдығы», «IV Дума сайлауы қарсаңында» деген мақалалары басылды. Газет Россия жұмысшылары арасында үлкен беделге ие болды; оның тиражы 6 мың данаға дейін жетті. Жұмысшылар ақша жинап, газетке материалдық көмек көрсетті, оған белсенді түрде жазып тұрды. «Партия өмірі», «Жергілікті жерлерден хат» деген бөлімдерге газет жұмысшылардың, жергілікті партия ұйымдарының хаттары мен корреспонденцияларын үзбестен басып тұрды.

«Рабочая Газета» РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясын (январь, 1912) әзірлеуде үлкен жұмыс атқарды. Конференция «Рабочая Газета» партия мен партиялылықты батыл және дәйекті түрде қорғады деп атап көрсетіп, оны РСДРП Орталық Комитетінің ресми органы деп жариялады.— *26.*

27 Бұл арада 1908 жылы 21—27 декабрьде (1909 жылы 3—9 январьда) Парижде өткен *РСДРП-ның Жалпы россиялық V конференциясының* қарарлары айтылып отыр. Конференцияға шешуші дауыспен 16 делегат қатысты, олардың ішінде: 5 большевик (2 — Орталық өнеркәсіпті ауданнан, 2 — Петербург ұйымынан, 1 — Урал ұйымынан), Кавказ облыстық комитетінің мандаттарымен келген 3 меньшевик, 5 поляк социал-демократы және 3 бундшыл болды. Россияда тікелей жұмыс істеген большевик-делегаттар РСДРП-ның ең ірі партия ұйымдарының өкілдері еді. Мандаттарды түрлі айлашарғымен алған меньшевиктік делегация шетелде тұратын және Россиядағы партия жұмысымен байланысы жоқ адамдар болатын. Поляк социал-демократиясының делегациясы конференцияда большевиктерді қолдады. Бундшылдар көптеген мәселелер бойынша жойымпаз-меньшевиктерге ерді.

Конференцияның күн тәртібіне мына мәселелер қойылды: 1) РСДРП Орталық Комитетінің, Поляк социал-демократиясы Орталық Комитетінің, Бунд Орталық Комитетінің, Петербург ұйымының, Москва және орталық-өнеркәсіпті облыстық, Урал, Кавказ ұйымдарының есептері; 2) Қазіргі саяси жағдай және партияның міндеттері; 3) Думадағы социал-демократиялық фракция туралы; 4) Саяси жағдайлардың өзгеруіне байланысты ұйымдық мәселелер; 5) Жергілікті жерлерде ұлттық ұйымдармен бірігу; 6) Шетелдегі жұмыстар.

Большевиктер конференцияда барлық мәселелер бойынша жойымпаз-меньшевиктермен және оларды жақтаушылармен ымырасыз күрес жүргізді. Конференция «Есептер бойынша»

қарарында жойымпаздықты оппортунистік ағым ретінде үзілді-кесілді айыптап, партияны жоюға тырысқан әрекеттерге қарсы мейлінше батыл идеялық және ұйымдық күрес жүргізуге шақырды.

«Қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы» Лениннің баяндамасы конференцияның жұмысында негізгі орын алды. Большевиктер бұл мәселеге үлкен маңыз берді, өйткені конференция партияның реакция жылдарындағы жұмысының ауыр жағдайларына сәйкес келетін тактикалық бағытты белгілеуге тиісті еді. Меньшевиктердің бұл мәселені конференцияның күн тәртібінен алып тастамақ болған әрекеті сәтсіздікке ұшырады. Конференция Ленин ұсынған қарарды аз ғана өзгерістермен қабылдады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 17-том, 357—360-беттер).

Большевиктер енгізген «Думадағы социал-демократиялық фракция туралы» қарарда фракцияның қызметі сынға алынды және оның нақты міндеттері көрсетілді. Меньшевиктер Думадағы фракцияның қателерін конференцияның шешімдерінде көрсетуге наразы болды және фракция жөнінде партияның Орталық Комитетінің вето правосы болуына қарсы шықты. Мұның өзінде олар оздерінің парламенттік фракцияларының қателерін сынауды съездер мен конференциялардың шешімдеріне енгізбеген батыс европалық социалистік партиялардың тәжірибесіне сүйенді. Социал-демократияның парламенттік қызметі туралы мәселеде меньшевиктердің тактикасы партияны парламенттік фракцияның шылауы деп қараған II Интернационалдың оппортунист лидерлерінің позициясымен толық сай келіп жатқан еді.

Думадағы фракцияға көзқарас жөніндегі лениндік бағытқа шақырымпаздар да қарсы шықты. С. Вольский (А. В. Соколов) Россияда Думадағы социал-демократиялық фракцияның жұмыс істеуі үшін жағдай жоқ деп мәлімдеді, фракцияның қателерін «объективті жағдайлардан» туған нәрсе деп есептеп, бұл қателерді қарарда көрсетуге де қарсы шықты.

Ленин өзінің сөзінде шақырымпаздарды «өңін айналдырған жойымпаздар» ретінде әшкереледі және Думадағы фракция жөнінде жасаған қорытындыларының барлық айырмашылықтарына қарамастан жойымпаздардың да, шақырымпаздардың да ортақ, оппортунистік негізі бар екенін көрсетіп берді. Конференция большевиктік қарарды қабылдады. Бұл қарардың текстіне «Бюджетке дауыс беру туралы мәселе жөнінде Думадағы социал-демократиялық фракцияға практикалық нұсқаулардың» Ленин жазған екінші нұсқасы ішінара кірді және Ленин жазған ««Думадағы социал-демократиялық фракция туралы» қарарға қосымша» толық кірді (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 17-том, 364—365, 366-беттер).

Ұйымдық мәселені талқылағанда большевиктер өз қарарының жобасында партия бұқара арасында жұмыс жүргізу-

ге алуан түрлі жария қоғамдардың кең жүйесін пайдалана отырып, құпия партия ұйымдарын құруға және нығайтуға ерекше назар аударуға тиісті екенін көрсетті. Меньшевиктер іс жүзінде құпия партияның жойылуына және революциялық жұмыс атаулының тоқтатылуына жетуге тырысты.

Ұйымдық мәселе жөнінде сөйлеген сөзінде Ленин жойымпаз-меньшевиктердің қарарын және реакция жылдарында партиядан қашқан адамдарды олардың қалайда ақтауға тырысушылығын қатты сынға алды.

Конференция Ленин ұсынған «Ұйымдық мәселе жөніндегі комиссияға арналған директиваларды» (Шығармалар толық жинағы, 17-том, 361-бет) қабылдады және қарарды әзірлеу үшін комиссия құрды. Комиссия, ал одан соң конференция да қарардың большевиктік жобасын қабылдады.

Жергілікті жерлердегі ұлттық ұйымдарды біріктіру туралы РСДРП бесінші конференциясы қабылдаған қарарда федерализм принципі үзілді-кесілді қабылданбай тасталды, бұл принципті партияда жұмысшыларды ұлттық белгісі бойынша бөлуді талап еткен бундшылдар қорғаған еді. Орталық Комитеттің жұмысы туралы мәселені талқылағанда меньшевиктер Орталық Комитеттің тұрақты орнын Россияға көшіруді және Орталық Комитеттің Шетелдік бюросын таратуды ұсынды. Қарардың жойымпаздық жобалары қабылданбады. Конференция Орталық Комитеттің жұмысы туралы қарар қабылдап, онда «шетелде Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы формасындағы жалпы партиялық өкілдік болуы пайдалы және қажет» деп танылды. Орталық Орган туралы мәселе жөнінде большевиктердің қарары қабылданды; Орталық Органды шығару ісін Россияға көшіру туралы меньшевиктердің ұсынысы қабылданбады.

Конференцияда большевиктер жойымпаз-меньшевиктерге қарсы күресте зор жеңіске жетті. Сонымен бірге конференцияның шешімдері шақырымпаздарға да соққы берді. Партия конференцияда қабылданған шешімдерді реакция жылдарында басшылыққа алып отырды. Конференцияның маңызына баға бере келіп, Ленин былай деп жазды: «РСДРП-ның жақында өткен Жалпы россиялық конференциясы партияны жолға шығарады және ол контрреволюция жеңгеннен кейінгі орыс жұмысшы қозғалысының дамуындағы бет бұрыс кезең болып табылуы мүмкін» (Шығармалар толық жинағы, 17-том, 388-бет).— *27.*

28 Бұл арада махизмді жақтаушылар, шақырымпаз-әдебиетшілер тобы айтылып отыр.

Махизм — реакциялық идеалистік-субъективтік философиялық ағым; XIX ғасырдың аяғы — XX ғасырдың басында Батыс Европада кең таралды. Мұның негізін австриялық физик әрі философ Э. Мах пен неміс философы Р. Авенариус салды. Махизм буржуазиялық идеалистік философияның

жұмысшы табына мейлінше қауіпті бағыты болды, өйткені ол сөз жүзінде идеализмге қарсы шығып, қазіргі жаратылыс тану ғылымына сүйенген болды, мұның өзі оған сырттай қарағанда «ғылыми» түр берді. Реакция жылдарында Россияда социал-демократиялық интеллигенцияның бір бөлегі махизмнің ықпалына түсті. Махизм әсіресе интеллигент-меньшевиктердің арасында (Н. Валентинов, П. С. Юшкевич және басқалар) кең тарады. Большевиктерден де әдебиетшілердің бір бөлегі (В. Базаров, А. Богданов, А. В. Луначарский және басқалар) махизм позициясына түсті. Орыс махистері марксизмді дамыту туралы екіжүзді сөздерді бетке ұстап, іс жүзінде маркстік философияның негіздеріне ревизия жасады. В. И. Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабында махизмнің реакциялық мәнін ашып берді, маркстік философияны ревизионистердің қастандығынан сақтап қалды, диалектикалық және тарихи материализмді жаңа тарихи жағдайда жан-жақты дамытты. Махизмді талқандау меньшевизмнің, шақырымпаздық пен құдай жасампаздықтың идеялық позицияларына аса күшті соққы болып тиді.— *29.*

29 Бұл арада 1909 жылы Капри аралында (Италияда) шақырымпаздар, ультиматистер мен құдай жасампаздар ұйымдастырған мектеп («NN-дегі мектеп») айтылып отыр.

РСДРП бесінші (1908 ж. Жалпы россиялық) конференциясынан кейін шақырымпаздар, ультиматистер мен құдай жасампаздар «жұмысшыларға арналған партия мектебі» дегенді бетке ұстап, өздерінің фракциялық орталығын құруға кірісті. 1909 жылдың көктемінде шақырымпаздардың, ультиматистер мен құдай жасампаздардың лидерлері А. Богданов, Г. А. Алексинский және А. В. Луначарский мектепті құру жөнінде инициативалы топ ұйымдастырды; олар «жұмысшылардың өз ортасынан социал-демократиялық қозғалыстың практикалық және идеялық басшыларын» даярлау қажеттігі жөніндегі конференцияның нұсқауын бетке ұстап, өз тобына А. М. Горькийді және көрнекті жұмысшы-революционер — Н. Е. Вилоновты тартты. «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясының Кеңесі шақырымпаздар ұйымдастырып жатқан мектептің фракциялық антибольшевиктік сипатын әшкереледі, оны ұйымдастырушылар «партияның ішіндегі идеялық ағым ретіндегі большевиктік фракцияның мақсаттарын көздеп отырған жоқ, қайта өздерінің ерекше, топтық идеялық-саяси мақсаттарын» көздеп отыр деп ашып корсетті. Капридегі мектеп «большевиктерден бөлініп жатқан фракцияның жаңа орталығы» (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 19-том, 42-бет) ретінде батыл айыпталды.

Бұған қарамай, жұмысшылардың сол жылдарда партиялық білімге деген құштарлығын желеу еткен богдановшылдар партиялық орталықтарды аттап өтіп, Россиядағы кейбір

жергілікті социал-демократиялық ұйымдармен байланыс жасады, сөйтіп шақырымпаздардың, атап айтқанда олардың москвалық лидері А. В. Соколовтың (С. Вольскийдің) көмегімен мектепке 13 тыңдаушы жіберткізді.

Мектеп 1909 жылғы августан жұмыс істей бастады; онда А. Богданов, Г. А. Алексинский, А. В. Луначарский, А. М. Горький, М. Н. Лядов, М. Н. Покровский және В. А. Десницкий лекция оқыды. В. И. Ленин мектепті ұйымдастырушылардың оны лектор ретінде Каприге шақырған формальды ұсынысын қабылдамады. Мектеп тыңдаушылары өздеріне бірқатар лекциялар оқып беру жөнінде Ленинге талап қойды, ол бұған жауап хатында онда лекция оқи алмайтынын, өйткені бұл «эмиграныттық түкпірге *партиядан жори жасырылған* мектептің» фракциялық сипаты бар екенін түсіндірді. Ленин мектеп оқушыларына шақырымпаздар мен құдай жасампаздардың *«ерекше* фракциялық *«ғылымын»»* емес, «шын социал-демократизмге үйрену» үшін Парижге келулерін ұсынды (қараңыз: Шығармалар, 15-том, 481—488-беттер).

1909 жылғы ноябрьде мектепте жік туды: мектеп Советінің мүшесі Н. Е. Вилонов бастаған бірнеше тыңдаушы богдановшылдардан үзілді-кесілді бөлініп, лекторлардың антипартиялық әрекеттеріне қарсы наразылықтарын «Пролетарий» газетінің редакциясына жолдады, осы үшін олар мектептен шығарылды. Олар Лениннің шақыруымен ноябрьдің аяқ кезінде Парижге келіп, бірқатар лекциялар, оның ішінде Лениннің де «Қазіргі кезең және біздің міндеттеріміз», «Столыпиннің аграрлық саясаты» деген лекцияларын тыңдады.

1909 жылы декабрьде мектеп лекторлары Каприде қалған тыңдаушылармен қосылып, антибольшевиктік «Вперед» тобын құрды.

В. И. Ленин «Шақырымпаздықты және құдай жасампаздықты жақтаушылардың фракциясы туралы» және «Масқара сәтсіздік» деген мақалаларында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 19-том, 77—115 және 140—142-беттер) мектептің толық тарихын айтып, оған сипаттама береді.

Болоньядағы антипартиялық мектеп (ноябрь, 1910 — март, 1911 жыл) Капри мектебінің жалғасы еді. Богданов, Луначарский, Троцкий, Лядов, Маслов, Соколов және басқалар мектеп лекторлары болды. Болонья мектебінде лекция оқуға В. И. Ленин шақырылды. «Болоньядағы мектепте оқитын жолдастарға» деген жауап хатында Ленин бұл мектепті ұйымдастырушылардың антипартиялық бағыт ұстауына және жікшілдік әрекеттеріне байланысты лекция оқудан бас тартып, тыңдаушыларды Парижге келуге шақырды, мұнда оларға тактика, ішкі партиялық жағдай туралы мәселе және аграрлық мәселе жөнінде бірқатар лекциялар оқуға уәде берді (қараңыз: Шығармалар, 16-том, 344—345-беттер). Парижде сабақ болған жоқ. — *30.*

30 *16-ның тобы* — Г. В. Плехановтың жойымпаздарға және олардың лидері А. Н. Потресовқа қарсы «Дневник Социал-Демократаның» 9-номерінде (1909 жылғы август) басылған мақаласына жауап ретінде жазылған ашық хатқа қол қойған жойымпаз-меньшевиктер тобы. 16-ның хаты «Голос Социал-Демократаның» 19—20-номерінде (январь—февраль, 1910) жарияланды. Ленин бұл хатты «геростратша әйгілі» документ деп атады.

Михаил, Роман және Юрий тобы — Россиядағы жойымпаз-меньшевиктер — И. А. Исув (Михаил), К. М. Ермолаев (Роман) және П. А. Бронштейн (Юрий)—РСДРП V (Лондон) съезінде сайланған РСДРП Орталық Комитетінің кандидаттары мен мүшелері. 1910 жылдың басында большевиктер— Орталық Комитеттің Орыс бюросының мүшелері бюроның жұмысына қатысу жөнінде оларға ұсыныс жасады, бірақ олар бюроның мәжілісіне келуден бас тартып қана қойған жоқ, сонымен қатар РСДРП Орталық Комитетінің болуын зиянды деп санайтындығын мәлімдеді. — *30.*

31 *Плехановшылдар* — реакция жылдарында жойымпаздарга қарсы шыққан Г. В. Плеханов бастаған партияшыл-меньшевиктер. 1908 жылы декабрьде Плеханов жойымпаздық «Голос Социал-Демократа» газеті редакциясынан шығып, жойымпаздарға қарсы күресу үшін 1909 жылы «Дневник Социал-Демократаны» қайта шығара бастады. Плехановшылдар меньшевизм позициясында қала тұрып, сонымен бірге құпия партия ұйымын сақтауды, нығайтуды жақтады және осы мақсатты көздеп, большевиктермен блок жасасуға барды. 1909 жылы Парижде, Женевада, Сан-Ремода, Ниццада және басқа қалаларда партияшыл-меньшевиктердің топтары құрылды. Петербургте, Москвада, Екатеринославта, Харьковта, Киевте, Бакуде көптеген жұмысшы-меньшевиктер жойымпаздарға қарсы шықты, құпия РСДРП-ны жаңғыртуды жақтады.

Ленин большевиктерді партияшыл-меньшевиктермен жақындасуға шақыра отырып, бұлармен партия үшін, жойымпаздарға қарсы күрес негізінде «ешқандай идеялық ымыраға бармай-ақ, партия бағыты *шеңберіндегі* тактикалық және басқа алауыздықтарды ешқандай көмескілеместен» (Шығармалар толық жинағы, 19-том, 159-бет) келісімге келу мүмкін болады деп көрсетті. Партияшыл-меньшевиктер большевиктермен бірге жергілікті партия комитеттеріне қатысты, большевиктік басылымдарға: «Рабочая Газетаға», «Звездаға», партияның Орталық Органы —«Социал-Демократқа» жазып тұрды. Плехановшылдармен жақындасудың лениндік тактикасы жария жұмысшы ұйымдарында большевиктердің ықпалын кеңейтуге және олардан жойымпаздарды ығыстырып шығаруға көмектесті, ал Россияда жұ-

мысшы-меньшевиктердің көпшілігі плехановшылдардың соңынан еретін еді.

1911 жылдың аяғында Плеханов большевиктермен блокты бұзды. Ол РСДРП-дағы «фракцияшылдыққа» және жікке бөлінуге қарсы күресті желеу етіп, большевиктерді оппортунистермен ымыраластыруға тырысты. 1912 жылы плехановшылдар троцкистермен, бундшылдармен және жойымпаздармен бірге РСДРП Прага конференциясының шешімдеріне қарсы шықты. — *31.*

32 *РСДРП Орталық Комитетінің Шетелдік бюросын* (ОКШБ) Орталық Комитеттің Орыс бюросына бағынатын шетелдегі жалпы партиялық өкілдік ретінде (құрамында үш адам болды) 1908 жылы августа РСДРП Орталық Комитетінің пленумы құрды. Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының міндеті Россияда жұмыс істейтін Орталық Комитетпен және шетелде жұмыс істейтін Орталық Комитет мүшелерімен ұдайы байланыс жасап отыру, РСДРП-ға жәрдемдесетін шетелдік топтардың және олардың Орталық бюросының қызметін бақылау, шетелдегі ұйымдардың Орталық Комитет кассасына өткізуге тиісті ақшасын қабылдау және Орталық Комитеттің пайдасына ақша жинауды ұйымдастыру болды. РСДРП-ға жәрдемдесетін шетелдік топтардың бәрін біріктіру және оларды бірыңғай жалпы партиялық басшылыққа бағындыру мақсатымен Орталық Комитеттің август (1908) пленумы Орталық Комитеттің Шетелдік бюросына бұл топтардың арнаулы съезін өткізуді тапсырды. Бірақ жойымпаз-меньшевиктер қолға түсіріп алған Шетелдік топтар орталық бюросының қасарыса қарсыласуы салдарынан Орталық Комитеттің Шетелдік Бюросы 1909 жыл бойына съезді шақыра алмады.

Орталық Комитеттің 1910 жылғы январь пленумы Орталық Комитеттің Шетелдік бюросын қайта құрып, оның жалпы партиялық істерге басшылық етудегі ролін шектеді, бірақ тиісінше Орталық Комитеттің Орыс бюросының уәкілдігін күшейтті. Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының құрамы бес адамнан белгіленді, олардың үшеуі ұлттық ұйымдардың орталық комитеттерінің өкілдері болды. Орталық Комитеттің Шетелдік бюросына мыналар кірді: большевиктерден — А. И. Любимов, меньшевиктерден — Б. И. Горев (Гольдман), поляк социал-демократтарынан — Я. Тышка (Лео Иогихес), бундшылдардан — Ионов (Ф. М. Койген) және латыш социал-демократтарынан — Я. А. Берзин. Көп кешікпей Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының құрамы өзгерді: оған большевиктерден Н. А. Семашко (Александров), бундшылдардан М. И. Либер және латыш социал-демократтарынан Шварц (Ю. Элиас) кірді; соңғы екеуі — жойымпаз. Сонымен, Орталық Комитеттің Шетелдік бюрода тұрақты жойымпаздық көпшілік қалыптасты, ол партияның орталық мекемелерінің жұмысына қалайда іріт-

кі салуға тырысып бақты. Орталық Комитеттің январь пленумының шешімдерін жойымпаздардың орындамауымен байланысты большевиктер Орталық Комитеттің пленумын өткізуге күш салды, бірақ Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы оны үнемі шақыртпай тастап отырды, бұл әрекетінен оның антипартиялық позициясы ерекше айқын көрінді. Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының жойымпаздық тактикасы большевиктердің өкілі Н. А. Семашконың 1911 жылы майда Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы құрамынан шығу туралы өтініш беруге мәжбүр болуына әкеп соқтырды.

РСДРП Орталық Комитеті мүшелерінің 1911 жылы июньде Парижде өткізілген кеңесі Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының саяси бағытын айыптаған шешім қабылдады. Кеңестің қарарында Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы бірқатар жағдайларда, мысалы, РСДРП-ның шетелдік топтарын біріктіру туралы, Орталық Комитеттің пленумын шақыру туралы мәселеде, Россиядағы социал-демократиялық жария басылымдарды қолдап отыру туралы мәселеде және көптеген басқа мәселелерде 1910 жылғы пленумның қаулыларын бұзып, антипартиялық, фракциялық саясат жолына түскендігі айтылды. Кеңес Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының антипартиялық әрекеттерін айыптап, оның одан арғы болу-болмауы туралы мәселені РСДРП Орталық Комитетінің ең таяуда өтетін пленумының шешуіне тапсырды.

1911 жылы ноябрьде Орталық Комитеттің Шетелдік бюросынан поляк социал-демократиясының өкілі, одан соң латыш социал-демократиясының өкілі де кейін шақырып алынды. 1912 жылы январьда Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы өзінен-өзі таратылды. — *31.*

33 «Л. Н. Толстой және қазіргі жұмысшы қозғалысы» деген мақала «Наш Путь» газетінде басылды.

«Наш Путь» («Біздің Жол») — большевиктер басшылық еткен жартылай жария газет, 1910 жылғы 30 майдан (12 июньнен) 1911 жылғы 9 (22) январьға дейін Москвада шығып тұрды; не бары 8 номері шықты. Газетті шығару кәсіподақтардың Москва Орталық бюросының қатысуымен ұйымдастырылды, ол 1909 жылы шыққан «Вестник Труда» газетінің жалғасы ретінде шығарылды. Газеттің іс жүзіндегі редакторы И. И. Скворцов-Степанов болды.

Газет кәсіподақтардың қызметі туралы мәселелерді жазды, фабрикалар мен заводтардағы жұмысшылардың жағдайы туралы, Россиядағы ереуіл қозғалысы туралы материалдар жариялады, Мемлекеттік дума туралы, кәсіподақ қозғалысы және шетелдегі жұмысшылар күресі туралы және басқа да мақалалар басты.

Газеттің барлық номерлері конфискеге ұшырап отырды,

бірақ іс жүзінде газетті тарату тоқтатылған жоқ, өйткені цензураға бақылау номерін жіберген кезде қат-қабат газеттің бүкіл тиражы баспаханадан әкетіліп отырды. Газеттің 7 номеріне 1900 сом штраф салынды. Арандатушылардың ұстап беруі салдарынан газет қызметкерлерінің негізгі ұйтқысы тұтқынға алынған соң және сот палатасы тыйым салғаннан кейін газетті шығару тоқтатылды. — *40.*

34 Әңгіме Астаповоға, Л. Н. Толстойдың жақын досы және ізбасары — В. Г. Чертковтың атына III Думадағы социал-демократ депутаттар жіберген телеграмма жайында болып отыр. Онда былай делінген: «Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракция россиялық және бүкіл халықаралық пролетариаттың сезімін білдіре отырып, асқан данышпан суреткерден, ресми шіркеумен ымырасыз, жеңімпаз күрескерден, өлім жазасына қарсы асқақ үн көтерген, озбырлық пен құлдықтың жауы, қуғынға түскендердің досы болған адамнан айрылғандығына тебірене қайғырады». — *40.*

35 *Орталық Комитеттің Россиялық коллегиясы* — РСДРП V (Лондон) съезінде (1907) сайланған Орталық Комитеттің Россияда жұмыс істеген мүшелері мен кандидаттарының коллегиясы; бастапқыда 1908 жылы августа РСДРП Орталық Комитетінің пленумында құрамы бес мүшеден (1 меньшевик, 1 большевик және ұлттық ұйымдардың 3 өкілі) құрылды. Орталық Комитеттің 1910 жылғы январь пленумында қабылданған Орталық Комитеттің уставына сәйкес Россиялық коллегия 7 мүшеден (Орталық Комитеттің 4 мүшесі және ұлттық ұйымдардың 3 өкілі) құралуға тиіс еді. Коллегия мүшелерінің қайсы біреуі шығып қалған жағдайда, оған кооптациялау правосы берілді. Алайда Орталық Комитеттің январь пленумынан кейін Россиялық коллегияның жұмысын ұйымдастыру мүмкін болмады. Россияда бүкіл жалпы партиялық жұмысты (агенттерді іріктеп алу, ұйымдарды аралау, Думадағы социал-демократиялық фракциямен байланыс жасау және басқалар) Орталық Комитеттің мүшелері мен кандидаттары — большевиктер: бастапқыда И. П. Гольденберг (Мешковский), И. Ф. Дубровинский (Иннокентий), ал олар тұтқынға алынғаннан кейін В. П. Ногин (Макар) және Г. Д. Лейтейзен (Линдов) жүргізді, бұлар 1910—1911 жылдарда Орталық Комитеттің Орыс бюросын құраған еді. Орталық Комитеттің мүшелері мен кандидаттары — жойымпаз-меньшевиктер жұмыстан бойларын аулақ салды, ал И. А. Исув (Михаил), П. А. Бронштейн (Юрий) және К. М. Ермолаев (Роман) жұмысқа қатысудан бас тартып қана қойған жоқ, сонымен қатар олар Орталық Комитеттің болуының өзін зиянды деп санайтындығын мәлімдеді. Бюроның Россиялық коллегияны шақыру жөніндегі барлық әрекеттері нәтижесіз болды.

1911 жылы мартта, Ногин мен Лейтейзен тұтқынға алынғаннан кейін, Орталық Комитеттің Орыс бюросы өзінің өмір сүруін тоқтатты.

Ленин Орталық Комитеттің Орыс бюросының Россияда жұмысты жолға қою және Орталық Комитеттің Россиялық коллегиясын шақыру жөніндегі әрекеттеріне жақсы баға бере отырып, сонымен бірге бюро мүшелерінің ымырашылдық позициясын қатты сынға алды (қараңыз: осы том, 376—378-беттер). — *44*.

36 Бұл арада Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының мүшелері — поляк социал-демократиясының өкілдері айтылып отыр.

Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы (ПКмЛСД) — поляк жұмысшы табының революциялық партиясы, 1893 жылы әуелі Польша Корольдігі социал-демократиясы ретінде, ал 1900 жылғы августан, Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиялық ұйымдарының съезінен кейін, осы съезде поляк социал-демократтары мен Литва социал-демократтарының бір бөлегі қосылғаннан кейін, Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы (ПКмЛСД) деп атала бастады. Поляк жұмысшы қозғалысын орыс жұмысшы қозғалысымен одақтасуға бағыттап отыру және ұлтшылдықпен күресу партияның сіңірген қызметі болып табылады.

1905—1907 жылдардағы революция кезеңінде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы большевиктік партияның ұрандарына үндес ұрандар көтеріп күреске шықты, либерал буржуазия жөнінде ымырасыз позиция ұстады. Сонымен бірге Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының бірқатар қателері де болды: ол социалистік революцияның лениндік теориясын түсінбеді, партияның демократиялық революциядағы басшылық ролін ұқпады, жұмысшы табының одақтасы ретіндегі шаруалардың ролін және ұлт-азаттық қозғалыстың маңызын жете бағаламады. В. И. Ленин Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының қате көзқарастарын сынай отырып, сонымен бірге Польшаның революциялық қозғалысы алдындағы оның қызметін де атап көрсетті. Ол поляк социал-демократтары «Польшада бірінші рет таза пролетарлық партия құрды, поляк және орыс жұмысшысының өздерінің таптық күресінде өте тығыз одақ жасауының орасан зор маңызды принципін жариялады» (Шығармалар, 20-том, 448-бет) деп атап көрсетті. 1906 жылы РСДРП IV (Бірігу) съезінде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы территориялық ұйым ретінде РСДРП құрамына қабылданды.

Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы Ұлы Октябрь социалистік революциясын құттықтады және Польшада пролетарлық революцияның жеңісі жолында күресті өрістетті. 1918 жылғы декабрьдегі Бірігу съезінде екі пар-

тия—Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы және Поляк социалистік партиясы-«солшылдар» бірігіп. Польша Коммунистік жұмысшы партиясы болып ұйымдасты. — *46*.

37 Бұл арада Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының мүшелері — Латыш өлкесінің социал-демократиясы мен Бундтың өкілдері айтылып отыр.

Латыш өлкесінің социал-демократиясы (1906 жылға дейін — Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясы) 1904 жылы июньде партияның I съезінде құрылды. 1905 жылы июньде Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясының II съезінде партияның программасы қабылданды. 1905—1907 жылдарда Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясы жұмысшылардың революциялық қимылына басшылық етті. Ленин «революция кезінде латыш пролетариаты мен латыш социал-демократиясы самодержавиеге және ескі құрылыстың барлық күштеріне қарсы күресте алдыңғы қатардағы, неғұрлым көрнекті орындардың бірінде болды» (Шығармалар толық жинағы, 19-том, 331-бет) деп көрсетті.

1906 жылы РСДРП IV (Бірігу) съезінде Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясы территориялық ұйым ретінде РСДРП құрамына кірді. Съезден кейін Латыш өлкесінің социал-демократиясы деп атала бастады.

Бунд («Литвадағы, Польша мен Россиядағы жалпы еврейлік жұмысшы одағы») 1897 жылы Вильнода еврей социал-демократиялық топтарының құрылтай съезінде ұйымдасты; Россияның батыс облыстарындағы көбінесе еврей қолөнершілерінің жартылай пролетарлық элементтерін біріктірді. Бунд РСДРП I съезінде (1898) РСДРП құрамына «автономиялы ұйым ретінде кіреді, ол тек еврей пролетариатына қатысы бар мәселелерде ғана дербес ұйым болады» («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 14-бет).

Бунд Россия жұмысшы қозғалысында ұлтшылдық пен сепаратизмді таратушы болды. 1901 жылы апрельде Бундтың IV съезі РСДРП I съезі белгілеген РСДРП-мен ұйымдық қатынастарды өзгерту жөнінде қаулы алды. Съезд өзінің қарарында: ол РСДРП-ны ұлттық ұйымдардың федерациялық бірлестігі деп қарайды, сондықтан Бунд оған федерациялық бөлік ретінде кіруі керек деп мәлімдеді.

РСДРП II съезінде Бундтың оны еврей пролетариатының бірден-бір өкілі деп тану туралы талабы қабылданбағаннан кейін, Бунд партиядан шықты. 1906 жылы, партияның IV (Бірігу) съезінің шешімі негізінде, Бунд РСДРП құрамына қайтадан кірді.

РСДРП ішінде бундшылдар үнемі партияның оппортунистік қанатын («экономистерді», меньшевиктерді, жойымпаз-

дарды) қолдап отырды, большевиктерге және большевизмге қарсы күрес жүргізді. Ұлттардың өзін өзі билеу правосы жөніндегі большевиктердің программалық талабына Бунд мәдени-ұлттық автономия құру талабын қарсы қойды. Столыпин реакциясы жылдарында Бунд жойымпаздық позиция ұстады, антипартиялық Август блогын құруға белсене қатысты. 1914—1918 жылдардағы бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде бундшылдар социал-шовинизм позициясында болды. 1917 жылы Бунд буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады, Октябрь социалистік революциясының жаулары жағында күресті. Шетел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында Бундтың басшылары контрреволюциялық күштермен біржола қосылып кетті. Сонымен бірге Бундтың қатардағы мүшелері арасында Совет өкіметімен ынтымақтасуды жақтаған бетбұрыс байқалды. 1921 жылы мартта Бунд өзін өзі жойды, оның мүшелерінің бір бөлегі жалпы негізде РКП(б) қатарына қабылданды. — *46*.

38 Бұл арада РСДРП Орталық Комитетінің Шетелдік бюросындағы большевиктердің өкілі Н. А. Семашко айтылып отыр. — *46*.

39 Бұл арада *Копенгагендегі халықаралық социалистік конгресс* (II Интернационалдың VIII конгресі) айтылып отыр, ол 1910 жылы 28 августан 3 сентябрьге дейін болды. Конгреске Европа, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Оңтүстік Африка елдері мен Австралиядан өкіл болған 896 делегат қатысты. Россияның конгресте Австрия, Англия, Германия және Франциямен тепе-тең 20 дауысы болды: оның ішінде социал-демократтардың (литван және армян социал-демократиясын қоса есептегенде) 10 дауысы, эсерлердің—7, кәсіподақтардың—3 дауысы болды. Конгреске РСДРП атынан В. И. Ленин, Г. В. Плеханов, А. М. Коллонтай, А. В. Луначарский және басқалар қатысты.

Жеке мәселелерді алдын ала талқылап, қарарлар дайындау үшін бес комиссия: кооперативтік; кәсіподақтар, халықаралық ынтымақ және Австриядағы кәсіподақтар қозғалысының бірлігі жөнінде; соғысқа қарсы күрес жөнінде; жұмысшы заңдары және жұмыссыздық туралы мәселе; әр түрлі қарарлар дайындау, оның ішінде социалистік бірлік туралы, өлім жазасы туралы, Финляндия, Аргентина, Персия туралы қарарлар дайындау және басқалар жөнінде комиссиялар құрылды.

Ленин конгрестің негізгі комиссияларының бірі — кооперативтік комиссияға кірді. Пролетариаттың революциялық күресіндегі кооперативтердің ролі мен міндеттері туралы және кооперативтер мен социалистік партиялар арасындағы қарым-қатынас туралы мәселе жөнінде конгресте болған қызу күрестен кейін қарар қабылданды, қарарда, Лениннің көрсеткеніндей, «пролетарлық кооперативтердің міндет-

терін негізінен алғанда Интернационалдың дұрыс анықтағаны» айтылды (Шығармалар толық жинағы, 19-том, 385-бет).

Соғысқа қарсы күрес—«Аралық соттар және қарусыздандыру» туралы мәселе жөніндегі қарарда конгресс Штутгарт конгресінің (1907) «Милитаризм және халықаралық жанжалдар» жөніндегі қарарын қуаттады, оған В. И. Ленин мен Р. Люксембургтің барлық елдердің социалистерінен соғыс тудырған экономикалық және саяси дағдарысты буржуазияны құлату үшін пайдалануға шақырған түзетулері енді. Копенгаген конгресінің қарары сондай-ақ социалистік партиялар мен олардың парламенттегі өкілдерін өз үкіметтерінен қару-жарақты қысқартуды, мемлекеттер арасындағы жанжалдарды аралық сот арқылы шешуді талап етуді міндеттеді, барлық елдердің жұмысшыларын соғыс қаупіне қарсы наразылық ұйымдастыруға шақырды.

Ленин конгресс күндерінде революцияшыл марксистерді халықаралық майданда топтастыру мақсатын көздеп, конгреске қатысқан солшыл социал-демократтармен кеңес өткізді. «Европалық соғыс және европалық социализм» деген кітапшаның жоспарында (кітапша жазылмай қалды) Ленин кеңеске қатысқандарды атап өтеді: Франциядан — Ж. Гед пен Ш. Раппопорт; Бельгиядан — де Брукер; Германиядан — Р. Люксембург пен Э. Вурм; Польшадан—Ю. Мархлевский (Карский); Испаниядан—П. Иглесиас; Австриядан —А. Браун; Россиядан—В. И. Ленин, Г. В. Плеханов және басқалар (қараңыз: Лениннің XIV жинағы, 22-бет).

Конгресс жұмыс істеп жатқан кезде сондай-ақ РСДРП өкілдерінің — большевиктер мен партияшыл-меньшевиктердің және Думадағы социал-демократиялық фракция өкілдерінің кеңесі болып өтті, оған В. И. Ленин, Г. В. Плеханов, Н. Г. Полетаев және басқалар қатысты. Кеңесте жария және құпия органдар шығару және оларға партияшыл-меньшевиктердің жазып тұруы жөнінде келісім жасалды.

Герман социал-демократиялық партиясының орталық органы — «Vorwärts» газетінде Троцкийдің РСДРП-ға қарсы жалақорлық мақаласы (аноним мақаласы) шығуына байланысты орыс делегациясының мүшелері В. И. Ленин, Г. В. Плеханов және поляк социал-демократиясының өкілі А. Варский (А. С. Варшавский) Герман социал-демократиялық партиясының Орталық Комитетіне наразылық жолдады. — *47*.

40 *«Правда»* («Шындық») (веналық)— троцкистердің фракциялық газеті; 1908—1912 жылдары шығарылып тұрды. Алғашқы үш номері Львовта басылды, одан соң газетті шығару Венаға (Австрия) көшірілді; барлығы 25 номері шықты. Газеттің украин одағы «Спилканың» органы ретінде шыққан алғашқы екі номерінен басқасы Россияның ешқандай да партия ұйымын білдірмейтін және, В. И. Лениннің сөзі-

мен айтқанда, «жеке іс» еді. Газеттің редакторы Л. Д. Троцкий болды.

«Фракциялық емес» дегенді бетке ұстап, газет алғашқы номерлерінен бастап-ақ жойымпаздық пен шақырымпаздықты қорғап, большевизмге қарсы шықты; революционерлер мен оппортунистер бір партияда ынтымақтаса алады деген центристік «теорияны» уағыздады. Орталық Комитеттің 1910 жылғы январь пленумынан кейін газет ашық жойымпаздық позиция ұстады, антипартиялық шақырымпаздық-ультиматистік «Вперед» тобын қолдады.

1912 жылы Троцкий және оның газеті антипартиялық Август блогының инициаторлары және басты ұйымдастырушылары болды. — *47*.

41 *«Жастар»*—герман социал-демократиясындағы ұсақ буржуазиялық жартылай анархистік оппозиция; 1890 жылы пайда болды. Оппозицияның негізгі ұйтқысы партияның теоретигі, басшысы роліне дәмеленген жас әдебиетшілер мен студенттер еді (оппозицияның аты осыдан алынған). Бұл оппозиция социалистерге қарсы ерекше заң жойылғаннан кейінгі (1878—1890) партияның қызмет жағдайының өзгергенін түсінбей, күрестің жария формаларын қолданудың қажеттігін теріске шығарды, социал-демократияның парламентке қатысуына қарсы шықты, партияны ұсақ буржуазияның мүдделерін қорғайды деп, оппортунизм жолына түсті деп айыптады. Ф. Энгельс «жастар» оппозициясына қарсы күрес жүргізді. «Жастардың» органы «Саксонская Рабочая Газета» Энгельсті оппозициямен ынтымақтасты деп жариялауға тырысқан кезде, ол, өзінің сөзімен айтқанда, мұндай «шексіз әдепсіздікке» үзілді-кесілді тойтарыс берді және «жастардың» көзқарастары мен тактикасын өлтіре сынады.

Оппозицияның теориялық көзқарастары мен тактикасы, Энгельстің сөзімен айтқанда, «шексіз бұрмаланған «марксизм»» болып табылады. «Жастардың» нақты шындықтан қол үзген, авантюристік тактикасы, деп жазды Энгельс, «қатарында миллиондаған адамы бар ең күшті партияның өзін оның қас дұшпандарына таба қылып, өлтірген болар еді». Энгельс «жастардың» партиядағы өз салмағы мен алатын орны жөнінде өздерін асыра бағалап, қиялға берілуін мысқылдады. «Олардың «академиялық білімі», былайша айтқанда, түбегейлі сыннан өтуі қажет білімі,— деп көрсетті Энгельс,—партияда соған лайықты офицерлік шен алуға тіпті де право бермейтінін олар түсінуі керек; біздің партияда әркімнің қызметті ең төменнен бастауы керек; партияда жауапты орында отыру үшін тек әдеби талант пен теориялық білім, тіпті екеуі де таласcыз болған күннің өзінде де, жеткіліксіз болар еді, ол үшін сондай-ақ партия күресінің жағдайымен жақсы таныс болу және оның формаларын толық игеру, жеке басының шын берілгендігі мен мінез беріктігі және, ақырында, өзін өзі күрескерлер қата-

рына еркімен қосуы қажет болады; бір сөзбен айтқанда, жалпы және тұтас алғанда жұмысшылар олардан емес, олар, «академиялық білімі» бар адамдар, жұмысшылардан неғұрлым көбірек үйренулері керек болады» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, II бөлім, 1936, 62—63-беттер). 1891 жылы октябрьде герман социал-демократиясының Эрфурт съезі «жастар» басшыларының бір тобын партиядан шығарды. — *74.*

42 *II Мемлекеттік дума* 1907 жылы 20 февральда (5 мартта) жиналды. Дума сайлауы төте, тең сайлау емес-ті және әскери-дала соттары мен қудалау жағдайында өтті. Осыған қарамастан, екінші Дума бірінші Думаға қарағанда құрамы жағынан солшылдау болды. Мұның себебі мынада еді: бірінші Дума кезіндегіге қарағанда партиялар неғұрлым айқын және күрт ажырасты, бұқараның таптық санасы өсті, сондай-ақ большевиктер сайлауға қатысты.

Думаның құрамы, бір жағынан, солшыл партиялардың— социал-демократтар мен халықшылдық топтардың, екінші жағынан—кадеттердің есебінен оңшылдардың күшейгенін дәлелдеді. II Мемлекеттік дума мүшелерінің саяси топтар бойынша бөлінуі мынадай болды: оңшылдар, яғни монархистер мен октябристер—54, кадеттер мен оларға жақындар—99, ұлттар өкілдері — 76, партияда жоқтар—50, казактар топтары — 17, халықтық социалистер — 16, эсерлер —37, трудовиктер —104, социал-демократтар —65. Алайда құрамы жағынан анағұрлым солшылдау екінші Дума, революция қайтуға айналғандықтан, бірінші Думадан гөрі әлсіздеу болды.

II Мемлекеттік думадағы оңшыл партиялар барлық мәселелер бойынша самодержавиелік үкіметтің саясатын сөзсіз қолдап отырды. Екінші Думаға дейін өздерінің контрреволюцияшылдығын біржола көрсеткен кадеттер самодержавиемен мәмлеге келу позициясын ұстады.

II Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияда меньшевиктер басым болды. Кадеттермен блок құруды жақтаған және халық ішінде конституциялық жалған үміттерді қолдаған меньшевиктердің оппортунистік тактикасы фракцияның қызметіне әсер етпей қалған жоқ. Ленин Думадағы социал-демократиялық фракцияның қателіктерін қатты сынады, Россия социал-демократиясының көпшілігі мен оның Думадағы өкілдерінің көзқарастары арасындағы сәйкессіздікті көрсетті. Большевиктер Думаны патша өкіметін және контрреволюциялық буржуазияның сатқындық ролін әшкерелеу үшін, партияның революциялық программасын жариялау және насихаттау үшін, шаруаларды либералдардың ықпалынан босатып алып, Думада жұмысшы табы мен шаруалар өкілдерінің революциялық блогын құру үшін трибуна есебінде пайдаланды. Большевиктердің ұстаған бағыты парламенттік мекемелердегі пролетариат өкілдері-

нің іс-әрекетіндегі жаңа, революциялық-маркстік бағыт еді. Ал меньшевиктер Думада кадеттерді қолдаудың оппортунистік тактикасын жүргізді. «I және II Думалардың *бүкіл* тарихы,— деп жазды кейіннен Ленин,— либералдардың шаруаларға қарсы және социал-демократтарға қарсы күресіне толы. Большевизм мен меньшевизмнің күресі либералдарды қолдау жолындағы күрес ретінде, либералдардың шаруаларға гегемондығын құлату жолындағы күрес ретінде осы тарихпен *тығыз* байланысты» (Шығармалар толық жинағы, 19-том, 394-бет).

Бірінші Думадағы сияқты, екінші Мемлекеттік думада да талқыланған басты мәселе аграрлық мәселе болды. Дума өзінің мәжілістерінде басқа мәселелермен бірге бюджетті, ашаршылыққа ұшырағандар мен жұмыссыздарға көмек көрсету мәселелерін, амнистия туралы мәселені талқылады.

1907 жылдың орта шенінде патша өкіметін жеңу үшін жұмысшылар мен шаруалардың күші жетпегені айқын болды. 3 (16) июньде патша үкіметі II Мемлекеттік думаны таратып жіберді; Думадағы социал-демократиялық фракция тұтқынға алынды. Сонымен бірге III Думада помещиктер мен ірі буржуазияның толық басымдылығын қамтамасыз еткен жаңа сайлау заңы шығарылды. 1907 жылы 3 июнь елдің тарихына контрреволюциялық төңкеріс күні ретінде кірді. II Мемлекеттік думаның таратылуы аса зұлым реакция кезеңінің басталғанын көрсетті.— *84.*

43 *«Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағын»* 1895 жылдың күзінде В. И. Ленин ұйымдастырды, ол Петербургтегі жиырмаға жуық маркстік үйірмелерді біріктірді. «Күрес одағының» бүкіл жұмысы централизм және қатаң тәртіп принциптері негізінде құрылды. «Күрес одағын» Орталық топ басқарды, оған В. И. Ленин, А. А. Ванеев, П. К. Запорожец, Г. М. Кржижановский, Н. К. Крупская, Л. Мартов, М. А. Сильвин, В. В. Старков және басқалар енді. Тікелей басшылық топтың Ленин бастаған бес мүшесінің қолында болды. Ұйым аудандық топтарға бөлінді. Алдыңғы қатарлы, саналы жұмысшылар (И. В. Бабушкин, В. А. Шелгунов және басқалар) бұл топтарды фабрикалармен және заводтармен байланыстырды. Заводтарда хабарлар жинайтын және әдебиет тарататын ұйымдастырушылар болды; ірі кәсіпорындарда жұмысшы үйірмелері құрылды.

«Күрес одағы» Россияда тұңғыш рет социализмді жұмысшы қозғалысымен ұштастыру ісін, алдыңғы қатарлы жұмысшылардың шағын тобы арасында үйірмелерде марксизмді насихаттаудан пролетариаттың қалың бұқарасы арасында саяси үгіт жүргізуге көшу ісін жүзеге асыра бастады. «Одақ» жұмысшылардың экономикалық талаптар үшін күресін патша өкіметіне қарсы саяси күреспен ұштастыра отырып, жұмысшы қозғалысына басшылық етті. 1895 жылы ноябрьде «Күрес одағы» Торнтон шұға фабрикасында стачка

ұйымдастырды. 1896 жылдың жазында «Одақтың» басшылығымен Петербург тоқымашыларының 30 мыңнан астам жұмысшы қатысқан атақты стачкасы болды. «Күрес одағы» жұмысшыларға арнап листовкалар мен кітапшалар бастырып шығарды. «Одақ» басылымдарының редакторы В. И. Ленин болды, оның басшылығымен «Рабочее Дело» саяси жұмысшы газетін шығару әзірленді. «Күрес одағы» Петербургтен тысқары жерлерге де ықпалын жүргізді. «Одақтың» бастауымен Москвада, Киевте, Екатеринославта, Россияның басқа да қалалары мен облыстарында жұмысшы үйірмелері «Күрес одақтарына» бірікті.

1895 жылы декабрьде патша үкіметі «Күрес одағына» қатты соққы берді: 1895 жылы 8 декабрьден 9 декабрьге (20 декабрьден 21 декабрьге) қараған түні «Одақтың» Ленин бастаған қайраткерлерінің едәуір бөлегі тұтқынға алынды; «Рабочее Дело» газетінің теруге әзірленіп қойған бірінші номері де қолға түсті.

Топтың тұтқындаудан бірнеше күн кейін өткен алғашқы жиналысында Петербург социал-демократтарының ұйымын «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы» деп атауға шешім қабылданды. 1895 жылғы 15 (27) декабрьде, Лениннің және «Күрес одағының» басқа мүшелерінің тұтқынға алынуына жауап ретінде, «Одақтың» тұтқыннан аман қалған мүшелері саяси тақырыпқа жұмысшылар жазған листок бастырып шығарды.

Ленин түрмеде отырған кезінде де «Одақтың» қызметіне басшылық етті, оған өзінің кеңестерімен көмектесті, сыртқа шифрлы хаттар, листовкалар жіберіп тұрды, «Стачкалар туралы» деген кітапшаны (әлі табылған жоқ), «Социал-демократиялық партия программасының жобасы және оны түсіндіруді» жазды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 89—120-беттер).

Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы», Лениннің сөзімен айтқанда, жұмысшы қозғалысына сүйенетін, пролетариаттың тап күресіне басшылық ететін революциялық партияның бастамасы болды.

«Одақтың» тұтқындаудан аман қалған ескі мүшелері РСДРП I съезін әзірлеп, оны өткізуге және съезд атынан басылып шыққан «Манифесті» жазуға қатысты. Алайда «Күрес одағын» құрушылардың, ең алдымен В. И. Лениннің Сибирьде айдауда жүріп, ұзақ уақыт болмауы 1897 жылдан бастап «Рабочая Мысль» газеті арқылы орыс топырағына тред-юнионизм мен бернштейншілдік идеяларын таратқан «жастардың», «экономистердің» оппортунистік саясатын жүргізуіне жеңілдік туғызды. 1898 жылдың екінші жартысынан бастап «Одақтың» басшылығына нағыз ашық «экономистер» — «рабоче-мысльшілдер» келді.— *87.*

44 *«Искра»* («Ұшқын») — 1900 жылы В. И. Ленин негізін қалаған және Россия жұмысшы табының революциялық маркс-

тік партиясын құруда шешуші роль атқарған тұңғыш жалпы орыстық маркстік құпия газет.

Лениндік «Искраның» 1900 жылдың декабрі деп белгіленген 1-номері Лейпцигте шықты; одан кейінгі номерлері Мюнхенде, 1902 жылғы июльден — Лондонда және 1903 жылдың көктемінен — Женевада шығып тұрды. Газет шығаруды жолға қоюға (құпия баспахана ұйымдастыруға, орысша шрифтер тауып алуға және т. т.) герман социал-демократтары К. Цеткин, А. Браун және басқалар, сол жылдары Мюнхенде тұрған поляк революционері Ю. Мархлевский және ағылшын Социал-демократиялық федерациясы басшыларының бірі Г. Квелч үлкен көмек көрсетті.

«Искра» редакциясына В. И. Ленин, Г. В. Плеханов, Л. Мартов, П. Б. Аксельрод, А. Н. Потресов және В. И. Засулич енді. Алғашқыда редакция секретары И. Г. Смидович-Леман, одан соң, 1901 жылдың көктемінен бастап Н. К. Крупская болды, ол сонымен бірге «Искраның» орыс социал-демократиялық ұйымдарымен бүкіл хат-хабар алысуын жүргізіп отырды. «Искра» басты назарын Россия пролетариатының және барлық еңбекшілерінің патша самодержавиесіне қарсы революциялық күресі мәселелеріне аударды, халықаралық өмірдің, әсіресе халықаралық жұмысшы қозғалысының аса маңызды оқиғаларына зор көңіл бөлді. Ленин іс жүзінде «Искраның» бас редакторы және басшысы болды, партия құрылысы және Россия пролетариаты тап күресінің барлық негізгі мәселелері жөнінде мақалалар жазып отырды.

«Искра» партия күштерін біріктіру, партия кадрларын топтастыру мен тәрбиелеу орталығына айналды. Россияның бірқатар қалаларында (Петербург, Москва, Самара, т. б.) лениндік-искралық бағытта РСДРП топтары мен комитеттері құрылды, ал 1902 жылы январьда искрашылдардың Самарада болған съезінде «Искраның» орыс ұйымы құрылды. Искралық ұйымдар В. И. Лениннің шәкірттері мен серіктері—Н. Э. Бауманның, И. В. Бабушкиннің, С. И. Гусевтің, М. И. Калининнің, П. А. Красиковтың, Г. М. Кржижановскийдің, Ф. В. Ленгниктің, П. Н. Лепешинскийдің, И. И. Радченконың және басқалардың тікелей басшылығымен құрылды және жұмыс істеді.

Лениннің инициативасымен және оның тікелей қатысуымен «Искра» редакциясы партия программасының жобасын дайындады («Искраның» 21-номерінде жарияланды) және РСДРП-ның II съезін әзірледі. Съезд шақырылар қарсаңда Россияның жергілікті социал-демократиялық ұйымдарының көпшілігі «Искраға» қосылды, оның тактикасын, программасын және ұйымдық жоспарын мақұлдады, оны өздерінің басшы органы деп таныды. Съезд өзінің арнаулы қаулысында партия үшін күресте «Искраның» ерекше роль атқарғанын атап көрсетті және оны РСДРП-ның Орталық Органы деп жариялады.

Партияның II съезінен кейін көп ұзамай меньшевиктер Плехановтың қолдауымен «Искраны» өз қолдарына қаратып алды. Елу екінші номерінен бастап «Искра» революциялық марксизмнің органы болудан қалды.—*87*.

45 *«Наша Заря»* («Біздің Таң») — жойымпаз-меньшевиктердің ай сайын шыққан жария журналы; 1910 жылғы январьдан 1914 жылғы сентябрьге дейін Петербургте шығып тұрды. Журналға А. Н. Потресов басшылық етті, оған Ф. И. Дан, С. О. Цедербаум (В. Ежов) және басқалар жазып тұрды. «Наша Заряның» төңірегінде Россиядағы жойымпаздардың орталығы құрылды. 1912 жылғы РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясының қарарында былай деп атап көрсетілген: ««Наша Заря», «Дело Жизни» журналдарының төңірегіне топтасқан бір топ социал-демократтар бүкіл партия пролетариатқа буржуазиялық ықпалдың нәтижесі деп таныған ағымды ашық қорғауға шықты» («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 371-бет).— *97*.

46 *«Vorwärts»* («Алға») — күнделікті газет, Герман социал-демократиялық партиясының орталық органы; бұл газет 1884 жылдан шыға бастаған «Berliner Volksblatt» («Берлин Халық Газеті») газетінің жалғасы ретінде партияның Галль съезінің қаулысы бойынша «Vorwärts. Berliner Volksblatt» деген атпен 1891 жылдан Берлинде шығып тұрды. Газет бетінде Ф. Энгельс оппортунизмнің барлық көріністеріне қарсы күрес жүргізді. 90-жылдардың екінші жартысынан былай, Энгельс қайтыс болғаннан кейін, «Vorwärts»-тің редакциясы партияның оң қанатының қолына көшіп, оппортунистердің мақалаларын үнемі басып тұрды. РСДРП қатарындағы оппортунизм мен ревизионизмге қарсы күресті сыңаржақ көрсете отырып, «Vorwärts» «экономистерді», ал одан соң, партия жікке бөлінгеннен кейін,— меньшевиктерді қолдады. Реакция жылдарында «Vorwärts» Троцкийдің жалақорлық мақалаларын басты, ал Лениннің, большевиктердің ол мақалаларды теріске шығарып жауап беруіне және партиядағы істің жайын объективті тұрғыдан бағалауына мүмкіндік бермеді. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде «Vorwärts» социал-шовинизм позициясында болды; Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін антисоветтік насихат жүргізді. Берлинде 1933 жылға дейін шығып тұрды.— *104*.

47 Бұл арада РСДРП Орталық Комитетінің 1910 жылғы январь пленумы тағайындаған Мектеп комиссиясы (Мектеп комитеті) айтылып отыр, ол шетелде партия мектебін ұйымдастыру үшін құрылған еді; оның құрамында тоғыз адам: екі большевик, екі меньшевик, екі впередшіл және ұлттық

ұйымдардан—Бундтан, латыш және поляк социал-демократияларынан бір-бір өкілден болды.— *104.*

48 *Социалист-революционерлер* (эсерлер) — Россиядағы ұсақ буржуазиялық партия; 1901 жылдың аяғы — 1902 жылдың басында әр түрлі халықшылдық топтар мен үйірмелердің («Социалист-революционерлер одағы», Социалист-революционерлер партиясы, т. т.) бірігуі нәтижесінде пайда болды. «Революционная Россия» (1900—1905) газеті мен «Вестник Русской Революции» (1901—1905) журналы оның ресми органдары болды. Эсерлер пролетариат пен ұсақ меншік иесінің арасындағы таптық айырмашылықты көрмеді, шаруалар ішіндегі таптық жіктелуді және қайшылықтарды бүркемеледі, пролетариаттың революциядағы басшылық ролін жоққа шығарды. Эсерлердің көзқарасы халықшылдық пен ревизионизм идеяларының эклектикалық қойыртпағы болды; Лениннің сөзімен айтқанда, эсерлер «халықшылдықтың жыртық-тесігін марксизмді сәнге айналған оппортунистік «сынаудың» жамауларымен» бітеуге тырысты (Шығармалар толық жинағы, 11-том, 308-бет). Эсерлер самодержавиемен күрестегі негізгі әдіс ретінде уағыздаған жеке террор тактикасы революциялық қозғалысқа үлкен кесел келтірді, бұқараны революциялық күреске ұйымдастыру ісін қиындатты.

Эсерлердің аграрлық программасы жерге жеке меншікті жоюды және оны қауым қарамағына беруді, жерді пайдалануда «еңбек негізін» және «теңгермелік әдісті» қолдануды, сондай-ақ кооперацияны дамытуды көздеді. Эсерлер «жерді социализациялау» деп атаған осы программада шынында социалистік дейтіндей түк жоқ еді. В. И. Ленин эсерлер программасын талдай келіп, ортақ жерде товар өндірісін және жеке меншік шаруашылықты сақтау капитал үстемдігін жоя алмайды, еңбекші шаруаларды қаналу мен күйзелістен құтқара алмайды; капитализм жағдайында кооперация да ұсақ шаруалар үшін аман қалудың құралы бола алмайды, өйткені ол село буржуазиясын байыту үшін қызмет етеді деп көрсетті. Сонымен қатар жерді теңгермелі түрде пайдалану талаптарының социалистік болмағанымен, деп атап көрсетті Ленин, тарихи прогрестік революциялық-демократиялық сипаты болды, өйткені ол талаптар реакциялық помещиктік жер иеленушілікке қарсы бағытталған болатын.

Большевиктер партиясы эсерлердің социалистер болып көрінуге тырысқан әрекеттерін әшкереледі, шаруаларға ықпал жасау үшін эсерлермен табанды күрес жүргізді, олардың жеке террор жасау тактикасы жұмысшы қозғалысына зиянды екенін көрсетіп отырды. Сонымен бірге большевиктер патша өкіметіне қарсы күресте эсерлермен белгілі бір жағдайларда уақытша келісім жасасудан да қашпады.

Шаруалардың таптық жағынан әр тектілігі эсерлер партиясында саяси және идеялық тұрақсыздық, ұйымдық ала-

уыздық, олардың либерал буржуазия мен пролетариат арасында үнемі ауытқуын тудырды. Бірінші орыс революциясы жылдарының өзінде-ақ эсерлер партиясынан оның оң қанаты бөлініп шығып, жария Халықтық-социалистік еңбек партиясы (энестер) құрылды, ол өзінің көзқарасы жағынан кадеттерге жақын тұрды, ал сол қанатынан жартылай анархистік «максималистер» одағы қалыптасты. Столыпин реакциясы кезеңінде эсерлер партиясы идеялық және ұйымдық жағынан толық күйреді. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында эсерлердің көпшілігі социал-шовинизм позициясында болды.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы жеңгеннен кейін эсерлер меньшевиктермен және кадеттермен бірге контрреволюциялық буржуазиялық-помещиктік Уақытша үкіметтің басты тірегі болды, ал партияның лидерлері (Керенский, Авксентьев, Чернов) үкімет құрамына кірді. Эсерлер партиясы помещиктік жер иеленушілікті жою жөніндегі шаруалар талабын қолдаудан бас тартты, жерге помещиктік жеке меншікті сақтауды жақтады; Уақытша үкіметтің эсер министрлері помещиктердің жерлерін басып алған шаруаларға қарсы жазалау отрядтарын жіберді.

1917 жылы ноябрьдің аяқ кезінде эсерлердің сол қанаты дербес солшыл эсерлер партиясын құрды. Солшыл эсерлер шаруалар бұқарасы арасында өз ықпалын сақтауға тырысып, Совет өкіметін формальды түрде таныған болды және большевиктермен келісімге келді, бірақ көп ұзамай Совет өкіметіне қарсы күрес жолына түсті.

Шетелдік соғыс интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында эсерлер контрреволюциялық қастандық жұмыс жүргізді, интервенттер мен ақ гвардияшыларды белсене қолдады, контрреволюциялық заговорларға қатысты, Совет мемлекеті мен Коммунистік партияның қайраткерлеріне қарсы террорлық әрекеттер ұйымдастырды. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін эсерлер ел ішінде және эмиграциядағы ақ гвардияшылар қосынында жүріп, Совет мемлекетіне қарсы дұшпандық әрекетін тоқтатпады.— *105.*

49 *«L'Humanité»* («Адамзат») — күнделікті газет, Француз социалистік партиясының органы ретінде 1904 жылы Ж. Жорес негізін қалаған. 1905 жылы газет Россияда басталған революцияны құттықтап, «өзінің 89-жылын жасап жатқан орыс ұлтымен» француз халқының ынтымақтастығын білдірді. Газет редакциясы орыс революциясына арнап ақша жинауды ұйымдастырды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында (1914—1918) газет Француз социалистік партиясының барып тұрған оң қанатының қолында болып, шовинистік позиция ұстады.

1918 жылы француз және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері Марсель Кашен газеттің

басшысы және оның саяси директоры болды. 1918—1920 жылдарда газет қарулы күштерін Совет республикасына қарсы күресуге жұмсаған француз үкіметінің империалистік саясатына қарсы шықты. 1920 жылғы декабрьден бастап, Француз социалистік партиясы жікке бөлініп, Франция Коммунистік партиясы құрылғаннан кейін, газет оның Орталық органы болды.

Екінші дүние жүзілік соғыстың басында, 1939 жылғы августа, француз үкіметі газетке тыйым салды, сөйтіп ол құпия жағдайға көшті. Францияны гитлерлік әскерлер оккупациялаған кезеңде (1940—1944) газет құпия шығып тұрды. Францияны фашистік басқыншылардан азат ету жолындағы күресте газет орасан зор роль атқарды.

Соғыстан кейінгі дәуірде газет елдің ұлттық тәуелсіздігін нығайту жолында, жұмысшы табының қимыл бірлігі жолында, халықтар арасында бейбітшілік пен достықты нығайту жолында, демократия және әлеуметтік прогресс жолында қажырлы күрес жүргізіп келеді.— *105.*

50 *«Халық еркі»*—«Жер және ерік» деген халықшылдық ұйымның жікке бөлінуі нәтижесінде 1879 жылы августа пайда болған халықшыл-террористердің құпия саяси ұйымы. «Халық еркін» Атқару комитеті басқарды, оның құрамына А. И. Желябов, А. А. Квятковский, А. Д. Михайлов, Н. А. Морозов, С. Л. Перовская, В. Н. Фигнер, М. Ф. Фроленко және басқалар кірді. Халықшылдардың утопиялық социализмі позициясында қала отырып, халық ерікшілері самодержавиені құлатып, саяси бостандықты жеңіп алуды ең маңызды міндет деп есептеп, саяси күрес жолына түсті. Олардың программасы жалпыға бірдей сайлау правосы негізінде сайланған «тұрақты халық өкілдігін» ұйымдастыруды, демократиялық бостандықтар жариялауды, жерді халыққа беруді және заводтар мен фабрикаларды жұмысшылардың қолына көшірудің шараларын белгілеуді көздеді. «Халық ерікшілері,— деп жазды В. И. Ленин,— саяси күреске көшу арқылы бір адым ілгері басты, бірақ олар мұны социализммен байланыстыра алмады» (Шығармалар толық жинағы, 9-том, 191-бет).

Халық ерікшілері патша самодержавиесіне қарсы қаһармандық күрес жүргізді, бірақ «белсенді» қаһармандар мен «енжар» тобыр жөніндегі қате теорияға сүйенген олар халықтың қатысуынсыз, өз күштерімен, жеке-дара террор жолымен, үкіметке үрей туғызу, іріткі салу жолымен қоғамды қайта құрмақшы болды. 1881 жылғы 1 марттан кейін (II Александр өлтірілген күн) үкімет аяусыз қуғындау, атыпасу, арандату арқылы «Халық еркі» ұйымын жойып жіберді. Халық ерікшілерінің 80-жылдар бойы «Халық еркін» қайта қалпына келтіруге жасаған әлденеше әрекеттері нәтиже берген жоқ. Мысалы, 1886 жылы А. И. Ульянов (В. И. Лениннің ағасы) пен П. Я. Шевырев бастаған және «Халық

еркінің» дәстүрін ұстаған топ пайда болды. 1887 жылы III Александрды өлтіру әрекеті сәтсіздікке ұшырағаннан кейін бұл топ ашылып қалды да, оған белсене қатысушылар дарға асылды.

Халық ерікшілерінің қате, утопиялық программасын сынай келіп, В. И. Ленин «Халық еркі» мүшелерінің патша өкіметіне қарсы жанқиярлық күресіне зор құрмет білдірген пікір айтты, олардың конспирациялық техникасын және қатал орталықтанған ұйымын жоғары бағалады.— *105.*

51 *«Вестник Народной Воли»* («Халық Еркі Хабаршысы») — «Халық еркі» партиясының шетелдік органы, 1883 жылдан 1886 жылға дейін Женевада шығып тұрды; не бары 5 номері шықты. Редакцияның құрамына П. Л. Лавров, М. Н. Ошанина (Полонская), Л. А. Тихомиров кірді.—*106.*

52 *«Биржевые Ведомости»* («Биржа Ведомостары») — буржуазиялық газет; 1880 жылы коммерциялық мақсатпен құрылған. Петербургте әуелі аптасына үш рет, сосын төрт рет, содан соң күнделікті шығып тұрды. 1902 жылғы ноябрьден бастап күніне екі рет: таңертең және кешке шықты. Жалтақтығы, сатқындығы, принципсіздігі газеттің атын жалпы атауға («биржевка») айналдырды. «Биржевые Ведомостиді» 1917 жылы октябрьдің аяқ кезінде Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет жауып тастады.— *106.*

53 Ленин осы жерде және төменде «Коммунистік партияның манифесін» айтып, одан цитат келтіреді (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 448—449, 456-беттер). — *111.*

54 Бұл арада РСДРП V (Лондон) съезінде сайланған РСДРП Орталық Комитетінің мүшелері мен кандидаттары айтылып отыр; съезд 1907 жылы 30 апрель — 19 майда (13 май — 1 июньде) өтті.— *113.*

55 *«Дело Жизни»* («Өмір Ісі») — жария журнал, жойымпаз-меньшевиктердің органы; 1911 жылы январь — октябрьде Петербургте шығып тұрды. 9 номері шықты. — *114.*

56 *«Марксизм және «Наша Заря»»* деген мақала «Современная Жизнь» журналының 3-номерінде басылды. Мақаланы С. Г. Шаумянның өтініші бойынша В. И. Ленин жазды.

«Современная Жизнь» («Қазіргі Өмір») — апта сайын жария шығып тұрған қоғамдық-саяси журнал, большевиктер мен партияшыл-меньшевиктер кірген РСДРП біріккен Баку

ұйымының органы; 1911 жылғы 26 марттан (8 апрельден) 22 апрельге (5 майға) дейін Бакуде С. Г. Шаумянның редакциялауымен шығып тұрды. Үш номері шықты. Үшінші номері конфискеленді және журнал қала бастығының жарлығы бойынша жабылды. «Современная Жизньнің» екінші және үшінші номерлерінде «Ғылыми әңгімелер» деген рубрикамен К. Маркстің ілімін баяндайтын мақалалар басылды. «Современная Жизньде» Шаумянның бірқатар мақалалары жарияланды.— *116.*

57 *«Звезда»* («Жұлдыз») — большевиктік жария газет; 1910 жылғы 16 (29) декабрьден 1912 жылғы 22 апрельге (5 майға) дейін Петербургте шығып тұрды. Бастапқыда газет апта сайын шықты; 1912 жылғы 21 январьдан (3 февральдан) бастап аптасына 2 рет, ал 1912 жылғы 8 (21) марттан — аптасына 3 рет шығарылды. «Звезданың» жиі-жиі конфискеленуіне байланысты «Невская Звезда» газеті шығарылды, ол «Звезданың» тікелей жалғасы болды. «Невская Звезданың» бірінші номері, «Звезда» әлі жабылмай тұрғанда, 1912 жылы 26 февральда (10 мартта), соңғы, 27-номері 1912 жылы 5 (18) октябрьде шықты.

«Звезданың» тиражы бастапқы шығарылғанда 7—10 мың дана болды. 1912 жылғы Лена күндерінде газеттің тиражы 50—60 мың данаға жетті.

Россияда революциялық қозғалыстың жандана бастауына байланысты жария маркстік баспасөзді жаңғырту мәселесі аса көкейтесті мәселе болды. 1910 жылы күзде Копенгагендегі Халықаралық социалистік конгресс жұмыс істеп жатқан кезде кеңес өтті, оған В. И. Ленин, Г. В. Плеханов, III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның мүшесі большевик Н. Г. Полетаев және басқалар қатысты. Кеңесте Россияда жария орган шығару және оған партияшыл-меньшевиктердің қатысуы жөнінде келісімге қол жетті. Осы келісімнің негізінде «Звезда» редакциясының құрамына В. Д. Бонч-Бруевич (большевиктерден), Н. И. Иорданский (партияшыл-меньшевиктерден) және И. П. Покровский (III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракциядан) кірді. Газетті шығаруды жолға қоюда Н. Г. Полетаев үлкен роль атқарды. «Звезда» бұл кезеңде Думадағы социал-демократиялық фракцияның органы болып саналды. 1911 жылы 11 (24) июньде 25-номерінен бастап газетті шығару уақытша тоқтатылды. 1911 жылы октябрьде «Звезда» редакциялық құрамы өзгеріп, партияшыл-меньшевиктердің қатысуынсыз қайта шығарылды.

В. И. Ленин «Звездаға» идеялық басшылық етті; ол редакция мүшелерімен хат-хабар алысып, олардың жұмысын бағыттап отырды, «Звезданың» қателерін, әсіресе ол шыға бастаған бастапқы кездегі қателерін сынға алды, газеттің ұстамды маркстік бағыты жолында күрес жүргізді.

«Звезда» мен «Невская Звездада» В. И. Лениннің 50-ге

жуық мақаласы жарияланды, оларға былай деп қол қойылған: В. Ильин, В. Ф., Вильям Фрей, Ф. Л-ко, К. Т., Т., Б. К., М. Ш., П. П., Р. Силин, Р. С., Б. Г., Не-либеральный скептик, К. Ф., Ф. Ф., М. М. және басқалар.

Н. Н. Батурин, Н. Г. Полетаев, К. С. Еремеев, М. С. Ольминский «Звездада» орасан зор редакциялық және ұйымдастыру жұмысын жүргізді. В. Д. Бонч-Бруевич, Демьян Бедный және басқалар газетке белсене қатысып тұрды. «Звездада» Г. В. Плехановтың бірқатар мақалалары басылды. Ленин «Звездаға» қатысуға А. М. Горькийді тартты.

Лениннің басшылығымен «Звезда» айбынды маркстік газетке айналды. Ол революциялық марксизм принциптерін қорғап, насихаттады, маркстік партияны нығайту жолында, жұмысшы табы мен шаруалардың революциялық одағы жолында жойымпаздарға және шақырымпаздарға қарсы күресті, IV Мемлекеттік дума сайлауында большевиктердің сайлау платформасын қорғады. «Звезда» Думадағы социал-демократиялық фракция мүшелерінің сөйлеген сөздерін және фракцияның Думаға қойған сұрауларын басып отырды. Газет РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясының шешімдерін жүзеге асыру жолында белсенді күрес жүргізді.

«Звезда» фабрикалар мен заводтардағы жұмысшылармен тұрақты тығыз байланыс орнатты; жұмысшы қозғалысы бөлімінде газет жұмысшылардың ең кокейтесті мұқтаждарына үн қосып отырды. Россияның жұмысшы табы мен еңбекшілері арасында «Звезданың» үлкен беделі болды.

1912 жылы коктемде жұмысшы қозғалысының өрлеуіне байланысты «Звезданың» ролі мықтап артты. Әсіресе жұмысшы хроникасы болімі айрықша кеңейді, онда Лена оқиғаларына байланысты пікірлер басылды. Газетте Россияның түрлі қалаларынан ереуілдер, демонстрациялар мен митингілер туралы коптеген хабарлар жарияланды, жұмысшылардың «Звездаға» жазған хаттары, Ленадағы атқылауға қарсы наразылық білдірілген, жұмысшылар жиналыстарында қабылданған қарарлар басылды.

Газет редакциясына патша үкіметі тарапынан үнемі болып тұрған: газет номерлерін конфискелеу, штрафтар салу, газетке тыйым салу, редакторларды тұтқынға алу сияқты қудалау жағдайында жұмыс істеуге тура келді.

1912 жылғы Лена күндерінде «Звезданың» әрбір номері конфискеленді, бірақ конфискеленгенге дейін тираждың бір бөлегі жұмысшылар арасына таратылып үлгерілетін-ді.

«Звезда» газеті күн сайын шығып тұрған жоқ және пролетариаттың алдыңғы қатарлы тобына арналған болатын. Большевиктік күнделікті бұқаралық газет шығару қажет болды. «Звезда» сондай органды құру идеясын насихаттауда үлкен роль атқарды. «Звезда» редакциясы жариялаған күнделікті жұмысшы газетінің қорына қаржы жинау жұмысшылар бұқарасы арасында қызу қолдау тапты. «Звезда» жұмысшылардың үн қосуы жөнінде оз оқушыларына үнемі

хабарлап, жаңа баспасөз органын шығару қорына жиналған қаржының сомасы жөнінде есеп жариялап отырды. «Звезда» газеті бұқаралық жария большевиктік газет «Правданы» шығаруды әзірлеп берді.— *116*.

58 Әңгіме Э. Бернштейн ұсынған тезис жайында болып отыр; Бернштейн ревизионизмді неғұрлым ашық бейнелеуші, халықаралық социал-демократиядағы марксизмге дұшпан оппортунистік ағым — бернштейншілдіктің негізін салушы, бұл ағым XIX ғасырдың аяғында Германияда пайда болды.

1896—1898 жылдарда Бернштейн герман социал-демократиясының теориялық органы «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында «Социализм проблемалары» деген сериялы мақалалар жариялап, оларда революциялық марксизмнің философиялық, экономикалық және саяси негіздеріне ревизия жасады. «Социализмді ғылыми жолмен негіздеу мүмкіндігі және тарихты материалистік жолмен түсіну тұрғысынан қарағанда социализмнің қажеттілігі мен болмай қалмайтындығын дәлелдеу мүмкіндігі теріске шығарылды; қайыршылықтың, пролетариатқа айналудың өсуі мен капиталистік қайшылықтардың шиеленісуі бекер делінді; *«түпкі мақсат»* туралы ұғымның өзі қисынсыз нәрсе деп жарияланды және пролетариат диктатурасын орнату идеясы мүлде теріске шығарылды; либерализм мен социализмнің принцип жүзінде бір-біріне қарама-қарсы екені бекер делінді; *тап күресінің теориясы* теріске шығарылды...» (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 6-том, 8-бет). Бернштейншілдердің марксизмді ревизиялауы социал-демократияны әлеуметтік революция партиясынан әлеуметтік реформалар партиясына айналдыруға бағытталды.

Герман социал-демократиясының солшыл элементтері өз газеттерінің беттерінде Бернштейнге қарсы күрес бастады. Оңшыл, оппортунистік қанат бернштейншілдікті қорғады. Партияның Орталық Комитеті бернштейншілдік жөнінде ымырашылдық позиция ұстап, оған тойтарыс берген жоқ. «Die Neue Zeit» журналында Бернштейн мақалалары жөніндегі айтыс 1898 жылы июльде Г. В. Плехановтың ревизионизмге қарсы бағытталған «Бернштейн және материализм» деген мақаласымен ашылды.

1899 жылы Бернштейннің мақалалары «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» деген атпен жеке кітап болып шықты.

Герман социал-демократиялық партиясының съездерінде — Штутгарт (октябрь, 1898), Ганновер (октябрь, 1899) және Любек (сентябрь, 1901) съездерінде — бернштейншілдік айыпталды, бірақ, лидерлердің көбі ымырашылдық позиция ұстауы себепті партия Бернштейннен іргені ажыратқан жоқ. «Sozialistische Monatshefte» («Социалистік Әрайлық») жур-

налы мен партия ұйымдарында бернштейншілдер ревизионистік идеяларды одан әрі ашықтан-ашық уағыздай берді.

Бернштейншілдік II Интернационалдың басқа партияларының оппортунистік элементтері тарапынан қолдау тапты. Россияда бернштейншілдік теорияларды «жария марксистер» мен «экономистер» қолдады. Патша цензурасы Бернштейн кітабының орыс тіліне аударылған үш басылымына рұқсат берді, ал Москва охранка бөлімінің бастығы Зубатов оны жұмысшылардың оқуына ұсынылған кітаптардың қатарына қосты.

Тек Россияның революцияшыл марксистері, Ленин бастаған большевиктер ғана бернштейншілдікке және оны жақтаушыларға қарсы батыл әрі дәйекті күрес жүргізді. Ленин 1899 жылдың өзінде-ақ «Россия социал-демократтарының наразылығында» және «Біздің программа» деген мақаласында бернштейншілдікке қарсы шықты; Лениннің «Не істеу керек?» деген кітабында және оның «Марксизм және ревизионизм», «Европа жұмысшы қозғалысындағы алауыздықтар» (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 175—189, 196—201-беттер; 6-том, 1—211-беттер; 17-том, 15—26-беттер; осы том, 67—75-беттер) деген және басқа мақалаларында бернштейншілдік кеңінен сынға алынды.— *119.*

59 Әңгіме «экономистердің» тезисі жайында болып отыр, бұл тезис олардың 1899 жылы Е. Д. Кускова жазған «Credo» дейтін программалық документінде ұсынылды.

«Экономизм» — XIX ғасырдың аяғы — XX ғасырдың басындағы Россия социал-демократиясындағы оппортунистік ағым, халықаралық оппортунизмнің бір түрі. «Экономистердің» баспасөз органдары — «Рабочая Мысль» газеті (1897—1902) және «Рабочее Дело» журналы (1899—1902) болды.

«Экономистер» саяси күрес либерал буржуазия айналысатын іс деп санап, жұмысшы табының міндеттерін жалақыны арттыру, еңбек жағдайларын жақсарту және т. б. жолындағы экономикалық күреспен шектеді. Олар партия қозғалыстың стихиялық процесіне сырттай зер салып, оқиғаларды тіркеп отырушы ғана болуға тиіс деп санап, жұмысшы табы партиясының басшылық ролін теріске шығарды. Жұмысшы қозғалысының стихиялылығы алдында бас иген «экономистер» революциялық теорияның, саналылықтың маңызын төмендетті, социалистік идеология стихиялы жұмысшы қозғалысынан пайда бола алады деп пайымдады; олар жұмысшы қозғалысына социалистік сананы сырттан, маркстік партияның енгізуі қажеттігін теріске шығарды, сөйтіп бұл арқылы буржуазиялық идеологияға жол ашып берді. «Экономистер» жұмысшы табының бір орталыққа бағындырылған партиясын құрудың қажеттігіне қарсы шығып, социал-демократиялық қозғалыстағы бытыраңқылық пен майдагерлікті қорғады. «Экономизм» жұмысшы табын

таптық революциялық жолдан тайдырып, оны буржуазияның саяси шылауына айналдыру қаупін туғызды.

Лениннің мына шығармалары «экономистердің» көзқарастарын жан-жақты сынауға арналған: «Россия социал-демократтарының наразылығы» («Credo»-ға қарсы бағытталған, 1899 жылы Сибирьде айдауда жүргенде жазылған, айдаудағы он жеті марксист қол қойған), «Орыс социал-демократиясындағы шегіншектеу бағыты», ««Profession de fio» жөнінде», «Экономизмді қорғаушылармен әңгіме» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 175—189, 260—297, 337—348-беттер; 5-том, 392—400-беттер). Ленин «Не істеу керек?» деген кітабында «экономизмді» идеялық жағынан біржола талқандады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 1 — 211-беттер). «Экономизммен» күресте лениндік «Искра» үлкен роль атқарды.— *119.*

60 Ленин бұл арада марксизмді буржуазиялық тұрғыдан өңін айналдырудың бір түрі «брентанизмнің» негізін салушы — немістің буржуазияшыл экономисі Луйо Брентаноның (1844—1931) көзқарасын айтып отыр. Брентано капиталистік қоғамда «әлеуметтік татулықты», капитализмнің әлеуметтік қайшылықтарын тап күресінсіз жою мүмкіндігін уағыздады, реформистік кәсіподақтарды ұйымдастыру және фабрикалық заң шығару арқылы жұмысшы мәселесін шешуге, жұмысшылар мен капиталистер мүдделерін ымыраға келтіруге болады-мыс деп пайымдады.

Россияда брентанизмге ұқсас теорияны марксизмді буржуазияның мүдделері үшін пайдалануға тырысқан «жария марксизмнің» басты өкілі П. Б. Струве таратып бақты. Ленин «струвизм» «марксизмнен либерал буржуазия үшін жарамдының бәрін» алып, «марксизмнің жанды өзегін»— оның революцияшылдығын лақтырып тастайды деп көрсетті. Струве шетелдік тұрпайы саяси экономияның өкілдерімен барлық жағынан ынтымақтас болды, капитализмге оған тән емес мақсатты — адамның барлық қажетін мейлінше толық қанағаттандыру мақсатын таңды, «капитализмнен үйренуге» шақырды, мальтусшілдікті ашықтан-ашық уағыздады. Лениннің анықтамасы бойынша, «ренегаттықтың ұлы шебері» Струве «оппортунизмнен, «Маркстi сынаудан» бастап, бірнеше жылдың ішінде контрреволюциялық буржуазиялық национал-либерализмге дейін құлдырады».

Струве ізбасарларының бірі буржуазияшыл публицист А. С. Изгоев болды, Струве сияқты оны да Ленин жер иеленуші-помещиктер мен капиталистер табының публицистік приказчигі деп атады.— *120.*

61 Бұл арада 1908 жылы 21—27 декабрьде (1909 жылы 3—9 январьда) болып өткен РСДРП Жалпы россиялық V конференциясының шешімдері айтылып отыр (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет

пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 268—281-беттер).— *120.*

62 Ленин бұл арада Н. Череванинніц «РСДРП-ның 1907 жылғы Лондон съезі» деген кітапшасын айтып отыр, кітапшаның соңғы тарауында автор съездің жұмысшы съезі және бейпартиялық жұмысшы ұйымдары туралы мәселе жөніндегі шешімін жойымпаздық позициядан сынаған болатын.— *120.*

63 *«Освобождение»* («Азаттық») — екі аптада бір рет шығып тұрған журнал; 1902 жылғы 18 июньнен (1 июльден) 1905 жылғы 5 (18) октябрьге дейін П. Б. Струвенің редакциясымен шетелде шығып тұрды. Журнал орыс либерал буржуазиясының органы болды және баяу-монархистік либерализм идеяларын дәйекті түрде жүргізді. 1903 жылы журналдың төңірегінде «Азаттық одағы» құрылып (ал 1904 жылғы январьда қалыптасты), 1905 жылғы октябрьге дейін өмір сүрді. Земствошыл-конституционалистермен қатар «освобожденнешілдер» 1905 жылғы октябрьде құрылған конституциялық-демократиялық партияның (кадеттер) ұйтқысы болды.— ***123.***

64 Ленин бұл арада өзінің «Кадеттердің жеңісі және жұмысшы партиясының міндеттері» деген еңбегін айтып отыр, ол 1906 жылы мартта жазылып, апрельде жеке кітапша болып басылып шыққан еді (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 283—372-беттер).— *124.*

65 Ленин бұл арада Столыпин әзірлеген және 1906 жылғы 9 (22) ноябрьде патша үкіметі шығарған «Шаруалардың жер иелігі мен жерді пайдалануы жөніндегі қазіргі қолданылып жүрген заңның кейбір қаулыларын толықтыру туралы» указды айтып отыр. Бұл указ Мемлекеттік думадан және Мемлекеттік советтен өткізілгеннен кейін 1910 жылғы 14 июньдегі заң деп атала бастады. 1906 жылы 15 (28) ноябрьде «Шаруалардың жер банкінің үлесті жерлерді залогқа алып, қарыз беруі туралы» тағы да указ шығарылды. Бұл указдар бойынша шаруаларға олардың үлесті жерлерін өздерінің жеке меншігінде қалдыруға және қауымнан отрубтар мен хуторларға бөлініп шығуға да право берілді. Хуторлықтардың немесе отрубтықтардың өзіне жер алу үшін Шаруалар банкі арқылы ақшадай жәрдем алуына мүмкін болды. Столыпиннің аграрлық заңдарының мақсаты жерге помещиктік меншікті сақтап және қауымды күшпен талқандай отырып, деревняда кулактардан патша самодержавиесіне жаңа әлеуметтік тірек жасау болды.

Столыпиннің аграрлық саясаты крепостник-помещиктердің өктемдігін, меншігін және пұрсаттылығын сақтай отырып, ауыл шаруашылығының капиталистік эволюциясын аса азапты, «пруссиялық» жолмен тездетті, шаруалардың негізгі

бұқарасын күшпен экспроприациялауды күшейтті, кедейлердің үлесті жерлерін арзанға сатып алуға мүмкіндігі болған шаруа буржуазиясының дамуын тездетті.

Ленин 1906 жылғы Столыпиннің аграрлық заңын (және 1910 жылы 14 (27) июньде шығарылған заңды) крепостниктік самодержавиені буржуазиялық монархияға айналдыру жолындағы, 1861 жылғы реформадан кейінгі, екінші қадам деп атады. «Столыпиннің ескі тәртіптің және ескі крепостниктік егіншіліктің «өмірін ұзартуы»,— деп жазды Ленин,— мынада болып отыр: тағы да бір және оның бер жағында *соңғы* тығын ашылып отыр, бүкіл помещиктік жер иелігін экспроприацияламай-ақ ашуға болатын тығын ашылып отыр» (Шығармалар, 18-том, 249-бет). Үкіметтің шаруаларды қауымнан бөліп шығару жөніндегі күшті насихат жүргізгеніне қарамастан, Европалық Россияда 9 жыл ішінде (1907 жылдан 1915 жылға дейін) жалпы алғанда $2^1/_2$ миллионға жуық шаруа үйі ғана қауымнан шықты. Қауымнан бөлініп шығу правосын ең алдымен село буржуазиясы пайдаланды, сөйтіп ол өзінің шаруашылығын нығайтуға мүмкіндік алды. Кедейлердің де бір бөлегі өзінің үлесті жерін сатып, деревнядан біржола қол үзу үшін қауымнан шықты. Мұқтаждық еңсесін басқан ұсақ шаруалар шаруашылығы бәз-баяғысынша қайыршылық және мешеу қалпында қала берді.

Столыпиннің аграрлық саясаты барлық шаруалар мен помещиктер арасындағы негізгі қайшылықты жоймай, шаруалар бұқарасын одан әрі күйзеліске ұшыратты, кулактар мен деревня кедейлері арасындағы таптық қайшылықты шиеленістіре түсті.— *127*.

66 *104-тің платформасы* — I Мемлекеттік думаның 104 мүшесі қол қойған аграрлық заң жобасы; 1906 жылы 23 майда (5 июньде) Думаның 13-мәжілісінде трудовиктер ұсынды. Заң жобасы «барлық жер қазынасымен, суымен бүкіл халықтың иелігінде болатын тәртіп орнатуға ұмтылуды, сонымен бірге ауыл шаруашылығына қажетті жер оны өз еңбегімен өңдейтін адамдардың ғана пайдалануына берілетін болуын» жер заңының мақсаты етіп қойды («Россиядағы Мемлекеттік думаның документтері мен материалдары». М., 1957, 172-бет). Бұл үшін «жалпы халықтық жер қорын» жасау талабы ұсынылды, оған барлық қазыналық, уделдік, кабинеттік, монастырьлік және шіркеулік жерлер кіруге тиісті болды; жеке иеліктегі жер көлемі осы жергілікті жерге белгіленген еңбек нормасынан артық болғандықтан, помещиктік және басқа жеке меншік жерлер күштеп иеліктен айыру арқылы өлгі қорға берілуі тиіс еді. Иеліктен айрылған жеке меншік жерлерге біраз ақы төлеу көзделді. Үлесті жерлер және ұсақ жеке иеліктегі жерлер уақытша иелерінде қалдырылуға тиіс болды; сонымен қатар заң жобасы одан әрі бұл жерлердің де біртіндеп жалпы халықтық меншікке көшуін көздеді. Аграрлық реформаны жалпыға бірдей дауыс беру жо-

лымен сайланған жергілікті комитеттер жүргізуге тиіс болды. Бұл талаптар жерге жеке меншікті дереу, толық жоюдан қорыққан және иеліктен айырған жерлерді сатып алуға келісетін ауқатты шаруалардың мүдделерін білдірді. В. И. Ленин «104-тің жобасында» «... ұсақ меншікшінің тым қауырт төңкеріс жасаудан халықтың тым көп және тым кедей бұқарасын қозғалысқа тартудан *қорқушылығы* бар» (Шығармалар толық жинағы, 14-том, 313-бет) деп атап көрсетті. Дәйексіздігіне және утопияшылдығына қарамастан, «104-тің жобасы», Лениннің көрсеткеніндей, кіріптарлыққа түскен шаруалардың ауқатты бөлегін еркін фермерлерге айналдыру жолындағы күрес платформасы болды.— *127.*

67 *«Русская Мысль»* («Орыс Ой-пікірі») — ай сайын шығып тұрған әдеби-саяси журнал; 1880 жылдан 1918 жылға дейін Москвада шығып тұрды; 1905 жылға дейін либералдық-халықшылдық бағытта болды (1885 жылға дейін — редакторы В. М. Лавров). 90-жылдары, марксистердің либерал халықшылдарға қарсы күресі кезінде, кейде өз беттерінде марксистердің мақалаларын басты. Осы кезде «Русская Мысльде» прогресшіл жазушылар А. М. Горькийдің, В. Г. Короленконың, Д. Н. Мамин-Сибиряктің, Г. И. Успенскийдің, А. П. Чеховтың және басқалардың шығармалары басылып тұрды. 1905 жылғы революциядан кейін—кадеттер партиясы оң қанатының органы; П. Б. Струвенің редакциялауымен шығып тұрды. Ұлтшылдықты, «вехишілдікті», попшылдықты уағыздады, помещиктік меншікті қорғады.— *132.*

68 Ленин Н. А. Некрасовтың «Аю аулау» деген лирикалық комедиясынан цитат келтіріп отыр.— *133.*

69 Ленин И. С. Тургеневтің «Әкелер мен балалар» деген шығармасынан Базаровтың сөздерін келтіріп отыр.— *133.*

70 *Макиавеллишілдік жоспар* — Макиавеллидің (XV ғасырдың аяғы — XVI ғасырдың басындағы итальян саяси қайраткерінің) саясаты рухындағы жоспар, ол алдына қойған мақсатқа жету жолындағы күресте ешқандай құралды талғамаған, соның ішінде опасыздықты, сатқындықты, алдап-арбауды, кісі өлтіруді және т. с. қолданған.— *134.*

71 Ленин бұл арада Ф. Энгельстің «Анти-Дюринг» деген кітабын айтып отыр(қараңыз: Ф. Энгельс. «Анти-Дюринг. Евгений Дюринг мырзаның ғылымда жасаған төңкерісі», 1957).— *135.*

72 Ленин бұл арада Г. В. Плехановтың 1895 жылы «Н. Бельтов» деген бүркеншік атпен шыққан «Тарихқа монистік көзқарастың дамуы туралы мәселе жөнінде» деген кітабын айтып отыр.— *135.*

73 *«Россиядағы XX ғасырдың басындағы қоғамдық қозғалыс»* — Л. Мартов, П. П. Маслов, А. Н. Потресов редакциялаған меньшевиктік бес томдық (төрт томы шықты). Редакцияның бастапқы құрамына енген Г. В. Плеханов осы басылымның бірінші томына Потресовтың «Революция қарсаңындағы дәуірдегі қоғамдық-саяси пікірдің эволюциясы» деген жойымпаздық мақаласын енгізуге келіспей, 1908 жылы күзде редакциядан шықты.— *140.*

74 *Біріккен дворяндар советі* — крепостник-помещиктердің контрреволюциялық ұйымы, 1906 жылы майда губерниялық дворяндар қоғамдары уәкілдерінің бірінші съезінде құрылып, 1917 жылдың октябріне дейін өмір сүрді. Ұйымның басты мақсаты самодержавиелік құрылысты, ірі помещиктік жер иелігін және дворяндардың пұрсаттылығын қорғау болды. Біріккен дворяндар советін басқаргандар: граф А. А. Бобринский, князь Н. Ф. Касаткин-Ростовский, граф Д. А. Олсуфьев, В. М. Пуришкевич және басқалар. Ленин Біріккен дворяндар советін «біріккен крепостниктер советі» деп атады. Біріккен дворяндар советі іс жүзінде үкіметті крепостниктердің мүдделерін қорғауға бағытталган заң шығару шараларын жасауға мәжбүр етіп отырған жартылай үкімет органына айналды. Біріккен дворяндар советі мүшелерінің едәуір бөлегі Мемлекеттік советке және қаражүздік ұйымдардың басшы орталық орындарына енді.— *148.*

75 «Колупаевтық» капитализм—Ленин бұл терминді М. Е. Салтыков-Щедриннің «Монрепо мекені» деген шығармасында бейнеленген кулак Колупаевтың фамилиясынан шығарып алып отыр.

Ленин «Социал-демократияның 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы» деген еңбегінде «колупаевтық» капитализмге сипаттама береді (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 16-том, 434-бет).— *148.*

76 Бұл арада Россия мен Англия, Франция, Турция және Сардиния коалициясы арасындағы 1853—1856 жылдарда болған соғыс айтылып отыр.— *150.*

77 Ленин бұл арада Москва сауда-өнеркәсіп капиталы 66 өкілінің мәлімдемесін айтып отыр; ол 1911 жылы 11 (24) февральда «Русские Ведомости» газетінің 33-номерінде басылған еді. Мәлімдеме авторлары студенттік ерсуілдерге қарсы күресті қажет деп мойындай отырып, сонымен қатар студенттік толқуларға қатысушылар жөнінде үкіметтің қолданған шаралары жоғары мектептің өзінің өмір сүруіне қатер төндіріп отыр деп санады және үкіметтің әрекеттерін айыптады.— *158.*

78 *«Земщина»* («Земствошылдық») — қаражүздік күнделікті газет, 1909 жылы июньнен 1917 жылғы февральға дейін Петербургте шығып тұрды.— *163.*

79 Одан әрі Лениннің, Каменевтің және Зиновьевтің қолдары қойылған.— *172.*

80 *«Вестник Европы»* («Европа Хабаршысы») — ай сайын шыққан буржуазиялық-либералдық бағыттағы тарихи-саяси және әдеби журнал; 1866 жылдан 1918 жылға дейін Петербургте шығып тұрды. Журналда революцияшыл марксистерге қарсы мақалалар басылды. 1908 жылға дейін журналдың редактор-шығарушысы М. М. Стасюлевич болды.— *183.*

81 Ленин Н. Г. Чернышевскийдің «Пролог» деген романы кейіпкерлерінің бірі — Волгиннің сөздерін келтіріп отыр.— *188.*

82 Бұл арада РСДРП Жалпы россиялық V конференциясы (1908 жылғы 21—27 декабрь (1909 жылғы 3—9 январь)) қабылдаған «Қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы» деген қарар айтылып отыр.— *193.*

83 Бұл арада РСДРП Орталық Комитеті Орыс бюросының мүшесі В. П. Ногин айтылып отыр.— *195.*

84 *«Заря»* («Таң») — маркстік ғылыми-саяси журнал; Штутгартта 1901—1902 жылдары «Искра» редакциясы жария түрде шығарып тұрды. «Заряның» не бары төрт номері (үш кітабы) шықты: 1-номері — 1901 жылдың апрелінде (іс жүзінде 10 (23) мартта), 2—3-номері — 1901 жылдың декабрінде, 4-номері — 1902 жылдың авгусында шықты. Журналдың міндеттері В. И. Ленин Россияда жазған ««Искра» мен «Заря» редакциясы мәлімдемесінің жобасында» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 349—361-беттер) белгіленген болатын. 1902 жылы «Искра» мен «Заря» редакциясының ішінде пайда болған алауыздықтар мен жанжал кезінде Плеханов журналды газеттен бөлу жобасын ұсынды («Заряны» редакциялауды өзінде қалдыру мақсатымен), бірақ бұл ұсыныс қабылданбады, сөйтіп бұл органдардың редакциясы барлық уақытта ортақ болып қала берді.

«Заря» журналы халықаралық және орыс ревизионизмін сынады, марксизмнің теориялық негіздерін қорғады. «Заряда» Лениннің «Кездейсоқ заметкалар», «Земствоны қуушылар мен либерализмнің Аннибалдары», ««Сыншы» мырзалар аграрлық мәселе жөнінде» («Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» деген еңбектің алғашқы төрт тарауы), «Ішкі жағдайға шолу», «Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы» деген еңбектері, сондай-ақ Г. В. Плехановтың, «Біздің сыншыларға сын. I бөлім.

П. Струве мырза Маркстің әлеуметтік даму теориясының сыншысы рөлінде», «Cant Кантқа қарсы немесе Бернштейн мырзаның рухани өсиеті» деген және басқа еңбектері басылды.— *196.*

85 Әңгіме И. Ф. Дубровинский жайында болып отыр. Ол Д. Ф. Сверчковпен әңгімелескенде бірде-бір цекист-большевик кооптация туралы мәселені дауысқа қойғанда бірде-бір жойымпазды Орталық Комитетке мүшелікке өткізбейді деп мәлімдеген (қараңыз: осы том, 280-бет). Ленин бұл мақаланы жазған кезде, Дубровинский айдауда жүрген болатын.— *197.*

86 Бұл арада *«Мысль»* («Ой») — ай сайын шыққан философиялық және қоғамдық-экономикалық большевиктік жария журнал айтылып отыр; ол 1910 жылғы декабрьден 1911 жылғы апрельге дейін Москвада шығып тұрды; барлығы бес номері шықты. Журналдың бірінші номері 3 мың дана тиражбен шықты. Журнал В. И. Лениннің инициативасы бойынша жойымпаздық жария органдармен күресті күшейту және алдыңғы қатарлы жұмысшылар мен интеллигенттерді марксизм рухында тәрбиелеу үшін құрылды. Ленин журналға шетелден басшылық етті, редакциямен үзбестен хат-хабар алысып тұрды. «Мысльдың» бірінші номерін алып, Ленин 1910 жылы 21 декабрьде (1911 жылы 3 январьда) А. М. Горькийге былай деп жазды: «Құттықтаңыз — Москвадағы *біздің,* маркстік журнал. Бүгін біз сондай қуанышқа бөлендік» (Шығармалар, 34-том, 448-бет). Журналдың алғашқы төрт номерінде В. И. Лениннің «Россиядағы стачкалар статистикасы туралы», ««Ескертімпаз» сабаздар», «Біздің жойғыштар (Потресов мырза мен В. Базаров туралы)», «Мереке жайында», «Өкіметтің әлеуметтік құрылымы, перспективалар және жойымпаздық туралы» және «Айтыс заметкалар» деген мақалалары басылды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 19-том, 411—443-беттер және осы том, 97—103, 122—143, 173—182, 200—223, 224—227-беттер). Журналға В. В. Воровский, М. С. Ольминский және И. И. Скворцов-Степанов белсенді ат салысты. Оған партияшыл-меньшевиктер — Г. В. Плеханов, Ш. Раппопорт және басқалар жазып тұрды. «Мысльдің» соңғы, бесінші номері конфискеленді, журнал жабылды. Көп кешікпей Петербургте «Просвещение» журналы шыға бастады, ол іс жүзінде «Мысльдің» жалғасы болды.— *201.*

87 Ленин бұл арада 1909 жылы 28 декабрь — 1910 жылы 6 январьда (1910 жылы 10—19 январьда) Петербургте болып өткен маскүнемдікпен күрес жөніндегі Бүкіл россиялық I съезді және 1909 жылы 1—6 (14—19) апрельде Москвада болып өткен фабрика-завод дәрігерлері мен фабрика-завод

өнеркәсібі өкілдерінің Бүкіл российлық I съезін айтып отыр.— *204.*

88 Ленин жойымпаз-меньшевик Данның РСДРП V (1908 ж. Жалпы российлық) конференциясында «Қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы» мәселе бойынша сөйлегенде айтқан сөздерін келтіріп отыр.— *205.*

89 *«Бурениндік немесе меньшиковтық ептілік»*— қаражүздік-монархиялық «Новое Время» газетінің қызметкерлері Буренин мен Меньшиковқа тән айтыстың арамзалық әдісі.— *209.*

90 *Витте реформалары* — финанс, баж салығы саясаты, темір жол құрылысы, фабрикалық заң салаларындағы реформалар, бұларды С. Ю. Витте 1892—1906 жылдарда, қатынас жолдар министрі, ал кейін финанс министрі және министрлер Советінің председателі болып тұрғанда жүргізді.

60-жылдардағы реформалар — бұл арада патша үкіметінің XIX ғасырдың 60—70-жылдарында жүргізген буржуазиялық реформалары айтылып отыр. Олардың ішінде ең маңыздылары: финанс реформалары (1860—1864); ұрып-соғып жазалауды жою (1863); халыққа білім беру саласындағы реформалар (1862—1864); земство реформасы (1864); сот реформасы (1864); баспасөз бен цензура саласындағы реформа (1865); қала жөніндегі реформа (1870); әскери реформа (1874). — *212.*

91 *Бланкистер* — француз социалистік қозғалысындағы аса көрнекті революционер, француз утопиялық коммунизмінің көрнекті өкілі Луи Огюст Бланки (1805—1881) басқарған ағымды жақтаушылар. Бланкистер «адам баласын жалдама құлдықтан пролетариаттың таптық күресі арқылы емес, шамалы ғана интеллигенттік азшылықтың заговоры арқылы құтқаруды» күтті (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 13-том, 85-бет). Революциялық партияның қызметін заговоршылардың құпия шағын тобының әрекетімен алмастырған олар көтерілістің жеңуі үшін қажет нақты жағдайды ескермеді және бұқарамен байланысты керек деп таппады.— *216.*

92 *Эрфурт profession de foi* — Герман социал-демократиялық партиясының программасы 1891 жылы октябрьде Эрфуртте болған съезде қабылданды. Эрфурт программасы Гота программасымен (1875) салыстырғанда бір адым ілгері басқандық болды; капиталистік өндіріс әдісінің сөзсіз күйрейтіні және оның социалистік өндіріс әдісімен алмастырылатыны туралы марксизм ілімі программаның негізіне алынды; программада жұмысшы табының саяси күрес жүргізуінің қажеттігі баса айтылды, осы күрестің басшысы ретінде партияның ролі және т. с. атап көрсетілді; бірақ Эрфурт про-

граммасында да оппортунизмге елеулі икемделушілікке жол берілді. Ф. Энгельс Эрфурт программасының жобасын «1891 жылғы социал-демократиялық программа жобасына сын жөнінде» деген еңбегінде жан-жақты сынға алды (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, II бөлім, 1936, 101—116-беттер); мұның өзі шын мәнінде бүкіл II Интернационалдың оппортунизмін сынау еді, ал II Интернационал партиялары үшін Эрфурт программасы ерекше үлгі болатын. Алайда герман социал-демократиясының басшылары Энгельстің сынын партия бұқарасынан жасырды, ал Энгельстің аса маңызды ескертпелері программаның түпкілікті текстін әзірлеген кезде ескерілмеді. В. И. Ленин мен Г. В. Плеханов Эрфурт программасының пролетариат диктатурасы туралы үндемей қалғандығы оның басты кемшілігі, оның оппортунизм алдында қорқақтықпен шегінуі болды деп есептеді. — *220.*

93 Бұл арада РСДРП V (1908 ж. Жалпы россиялық) конференциясының шешімдері айтылып отыр, бұл шешімдерде жойымпаздыққа қарсы күрес жарияланған болатын. — *220.*

94 *Энестер* («халықтық социалистер») — ұсақ буржуазиялық Халықтық-социалистік еңбек партиясының мүшелері, бұл партия 1906 жылы социалист-революционерлер (эсерлер) партиясының оң қанатынан бөлініп шықты. Энестер кадеттермен блок жасасуды жақтады. Ленин оларды кадеттер мен эсерлер арасында ауытқып жүрген «социал-кадеттер», «мещан оппортунистер», «эсер меньшевиктер» деп атады, бұл партияның «кадеттерден айырмашылығы өте аз, өйткені республиканы да, барлық жерді талап етуді де программадан шығарып тастап отыр» (Шығармалар толық жинағы, 14-том, 26-бет) деп атап көрсетті. Партияны А. В. Пешехонов, Н. Ф. Анненский, В. А. Мякотин және басқалар басқарды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін «халықтық социалистер» партиясы трудовиктермен қосылды, буржуазиялық Уақытша үкіметтің қызметін белсене қолдап, оның құрамына өзінің өкілдерін жіберді. Октябрь социалистік революциясынан кейін энестер Совет өкіметіне қарсы контрреволюциялық заговорларға және қарулы қимылдарға қатысты. Шетел соғыс интервенциясы және азамат соғысы кезеңінде партия өзінің өмір сүруін тоқтатты. — *222.*

95 *«Русское Богатство»* («Орыс Байлығы») — ай сайын шыққан журнал, 1876 жылдан 1918 жылға дейін Петербургте шығып тұрды. 90-жылдардың бас кезінде журнал Н. К. Михайловский басқарған либерал халықшылдардың қолына көшті; 1893 жылы Россия социал-демократтарына қарсы жорық ашқан басты халықшылдық орган. Марксизмнің өңін айналдырып, бұрмалай отырып, «Русское Богатство» батыс

европалық ревизионистерге сүйенді. Кейін эсерлер, «халықтық социалистер» партиялары мен Мемлекеттік думалардағы еңбек топтарының көрнекті мүшелері болған публицистер «Русское Богатствоның» төңірегіне топталды. Журналдың әдебиет бөлімінде прогрессшіл жазушылар — В. В. Вересаев, В. М. Гаршин, А. М. Горький, В. Г. Короленко, А. И. Куприн, Д. Н. Мамин-Сибиряк, Г. И. Успенский және басқаларының шығармалары басылып тұрды.

1906 жылдан бастап «Русское Богатство» жартылай кадеттік энестер («халықтық социалистер») партиясының органына айналды. «Русское Богатствоның» аты бірнеше рет өзгерді («Современные Записки», «Современность», «Русские Записки»; 1917 жылғы апрельден бастап қайтадан—«Русское Богатство»). — *226.*

96 Ленин бұл арада батыс губернияларда земствоны енгізу туралы министрлер Советінің председателі П. А. Столыпин ұсынған заң жобасын Мемлекеттік советтің қабылдамай тастауына байланысты 1911 жылы мартта III Думада өріс алған оқиғаларды айтып отыр. Бұған жауап ретінде Столыпин отставкаға шықпақшы болды, бірақ II Николай оның отставкасын қабылдамады. Столыпин үш күнге (12 (25) марттан 14 (27) мартқа дейін) Мемлекеттік дума мен Мемлекеттік советті таратты да, 87-статьяның тәртібі бойынша батыс губерниялардағы земство туралы заңды енгізді, бұл статья бойынша «егер төтенше жағдайлар сондай шараларды қажет деп тапқан болса», онда заң шығарушы органдардың қызметі тоқтаған уақытта, үкіметке олардан тыс заңдар шығаруға право берілген. 1911 жылы 14 (27) мартта II Николай земство мекемелері жөніндегі ережелерді батыс губернияларға тарату туралы Заңға қол қойды және ол «Үкімет заңдары мен жарлықтары жинағында» жарияланды.

Заң шығарушы мекемелерді аттап өту мақсатында 87-статьяны қолдануға қарсы қыр көрсетіп, Мемлекеттік думаның председателі А. И. Гучков қызметін тастап кетті. Думаның председателі болып оңшыл октябрист М. В. Родзянко сайланды. — *228.*

97 Әңгіме *I Интернационал* (Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі) — пролетариаттың халықаралық тұңғыш бұқаралық ұйымы жайында болып отыр, ол 1864 жылы 28 сентябрьде Лондонда, ағылшын және француз жұмысшылары шақырған халықаралық жұмысшылар жиналысында құрылды. I Интернационалдың құрылуы—К. Маркс пен Ф. Энгельстің жұмысшы табының революциялық партиясын құру жолындағы көп жылғы табанды күресінің нәтижесі. К. Маркс I Интернационалдың ұйымдастырушысы және басшысы, оның «Құрылтай манифесінің», Уставының және басқа программалық, тактикалық документтерінің авторы болды.

В. И. Лениннің атап көрсеткеніндей, I Интернационал «жұмысшылардың капиталға қарсы революциялық тегеурінін дайындау үшін олардың халықаралық ұйымының іргесін қалады», «социализм жолындағы пролетарлық, халықаралық күрестің іргесін қалады» (Шығармалар, 29-том, 302, 303-беттер).

Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің Бас Советі I Интернационалдың орталық басшы органы болды, К. Маркс Советтің үздіксіз мүшесі болды. Сол кезде жұмысшы қозғалысында басым болған ұсақ буржуазиялық ықпалдар мен сектанттық тенденцияларды (Англиядағы тред-юнионизмді, роман елдеріндегі прудонизм мен анархизмді, Германиядағы лассальшылдықты) жеңе отырып, Маркс Европа мен Американың алдыңғы қатарлы жұмысшыларын ғылыми социализм принциптерінің төңірегіне топтастырды. I Интернационал әр түрлі елдердегі жұмысшылардың экономикалық және саяси күресіне басшылық етті, олардың халықаралық ынтымағын нығайтты. Марксизм ілімін тарату ісінде, социализмді жұмысшы қозғалысымен біріктіруде I Интернационалдың атқарған ролі орасан зор.

Париж Коммунасы жеңілгеннен кейін жұмысшы табының алдына I Интернационал ұсынған принциптер негізінде бұқаралық ұлттық партиялар құру міндеті қойылды. «Европадағы істердің жағдайын еске ала келіп,— деп жазды К. Маркс 1873 жылы,— мен Интернационалды формальды түрде ұйымдастыруды уақытша кейінгі қатарға жылжыту сөзсіз пайдалы деп есептеймін» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 310-бет). 1876 жылы Филадельфия конференциясында I Интернационал ресми түрде таратылды. — *234.*

98 *Ағылшын социал-демократиялық партиясы* — бастапқыда Англия социал-демократиялық федерациясы деп аталды (1884 жылы құрылды). Социал-демократиялық федерацияға реформистермен (Гайндман және басқалар) қатар марксизм позициясында тұрған революцияшыл социал-демократтар тобы да (Г. Квелч, Т. Манн, Э. Эвелинг, Элеонора Маркс және басқалар) кірді, бұлар Англия социалистік қозғалысының сол қанатын құрды. Ф. Энгельс Социал-демократиялық федерацияның басшыларын догматизм мен сектанттығы үшін, Англияның бұқаралық жұмысшы қозғалысынан қол үзгендігі және оның ерекшеліктерін елемегені үшін сынады. 1907 жылы Социал-демократиялық федерация Социал-демократиялық партия деп аталды; бұл партия 1911 жылы Тәуелсіз жұмысшы партиясының солшыл элементтерімен бірге Британ социалистік партиясын құрды; 1920 жылы бұл партия Коммунистік бірлік тобымен бірге Великобритания Коммунистік партиясын құруда басты роль атқарды.

Англия тәуелсіз жұмысшы партиясы (Independent Labour Party) — стачкалық күрес жанданған және Англия жұмыс-

шы табының буржуазиялық партиялардан тәуелсіздік алу жолындағы қозғалысы күшейген жағдайда 1893 жылы «жаңа тред-юниондардың» басшылары негізін қалаған реформистік ұйым. Тәуелсіз жұмысшы партиясына «жаңа тред-юниондардың» және бірқатар ескі кәсіподақтардың мүшелері, фабийшілдердің ықпалындағы интеллигенция мен ұсақ буржуазияның өкілдері кірді. Партияны Кейр Гарди басқарды. Барлық өндіріс құрал-жабдықтарын коллектив болып иелену, коллектив болып бөлу мен айырбастау, сегіз сағаттық жұмыс күнін енгізу, балалар еңбегіне тыйым салу, әлеуметтік қауіпсіздендіруді және жұмыссыздық жөнінен жәрдем берілуін енгізу жолында күресуді партия өзінің программасы етіп қойды.

Тәуелсіз жұмысшы партиясы құрылғаннан бастап-ақ буржуазиялық-реформистік позиция ұстады, негізгі назарын күрестің парламенттік формасына және либералдық партиямен парламенттік мәмлеге келуге аударды. Тәуелсіз жұмысшы партиясын сипаттай келіп, Ленин былай деп жазды: «іс жүзінде мұның өзі әрқашанда буржуазияға тәуелді болып келген оппортунистік партия», бұл партия «тек социализмнен ғана «тәуелсіз», ал либерализмге өте тәуелді» (Шығармалар, 29-том, 494-бет; 18-том, 366-бет). — *245.*

99 *«Justice»* («Әділеттік») — апта сайын шыққан газет, 1884 жылғы январьдан 1925 жылдың басына дейін Лондонда шығып тұрды; Социал-демократиялық федерацияның органы, 1911 жылдан—Британ социалистік партиясының органы. 1925 жылғы февральдан 1933 жылғы декабрьге дейін «Social-Demokrat» («Социал-Демократ») деген атпен шықты. — *246.*

100 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVIII том, 1940, 320—321-беттер; XXIX том, 1946, 210, 306-беттер; К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 504-бет. — *248.*

101 *«Labour Leader»* («Жұмысшы Көсем»)—апта сайын шыққан газет, 1891 жылдан шығарылып келеді; 1893 жылдан — Англия тәуелсіз жұмысшы партиясының органы. 1922 жылдан бастап газет «New Leader» («Жаңа Көсем») деген атпен шықты; 1946 жылдан —«Socialist Leader» («Социалистік Көсем») деген атпен шығады. — *248.*

102 *«Daily Mail»* («Күнделікті Почта»)—ағылшынның күнделікті газеті, 1896 жылы негізі салынды, Лондонда көп тиражбен шығарылады; Великобритания империалистік буржуазиясының барып тұрған оң қанатының пиғылдарын білдіреді. — *248.*

103 В. И. Ленин *«Жарияшылдың жойымпаздыққа қарсы адаммен әңгімесі»* деген мақаланы Н. А. Рожковтың «Социал-

Демократ» редакциясына жіберген «Қажетті бастама» деген мақаласына байланысты жазды. Рожков бұл мақаласында Столыпин режимі жағдайында жария жұмысшы партиясын құру жөнінде өзінің жойымпаздық жобасын дамыта түсті. Ленин Рожковты оның көзқарасының дұрыс еместігіне сендірмек болып әрекет жасады. «...Кейінге қалдыра тұруды, бас тартуды, ойластыруды, хат жазысуды барынша өтінемін»,— деп жазды ол Рожковқа 1911 жылы 23 февральда (8 мартта) (Лениннің XXV жинағы, 66-бет). Ал Рожковтың мақаланы жариялауды барынша талап ететіні анықталған соң Ленин «Социал-Демократтың» Қосымшасы—«Дискуссионный листоктың» 29 апрельдегі (12 майдағы) 3-номерінде «Жарияшылдың жойымпаздыққа қарсы адаммен әңгімесі» деген мақаласын жариялады. — *252.*

104 Германияны біртұтас демократиялық республика етіп қайта біріктіру негізгі міндеті болған 1848—1849 жылдардағы революция жеңілгеннен кейін, Бисмарк бастаған реакцияшыл Пруссия юнкерлері Германияны «найзаның ұшымен, білектің күшімен» біріктіру саясатын жүргізді. Оның мақсаты біртұтас монархиялық мемлекет құру, Пруссия королін монарх ету еді. Пруссия юнкерлері осы «революцияны жоғарыдан» жүзеге асырғанда ірі неміс буржуазиясының қолдауына сүйенді. — *261.*

105 *РСДРП Орталық Комитетінің шетелдегі мүшелерінің кеңесі* 1911 жылы 28 май —4 июньде (10—17 июньде) Парижде болып өтті. Кеңес Орталық Комитеттің Шетелдік бюросынан тыс В. И. Лениннің басшылығымен әзірленіп, шақырылды, өйткені бұл Бюроның жойымпаздық көпшілігі Орталық Комитеттің пленумын үнемі болдырмай тастап отырды. Кеңеске әзірлік 1911 жылы апрельде басталды. Кеңес Орталық Комитеттің пленумын шақыруға, іс жүзінде басшы орталық мекемелерсіз қалып, партия душар болған ауыр дағдарысты жоюға шаралар қабылдауы тиіс еді. 1911 жылы майдың бірінші жартысында большевиктер Орталық Комитеттің Шетелдік бюросындағы өзінің өкілі Н. А. Семашко арқылы Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының алдына шетелде Орталық Комитет пленумын дереу шақыру қажеттігі туралы мәселе қойды. Орталық Комитеттің 1910 жылғы январь пленумы қабылдаған Орталық Комитет уставында Орыс бюросы мүшелерінің жартысынан астамы сәтсіздікке ұшыраған күнде Орталық Комитеттің пленумын шақыруды тікелей міндеттейтін пункттің болуына қарамастан, Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы большевиктердің ұсынысын тағы да қабылдамай тастады. 1911 жылы 14 (27) майда Семашко Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының құрамынан шықты. Дәл сол күні Орталық Комитеттің мүшелері мен кандидаттары — большевиктер мен поляк социал-демо-

краттары атынан шетелдегі цекистерді кеңеске қатысуға шақырған хабар жіберілді.

Кеңес 1911 жылы 28 майда (10 июньде) ашылды. Оған большевиктер, поляк және латыш социал-демократиясының өкілдері, бір голосшыл және бір бундшыл қатысты. Латыш социал-демократиясының өкілі М. В. Озолин өзінің Орталық Комитетінің қаулысына сәйкес кеңеске кеңесші дауыспен қатысатындығын мәлімдеді. Бундшыл М. И. Либер Бундтың Орталық Комитеті атынан кеңесте өкілдік етуге уәкілеттігі жоқ екендігін мәлімдеді.

Бірінші мәжілісте-ақ кеңесті заңдастыру туралы мәселе жөнінде қызу күрес басталды. Ленин өзінің сөзінде партияда орын алып отырған жағдайға байланысты кеңес белгілі бір мәселелер жөнінен тілек білдіріп қана қоймай, сонымен қатар партия үшін міндетті шешімдер де қабылдайтын болып танылсын деген ұсыныс енгізді. Голосшыл Б. И. Горев (Гольдман) пен бундшыл Либер Орталық Комитет пленумын шақыру және жалпы партиялық конференцияны әзірлеу жөнінде қандай бір практикалық шаралар қабылдауға кеңестің правосы жоқ екенін дәлелдеуге тырысты. Кеңесті заңдастыру жөнінде қарар қабылданғаннан кейін, бұл қарарға сәйкес кеңес күн тәртібіне Орталық Комитетті қайта құру жөнінде мәселе қойды, Горев кеңеске қатысушыларды «билікті басып алды» деп айыптап, одан кетіп қалды.

Кеңес Орталық Комитеттің пленумын шақыру туралы мәселе талқылады. Пленумға қатысуға правосы бар адамдардың жеке құрамы туралы мәселені талқылағанда, Ленин столыпиндік «жұмысшы» партиясын ұйымдастырушылар ретінде меньшевиктер И. А. Исув (Михаил), К. М. Ермолаев (Роман) және П. А. Бронштейн (Юрий) пленумға қатысуға правосы жоқ, ал оларды қорғаған бундшыл Либер нақ осы әрекетімен олардың көмекшісі болып табылады деп мәлімдеді. Лениннің мәлімдемесіне наразылық белгісі ретінде Либер кеңесті тастап кетті. Кеңестің құрамын Ленин «үш топтың, большевиктердің, поляктардың және «ымырашылдардың» блогы» деп сипаттады (Шығармалар, 17-том, 338-бет).

Кеңес ең таяу мерзім ішінде шетелде Орталық Комитеттің пленумын шақыру жөнінде шешім қабылдады және осы мақсат үшін комиссия құрды.

Алдағы болатын IV Мемлекеттік дума сайлауына байланысты кеңес сайлау науқанында партияның тактикасын талдап жасау және сайлау платформасының жобасын әзірлеу үшін шаралар белгіледі.

Кеңестің күн тәртібіндегі негізгі мәселе партия конференциясын шақыру туралы мәселе болды. Бұл мәселе жөнінде қабылданған шешімде IV Дума сайлауының таялып қалғандығы және жұмысшы қозғалысының жандануы, сондай-ақ партиядағы ішкі жағдай конференцияны кезек күт-

тірмей шақыруды талап етеді деп көрсетілді. Орталық Комитеттің пленумын дереу шақыру мүмкін болмағандықтан конференцияны шақыру инициативасын кеңес өз қолына алды және конференцияны әзірлеу жөнінде Ұйымдастыру комиссиясын құрды. Кеңес конференцияны әзірлеу жөнінде практикалық жұмыс жүргізу үшін орыс коллегиясын құру туралы Лениннің ұсынысын қабылдады (қараңыз: осы том, 294-бет). Кеңестің шешімінде Ұйымдастыру комиссиясында бірлесіп жұмыс істеу үшін шетелдегі партия ұйымдарын шақыру көзделді. Ленин тұтас алғанда қарарға дауыс берсе де, сонымен бірге Ұйымдастыру комиссиясына антипартиялық топтардың — голосшылдар мен впередшілдердің өкілдерін шақыруға қарсы наразылық-мәлімдеме енгізді (қараңыз: осы том, 295-бет).

Кеңес Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының антипартиялық, фракциялық саясатын айыптады және оның болу-болмауы жөніндегі мәселені Орталық Комитет пленумының шешуіне беруге қаулы етті. Қарардың соңғы бөлімін дауысқа қойғанда Ленин қалыс қалды, өйткені ол Орталық Комитеттің Шетелдік бюросын дереу қайта құруды талап еткен болатын. Техникалық қызметтер үшін (партия баспасына қызмет көрсету, транспорт ұйымдастыру және т. т.) кеңес Техникалық комиссия құрды, ол кеңеске қатысқан Орталық Комитет мүшелері мен кандидаттары тобына бағындырылды.

Кеңестен кейін «Хабарлама» деген тақырыппен шығарылған арнаулы листокта кеңестің шақырылу жағдайы, оның құрамы мен мақсаттары баяндалды. Кеңестің қарарлары да осы листокта басылды.

Орталық Комитет мүшелерінің 1911 жылғы июнь кеңесі партия күштерін жинастыруда, оларды жойымпаз-голосшылдарға, впередшілдер мен троцкистерге қарсы, партияны нығайту жолындағы күреске біріктіруде маңызды қадам болды. Кеңестің шешімдері жергілікті партия ұйымдарын топтастыруға және нығайтуға жәрдемдесті. Жалпы партиялық конференцияны әзірлеу үшін Ленин Россияға тәжірибелі партия қызметкерлері — большевиктер Г. К. Орджоникидзені (Серго), Б. А. Бреславты (Захар), И. И. Шварцты (Семен) жіберді. Кеңестің шешімдерін 1911 жылдың сентябріне қарай Киев, Екатеринослав, Баку және Ростов комитеттері мен РСДРП-ның Тифлистегі сайланып қойылатын басшы үйірмесі, РСДРП Петербург ұйымының қалалық аудан топтары өкілдерінің жиналысы, Уралдың бірсыпыра қалаларының социал-демократиялық ұйымдары және басқалар мақұлдады. 1911 жылы сентябрьде Россиялық ұйымдастыру комиссиясы (РҰК) құрылды, оған бірқатар социал-демократиялық ұйымдардың өкілдері енді. Россиялық ұйымдастыру комиссиясы РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясын 1912 жылы январьда шақыруды әзірледі. — *271.*

106 Бұл арада И. Ф. Дубровинский (Инок) мен В. П. Ногиннің (Макардың) Орталық Комитеттің Орыс бюросының жұмысын жолға қою жөніндегі әрекеттері айтылып отыр, бұл әрекеттер Россияда жұмыс істеген барлық большевиктердің — Орталық Комитет мүшелері мен кандидаттарының сәтсіздікке ұшырауымен аяқталды.

Ольгинді (партияшыл-меньшевик В. Г. Фоминді) әшкерелеу туралы осы томның 171-бетін қараңыз. — *274.*

107 Документ Ф. Э. Дзержинскийдің қолымен жасалған көшірмеден басылып отыр. Баяндаманың В. И. Ленин жазған түпнұсқасы табылған жоқ.

Орталық Комитет мүшелерінің июнь кеңесінің протоколдарында кеңесте Ленин баяндама жасады деп көрсетілмеген. Сірә, баяндама кеңеске қатысушыларға кеңес ашылғанға дейін беріліп қойылған болса керек. — *283.*

108 РСДРП Орталық Комитетінің 1910 жылғы январь пленумы қабылдаған Орталық Комитеттің уставында былай делінген: «Пленумға (15 мүшеден болған) мыналар қатыстырылады: 1) Россияда жұмыс істеп жатқан коллегия мүшелері; 2) Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының Орталық Комитетке мүше емес мүшелерінен басқалары; 3) егер бұл екеуі жиналғанда 15-ке толмайтын болса, онда пленумның жұмысына төмендегі тәртіппен басқа кандидаттар да қатыстырылады: а) Россияда әйтеуір бір партиялық жұмыс атқарып жүрген Лондон съезінің кандидаттары; б) Орталық Комитеттің шетелде тұратын және өздеріне Орталық Комитет тапсырған жұмыспен шұғылданып жатқан мүшелері мен олардың кандидаттары» («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қаралары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 320-бет). — *285.*

109 *«Дискуссионный Листок»* («Айтыс Лпстогы») — РСДРП Орталық Органы «Социал-Демократқа» қосымша; РСДРП Орталық Комитеті январь пленумының қаулысы бойынша 1910 жылғы 6 (19) марттан 1911 жылғы 29 апрельге (12 майға) дейін Парижде шығып тұрды. Үш номері шықты. Редакцияның құрамына большевиктерден, меньшевиктерден, ультиматистерден, бундшылдардан, плехановшылдардан, поляк социал-демократиясынан және Латыш өлкесінің социал-демократиясынан өкілдер кірді. «Дискуссионный Листокта» В. И. Лениннің «Публицистің заметкалары», «Россиядағы партия ішіндегі күрестің тарихи мәні», «Жарияшылдың жойымпаздыққа қарсы адаммен әңгімесі» деген мақалалары жарияланды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 19-том, 257—330, 389—409-беттер; осы том, 252—263-беттер).—*286.*

110 Бұл сөз мына жағдайға байланысты сөйленген болатын: голосшыл-меньшевик Б. И. Горев (Гольдман) кеңесте сөз сөй-

леп, тиісті орталық комитеттер тарапынан уәкілеттіктері болмайынша кеңеске ұлттық ұйымдар өкілдерінің — Бундтан М. И. Либердің және Латыш өлкесінің социал-демократиясынан М. В. Озолиннің — қатысуына қарсылық білдірді. Либер ұлттық ұйымдардың өкілдері өздерінің орталықтарымен байланыс жасап үлгермеді, сондықтан кеңеске қатысқанмен менің өзім де Бундтың атынан өкілдік ете алмаймын деп мәлімдеді. — *289.*

[111] Ленин бұл арада Горев (Гольдман) пен Либердің сөздерін айтып отыр; олар Россияда Орыс бюросының мүшелері бар, шетелде Орталық Комитет пленумын шақырмас бұрын солармен байланыс жасау қажет деп есептеді. — *289.*

[112] Бундшыл Ионовтың (Ф. М. Койгеннің) мәлімдемесінде Бундтың Орталық Комитетінен уәкілеттігім болмағандықтан кеңеске келе алмаймын және мүмкіндік бола қалған жағдайда-ақ мені кеңеске шақырған қағазды Бундтың Орталық Комитетіне жіберемін делінген еді. — *289.*

[113] Ленин бұл арада Либердің (Бердің) сөзін айтып отыр; Либер Орталық Комитеттің пленумы туралы мәселені Орталық Комитет мүшелерінің кеңесін шұғыл шақыру жолымен шешудің қажеті жоқ, қайта Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы арқылы «жария жолдар» іздестіру керек деп мәлімдеген еді. — *290.*

[114] Бұл сөз Либердің Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының көпшілігі пленумды шақыруды жақтайды және бұл мәселе жөнінде ресми қаулы қабылдауға әзір деген мәлімдемесіне байланысты сөйленген болатын. — *292.*

[115] Бұл арада Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының жойымпаздық көпшілігінің Орталық Комитеттің пленумын Россияда шақыру жөніндегі ұсынысы айтылып отыр. — *292.*

[116] Бұл сөз, сондай-ақ бұдан кейінгі сөз де, Орталық Комитеттің пленумына қатысуға правосы бар адамдардың жеке құрамы туралы мәселені талқылауға байланысты сөйленген болатын. — *293.*

[117] Жалпы партиялық конференцияны шақыру жөніндегі *Ұйымдастыру комиссиясы* (Шетелдік ұйымдастыру комиссиясы, ШҰК) 1911 жылы 1 (14) июньде Орталық Комитет мүшелерінің июнь кеңесінде большевиктердің, ымырашылдардың және поляк социал-демократтарының өкілдерінен құрылды. Комиссияға қатысуға шақырылған шетелдік басқа ұйымдар мен топтар өздерінің өкілдерін жібермеді. Ұйымдастыру комиссиясы жалпы партиялық конференцияны әзірлеу жө-

нінде жұмыс істеу үшін Россияға өзінің уәкілі етіп Г. К. Орджоникидзені жіберді және Россиялық ұйымдастыру комиссиясын (РҰК) сайлауға кірісуге шақырған «Барлық социал-демократиялық партия ұйымдарына, топтары мен үйірмелеріне» үндеу шығарды. Алайда Шетелдік ұйымдастыру комиссиясы ұйымдасқан сәттен бастап, онда ымырашылдар және оларды қолдаған поляк социал-демократиясының өкілдері көпшілік болды. Ымырашыл көпшілік Шетелдік ұйымдастыру комиссиясына өкілдерін жіберуден бас тартқан впередшілдермен және Троцкиймен келіс сөздерді жалғастыра беру жөнінде принципсіз бағыт ұстады. Ымырашылдар өздерінің басылымдарында большевиктерді фракцияшылдыққа салынды деп айыптады. Шетелдік ұйымдастыру комиссиясында өздерінің басым болғандығын пайдаланып, олар партия ақшасын Россияға жіберуді кешеуілдетіп келді және конференцияны әзірлеуге кедергі жасады. Ленин қалыптасқан жағдайды кейіннен былай сипаттады: «Мәселе былайша қойылды: ақша да, агенттерді жіберіп отыру да Тышко мен Марктың (Париж ымырашылдарының басшысы) қолдарында болады; ал большевиктердің үлесіне тигені мынау ғана— оларды да жұмысқа жіберуге келіседі. Пленум туғызған алауыздықтар ақырғы шегіне жетті, ал одан аттап өту мүмкін емес еді: не ешкімді «күтіп» отырмастан, ешкімге «шақыру» жіберместен... аянбай жұмыс істеу керек, немесе Троцкиймен, «Впередпен» және сол сияқтылармен саудаласу, қайта саудаласу ісін жүргізе беру керек делінді. Большевиктер бірінші жолды таңдап алды, бұл туралы цекистердің Париждегі кеңесінде-ақ, тура және ашық айтты. Тышко К^0-мен бірге екінші жолды таңдап алды (және Техникалық комиссияға да, Шетелдегі ұйымдастыру комиссиясына да осыны алғызды); бұл екінші жол... объективті түрде болымсыз және жексұрын интригашылдыққа әкеп соқты» (Шығармалар, 17-том, 338-бет).

Большевиктер өрістеткен жұмыстың нәтижесінде Россиялық ұйымдастыру комиссиясы құрылды. Октябрьдің аяғында Шетелдік ұйымдастыру комиссиясында Россиялық ұйымдастыру комиссиясының өзін заңдастыру туралы қабылдаған «Хабарламасы» және қарарлары талқыланды; бұл қарарларға сәйкес ол конференцияны шақыру жөніндегі бүкіл уәкілдікті толығынан өз қолына алады, ал Ұйымдастыру комиссиясы мен Техникалық комиссия Россиялық ұйымдастыру комиссиясына бағынуға тиіс болады. Шетелдік ұйымдастыру комиссиясындағы ымырашыл көпшілік бұл шешімдерге бағынудан бас тартқан соң, большевиктердің өкілдері Шетелдік ұйымдастыру комиссиясынан кетіп қалды. Парижге келген Орджоникидзе 30 октябрьде (12 ноябрьде) Шетелдік ұйымдастыру комиссиясының мәжілісінде Россиялық ұйымдастыру комиссиясының қызметі туралы баяндама жасады, осыдан кейін Шетелдік ұйымдастыру комиссиясы Россиялық ұйымдастыру комиссиясының басшылық ролін мойындауға мәж-

бүр болды. Алайда көп ұзамай Шетелдік ұйымдастыру комиссиясы Россиялық ұйымдастыру комиссиясына қарсы ашықтан-ашық күрес жолына түсті. 20 ноябрьде (3 декабрьде) ол «Россиялық ұйымдастыру комиссиясына ашық хат» деген листовка шығарды, онда Россиялық ұйымдастыру комиссиясын фракцияшылдыққа салынды деп айыптады. Шетелдік ұйымдастыру комиссиясының антипартиялық әрекеттерін Орджоникидзе 1911 жылы 8 (21) декабрьде «Социал-Демократ» газетінің 25-номерінде басылған «Редакцияға хатта» әшкереледі. 1912 жылы январьда болған жалпы партиялық конференцияны шақыру жөніндегі бүкіл жұмысты Россиялық ұйымдастыру комиссиясы жүргізді, ол Россиядағы құпия партия ұйымдарын өз төңірегіне топтастыра білді. — *294.*

118 Мәлімдеменің аяғында В. И. Лениннің қолынан басқа Г. Е. Зиновьевтің қолы бар. — *295.*

119 Әңгіме Орталық Комитет мүшелері июнь кеңесінің «Партия конференциясын шақыру» деген қарары жайында болып отыр. — *295.*

120 *Булыгин Думасы*—кеңесші Мемлекеттік дума, оны шақыру туралы заң жобасын патшаның тапсыруымен ішкі істер министрі А. Г. Булыгин жасады. 1905 жылғы 6 (19) августа патшаның манифесі, Мемлекеттік думаны құру туралы заң және оны сайлау туралы ереже жарияланды. Дума сайлауы үшін тек помещиктерге, капиталистерге және бір шоғыр үй иесі-шаруаларға ғана сайлау правосы берілді. Заң бойынша белгіленген 412 депутаттық орыннан шаруаларға не бары 51 орын тиді. Халықтың көпшілігі — жұмысшылар, кедей-шаруалар, батырақтар, демократиялық интеллигенция сайлау правосынан айрылды; әйелдер, әскери қызметтегілер, оқушылар, жиырма бес жасқа толмаған адамдар және патшалық Россияның бірқатар езілген ұлттары сайлауға қатыстырылмайтын болды. Мемлекеттік думаның ешқандай заң қабылдауға правосы жоқ еді, ол патшаның жанындағы кеңесші орган ретінде кейбір мәселелерді ғана талқылай алатын болды. Булыгин Думасын сипаттай келіп, Ленин ол ««халық өкілдігін» барып тұрған арсыздықпен қорлаушылық» (Шығармалар толық жинағы, 11-том, 196-бет) деп жазды.

Большевиктер бүкіл үгіт науқанын қарулы көтеріліс, революциялық армия, революциялық уақытша үкімет деген ұрандарға бағындырып, жұмысшылар мен шаруаларды Булыгин Думасына белсенді бойкот жасауға шақырды. Меньшевиктер Дума сайлауына қатысуға болады деп есептеп, либерал буржуазиямен ынтымақтасуды жақтады.

Булыгин Думасына бойкот жасау науқанын большевиктер барлық революциялық күштерді жұмылдыру үшін, бұқаралық саяси стачкалар өткізу және қарулы көтерілісті әзірлеу

үшін пайдаланды. Булыгин Думасының сайлауы өткізілмеді, сондықтан үкімет оны шақыра алмады; революцияның толассыз өрлеуі және 1905 жылғы Бүкіл россиялық октябрь саяси стачкасы Думаны жайпап кетті. Булыгин Думасы туралы В. И. Лениннің мына мақалаларын қараңыз: «Конституциялық базар», «Булыгин Думасына бойкот жариялау және көтеріліс», ««Патшаның халықпен және халықтың патшамен бірігуі»», «Монархиялық буржуазияның соңында болу керек пе әлде революцияшыл пролетариат пен шаруаларды бастау керек пе?» және басқалар (Шығармалар толық жинағы, 10-том, 72—77-беттер; 11-том, 176—185, 192—202, 211—225-беттер). — *299.*

121 Әңгіме 1911 жылы 13 (26) апрельдегі тұтқынға алу жайында болып отыр; фабрика-завод дәрігерлері мен фабрика өнеркәсібі өкілдерінің Бүкіл россиялық II съезінің ашылуы қарсаңында съезге келген жұмысшы делегаттары арасында тұтқынға алу жүргізілген еді. — *302.*

122 *РСДРП-ға жәрдемші II Париж тобы* 1908 жылы 5 (18) ноябрьде құрылды. Ол Париждегі меньшевиктермен ортақ топтан бөлініп шықты; большевиктерді, олардың ішінде Большевиктік орталықтың мүшелерін біріктірді.

1911 жылы Париждегі II топқа: большевиктер В. И. Ленин, Н. К. Крупская, Н. А. Семашко, М. Ф. Владимирский, И. Ф. Арманд, Л. Н. Сталь, С. И. Гопнер, В. К. Таратута, Н. В. Кузнецов, А. С. Шаповалов және басқалар; ымырашылдар А. И. Любимов, М. К. Владимиров және басқалар, сондай-ақ кейбір впередшілдер кірді. Топта барлығы 40-тан астам адам болды. Ол Россиядағы партия ұйымдарымен байланысты болды, олардың жұмысына көмектесті, жойымпаздарға және троцкистерге қарсы күресті, орыстың жұмысшы-эмигранттары арасында жұмыс жүргізді.

РСДРП-ға жәрдемші II Париж тобының партиядағы істің жайы туралы мәселе талқыланған жиналысы 18 июньде (1 июльде) М. Ф. Владимирскийдің председательдік етуімен өтті. Топ көпшілік 27 дауыспен Ленин жазған қарарды қабылдады (қараңыз: осы том, 309—318-беттер). Топтың азшылығы ұсынған ымырашылдық қарарды жақтап 10 дауыс берілді. Любимов пен Владимировтың жиналыстағы ымырашылдық сөздерін Ленин ««экономистердің» нашар сөздерінің нашар қайталануы» деп атады (Лениннің XXV жинағы, 95-бет). — *308.*

123 Әңгіме большевиктік жария газет «Звезда» жайында болып отыр. — *313.*

124 *«Дневник Социал-Демократа»* («Социал-Демократ Күнделігі») — мерзімді емес орган, Женевада 1905 жылдың мартынан 1912 жылдың апреліне дейін (ұзақ үзілістермен) Г. В. Плеха-

нов шығарып тұрды. 16 номері шықты. 1916 жылы Петроградта оны қайта шығару қолға алынды, бірақ нө бары бірақ номері шықты.

Алғашқы сегіз номерінде (1905—1906) Плеханов барып тұрған оңшыл, меньшевиктік, оппортунистік көзқарас ұстады, социал-демократияның либерал буржуазиямен блогын қорғады, пролетариаттың шаруалармен одағын теріске шығарды, декабрь қарулы көтерілісін айыптады.

1909—1912 жылдары Плеханов «Дневник Социал-Демократаның» 9—16-номерлерінде жойымпаз-меньшевиктерге қарсы шығып, құпия партия ұйымдарын қорғады. Алайда ол тактиканың негізгі мәселелері жөнінде меньшевиктік позицияларда қала берді. «Дневник Социал-Демократаның» 1916 жылы шыққан 1-номерінде Г. В. Плехановтың социал-шовинистік көзқарастары айқын көрінді. — *314.*

125 Бұл арада 1910 жылы 13 (26) февральда «Социал-Демократтың» 11-номерінде жарияланған «Партия ұйымдарына хат» айтылып отыр. — *316.*

126 *РСДРП V (Лондон) съезі* (30 апрель — 19 май (13 май— 1 июнь), 1907) «Пролетарлық емес партияларға көзқарас туралы» мәселе жөніндегі қарарында былай деп көрсетті: халықшылдық партиялармен бірлескен қимылдар «реакцияға да қарсы, либерал буржуазияның сатқындық тактикасына да қарсы жалпы шабуыл жасау мақсаттарына ғана қызмет етіп, социал-демократиялық программа мен тактикадан қандай да болса шегіну мүмкіндігінің барлығын да жоюға тиіс» («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 231-бет).

РСДРП үшінші («Жалпы россиялық екінші») *конференциясы* (21—23 июль (3—5 август), 1907) басқа партиялармен сайлау келісімдерін жасасудың мынадай жобасын қабылдады:

«1. Социал-демократия, алғашқы сайлауларда сайлау жөнінде ешқандай келісімдер жасамай, сайлауда дербес шығады.

2. Қайта дауысқа түсу жағдайында кадеттерден солшылдау партиялардың бәрімен келісім жасауға жол беріледі.

3. Екінші сатыда және одан арғы сатыларда барлық революциялық партиялармен, конституциялық-демократиялық партиядан (және соларға жақын мұсылман, казак, т. с. сияқты топтардан) басқасын қоса алғанда, барлық оппозициялық партиялармен келісім жасауға жол беріледі.

4. Социал-демократия келісім жасаған кезде социалистік емес партияларды олардың демократизмінің дәрежесіне қарай мынадай тәртіппен бөлуді басшылыққа алуға тиіс: 1) социалист-революционерлер, 2) халықтық-социалистер, 3) трудовиктер, 4) конституциялық-демократтар.

5. Жұмысшы курниясында, РСДРП-ға кірмейтін ұлттық социал-демократиялық ұйымдар мен поляк социалистік партиясынан басқа, өзге партиялармен және ұйымдармен ешқандай келісімге келуге жол берілмейді.

6. Тек техникалық сипаттағы келісімдерге ғана жол беріледі» («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 250-бет). — *317.*

127 Мәлімдеменің аяғында В. И. Лениннің қолынан басқа Г. Е. Зиновьевтің қолы бар.— *319.*

128 *Техникалық комиссия* (Шетелдік техникалық комиссия, ТК) РСДРП Орталық Комитеті мүшелерінің июнь кеңесі 1911 жылғы 1 (14) июньдегі мәжілісте партия баспасына, транспортқа және т. т. байланысты техникалық қызметтер атқару үшін құрған болатын. Орталық Комитеттің пленумына дейін Техникалық комиссия уақытша орган ретінде июнь кеңесіне қатысқан Орталық Комитет мүшелері тобына бағынды. Комиссияға большевиктерден, ымырашылдардан және поляк социал-демократиясынан бір-бір өкілден енді. Комиссияның ымырашыл көпшілігі — М. К. Владимиров пен оны қолдаған В. Л. Ледер — Шетелдік ұйымдастыру комиссиясына берілетін партия конференциясын шақыру қорына арналған ақшаны, сондай-ақ большевиктік «Звезда» газетін шығаруға қаржы бөлуді кешеуілдетіп келді, партияның Орталық Органы — «Социал-Демократ» газетін шығаруды тоқтатуға тырысты. Техникалық комиссия өзінің баспасөз органы — «Информационный Бюллетеньде» Ленин мен большевиктерге шабуыл жасады. Комиссияның 19 октябрьдегі (1 ноябрьдегі) мәжілісінде Россиялық ұйымдастыру комиссиясының «Хабарламасы» мен қарарларын талқылаған кезде большевиктердің өкілі М. Ф. Владимирский Россиялық ұйымдастыру комиссиясының шешімдеріне бағыну жөнінде ұсыныс енгізді. Ұсыныс қабылданбады, осыған байланысты Владимирский комиссиядан шықты және большевиктер комиссиямен байланыс атаулының бәрін үзді.— *319.*

129 Бұл арада *Лонжюмодағы* (Парижден бірнеше километр жердегі мекен) *партия мектебі* айтылып отыр, оны Россияның ірі пролетарлық орталықтарындағы партия ұйымдарының қызметкерлері үшін 1911 жылы көктемде В. И. Лениннің басшылығымен большевиктер ұйымдастырған болатын. РСДРП Орталық Комитеті январь (1910) пленумының шешімі бойынша құрылған Мектеп комитеті мектепті ұйымдастыру жөнінде едәуір жұмыс жүргізді. Мектеп тыңдаушылары жергілікті партия ұйымдарында іріктеліп алынды және оларды мандат комиссиясы мен Мектеп комитетінің жалпы жиналысы бекітті. Мектепте барлығы 13 тыңдау-

шы — жұмысшы, Москвадан, Петербургтен, Бакуден, Иваново-Вознесенскіден, Николаевтан, Тифлистен, Сормоводан, Екатеринослав губерниясынан, Домбровск ауданынан (Польша) өкілдер және 5 ерікті тыңдаушы болды. Мектеп оқушылары ішінде И. С. Белостоцкий, Б. А. Бреслав, А. И. Догадов, Я. Д. Зевин, А. И. Иванова, Г. К. Орджоникидзе, И. В. Присягин, Э. Прухняк, И. И. Шварц, И. Д. Чугурин және басқалар болды. Мектеп оқушыларының көпшілігі большевиктер еді, оқушылардың құрамында сондай-ақ партияшыл-меньшевиктер және бір впередшіл болды. Лекторлар тізімін тыңдаушылармен бірлесе отырып Мектеп комитеті жасады. Мектеп комитеті мектепте лекция оқуға РСДРП-дағы әр түрлі ағымдардың өкілдеріне шақыру жіберді. Меньшевиктер Л. Мартов, Ф. И. Дан және басқалар лекция оқудан бас тартты. Мектепте оқытуды негізінен большевиктер жүргізді.

Тыңдаушылар мектепке бір мезгілде келген жоқ. Сабақ жүйелі түрде басталғанға дейін жеткілікті даярлығы жоқ тыңдаушылар үшін алдын ала сабақ жүргізілді, қосымша курстар ұйымдастырылды.

Мектептің идеялық басшысы және оның негізгі лекторы В. И. Ленин болды. Оқушылардың үштен бірі жиналғаннан кейін Ленин тыңдаушылармен К. Маркс пен Ф. Энгельстің «Коммунистік партияның манифесі» туралы сабақ өткізді. Ленин мектепте саяси экономия жөнінде 29 лекция (43 сағат) оқыды, 12 лекцияны (18 сағат) ол аграрлық мәселеге арнады. Мектеп комитетінің есебінде Ленин бұл лекциялар курсында тыңдаушыларды «аграрлық мәселенің теориясымен де, сондай-ақ үкіметтің соңғы жылдардағы аграрлық заңдарымен де» таныстырды деп көрсетілген. Ленин Россиядағы социализмнің теориясы мен практикасы жөнінде 12 лекция оқыды. «Ленин жолдас бұл курста біздің партиядағы негізгі тактикалық ағымдарға, сондай-ақ біздің басты-басты партиялық шешімдерге талдау жасады»,— делінген Мектеп комитетінің есебінде (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві). Бастапқы жоспар бойынша философия жөніндегі лекцияларды Г. В. Плеханов оқуға тиіс еді. Бірақ сабақтар аяқталып қалғанда оның келмейтіндігі анықталған соң, тыңдаушылардың өтініші бойынша Ленин тарихты материалистік тұрғыдан түсіну туралы үш лекция оқыды. Оның үстіне, тағы да тыңдаушылардың өтініші бойынша, Ленин қазіргі жағдай және партия ішіндегі істің жайы туралы реферат оқыды.

Мектепте мынадай курстар оқылды: жұмысшы заңдары (Н. А. Семашко — 7 лекция); парламентаризм және Думадағы социал-демократиялық фракция (Н. А. Семашко — 3 лекция); Россиядағы және Батыстағы кәсіптік қозғалыс (Д. Б. Рязанов — 11 лекция); Франциядағы социалистік қозғалыстың тарихы (Ш. Раппопорт — 8 лекция); Бельгиядағы

социалистік қозғалыстың тарихы (И. Ф. Арманд — 4 лекция); Германиядағы социалистік қозғалыстың тарихы (Ш. Раппопорт және В. Л. Ледер — 11 лекция); әдебиет пен өнер тарихы (А. В. Луначарский). Сондай-ақ мемлекеттік право, ұлт мәселесі жөнінде, Польшадағы саяси партиялар және поляк социализмі туралы, латыш социал-демократиясы туралы және басқалар жөнінде лекциялар оқылды. Мектепте лекциялардан басқа семинар сабақтары жүргізілді, оларда тыңдаушылар конспектілер жасауды, газеттерге мақалалар мен корреспонденциялар жазуды үйренді, рефераттар оқыды және т. т.

Мектепте сабақ аяқталғаннан кейін 17 (30) августа тыңдаушылар құпия партиялық жұмыс жүргізу үшін Россияға жүріп кетті. Олар РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясын әзірлеуге және өткізуге белсене қатысты. Лонжюмодағы партия мектебін бітіргендердің көпшілігі кейіннен ірі партия және совет қызметкерлері болды.— *319.*

130 *«Пролетарий»* — большевиктік құпия газет. 1906 жылғы 21 августан (3 сентябрьден) 1909 жылғы 28 ноябрьге (11 декабрьге) дейін В. И. Лениннің редакциясымен шығып тұрды; 50 номері шықты. Редакцияның жұмысына М. Ф. Владимирский, В. В. Воровский, И. Ф. Дубровинский, А. В. Луначарский белсене қатысты; газетті шығару жөніндегі техникалық жұмысты А. Г. Шлихтер, Е. С. Шлихтер және басқалар жүргізді. Газеттің алғашқы жиырма номері Выборгте баспаға әзірленді және терілді (одан жіберілген матрицадан басып шығару Петербургте ұйымдастырылды; құпиялық сақтау мақсатымен газетте ол Москвада шығарылады деп көрсетілді). Сонан соң, Россияда құпия органды басып шығару жағдайының өте-мөте нашарлауы салдарынан, «Пролетарийдің» редакциясы, РСДРП Петербург және Москва комитеттерінің шешіміне сәйкес, газеттің шығарылуын шетелге көшірді (21—40-номерлері Женевада, 41—50-номерлері Парижде шықты).

Іс жүзінде «Пролетарий» большевиктердің Орталық Органы болды. «Пролетарий» газетінің редакциясындағы барлық негізгі жұмысты Ленин атқарды. Газеттің көптеген номерлерінде оның бірнешеден мақалалары басылды. «Пролетарийде» жұмысшы табының революциялық күресінің аса маңызды мәселелері жөнінен Лениннің 100-ден астам мақаласы мен заметкасы жарияланды. Газетте тактикалық және жалпы саяси мәселелер кеңінен жазылды, онда РСДРП Орталық Комитетінің қызметі туралы есептер, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының шешімдері, партия қызметінің әр түрлі мәселелері жөнінен Орталық Комитеттің хаттары және басқа бірқатар документтер жарияланды. Газеттің 46-номеріне қосымшада 1909 жылы 8—17 (21—30) июньде Парижде болып өткен «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясының кеңесі туралы хабар, сондай-ақ

осы Кеңестің қарарлары басылды. Газет жергілікті партия ұйымдарымен тығыз байланысты болды.

Столыпин реакциясы жылдарында «Пролетарий» большевиктік ұйымдарды сақтап қалуда және нығайтуда, жойымпаздарға, шақырымпаздарға, ультиматистерге және құдай жасампаздарға қарсы күресте аса көрнекті роль атқарды. РСДРП Орталық Комитетінің 1910 жылғы январь пленумының шешімдеріне сәйкес газетті шығару тоқтатылды. — *320.*

131 Бұл арада большевик В. К. Таратутаның «Партияға» деген хаты айтылып отыр, хат оның арандатушылыққа қатысы болғандығы туралы 1906 жылы таралып кеткен сыбыстарға байланысты жазылған еді. РСДРП Орталық Комитетінің 1910 жылғы январь пленумы тағайындаған Тексеру комиссиясы бұл істі тексеріп, айыптау үшін ешқандай да деректер болмауы себепті істі тоқтату және Таратутаның партия мүшесі правосын қалпына келтіру жөнінде бірауыздан қаулы алды.— *322.*

132 Бұл арада В. И. Лениннің «Публицистің заметкалары» деген еңбегінің РСДРП Орталық Комитетінің 1910 жылғы январь пленумындағы ымырашылдардың позициясын сынауға арналған бөлімі айтылып отыр (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 19-том, 293—299-беттер). — *330.*

133 *Гора мен Жиронда* — XVIII ғасырдың аяғындағы француз буржуазиялық революциясы кезіндегі буржуазиялық екі саяси топтың аты. Абсолютизм мен феодализмді жоюдың қажеттігін жақтаған, өз дәуірінің революциялық табы — буржуазияның неғұрлым батыл өкілдерін Гора — якобиншілдер деп атады. Якобиншілдерден өзгеше жирондистер революция мен контрреволюция арасында ауытқумен болды және монархиямен мәмлеге келу жолына түсті.

Ленин социал-демократиядағы оппортунистік ағымды «социалистік Жиронда» деп, революцияшыл социал-демократтарды пролетарлық якобиншілдер, «Гора» деп атады. РСДРП большевиктер және меньшевиктер болып жікке бөлінгеннен кейін Ленин меньшевиктер жұмысшы қозғалысындағы жирондистік ағым болып табылады деп жиі атап көрсетті.— *333.*

134 Ленин айтып отырған, 1911 жылы 1 (14) сентябрьде «Социал-Демократтың» 23-номерінде басылған корреспонденцияда петербургтік көрнекті жойымпаз-әдебиетшінің Выборг ауданы социал-демократ жұмысшыларының жиналысында сөз сөйлеп, партия ұйымын қалпына келтірудің орнына, жария ағарту жұмысын жүргізу үшін «инициативалы топтар» құру жөнінде ұсыныс енгізгендігі туралы хабарланды. Бұл сөзге жиналыс тарапынан, соның ішінде оған қатысып отырған партияшыл-меньшевиктер тарапынан бірауызды тойта-

рыс берілді, сөйтіп жойымпаздың ұсынысына бірде-бір адам жақтап дауыс бермеді.— *347.*

135 *«Рабочее Дело»* («Жұмысшы Ісі») — журнал, «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» органы. Женевада 1899 жылдың апрелінен 1902 жылдың февралына дейін Б. Н. Кричевскийдің, П. Ф. Тепловтың (Сибиряктің), В. П. Иваншиннің, ал кейін А. С. Мартыновтың да редакциялауымен шығып тұрды; 12 номері (тоғыз кітап) шықты. «Рабочее Делоның» редакциясы «экономистердің» шетелдік орталығы болды; «Рабочее Дело» марксизмді «сынау еркіндігі» дейтін бернштейншілдік ұранды қолдады, орыс социал-демократиясының тактикасы мен ұйымдық міндеттері мәселелерінде оппортунистік позицияда болды, шаруалардың революциялық мүмкіндіктерін теріске шығарды, т. т. Рабоче-делошылдар пролетариаттың саяси күресін экономикалық күреске бағындырудың оппортунистік идеяларын насихаттады, жұмысшы қозғалысының стихиялылығы алдында бас иді, партияның басшылық ролін жоққа шығарды. «Рабочее Дело» редакторларының бірі В. П. Иваншин ашық «экономистердің» органы — «Рабочая Мысльді» редакциялауға қатысты, «Рабочее Дело» оны қолдап отырды. РСДРП II съезінде рабоче-делошылдар партияның барып тұрған оңшыл, оппортунистік қанаты болды. — *348.*

136 *«Рабочая Мысль»* («Жұмысшы Ойы») — газет, «экономистердің» органы; 1897 жылғы октябрьден 1902 жылғы декабрьге дейін шығып тұрды. 16 номері шықты. Алғашқы екі номері Петербургте мимеографта басылды, 3—11-номерлері шетелде, Берлинде шықты; 12, 13, 14 және 15-номерлерін шығару Варшаваға көшірілді; соңғы, 16-номері шетелде шықты. Газетті К. М. Тахтарев және басқалар редакциялады.

Халықаралық оппортунизмнің орыстық түрі ретіндегі «Русская Мысльдің» көзқарастарын Ленин «Орыс социал-демократиясындағы шегіншектеу бағыты» деген мақаласында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 260—297-беттер), «Искра» газетінде жарияланған мақалаларында және «Не істеу керек?» деген кітабында сынға алды.— *348.*

137 Ескертуді Орталық Комитеттің пленумын шақыруды әзірлеу үшін РСДРП Орталық Комитеті мүшелерінің 1911 жылғы июньдегі кеңесі тағайындаған комиссияның мәлімдемесіне Ленин жазған болатын. Комиссияның мәлімдемесінде Орталық Комитеттің Шетелдік бюросындағы жойымпаздардың Орталық Комитеттің пленумын болдырмай тастауға бағытталған іріткі салушылық әрекеттері жөнінде фактілер келтірілген.— *350.*

138 *«Информационный Бюллетень»* («Информациялық Бюллетень») — Шетелдік техникалық комиссияның басылымы

(Парижде шығып тұрды); ымырашылдардың фракциялық органы, осы басылымда олар большевиктерге қарсы күрес жүргізді. 1911 жылы жаңаша 11 августа және 28 октябрьде екі номері шықты. — *363.*

[139] Ленин бұл арада 1911 жылы көктемде Закавказье жойымпаздарының конференциясы қабылдаған «Жойымпаздық туралы» қарарды айтып отыр. Конференцияның антипартиялық сипаты 1911 жылы 18 (31) октябрьде «Социал-Демократ» газетінің 24-номерінде басылған «Кавказдан хат» деген корреспонденцияда әшкереленген болатын.— *376.*

[140] *«Рабочая Жизнь»* («Жұмысшы Өмірі») — ай сайын шыққан газет, голосшыл-меньшевиктер мен ымырашылдардың органы. 1911 жылы 21 февральдан (6 марттан) 18 апрельге (1 майға) дейін Парижде шығып тұрды; не бары үш номері шықты.— *378.*

[141] Бұл арада патша армиясының полковнигі В. П. Ляхов қолбасшылық еткен әскердің 1908 жылы Персиядағы революциялық қозғалысты басып-жаншуы айтылып отыр.— *391.*

[142] Кадеттер партиясының лидері П. Н. Милюков 1909 жылы 19 июньде (2 июльде) Лондонның лорд-мэрінде болған сәскелік қонақасыда сөйлеген сөзінде былай деп мәлімдеді: «... әзірге Россияда бюджетті бақылайтын заң шығарушы палата тұрғанда, орыс оппозициясы патша ағзамға оппозицияда болмай, патша ағзамның оппозициясы болып қала береді» («Речь» № 167, 21 июнь (4 июль), 1909 жыл).— *401.*

[143] *«Бейбіт жаңартушылар»*— ірі буржуазия мен помещиктердің конституциялық-монархиялық ұйымы «бейбіт жаңарту» партиясының мүшелері, бұл партия 1906 жылы I Мемлекеттік дума таратылғаннан кейін біржола қалыптасты. Партия «солшыл» октябристер мен оңшыл кадеттерді біріктірді. Бейбіт жаңартушылардың лидерлері П. А. Гейден, Н. Н. Львов, П. П. Рябушинский, М. А. Стахович, Е. Н. және Г. Н. Трубецкойлар, Д. Н. Шипов және басқалар болды. Өзінің программасы жағынан партия октябристерге жақын тұрды; сауда-өнеркәсіп буржуазиясының және шаруашылығын капиталистік тұрғыда жүргізетін помещиктердің мүдделерін қорғады. Ленин «бейбіт жаңарту» партиясын «бейбіт тонау партиясы» деп атады, өйткені оның қызметі «... миллиондаған «мужиктердің» табан ет, маңдай теріне Россияның ақ сүйек дворяндарының *праволарын* әйтеуір бір амалын тауып сенімдірек, ептірек, шеберірек, ішкі жағынан берігірек, сырт жағынан байқаусыз етіп қорғап қалуға...» (Шығармалар толық жинағы, 16-том, 46-бет) бағытталды. III Мемлекеттік думада «бейбіт жаңарту» партиясы «демо-

кратиялық реформалар» партиясы дейтінмен «прогрессистер» фракциясына бірікті.— *406.*

144 *«II Думадағы социал-демократиялық фракция туралы»* деген мақаланы (баяндаманы) Халықаралық социалистік бюроның Атқару комитеті II Думадағы социал-демократия депутаттардың ісі туралы материалдармен бірге неміс, француз және ағылшын тілдерінде «Bulletin périodique du Bureau Socialiste International»-дың («Халықаралық Социалистік Бюроның Мерзімді Бюллетені») 8-номерінде № 21 нұсқау хатқа қосымша ретінде басып шығарған болатын. В. И. Лениннің мақаласы жарияланғаннан кейін II Мемлекеттік думадағы социал-демократ депутаттарды босату жөнінде шетелде үгіт науқаны күшейді. «Рабочая Газетаның» 1912 жылғы 17 (30) марттағы 8-номеріндегі редакциялық заметкада былай деп хабарландырылды: «Халықаралық социалистік бюродағы біздің партиямыздың өкілі Ленин жолдастың бұл іс жөніндегі баяндамасын барлық партияларға жіберген Халықаралық социалистік бюроның үндеуінен кейін шетелдік социал-демократиялық партиялар үгіт жұмысын күшейте түсті. Германияның, Францияның, Бельгияның, Швецияның, Финляндияның, Австрияның және т. т. социал-демократ депутаттары наразылық білдірді».— *416.*

145 *«Будущее» («L' Avenir»)* («Болашақ») — либералдық-буржуазиялық газет; 1911 жылғы 22 октябрьден 1914 жылғы 4 январьға (жаңаша) дейін Парижде В. Л. Бурцевтің редакциясымен орыс тілінде шығып тұрды (кейбір материалдар француз тілінде басылып жүрді). Газетке меньшевиктер мен эсерлер жазып тұрды.— *417.*

146 *Лассальшылдар* — немістің ұсақ буржуазияшыл социалисі Ф. Лассальдың жақтастары мен ізбасарлары, Жалпы герман жұмысшы одағының мүшелері; бұл одақ 1863 жылы жұмысшы қоғамдарының Лейпцигте болған съезінде — жұмысшы табын өз ықпалына бағындыруға тырысқан буржуазияшыл прогрессистерге қарсы құрылды. Одақтың бірінші президенті Лассаль болды, ол Одақтың программасын және тактикасының негіздерін тұжырымдады. Жалпыға бірдей сайлау правосы үшін күрес — Одақтың саяси программасы, мемлекеттің жәрдем ақшасымен жұмысшылардың өндіргіш ассоциацияларын құру — оның экономикалық программасы деп жарияланды. Пруссияның гегемон болуына бейімделген Лассаль мен оның жақтастары өздерінің практикалық қызметінде Бисмарктың ұлы державалық саясатын қолдады; «объективтік жағынан алғанда,— деп жазды Ф. Энгельс 1865 жылы 27 январьда К. Маркске,— бұл бүкіл жұмысшы қозғалысында пруссактардың пайдасына жасалған арамдық пен опасыздық болды» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXIII том, 1932, 232-бет). К. Маркс пен Ф. Энгельс лассаль-

шылдықтың теориясын, тактикасын және ұйымдық принциптерін герман жұмысшы қозғалысындағы оппортунистік ағым ретінде талай рет қатты сынады.— *428.*

[147] Әңгіме В. И. Ленин төменде цитат алып отырған К. Маркстің 1881 жылы 20 июньде және 15 декабрьде Ф. А. Зоргеге жазған хаттары жайында болып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 372—374-беттер және К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVII том, 1935, 171—173-беттер).— *429.*

[148] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVII том, 1935, 101—102-беттер.— *429.*

[149] Ленин 1911 жылы 14 (27) ноябрьде Парижде «Либералдық жұмысшы партиясының манифесі» деген тақырыпта көпшілікке арналған реферат оқыды. Бұл рефераттың жоспарын осы томнан қараңыз: 450—451-беттер.—*432.*

[150] *Chambre introuvable* (теңдесі жоқ, асқан ғажап палата) — 1815 жылы августа Бурбондар реставрацияланғаннан кейін сайланған контрреволюциялық француз депутаттары палатасын XVIII Людовик осылай деп атады. Палата құрамының реакцияшыл болғаны соншалық, Людовик жаңа революциялық дүмпуден қауіптеніп, оны таратып жіберуге мәжбүр болды.— *442.*

[151] Ленин бұл арада С. Ю. Виттенің «Самодержавие және земство» деген жазбасына П. Б. Струвенің (Р. Н. С. деп қол қойған) алғы сөзін айтып отыр. Алғы сөз В. И. Лениннің «Земствоны қуушылар мен либерализмнің Аннибалдары» деген мақаласында сынға алынды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 23—76-беттер).— *445.*

[152] *Мымрецов* — Г. И. Успенскийдің «Үйшік» деген әңгімесіндегі кейіпкер, патшалық Россияның полициялық-самодержавиелік режимін бейнелейтін дөкір де надан городовойдың типі.— *446.*

[153] Әр түрлі елдерде жұмыс күнін шектеу жөніндегі деректер К. Каутскийдің «Карл Маркстің экономикалық ілімі» және «Еңбекті заң жолымен қорғау жөне 8 сағаттық жұмыс күні» деген еңбектерінде келтірілген.— *449.*

В. И. ЛЕНИН ЦИТАТ КЕЛТІРГЕН ЖӘНЕ АУЫЗҒА АЛҒАН ӘДЕБИ ЕҢБЕКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ

* В. И. Ленин белгілер салған кітаптар, газеттер, мақалалар және документтер жұлдызшамен белгіленді; бұлар КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

*— 1910, № 9—10, 15 июня, стлб. 17—32.— *206, 207, 214, 337, 338—339, 342—343.*

*— 1910, № 11, 7 июля, стлб. 1—22.— *206—207, 208, 209, 210—211, 212, 213, 214, 219—220, 338—339, 342—343.*

Вопрос о студенческой манифестации.— «Русские Ведомости», М., 1910, № 261, 12 ноября, стр. 2—3. Под общ. загл.: Около Думы.— *1—2.*

[*87 статья основных государственных законов*].— В кн.: Свод законов Российской империи. Т. 1. Ч. I. Свод основных государственных законов. Изд. 1906 г. Спб., гос. тип., б. г., стр. 20.— *229, 300, 391.*

Вперед. Сборник статей по очередным вопросам. Изд. гр. «Вперед». [Paris, кооп. тип. «Союз»], июль 1910. 64 стлб.— *44.*

Вперед. Сборник статей по очередным вопросам. № 3. Изд. гр. «Вперед». [Paris], кооп. тип. «Союз», май 1911. 78 стлб.— *380, 387.*

Всероссийская конференция Росс. соц.-дем. рабочей партии. (В декабре 1908 года). Изд. газ. «Пролетарий». [Paris, 1909]. 47 стр. (РСДРП).—*204—205, 337.*

Гейне, Г. Лирическое интермеццо. Юноша девушку любит, а ей полюбился другой...— *161.*

Глинка, С. 65 пустозвонов.— «Земщина», Спб., 1911, № 558, 12 февраля, стр. 2.— *163.*

Гоголь, Н. В. Повесть о том, как поссорился Иван Иванович с Иваном Никифоровичем.— *267, 269—270.*

«Голос Москвы».— *159.*

— 1910, № 260, 11 ноября, стр. 1, 4.— *2.*

— 1910, № 261, 12 ноября, стр. 3.— *2—3.*

— 1911, № 38, 17 февраля (2 марта), стр. 2.— *160—161, 164—165, 167—168.*

— 1911, № 72, 30 марта (12 апреля), стр. 2.— *239—240, 242—243.*

«Голос Социал-Демократа», [Женева — Париж].— *19, 26, 31, 33, 39, 51, 52, 53, 60, 62, 114, 194, 195, 198, 281, 309, 310, 311, 317, 329, 330, 337, 367, 375.*

— 1911, № 27, 29 октября. 4 стр.— *420—421.*

Земельный вопрос в Кубани. Из Армавира.— «Речь», Спб., 1911, № 291 (1885), 23 октября (5 ноября), стр. 7.— *413.*

«Земщина», Спб., 1911, № 558, 12 февраля, стр. 2; № 559, 13 февраля, стр. 4; № 560, 14 февраля, стр. 3.— *163.*

Извещение [*совещания членов ЦК РСДРП.* 1911 г.] [Листовка]. Б. м., [1911]. 2 стр. (РСДРП). Подпись: Совещание членов ЦК РСДРП.— *312.*

Изгоев, А. С. На перевале. VII. «Вехист» среди марксистов.— «Русская Мысль», М., 1910, кн. VIII, стр. 63—72.— *100, 132.*

*— *Об интеллигентной молодежи.* (Заметки об ее быте и настроениях).— В кн.: Вехи. Сборник статей о русской интеллигенции. М., [тип. Саблина, март] 1909, стр. 182—209.— *161, 162—163, 299.*

— *Сопоставление.*— «Речь», Спб., 1911, № 44 (1640), 14 (27) февраля, стр. 2—3.— *162, 163, 165—166, 167—168.*

Иков, В. К. Журнальное обозрение.— «Возрождение», М., 1910, № 5, 30 марта, стлб. 47—52.— *117.*

*— *Политические заметки.* Еще о перспективах нашего политического развития.— «Возрождение», М., 1910, № 11, 7 июля, стлб. 13—22. Подпись: В. Миров.— *208, 212.*

«Информационный Бюллетень», [Париж], 1911, № 1, 11 августа. 6 стр.— *363, 369, 375, 380, 383.*

— 1911, № 2, 28 октября. 6 стр.— *386.*

[*Ионов*]. *Фракции против партии.*— «Отклики Бунда», [Женева], 1910, № 4, апрель, стр. 19—23. Подпись: И — ов.— *371.*

«Искра» (старая, ленинская), [Мюнхен—Лейпциг—Лондон—Женева].— *87, 385.*

— [Лейпциг—Мюнхен], декабрь 1900—1 мая 1902, №№ 1—20.— *87.*

«Искра» (новая, меньшевистская), [Женева], 1903, № 55, 15 декабря, стр. 2—5; 1904, № 57, 15 января, стр. 2—4.— *128—129.*

[*Каменев, Л. Б.*] *Две партии.* С предисл. Н. Ленина и прилож. писем и заявлений тт. В. Вильямова, Ал. Власова, Инно-

кентиева, Э. и группы рабочих. Изд. ред. «Рабочей Газеты». [Paris], 1911. XII, 155, XXIII стр. (РСДРП). Перед загл. авт.: Ю. Каменев.— *320—323, 325.*

Ко всем соц.-дем. партийным организациям, группам и кружкам. 1 августа 1911 г. [Листовка]. [Paris], 1911. 4 стр. (РСДРП). Подпись: Организационная комиссия по созыву партийной конференции.— *321—322.*

Ко всем членам партии. —«Листок Заграничного Бюро Центрального Комитета», [Париж], 1911, № 1, 8 сентября, стр. 1—3. Подпись: Совещание при Загр. бюро ЦК. — *349.*

Ко всем членам партии. (О положении дел в партии и созыве партийной конференции). [Листовка]. Paris, кооп. тип. «Союз», [1911]. 2 стр. Подпись: Группа «Вперед». — *104.*

Ко всем членам партии от собрания меньшевиков в Париже. [Листовка]. Paris, кооп. тип. «Союз», [1911]. 2 стр. — *171, 197, 198.*

**Ко всем членам Российской социал-демократической рабочей партии.* [Листовка]. Paris, кооп. тип. «Союз», [1911]. 2 стр. Подпись: Группа большевиков-партийцев. — *363—364, 365—366, 367, 368—369, 370—372, 374, 375—376, 379, 380, 382—383.*

Коган, В. О чем говорит действительность.—«Образование», Спб., 1907, № 8, стр. 49—66; № 9, стр. 26—43; № 10, стр. 24—45. — *213, 214.*

Кондурушкин, С. Письма о голоде. Правительство и общество.— «Речь», Спб., 1911, № 291 (1885), 23 октября (5 ноября), стр. 2. — *413—415.*

[*Крестовников*]. *Письмо г. Крестовникова.*—«Земщина», Спб., 1911, № 560, 14 февраля, стр. 3. — *163.*

Кричевский, Б. Н. Принципы, тактика и борьба. —«Рабочее Дело», Женева, 1901, № 10, сентябрь, стр. 1—36. — *220.*

Крылов, И. А. Лисица и Виноград. — *227.*

[*Credo*].— В кн.: [Ленин, В. И.] Протест российских социал-демократов. С послесл. от ред. «Рабочего Дела». Изд. Союза русских социал-демократов. Женева, тип. «Союза», 1899, стр. 1—6. (РСДРП. Оттиск из № 4—5 «Рабочего Дела»).— *119, 321.*

**Ларин, Ю. К вопросу о перспективах нашего социально-политического развития.* (Ответ редакции «Возрождения»).—

Маркс, К. и Энгельс, Ф. Манифест Коммунистической партии. Декабрь 1847 г.— январь 1848 г. — *111—112.*

Маркс, К. Письмо Ф. А. Зорге. 20 июня 1881 г. — *428—429, 430.*

— *Письмо Ф. А. Зорге.* 15 декабря 1881 г. — *428—429.*

Мартов, Л. Заметки публициста. «Ликвидаторство» и «перспективы».—«Жизнь», М., 1910, № 1, 30 августа, стлб. 1—12. — *130, 208—218, 219—221, 222, 342—343, 345.*

— *Куда пришли?*—«Голос Социал-Демократа», [Париж], 1910, № 23, ноябрь, стр. 9—13. — *44, 50, 52, 53, 55, 57, 195.*

— *Основные положения платформы.*—«Наша Заря», Спб., 1911, № 7—8, стр. 42—54. — *397, 398—401.*

— *Спасители или упразднители?* (Кто и как разрушал РСДРП). Изд. «Голоса Социал-Демократа». Париж, imp. Gnatovsky, 1911. 47 стр. (РСДРП). —*311, 328.*

Мартов, Л. и Дан, Ф. Для членов партии. 9 января 1911 г. [Листовка. Париж, 1911]. 1 стр. — *66.*

Мартынов, А. Обличительная литература и пролетарская борьба («Искра», №№ 1—5).— «Рабочее Дело», Женева, 1901, № 10, стр. 37—64. — *220.*

— *Положение дел в партии.* (Итоги пленума ЦК).—«Голос Социал-Демократа», [Париж], 1910, № 19—20, январь — февраль, стр. 17—19.— *365.*

Маслов, П. П. Экономические заметки.—«Наша Заря», Спб., 1910, № 10, стр. 13—28.— *102.*

Меньшиков, М. Голоса студентов.—«Новое Время», Спб., 1911, № 12549, 17 февраля (2 марта), стр. 5. — *158—159, 160, 161, 164, 168.*

— *Ненужный юбилей.*—«Новое Время», Спб., 1911, № 12512, 11 (24) января, стр. 3. — *152, 179, 191.*

— *Террор в деревне.*—«Новое Время», Спб., 1910, № 12404, 23 сентября (6 октября), стр. 2. — *83.*

Милюков, П. П. Интеллигенция и историческая традиция. — В кн.: Интеллигенция в России. Сборник статей. Спб., «Земля», 1910, стр. 89—191. — *52.*

Москва, 11-го ноября. В дни скорби.—«Голос Москвы», 1910, № 260, 11 ноября, стр. 1. — *2.*

Москва, 16 января. [Передовая].—«Русские Ведомости», М., 1911, № 12, 16 января, стр. 2. — *144, 145, 146, 239.*

О созыве очередной общепартийной конференции. [Резолюция, принятая на пленуме ЦК РСДРП в январе 1910 г.].—«Социал-Демократ», [Париж], 1910, № 11, 26 (13) февраля, стр. 10, в отд.: Из партии. — *196, 316.*

О созыве партийной конференции. [Резолюция, принятая на совещании членов ЦК РСДРП. 1911 г.].—В листовке: Извещение [совещания членов ЦК РСДРП. 1911 г.]. Б. м., [1911], стр. 2. (РСДРП). — *311—312.*

О фракционных центрах. [Резолюция, принятая на пленуме ЦК РСДРП в январе 1910 г.].—«Социал-Демократ», [Париж], 1910, № 11, 26 (13) февраля, стр. 11, в отд.: Из партии. — *27—28, 35—37, 54, 171.*

[*Об избирательных соглашениях с другими партиями.* Резолюция, принятая на Третьей конференции РСДРП («Второй общероссийской»)].— В листовке: Извещение о партийной конференции 21, 22 и 23 июля 1907 года. Изд. ЦК РСДРП. Б. м., [1907], стр. 3. (РСДРП). — *317.*

«Образование», Спб., 1907, № 8, стр. 49—66; № 9, стр. 26—43; № 10, стр. 24—45.— *213, 214.*

Общественное движение в России в начале XX-го века. Под ред. Л. Мартова, П. Маслова и А. Потресова. Т. I—IV. Спб., тип. «Общественная Польза», 1909—1914. 5 т. — *140, 205, 436.*

— Т. I. *Предвестники и основные причины движения.* Спб., тип. «Общественная Польза», 1909. [5], 676 стр. —*221, 305.*

Ольгин, В. Ко всем членам Российской соц.-дем. рабочей партии. «В бессильной злобе!» 18 мая 1911 г. [Листовка]. Париж, 1911. 2 стр. — *274.*

— *Ко всем членам Росс. соц.-дем. рабочей партии.* К вопросу об оздоровлении партии. 26 апреля. (н. ст.) 1911 г. [Листовка]. Париж, 1911. 1 стр. — *274.*

Организационный вопрос. [Резолюция, принятая на Пятой конференции РСДРП (Общероссийской 1908 г.)].— В кн.: Извещение Центрального Комитета Российской с.-д. рабочей партии о состоявшейся очередной общепартийной конференции. [Изд. ЦК РСДРП. Paris, 1909], стр. 4—5. (РСДРП). — *316.*

«Освобождение», Париж. — *123.*

[*От редакции*].—«Информационный Бюллетень», [Париж], 1911, № 1, 11 августа, стр. 1. — *369, 375, 380, 383.*

*[*От редакции*]. Нечто о перспективах.— «Возрождение», М., 1910, № 9—10, 15 июня, стлб. 29—32. Подпись: Редакция. — *207.*

[*От редакции.* Примечание к заявлению Женевского идейного кружка большевиков].— В кн.: Вперед. Сборник статей по очередным вопросам. № 3. Изд. гр. «Вперед». [Paris], кооп. тип. «Союз», май 1911, стлб. 78. — *380, 387.*

[*От редакции.* Примечание к статье В. Базарова «О том, почему важные вещи кажутся иногда пустяками»].— «Наша Заря», Спб., 1910, № 4, стр. 80. Подпись: Редакция.— *140—141.*

От редакции. [Примечание к статье Н. А. Рожкова «Современное положение России и основная задача рабочего движения в данный момент»].— «Наша Заря», Спб., 1911, № 9—10, стр. 31—32.— *445.*

«Отклики Бунда», [Женева], 1910, № 4, апрель, стр. 19—23.— *371.*

Открытое письмо [*16-ти русских меньшевиков-ликвидаторов*].— «Голос Социал-Демократа», [Париж], 1910, № 19—20, январь — февраль, стр. 23—24.— *51.*

Отношение к памяти С. А. Муромцева.— «Речь», Спб., 1910, № 284 (1522), 16 (29) октября, стр. 5. Под общ. загл.: Государственная дума. Сессия IV. Заседание 1-е.— *4, 5—6, 7.*

Отчет Второй Высшей социал-демократической пропагандистско-агитаторской школы для рабочих. (Ноябрь 1910 — март 1911 г.). Изд. гр. «Вперед». [Paris, кооп. тип. «Союз»], 1911. 31 стр. (РСДРП).— *381.*

П. А. Столыпин.— «Речь», Спб., 1911, № 244 (1840), 6 (19) сентября, стр. 2.— *358—359, 405.*

Петербург.— «Русские Ведомости», М., 1910, № 260, 11 ноября, стр. 4, в отд.: Последние известия.— *1—2.*

Петербург, 25 марта. [Передовая].— «Звезда», Спб., 1911, № 15, 25 марта, стр. 1.— *228.*

Печать.— «Речь», Спб., 1911, № 266 (1862), 28 сентября (11 октября), стр. 2.— *356, 403, 404.*

Печать.— «Речь», Спб., 1911, № 268 (1864), 30 сентября (13 октября), стр. 2.— *407.*

Пилецкий, Я. Беглые заметки.— «Возрождение», М., 1910, № 4, 15 марта, стлб. 49—58.— *206.*

Письмо в редакцию [*66 московских промышленников*].— «Русские Ведомости», М., 1911, № 33, 11 февраля, стр. 3.— *158, 159, 160, 161, 168.*

Письмо к партийным организациям. (Об очередной партийной конференции).— «Социал-Демократ», [Париж], 1910, № 11, 26 (13) февраля, стр. 11—12. Подпись: Центральный Комитет РСДРП.— *294, 316.*

Письмо к товарищам. [Листовка]. Paris, imp. Gnatovsky, [1911]. 2 стр. (РСДРП). Подпись: Редакция «Голоса Социал-Демократа».— *197, 198.*

[*Письмо Русского бюро ЦК к Заграничному бюро ЦК*].— «Социал-Демократ», [Париж], 1910, № 12, 23 марта (5 апреля), стр. 6, в ст.: Ленин, В. И. ««Голос» ликвидаторов против партии. (Ответ «Голосу Социал-Демократа»)». На газ. дата: 23/5 апреля.— *194, 195—196, 311.*

[*Письмо Русского бюро ЦК к Заграничному бюро ЦК*].—«Социал-Демократ», [Париж], 1911, № 21—22, 19 марта (1 апреля), стр. 11, в ст.: Ленин, В. И. «Разрушители партии в роли «разрушителей легенд»».—*311.*

Платформа 104-х в I Государственной думе — қараңыз: Проект основных положений земельного закона, внесенный 104 членами Государственной думы.

Платформа 104-х во II Государственной думе — қараңыз: Проект основных положений земельной реформы, внесенный во II Государственную думу от имени Трудовой группы и Крестьянского союза.

Плеханов, Г. В. Вниманию Центрального Комитета.— «Дневник Социал-Демократа», [Женева], 1910, № 12, июнь, стр. 30—32.— *196—310.*

— *Запутанное объяснение.* (К истории нашего ликвидаторства).— «Дневник Социал-Демократа», [Женева], 1911, № 11, март, стр. 22—24.— *196, 310.*

— *К вопросу о развитии монистического взгляда на историю.* Ответ гг. Михайловскому, Карееву и комп. Спб., 1895. 287 стр. Перед загл. авт.: Н. Бельтов.— *135.*

— *Легальные рабочие организации и Российская социал-демократическая рабочая партия.*—«Дневник Социал-Демократа», [Женева], 1910, № 12, июль, стр. 1—26.— *314.*

— *Последнее пленарное собрание нашего Центрального Комитета.* — «Дневник Социал-Демократа», [Женева], 1910, № 11, март, стр. 1—20.— *330, 375, 382.*

Покушение на П. А. Столыпина.— «Дело Жизни», Спб., 1911, № 8, 3 сентября, стлб. 1—4. Подпись: Пс.— *352.*

Положение дел в партии. [Резолюция, принятая на пленуме ЦК РСДРП в январе 1910 г.].— «Социал-Демократ», [Париж], 1910, № 11, 26 (13) февраля, стр. 10, в отд.: Из партии.— *26, 27—28, 54, 64, 65, 169, 172, 281, 286, 309, 329—330, 348, 366—367, 370, 373, 381.*

Положение о выборах в Государственную думу. 6 (19) августа 1905 г.— «Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 169, 6 (19) августа, стр. 2—4.— *299.*

Положения о крестьянах, вышедших из крепостной зависимости. 19 февраля 1861 г. Спб., 1861. 362 стр.— *173.*

Потресов, А. Н. Критические наброски. О том, почему пустяки одолели.— «Наша Заря», Спб., 1910, № 2, стр. 50—62.— *116—118, 121, 122--139, 366—367.*

— *Критические наброски.* По поводу одного выступления одного юркого человека.—«Наша Заря», Спб., 1910, № 8—9, стр. 66—78.— *100—101, 102.*

— *Эволюция общественно-политической мысли в предреволюционную эпоху.*— В кн.: Общественное движение в России в начале XX-го века. Под ред. Л. Мартова, П. Маслова и А. Потресова. Т. I. Предвестники и основные причины движения. Спб., тип. «Общественная Польза», 1909, стр. 538—640.— *221, 305.*

«Правда», [Вена].— *48, 58, 61—62, 104, 312.*

— 1910, № 12, 3 (16) апреля, стр. 2—3.— *366, 367, 371.*

— 1910, № 13, 15 (28) мая, стр. 2—3.— *347, 378.*

— 1910, № 17, 20 ноября (3 декабря), стр. 2—3.— *48.*

— 1911, № 20, 16 (29) апреля, стр. 1, 5—6.— *375—376, 381.*

— 1911, № 21, 25 июня (8 июля), стр. 6.— *378, 379.*

Председательский кризис.— «Звезда», Спб., 1911, № 15, 25 марта, стр. 3. Под общ. загл.: Государственная дума.— *228.*

[*Примечание к статье «От редакции»*].— «Информационный Бюллетень», [Париж], 1911, № 1, 11 августа, стр. 1.— *369.*

Примечание от редакции [*к статье В. Базарова «Толстой и русская интеллигенция»*].—«Наша Заря», Спб., 1910, № 10, стр. 43.—*97, 100, 101.*

Программа Российской социал-демократической рабочей партии.— В кн.: Лондонский съезд Российской соц.-демокр. раб. партии (состоявшийся в 1907 г.). Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Paris, 1909, стр. 12—16. (РСДРП).— *256—257, 314, 394—395.*

Программа Российской соц.-дем. рабочей партии, принятая на Втором съезде партии.— В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, [1904], стр. 1—6. (РСДРП).— *256—257.*

Проект основных положений [*земельного закона, внесенный 104 членами Государственной думы*].— В кн.: Стенографические отчеты [Государственной думы]. 1906 год. Сессия первая. Т. I. Заседания 1—18 (с 27 апреля по 30 мая). Спб., гос. тип., 1906, стр. 560—562. (Государственная дума).— *127.*

Проект основных положений [*земельной реформы, внесенный во II Государственную думу от имени Трудовой группы и Крестьянского союза*].— В кн.: [Материалы, поступившие в общее собрание Государственной думы 2-го созыва]. Б. м., [1907], л. 17—19, 37.— *128.*

«Пролетарий», [Выборг—Женева—Париж].— *320.*

Противоречие.— «Звезда», Спб., 1911, № 4, 6 января, стр. 3.— *116, 117.*

«Рабочая Газета», Париж.— *26, 35, 39, 46—47, 57—58, 310, 375, 377, 383.*

«Рабочая Жизнь», [Париж].— *378.*

«Рабочая Мысль», [Спб.— Берлин—Варшава—Женева].— *348.*

«Рабочее Дело», Женева.— *348.*

— 1901, № 10, стр. 1—36, 37—64.— *220.*

Разрушенная легенда. («Дело» тт. М., Ю. и Р.).—«Голос Социал-Демократа», [Париж], 1911, № 24, февраль. Приложение

[*Шкловский, И. В.*] *Записки Хайндмана.*—«Русские Ведомости», М., 1911, № 236, 14 октября, стр. 2.— *424, 428.*

Эльф. Борьба с голодом. Из Чистопольского уезда, Казанской губ.— «Речь», Спб., 1911, № 291 (1885), 23 октября (5 ноября), стр. 6.— *412—413.*

Энгельс, Ф. Анти-Дюринг. Переворот в науке, произведенный господином Евгением Дюрингом. 1876—1878 гг.— *134—135.*

— *Введение к работе К. Маркса «Классовая борьба во Франции с 1848 г. по 1850 г.».* 6 марта 1895 г.— *17.*

— *Письмо Ф. А. Зорге.* 29 ноября 1886 г.— *91.*

— *Письмо Ф. А. Зорге.* 7 декабря 1889 г.— *91.*

— *Письмо Ф. А. Зорге.* 10 июня 1891 г.— *91, 248.*

— *Письмо Ф. А. Зорге.* 18 марта 1893 г.— *248.*

— *Письмо Ф. А. Зорге.* 12 мая 1894 г.— *248.*

— *Письмо Ф. А. Зорге.* 10 ноября 1894 г.— *248.*

— *Письмо Ф. Келли-Вишневецкой.* 28 декабря 1887 г.— *91.*

— *Социализм в Германии.* Около 24 октября и конец декабря 1891 г.— *17.*

«L'Avenir» («Будущее»), Paris, 1911, N 1, 22 octobre, p. 2.— *417.*

— 1911, N 5, 19 novembre, p. 3. — *421.*

Bebel, A. Aus meinem Leben. 1. T. Stuttgart, Dietz, 1910. VIII, 221 S. — *340—342.*

Bernstein, E. Die Voraussetzungen des Sozialismus und die Aufgaben der Sozialdemokratie. Stuttgart, Dietz, 1899. X, 188 S.— *119, 122, 336.*

The Birmingham conference. Annual gathering of the Independent Labour Party.—«The Labour Leader», London, 1911, N 16, April 21, p. 244—247, 252.—*248—251.*

«Daily Mail», London, 1911, April. — *248—251.*

Dumas, Ch. Préface à la Revision.—«L'Avenir» («Будущее»), Paris, 1911, N 5, 19 novembre, p. 3. — *421.*

«L'Humanité», Paris, 1911, N 2459, 10 janvier, p. 2. — *105, 106.*

Hyndman, H. M. England for all. Dedicated to the democratic and working men's clubs of Great Britain and Ireland. London, Gilbert et Rivington, 1881. VI, 194 p. — *429, 430.*

— *The Record of an Adventurous Life.* London, Macmillan, 1911. X, 460 p. — *424—431.*

«Justice», London, 1911, N 1, 423, April 22, p. 5—6. — *246—247.*

«Der Kampf», [Wien], 1909, Jg. 2, 10. Hft., 1. Juli, S. 452. —*135—136, 138.*

Karski, J. Ein Mißverständnis. —«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1910—1911, 29. Jg., Bd. 1, N 4, 28. Oktober, S. 100—107. — *19.*

Kautsky, K. Ein Brief über Marx und Mach. Berlin— Friedenau, den 26. März 1909.—«Der Kampf», [Wien], 1909, Jg. 2, 10. Hft., 1. Juli, S. 452. — *135—136, 138.*

«The Labour Leader», London, 1911, N 16, April 21, p. 243, 244—247, 252. — *248—249.*

[*Luxemburg, R. u. andere. Der Resolutionsentwurf zur Wahlrechtsfrage, eingebracht auf dem Parteitag der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands in Magdeburg*].— In: Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten in Magdeburg vom 18. bis 24. September 1910. Berlin, Buchh. «Vorwärts», 1910, S. 181—182. — *18—19.*

Man, H., de u. Brouckère, L., de. Die Arbeiterbewegung in Belgien. Stuttgart, Singer, [1911]. 72 S. (Ergänzungshefte zur «Neuen Zeit», N 9, 1910/1911. Ausgegeben am 10. März 1911). — *222.*

Martoff, L. Die preußische Diskussion und die russische Erfahrung. —«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1910, 28. Jg., Bd. 2, N 51, 16. September, S. 907—919. — *19.*

Marx, K. Le capital. Trad. de M. J. Roy, entièrement revisée par l'auteur. Paris, Lachatre, [1872—1875]. 352 p. — *425, 429.*

[*Marx, K. The letter at Hyndman.* December 8, 1880].—In: Hyndman, H. M. The Record of an Adventurous Life. London, Macmillan, 1911, p. 284—285. — *429.*

Mills, J. F. The case against.—«The Labour Leader», London, 1911, N 16, April 21, p. 243. Под общ. загл.: Arms and the worker. — *248.*

«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1910, 28. Jg., Bd. 2, N 51, 16. September, S. 907—919. — *19.*

— 1910—1911, 29. Jg., Bd. 1, N 4, 28. Oktober, S. 100—107. —*19.*

Panneckoek, A. Die taktischen Differenzen in der Arbeiterbewegung. Hamburg, Dubber, 1909. 132 S. — *67—68, 74.*

Programm der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands, beschlossen auf dem Parteitag zu Erfurt 1891.—In: Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Erfurt vom 14. bis 20. Oktober 1891. Berlin, «Vorwärts», 1891, S. 3—6. — *220, 258.*

Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Hannover vom 9. bis 14. Oktober 1899. Berlin, «Vorwärts», 1899. 304 S. —*220.*

Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten in Magdeburg vom 18. bis 24. September 1910. Berlin, Buchh. «Vorwärts», 1910. 507 S. — *10—15, 17, 18—19.*

Roubanovitch, E. Mort du député Vassili Karaouloff. La carrière d'un terroriste russe.—«L'Humanité», Paris, 1911, N 2459, 10 janvier, p. 2. — *105, 106.*

Die S. D. P. und Kriegsrüstungen.—«Vorwärts», Berlin, 1911, N 94, 22. April, S. 1. — *248.*

«Sozialistische Monatshefte», Berlin. — *13—14, 18—19.*

The Thirty-first annual conference.—«Justice», London, 1911, N 1, 423, April 22, p. 5—6. — *246—247.*

«Vorwärts», Berlin. — *104.*

— 1911, N 94, 22. April, S. 1. — *248.*

Wake, E. P. The case for.—«The Labour Leader», London, 1911, N 16, April 21, p. 243. Под общ. загл.: Arms and the worker.— *248.*

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

А

Адрианов — жойымпаз-меньшевик, 1910—1911 жылдары шетелде болды.—*290.*

Айзенштадт, И. Л. (Юдин) (1867—1937) — Бунд лидерлерінің бірі. 1902 жылдан —Бунд Орталық Комитетінің мүшесі, Минскіде, Одессада жұмыс істеді. РСДРП II съезінен кейін — белсенді меньшевик. Октябрь социалистік революциясына дұшпандықпен қарады. 1922 жылы Германияға эмиграцияға кетті, онда СССР-ге қарсы жалақорлық науқан жүргізген Бунд тобын басқарды. — *273—274, 283, 284.*

Аксельрод, П. Б. (1850—1928) — меньшевизм лидерлерінің бірі; 1883 жылы «Еңбекті азат ету» тобын құруға қатысты. 1900 жылдан—«Искра» және «Заря» редакциясының мүшесі. РСДРП II съзінен кейін — белсенді меньшевик. 1905 жылы «жұмысшы съезін» шақыру жөнінде оппортунистік идеяны ұсынды, бұл съезді ол пролетариат партиясына қарсы қойды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында—жойымпаздар басшыларының бірі, жойымпаз-меньшевиктердің «Голос Социал-демократа» газетінің редакциясына кірді; 1912 жылы антипартиялық Август блогына қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — центрист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Петроград Советі Атқару комитетінің мүшесі, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Октябрь социалистік революциясын дұшпандықпен қарсы алды; эмиграцияда жүріп, Советтік Россияға қарсы қарулы интервенция жасауды уағыздады. — *51, 128, 203, 321—322.*

II Александр (Романов) (1818—1881) — орыс императоры (1855—1881). — *186.*

III Александр (Романов) (1845—1894) — орыс императоры (1881—1894).—*357—358.*

* Жақша ішінде курсивпен шын фамилиясы көрсетілген.

рі; Октябрь социалистік революциясына қарсы шықты. 1921 жылдан бастап Базаров СССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясында істеді. 1931 жылы ол контрреволюциялық меньшевиктік ұйымның ісі бойынша сотталды, 1932 жылы босатылды. — *97, 98, 99, 101, 102, 118—119, 122, 130, 139—140, 141—142, 143.*

Бебель (Bebel), *Август* (1840—1913) — герман социал-демократиясы мен халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткерлерінің бірі. Саяси қызметін 60-жылдардың алғашқы жартысында бастады; I Интернационалдың мүшесі болды. 1869 жылы В. Либкнехтпен бірге неміс Социал-демократиялық жұмысшы партиясының («эйзенахшылдар») негізін салды; бірнеше рет рейхстагқа депутат болып сайланды. 90-жылдарда және 900-жылдардың басында герман социал-демократиясы қатарындағы реформизм мен ревизионизмге қарсы шықты. В. И. Ленин оның бернштейншілдерге қарсы сөйлеген сөздерін «маркстік көзқарастарды қорғаудың және жұмысшы партиясының шын социалистік сипаты жолындағы күрестің үлгісі» (Шығармалар, 19-том, 294-бет) деп сапады. Қызметінің соңғы кезеңінде Бебель центристік сипатта бірқатар қателіктер жіберді. — *11, 12, 13, 14—16, 18, 156, 340—342.*

Белоусов, Т. О. (1875 ж. туған) — жойымпаз-меньшевик, Иркутск губерниясынан III Мемлекеттік думаға депутат. 1912 жылы февральда Думадағы социал-демократиялық фракцияның құрамынан шықты, бірақ депутаттық уәкілеттігінен бас тартқан жоқ. В. И. Ленин «Депутат Т. О. Белоусовтың Думадағы социал-демократиялық фракциядан кетуі туралы» деген мақаласында (Шығармалар, 17-том, 511—516-беттер) Белоусовтың қылығын қатты айыптады. — *138.*

Бельтов — қараңыз: Плеханов, Г. В.

Бер — қараңыз: Либер, М. И.

Бердяев, Н. А. (1874—1948) — реакцияшыл идеалист-философ және мистик. Алғашқы әдеби еңбектерінде «жария марксизм» позициясында болды, одан соң марксизмнің ашық жауына айналды. 1905 жылы кадеттер партиясына кірді; реакция жылдарында діни-философиялық құдай іздемпаздық ағымы өкілдерінің бірі болды, контрреволюциялық «Вехи» жинағына қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін феодализм мен орта ғасырлық схоластиканың апологеті ретінде әрекет жасады, бұларды дамып келе жатқан коммунизмнен құтылудың бірден-бір жолы деп білді. Контрреволюциялық қызметі үшін 1922 жылы шетелге қуылды, онда ақ эмиграция идеологтарының бірі болды. — *268.*

Березовский, А. Е. (Березовский 1-ші) (1868 ж. туған) — помещик, кадет, земство қайраткері, кәсібі жөнінен агроном. Сим-

бирск губерниясынан III Мемлекеттік думаға депутат, Думада азық-түлік жөніндегі, жер жөніндегі және басқа комиссиялардың құрамына кірді. 1918 жылдан бастап мамандығы бойынша жұмыс істеді. — *166—168, 407.*

Бёрнс (Burns), *Джон Эллиот* (1858—1943) — ағылшынның саяси қайраткері. 80-жылдары — тред-юниондар басшыларының бірі. Ағылшын Социал-демократиялық федерациясының мүшесі болды, алайда көп ұзамай одан шықты. 1892 жылы парламентке сайланды, онда капиталистермен ынтымақтасуды жақтап, жұмысшы табының мүдделеріне қарсы шықты. 1905—1914 жылдары—жергілікті өзін өзі басқару министрі, сонан соң — сауда министрі (1914). В. И. Ленин Бёрнсті «министрлік орынға бола буржуазияға сатылып, жұмысшы табына тікелей опасыздық етушілердің (Шығармалар толық жинағы, 17-том, 362-бет) бірі деп сипаттады. 1914 жылы отставкаға кетті.—*303.*

Бернштейн (Bernstein), *Эдуард* (1850—1932)—герман социал-демократиясының және II Интернационалдың барып тұрған оппортунистік қанатының лидері, ревизионизмнің және реформизмнің теоретигі. Социал-демократиялық қозғалысқа 70-жылдардың орта кезінен бастап араласты. 1881 жылдан 1889 жылға дейін — Германия социал-демократиялық партиясының орталық органы «Der Sozialdemokrat»-тың («Социал-Демократ») редакторы. 1896—1898 жылдарда «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында «Социализм проблемалары» деген тақырыппен сериялы мақалалары жариялапды, кейін бұл мақалалары «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» деген кітап болып басылып шықты, бұл кітабында ол революциялық марксизмнің философиялық, экономикалық және саяси негіздеріне ашықтан-ашық ревизия жасады. «Пролетариат революциясы туралы оппортунист ойлауды да ұмытып қалған»,— деп жазды В. И. Ленин Бернштейн жайында (Шығармалар, 25-том, 445-бет). Бернштейн жұмысшы қозғалысының бірден-бір міндеті капитализм тұсында жұмысшылардың экономикалық жағдайын «жақсартуға» бағытталған реформалар үшін күрес жүргізу деп жариялады, «ең бастысы — қозғалыс, түпкі мақсат — түк те емес» деген оппортунистік формуланы ұсынды. Бірінші дүние жүзілік соғыс дәуірінде социал-шовинистік позицияда болды. Кейінгі жылдарда Бернштейн марксизмге қарсы күресін одан әрі жүргізе берді, империалистік буржуазияның саясатын қолдады, Октябрь социалистік революциясына және Совет мемлекетіне қарсы күресті.— *122, 214, 220, 322, 336.*

Бисмарк (Bismarck), *Отто Эдуард Леопольд* (1815—1898) — Пруссия мен Германияның мемлекет қайраткері әрі дипломаты. Бисмарктің негізгі мақсаты бытыраңқы ұсақ неміс мемлекеттерін «найзаның ұшымен, білектің күшімен» біріктіріп, юнкерлік Пруссия гегемон болатын біртұтас Герман империясын құру болды. 1871 жылы январьда Бисмарк Герман империясының

рейхсканцлері қызметіне кірісті, сөйтіп 20 жыл бойы Германияның бүкіл сыртқы және ішкі саясатына басшылық етіп, оны юнкер-помещиктердің мүддесіне сай бағыттап отырды, сонымен бірге юнкерлердің ірі буржуазиямен одақтасуын қамтамасыз етуге тырысты. 1878 жылы социалистерге қарсы оның өзі енгізген ерекше заңның көмегімен жұмысшы қозғалысын тұншықтыра алмаған Бисмарк әлеуметтік заң шығару жөнінде демагогтік программа ұсынып, жұмысшылардың кейбір категорияларын міндетті түрде қауіпсіздендіру жөнінде заңдар шығарды. Алайда жұмысшы қозғалысына болмашы қайыр-садақа беру арқылы іріткі салу әрекеті нәтиже берген жоқ. 1890 жылы орнынан түсті.— *155, 235, 340.*

Блох (Bloch), *Иосиф* (1871—1936) — неміс социал-демократы, ревизионист, әдебиетші. 1897—1933 жылдары неміс оппортунистерінің басты органы «Sozialistische Monatshefte» («Социалистік Әрайлық») журналының редакторы және бастырып-шығарушысы болды. 1933 жылы, өкіметті фашистер басып алғаннан кейін, Чехословакияға эмиграцияға кетті.— *14.*

Бобрищев-Пушкин, А. В. (Громобой) (1875 ж. туған)—адвокат, бастапқыда праволық тәртіп партиясына кірді, одан соң «17 октябрь одағына» кіріп, онда Орталық комитеттің мүшесі болды. Октябристік органдарға — «Голос Москвы» және «Голос Правды» газеттеріне жазып тұрды. Октябрь социалистік революциясынан кейін генерал Деникиннің контрреволюциялық жорығына қатысты, одан соң шетелге эмиграцияға кетті. Эмиграцияда жүріп «Смена Вех» журналына жазып тұрды, осы атпен аталатын жинаққа қатысты. 1923 жылы, Совет үкіметі Бобрищев-Пушкиннің амнистия жөніндегі тілегін қанағаттандырғаннан кейін, ол Совет Одағына қайтып келіп, адвокаттық қызметпен шұғылданды.— *158, 160—161, 164, 168, 239—240, 242—243.*

Богданов, А. (Малиновский, А. А., Максимов, Н.) (1873—1928) — социал-демократ, философ, социолог, экономист, білімі жөнінен дәрігер. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында шақырымпаздарды басқарды, антипартиялық «Вперед» тобының лидері болды. Философия мәселелерінде «эмпириомонизм» (субъективтік-идеалистік махистік философияның бір түрі) деп аталған өз системасын жасауға тырысты, бұл системаны Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» деген еңбегінде қатты сынға алды. «Пролетарий» газетінің кеңейтілген редакциясының кеңесінде 1909 жылы июньде Богданов большевиктер қатарынан шығарылды. Октябрь социалистік революциясынан кейін «Пролеткультті» ұйымдастырушылардың және оның басшыларының бірі болды. 1926 жылдан — өзі негізін қалаған Қан құю институтының директоры.—*48—49, 293.*

Богданов, Б. О. (1884 ж. туған) — жойымпаз-меньшевик, 1910 жылдың аяғында жойымпаздар Петербургте құрған «инициативалы» топтың мүшесі. Жойымпаздық «Новое Печатное Дело», «Наша Заря», «Дело Жизни» журналдарына жазып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — қорғампаз, Әскери-өнеркәсіп комитеттерін ұйымдастырушылардың бірі.— *224—227.*

Бодман (Bodman), *Иоганн Генрих* (1851—1929) — немістің буржуазияшыл мемлекет қайраткері, барон. 1907—1917 жылдары Баден ұлы герцогтігінде — ішкі істер министрі, ал 1917 жылғы декабрьден — үкімет басшысы, национал-либералдық топтарға сүйенді. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясынан кейін отставкаға шықты.— *11, 12.*

Брентано (Brentano), *Луйо* (1844—1931) — немістің буржуазияшыл экономисі, 1896 жылдан Мюнхен университетінде саяси экономия профессоры; тап күресінен бас тартуды, реформистік кәсіподақтар ұйымдастыру және фабрикалық заң шығару жолымен капиталистік қоғамдағы әлеуметтік қайшылықтарды шешу, жұмысшылар мен капиталистердің мүдделерін бітістіру мүмкіндігін уағыздаған «катедер-социализмді» жақтады. Аграрлық мәселеде егіншіліктегі ұсақ шаруашылықтың тұрақтылығы жөніндегі реакциялық «теорияны» және жалған ғылыми буржуазиялық «топырақ құнарлылығының кеми беру заңын» жақтады. Капиталистік монополиялардың мүдделерін қорғады.— *119.*

Бриан (Briand), *Аристид* (1862—1932) — француздың мемлекет қайраткері және дипломаты. Біраз уақыт социалистердің сол қанатына қосылды. 1902 жылы парламентке өтіп алып, жұмысшы табына ашық дұшпан реакцияшыл буржуазияшыл саясатшы болды. Социалистік партиядан шығарылған соң, ол «тәуелсіз социалистер» тобына қосылды; бұл топ 1911 жылы «республикалық социалистік партия» деп аталды. 1909 жылы Бриан «үш ренегат кабинетінің» (Бриан—Мильеран—Вивиани) премьері болды. 1913, 1915—1917, 1921—1922 жылдары — премьер-министр; 1924 жылы Ұлттар лигасында Францияның өкілі болды. 1925 жылы СССР-ге қарсы бағытталған Локарно келісімдерін жасауға қатысты. 1926—1931 жылдарда француз сыртқы саясатына басшылық етті.— *303.*

Бродский, Б. Б. (1889 ж. туған) — РСДРП мүшесі болды, 1904 жылдан бастап Варшава, одан соң Петербург охранка бөлімінің құпия қызметкері болып істеді.— *416, 417—418, 420.*

Бронштейн, П. А. (Юрий, Чацкий, Ю.) (1881 ж. туған) — социал-демократ, меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз; жойымпаздық «Дело Жизни» журналының редакторы болды, «Невский Голос», «Луч» газеттеріне, жойымпаз-меньшевиктердің басқа да органдарына жа-

зып тұрды. В. И. Ленин Бронштейнді «ашық ренегат» деп атады. 1917 жылы — Петроградта меньшевиктер басшыларының бірі, меньшевиктердің орталық органы — «Рабочая Газетаның» редакциясына кірді. Октябрь социалистік революциясынан кейін елдің оңтүстігінде контрреволюциялық жұмыс жүргізді, кейіннен шетелге эмиграцияға кетті.— *30, 32, 44, 51, 57, 194, 195—196, 197, 276, 279, 283, 285, 293, 311, 327, 350, 375, 382, 397, 398, 401.*

Брукер (Brouckére), *Луи, де* (1870 ж. туған) —Бельгия жұмысшы партиясы лидерлерінің және теоретиктерінің бірі; бірінші дүние жүзілік соғысқа дейін партияның сол қанатын басқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — барып тұрған социал-шовинист. Соғыс аяқталғаннан кейін — партияның Бас советінің бюро мүшесі, II Интернационал Атқару комитетінің мүшесі. Кейінірек үкіметке енді, сенатор, Ұлттар лигасында Бельгияның өкілі болды. 1919 жылдан — Брюссель университетінің профессоры, 1926 жылдан — Бельгия Академиясының мүшесі. Совет мемлекеті мен большевиктер партиясына қарсы шықты.— *222.*

Булат (Булота), А. А. (1872—1941) —Литва қоғам қайраткері, Сувалки губерниясынан II және III Мемлекеттік думаларға депутат. Думаларда трудовиктердің фракциясына кірді; III Мемлекеттік думада осы фракцияның лидері болды. 1912—1915 жылдары — Вильнюсте адвокат, 1915 жылдан 1917 жылға дейін Америка Құрама Штаттарында болды. Петроградқа қайтып келгеннен кейін жұмысшы және солдат депутаттары Советінің келісімпаз Орталық Атқару Комитетіне эсерлер партиясынан кооптацияланды.

1940 жылы, Литвада фашистік режим құлатылғаннан кейін, Халықтық сейм сайлауы жөніндегі республикалық сайлау комиссиясының мүшесі болды. 1940—1941 жылдары—Литва ССР Жоғарғы Советі Президиумының заң бөлімінің меңгерушісі. 1941 жылы неміс оккупанттары атып өлтірді.— *231.*

Булыгин, А. Г. (1851—1919) — патшалық Россияның мемлекет қайраткері, ірі помещик. 1900—1904 жылдары — Москва генерал-губернаторының жәрдемшісі; Зубатов охранкасының қызметіне белсене жәрдемдесіп отырды. 1905 жылы — ішкі істер министрі, ел ішінде өрістей бастаған революциялық өрлеуді әлсірету мақсатымен кеңесші Мемлекеттік думаны шақыру туралы заң жобасын әзірлеуге басшылық етті. Алайда бұл Дума шақырылмай қалды, өйткені революция оны жайпап өтті. 1905 жылғы 17 октябрьдегі патша манифесінен кейін Булыгин отставкаға шықты, бірақ Мемлекеттік советтің мүшесі болып қала берді, сөйтіп іс жүзінде саяси сахнадан кетті.— *299.*

Буренин, В. П. (1841—1926) — реакцияшыл публицист әрі әдебиетші. 1876 жылдан бастап «Новое Время» газетінің редак-

Г

циалистік бюроның мүшесі. Империалистік соғысты жақтаған насихаты үшін 1916 жылы Британ социалистік партиясынан шығарылды. Октябрь социалистік революциясына дұшпандықпен қарады, Советтік Россияға қарсы интервенцияны жақтады. — *246—247, 248, 424—431.*

Гайндман (Hyndman), *Розалинда Каролина* (1923 ж. қайтыс болған) — ағылшын социалисі Г. М. Гайндманның әйелі. «The last years of H. M. Hyndman» («Г. М. Гайндман өмірінің соңғы жылдары») деген кітаптың авторы. — *428.*

Гегель (Hegel), *Георг Вильгельм Фридрих* (1770—1831)—неміcтің аса ірі философы — объективтік идеалист, неміс буржуазиясының идеологы. Гегельдің философиясы XVIII ғасырдың аяғы — XIX ғасырдың басындағы неміс идеализмінің шыңы еді. Гегельдің сіңірген тарихи еңбегі диалектиканы терең және жан-жақты талдап жасауы еді, бұл диалектика К. Маркс пен Ф. Энгельстің диалектикалық материализмінің теориялық негіздерінің бірі болды. Алайда Гегель объективтік дүниені, шындықты «абсолюттік рухтың», «абсолюттік идеяның» туындысы деп қарады.

Гегельдің басты шығармалары: «Рух феноменологиясы» (1806), «Логика ғылымы» (1812—1816), «Философиялық ғылымдар энциклопедиясы» (1817), «Право философиясы» (1821). Қайтыс болғаннан кейін жарық көрген еңбектері: «Философия тарихы жөніндегі лекциялар» (1833—1836) және «Эстетика жөніндегі лекциялар, немесе өнер философиясы» (1836—1838).— *137.*

Гегечкори, Е. П. (1879 ж. туған)—меньшевик. Кутаиси губерниясынан III Мемлекеттік думаға депутат, Думадағы социал-демократиялық фракция лидерлерінің бірі. 1917 жылғы ноябрьден — Закавказье контрреволюциялық үкіметінің (Закавказье комиссариатының) председателі, одан соң Грузияның меньшевиктік үкіметінің сыртқы істер министрі және үкімет председателінің орынбасары. 1921 жылы Грузияда Совет өкіметі орнатылғаннан кейін — ақ эмигрант. — *267—268, 411, 442, 445.*

Гейден, П. А. (1840—1907) — граф, ірі помещик, земство қайраткері, октябрист. Либерализмді бүркеніш етіп, буржуазия мен помещиктерді өрлеп келе жатқан революциялық қозғалысқа қарсы күреске біріктіруге тырысты. 1905 жылғы 17 октябрьдегі патша манифесінен кейін ашықтан-ашық контрреволюция лагеріне шықты. I Мемлекеттік думада оңшыл депутаттар тобын басқарды. Дума таратылғаннан кейін конституциялық-монархиялық «бейбіт жаңартушылар» партиясын ұйымдастырушылардың бірі болды. — *361, 404, 406, 407.*

Герасимов, А. В. (1861 ж. туған) — генерал-майор. 1905—1909 жылдары — Петербург охранка бөлімінің бастығы, 1909—1914

Даниельсон, Н. Ф. (Ник.—он, Николай — он) (1844—1918) — экономист-жазушы, 80—90-жылдардағы либерал халықшылдық идеологтарының бірі. К. Маркс «Капиталының» Г. А. Лопатин бастаған орыс тіліндегі тұңғыш аудармасын аяқтады, осыған байланысты К. Маркспен және Ф. Энгельспен хат жазысып тұрды. Алайда Даниельсон марксизмнің мәнін ұқпады, кейіннен оған қарсы шықты. 1893 жылы «Реформадан кейінгі қоғамдық шаруашылығымыздың очерктері» деген кітабын бастырып шығарды, бұл кітап В. П. Воронцовтың еңбектерімен бірге либерал халықшылдықтың теориялық негізі болды. В. И. Ленин өзінің бірқатар еңбектерінде Даниельсонның көзқарастарын қатаң сынға алды. — *173, 174—175.*

Данишевский, К. Х. (Герман) (1884—1941) — 1900 жылдан РСДРП мүшесі, большевик. 1906 жылдың аяқ кезінен бастап Латыш өлкесі социал-демократиясынан РСДРП Орталық Комитетіне кірді, V (Лондон) съезінде РСДРП Орталық Комитетіне сайланды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — РСДРП(б) Москва комитетінің және жұмысшы, солдат депутаттарының Москва Советінің мүшесі. 1917 жылғы майдан — Латыш социал-демократиясының Орталық органы — «Zihņa» («Күрес») газеті және большевиктік «Окопная Правда» газеті редакторларының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Республика Революциялық-әскери советінің және Шығыс майданы Революциялық-әскери советінің мүшесі, Республика Революциялық-әскери трибуналының председателі. Латвияда Совет өкіметі орнағаннан кейін — Латвия Революциялық-әскери советінің председателі. 1921 жылдан РСДРП(б) Орталық Комитеті Сибирь бюросының секретары, одан кейін басшы шаруашылық жұмыста болды.—*382.*

Джордж (George), *Генри* (1839—1897) — Американың ұсақбуржуазияшыл экономисі және публицисі. Джорджға берілген сипаттаманы Маркстің 1881 жылы 20 июньде Зоргеге жазған хатынан, Ф. Энгельстің «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы» деген еңбегінің Америкада басылуына арнап жазған алғы сөзінен қараңыз (К. Маркс пен Ф. Энгельс, Шығармалар, XXVII том, 1935, 137—140-беттер; XVI том, I бөлім, 1937, 286—288-беттер). — *430.*

Дионео — қараңыз: Шкловский, И. В.

Дневницкий, П. Н. (Цедербаум, Ф. О.) (1883 ж. туған)— социал-демократ, меньшевик, публицист. 1909 жылдан бастап шетелде тұрды, партияшыл-меньшевиктерге қосылды, Плехановтың «Дневник Социал-Демократасына» жазып тұрды, большевиктік «Звезда» және «Правда» газеттеріне қатысты.

Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы шықты. — *343.*

Дубровинский, И. Ф. (Иннокентиев, Иннокентий, Инок) (1877—1913) — большевиктер партиясының көрнекті қайраткерлерінің бірі, профессионал революционер. «Москва жұмысшы одағы» басшыларының бірі болды. 1902 жылдан —«Искраның» агенті. РСДРП II съезінен кейін Орталық Комитетке кооптацияланды. 1905 жылы — Москвада қарулы көтерілісті ұйымдастырушылардың және оның басшыларының бірі. РСДРП V (Лондон) съезінде Орталық Комитетке мүше болып сайланды. Шетелде жүргенде «Пролетарий» редакциясында істеді. Реакция жылдарында жойымпаз-меньшевиктер жөнінде ымырашылдық солқылдақтық жасады. Талай рет қудаланды, 1913 жылы Туруханскіде айдауда жүріп қаза тапты. В. И. Ленин Дубровинскийдің ымырашылдық қателерін атап көрсете отырып, сонымен қатар оны жұмысшы табының ісіне қалтқысыз берілген партияның аса ірі ұйымдастырушыларының бірі ретінде жоғары бағалады. — *170, 273, 274, 280, 283, 284, 285, 292, 293, 379.*

Думбадзе, И. А. (1851—1916) — патша армиясының генералы, қаражүздік, Кавказда орыстандыру саясатын жақтаушы. 1906 жылы Ялта қаласының бас басқарушысы болып тағайындалды, Ялтаны өзінің вотчинасына айналдырды, халықты аяусыз қыспаққа түсірді, сот істеріне араласты. 1910 жылы қызметтен алынды, бірақ көп ұзамай Ялтаның қала бастығы болып қайта тағайындалды. — *391—392, 445.*

Дурново, П. Н. (1844—1915) — патшалық Россияның ең реакцияшыл мемлекет қайраткерлерінің бірі. 1884—1893 жылдарда полиция департаментінің директоры болды; 1900—1905 жылдарда — ішкі істер министрінің орынбасары. 1905 жылы октябрьде ішкі істер министрі болып тағайындалып, бірінші орыс революциясын басуға қатал шаралар қолданды, қаражүздік ұйымдарды ойрандар жасауға рухтандырып отырды. 1906 жылдан — Мемлекеттік советтің мүшесі. — *355, 356, 403.*

Дюма (Dumas), *Шарль* (1883 ж. туған) — журналист және публицист, Франция социалистік партиясының мүшесі, парламент депутаты. Француздың және шетелдің бірқатар социалистік баспасөз органдарына жазып тұрды. — *421.*

Дюринг (Dühring), *Евгений* (1833—1921) — неміс философы және экономист, ұсақ буржуазияшыл идеолог. Дюрингтің философиялық көзқарастары позитивизмнің, метафизикалық материализмнің және идеализмнің эклектикалық қойыртпағы болды. Дюрингтің герман социал-демократиясының бір бөлегінен қолдау тапқан көзқарастарын Энгельс «Анти-Дюринг. Евгений Дюринг мырзаның ғылымда жасаған төңкерісі» деген кітабында сынады. Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабында және басқа бірқатар шығармаларында Дюрингтің эклектикалық көзқарастарын талай рет сынға алды.

Жорес (Jaurès), *Жан* (1859—1914) — француз және халықаралық социалистік қозғалыстың көрнекті қайраткері, тарихшы. 1902 жылы Жорес және оның жақтастары француз социалистік партиясын құрды, бұл партия 1905 жылы Франция социалистік партиясына қосылып, Біріккен француз социалистік партиясы деп аталды. 1885—1889, 1893—1898, 1902—1914 жылдары парламент мүшесі; парламенттегі социалистік фракция лидерлерінің бірі. 1904 жылы «L'Humanité» («Адамзат») газетінің негізін қалап, оны өмірінің ақырына дейін редакциялады; бұл газет 1920 жылы Француз коммунистік партиясының орталық органы болды. Россиядағы 1905—1907 жылдардағы революция кезінде орыс халқының күресін құттықтады. Жорес демократияны, халық бостандығын қажырлылықпен қорғап, бейбітшілік үшін, империалистік езгі мен басқыншылық соғыстарға қарсы күресті. Соғыстарды және отарлық езгіні тек социализм ғана біржола жоятынына ол кәміл сенді. Алайда Жорес социализм пролетариаттың буржуазияға қарсы күресі арқылы емес, «демократиялық идеяның гүлденуі» нәтижесінде жеңеді деп есептеді. Ленин Жорестің оны оппортунизм жолына итермелеген реформистік көзқарастарын қатты сынады.

Жорестің бейбітшілік үшін күресі, төніп келе жатқан соғыс қаупіне қарсы күресі империалистік буржуазияның оған деген өшпенділігін тудырды. Бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында Жорестi реакцияның жұмсаған адамы өлтірді. — *214.*

З

Зингер (Singer), *Пауль* (1844—1911) — герман социал-демократиясы көсемдерінің бірі, А. Бебельдің, В. Либкнехттің серігі, II Интернационалдың маркстік қанатының көрнекті қайраткері. 1887 жылдан —Герман социал-демократиялық партиясы басқармасының мүшесі, ал 1890 жылдан — партия басқармасының председателі. 1884 жылдан 1911 жылға дейін — рейхстагтың мүшесі және социал-демократиялық фракцияның председателі. 1900 жылдан Халықаралық социалистік бюроның мүшесі болды. Зингер неміс жұмысшы партиясының қатарындағы оппортунизмге қарсы күресті, өз өмірінің ақырына дейін революциялық социал-демократиялық саясатты дәйекті жүргізуші болып қала берді. Ленин пролетариат ісі жолындағы ымырасыз күрескер ретінде Зингерді жоғары бағалады. — *154—159.*

Зомбарт (Sombart), *Вернер* (1863—1941) — немістің тұрпайы буржуазияшыл экономисі, герман империализмінің көрнекті идеологы. Бреславль, одан соң Берлин университеттерінің профессоры. Өз қызметінің бастапқы кезінде Зомбарт «аздап маркстік түрге боялған социал-либерализмнің» (В. И. Ленин. Шығармалар, 18-том, 57-бет) типтік идеологтарының бірі болды. Кейін ол марксизмнің ашық жауына айналды, капитализмді үйлесімді шаруашылық системасы ретінде бейнеледі. Өмірінің соңғы жылдарында фашизмнің позициясына көшіп,

тінде қатысты. 1912 жылы Британ социалистік партиясы Атқару комитетінің мүшесі болып сайланды, милитаризмге, империалистік агрессия мен капиталистік мемлекеттердің саясатына қарсы белсенді күрес жүргізді.

1925 жылы Совет Одағын ұзақ уақыт аралады. Одан кейінгі жылдарда күйеуімен — Ағылшын-Орыс парламенттік комитетінің секретары — бірге СССР-де бірнеше рет болды. Күйеуі екеуі СССР жөнінде шындық хабар айтқан бірнеше кітап жазды. Ағылшын-совет достығының белсенді жақтаушысы. — *246, 248.*

Калинин, Ф. И. (Аркадий) (1882—1920) — тоқымашы-жұмысшы, 1903 жылдан РСДРП мүшесі. 1905 жылы Владимир губерниясындағы Александров қаласында қарулы көтеріліске басшылық етті, кейіннен РСДРП Москва комитетінде істеді. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында Капри мен Болоньядағы (Италия) фракциялық мектепке қатысты, антипартиялық «Вперед» тобына кірді. 1912 жылдан Парижде тұрды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Россияға қайтып келіп, Петроградтың металлистер кәсіптік одағында істеді. Октябрь социалистік революциясынан кейін— Халық ағарту комиссариатында коллегия мүшесі және «Пролеткульт» басшыларының бірі. — *382.*

Каменев, (Розенфельд), Л. Б. (1883—1936) — 1901 жылдан партия қатарында болды. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды. Реакция жылдарында жойымпаздар, шақырымпаздар және троцкистер жөнінде ымырашылдық позицияда болды. 1915 жылы, қамауға алынған кезінде, патша сотының алдында империалистік соғыста патша үкіметінің жеңіліске ұшырауын жақтаған большевиктік ұраннан бас тартты. 1917 жылғы февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін партияның социалистік революцияға алған бағытына және В. И. Лениннің Апрель тезистеріне қарсы шықты. 1917 жылдың октябрінде Зиновьевпен бірге партияға сатқындық жасап, жартылай меньшевиктік «Новая Жизнь» газетінде қарулы көтеріліс туралы Орталық Комитеттің шешімімен өздерінің келіспейтіні жөнінде мәлімдеме жариялады, сөйтіп партияның жоспарын Уақытша үкіметке білдіріп қойды.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің председателі, Москва Советінің председателі, Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасары; Орталық Комитет Саяси бюросының мүшесі болды. Талай рет партияның лениндік саясатына қарсы шықты: 1917 жылдың ноябрінде меньшевиктер мен эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құруды жақтады, 1925 жылы—«жаңа оппозицияны» ұйымдастырушылардың бірі, 1926 жылы — антипартиялық троцкистік-зиновьевшілдік блок лидерлерінің бірі. 1927 жылы ВКП(б) XV съезі оны троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері ретінде партиядан шығарды. 1928 жылы өзінің қателерін мойындайтыны туралы мәлімдеме жасады, сөй-

тіп партияға қайтадан алынды, алайда антипартиялық қызметін тоқтатпады, сондықтан 1932 жылы ВКП(б)-дан тағы да шығарылды. 1933 жылы партияға қайтадан алынды. 1934 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан үшінші рет шығарылды. — *320, 321.*

Кант (Kant), *Иммануил* (1724—1804)—неміс философы, классикалық неміс идеализмінің негізін салушы, 1770 жылдан Кёнигсберг университетінің профессоры. Канттың философиясы субъективтік идеализм мен агностицизмнің бір түрі, бірақ сонымен бірге онда «өзіндік зат» туралы ілімнен және біздің білімдеріміздің тәжірибелік сипатын мойындаудан көрінетін белгілі бір материалистік тенденция да бар. Философия тарихында кантшылдық зор роль атқарды, оның ықпалымен классикалық неміс идеализмінің кейінректегі өкілдері (Фихте. Шеллинг, Гегель) қалыптасты, буржуазиялық философиялық ойдың неокантшылдық, позитивизм және басқалар сияқты бағыттары пайда болды. Кантқа қайтып оралуға немесе марксизмді кантшылдықпен ымыраластыруға тырысу ревизионистерге әрқашан да тән болды.

Кант философиясының қайшылығы мен дәйексіздік сипаты «оңнан» да (неғұрлым дәйекті субъективтік идеалистер), «солдан» да (Фейербах, Чернышевский, диалектикалық материалистер) сынға алынды (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 18-том, 216—228, 410—413-беттер).

Канттың негізгі шығармалары: «Жалпы табиғи тарих және аспан теориясы» (1755), «Таза парасат сыны» (1781), «Практикалық парасат сыны» (1788), «Пікір қабілетінің сыны» (1790) және басқалар.—*137.*

Караулов, В. А. (1854—1910)— кадет, дворян, кәсібі жөнінен юрист, Енисей губерниясынан III Мемлекеттік думаға депутат; Думада, Лениннің жазғанындай, «аузынан екіжүзділік бос сөз түспейтін нағыз пасық, контрреволюцияшыл кадеттердің арасынан... алдыңғы орындардың бірін» алды (осы том, 106-бет). — *105—107, 164, 299, 334, 407.*

Карский — қараңыз: Мархлевский, Ю. Ю.

Каутский (Kautsky), *Карл* (1854—1938) — герман социал-демократиясы мен II Интернационал лидерлерінің бірі, әуелі марксист, кейін марксизмнің ренегаты, оппортунизмнің неғұрлым қауіпті және зиянды түрі — центризмнің (каутскийшілдіктің) идеологы. Герман социал-демократиясының теориялық журналы «Die Neue Zeit»-тің («Жаңа Заман») редакторы.

Социалистік қозғалысқа 1874 жылдан қатыса бастады. Ол кезде оның көзқарастары лассальшылдықтың, неомальтусшілдіктің және анархизмнің қойыртпағы болды. 1881 жылы К. Маркспен және Ф. Энгельспен танысты да, олардың ықпалымен марксизмге көшті, алайда сол кездің өзінде-ақ оппорту-

ол «Вперед!» журналын (Цюрих—Лондон, 1873—1876) шығарып тұрды, «Вестник Народной Волидің» (1883—1886) редакторы болды, халық ерікшілерінің «Орыстың әлеуметтік-революциялық қозғалысының тарихына арналған материалдар» (1893—1896) деген жинақтарын редакциялауға қатысты; I Интернационалдың мүшесі болды, К. Маркспен және Ф. Энгельспен таныс болып, олармен хат жазысып тұрды.— *135.*

Ларин, Ю. (Лурье, М. А.) (1882—1932) — социал-демократ, меньшевик. 1905—1907 жылдардағы революция жеңіліске ұшырағаннан кейін — жойымпаздықты белсене уағыздаушылардың бірі. 1912 жылы Троцкий құрған антипартиялық Август блогына белсене қатысты. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін интернационалист-меньшевиктер тобын басқарды, бұл топ «Интернационал» журналын шығарып тұрды. 1917 жылы августа большевиктік партияға алынды. Октябрь социалистік революциясынан кейін совет және шаруашылық ұйымдарында істеді.—*206—215, 219, 220, 221, 320, 337, 338—339, 341, 342—343, 344—345, 348—349, 367, 382, 385, 392, 399, 444, 445.*

Лассаль (Lassalle), *Фердинанд* (1825—1864) — немістің ұсақ буржуазияшыл социалисі, неміс жұмысшы қозғалысындағы оппортунизмнің бір түрі — лассальшылдықтың негізін қалаушы. Лассаль Жалпы герман жұмысшы одағының (1863) негізін салушылардың бірі болды. Одақтың құрылуының жұмысшы қозғалысы үшін игі маңызы болды, бірақ Одақтың президенті болып сайланған Лассаль оны оппортунистік жолға түсірді. Лассальшылдар жалпыға бірдей сайлау правосы үшін жария үгіт жүргізу жолымен, юнкерлік мемлекеттің қаржысына өндірістік ассоциациялар құру жолымен «еркін халықтық мемлекет» құруға жетуді көздеді. Лассаль реакциялық Пруссияның гегемондығымен Германияны «жоғарыдан» біріктіру саясатын қолдады. Лассальшылдардың оппортунистік саясаты I Интернационалдың жұмысына және Германияда шын мәніндегі жұмысшы партиясын құруға кедергі болды, жұмысшыларда таптық сананы қалыптастыруға бөгет жасады.

Лассальшылдардың теориялық және саяси көзқарастары марксизм-ленинизм классиктері тарапынан қатаң сынға алынды (қараңыз: К. Маркс. «Гота программасына сын»; В. И. Ленин. «Мемлекет және революция» және басқа шығармалар).—*428.*

Лафарг (Lafargue), *Лаура* (1845—1911) — Франция жұмысшы қозғалысының қайраткері, К. Маркстің қызы, Поль Лафаргтің әйелі. Марксизмді Францияда таратуға үлкен еңбек сіңірді; күйеуі екеуі «Коммунистік партияның манифесін» француз тіліне аударды, К. Маркстің «Саяси экономия сыны жөнінде», Ф. Энгельстің «Людвиг Фейербах және немістің классикалық философиясының ақыры» және ғылыми коммунизмнің негізін

М

Мадзини (Mazzini), *Джузеппе* (1805—1872) — көрнекті итальян революционері, буржуазияшыл демократ, итальян ұлт-азаттық қозғалысы көсемдерінің және идеологтарының бірі. Мадзини Италияның тәуелсіз буржуазиялық республика ретінде «төменнен» қайта бірігу программасын ұсынды, күрестің негізгі құралы көтеріліс деп білді. Бірақ заговорлық тактика және шаруалар мүдделерін ескермеушілік Мадзиниге тән болды. Мадзини жұмысшы мәселесін «еңбек пен капиталдың ынтымақтығы» арқылы шешудің утопиялық ұсақ буржуазиялық жоспарын насихаттады. В. И. Ленин оны Маркстен бұрынғы, пролетарлық емес социализмнің өкілі қатарына қосты (қараңыз: Шығармалар, 21-том, 37-бет).— *425.*

Маевский, Е. (Гутовский, В. А.) (1875—1918) — социал-демократ, меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз, «Наша Заря» журналына, «Луч» газетіне және жойымпаз-меньшевиктердің басқа да органдарына жазып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс дәуірінде — қорғампаз. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті.— *120.*

Макар — қараңыз: Ногин, В. П.

Макдональд (MacDonald), *Джеймс Рамсей* (1866—1937) — ағылшынның саяси қайраткері, лейбористік партияның негізін салушылардың және лидерлерінің бірі. Партияда және II Интернационалда барып тұрған оппортунистік саясат жүргізді. Таптық ынтымақ және капитализмнің біртіндеп социализмге ұласуы («конструкциялық социализм») жөніндегі реакциялық теорияны уағыздады. Бірінші дүние жүзілік соғыстың бас кезінде пацифистік позиция ұстады, содан соң империалистік буржуазияны ашық қолдау жолына түсті. 1918—1920 жылдары антисоветтік интервенцияға қарсы шыққан ағылшын жұмысшыларының күресіне бөгет жасауға тырысты; жұмысшы табын жікке бөлу саясатын жүргізді. 1924 және 1929—1931 жылдары Макдональд премьер-министр болды. Макдональдтың лейбористік үкіметі ағылшын отарларында ұлт-азаттық қозғалысты аяусыз басып отырды, жұмысшыларға қарсы саясат жүргізді. 1931—1935 жылдары Макдональд «ұлттық үкімет» деп аталатын үкіметті басқарды, оның саясатын консерваторлар белгілеп отырды.— *214, 249, 250—251, 444.*

Маклаков, В. А. (1870—1957) — оңшыл кадет, помещик, кәсібі жөнінен адвокат, көптеген саяси процестерде сөз сөйледі. Москвадан II, III және IV Мемлекеттік думаларға депутат, кадеттер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан ке-

Россияға қарсы шетелдік соғыс интервенциясын ұйымдастырушылардың бірі болды; ақ эмиграцияның белсенді қайраткері.— *52, 123, 146, 162, 163, 164—165, 167, 203, 358, 361, 362, 401, 406, 407, 410, 440—441.*

Милютин, В. П. (1884—1938) — социал-демократиялық қозғалысқа 1903 жылдан бастап қатысты, әуелі меньшевиктерге қосылды, 1910 жылдан — большевик. Курскіде, Москвада, Орелда, Петербургте және Тулада партиялық жұмыс жүргізді, талай рет қуғынға ұшырады. Октябрь социалистік революциясынан кейін егіншілік халық комиссары болып тағайындалды. 1918—1921 жылдары — Халық Шаруашылығы Жоғары Советі председателінің орынбасары, одан соң — жауапты совет және шаруашылық жұмыста болды; партияның Орталық Комитеті мүшелігіне кандидат және Орталық Комитеттің мүшесі болып сайланды. Экономикалық мәселелер жөніндегі бірнеше еңбектің авторы.— *273.*

Миров, В.— қараңыз: Иков, В. К.

Михаил — қараңыз: Исув, И. А.

Михайловский, Н. К. (1842—1904) — либерал халықшылдықтың аса көрнекті теоретигі, публицист, әдебиет сыншысы, философ-позитивист, социологиядағы субъективтік мектеп өкілдерінің бірі. 1892 жылы «Русское Богатство» журналын басқарды, оның беттерінде марксистерге қарсы өршелене күрес жүргізді. Михайловскийдің көзқарастары В. И. Лениннің ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген және басқа шығармаларында сыналды.— *135.*

Морли (Morley), *Джон* (1838—1923) — ағылшынның буржуазияшыл саяси қайраткері және жазушы. 1883 жылдан — парламент мүшесі. 1905—1910 жылдары — Индия істері жөніндегі статс-секретарь, ұлт-азаттық қозғалысты басу саясатын жүргізді; кейіннен — советтің лорд-председателі. 1914 жылы отставкаға шықты.— *247, 425.*

Московский, А.— қараңыз: Хундадзе, Г. И.

Мост (Most), *Иоганн Иосиф* (1846—1906) — неміс социал-демократы, одан соң анархист. 1874—1878 жылдарда рейхстагтың депутаты болып сайланды. 1878 жылы социалистерге қарсы ерекше заң шығарылған соң, Мост Лондонға эмиграцияға кетіп, онда анархистік «Freiheit» («Бостандық») газетін шығарды, жұмысшыларды жеке-дара террор жасауға шақырды, ол террорды революциялық күрестің ең тиімді құралы деп білді. Маркс былай деп жазды: «Біз Мостты оның «Freiheit»-інің *тым революцияшылдығы* үшін кінәламаймыз. Біз оны әлгі газетте ешқандай *революциялық мазмұнның* болмай, қайта бір ғана *револю-*

цияшыл жел сөздердің болғаны үшін айыптаймыз» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVII том, 1935, 63-бет). 1882 жылы Мост Америка Құрама Штаттарына эмиграцияға кетіп, мұнда «Freiheit»-ті шығаруды жалғастырды. Кейінгі жылдары жұмысшы қозғалысынан шеттеп кетті.— *73—74.*

Муромцев, С. А. (1850—1910) — кадеттер партиясының көрнекті қайраткері, оның Орталық Комитетінің мүшесі, юрист, Москва университетінің профессоры. 1906 жылы — I Мемлекеттік думаның депутаты және оның председателі. 1908—1910 жылдарда публицистік қызметпен шұғылданды.— *4—9, 80—81, 89, 125, 361, 406, 410.*

Н

Неведомский, М. (Миклашевский, М. П.) (1866—1943) — социал-демократ, меньшевик, әдебиет сыншысы және публицист. Реакция жылдарында — жойымпаз, контрреволюциялық «Вехи» жинағының авторларымен ынтымақтас болды, әдебиеттің партиялылығына қарсы шықты. Октябрь социалистік революциясынан кейін публицистік қызметпен шұғылданды.— *101.*

Никита — қараңыз: Красин, Л. Б.

II Николай (Романов) (1868—1918) — орыстың соңғы императоры, 1894 жылдан 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясына дейін патшалық құрды. 1918 жылы 17 июльде жұмысшы және солдат депутаттары Урал облыстық Советінің қаулысы бойынша Екатеринбургте (Свердловскіде) атылды.— *84, 183—184, 353, 358, 360—361, 391—392.*

Николай — он — қараңыз: Даниельсон, Н. Ф.

Ногин, В. П. (Макар) (1878—1924) — профессионал революционер, кейіннен советтің көрнекті партия және мемлекет қайраткері. РСДРП-ға 1898 жылы кірді, Россияда және шетелде партиялық жұмыс жүргізді, «Искраның» агенті болды. РСДРП II съезінен кейін — большевик. 1905—1907 жылдардағы революцияға белсене қатысты. РСДРП V (Лондон) съезінде Орталық Комитетке мүше болып сайланды. Талай рет патша үкіметінің қудалауына ұшырады. Реакция жылдарында жойымпаз-меньшевиктер жөнінде ымырашылдық солқылдақтық жасады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — жұмысшы депутаттарының Москва Советі председателінің орынбасары, одан соң председателі. Октябрь социалистік революциясынан кейін сауда және өнеркәсіп істері жөніндегі халық комиссары болып сайланды. 1918 жылдан жауапты совет және шаруашылық жұмыста болды.— *273—274, 280, 283, 284, 289, 292.*

О

Оболенский, А. Д. (1855 ж. туған) — князь, 1898 — 1899 жылдары — ішкі істер министрінің орынбасары, 1902 жылдан — Үкіметтік сенаттың мүшесі, 1902—1905 жылдары — финанс министрінің орынбасары, 1906 жылы Қасиетті синодтың обер-прокуроры болды, 1905—1917 жылдары — Мемлекеттік советтің мүшесі.— *356.*

Ольгин — қараңыз: Фомин, В. П.

П

Паннекук (Pannečkoek), *Антони* (1873—1960) — Голландия социал-демократы, Амстердам университетінің астрономия профессоры. 1907 жылы — Голландия Социал-демократиялық жұмысшы партиясы сол қанатының органы — «De Tribune» («Трибуна») газетінің негізін салушылардың бірі. 1910 жылдан бастап герман солшыл социал-демократтарымен тығыз байланысты болды, олардың органдарына жиі жазып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — интернационалист, Циммервальд солшылдарының теориялық органы — «Vorbote» («Жаршы») журналын шығаруға қатысты. 1918—1921 жылдары Голландия Коммунистік партиясында болды, Коминтерннің жұмысына қатысты. Әсіре солшыл, сектанттық позиция ұстады. В. И. Ленин «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген еңбегінде Паннекуктің және басқа да «әсіре солшылдардың» көзқарастарын қатты сынға алды. 1921 жылы Паннекук компартиядан шықты, көп ұзамай белсенді саяси қызметтен қол үзді.— *67—68, 72, 74.*

Петр — қараңыз. Рамишвили, Н. В.

Петров, К. М. (Петров 3-ші) (1877 ж. туған) — трудовик, Еңбек тобы фракциясының секретары; кәсібі жөнінен әріп теруші. Пермь губерниясынан III Мемлекеттік думаға депутат; Думада қалалық, жұмысшы мәселесі жөніндегі, бюджет және басқа комиссияларға сайланды.— *442, 445.*

Пешехонов, А. В. (1867—1933) — буржуазиялық қоғам қайраткері және публицист. 90-жылдарда — либерал халықшыл; «Русское Богатство» журналының қызметкері, ал 1904 жылдан бастап — осы журнал редакциясының мүшесі; либералдық-монархиялық «Освобождение» журналы мен эсерлердің «Революционная Россия» газетіне жазып тұрды. 1906 жылдан бастап— ұсақ буржуазиялық «халықтық социалистер» (энестер) партиясы басшыларының бірі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің азық-түлік министрі. Октябрь социалистік революция-

сынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті; 1922 жылдан — ақ эмигрант.—*226.*

Пикер, А. С.— қараңыз: Мартынов, А. С.

Пилецкий, Я. А.— (П—ий, Я.) (1876 ж. туған) — социал-демократ. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз, жойымпаз-меньшевиктердің «Возрождение» және «Наша Заря» журналдарына жазып тұрды. 1917 жылы Құрылтай жиналысы сайлауына байланысты үгіт жұмысына қатысты, меньшевиктерді жақтады. Кейіннен большевиктерге қосылды.— *206, 208.*

Плеве В. К. (1846—1904) — патшалық Россияның реакцияшыл мемлекет қайраткері. 1902 жылдан — ішкі істер министрі. Оның тұсында Полтава және Харьков губернияларында шаруалар қозғалысы аяусыз басып жаншылды, бірқатар земство талқандалды; Плеве Россияның шет аймақтарында реакциялық орыстандыру саясатын қолдап отырды. Бұқараның назарын самодержавиеге қарсы күрестен басқа жаққа аудару үшін еврей ойрандарын ұйымдастырды, «зубатовшылдықты» қолдады. Өзінің саясаты арқылы өзіне орыс қоғамы қалың топтарының өшпенділігін туғызды. 1904 жылы 15 июльде оны эсер Е. С. Сазонов өлтірді.— *353.*

Плеханов, Г. В. (1856—1918) — орыс және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Россияда марксизмді тұңғыш насихаттаушы. 1883 жылы Женевада орыстың тұңғыш маркстік ұйымы — «Еңбекті азат ету» тобын құрды. Плеханов халықшылдыққа қарсы күресті, халықаралық жұмысшы қозғалысындағы ревизионизмге қарсы шықты. 900-жылдардың басында ол В. И. Ленинмен бірге «Искра» газеті мен «Заря» журналын редакциялады.

Плеханов 1883 жылдан 1903 жылға дейін дүниеге материалистік көзқарасты қорғауда және насихаттауда үлкен роль атқарған бірқатар еңбектер жазды, олар: «Социализм және саяси күрес», «Біздегі алауыздықтар», «Тарихқа монистік көзқарастың дамуы туралы мәселе жөнінде», «Материализм тарихы жөніндегі очерктер», «Жеке адамның тарихтағы ролі туралы мәселе жөнінде» және басқалар.

Алайда сол кездің өзінде-ақ Плехановтың елеулі қателіктері болды, бұл қателіктер оның болашақтағы меньшевиктік көзқарасының ұрығы еді. РСДРП II съезінен кейін Плеханов оппортунизммен ымыраласу позициясына көшті, ал кейін меньшевиктерге қосылды. 1905—1907 жылдардағы революция кезінде барлық негізгі мәселелер жөнінде меньшевиктік позицияда болды. 1905 жылғы декабрь қарулы көтерілісін айыптады. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында марксизмге махистік тұрғыдан ревизия жасауға және жойымпаздыққа қарсы шықты, партияшыл-меньшевиктер тобын басқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясында бол-

Прокопович, С. Н. (1871—1955) — буржуазияшыл экономист және публицист. 90-жылдардың аяқ кезінде — «экономизмнің» көрнекті өкілі, Россияда бернштейншілдікті алғаш уағыздаушылардың бірі. Кейінірек либералдық-монархиялық «Азаттық одағының» белсенді мүшесі. 1906 жылы—кадеттер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. Жартылай кадеттік, жартылай меньшевиктік «Без Заглавия» журналының шығарушы-редакторы. 1917 жылы — буржуазиялық Уақытша үкіметтің азық-түлік министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін антисоветтік қызметі үшін СССР-ден қуылды. — *399, 444.*

Пуришкевич, В. М. (1870—1920) — ірі помещик, нағыз реакцияшыл-қаражүздік, монархист. Қаражүздік «Орыс халқы одағын» құрудың инициаторларының бірі болды; 1907 жылы бұл одақтан шығып, монархиялық контрреволюциялық жаңа ұйым— «Михаил Архангел палатасы» ұйымын құрды; Бессарабия губерниясынан II, III және IV Мемлекеттік думаларға депутат; Думада ойран салуға шақырған, антисемиттік сөздер сөйлеуімен әйгілі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы белсене күресті.— *52, 138, 229, 361—362, 391—392, 394, 410, 411, 437—438, 439, 441, 442.*

Р

Р — ков, Н.— қараңыз: Рожков, Н. А.

Рамишвили, Н. В. (Петр) (1881 ж. туған) — грузин меньшевиктері лидерлерінің бірі. РСДРП V (Лондон) съезінде меньшевиктерден Орталық Комитетке сайланды. Реакция жылдарында — жойымпаз. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — қорғампаз. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — грузин меньшевиктер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі, «Эртоба» («Бірлік») газетінің редакторы. 1918—1920 жылдарда Рамишвили грузин меньшевиктік үкіметінің ішкі істер министрі болды, Грузияның Россиядан бөлінуін жақтады, Совет өкіметіне қарсы күресті. 1923 жылы шетелде жүріп, Грузияда Совет өкіметіне қарсы көтеріліс ұйымдастырмақшы болған меньшевиктер тобын басқарды.— *275, 276, 285, 293.*

Рейнбот (Резвой), А. А. (1868—1918) — патша армиясының генералы. 1906—1907 жылдары, Москва қаласының бастығы болып тұрған кезінде, Москвада революциялық қозғалысты аяусыз басты, парақорлықпен, қорқытып олжа түсірумен айналысты, қазына ақшасын иемденді. Рейнботтың әкімшілік-полициялық озбырлығы мен заңсыздық әрекеттері қалың қоғамдық топтарда наразылық туғызды. Патша үкіметі оны қызметтен босатуға және сотқа беруге мәжбүр болды. Рейнботтың ісін тергеу бірнеше жылға созылды, тек 1911 жылы ғана сот болып, Рейнботты правосынан, дүние-мүлкінен айыруға және бір жыл

құлық түзету тұтқындар бөлімінде болуға кесті. Бірақ, тіпті, осы жеңіл үкімнің өзі жүзеге асырылмады, Рейнбот көп кешікпей тұтқыннан босатылды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында ол дивизия командирі болды.— *392.*

Ренненкампф, П. К. (1854—1918) — патша генералы, революциялық қозғалысты тұншықтырған жендеттердің бірі. 1900—1901 жылдары Қытайдағы «боксерлер» көтерілісін басып жаншуда барып тұрған қатыгездік көрсетті. 1906 жылы генерал Меллер-Закомельскиймен бірге Сибирьде революциялық қозғалысты басып-жаншу жөніндегі жазалау экспедициясын басқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде, 1-орыс армиясын басқара отырып, сатқындық деуге болатындай қылмысты салақтық жасады, бұл орыс әскерінің Шығыс Пруссияда жеңіліске ұшырауының негізгі себептерінің бірі болды; 1915 жылы қызметінен босатылды. 1918 жылы контрреволюциялық қызметі үшін атылды.— *86, 88, 237.*

Родзянко, М. В. (1859—1924) — ірі помещик, октябристер партиясы лидерлерінің бірі, монархист. III және кейін IV Мемлекеттік думалардың председателі; революциялық қозғалыспен күресте патша үкіметін қолдады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы кезеңінде Мемлекеттік думаның «Уақытша комитет» деп аталатын контрреволюциялық орталығын, одан соң Мемлекеттік дума мүшелерінің «Жекеше кеңесін» ұйымдастырды. Корниловшылдар басшыларының бірі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Деникинге қашып барды, Совет өкіметіне қарсы күресу үшін барлық контрреволюциялық күштерді біріктіруге тырысты, сонан соң эмиграцияға кетті.— *231—232.*

Родичев, Ф. И. (1856 ж. туған) — Тверь помещигі және земство қайраткері, кадеттер партиясы лидерлерінің бірі, оның Орталық Комитетінің мүшесі. I, II, III және IV Мемлекеттік думалардың депутаты. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін буржуазиялық Уақытша үкіметтің Финляндия істері жөніндегі комиссары болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ эмигрант.— *411.*

Рожков, Н. А. (Р — ков, Н.) (1868—1927) — тарихшы және публицист. 1905 жылдың басында РСДРП-ға кірді, біраз уақыт большевиктерге қосылды. 1905—1907 жылдардағы революция жеңіліске ұшырағаннан кейін жойымпаздардың идеялық басшыларының бірі болды; «Наша Заря» журналына жазып тұрды, жойымпаздық-меньшевиктік бағыттағы «Новая Сибирь» газетін редакциялады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Рожков меньшевиктердің Орталық Комитетінің құрамына кірді, буржуазиялық Уақытша үкіметте бірнеше ай почта және телеграф министрінің орынбасары болып істеді. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық

берді, РКП(б) мүшелігіне алынды. Қатынас жолдары халық комиссариатында істеді, СССР Жоғарғы Сотының мүшесі, одан соң — Москвадағы Мемлекеттік әдебиет музейі директорының орынбасары болды. — *280.*

Семашко, Н. А. (Александров) (1874—1949) — профессионал революционер, большевик, кейіннен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткері. 1893 жылдан РСДРП мүшесі. 1905 жылы Нижний Новгородтағы қарулы көтеріліске қатысты, тұтқынға алынды, тұтқыннан босатылғаннан кейін шетелге эмиграцияға кетті. РСДРП Орталық Комитеті Шетелдік бюросының секретары және казначейі болды. Бірінші дүние жүзілік соғыстың бастапқы кезінде Болгарияда тұтқын етілді. 1917 жылы сентябрьде Россияға қайтып келді. 1917 жылы октябрьде Москвадағы қарулы көтеріліске белсене қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Москва Советінің медицина-санитарлық бөлімінің меңгерушісі. 1918—1930 жылдары — РСФСР денсаулық сақтау халық комиссары. 1931 жылы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетіне жұмысқа ауысады, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі болды. СССР Медицина ғылымдары академиясының және РСФСР Педагогика ғылымдары академиясының толық мүшесі. 1947—1949 жылдары СССР Медицина ғылымдары академиясының денсаулық сақтауды ұйымдастыру және медицина тарихы институтының директоры. Әлеуметтік гигиена және денсаулық сақтауды ұйымдастыру саласындағы көптеген ғылыми еңбектердің авторы.— *321—322.*

Смирнов, Е. — қараңыз: Гуревич, Э. Л.

Стахович, М. А. (1861—1923) — помещик, 1895—1907 жылдары — Орел губерниясы дворяндарының жетекшісі; земство қозғалысында көрнекті роль атқарды. Әуелі кадеттер партиясына қосылды, содан соң — октябристер партиясын ұйымдастырушылардың бірі. I және II Мемлекеттік думалардың депутаты, Мемлекеттік советтің мүшесі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Финляндияның генерал-губернаторы, содан соң Уақытша үкіметтің шетелдегі өкілі.— *355, 403, 406.*

Столыпин, П. А. (1862—1911) — патшалық Россияның мемлекет қайраткері, ірі помещик. 1906—1911 жылдары — Россия министрлер Советінің председателі және ішкі істер министрі. Революциялық қозғалысты басып жаныштау мақсатымен өлім жазасы кең қолданылған аса қатал саяси реакция кезеңі (1907—1910 жылдардағы Столыпин реакциясы) оның есімімен байланысты болды. Столыпин деревняда кулактардан патша самодержавиесіне тірек жасау мақсатымен аграрлық реформа жүргізді. Алайда буржуазия мен помещиктердің мүддесін көздеп, жоғарыдан кейбір реформалар жасау жолымен самодержавиені нығайтуға тырысқан оның әрекеті сәтсіздікке ұшырады.

йіннен ренегат. «Жер және ерік» партиясының мүшесі болды. 1879 жылдан—«Халық еркі» партиясы Атқару комитетінің мүшесі. 1883 жылы шетелге эмиграцияға кетіп, «Вестник Народной Волиді» шығарды. 1888 жылы Парижде «Мен неліктен революционер болуды қойдым» деген кітапша шығарып, бұрынғы революциялық көзқарастарынан бас тартты. 1889 жылы патшаға жазған өзінің тәубеге келген хатынан кейін Россияға қайтып келіп, монархист және реакционер болды, «Московские Ведомостиге», «Новое Времяға», «Русское Обозрение» жазып тұрды. 1917 жылдан бастап саяси қызметтен қол үзді.— *105.*

Толмачев, И. Н. (1863 ж. туған)—патша армиясының генералы, қаражүздік «Орыс халқы одағы» ұйымының белсенді қайраткері. 1907—1911 жылдары — Одесса қаласының бастығы, жұмысшы ұйымдарын, прогресшіл баспасөзді аяусыз қуғындады, революционерлерді өлтіруді, еврей ойрандарын жасауды қуаттап отырды. Толмачев жол берген әкімшілік озбырлық пен заңсыздықтың жанжалдық сипат алғаны сонша, патша үкіметі оны 1911 жылы қызметінен босатуға мәжбүр болды. — *148, 268, 362, 392.*

Толстой, Л. Н. (1828—1910) — орыстың данышпан жазушысы, орыс және дүние жүзі әдебиетінің дамуына орасан зор ықпалын тигізген дүние жүзіндегі ұлы жазушылардың бірі. Толстой туралы Лениннің мына мақалаларын қараңыз: «Лев Толстой — орыс революциясының айнасы», «Л. Н. Толстой», «Л. Н. Толстой және қазіргі жұмысшы қозғалысы», «Толстой және пролетарлық күрес», «Л. Н. Толстой және оның дәуірі» және басқалар (Шығармалар толық жинағы, 17-том, 225—233-беттер; осы том, 20—25, 40—43, 76—77, 108—112-беттер). — *20—25, 33—34, 40—43, 76—77, 81, 97, 98—99, 100, 101, 108—112, 394.*

Трепов, Д. Ф. (1855—1906)—1896—1905 жылдары — Москва обер-полицмейстері; В. И. Лениннің берген анықтамасы бойынша, «патша өкіметінің бүкіл Россияға ең бір жек көрінішті болған, Москвада өзінің айуандық қаталдығымен, дөрекілігімен, жұмысшыларды аздырмақ болып, зубатовтық әрекеттерге қатысуымен әйгілі болған малайы» (Шығармалар толық жинағы, 9-том, 256-бет). 1905 жылғы 11 январьдан — Петербург генерал-губернаторы, кейін — ішкі істер министрінің орынбасары; 1905 жылғы октябрьдегі: «мылтық босқа атылмасын, патронды аямаңдар» деген атышулы бұйрықтың авторы. Қаражүздік ойрандардың дем берушісі. — *9, 410.*

Троцкий (Бронштейн), Л. Д. (1879—1940)— ленинизмнің қас жауы. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында, «фракциядан шеткерілік» бүркеншін жамылып, іс жүзінде жойымпаздар позициясында болды, 1912 жылы — антипартиялық Август блогының ұйымдастырушысы. Бірінші дүние жүзілік соғыс дәуірінде центристік позиция ұстады, соғыс, бейбітшілік және революция мәселелері жөнінде В. И. Ленинге қарсы кү-

рес жүргізді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін эмиграциядан қайтып келіп, «ауданаралықшылар» тобына кірді және солармен бірге РСДРП(б) VI съезінде большевиктік партияға қабылданды. Октябрь социалистік революциясынан кейін бірқатар мемлекеттік қызмет орындарында болды. 1918 жылы Брест бітіміне қарсы шықты, 1920—1921 жылдары кәсіподақ айтысында оппозицияны басқарды, 1923 жылдан бастап партияның сара бағытына қарсы, социализм орнатудың лениндік программасына қарсы өршеленген фракциялық күрес жүргізді, СССР-де социализмнің жеңіске жетуі мүмкін емес деп уағыздады. Коммунистік партия троцкизмді партиядағы ұсақ буржуазиялық уклон ретінде әшкерелеп, оны идеялық және ұйымдық жағынан талқандады. 1927 жылы Троцкий партиядан шығарылды, 1929 жылы антисоветтік қызметі үшін СССР-ден қуылды, ал 1932 жылы совет азаматтығынан айрылды. Шетелде жүріп, Совет мемлекеті мен Коммунистік партияға қарсы, халықаралық жұмысшы қозғалысына қарсы күресін тоқтатпады.—*32—33, 36, 46, 47—49, 50, 56, 57—63, 64, 65, 104, 113, 114, 169, 170—171, 172, 308, 312, 325, 327—329, 330, 347, 348, 349, 364, 366, 367—368, 371, 372, 375—376, 378—379.*

Трубецкой, Е. Н. (1863—1920) — князь, орыс буржуазиялық либерализмі идеологтарының бірі, идеалист-философ. Киев университетінде, одан кейін Москва университетінде право философиясының профессоры болды. 1906 жылға дейін — кадет. 1906 жылдан — конституциялық-монархиялық «бейбіт жаңарту» партиясын ұйымдастырушылардың бірі. Патша өкіметінің 1905—1907 жылдардағы революцияны жаныштауында, елде столыпиндік режим орнатуда көрнекті роль атқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде (1914—1918)—орыс империализмі идеологтарының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметінің қас жауы, белсенді деникиншіл. — *355, 403, 410.*

Туган-Барановский, М. И. (1865—1919) — орыстың буржуазияшыл экономисі, 90-жылдарда—«жария марксизмнің» көрнекті өкілі. 1905—1907 жылдардағы революция дәуірінде — кадеттер партиясының мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Украинадағы контрреволюцияның белсенді қайраткері, буржуазиялық Украин орталық радасының финанс министрі. Туган-Барановскийдің 90-жылдардағы негізгі еңбектері: «Қазіргі Англиядағы өнеркәсіп дағдарыстары, олардың себептері және халық өміріне әсері» (1894), «Орыс фабрикасының өткендегісі мен қазіргісі» (1898) және басқалар. — *175.*

Тьер (Thiers), *Адольф* (1797—1877) — француздың буржуазиялық реакцияшыл саяси қайраткері. Екінші империя құлағаннан кейін (4 сентябрь, 1870 жыл) — реакциялық үкіметтің

У

Ф

Фольмар (Vollmar), *Георг Генрих* (1850—1922)— Германия социал-демократиялық партиясының оппортунистік қанаты лидерлерінің бірі, журналист. 1879—1880 жылдары партияның Цюрихте құпия шығып тұрған органы «Der Sozialdemokrat»-ты («Социал-Демократ») редакциялады; рейхстагтың және Бавария ландтагының депутаты болып әлденеше рет сайланды. Реформизм мен ревизионизм идеологтарының бірі. Ол тап күресін шиеленістіруге қарсы шықты, «мемлекеттік социализмнің» артықшылықтарын дәлелдемек болды, социал-демократияны либералдармен одақтасуға шақырды; партияның аграрлық программасын жасаған кезде ұсақ жер меншікшілерінің мүдделерін қорғады. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде (1914—1918) социал-шовинизм позицияларында болды. Өмірінің соңғы жылдарында белсенді саяси қызметтен шеттеп кетті. — *219—220.*

Фомин, В. П. (Ольгин) — социал-демократ, РСДРП II съезінен кейін — меньшевик, 1909 жылдан — партияшыл-меньшевик — Г. В. Плехановты жақтаушы; шетелде тұрды. 1909—1910 жылдары —«Голос Социал-Демократаға», 1912—1914 жылдары— партияшыл-меньшевиктердің «За Партию» листогына жазып тұрды. — *171, 274.*

Франк (Frank), *Людвиг* (1874—1914) неміс социал-демократы, ревизионистер лидерлерінің бірі, социал-шовинист, кәсібі жөнінен адвокат. 1907 жылдан — рейхстаг мүшесі. Магдебург партейтагінде (1910) соғыс кредиттеріне дауыс беруді жақтап сөйледі. Бірінші дүние жүзілік соғыстың бас кезінде өз еркімен армияға барды, майданда қаза тапты. — *11—12, 15, 125.*

Х

Холл (Hall), *Леонард* (1866—1916) — ағылшын социалисі, Социалистік лиганың мүшесі, оның Манчестердегі бөлімшесіне басшылық етті. Тәуелсіз жұмысшы партиясының негізін салушылардың бірі және 1894 жылдан сол партияның Атқару комитетінің мүшесі болды. — *249, 251.*

Хомяков, Н. А. (1850—1925) — ірі помещик, октябрист. 1896 жылдан 1902 жылға дейін — егіншілік және мемлекеттік мүліктер министрлігінде егіншілік департаментінің директоры. II, III және IV Мемлекеттік думалардың депутаты; 1910 жылы мартқа дейін III Мемлекеттік думаның председателі болды.— *229.*

Хундадзе, Г. И. (Московский, А.) (1877 ж. туған)—1898 жылдан социал-демократиялық қозғалысқа қатысты, РСДРП II съе-

Ш

лы саяси қызметтен қол үзді. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды, «Ұлттық орталық» деген контрреволюциялық ақ гвардиялық ұйым басшыларының бірі болды. — *124, 355.*

Шкловский, И. В. (Дионео) (1865—1935) — журналист, баяу либерал; 70-жылдарда халықшылдық қозғалысқа қатысты, Сибирьге айдалды, кейін шетелге кетіп, Лондонда тұрды. «Русское Богатствоға» және «Русские Ведомостиге» жазып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде (1914—1918) Антанта жағында болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — пролетариат диктатурасының жауы.— *424, 428.*

Шульгин, В. В. (1878 ж. туған) — помещик, Волынь губерниясынан II, III және IV Мемлекеттік думаларға депутат. Барып тұрған монархист және ұлтшыл, орыс ұлтшылдарының органы — «Киевляниннің» редакторы. 1917 жылы буржуазиялық Уақытша үкіметті белсене қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін ақ гвардиялық Ерікті армияны құрушылардың бірі болды, контрреволюцияшыл генералдар Алексеевке, Деникинге, Врангельге көмектесті; кейін шетелге эмиграцияға кетті, онда жүріп Совет өкіметіне қарсы күресін одан әрі жүргізді. 20-жылдарда саяси қызметтен қол үзді. 1944 жылы Совет Одағына әкелініп, контрреволюциялық қызметі үшін сотталды; 1956 жылы босатылды.— *2—3.*

Э

Элиас, К. Я. (Шварц) (1886—1963) — латыш социал-демократы, меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз. 1909—1913 жылдары — Латыш өлкесі социал-демократиясы Шетелдік комитетінің мүшесі, 1911 жылдан бастап РСДРП Орталық Комитетінің Шетелдік бюросындағы Латыш социал-демократиясының жойымпаздық Орталық Комитетінің өкілі болды. 1910—1914 жылдары «Zihņa» («Күрес») газетінің редакциясына кірді, антипартиялық август конференциясына (1912) қатысты. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — жұмысшы, солдат және жерсіздер депутаттары Советі Атқару комитетінің мүшесі. Буржуазиялық Халық Советінің (1918—1920), Құрылтай жиналысының мүшесі болды, I, II және III сеймдердің депутаты.— *349, 351.*

Энгельс (Engels), *Фридрих* (1820—1895) — ғылыми коммунизмнің негізін салушылардың бірі, халықаралық пролетариаттың көсемі және ұстазы, К. Маркстің досы әрі серігі (В. И. Лениннің «Фридрих Энгельс» деген мақаласын қараңыз. Шығармалар толық жинағы, 2-том, 1—15-беттер).— *17, 91, 134—135, 156, 217, 248, 428—429, 430.*

Ю

Я

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

(Ноябрь, 1910—ноябрь, 1911)

1910

Ноябрь, 1910—1911 жылғы ноябрь.	Ленин Парижде тұрады.
1 (14) ноябрь.	Ленин Капри аралына А. М. Горькийге «Рабочая Газетаның» 1-номерін жібереді, жария журнал «Мысльді» шығаруға әзірлік туралы хабарлайды.
3 (16) ноябрь.	Ленин РСДРП Орталық Органы — «Социал-Демократ» газеті редакциясының мәжілісіне қатысады, онда Лениннің «Екі дүние» деген мақаласы талқыланады.
9 (22) ноябрьден ертерек.	Ленин Халықаралық социалистік бюроның секретары К. Гюисмансқа жазған хатында оның Халықаралық социалистік бюроның жаратуына РСДРП төлейтін жарналар туралы сұрауы Орталық Комитеттің Шетелдік бюросына берілгендігін хабарлайды.
9 (22) ноябрь.	Ленин Г. В. Плехановқа жазған хатында Халықаралық социалистік бюродан бюроның жаратуына РСДРП төлейтін жарна жөнінде хат алынғанын хабарлайды; «Рабочая Газетаның» бірінші номері туралы оның пікірін сұрайды.
	Ленин А. М. Горькийге жазған хатында оның «Современник» журналына қатысуын мақұлдамайтынын білдіреді және журналды қатты сынайды.
15 (28) ноябрь.	Ленин «Бетбұрыстың бастамасы емес пе?» деген мақала жазады. Мақала 16 (29) но-

	ябрьде «Социал-Демократ» газетінің 18-номерінде жарияланды.
16 (29) ноябрь.	Лениннің «Екі дүние», «Муромцевтің өліміне байланысты болған демонстрация туралы», «Л. Н. Толстой» деген мақалалары «Социал-Демократ» газетінің 18-номерінде жарияланады.
20 ноябрь (3 декабрь).	Ленин «Болоньядағы мектептің тыңдаушысы — жолдастарға» деген хатында мектепті ұйымдастырушылардың антипартиялық бағыт ұстауы мен жікшілдік әрекеттерінің себебінен өзіне лекция оқуға келген шақырудан бас тартады, тыңдаушыларды Парижге келуге шақырады, оларға тактика, ішкі партиялық жағдай туралы мәселе мен аграрлық мәселе жөнінде бірқатар лекциялар оқып беруге өзінің әзір екенін хабарлайды.
21 ноябрь (4 декабрь).	Ленин Петербургке Н. Г. Полетаевқа жазған хатында большевиктік жария газет «Звездаға» бірқатар мақалалар жібергендігі жөнінде хабарлайды, газет редакциясындағы кикілжіңнің жойылған-жойылмағанын жазып жіберуді сұрайды.
22 ноябрь (5 декабрь).	Ленин РСДРП Орталық Комитетінің Шетелдік бюросына жазған хатында «Звезда» газетін шығару үшін дереу мың сом жіберуді ұсынады. Ленин басқа большевиктермен бірге Орталық Комитеттің Шетелдік бюросына Орталық Комитеттің пленумын дереу шақыруды талап етіп, мәлімдеме береді.
22 ноябрьден (5 декабрьден) кешірек.	Ленин «Рабочая Газета» редакциясының атынан партия ішіндегі істің жайы туралы «Барлық партиялық социал-демократтарға ашық хат» жазады.
24 ноябрь (7 декабрь).	Ленин Н. Г. Полетаевқа жазған хатында «Звезданы» шығаруға ақша жіберілгендігі туралы хабарлайды, газетке жойымпаздардың қатысуына үзілді-кесілді қарсы шығады.
25 ноябрьден (8 декабрьден) ертерек.	Ленин «Біздің жойғыштар (Потресов мырза мен В. Базаров туралы)» деген мақаласын жазумен шұғылданады.

26 ноябрь (9 декабрь).	Ленин Петербургке В. Д. Бонч-Бруевичке жазған хатында «Звезданы» шығаруды тездетуді және жұмыс барысы туралы үнемі хабарлап тұруды сұрайды.
28 ноябрь (11 декабрь).	Лениннің «Л. Н. Толстой және қазіргі жұмысшы қозғалысы» деген мақаласы «Наш Путь» газетінің 7-номерінде жарияланады.
4 (17) декабрь.	Ленин Халықаралық социалистік бюроның II Интернационал партияларына 1910 жылғы 15 декабрьдегі нұсқау хатына белгілер соғады, бұл хатта Копенгаген конгресінің (1910) аралық соттар және қарусыздану туралы мәселе жөніндегі қарарына енгізілген түзетулердің біреуін қарау сұралған еді, конгресс бұл қарарды талдап әзірлеу үшін Халықаралық социалистік бюроға берген болатын. Түзетуде әңгіме соғысқа кедергі жасаудың қолайлы құралы ретінде әскери өнеркәсіп жұмысшыларының стачкаларына байланысты болғандықтан Халықаралық социалистік бюро барлық партияларға тиісті кәсіподақтардың пікірін біліп, Халықаралық социалистік бюроға баяндама тапсыруды ұсынды. Ленин Халықаралық социалистік бюроның хатын жариялау үшін «Социал-Демократ» редакциясына жібере отырып, оған қоса большевиктердің соғысты қарсыласудың оқшауланған әрекеті ретіндегі стачка арқылы емес, пролетариат бұқарасының революциялық тегеуріні арқылы ғана болдырмау мүмкін деп есептейтіндігі туралы мәлімдеме беруді ұсынды.
5 (18) декабрь.	Ленин Халықаралық социалистік бюроның II Интернационал партияларына 1910 жылғы 15 декабрьдегі нұсқау хатын алуына байланысты Халықаралық социалистік бюроның секретары К. Гюисмансқа хат жазады.
13 (26) декабрьден ертерек.	Ленин «Социал-Демократ» газеті редакциясының мәжілісіне қатысады; бұл мәжілісте оған Мартовтың 1910 жылы ноябрьде «Голос Социал-Демократа» газетінің 23-номерінде жарияланған «Қайда келдік?» деген мақаласына жауап жазу тапсырылады.

Кеш дегенде 15 (28) декабрь. Ленин партия ішіндегі істің жайы туралы РСДРП Орталық Комитетінің Россиялық коллегиясына хат жазады.

Ленин «Партия ішіндегі істің жайы туралы» деген мақала жазады.

15 (28) декабрь. Ленин «Социал-Демократ» газеті редакциясының мәжілісіне қатысады, бұл мәжілісте оның «Партия ішіндегі істің жайы туралы» деген мақаласы талқыланады.

16 (29) декабрь. Петербургте большевиктік жария газет «Звезданың» 1-номері шығады, онда Лениннің «Европа жұмысшы қозғалысындағы алауыздықтар» деген мақаласы жарияланады.

18 (31) декабрь. Лениннің «Толстой және пролетарлық күрес», «Демонстрациялардың басталуы», «Деревняда не істеліп жатыр?», «Иван Васильевич Бабушкин (Некролог)» деген мақалалары «Рабочая Газетаның» 2-номерінде жарияланады.

21 декабрь (3 январь, 1911 ж.). Ленин Саратовқа М. Т. Елизаровқа жазған хатында оның хатын алғаны жөнінде, өзінің аграрлық мәселе туралы кітабына бастырып шығарушының болмай отырғандығы жөнінде, «Звезда» газеті мен «Мысль» журналының бірінші номерлерін алғаны туралы хабарлайды.

Ленин А. М. Горькийге жазған хатында оның хатына жауап жазудың кідіру себебі жөнінде, «Современник» журналына өзінің теріс көзқараста екені жөнінде, меньшевиктік «Наша Заря» журналында Л. Н. Толстойға теріс баға берілуі жөнінде хабарлайды, революциялық социал-демократияның капитализм және оның отаршылдық саясатына көзқарастарын баяндайды, өзінің аграрлық мәселе жөніндегі кітабына бастырып-шығарушы табуға көмектесуін өтінеді, «Звезда» газеті мен «Мысль» журналына баға береді.

23 декабрь (5 январь, 1911 ж.). Лениннің «Марксизмнің тарихи дамуының кейбір ерекшеліктері туралы» деген мақаласы «Звезда» газетінің 2-номерінде жарияланады.

Декабрь. Москвада большевиктік жария журнал «Мысльдің» 1-номері шығады, онда Лениннің ««Ескертімпаз» сабаздар» және «Россиядағы

стачкалар статистикасы туралы» (I тарауы) деген мақалалары басылды.

Ерте дегенде 1910 жылы. Ленин Женеваға В. А. Карпинскийге хат жазып, оның өзінде болған американ статистикасы жөніндегі мына кітапты табуға көмектесуін өтінеді: «Abstract of the twelfth Census of the United States. 1900». Washington, 1902 («Құрама Штаттардың он екінші санағынан алынған көшірмелер. 1900». Вашингтон, 1902).

1911

2 (15) январьдан кешірек. Ленин «Иудушка Троцкийдің ұялған сиқы жайында» деген заметка жазады.

5 (18) январь. Ленин Парижде Л. Н. Толстой туралы реферат оқиды.

6 (19) январь. Ленин Саратовқа анасы М. А. Ульяноваға жазған хатында аграрлық мәселе туралы кітабын шығару жайында өзінің А. М. Горькийге жазған хаты жөнінде, Парижде Л. Н. Толстой туралы оқылған реферат жөнінде және осы рефератты оқу үшін Швейцарияны араламақшы болып отырғаны жөнінде хабарлайды.

11 (24) январь мен 8 (21) февраль аралығында. Ленин «Крепостниктік правоның құлауының елу жылдығы» деген мақала жазады. Мақала 8 (21) февральда «Рабочая Газетаның» 3-номерінде жарияланды.

13 (26) январь. Лениннің «Орыс террорисінің мансабы» деген мақаласы «Социал-Демократ» газетінің 19—20-номерінде жарияланады.

18 (31) январь. Ленин Парижге келген Г. К. Орджоникидземен кездеседі, онымен Кавказдағы социал-демократиялық жұмыс жайында әңгімелеседі.

Ленин Орталық Комитеттің Шетелдік бюросына жазылған хатқа қол қояды, бұл хатта Орталық Комитет пленумын шақыруды болдырмай тастауға бағытталған Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының саясатына қарсы наразылық білдіріледі.

21 январь (3 февраль). Ленин Сан-Ремоға Г. В. Плехановқа жазған хатында оның П. Зингердің қайтыс болғаны

туралы хабарлаған хатын алғаны жөнінде, 1910 жылы 5 (18) декабрьде К. Гюисманстың хатын және оған өз жауабының жобасын Плехановқа жібергені жөнінде хабарлайды; Н. И. Иорданскийдің «Звезда» газетінің 4-номеріндегі «Қайшылық» деген мақаласына байланысты жойымпаздардың жаңадан шабуыл жасағаны жөнінде және олардың жеңіліс тапқандары жөнінде айтады.

21 январь мен 5 февраль (3 және 18 февраль) аралығында.	Ленин «Кадеттер «екі лагерь» туралы және «ақылға қонымды келісім» туралы» деген мақала жазады. Мақала 5 (18) февральда «Звезда» газетінің 8-номерінде жарияланды.
22 январь (4 февраль).	Лениннің «Л. Н. Толстой және оның дәуірі» деген мақаласы «Звезда» газетінің 6-номерінде жарияланады.
22 январьдан (4 февральдан) кешірек.	Ленин «Марксизм және «Наша Заря»» деген мақала жазады. Мақала 22 апрельде (5 майда) жария «Современная Жизнь» журналының (Баку) 3-номерінде жарияланды.
	Ленин голосшылдардың, впередшілдердің, троцкистердің фракциялық, партия үшін зиянды қызметтері туралы, Орталық Комитеттің 1910 жылғы январь пленумында фракцияларды тарату жөнінде жасалған шартты олардың бұзып отырғаны туралы Орталық Комитетке хат жазады; голосшылдардың, впередшілдердің және Троцкийдің блогына қарсы большевиктердің аяусыз күрес жүргізе беретіндігі жөнінде мәлімдейді.
23 январь мен 8 февраль (5 және 21 февраль) аралығында.	Ленин «Павел Зингер» деген некролог мақала жазады. Мақала 8 (21) февральда «Рабочая Газетаның» 3-номерінде жарияланды.
27 январьдан (9 февральдан) ертерек.	Ленин «Саяси экономия негіздері» курсы бойынша төртінші лекцияның жоспарын жазады, лекцияны ол Парижде Әлеуметтік ғылымдар курстарында оқыды.
Январь.	Ленин Парижге келген В. В. Адоратскиймен әңгімелеседі; оның мемлекет туралы еңбегінің қолжазбасын қарайды.
	«Мысль» журналының 2-номері шығады, онда Лениннің «Біздің жойғыштар (Потресов мырза мен В. Базаров туралы)» және «Россияда-

ғы стачкалар статистикасы туралы» (II тарауы) деген мақалалары басылды.

Январь — февраль. Ленин партияның орталық мекемелерін қалпына келтіру, жалпы партиялық конференцияға әзірлену мақсатымен шетелде РСДРП Орталық Комитетінің пленумын шақыру мәселелері жөнінде А. И. Рыковпен хат алысады; Рыковты ымырашылдығы үшін, Орталық Комитеттің пленумын әзірлеудегі енжарлығы үшін қатты сынайды.

17 және 26 февраль (2 және 11 март) аралығында. Ленин «Заметкалар. Меньшиков, Громобой, Изгоев» деген мақала жазады. Мақала 26 февральда (11 мартта) «Звезда» газетінің 11-номерінде жарияланды.

22 немесе 23 февраль (7 немесе 8 март). Ленин Н. Г. Полетаевқа жазған хатында жойымпаздардың шантаж тактикасын әшкерелейді, оларға қарсы батыл да дәйекті күресу қажеттігін көрсетеді, «Звезда» газетінің редакциясындағы істің жай-жапсарын хабарлауды, сондай-ақ Думадағы социал-демократиялық фракцияның Мемлекеттік думаның Москвадағы қосымша сайлауына арналған платформасының текстін дереу жіберуді сұрайды.

25 февраль мен 19 март (10 март пен 1 апрель) аралығында. Ленин ««Шаруалар реформасы» және пролетарлық-шаруалар революциясы» деген мақала жазады.

Мақала 19 мартта (1 апрельде) «Социал-Демократ» газетінің 21—22-номерінде жарияланды.

Февраль. Ленин Орталық Комитеттің Россиялық коллегиясына голосшылдардың, впередшілдердің және Троцкийдің жікшілдік әрекеттері туралы хат жазады.

Лениннің «Мереке жайында» деген мақаласы мен «Біздің жойғыштар (Потресов мырза мен В. Базаров туралы)» деген мақаласының соңы басылған «Мысль» журналының 3-номері шығады.

5 (18) март. Ленин Парижде Париж Коммунасының жарияланған күніне қырық жыл толуына арналған митингіде сөз сөйлейді.

Кеш дегенде 13 (26) март.	Ленин партия қаржыларын «сақтаушылармен» (К. Каутскиймен, К. Цеткинмен және Ф. Мерингпен) «Звезда» газетіне ақша қаражатын бөлу туралы келіс сөздер жүргізу үшін Берлинге жүріп кетеді. Келіс сөздерге «Звезда» редакциясының мүшесі Н. Г. Полетаев қатысады.
19 март (1 апрель).	Лениннің «Партияны қиратушылар «ертегілерді қиратушылар» ролінде» деген мақаласы «Социал-Демократ» газетінің 21—22-номерінде жарияланады.
22 март пен 6 апрель (4 және 19 апрель) аралығында.	Ленин мен Горький Парижде кездеседі.
23 март пен 2 апрель (5 және 15 апрель) аралығында.	Ленин «Кадеттер мен октябристер» деген мақала жазады. Мақала 2 (15) апрельде «Звезда» газетінің 16-номерінде жарияланды.
30 март пен 16 апрель (12 және 29 апрель) аралығында.	Ленин «Дағдарыстың маңызы туралы» деген мақала жазады. Мақала 16 (29) апрельде «Звезда» газетінің 18-номерінде жарияланды.
Март.	Ленин А. И. Рыковқа жазған хатында оның хатын алғанын хабарлайды, Рыковтың Орталық Комитеттен шығамын деп сес көрсетуін ауыр кезеңде большевизмге сатқындық жасау деп атайды; РСДРП Орталық Комитетінің пленумында большевиктердің көпшілік болуын қамтамасыз ету үшін Россиядан В. П. Ногин мен И. А. Саммерді шақыруды ұсынады.
	Лениннің «Өкіметтің әлеуметтік құрылымы, перспективалар және жойымпаздық туралы» және «Айтыс заметкалар» деген мақалалары басылған «Мысль» журналының 4-номері шығады.
6 (19) апрельден ертерек.	Ленин III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияға жазған хатында фракцияның жұмысы туралы есепті басып шығарудың фракция жасаған жоспарын мақұлдайды, редакциялық комиссияның құрамы мен оның міндеттемелері туралы хабарлайды.

8 және 16 (21 және 29) апрель аралығында.	Ленин «Ағылшын социал-демократиялық партиясының конгресі» деген мақала жазады. Мақала 16(29) апрельде «Звезда» газетінің 18-номерінде жарияланды.
12 (25) апрель.	Ленин РСДРП Орталық Комитетінің шетелдегі мүшелеріне хаттың бастапқы нұсқасын жазуға қатысады, оған қол қояды; бұл хатта олар Орталық Комитет пленумын дереу шақыру туралы мәселені шешу үшін Орталық Комитет мүшелерінің кеңесіне қатысуға шақырылады.
15 (28) апрель.	Лениннің «Коммунаны еске түсіру» деген мақаласы «Рабочая Газетаның» 4—5-номерінде жарияланады.
17 (30) апрель.	Ленин Орталық Комитеттің Шетелдік бюросына жазған хатында III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның есебін басып шығару туралы мәселе жөнінде Думадағы фракцияның тапсыруымен Лениннің Берлинде Н. Г. Полетаевпен жүргізген келіссөздерінің аяқталғандығы жайында, есепті басып шығару жөніндегі редакциялық комиссияның құрамы жайында хабарлайды, «сақтаудағы» сомалардан редакциялық комиссияға қаржы бөлуді ұсынады.
21 апрельден (4 майдан) ертерек.	Ленин Н. А. Рожковтың «Социал-Демократ» газетінің редакциясына жіберген «Қажетті бастама» деген мақаласына байланысты оған хат жазады.
28 апрель мен 7 май (11 және 20 май) аралығында.	Ленин ««Өкініш» пен «ұят»» деген мақала жазады. Мақала 7 (20) майда «Звезда» газетінің 21-номерінде жарияланды.
29 апрель (12 май).	Ленин Парижде Бірінші майға арналған митингіде сөз сөйлейді.
	Лениннің «Жарияшылдың жойымпаздыққа қарсы адаммен әңгімесі» деген мақаласы «Дискуссионный Листоктың» (Орталық Орган «Социал-Демократқа» қосымша) 3-номерінде жарияланады.
Апрельдің аяғы.	Ленин А. М. Горькийге жазған хатында «Мысль» журналының 5-номеріне тыйым са-

лынғаны және оны одан әрі шығарудың тоқтатылғаны жайында хабарлайды, Петербургте жаңа журнал шығару ісін жолға қою үшін бастырып-шығарушы іздеп табуға көмектесуін өтінеді.

Кеш дегенде апрель. Ленин «Мысль» журналы үшін В. В. Адоратскийдің «Неолиберализм туралы (П. Новгородцевтің «Қазіргі праволық таным дағдарысы» деген кітабы жөніндегі заметкалар)» мақаласына ескертпелер жазады.

14 (27) май. Ленин А. М. Горькийге жазған хатында большевиктердің партияшыл-меньшевиктердің және Думадағы социал-демократиялық фракцияның қайсыбір баспасөз органы төңірегінде бірігуіне өзінің қарсы екені жөнінде хабарлайды, өйткені фракцияда меньшевиктер басым еді; орнықты саяси бағыты болмағаны үшін «Звезда» редакциясын сынайды, Столыпиннің барлық социал-демократиялық баспасөз органдарын жабу жөніндегі нұсқау хаты туралы лақап бар екенін хабарлайды; құпия жұмысты күшейту қажеттігі жөнінде айтады.

Ленин РСДРП Орталық Комитетінің шетелдегі мүшелеріне жазылған хатқа қол қояды, бұл хатта олар Орталық Комитет мүшелерінің кеңесіне қатысуға шақырылған еді.

Көктем. Ленин мен Н. К. Крупская Лонжюмоға (Париждең бірнеше километр жердегі мекен) көшіп барады.

Ленин Россиядан келген жұмысшылармен — Лонжюмодағы партия мектебінің болашақ тыңдаушыларымен әңгімелеседі.

Көктем мен жаз, кеш дегенде 17 (30) август. Ленин Лонжюмодағы партия мектебін ұйымдастыруға және оның жұмысына басшылық етеді.

Ленин мектеп ашылғанға дейін тыңдаушылармен К. Маркс пен Ф. Энгельстің «Коммунистік партияның манифесі» туралы сабақ өткізеді.

Ленин мектепте саяси экономия бойынша (29 лекция — 43 сағат), аграрлық мәселе бойынша (12 лекция — 18 сағат), Россиядағы со-

	циализмнің теориясы мен практикасы бойынша (12 лекция) лекциялар курсын оқиды. Ленин тыңдаушылардың өтінуі бойынша тарихты материалистік тұрғыдан түсіну туралы 3 лекция және ағымдағы кезең және партия ішіндегі істің жайы туралы реферат оқиды.
17 және 20 май (30 май мен 2 июнь) аралығында.	Ленин РСДРП Орталық Комитеті мүшелерінің алдағы кеңесі және оған Озолиннің латыш социал-демократиясының өкілі ретінде қатысуы жөнінде М. В. Озолинге хат жазады.
19 және 23 май (1 және 5 июнь) аралығында.	Ленин «Орталық Комитеттің тоғыз мүшесінің жеке кеңесіне үш цекист большевиктің жасайтын баяндамасының конспектісін (жоспарын)» жазады. Ленин РСДРП Орталық Комитеті шетелдегі мүшелерінің кеңесіне хат жазып, РСДРП Орталық Комитетінің пленумын шақыртқызбай тастап отырған жойымпаздарды әшкерелейді. Ленин РСДРП Орталық Комитеті мүшелерінің алдағы болатын кеңесіне арнап партия ішіндегі істің жайы туралы баяндама жазады.
26 май (8 июнь).	Ленин Орталық Комитет мүшелерінің кеңесіне қатысушылардың алдын ала болған мәжілісіне қатысады, бұл мәжілісте кеңестің басталуы екі күн кейінге қалдырылатын болып ұйғарылды.
28 май (10 июнь).	Лениннің «Дума сессиясының қорытындылары жөнінде. «Бірге істедік»» деген мақаласы «Звезда» газетінің 24-номерінде жарияланады.
28 май — 4 июнь (10—17 июнь).	Ленин өзінің инициативасы бойынша Парижде шақырылған РСДРП Орталық Комитеті мүшелерінің кеңесіне басшылық етеді; бұл кеңес РСДРП Орталық Комитетінің пленумын және жалпы партиялық конференцияны тездетіп шақыру шараларын жасау мақсатымен өткізілген еді.
28 май (10 июнь).	Ленин кеңесті заңдастыру туралы мәселе жөнінде кеңестің бірінші мәжілісінде он рет сөз сөйлейді.

Ленин кеңесті заңдастыру туралы, оған Бунд өкілінің қатысуы туралы, А. И. Рыковтың кеңеске қатысуы туралы қарар жобаларын жазады.

29 май (11 июнь). Ленин большевиктердің поляк социал-демократиясының өкілдерімен өткізген жеке кеңесінде голосшылдарды партиядан шығару қажеттігі туралы мәселе бойынша Ф. Э. Дзержинскиймен запискалар алмасады.

30 май (12 июнь). Ленин кеңестің екінші мәжілісінде Н. А. Семашконың Орталық Комитеттің Шетелдік бюросынан кетуіне байланысты партияның ақшасы мен документтерін кеңеске беру туралы мәлімдемесін еске алу жөнінде ұсыныс жасайды.

Ленин үшінші мәжілісте РСДРП Орталық Комитетінің пленумын шақыру туралы мәселе талқыланғанда тоғыз рет сөз сөйлейді.

1 (14) июнь. Ленин қарардың Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы туралы екінші бөлімі дауысқа қойылғанда қалыс қалады; бұл бөлімде Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының болуы туралы мәселені Орталық Комитеттің таяу арадағы пленумының шешуіне беру жөнінде айтылған еді. Ленин Орталық Комитеттің Шетелдік бюросын дереу қайта құруды талап етеді.

Ленин Зиновьевпен бірге Орталық Комитеттің Шетелдік бюросын партиялық мекеме деп танымау туралы ерекше пікірді қол қойып, кеңеске ұсынады.

Ленин голосшылдар мен впередшілдердің өкілдерін бүкіл россиялық партия конференциясын шақыру жөніндегі ұйымдастыру комиссиясына шақыруға болмайтыны туралы мәлімдеме жазады. Мәлімдеме партия конференциясын шақыру туралы қарар жобасы талқыланғанда енгізілді.

Ленин Россиялық ұйымдастыру комиссиясын құру туралы ұсыныс жазып, оны партия конференциясын шақыру туралы қарар жобасы талқыланғанда енгізеді.

2 (15) июнь. Ленин Н. А. Семашконың Орталық Комитеттің Шетелдік бюросынан шығуы жөнінде өзі-

нің оған қосылатыны жайында мәлімдеме жазады.

4 (17) июньнен кешірек. Ленин поляк социал-демократтары қатысқан большевиктердің жиналысында РСДРП Орталық Комитеті мүшелерінің июнь кеңесі туралы баяндама жасайды.

Кеш дегенде 6 (19) июнь. Ленин Шетелдік ұйымдастыру комиссиясының құрамы туралы мәселе жөнінде Шетелдік ұйымдастыру комиссиясына хат жазады.

6 (19) июньнен кешірек. Ленин Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының Бас басқармасына жазылған хатқа қол қояды; бұл хатта Я. Тышканың РСДРП Орталық Комитеті мүшелерінің июнь кеңесі шешімдерін орындауға кедергі жасауға бағытталған әрекеттеріне наразылық білдіріліп, мұндай әрекеттерді тоқтатуға Басқарманың шаралар қолдануы сұралған еді.

11 (24) июнь. Лениннің «Ескі, бірақ мәңгі жаңа ақиқаттар туралы» деген мақаласы «Звезда» газетінің 25-номерінде жарияланады.

Кеш дегенде 14 (27) июнь. Ленин К. Цеткинмен «сақтаудағы» ақша жөнінде келіс сөз жүргізу үшін Штутгартқа жүріп кетеді.

18 июнь (1 июль). Ленин РСДРП-ға жәрдемші II Париж тобының жиналысына қатысады, партия ішіндегі істің жайы туралы қарардың жобасын ұсынады. Топ қарарды қабылдайды, сөйтіп 1911 жылы июльде Ленин жазған алғы сөзбен бірге жеке листок болып жарияланады.

20 июнь (3 июль). Ленин А. И. Любимов пен М. К. Владимировқа хат жазып, ымырашылдардың голосшылдармен, Троцкиймен және впередшілдермен блок жасасуы салдарынан ымырашылдар мен большевиктердің қимыл бірлігі болуы мүмкін емес екендігі туралы мәлімдейді, ымырашылдар партия үшін зиянды саясат жүргізуін тоқтатпаған жағдайда большевиктердің Техникалық және Ұйымдастыру комиссияларынан шықпақшы ниеті бар екенін хабарлайды.

Ленин «Социал-Демократ» редакциясының мәжілісіне қатысады, онда кезекті номердің құ-

рамы туралы мәселе және Орталық Орган редакциясынан шығатыны жөніндегі Мартов пен Данның мәлімдемесі талқыланады. Ленин Дан мен Мартовтың редакциядан шыққаны жөнінде «Социал-Демократта» хабарлап, олардың іс-әрекеттеріне қысқа заметкада баға беруді ұсынады.

4 (17) июль. Ленин Халықаралық социалистік бюроның барлық елдердің социалистік партияларының бас секретарьлары мен делегаттарына жолдаған хатына белгілер соғады, астын сызады, сызып тастайды; бұл хатта Германия үкіметінің Мароккоға соғыс крейсерін жіберу жөніндегі шешіміне байланысты социалистік партиялар өкілдерінің кеңесін шақырудың жөн болатыны жайында сұрау қойылған еді.

Июльдің бірінші жартысы. Ленин Лонжюмодағы партия мектебінің тыңдаушылары Г. К. Орджоникидзенің, Б. А. Бреславтың және И. И. Шварцтың партия конференциясын әзірлеу жөнінде жұмыс жүргізу үшін Россияға жүріп кетуіне байланысты олармен бірнеше рет кездесіп, әңгімелеседі.

17 (30) июль. Ленин РСДРП Орталық Комитетінің июнь кеңесі мүшелерінің атынан мәлімдеме жазып, Техникалық комиссияның Лонжюмодағы партия мектебіне ақша беруден бас тартуына қарсы наразылық білдіреді; қолда бар немесе «сақтаудағы» ақшаның есебінен мектепке қажетті соманы беру туралы қаулыны дауысқа қойып өткізуді ұсынады.

20 июль (2 август). Ленин Л. Б. Каменевтің «Екі партия» деген кітапшасына алғы сөз жазады.

20 июльден (2 августан) кешірек. Ленин Каменевтің «Екі партия» деген кітапшасының корректурасына редакциялық қосымшалар енгізеді; Каменевке хат жазып, кітапша корректурасының жіберілгені жайында және «Екі партия» деген параграфқа бірқатар принципті түзетулер енгізудің қажеттігі жайында хабарлайды; ымырашылдар туралы түзетілген параграфтың корректурасын жіберуді сұрайды.

Июль. Ленин большевиктік жария журнал «Просвещениені» шығару және журналды редакция-

лауға өзінің қатысуы туралы М. А. Савельевпен әңгімелеседі.

Ленин «Партия ішіндегі істің жайы» деген мақала жазады.

7 (20) август. Ленин мен Крупская бір күнге Фонтенблоға (Сена және Марна департаменті) келеді.

11 (24) августан ертерек. Ленин «Орыс социал-демократиясындағы реформизм», «Столыпиндік «жұмысшы» партиясының лагерінен (Біздің «бітістірушілер» мен «келісімпаздарға» арналады)» деген мақалалар жазады. Мақалалар 1 (14) сентябрьде «Социал-Демократ» газетінің 23-номерінде жарияланды.

30 августан (12 сентябрьден) ертерек. Ленин Орталық Орган «Социал-Демократ» редакциясының атынан Латыш өлкесі социал-демократиясының алдағы съезіне хат жазады, онда жойымпаздыққа қарсы күресудің қажеттігіне съездің назарын баса аударады.

1 (14) сентябрь. «Социал-Демократ» газетінің 23-номерінде РСДРП Орталық Комитетінің пленумын шақыру жөніндегі комиссияның мәлімдемесіне «Социал-Демократтың» «Редакциядан» деген Ленин жазған ескертуі жарияланады.

2 (15) сентябрь. Ленин А. М. Горькийге жазған хатында оның журнал, үлкен газет және тиындық-газет шығару жөніндегі жоспарын мақұлдайды, жойымпаздардың да Петербургте тиындық-газет шығармақшы болып отырғаны жөнінде және оларға тойтарыс беруді ұйымдастырудың қажет екені жөнінде хабарлайды, «Звезданың» қайтадан шыға бастауына байланысты Горькийден «Звездаға» мақала жіберуін сұрайды, партия ішіндегі істің жайын сипаттайды, Л. Мартовтың «Құтқарушылар ма әлде жоюшылар ма?» деген кітапшасы жөнінде К. Каутский мен К. Цеткиннің өте-мөте қарсы пікір айтқаны жайында хабарлайды.

8 (21) сентябрь. Ленин мен Крупская Лонжюмодан Парижге көшіп барады.

9 немесе 10 (22 немесе 23) сентябрь. Ленин Халықаралық социалистік бюроның Цюрихтегі мәжілісіне қатысу үшін Швейцарияға жүріп кетеді.

10—11 (23—24) сентябрь.	Ленин Цюрихте Халықаралық социалистік бюроның мәжілісіне қатысады, герман социал-демократтарының оппортунизміне қарсы Роза Люксембургтің позициясын қорғап сөз сөйлейді.
12 (25) сентябрь.	Ленин Г. Л. Шкловскийге жазған хатында Цюрихте «Столыпин және революция» деген тақырыпта алдағы уақытта реферат оқитындығы туралы, өзінің Женева мен Бернге баратыны туралы хабарлайды, Бернде большевиктік топтың мүшелерін кездестірудің мүмкіндігі жайында сұрастырады. Ленин Цюрихте РСДРП жергілікті тобының жиналысында партия ішіндегі істің жайы туралы мәселе жөнінде сөз сөйлейді.
13 (26) сентябрь.	Ленин Цюрихте «Столыпин және революция» деген тақырыпта реферат оқиды.
13 және 15 (26 және 28) сентябрь аралығында.	Ленин Г. Л. Шкловскийге хат жазып, Женева мен Бернде «Столыпин және революция» деген тақырыпта «Рабочая Газетаның» пайдасына реферат ұйымдастыруды, рефератқа арнап әдебиет іріктеуді сұрайды, большевиктермен және партияшыл-меньшевиктермен өзінің әңгіме өткізуге келісетіндігі туралы хабарлайды.
14—15 (27—28) сентябрь.	Ленин Бернге бара жатқан жолында Люцернге соғады, Пилат тауына шығады.
15 (28) сентябрь.	Ленин Люцерннен М. А. Ульяноваға жазған хатында Халықаралық социалистік бюроның Цюрихтегі мәжілісіне байланысты өзінің Швейцарияда жүргендігі туралы, «Столыпин және революция» деген рефератпен Швейцарияны аралайтындығы туралы хабарлайды. Ленин Бернде «Столыпин және революция» деген тақырыпта реферат оқиды.
15 және 19 сентябрь (28 сентябрь мен 2 октябрь) аралығында.	Ленин Бернде РСДРП жергілікті тобының мүшелерімен партия ішіндегі істің жайы туралы әңгімелеседі.
19 сентябрь (2 октябрь).	Ленин Женевада «Столыпин және революция» деген тақырыпта реферат оқиды.

28 сентябрь мен 18 октябрь (11 және 31 октябрь) аралығында.	Ленин «Столыпин және революция» деген мақала жазады. Мақала 18 (31) октябрьде «Социал-Демократ» газетінің 24-номерінде жарияланды.
30 сентябрь мен 23 октябрь (13 октябрь мен 5 ноябрь) аралығында.	Ленин «Қорытынды» деген мақала жазады. Мақала 23 октябрьде (5 ноябрьде) «Звезда» газетінің 26-номерінде жарияланды.
18 (31) октябрь.	Ленин Парижде «Столыпин және революция» деген тақырыпта реферат оқиды.
	Лениннің «Ымырашылдардың немесе қайырымдылардың жаңа фракциясы туралы», «Сайлау науқаны және сайлау платформасы туралы», «Столыпиндік «жұмысшы» партиясының лагерінен» деген мақалалары «Социал-Демократ» газетінің 24-номерінде жарияланады.
19 октябрь (1 ноябрь).	Ленин Лейпцигке И. А. Пятницкийге жазған хатында партия конференциясын әзірлеу үшін оған Прагаға баруды ұсынады.
	Ленин Прагаға чех социал-демократиялық партиясының Халықаралық социалистік бюродағы өкілі А. Немецке хат жолдайды (неміс тілінде), одан Прагада РСДРП конференциясын шақырудың мүмкіндігі туралы сұрайды, оны ұйымдастыруға көмек көрсетуін өтінеді.
23 немесе 24 октябрь (5 немесе 6 ноябрь).	Ленин Бельгия мен Лондонға жүріп кетеді.
	Ленин Брюссельге келіп, «Столыпин және революция» деген тақырыпта реферат оқиды.
23 октябрь мен 5 ноябрь (5 және 18 ноябрь) аралығында.	Ленин «Ескі мен жаңа (Газет оқушының заметкаларынан)» деген мақала жазады. Мақала 5 (18) ноябрьде «Звезда» газетінің 28-номерінде жарияланды.
25 октябрь (7 ноябрь).	Ленин Антверпенде «Столыпин және революция» деген тақырыпта реферат оқиды.
25 октябрь мен 5 ноябрь (7 және 18 ноябрь) аралығында.	Ленин «Екі орталық» деген мақала жазады. Мақала 5 (18) ноябрьде «Звезда» газетінің 28-номерінде жарияланды.

29 октябрь (11 ноябрь).	Ленин Лондонда «Столыпин және революция» деген тақырыпта реферат оқиды.
30 октябрьден (12 ноябрьден) ертерек.	Ленин Швециядағы шаруалардың жағдайы туралы мақала жазады.
6 (19) ноябрь-ден кешірек.	Ленин «II Думадағы социал-демократиялық фракция туралы» деген мақала (баяндама) жазады. Мақала декабрьде «Периодический бюллетень Международного социалистического бюроның» 8-номерінде неміс, француз және ағылшын тілдерінде басылды.
7 (20) ноябрь.	Ленин Льежде «Столыпин және революция» деген тақырыпта реферат оқиды.
8 (21) ноябрь.	Ленин Льежде РСДРП жергілікті тобының мүшелерімен әңгімелеседі.
14 (27) ноябрь-ден ертерек.	Ленин «Либералдық жұмысшы партиясының манифесі» деген рефераттың жоспарын жазады.
14 (27) ноябрь.	Ленин Парижде «Либералдық жұмысшы партиясының манифесі» деген тақырыпта реферат оқиды. Рефератты «Рабочая Газетаға» жәрдемдесу жөніндегі үйірме ұйымдастырған еді.
20 ноябрь (3 декабрь).	Ленин Поль және Лаура Лафаргтерді жерлеуде РСДРП атынан сөз сөйлейді. Бұл сөз 8 (21) декабрьде «Социал-Демократ» газетінің 25-номерінде жарияланды.
24 ноябрь (7 декабрь).	Ленин Халықаралық социалистік бюроның секретары К. Гюисмансқа РСДРП Орталық Комитеті Персия демократиялық партиясы Орталық Комитетінен алған телеграмманы жібереді; бұл телеграммада орыс патша өкіметі мен ағылшын империализмінің парсы халқының ішкі істеріне қол сұғуына қарсы наразылық білдірілген еді. К. Гюисмансқа жолданған қосымша хатта Ленин бұл телеграмманың РСДРП Орталық Органы «Социал-Демократта» жарияланатыны жөнінде хабарлайды, телеграмма мазмұны II Интернационалға кіретін барлық партияларға хабарланады деп үміттенетінін білдіреді.

26 ноябрь (9 декабрь). Лениннің «Гайндман Маркс туралы» деген мақаласы «Звезда» газетінің 31-номерінде жарияланады.

Күз. В. И. Ленин, Н. Г. Полетаев Берлинде А. Бебельмен кездесіп, одан «Звезда» газетіне ақшадай көмек көрсетуді өтінеді.

3 (16) декабрь. Лениннің «Либералдық жұмысшы партиясының манифесі» деген мақаласы «Звезда» газетінің 32-номерінде жарияланады.

МАЗМҰНЫ

---

* КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты берген тақырыптар жұлдызшамен белгіленді.

1911 ж.

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

СУРЕТТЕР

Ленин, В. И.

Шығармалар толық жинағы. Орысша 5-басылуынан аударылды. 55 томдық. Т. 1 — Алматы, «Қазақстан», 1977.

(Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы ин-ты — КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм ин-тының филиалы.)

Т. 20. Ноябрь, 1910 — ноябрь, 1911.
636 бет.

Томды орыс тілінде баспаға дайындаған
Н. Н. Суровцева мен *Р. З. Юницкая*

Әдебиет көрсеткішін дайындаған
Л. А. Кашницкая

Есімдер корсеткішін дайындаған
М. М. Вассер

Редактор *М. Я. Панкратова*

Сканерлеу: *Т.Қ.Оразымбетов*

Өңдеу: *А.Н. Моторин*

★

ИБ № 297

Сдано в набор 27/VII 1976 г. Подписано к печати 18/IV 1977 г.
Формат 84×108 1/32—20,75+1 вкл. 1/16 печ. л. 34,91 усл. печ. л. (31,68 уч.-изд. л.) Тираж 15000 экз. Бумага № 1. Цена 65 коп.
Ордена Дружбы народов издательство «Казахстан»,
г. Алма-Ата, ул. Советская, 50.

Заказ № 1300. Полиграфкомбинат производственного объединения полиграфических предприятий «КІТАП» Государственного комитета Совета Министров Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.